Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 574 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 10 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5997 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 5 тамыздағы № 820 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 05.08.2019 № 820 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 63-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған салық есептілігі нысандары және оларды жасау Ережелері бекітілсін.

2. "Салық есептілігін жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 611 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5423 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінде 2008 жылғы 31 желтоқсанда № 197 (1597) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы бұйрық ресми жариялануға тиіс және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2009 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде туындаған қатынастарға қолданылады.".

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық ресми жариялануға тиіс және 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2010 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде туындаған қатынастарға қолданылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.12.20 № 644 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығы.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі Б. Жәмішев

Корпоративтік табыс салығы
бойынша декларацияға
(100.00-нысан) қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау ережесі (100.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі), "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Енгізу туралы Заң) сәйкес әзірленген және корпоративтік табыс салығын есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны мыналарды:

мемлекеттік мекемелерді;

Енгізу туралы Заңның 23-бабына сәйкес қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын;

Салық кодексінің 134-бабы 2-тармағында көрсетілген табыстар бойынша Салық кодексінің 134-бабының тиісті шарттарына сай келетін коммерциялық емес ұйымдарды;

Салық кодексінің 135-бабының шарттарына сай келетін әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарды;

110.00 немесе 150.00.-нысан бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (Декларацияны) толтыратын, жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, резидент заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (100.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (100.01-ден 100.18-ге дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін Декларациядағы жолдар толтырылған кезде міндетті тәртіпте толтырылады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Ережеде мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" - қосу; " -" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады
.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны тапсырған кезде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен пошта бойынша - салық төлеуші пошта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (100.00 нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі (жыл) - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі;

Салық міндеттемесін сенімгерлік басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлік басқарушының – заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі.

5) Декларация түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, белгіленеді;

6) хабарлама нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген Декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) салық төлеуші санаты.

Торкөз егер салық төлеуші A, B, C, D, E, F, G, H, I, J жолдарында көрсетілген бір немесе бірнеше санатқа жататын болса, белгіленеді;

8) валюта коды.

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2355 тіркелген) Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес (бұдан әрі - Тауарларды декларациялау ережелері) валюта коды көрсетіледі;

9) берілген қосымшалар.

Салық төлеуші берген Декларацияға қосымшалардың нөмірі белгіленеді;

10) резиденттік белгісі:

A торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі белгілейді;

B торкөзін Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі белгілейді;

11) резиденттік елінің коды мен салықтық тіркеу нөмірі;

Егер Декларацияны Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолында Тауарларды декларациялау ережелеріне 6 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

12) Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұрақты мекемесінің бар-жоғы.

Торкөзді Қазақстан Республикасы шегінен тыс тұрақты мекемесі бар Қазақстан Республикасының резиденті толтырады.

15. "Жылдық жиынтық табыс" бөлімінде:

1) 100.00.001 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес өткізуден түскен табыс көрсетіледі.

100.00.001 I жолында кредит (қарыз, шағын кредит), репо операциялары бойынша сыйақы түріндегі табыс көрсетіледі;

100.00.001 II жолында мүлікті қаржы лизингіне беру бойынша сыйақы түріндегі табыс көрсетіледі;

100.00.001 III жолында роялти түріндегі табыс көрсетіледі;

100.00.001 IV жолында мүлікті жалға беруден табыс көрсетіледі;

2) 100.00.002 жолында Салық кодексінің 87-бабына сәйкес құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі. Бұл жолға 100.01.029 жолы көшіріледі;

3) 100.00.003 жолында алдыңғы салық кезеңінен көшірілген залалдар ескеріле отырып, туынды қаржы құралдар, оның ішінде своп бойынша табыс көрсетіледі. 100.02.005 және 100.03.005 жолдарының оң мәндерінің сомасы ретінде айқындалады;

4) 100.00.004 жолында Салық кодексінің 88-бабына сәйкес міндеттемелерді есептен шығарудан табыс көрсетіледі;

5) 100.00.005 жолында Салық кодексінің 89-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша 100.00.005 I мен 100.00.005 II жолдарының сомасы ретінде анықталатын табыс көрсетіледі:

100.00.005 I жолында сатып алынған күмәнді деп танылған, жылдық жиынтық табысқа енгізілетін тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша табыс көрсетіледі;

100.00.005 II жолында күмәнді деп танылған, жылдық жиынтық табысқа енгізілетін Салық кодексінің 163-бабы 2-тармағына сәйкес айқындалған қызметкерлерге есептелген табыстар мен басқа да төлемдер бойынша міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

6) 100.00.006 жолында лицензия негізінде банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сонымен қатар ұлттық басқару холдингі немесе негізгі қызмет түрі қарыздық операцияларды жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беруші акциялардың (қатысу үлестері) жүз проценті ұлттық басқару холдингіне тиесілі заңды тұлғалар құрған провизиялар мөлшерін азайтудан түскен табыстар көрсетіледі.

7) 100.00.007 жолында 100.00.007 I және 100.00.007 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын Салық кодексінің 91-бабына сәйкес талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;

100.00.007 I жолында сатып алынған талап ету құқығы бойынша қарызды талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;

100.00.007 II жолында берілген талап ету құқығы бойынша қарызды талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;

8) 100.00.008 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағы 9) 9) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған табыс көрсетіледі;

9) 100.00.009 жолында Салық кодексінің 92-бабына сәйкес айқындалатын тіркелген активтерді шығарудан түскен табыс көрсетіледі;

10) 100.00.010 жолында Салық кодексінің 93-бабына сәйкес айқындалатын геологиялық зерттеуге және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыс көрсетіледі;

11) 100.00.011 жолында кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіруді, сондай-ақ барлауды және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының Салық кодексінің 94-бабына сәйкес айқындалатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар көрсетіледі;

12) 100.00.012 жолында Салық кодексінің 107-бабына сәйкес айқындалатын кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіруді, сондай-ақ барлауды және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы тарату қорының қаражаттарын мақсатсыз пайдалану мөлшері көрсетіледі. Бұл жолға 100.05 нысаны J бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

13) 100.00.013 жолында Салық кодексінің 80-бабына сәйкес айқындалатын бірлескен қызметті жүзеге асырудан табыстар көрсетіледі;

14) 100.00.014 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген егер бұрын шегерімге жатқызылмаса, бұрын негізсіз бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, сот таңылған немесе борышты деп танылған айыппұлдар, өсімақылар және санкциялардың басқа да түрлері көрсетіледі;

15) 100.00.015 жолында Салық кодексінің 95-бабына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

16) 100.00.016 жолында Салық кодексінің 96-бабына сәйкес айқындалатын өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыстар көрсетіледі;

17) 100.00.017 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген дивидендтер көрсетіледі;

18) 100.00.018 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген депозит, борышты бағалы қағаз, вексель, исламдық жалға беру сертификаты бойынша сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

19) 100.00.019 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі көрсетіледі;

20) 100.00.020 жолында Салық кодексінің 85-бабы 2-тармағының 20) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

21) 100.00.021 жолында Салық кодексінің 97-бабы 2-тармағына сәйкес айқындалатын әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстардың нақты шығыстардан асып кетуі көрсетіледі;

22) 100.00.022 жолында Салық кодексінің 97-бабы 3-тармағына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген қызметкерлерді қоғамдық тамақтандыруды, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын әлеуметтік сала объектілерін пайдаланған кезде алынатын табыстар көрсетіледі;

23) 100.00.023 жолында Салық кодексінің 98-бабына сәйкес айқындалатын мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен табыстар көрсетіледі;

24) 100.00.024 жолында ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 22-1) тармақшасына сәйкес анықталатын табыс көрсетіледі;

25) 100.00.025 жолында Салық кодексінің 35-бабына сәйкес айқындалатын сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан табыстар көрсетіледі;

26) 100.00.026 жолында салық төлеушінің Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін табысы көрсетіледі;

27) 100.00.027 жолында 100.00.001-ден 100.00.026-ға дейінгі жолдарды қосумен айқындалатын жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы көрсетіледі;

28) 100.00.028 жолында 100.00.028 I-ден 100.00.028 XV-ке дейінгі жолдарды қосумен айқындалатын Салық кодексінің 99-бабына сәйкес жылдық жиынтық табысты түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі (100.00.028 XVI жолы 100.00.028 жолының мағынасын анықтауда есептелмейді):

100.00.028 I жолында тәуекелді инвестициялау жабық пайлық инвестициялық қорлар мен тәуекелді инвестициялау акционерлік инвестициялық қорлар төлейтіндерді қоспағанда дивидендтер көрсетіледі;

100.00.028 II жолында жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті кепілдендіруді жүзеге асыратын ұйымдар алатын банктердің міндетті күнтізбелік , қосымша және төтенше жарналарының сомасы көрсетіледі;

100.00.028 III жолында Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры алған сақтандыру ұйымдарының міндетті қосымша және төтенше жарналарының сомасы көрсетіледі;

100.00.028 IV жолында жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті кепілдендіруді жүзеге асыратын ұйымдар мен Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры өтелген депозиттер мен жүзеге асырылған кепілдік және өтемдік төлемдер бойынша олардың талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алған ақша сомалары көрсетіледі;

100.00.028 V жолында Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және жеке зейнетақы шоттарына жіберілген инвестициялық табыстар көрсетіледі;

100.00.028 VI жолында Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін ұлғайтуға жіберілген инвестициялық табыстар көрсетіледі;

100.00.028 VII жолында Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлары туралы заңнамасына сәйкес пайлық және акционерлік инвестициялық қорлар кастодиандардағы және олардағы шоттарға алған инвестициялық табыстар көрсетіледі;

100.00.028 VIII жолында Қазақстан Республикасының секьюритизация туралы заңнамасына сәйкес секьюритизация мәмілесі бойынша арнайы қаржы компаниясы алған талап ету құқықтарын беруден табыстар көрсетіледі;

100.00.028 IX жолында сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түскен таза табыстар көрсетіледі;

100.00.028 X жолында мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры мақта өңдейтін ұйымдардан алған жыл сайынғы міндетті жарналардың сомасы көрсетіледі;

100.00.028 XI жолында бидай қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры нан қабылдайтын ұйымдардан алған жыл сайынғы міндетті жарналардың сомасы көрсетіледі;

100.00.028 XII жолында жүзеге асырылған кепілдік төлемдері бойынша талаптарды қанағаттандыру тәртібінде мақта (бидай) қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры алған ақша сомасы көрсетіледі;

100.00.028 XIII жолында инвестициялық депозиттер түрінде алынған ақшаны басқару кезінде ислам банкімен алынған, аталған инвестициялық депозиттердің депозиторларының шотына жіберілген және оларда орналасқан сыйақыны қоспағандағы ислам банкінің табыстары көрсетіледі;

100.00.028 XIV жолында Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес құрылған ислам арнайы қаржы компаниясы алған талап ету құқықтарын беруден табыстар көрсетіледі;

100.00.028 XV жолында Салық кодексінің 99-бабы 1-тармағының 15) тармақшасының ережелері ескеріле отырып анықталатын сотпен бекітілген банктің құрылымын өзгерту жоспарындағы құрылымы өзгертілетін активтер мен міндеттемелер тізіміне енгізілген кредитордың банк міндеттемелерін есептен шығарудан табыс көрсетіледі;

100.00.028 XVI жолында тауарлық-материалдық запастарды бағалаудың өзге әдісіне көшу кезінде қалыптасқан оң немесе теріс айырма көрсетіледі;

29) 100.00.029 жолында 100.00.027 жолы мен 100.00.028 жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалған, 100.00.028 XVI жолына ұлғайтылған (егер бұл жолдың мағынасы оң болған кезде) немесе 100.00.028 XVI жолына азайтылған (егер бұл жолдың мағынасы теріс болған кезде) (100.00.027 – 100.00.028 ± 100.00.028 XVI) түзету ескеріле отырып, жылдық жиынтық табыс көрсетіледі.

16. "Шегерімдер" бөлімінде:

1) 100.00.030 жолында Салық кодексінің 100-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сатылған (жұмсалған) тауарлардың, сатып алынған және өтеусіз алынған жұмыстар, қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі. 100.00.030 I – 100.00.030 II + 100.00.030 III + 100.00.030 IV + 100.00.030 V – 100.00.030 VI – 100.00.030 VII – 100.00.030 VIII – 100.00.030 IX ретінде айқындалады;

100.00.030 I жолында салық кезеңінің басына тауарлардың, шикізаттардың, материалдардың (соның ішінде сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақталатын бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары) (бұдан әрі – ТМҚ) өзіндік құны көрсетіледі. Бастапқы Декларацияда аталған жол салық кезеңнің басына бухгалтерлік теңгерме бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы Декларациясын беретін салық төлеушіде салық кезеңінің басында ТМҚ болмауы мүмкін. Осы жол 100.00.030 I A бастап 100.00.030 I C (100.00.030 I A + 100.00.030 I B + 100.00.030 I C) дейінгі жолдар сомасы ретінде анықталады:

100.00.030 I A жолында салық кезеңінің басына ТМҚ құны көрсетіледі;

100.00.030 I B жолында салық кезеңінің басына аяқталмаған өндірістер құны көрсетіледі;

100.00.030 I C жолында салық кезеңінің басына дайын өнімнің, тауарлардың құны көрсетіледі.

100.00.030 II жолы салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерме деректеріне сәйкес толтырылады. Бұл ретте, көрсетілген жолда оны сатудан алынған табыстар салық кезеңінде салық салу мақсатында танылған, жылдың соңында ТМҚ қалдықтарында есепке алынатын және жолдағы (мысалы, FAS-порт шарттарындағы тауарларды сату) тауардың құны көрсетілмейді. Салық кезеңінің ішінде салық төлеуші берген тарату Декларациясында 100.00.030 II жолы тиісті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде толтырылады. Бұл жол 100.00.030 II A жолдан бастап 100.00.030 II C жолға дейінгі жолдардың сомалары ретінде айқындалады (100.00.030 II A + 100.00.030 II B + 100.00.030 II C):

100.00.030 II A жолында салық кезеңінің басына ТМҚ құны көрсетіледі;

100.00.030 II B жолында салық кезеңінің басына аяқталмаған өндіріс құны көрсетіледі;

100.00.030 II C жолында салық кезеңінің басына дайын өнім, тауарлар құны көрсетіледі.

100.00.030 III жолында салық төлеуші салық кезеңінің барысында сатып алған, оның ішінде тегін алған ТМҚ, тарапты ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар орындаған жұмыстар мен көрсеткен қызметтердің құны көрсетіледі. Осы жолда келтірілген деректер Декларацияның 100.00.031 жолынан бастап 100.00.057 жолына дейінгі жолдар бойынша шегерімге жатқызылатын

шығыстарды қамтымауы тиіс. 100.00.030 III A бастап 100.00.030 III H дейінгі жолдар мәндерінің қосындысымен айқындалады (100.00.030 III A + 100.00.030 III B + 100.00.030 III C + 100.00.030 III D + 100.00.030 III E + 100.00.030 III F + 100.00.030 III G + 100.00.030 III H):

100.00.030 III A жолында салық төлеушінің есепті салық кезеңде сатып алған, өтеусіз алған ТМҚ құны көрсетіледі;

100.00.030 III B қаржылық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

100.00.030 III C жарнамалық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

100.00.030 III D консультация қызметтер құны көрсетіледі;

100.00.030 III E маркетинг қызметтер құны көрсетіледі;

100.00.030 III F дизайнерлік қызметтер құны көрсетіледі;

100.00.030 III G инжиниринг қызметтер құны көрсетіледі;

100.00.030 III H басқа да жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға шығыстар көрсетіледі.

100.00.030 IV жолында:

100.00.041 жолы бойынша көрсетілетін және Салық кодексінің 155-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында белгіленген тәуліктік мөлшерінің асып кетуін білдіретін;

тіркелген активтердің, преференциялар объектілерінің алғашқы құнына енетін;

Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес кейінгі шығыстар ретінде танылатын;

Салық кодексінің 87-бабына сәйкес амортизацияға жатпайтын активтердің алғашқы құнына енетін қызметкерлердің есептелген табыстары бойынша шығыстарды қоспағанда Салық кодексінің 110-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметкерлердің есептелген табыстары мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстар көрсетіледі;

100.00.030 V жолында өткен салық кезеңдерінде алдағы кезеңдер шығыстары ретінде танылған және есепті салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылған жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

100.00.030 VI жолында кейінгі шығыстар болып танылған, салық есебі Салық кодексінің 122-бабына сәйкес жүргізілетін жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

100.00.030 VII жолында аяқталмаған құрылыс объектілері құнын ұлғайтуға жататын, жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі ;

100.00.030 VIII жолында 100.00.030 VII жолы бойынша көрсетілетін құнды қоспағанда, Салық кодексінің 115-бабынның негізінде шегерімдерге

жатқызылмайтын, жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

100.00.030 IX жолында алдағы кезеңдердің шығыстары ретінде танылатын және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылуы тиіс жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

2) 100.00.031 жолында Салық кодексінің 100-бабы 6-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын айыппұлдардың, өсімақылардың, тұрақсыздық айыптарының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 100.00.032 жолында Салық кодексінің 100-бабы 8-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын бірлескен қызмет бойынша немесе бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың уәкілетті өкілі салық есебін жүргізген жағдайда оның бір бөлігі бойынша шығыстар көрсетіледі;

4) 100.00.033 жолында Салық кодексінің 100-бабы 10-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын Салық кодексінің 97-бабы 3-тармағында көрсетілген әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезіндегі шығыстар көрсетіледі;

5) 100.00.034 жолында Салық кодексінің 100-бабы 11-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын мәміледе белгіленген кепілдік мерзімі ішінде жүргізілген сатылған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің кемшіліктерін жою бойынша салық төлеушінің нақты шығыстарының сомасы көрсетіледі;

6) 100.00.035 жолында барабар әдістің қолданылуына байланысты есепке жатқызуға жатпайтын және Салық кодексінің 100-бабы 12-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын қосылған құн салығы көрсетіледі;

7) 100.00.036 жолында 2009 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан және Салық кодексінің 100-бабы 13-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын есептелген қосылған құн салығының сомасынан есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомасының артуы көрсетіледі;

8) 100.00.037 жолында Салық кодексінің 100-бабы 14-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын мүшелік жарналар көрсетіледі;

9) 100.00.038 жолында Салық кодексінің 100 бабы 14-1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеушінің Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

10) 100.00.039 жолында Салық кодексінің 100-бабы 16-1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын жарнамалық мақсатта өтеусіз берілген тауардың құны көрсетіледі;

11) 100.00.040 жолында Салық кодексінің 103-бабына және Енгізу туралы Заңның 14-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі.Осы жолға 100.14.004 жолы көшіріледі.

12) 100.00.041 жолында Салық кодексінің 101-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақы сомасы көрсетіледі;

13) 100.00.042 жолында Салық кодексінің 102-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын өкілдік шығыстардың сомасы көрсетіледі;

14) 100.00.043 жолында Салық кодексінің 104-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын төленген күмәнді міндеттемелер көрсетіледі. Жол өзіне 100.00.043 I және 100.00.043 II жолдарынның сомасын қамтиды:

100.00.043 I жолында Салық кодексінің 104-бабы бірінші бөліміне сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеуші кредиторға төлеген бұрын күмәнді міндеттемелердің табысы деп танылған сома көрсетіледі;

100.00.043 II жолында Салық кодексінің 104-бабы екінші бөліміне сәйкес шегерімге жатқызылатын Салық кодексінің 88-бабына сәйкес бұрын табыс деп танылған төленген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

15) 100.00.044 жолында Салық кодексінің 105-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын күмәнді талаптар көрсетіледі. Жол өзіне 100.00.044 I және 100.00.044 II жолдарынның сомасын қамтиды:

100.00.044 I жолында талаптар туындаған сәттен бастап үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған күмәнді талаптар сомасы көрсетіледі;

100.00.044 II жолында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дебитор салық төлеушінің банкрот деп танылуына байланысты қанағаттандырылмаған күмәнді талаптар сомасы көрсетіледі;

16) 100.00.045 жолында Салық кодексінің 106-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын резервтік қорларға аударымдар көрсетіледі:

100.00.045 I жолында Салық кодексінің 106-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар құрған провизиялар (резервтер) бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

100.00.045 II жолында Салық кодексінің 106-бабы 3-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын микрокредиттік ұйымдар құрған резервтер бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

100.00.045 III жолында Салық кодексінің 106-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, ұлттық басқару холдингі немесе негізгі қызмет түрі қарыздық операцияларды жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беру акцияларының (қатысу үлестері) жүз проценті ұлттық басқару холдингіне тиесілі заңды тұлғалар құрған провизиялар (резервтер) бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

17) 100.00.046 жолында Салық кодексінің 107-бабына сәйкес кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіруді, сондай-ақ барлауды және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын

салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының шегерімге жатқызылатын, кен орындарын әзірлеу салдарларын жоюға жұмсалған шығыстар мен тарату қорларына аударымдар сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 100.05 нысанының G бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

18) 100.00.047 жолында Салық кодексінің 108-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын ғылыми-зерттеу және ғылыми-технологиялық жұмыстарға шығыстар көрсетіледі;

19) 100.00.048 жолында жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларды қоспағанда, Салық кодексінің 109-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын сақтандыру шарттары бойынша төленуі тиіс немесе төленген сақтандыру сыйлықақылары көрсетіледі;

20) 100.00.049 жолында Салық кодексінің 109-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын кепілдендіру жүйесіне қатысушының жарналары көрсетіледі:

100.00.049 I жолында Салық кодексінің 109-бабы 2-тармағына сәйкес жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті кепілдендіру жүйесіне қатысушы банк шегерімге жатқызатын жеке тұлғалардың депозиттерін кепілдендіруге байланысты аударылған міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналар сомасы көрсетіледі.

100.00.049 II жолында Салық кодексінің 109-бабы 4-тармағына сәйкес мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысушы мақта өңдеу ұйымы шегерімге жатқызатын мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беруге байланысты аударылған жыл сайынғы міндетті жарналар сомасы көрсетіледі;

100.00.049 III жолында Салық кодексінің 109-бабы 5-тармағына сәйкес бидай қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысушы астық қабылдау кәсіпорны шегерімге жатқызатын бидай қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беруге байланысты аударылған жыл сайынғы міндетті жарналар сомасы көрсетіледі;

21) 100.00.050 жолында Салық кодексінің 111-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шыққан шығыстар мен кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіруді, сондай-ақ барлауды және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының басқа да шығыстары көрсетіледі. Бұл жолға 100.06-нысаны Z және AB бағандарының қорытынды мәнінің сомасы көшіріледі;

22) 100.00.051 I жолында Салық кодексінің 112-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын қазақстандық кадрларды оқытуға және өңірлердің

әлеуметтік саласын дамытуға жұмсалған кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіруді, сондай-ақ барлауды және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының шығыстары көрсетіледі;

23) 100.00.052 жолында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын оң бағамдық айырма сомасынан теріс бағамдық айырма сомасының артуы көрсетіледі;

24) 100.00.053 жолында Салық кодексінің 114-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер көрсетіледі;

25) 100.00.054 жолында Салық кодексінің 116 – 122-баптарына сәйкес жүргізілетін тіркелген активтер бойынша шегерімдер көрсетіледі. Бұл жолға 100.07.011, 100.07.012 жолдарының сомасы көшіріледі;

100.00.054 I жолында Салық кодексінің 117-бабы 10-тармағына және 120-баптың 2-1-тармағына сәйкес салық есебі жүргізілетін инвестициялар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған корпоративтік табыс салығын төлеуден босату ұсынылған келісім-шарт бойынша инвестициялық жоба шеңберінде 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін және (немесе) кейін пайдалануға енгізілген тіркелген активтер бойынша шегерімдер анықтама ретінде көрсетіледі;

26) 100.00.055 жолында Салық кодексінің 123 – 125-баптарына, сондай-ақ Енгізу туралы Заңның 15-бабына сәйкес инвестициялық салық преференциялары бойынша шегерімдер көрсетіледі. Бұл жолға 100.08.008 жолының мәні көшіріледі. Егер салық төлеуші 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялар бойынша мемлекеттік уәкілетті органмен жасасқан келісім-шарттар бойынша жылдық жиынтық табыстан инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға енгізілген тіркелген активтер құнын шегерімге жатқызу түрінде инвестициялық салық преференцияларын қолданатын болса, бұл жолға 100.08.002 жолы да көшіріледі;

27) 100.00.056 жолында салық салынатын табыс осындай шығыстарды шегергеннен кейін нөлден көп болатын болса, Енгізу туралы Заңның 39-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын біржолғы талон сатып алу бойынша шығыстар көрсетіледі;

28) 100.00.057 жолында Салық кодексіне сәйкес шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар көрсетіледі;

29) 100.00.058 шегерімге жатқызылуы тиіс сома көрсетіледі. Бұл жолға не 100.00.058 I жолы, не 100.00.058 II, не 100.00.058 III жолы көшіріледі:

100.00.058 I жолында шегерімге жатқызылатын шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 100.00.030-дан 100.00.057-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады. Декларацияны жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте салық салынуы тиіс табыстар алған кезде коммерциялық емес ұйымдар толтырған жағдайда 100.00.030-дан 100.00.057-ге дейінгі жолдарда жалпы коммерциялық емес ұйым бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

100.00.058 II жолында бір мезгілде 130.00-нысаны бойынша Корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны және 100.00-нысаны бойынша Корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны табыс ететін коммерциялық емес ұйымдардың Салық кодексінің 134-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын шығыстарының сомасы көрсетіледі;

100.00.058 III жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекеме(лері)сі бар резиденттер шегерімге жатқызуы тиіс шығыстар сомасы көрсетіледі. 100.00.030 және 100.00.057 жолдарының қосындысы және 100.09.002 жолының айырмасы ретінде айқындалады.

17. "Табыстар мен шегерімдерді түзету" бөлімінде:

1) 100.00.059 жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстар мен шегерімдерді түзетулердің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.00.059 I және 100.00.059 II жолдарының сомасын айырмасы ретінде айқындалады;

100.00.059 I жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстарды түзетулердің сомасы көрсетіледі;

100.00.059 II жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін шегерімдерді түзетулердің сомасы көрсетіледі.

18. "Салық салынатын табыс есебі" бөлімінде:

1) 100.00.060 жолында салық салынатын табыс (залал) көрсетіледі. 100.00.059 жолының оң және теріс мәндері ескеріле отырып, 100.00.029 және 100.00.058 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (100.00.029 - 100.00.058 + 100.00.059);

2) 100.00.061 жолында резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алған табыстар сомасы көрсетіледі. Бұл жол өзіне 100.00.061 I жолын да қамтиды:

100.00.061 I жолында Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елде алған табыс көрсетіледі. Бұл жолға 100.13-нысаны I бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

100.00.062 жолында Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына, 212, 213-баптарына сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс сомасы көрсетіледі;

3) 100.00.063 жолында халықаралық салық салу ерекшелігі ескеріле отырып, салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. 100.00.062 жолы алына отырып, 100.00.060 және 100.00.061 жолдарының сомасы ретінде айқындалады (100.00.060 + 100.00.061 - 100.00.062);

4) 100.00.064 жолында Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес көшірілуі тиіс залал көрсетіледі. Егер 100.00.063 жолының теріс мәні болса, 100.00.064 жолы 100.00.063 жолының және 100.07.008 I, жолының модулінің сомасы ретінде айқындалады. Егер 100.00.063 жолының оң мәні болса, 100.00.064 жолына 100.07.008 I жолы көшіріледі;

5) 100.00.065 жолында Салық кодексінің 133-бабына немесе Енгізу туралы Заңның 2-3-бабына сәйкес салық салу табысын кеміту сомасы көрсетіледі. 100.00.065 A және 100.00.065 B жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

100.00.065 A жолында Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы шығыстар көрсетіледі. 100.00.063 жолының 3 пайызы шегіндегі 100.00.065 A I-ден 100.00.065 A III-ке дейінгі жолдарының сомасы қосу 100.00.065 A IV және 100.00.065 A V жолдарының сомасы ретінде айқындалады (((100.00.065 A I + 100.00.065 A II + 100.00.065 III) 100.00.063 жолының 3%) + (100.00.065 A IV + 100.00.065 A V). Бұл ретте, егер 100.00.065 A I-ден 100.00.065 A III-ке дейінгі жолдарда көрсетілген нақты шығыс сомасы салық салынатын табыстан (100.00.063) үш пайыздан азын құрайтын болса, шығыстар жүргізілген нақты сома салық салынатын табыстан алып тастауға жатады. Егер сома салық салынатын табыстан үш пайыздан көп соманы құраған жағдайда, салық салынатын табыстың үш пайызы мөлшерінде айқындалған сома алып тасталады:

100.00.065 A I жолында Салық кодексінің 97-бабы 2-тармағында көзделген әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстардан нақты шыққан шығыстардың арту сомасы көрсетіледі;

100.00.065 A II жолында өтеусіз негізде коммерциялық емес ұйымдарға және әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген мүлік құны көрсетіледі. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты кеткен шығыстар мөлшерінде айқындалады. Бұл жол өзіне "1" шығыстар түрінің белгісі бойынша 100.11-нысаны G бағанының мәнін де қамтиды;

100.00.065 A III жолында көмекті алатын адам тарапынан өтініш негізінде салық төлеушінің шешімі болған кезде демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетіледі. Бұл жол өзіне "2" шығыстар түрінің белгісі бойынша 100.11-нысаны G бағанының мәнін де қамтиды;

100.00.065 A IV жолында мүгедектердің еңбегін төлеуге жүргізілген шығыстардың 2 еселенген мөлшері және мүгедектерге жалақы мен басқа да төлемдерден есептелген әлеуметтік салық сомасының 50 пайызы көрсетіледі;

100.00.065 A V жолында жеке тұлғамен салық төлеушіде кем дегенде үш жыл жұмыс істеу міндеттемесі туралы шарт жасасқан жағдайда салық төлеушімен еңбек қатынасы жоқ жеке тұлғаның оқуына шығыстар көрсетіледі;

100.00.065 B жолында Салық кодексінің 133-бабы 2-тармағына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы табыстар көрсетіледі. 100.00.065 B I-ден 100.00.065 B X-ға дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.00.065 B I жолында негізгі құралдардың қаржы лизингі бойынша сыйақы, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, биологиялық активтер көрсетіледі;

100.00.065 B II жолында осындай сыйақы есептеу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде орналасқан борышты бағалы қағаздар бойынша сыйақы көрсетіледі;

100.00.065 B III жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен табыстар көрсетіледі. Бұл жолға 100.01.011 II жолы көшіріледі;

100.00.065 B IV жолында агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен табыстар көрсетіледі. Бұл жолға 100.01.011 III жолы көшіріледі;

100.00.065 B V жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, агенттік облигациялар бойынша сыйақы көрсетіледі;

100.00.065 B VI жолында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда гуманитарлық көмек түрінде алынған және мақсатты пайдаланылған мүліктің құны көрсетіледі;

100.00.065 B VII жолында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінің негізінде мемлекеттік органнан немесе республикалық мемлекеттік кәсіпорыннан өтеусіз негізде республикалық мемлекеттік кәсіпорын алған негізгі құралдардың құны көрсетіледі;

100.00.065 B VIII жолында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акциялар мен қатысу үлестерін сату кезінде құн өсімінен түскен табыс көрсетіледі. Бұл жол егер сату күніне көрсетілген заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акциясының (қатысу үлесінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың мүлкі құраған жағдайда толтырылады. Бұл жолға 100.01.003 I жолы көшіріледі;

100.00.065 B IX жолында сату күнінде Қазақстан Республикасы аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде орналастырылған бағалы

қағаздарды ашық сауда әдісімен сату кезінде құн өсімінен табыс көрсетіледі. Бұл жолға 100.01.003 II және 100.01.011 I жолдарының сомасы көшіріледі;

100.00.065 В Х жолында мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражатты республикалық бюджеттен тартылған қаражаттарды қайтару бойынша міндеттемелерді орындау есебіне мемлекет меншігіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша салық төлеуші мүлік берген кезде тіркелген активтерді шығарудан түскен табыстар көрсетіледі;

6) 100.00.066 жолында Салық кодексінің 133-бабына, сондай-ақ Енгізу туралы Заңның 3-2-тармағына сәйкес жүргізілетін азайту ескерілген салық салынатын табыс көрсетіледі. 100.00.063 және 100.00.065 жолдарының айырмасы ретінде анықталады (100.00.063-100.00.065). Егер 100.00.065 жолы 100.00.063 жолынан артық болса, 100.00.066 жолында нөл көрсетіледі;

7) 100.00.067 жолында алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар көрсетіледі;

8) 100.00.068 жолында көшірілген залалдар қосылған салық салынатын табыс көрсетіледі. Егер 100.00.066 жолында оң мән көрсетілген жағдайда толтырылады . 100.00.066 және 100.00.067 жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады (100.00.066 - 100.00.067). Егер 100.00.067 жолы 100.00.066 жолынан артық болса, 100.00.068 жолында нөл көрсетіледі.

19. "Салық міндеттемесінің есебі" бөлімінде:

1) 100.00.069 жолында Енгізу туралы Заңның 4-бабына сәйкес немесе Салық кодексінің 147-бабы 2-тармағына сәйкес корпоративтік табыс салығының ставкасы пайыздарда көрсетіледі. Бұл жолды салық төлеуші Салық кодексінің 448-бабы 4-тармағында және 58-бабында көзделген бөлек есеп жүргізуді жүзеге асырмаған жағдайда толтырады;

2) 100.00.070 жолында Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде ескерілетін Қазақстан Республикасынан тыс төленген табысқа салықтардың немесе резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алған табыстарға соған ұқсас табыс салығының түрлерінің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 100.13-нысаны Т бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

3) 100.00.071 жолында шетел салығын есепке жатқызу ескерілген корпоративтік табыс салығы сомасы көрсетіледі. 100.00.068 және 100.00.069 жолдарының көбейтіндісін 100.00.70 жолынан айырмасы ретінде анықталады (100.00.068 х 100.00.069 – 100.00.070). Егер 100.00.070 жолы 100.00.068 және 100.00.069 жолдарының көбейтіндісінен артық болса, 100.00.071 жолында нөл көрсетіледі.

4) 100.00.072 жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін

салық кезеңінде ұтыс түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

5) 100.00.073 I жолында алдыңғы салық кезеңдерінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған және Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес көшірілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

6) 100.00.073 жолында II Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

7) 100.00.074 жолында 100.00.074 I және 100.00.074 II және 100.00.074 III және 100.00.074 IV жолдарының айырмасы ретінде анықталатын (100.00.074 I - 100.00.074 II - 100.00.074 III - 100.00.074 IV) салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі:

100.00.074 I жолында Салық кодексінің 139-бабына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. 100.00.071, 100.00.072, 100.00.073 I, 100.00.073 II жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (100.00.071 - 100.00.072 – 100.00.073 I – 100.00.073 II). Егер айырмасы нөлге тең болса, онда 100.00.074 жолында нөл көрсетіледі;

100.00.074 II жолында Салық кодексінің 451-бабына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 448-452-баптарында көзделген арнаулы салық режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер толтырады. 100.00.074 I жолының 70 пайызы ретінде айқындалады (100.00.074 I х 70%);

100.00.074 III жолында инвестициялар бойынша уәкілетті органмен жасасқан келісім-шартқа сәйкес стандартты салық жеңілдіктерін қолдануға байланысты кемітілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 100.18.010 жолы көшіріледі;

100.00.074 IV жолында Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес салық төлеуші инвестициялар бойынша мемлекеттік уәкілетті органмен 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасасқан келісім-шарт негізінде есептелген корпоративтік табыс салығына кемітуге құқылы сома көрсетіледі;

8) 100.00.075 жолында Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен түскен резидент емес заңды тұлғаның таза табысы көрсетіледі. 100.00.068 және 100.00.074 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

9) 100.00.076 жолында таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі:

100.00.076 I жолында Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес 15 пайыз ставка бойынша есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі (100.00.075 х 15%);

100.00.076 II жолында Салық кодексінің 212-бабына сәйкес халықаралық шартта көзделген ставка бойынша есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші таза табысқа корпоративтік табыс салығына қатысты халықаралық шарт ережесін қолданса, таза табысқа корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

100.00.076 III жолы егер 100.00.076 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға осы Ереженің 78-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы аталған халықаралық шарт жасасқан елдің коды көрсетіледі;

100.00.076 IV жолы егер 100.00.070 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға аталған халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

10) 100.00.077 жолында есептелген корпоративтік табыс салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. 100.00.074 және 100.00.076 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

20. "Басқа да ақпараттар" бөлімінде:

1) 100.00.078 жолында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалған жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүлік құны көрсетіледі;

2) 100.00.079 жолында эмитент шығарған акцияларды орналастырудан алған ақша сомасы көрсетіледі;

3) 100.00.080 жолында өтеусіз берілген мүліктің құны көрсетіледі. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шыққан шығыстардың мөлшерінде айқындалады;

4) 100.00.081 жолында Салық кодексінде көзделген жағдайларда салық міндеттемесінің мөлшерін азайту сомасы көрсетіледі;

5) 100.00.082 жолында басқа адамнан алынуы тиіс (алынған) табыстан басқа, қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепте табыс деп танылатын активтердің және (немесе) міндеттемелердің құнының өзгеруіне байланысты туындаған табыс көрсетіледі;

6) 100.00.083 жолында қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес активтерді қайта бағалауға резервтерді азайту есебінен таратылмаған пайданың ұлғаюы көрсетіледі;

7) 100.00.084 жолында бухгалтерлік есепте мойындалған міндеттемені орындауға жататын нақты көлемі мен осы міндеттеменің құны арасындағы оң айырма түрінде бухгалтерлік есепте міндеттемені мойындауға байланысты туындаған табыс көрсетіледі.

8) 100.00.085 жолында төленуі тиіс (төленген) шығыстардан басқа, қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарын және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасын қолданған кезде бухгалтерлік есепте активтердің және (немесе) міндеттемелердің құнының өзгеруіне байланысты туындаған шығыс көрсетіледі;

9) 100.00.086 жолында Салық кодексінің 115-бабына сәйкес шегерімге жатқызылмайтын шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі.

21. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының Аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) Декларацияның берілген күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның Аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) Декларацияны қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына және Енгізу туралы Заңның 3-бабынасәйкес Декларацияны табыс ету күні көрсетіледі;

6) құжаттың табыс нөмірі.

Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

22. Салық кодексінің 58 бабы және (немесе) 310 бабы және (немесе) 448 бабына сәйкес салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілер бойынша бөлек салықтық есепке алуды жүргізуді жүзеге асыратын салық төлеушілер салықтық есепке алу мәліметтерінің негізінде Декларация (100 нысан) және оған қосымшаларды (100.01 – 100.18-нысандары) жалпы қызметтердің барлық түрлері бойынша (келісім-шарттық және келісім шарттан тыс қызметті қоса) жасайды және егер Декларацияда (100 нысан) және оған

қосымшаларда алдын ала көзделен формулалар осы Декларацияда және оған қосымшаларда (100.01 – 00.18-нысандары) көрсетілуге жататын мәндердің өзгеруіне әкеліп соқса осындай формулаларды қолданбайды.

3. Құн өсімінен табыс (залал) – 100.01-нысанын жасау

23. Бұл нысан Салық кодексінің 87-бабына сәйкес:

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік қажеттілік үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, амортизацияға жатпайтын активтерді өткізу кезінде;

амортизацияға жатпайтын активтерді жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде;

қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде амортизацияға жатпайтын активтердің шығарылуы кезінде құн өсімінен түскен табысты айқындауға арналған.

24. "Борышты бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар мен қатысу үлесін өткізу кезіндегі табыс (залал)" бөлімінде:

1) 100.01.001 жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздарды және қатысу үлесін өткізу құны көрсетіледі. 100.01.001 I-ден 100.01.001 III-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.01.001 I жолында егер сату күнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құраса, аталған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акциялар мен қатысу үлестерінің өткізу құны көрсетіледі;

100.01.001 II жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізу кезінде өткізу күніне қор биржасының ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздардың өткізу құны көрсетіледі;

100.01.001 III жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өзге де бағалы қағаздардың өткізу құны көрсетіледі;

2) 100.01.002 жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өткізілетін бағалы қағаздар мен қатысу үлестерінің бастапқы құны көрсетіледі. 100.01.002 I-ден 100.01.002 III-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.01.002 I жолында егер сату күнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) құнының

50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құраса, аталған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы сатылатын акциялар мен қатысу үлестерінің бастапқы құны көрсетіледі;

100.01.002 II жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізу кезінде өткізу күніне қор биржасының ресми тізімінде тұрған сатылатын бағалы қағаздардың бастапқы құны көрсетіледі;

100.01.002 III жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, сатылатын өзге де бағалы қағаздардың бастапқы құны көрсетіледі;

3) 100.01.003 жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар мен қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі. 100.01.003 I-ден 100.01.003 III-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.01.003 I жолында егер сату күнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құраса, аталған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акциялар мен қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі. Егер 100.01.001 I жолы 100.01.002 I жолынан көп болса толтырылады. 100.01.001 I мен 100.01.002 I жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Бұл жол 100.00.065 В VIII жолына көшіріледі;

100.01.003 II жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өткізу күніне қор биржасының ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен табыс көрсетіледі. Егер 100.01.001 II жолы 100.01.002 II жолынан көп болса толтырылады. 100.01.001 II мен 100.01.002 II жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Бұл жол 100.00.065 В IX жолына көшіріледі;

100.01.003 III жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өзге де бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен табыс көрсетіледі. Егер 100.01.001 III жолы 100.01.002 III жолынан көп болса толтырылады. 100.01.001 III жолы мен 100.01.002 III жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

4) 100.01.004 жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар мен қатысу үлестерін өткізуден келген залал көрсетіледі. 100.01.004 I-ден 100.01.004 III-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.01.004 I жолында егер сату күнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құраса, аталған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акциялар мен қатысу үлестерін өткізуден келген залал көрсетіледі. Егер 100.01.002 I жолы 100.01.001 I жолынан көп болса толтырылады. 100.01.002 I жолы мен 100.01.001 I жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

100.01.004 II жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өткізу күніне қор биржасының ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізуден келген залал көрсетіледі. Егер 100.01.002 II жолы 100.01.001 II жолынан көп болса толтырылады. 100.01.002 II мен 100.01.001 II жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

100.02.004 III жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өзге де бағалы қағаздарды өткізуден келген залал көрсетіледі. Егер 100.01.002 III жолы 100.01.001 III жолынан көп болса, толтырылады. 100.01.002 III пен 100.01.001 III жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

5) 100.01.005 жолында сату күнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құраса, аталған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы қатысу үлестерін қоспағанда, қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі.

25. "Борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, жарғылық капиталға салым ретінде бағалы қағаздарды және қатысу үлесін беру кезіндегі, сондай-ақ бағалы қағаздардың және қатысу үлестерінің қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде шығарылуы кезіндегі табыс" бөлімінде:

1) 100.01.006 жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, жарғылық капиталға салым ретінде қатысу үлесін және бағалы қағаздарды берудегі құн өсімінен табыс көрсетіледі;

2) 100.01.007 жолында қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар мен қатысу үлесінің шығарылуы кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі;

26. "Борыштық бағалы қағаздарды өткізудегі табыс (залал)" бөлімінде:

1) 100.01.008 жолында борыштық бағалы қағаздарды өткізу құны көрсетіледі. 100.01.008 I-ден 100.01.008 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.01.008 I жолында өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде тұрған облигацияларды қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізу құны көрсетіледі;

100.01.008 II жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың өткізу құны көрсетіледі;

100.01.008 III жолында агенттік облигациялардың өткізу құны көрсетіледі;

100.01.008 IV жолында өзге де борыштық бағалы қағаздардың өткізу құны көрсетіледі;

2) 100.01.009 жолында өткізілетін борыштық бағалы қағаздардың бастапқы құны көрсетіледі. 100.01.009 I-ден 100.01.009 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.01.009 I жолында өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде тұрған, қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізілетін облигациялардың бастапқы құны көрсетіледі;

100.01.009 II жолында өткізілетін мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың бастапқы құны көрсетіледі;

100.01.009 III жолында өткізілетін агенттік облигациялардың бастапқы құны көрсетіледі;

100.01.009 IV жолында өткізілетін өзге де борыштық бағалы қағаздардың бастапқы құны көрсетіледі;

3) 100.01.010 жолында өткізілетін борыштық бағалы қағаздарға ие болу кезеңі ішіндегі дисконт амортизациясы не сыйлықақы көрсетіледі. 100.01.010 I-ден 100.01.010 VI-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.01.010 I жолында өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде тұрған, қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізілетін облигацияларға ие болу кезеңі ішіндегі дисконт амортизациясы не сыйлықақы көрсетіледі;

100.01.010 II жолында өткізілетін мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарға ие болған кезең үшін дисконт амортизациясы не сыйлықақы көрсетіледі;

100.01.010 III жолында өткізілетін агенттік облигацияларға ие болған кезең үшін дисконт амортизациясы не сыйлықақы көрсетіледі;

100.01.010 IV жолында өзге де борыштық бағалы қағаздарға ие болған кезең үшін дисконт амортизациясы не сыйлықақы көрсетіледі;

4) 100.01.011 жолында борыштық бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі. 100.01.011 I-ден 100.01.011 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.01.011 I жолында өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде тұрған, қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі. Егер 100.01.008 I жолы 100.01.009 I және 100.01.010 I жолдарының сомасынан көп болса толтырылады. 100.01.008 I жолының және 100.01.009 I және 100.01.010 I жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады (100.01.008 I – (100.01.009 I + 100.01.010 I)). Бұл жол 100.00.065 B VIII жолына көшіріледі;

100.01.011 II жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі. Егер 100.01.008 II жолы 100.01.009 II және 100.01.010 II жолдарының сомасынан көп болса толтырылады. 100.01.008 II жолының және 100.01.009 II және 100.01.010 II жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады (100.01.008 II – (100.01.009 II + 100.01.010 II)). Бұл жол 100.00.065 B III жолына көшіріледі;

100.01.011 III жолында агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі. Егер 100.01.008 III жолы 100.01.009 III және 100.01.010 III жолдарының сомасынан көп болса толтырылады. 100.01.008 III жолының және 100.01.009 III және 100.01.010 III жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады (100.01.008 III – (100.01.009 III + 100.01.010 III)). Бұл жол 100.00.065 B IV жолына көшіріледі;

100.01.011 IV жолында өзге де борыштық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі. Егер 100.01.008 IV жолы 100.01.009 IV және 100.01.010 IV жолдарының сомасынан көп болса толтырылады. 100.01.008 IV жолының және 100.01.009 IV және 100.01.010 IV жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады (100.01.008 IV – (100.01.009 IV + 100.01.010 IV)) ;

5) 100.01.012 жолында борыштық бағалы қағаздарды өткізуден келген залал көрсетіледі. 100.01.012 I-ден 100.01.012 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.01.012 I жолында өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде тұрған, қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізуден залал көрсетіледі. Егер 100.01.009 I және 100.01.010 I жолдарының сомасы 100.01.008 I жолынан көп болса, толтырылады. 100.01.009 I және 100.01.010 I жолдарының сомасы мен 100.01.008 I жолының айырмасы ретінде айқындалады ((100.01.009 I + 100.01.010 I) – 100.01.008 I);

100.01.012 II жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізуден залал көрсетіледі. Егер 100.01.009 II және 100.01.010 II жолдарының сомасы 100.01.008 II жолынан көп болса толтырылады. 100.01.009 II және 100.01.010 II жолдарының сомасы мен 100.01.008 II жолының айырмасы ретінде айқындалады ((100.01.009 II + 100.01.010 II) – 100.01.008 II);

100.01.012 III жолында агенттік облигацияларды өткізуден шеккен залал көрсетіледі. Егер 100.01.009 III және 100.01.010 III жолдарының сомасы 100.01.008 III жолынан көп болса толтырылады. 100.01.009 III және 100.01.010 III жолдарының сомасы мен 100.01.008 III жолының айырмасы ретінде айқындалады ((100.01.009 III+ 100.01.010 III) – 100.01.008 III);

100.01.012 IV жолында өзге де борыштық бағалы қағаздарды өткізуден залал көрсетіледі. Егер 100.01.009 IV және 100.01.010 IV жолдарының сомасы 100.01.008 IV жолынан көп болса толтырылады. 100.01.009 IV және 100.01.010 IV жолдарының сомасы мен 100.01.008 IV жолының айырмасы ретінде айқындалады ((100.01.009 IV + 100.01.010 IV) – 100.01.008 IV);

27. "Жарғылық капиталға салым ретінде борыштық құнды қағаздарды беру кезіндегі, сондай-ақ қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде борыштық бағалы қағаздардың шығарылуы кезіндегі табыс" бөлімінде:

1) 100.01.013 жолында жарғылық капиталға салым ретінде борыштық бағалы қағаздарды беру кезінде құн өсімінен табыс көрсетіледі;

2) 100.01.014 жолында қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде борыштық бағалы қағаздардың шығарылуы кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі;

28. "Салық кодексінің 87-бабы 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізу кезіндегі табыс (залал)" бөлімінде:

1) 100.01.015 жолында Салық кодексінің 87-бабы 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізу құны көрсетіледі;

2) 100.01.016 жолында Салық кодексінің 87-бабы 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген өткізілген активтердің бастапқы құны көрсетіледі;

3) 100.01.017 жолында Салық кодексінің 87-бабы 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізу кезіндегі құн өсімінен табысы көрсетіледі. 100.01.015 жолы 100.01.016 жолынан көп болса толтырылады. 100.01.015 және 100.01.016 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (100.01.015-100.01.016);

4) 100.01.018 жолында Салық кодексінің 87-бабы 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізуден залалы көрсетіледі. 100.01.016 жолы 100.01.015 жолынан көп болса толтырылады. 100.01.016 және 100.01.015 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (100.01.016 - 100.01.015)

.

29. "Жарғылық капиталға салым ретінде Салық кодексінің 87-бабы 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді беру кезіндегі,

сондай-ақ қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде осындай активтердің шығарылуы кезіндегі табыс" бөлімінде:

1) 100.01.019 жолында жарғылық капиталға салым ретінде Салық кодексінің 87-бабы 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді беру кезіндегі құн өсімінен табысы көрсетіледі;

2) 100.01.020 жолында қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде Салық кодексінің 87-бабы 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтердің шығарылуы кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі.

30. "Амортизациялануға жатпайтын басқа да активтер бойынша табыс" бөлімінде:

1) 100.01.021 жолында өткізу, жарғылық капиталға салым ретінде беру, қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде шығып кетуі кезінде туындайтын Салық кодексінің 87-бабы 2-тармағының 7)-8) тармақшаларында көрсетілген активтер бойынша, яғни құны 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толығымен шегерімге жатқызылған негізгі құралдардың, сондай-ақ құны толығымен шегерімге жатқызылған, Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасасқан келісім-шарттар бойынша инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға енгізілген активтер бойынша құн өсімінен табысы көрсетіледі;

2) 100.01.022 жолында өткізу, жарғылық капиталға салым ретінде беру, қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде шығып кетуі кезіндегі амортизациялануға жатпайтын басқа да активтер бойынша құн өсімінен табысы көрсетіледі.

31. "Есептеу" бөлімінде:

1) 100.01.023 жолында есепті салық кезеңінен алынған және алдыңғы салық кезеңдерінен ауыстырылған бағалы қағаздарды өткізуден залалдар сомасына кемітуге жататын бағалы қағаздарды өткізуде құн өсімінен табысы көрсетіледі. 100.01.003 III, 100.01.011 IV жолдарының сомасы ретінде айқындалады (100.01.003 III + 100.01.011 IV);

2) 100.01.024 жолында алдыңғы салық кезеңдерінен ауыстырылатын бағалы қағаздарды өткізуден залалдар көрсетіледі;

3) 100.01.025 жолында бағалы қағаздарды өткізуде құн өсімінен табыс есебінен қайтарылатын есепті салық кезеңнің бағалы қағаздарын өткізуден залалдар көрсетіледі (100.01.004 III + 100.01.012 IV);

4) 100.01.026 жолында есепті салық кезеңнің залалдары және алдыңғы салық кезеңдерінен ауыстырылған залалдар есебімен бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен табыс көрсетіледі. 100.01.024 және 100.01.025 жолдарының сомасына азайтылған 100.01.023 жолы ретінде айқындалады. Егер 100.01.023 жолы 100.01.024 және 100.01.025 жолдарының сомасынан аз немесе тең болса, 100.01.026 жолында нөл көрсетіледі;

5) 100.01.027 жолында Салық кодексінің 137 бабы 1-1 тармағына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінен ауыстырылған Салық кодексінің 87-бабы 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізу кезіндегі залалдар көрсетіледі;

6) 100.01.028 жолында алдыңғы салық кезеңдерінен ауыстырылған залалдар есебімен Салық кодексінің 87-бабы 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізу кезіндегі құн өсімінен табысы көрсетіледі. 100.01.017 және 100.01.027 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (100.01.017 - 100.01.027). Егер 100.01.017 100.01.027 жолынан кем немесе тең болса, 100.01.028 жолында нөл көрсетіледі;

7) 100.01.029 жолында құн өсімінен табыстың жалпы сомасы көрсетіледі. 100.01.026, 100.01.028, 100.01.003 I, 100.01.003 II, 100.01.005, 100.01.006, 100.01.007, 100.01.011 I, 100.01.011 II, 100.01.011 III, 100.01.013, 100.01.014, 100.01.019, 100.01.020, 100.01.021, 100.01.022 жолдарының сомасы ретінде айқындалады (100.01.026 + 100.01.028 + 100.01.003 I + 100.01.003 II + 100.01.005 + 100.01.006 + 100.01.007 + 100.01.011 I + 100.01.011 II + 100.01.011 III + 100.01.013 + 100.01.014 + 100.01.019 + 100.01.020 + 100.01.021 + 100.01.022). Бұл жол 100.00.002 жолына көшіріледі;

8) 100.01.030 жолында Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес анықталатын және кейінгі салық кезеңдеріне ауыстырылатын бағалы қағаздарды өткізуден залал көрсетіледі. Бұл жол 100.01.024 және 100.01.025 жолдарының сомасы 100.01.023 жолынан артық болған жағдайда толтырылады;

9) 100.01.031 жолында кейінгі салық кезеңдеріне ауыстырылатын 87-бабы 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізуден залалдар көрсетіледі. Бұл жол 100.01.027 жолы 100.01.017 жолынан артық болғанда толтырылады;

10) 100.01.032 жолында кейінгі салық кезеңдеріне ауыстыруға жатпайтын залалдар көрсетіледі.

4. Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша табыс – 100.02 нысанын жасау

32. Бұл нысан Салық кодексінің 127, 129, 130-баптарына сәйкес свопты қоспағанда, туынды қаржы құралдары бойынша табысты айқындауға арналған.

33. "Есеп" бөлімінде:

1) 100.02.001 жолында своптарды қоспағанда, туынды қаржы құралдары бойынша "1" - хеджирлеу белгісімен қорытынды табыс (залал) көрсетіледі. F бағанының тиісті торкөзінде көрсетілген "1" белгісі бойынша I бағанының жолдары сомасы ретінде айқындалады;

2) 100.02.002 жолында своптарды қоспағанда, туынды қаржы құралдары бойынша "2" - базалық активті жеткізу белгісімен қорытынды табыс (залал) көрсетіледі. F бағанының тиісті торкөзінде көрсетілген "2" белгісі бойынша I бағанының жолдары сомасы ретінде айқындалады;

3) 100.02.003 жолында своптарды қоспағанда, туынды қаржы құралдары бойынша "3" - өзге де белгісімен қорытынды табыс (залал) көрсетіледі. F бағанының тиісті торкөзінде көрсетілген "3" белгісі бойынша I бағанының жолдары сомасы ретінде айқындалады;

4) 100.02.004 жолында алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілуі тиіс алдыңғы салық кезеңдерінің залалы көрсетіледі;

5) 100.02.005 жолында көшірілген залалдар ескеріле отырып, своптарды қоспағанда, туынды қаржы құралдары бойынша "3" белгісімен табыс көрсетіледі. Егер 100.02.003 жолы 100.02.004 жолынан көп болса, 100.02.005 жолы 100.02.003 және 100.02.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Егер 100.02.003 жолы 100.02.004 жолынан аз не тең болса, 100.02.005 жолында нөл көрсетіледі;

6) 100.02.006 жолында кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін залал көрсетіледі;

7) 100.02.007 жолында кейінгі салық кезеңдеріне көшірілмейтін залал көрсетіледі.

100.02.005 жолы 100.00.003 жолына көшіріледі.

34. "Своптарды қоспағанда, туынды қаржы құралдарымен операциялар" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында шарт жасасқан салық төлеуші контрагенттің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) С бағанында шарт жасасқан салық төлеуші контрагенттің бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 78-тармағына сәйкес шарт жасасқан резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) Е бағанында шарт жасасқан резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында туынды қаржы құралының белгісі көрсетіледі. Бұл ретте егер белгісі хеджирлеу болып табылса, "1" белгіленеді; "2" - базалық активті жеткізу; "3" - өзгелері;

7) G бағанында свопты қоспағанда, туынды қаржы құралы бойынша түсімдер көрсетіледі;

8) H бағанында свопты қоспағанда, туынды қаржы құралы бойынша шығыстар көрсетіледі;

9) I бағанында свопты қоспағанда, туынды қаржы құралы бойынша табыс (залал) көрсетіледі. G және H бағандары мәндерінің айырмасы ретінде айқындалады.

5. Своп бойынша табыс – 100.03-нысанын жасау

35. Бұл нысан Салық кодексінің 128, 129, 130-баптарына сәйкес своп бойынша табысты айқындауға арналған.

36. "Есеп" бөлімінде:

1) 100.03.001 жолында "1" - хеджирлеу белгісімен своптар бойынша қорытынды табыс (залал) көрсетіледі. "1" белгісімен F бағанының тиісті торкөзінде көрсетілген I бағаны бойынша жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

2) 100.03.002 жолында "2" - базалық активті жеткізу белгісімен своптар бойынша қорытынды табыс (залал) көрсетіледі. "2" белгісімен F бағанының тиісті торкөзінде көрсетілген I бағаны бойынша жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

3) 100.03.003 жолында "3" - өзгелері белгісімен своптар бойынша қорытынды табыс (залал) көрсетіледі. "3" белгісімен F бағанының тиісті торкөзінде көрсетілген I бағаны бойынша жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

4) 100.03.004 жолында алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілуі тиіс алдыңғы салық кезеңдерінің залалы көрсетіледі;

5) 100.03.005 жолында көшірілген залалдар ескеріле отырып, "3" белгісімен своптар бойынша табыс көрсетіледі. Егер 100.03.003 жолы 100.03.004 жолынан көп болса, 100.03.005 жолы 100.03.003 және 100.03.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Егер 100.03.003 жолы 100.03.004 жолынан аз немесе тең болса, 100.03.005 жолында нөл көрсетіледі;

6) 100.03.006 жолында кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін залал көрсетіледі;

7) 100.03.007 жолында кейінгі салық кезеңдеріне көшірілмейтін залал көрсетіледі.

100.03.005 жолы 100.00.003 жолына көшіріледі.

37. "Свoптар бойынша операциялар" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шарт жасасқан салық төлеуші контрагенттің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) C бағанында шарт жасасқан салық төлеуші контрагенттің бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 78-тармағына сәйкес шарт жасасқан резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында шарт жасасқан резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында свoптың белгісі көрсетіледі. Бұл ретте егер белгісі хеджирлеу болып табылса, "1" белгіленеді; "2" - базалық активті жеткізу; "3" - өзгелері;

7) G бағанында свoп бойынша түсімдер көрсетіледі;

8) H бағанында свoп бойынша шығыстар көрсетіледі;

9) I бағанында свoп бойынша табыс (залал) көрсетіледі. G және H бағандары мәндерінің айырмасы ретінде айқындалады.

6. Сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша шығыстар – 100.04-нысанын жасау

38. Бұл нысанды қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын тұлғалар толтырады. Нысанда шегерімге жатқызылмайтындарды қоса алғанда, сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) туралы мәліметтер көрсетіледі. Осы нысандағы мәліметтер Декларацияға және оған қосымшаларға көшірілмейді .

39. "Шығыстар" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) C бағанында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын салық төлеуші контрагенттің бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 78-тармағына сәйкес резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

6) F бағанында шығыс түрлерінің коды көрсетіледі:

1 – қаржы қызметтері;

2 – жарнамалық қызметтер;

3 – консультациялық қызметтер;

4 – маркетингтік қызметтер;

5 – дизайнерлік қызметтер;

7 – инжиниринтік қызметтер;

8 - өзгелері;

7) G бағанында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша құны көрсетіледі.

7. Кен орындарын әзірлеу зардаптарын жою қорына аударымдар - 100.05-нысанын жасау

40. Бұл нысан кен орындарын әзірлеу зардаптарын жоюға кеткен шығыстарды және жою қорларына аударымдар сомасын, сондай-ақ Салық кодексінің 107-бабына сәйкес жою қорының қаражатын мақсатсыз пайдаланудан түскен табыстарды айқындауға арналған.

"Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмері көрсетіледі;

2) B бағанында жер қойнауын пайдалануға контрактының нөмері және күні көрсетіледі;

3) C бағанында кен орынның атауы көрсетіледі;

4) D бағанында Салық кодексі 107-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылған жою қорларына аударымдардың сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 107-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылған салық кезеңі ішінде кен орындарын әзірлеу салдарын жоюға іс жүзінде шеккен шығыстар көрсетіледі;

6) F бағанында Салық кодексінің 107-бабының 3-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылған қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорына аударымдардың сомалары көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 107-бабына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы шегерімге жатқызатын шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. D және F бағандардың қосындысы ретінде анықталады. G бағаны 100.00.046 жолына көшіріледі.

8) H бағанында Салық кодексі 107-бабының 1-тармағына сәйкес жылдық жиынтық табысына енгізілетін жер қойнауын пайдаланушының салдарды жою қорының қаражатын мақсатсыз пайдаланылған қаражат сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексі 107-бабының 3-тармағына сәйкес жылдық жиынтық табысына енгізілетін жер қойнауын пайдаланушының қалдықтарды орналастыру полигондарының салдарын жою қорының қаражатын мақсатсыз пайдаланылған қаражат сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында Салық кодексінің 107-бабы бойынша жер қойнауын пайдаланушы табыстарының жалпы сомасы көрсетіледі. H және I бағандардың қосындысы ретінде анықталады.

J бағаны 100.00.012 жолына көшіріледі.

8. Геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстары - 100.06-нысанын жасау

42. Бұл нысан Салық кодексінің 111-бабына сәйкес шегерімдерге жатқызылуға жататын, жер қойнауын пайдаланушының коммерциялық табудан кейін өндіру басталған уақытқа дейінгі геологиялық зерттеуге, барлауға, табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына жұмсаған шығыстарын және кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіруді, сондай-ақ барлауды және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының басқа да шығыстарын айқындауға арналған.

43. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

3) C бағанында геологиялық зерттеуге арналған шығыстар көрсетіледі;

4) D бағанында бағалау, орналасу бойынша шығыстарды қоса алғандағы, барлауға және пайдалы қазбаларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстар көрсетіледі;

5) E бағанында жалпы әкімшілік шығыстар көрсетіледі;

6) F бағанында төленген қол қою бонусының сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында төленген коммерциялық табу бонусының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында салық кезеңі үшін қазақстандық кадрларды оқытуға, аймақтардың әлеуметтік салаларын дамытуға нақты жұмсалған шығыстар;

9) I бағанында салық кезеңі үшін келісім-шарт шеңберінде айқындалған қазақстандық кадрларды оқытуға, аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға арналған шығыстар сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында қазақстандық кадрларды оқытуға, аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға арналған шегерімге жатқызылатын шығыстардың сомасы көрсетіледі. Бұл жолға H және I бағандарының ең кіші мәндері көшіріледі;

11) K бағанында бағанында негізгі құралдарды сатып алу бойынша шығыстар көрсетіледі;

12) L бағанында бағанында жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алуға байланысты жұмсалған материалдық емес активтерді сатып алуға арналған шығыстар көрсетіледі;

13) M бағанында өзге де материалдық емес активтерді сатып алу бойынша шығыстар көрсетіледі;

14) N бағанында Салық кодексінің 111-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар көрсетіледі;

15) O бағанында жер қойнауын пайдаланушының коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған кезге дейінгі шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі. C-ден G және J-ден N бағандарының аралығындағы сомасы ретінде айқындалады ((C-ден G бағаны аралығындағы сома) + (J-ден N бағаны аралығындағы сома));

16) P бағанында Салық кодексінің 99-бабына немесе Енгізу туралы Заңның 3-1-бабына сәйкес жылдық жиынтық табыстан алып тастауға жататын табыстарды қоспағанда, коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған кезге дейін геологиялық зерттеу, барлау және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарын жүргізу кезеңінде жасалған келісім-шарт шеңберінде жүзеге асыратын қызметі бойынша жер қойнауын пайдаланушы алған табыстары көрсетіледі;

17) Q бағанында коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған кезге дейін өндірілген пайдалы қазбаларды өткізу кезінде алынған табыстар көрсетіледі;

18) R бағанында жер қойнауын пайдалану құқығының бір бөлігін сатудан түскен табыстар көрсетіледі;

19) S бағанында табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. P-ден R бағандарының сомасы ретінде айқындалады;

20) T бағанында коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған кезге дейін жиналған шығыстар сомасы көрсетіледі. O және S бағандарының айырмасы ретінде коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған сәтке айқындалады;

21) U бағанында алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген амортизацияланатын активтердің тобы бойынша жинақталған шығыстар сомасы көрсетіледі;

22) V бағанында Салық кодексінің 116-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген активтер бойынша коммерциялық табудан кейін пайдалы қазбаларды өндіру басталған сәттен жұмсалған кейінгі шығыстардың сомасы көрсетіледі;

23) W бағанында (T + U + V) формуласы бойынша анықталатын кейінгі шығыстарды ескергендегі амортизацияланатын активтер тобы бойынша жинақталған шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл ретте жолдардың сомасында теріс мән болса, 100.06 нысаны бойынша ары қарай есептеу тоқтатылады;

24) X бағанында амортизацияның шекті нормасы Салық кодексінің 111-бабы 1-тармағында айқындалған 25 пайыз мөлшерінде көрсетіледі;

25) Y бағанында X бағанында көрсетілген амортизацияның шекті нормасынан көп болмауы тиіс қолданылатын амортизация нормасы көрсетіледі;

26) Z бағанында шегерімге жатқызылатын сома көрсетіледі. Y және W бағандарының көбейтіндісі ретінде айқындалады;

27) AA бағанында кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін шығыстар сомасы көрсетіледі. W және Z жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

28) AB бағанында Салық кодексінің 111-бабы 1-тармағының 2-бөлігіне сәйкес шегерімге жатқызылатын, соңғы салық кезеңінің соңына қалыптасқан амортизацияланатын активтер тобының құндық теңгерімі көрсетіледі.

Z және AB бағандарының қорытынды мәндерінің сомалары 100.00.050 жолына көшіріледі.

9. Тіркелген активтер бойынша шегерімдер – 100.07-нысанын жасау

44. Бұл нысан Салық кодексінің 116 – 122-баптарына сәйкес тіркелген активтер бойынша шегерімдерді айқындауға, сондай-ақ Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін 1-топтың тіркелген активтерін шығарудан залалды айқындауға арналған.

45. "Тіркелген активтер бойынша шегерімдер" бөлімінде:

1) 100.07.001 жолында салық кезеңнің басына топтардың құндық теңгерімінің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.07.001 I-ден 100.07.001 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.07.001 I жолында Салық кодексінің 117-бабының 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңнің басына I-топ тіркелген активтерінің кіші топтары бойынша құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

100.07.001 II жолында Салық кодексінің 117-бабының 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңнің басына II-топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

100.07.001 III жолында Салық кодексінің 117-бабының 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңнің басына III топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

100.07.001 IV жолында Салық кодексінің 117-бабының 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңнің басына IV-топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

2) 100.07.002 жолында салық кезеңінде келіп түскен Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын тіркелген активтердің құны көрсетіледі. 100.07.002 I-ден 100.07.002 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.07.002 I жолында келіп түскен I топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

100.07.002 II жолында келіп түскен II топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

100.07.002 III жолында келіп түскен III топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

100.07.002 IV жолында келіп түскен IV топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

3) 100.07.003 жолында Салық кодексінің 119-бабына сәйкес шығарылған тіркелген активтердің құны көрсетіледі. 100.07.003 I-ден 100.07.003 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.07.003 I жолында I топтың шығарылған тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

100.07.003 II жолында II-топтың шығарылған тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

100.07.003 III жолында III-топтың шығарылған тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

100.07.003 IV жолында IV-топтың шығарылған тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

4) 100.07.004 жолында Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес топтардың (кіші топтардың) құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын кейінгі шығыстар көрсетіледі. 100.07.004 I-ден 100.07.004 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.07.004 I жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес кіші топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын I-топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

100.07.004 II жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын II-топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

100.07.004 III жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын III-топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

100.07.004 IV жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын IV-топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

5) 100.07.005 жолында салық кезеңнің аяғына топтардың құндық теңгерімнің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.07.005 I-ден 100.07.005 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.07.005 I жолында Салық кодексінің 117-бабының 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңнің аяғына I-топ тіркелген активтерінің кіші топтары бойынша құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

100.07.005 II жолында Салық кодексінің 117-бабының 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңнің аяғына II-топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

100.07.005 III жолында Салық кодексінің 117-бабының 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңнің аяғына III-топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

100.07.005 IV жолында Салық кодексінің 117-бабының 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңнің аяғына IV-топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

6) 100.07.006 жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес салық кезеңінің қорытындысы бойынша есептелген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі. 100.07.006 I-ден 100.07.006 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.07.006 I жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген I-топтың тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

100.07.006 II жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген II-топтың тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

100.07.006 III жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген III-топтың тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

100.07.006 IV жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген IV-топтың тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

7) 100.07.007 жолында Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі. 100.07.007 I-ден 100.07.007 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.07.007 I жолында I-топтың тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

100.07.007 II жолында II-топтың тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

100.07.007 III жолында III-топтың тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

100.07.007 IV жолында IV-топтың тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

8) 100.07.008 жолында Салық кодексінің 121-бабының 3-тармағын ескере, Салық кодексінің 121-бабы 1 және 2-тармақтарына сәйкес шегерімге жатқызылатын (II, III, IV-топтары) немесе залал деп танылатын (I-тобы) барлық тіркелген активтерді шығару кезіндегі топтардың (кіші топтардың) құндық теңгерімі көрсетіледі. 100.07.008 I-ден 100.07.008 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.07.008 I жолында Салық кодексінің 121-бабының 3-тармағын ескере, Салық кодексінің 121-бабы 1-тармағына сәйкес залал деп танылатын I-топтың шығарылған тіркелген активтерінің (өтеусіз бергенді қоспағанда) кіші топтарының құндық теңгерімі көрсетіледі;

100.07.008 II жолында Салық кодексінің 121-бабының 3-тармағын ескере, Салық кодексінің 121-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын топтардың барлық тіркелген активтерінің шығарылуы (өтеусіз бергенді қоспағанда) кезіндегі II-топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

100.07.008 III жолында Салық кодексінің 121-бабының 3-тармағын ескере, Салық кодексінің 121-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын топтардың барлық тіркелген активтерінің шығарылуы (өтеусіз бергенді қоспағанда) кезіндегі III-топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

100.07.008 IV жолында Салық кодексінің 121-бабының 3-тармағын ескере, Салық кодексінің 121-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын топтардың барлық тіркелген активтерінің шығарылуы (өтеусіз бергенді қоспағанда) кезіндегі IV-топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

9) 100.07.009 жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын I топтың тіркелген активтері бойынша республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген және салық кезеңінің соңғы күніне дейін күші бар айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына топтың (кіші топтың) құндық теңгерімі көрсетіледі. 100.07.009 I-ден 100.07.009 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.07.009 I жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын I топтың тіркелген активтері бойынша республикалық

бюджет туралы заңнамасында белгіленген және салық кезеңінің соңғы күніне дейін күші бар айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

100.07.009 II жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын II топтың тіркелген активтері бойынша республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген және салық кезеңінің соңғы күніне дейін күші бар айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

100.07.009 III жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын III топтың тіркелген активтері бойынша республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген және салық кезеңінің соңғы күніне дейін күші бар айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

100.07.009 IV жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын IV топтың тіркелген активтері бойынша республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген және салық кезеңінің соңғы күніне дейін күші бар айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

10) 100.07.010 жолында Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын кейінгі шығыстар көрсетіледі. 100.07.010 I-ден 100.07.010 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.07.010 I жолында Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын I топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі.

100.07.010 II жолында Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын II топтың тіркелген активтері бойынша жұмсалатын кейінгі шығыстар көрсетіледі.

100.07.010 III жолында Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын III топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі:

100.07.010 IV жолында Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын IV топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

11) 100.07.011 жолында тіркелген активтер бойынша салық кезеңінің шегерімдерінің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.07.011 I-ден 100.07.011 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.07.011 I жолында I-топтың тіркелген активтері бойынша шегерімдер көрсетіледі. 100.07.006 I, 100.07.007 I, 100.07.009 I, 100.07.010 I жолдарының сомасы ретінде айқындалады (100.07.006 I + 100.07.007 I + 100.07.009 I + 100.07.010 I);

100.07.011 II жолында II-топтың тіркелген активтері бойынша шегерімдер көрсетіледі. 100.07.006 II, 100.07.007 II, 100.07.008 II, 100.07.009 II, 100.07.010 II жолдарының сомасы ретінде айқындалады (100.07.006 II + 100.07.007 II + 100.07.008 II + 100.07.009 II + 100.07.010 II);

100.07.011 III жолында III-топтың тіркелген активтері бойынша шегерімдер көрсетіледі. 100.07.006 III, 100.07.007 III, 100.07.008 III, 100.07.009 III, 100.07.010 III жолдарының сомасы ретінде айқындалады (100.07.006 III + 100.07.007 III + 100.07.008 III + 100.07.009 III + 100.07.010 III);

100.07.011 IV жолында IV-топтың тіркелген активтері бойынша шегерімдер көрсетіледі. 100.07.006 IV, 100.07.007 IV, 100.07.008 IV, 100.07.009 IV, 100.07.010 IV жолдарының сомасы ретінде айқындалады (100.07.006 IV + 100.07.007 IV + 100.07.008 IV + 100.07.009 IV + 100.07.010 IV);

12) 100.07.012 жолында Салық кодексінің 122-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, жалға алушы жалға алынған негізгі құралдарға қатысты жүргізген кейінгі шығыстарының сомасы көрсетіледі;

100.07.008 I жолы 100.00.064 жолын айқындау кезінде ескеріледі.

100.07.011 және 100.07.012 жолдарының сомасы 100.00.054 жолына көшіріледі.

10. Инвестициялық салық преференциялары – 100.08-нысанын жасау

46. Бұл нысан инвестициялық салық преференциялары бойынша шегерімдерді айқындауға арналған. "Инвестициялық салық преференциялары" бөлімі Салық кодексінің 123 – 125-баптарына және Енгізу туралы Заңның 15-бабына сәйкес толтырылады. "2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған келісім-шарттар бойынша инвестициялық салық преференциялары" бөлімі Енгізу туралы Заңның 26-бабына сәйкес толтырылады.

47. "2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған келісім-шарттар бойынша инвестициялық салық преференциялары" бөлімінде:

1) 100.08.001 жолында ол бойынша салық төлеуші заңды тұлғаға Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамаға сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін инвестициялар бойынша уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған келісім-шартқа сәйкес жылдық жиынтық табыстан инвестициялық

жоба шеңберінде тіркелген активтерді пайдалануға енгізу құнын шегерімге жатқызу түрінде инвестициялық салық преференциялары берілген пайдалануға енгізілген тіркелген активтердің қалдық құны;

2) 100.08.002 жолында салық кезеңінде шегерімге жатқызылатын тіркелген активтердің құны көрсетіледі;

3) 100.08.003 жолында келесі салық кезеңінің 100.08.001 жолына көшірілуі тиіс тіркелген активтердің қалдық құны көрсетіледі.

48. "Инвестициялық салық преференциялары" бөлімінде:

1) 100.08.004 жолында преференция объектілерінің бастапқы құнын пайдаланудың алғашқы үш салық кезеңі ішінде тең үлеспен шегерімге жатқызу арқылы объекті пайдалануға енгізілгеннен кейін шегерім әдісін қолдану кезінде шегерім сомасы көрсетіледі;

2) 100.08.005 жолында преференция объектілерінің бастапқы құнын пайдаланудың алғашқы үш салық кезеңі ішінде тең үлеспен шегерімге жатқызу арқылы объекті пайдалануға енгізілгеннен кейін шегерім әдісін қолдану кезінде шегерім сомасы көрсетіледі;

3) 100.08.006 жолында нақты шығындар жүргізілген салық кезеңінде объектіні пайдалануға енгізгенге дейін шегерім әдісін қолдану кезінде шегерімге жатқызылатын преференция объектілерінің құрылысына, өндірісіне, монтаждауға және орнатуға жұмсалған шығындар сомасы көрсетіледі;

4) 100.08.007 жолында нақты шығындар жүргізілген салық кезеңінде объектіні пайдалануға енгізгенге дейін шегерім әдісін қолдану кезінде шегерімге жатқызылатын өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, машиналар мен жабдықтарды қалпына келтіруге, жаңғыртуға шығыстар сомасы көрсетіледі;

5) 100.08.008 жолында инвестициялық салық преференциялары бойынша шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.08.004 жолынан бастап 100.08.007 жолына дейінгі жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

100.08.002 мен 100.08.002 жолдарының сомасы 100.00.055 жолына көшіріледі

.

11. Резиденттің басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстары - 100.09-нысанын жасау

49. Бұл нысан Салық кодексінің 222-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын Қазақстан Республикасындағы және одан тыс көздерден алынған табыстар алу мақсатында Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомасын айқындауға арналған.

50. "Қосымша ақпарат" бөлімінде:

1) шығыстарды шегерімге жатқызудың қолданылатын әдісі. Салық кодексінің 208-бабына сәйкес шығыстарды шегерімге жатқызу кезінде қолданылатын әдіс белгіленеді:

А торкөзі егер барабар бөлу әдісі қолданылса, белгіленеді;

В торкөзі егер тікелей бөлу әдісі қолданылса, белгіленеді;

С торкөзі егер шетел мемлекетінде көзделген шығыстарды шегерімге жатқызудың өзге әдісі қолданылса, белгіленеді;

2) барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілі. Қолданылатын есептік көрсеткішті есептеу тәсілі белгіленеді:

А торкөзі егер Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді;

В торкөзі егер Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді.

51. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 100.09.001 жолында салық кезеңінде шеккен резидент заңды тұлғаның басқарушылық және әкімшілік шығыстары көрсетіледі;

2) 100.09.002 жолында Салық кодексінің 222-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын резидент заңды тұлғаның басқарушылық және әкімшілік шығыстары көрсетіледі. Бұл жолға 100.13-нысанының L бағанының жиынтық мәні көшіріледі.

100.09.002 жолы 100.00.058 III жолын есептеген кезде ескеріледі.

12. Резидент еместің басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстары – 100.10-нысанын жасау

52. Бұл нысан Салық кодексінің 208 – 211-баптарына сәйкес шегерімге жатқызылатын басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомасын айқындауға арналған және Қазақстан Республикасымен жасасқан қосарланған салық салуды болдырмау және табыстарға немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын алу туралы халықаралық шарттың (бұдан әрі – халықаралық шарт) ережелерін қолдануға құқығы бар, қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес толтырады.

53. "Қосымша ақпарат" бөлімінде:

1) шығыстарды шегерімге жатқызудың қолданылатын әдісі. Салық кодексінің 208-бабына сәйкес шығыстарды шегерімге жатқызу кезінде қолданылатын әдіс белгіленеді:

А торкөзі егер барабар бөлу әдісі қолданылса, белгіленеді;

В торкөзі егер тікелей бөлу әдісі қолданылады;

2) барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілі. Қолданылатын есептік көрсеткішті есептеу тәсілі белгіленеді:

А торкөзі егер Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді;

В торкөзі егер Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді;

3) халықаралық шарт жасасқан резиденттік елінің коды. Қазақстан Республикасы қолданылатын халықаралық шарт жасасқан осы Ереженің 92-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) салық кезеңі. Халықаралық шарт жасасқан елдегі салық кезеңінің басталу және аяқталу күні белгіленеді;

5) салық кезеңінің түзету коэффициенті (-тері) (бұдан әрі - СКТК). Салық кодексінің 210-бабына сәйкес қолданылған жағдайда К (К1 және К2) түзету коэффициентінің (-терінің) мөлшері белгіленеді.

54. "Шығыстар" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында тиісті көрсеткіштер айқындалған;

3) С бағанында СКТК (пайдаланылған кезде) ескеріле отырып, резидент емес салық төлеуші және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеме алған (алуы тиіс) жылдық жиынтық табыс сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында СКТК (пайдаланылған кезде) ескеріле отырып, резидент емес заңды тұлғаның және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің негізгі құралдарының бастапқы (ағымдағы) құнының сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында СКТК (пайдаланылған кезде) ескеріле отырып, резидент емес салық төлеушінің және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында қолданылатын тәсіл бойынша есептелген есептік көрсеткіш мөлшері көрсетіледі. Есептік көрсеткіш Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметтен салыстырмалы көрсеткіштердің барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілін қолдануға байланысты 4 С жолында немесе 4 С, 4 D, 4 Е жолдарының сомасының 3-ке қатынасы ((4 С + 4 D + 4 Е)/3) ретінде айқындалатын резидент еместің салыстырмалы көрсеткіштеріне қатынасын білдіреді;

Есептік көрсеткіштерді айқындау кезінде мыңдық үлестер көрсетіледі:

7) G бағанында резидент еместің басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы көрсетіледі;

8) Н бағанында G бағанында көрсетілген шығындар ескеріле отырып, салық төлеуші шығынының жалпы сомасы көрсетіледі.

13. Коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берілген мүлік. Демеушілік көмек – 100.11-нысанын жасау

55. Бұл нысан коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берілген мүлік және Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес салық салынатын табыс кемітуге жатқызылатын демеушілік көмек құны түріндегі салық төлеушінің шығыстарын айқындауға арналған.

56. "Есеп" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) C бағанында салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 83-тармағына сәйкес резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

6) F бағанында шығыс түрінің белгісі көрсетіледі:

1 – коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берілген мүлік;

2 – демеушілік көмек;

7) G бағанында жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.

F бағанының тиісті торкөзіндегі "1" белгісі бойынша G бағанының мәні 100.00.065 A II жолына көшіріледі.

F бағанының тиісті торкөзіндегі "2" белгісі бойынша G бағанының мәні 100.00.065 A III жолына көшіріледі;

14. Халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс - 100.12-нысанын жасау

57. Бұл нысан Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына, 212, 213-баптарына сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табысты айқындауға арналған.

58. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында оған сәйкес табысқа қатысты Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекше салық салу тәртібі белгіленген осы Ереженің 79-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі;

3) C бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 78-тармағына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі;

5) E бағанында халықаралық шарт ережелеріне сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс көрсетіледі.

100.12-нысанының E бағанының жиынтық мәні 100.00.062 жолына көшіріледі .

15. Шетел көздерінен табыстар, салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасы немесе пайда бөлігінің сомалары. Төленген шетел салығы мен есепке жатқызу сомасы – 100.13-нысанын жасау

59. Бұл нысан шетел көздерінен табыстарды, салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасы немесе пайда бөлігінің сомаларын, сондай-ақ төленген шетел салығы мен есепке жатқызу сомасын айқындауға арналған, Салық кодексінің 7-бөлімінде айқындалған халықаралық салық салу ерекшеліктеріне сәйкес.

60. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ереженің 83-тармағына сәйкес елдің коды көрсетіледі. Осы бағанда резидент еместің резиденттік елінің коды (тұрақты мекемеге байланысты емес қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), немесе табыс көзі болып табылатын елдің коды (тұрақты мекеме арқылы қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), өзге жағдайларда салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) C бағанында шетел мемлекетіндегі тұрақты мекеменің (тұрақты мекеме арқылы қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), немесе табыс төлейтін резидент еместің (тұрақты мекемеге байланысты емес қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), өзге жағдайларда салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 76-тармағының 2) тармақшасына сәйкес резидент салық төлеуші тұрақты мекемеге байланысты емес шетел көздерінен алған табыс түрінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында осы Ереженің 77-тармағына сәйкес табыс алу валютасының коды көрсетіледі;

6) F бағанында резидент салық төлеушінің салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің жарғылық капиталындағы немесе дауыс

беретін акцияларының қатысу үлесі, өзге жағдайларда табысты төлейтін резидент еместің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі көрсетіледі, процент түрінде;

7) G бағанында салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент емес заңды тұлғаның шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша айқындалған пайдасының жалпы сомасы, шетел валютасында көрсетіледі;

8) H бағанында резидент салық төлеушіге тиесілі, салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің пайдасының сомасы шетел валютасында көрсетіледі. 100%-ке F және G бағандарының тиісті мәндерінің туындысына қатысы ретінде айқындалады ((F x G)/100%);

9) I бағанында H бағанында көрсетілген, қайта есептеу жүргізілген күнге айырбастау валютасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген пайда сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында резидент салық төлеушінің тұрақты мекемеге байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден есепке жазылған табыстарының сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

11) K бағанында J бағанында көрсетілген қайта есептеу жүргізілген күнге айырбастау валютасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекемелермен шегерімге жатқызылатын басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстардың сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекемелермен шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар көрсетіледі;

14) N бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша есептелген шетелдегі тұрақты мекеме арқылы қызметтен түскен салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша есептелген шетелдегі тұрақты мекеме арқылы қызметтен түскен салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі;

16) P бағанында тиісті төлем көзі елінің заңнамасымен немесе халықаралық шартпен белгіленген табыс салығының ставкалары көрсетіледі;

17) Q бағанында әр табыстарды төлем көзі елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

18) R бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша есептелген корпоративті табыс салығының сомасы көрсетіледі;

19) S бағанында Қазақстан Республикасында корпоративті табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуы тиіс табыс салығының ставкалары көрсетіледі;

20) Т бағанында Салық кодексінің 223-бабының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративті табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуға тиісті шетел мемлекетіндегі көздерден алынатын табыстарға салынатын табыс салығының сомалары көрсетіледі.

А-дан I-ге дейінгі бағандар Салық кодексінің 224-бабына сәйкес толтырылады. А-дан F-ке дейінгі, J-дан O-ға дейінгі бағандары Салық кодексінің 221-бабына сәйкес толтырылады. А-дан F-ке дейінгі, J, K, N-дан T-ға дейінгі бағандар Салық кодексінің 223-бабына сәйкес толтырылады.

I бағанының жиынтық мәні 100.00.061 I жолына көшіріледі.

L бағанының жиынтық мәні 100.09.002 жолына көшіріледі.

T бағанының жиынтық мәні 100.00.070 жолына көшіріледі.

16. Сыйақылар бойынша шығыстар - 100.14 нысанын жасау

61. Бұл нысан Салық кодексінің 103-бабына, Енгізу туралы Заңның 14-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сыйақылар бойынша шығыстарды айқындауға арналған.

62. "Есеп" бөлімінде:

1) 100.14.001 жолында Салық кодексінің 103-бабына, сондай-ақ Енгізу туралы Заңның 14-бабына сәйкес салық төлеуші қолдануға құқығы бар шекті коэффицентті көрсетіледі;

2) 100.14.002 жолында жеке капиталдың орташа жылдық сомасы көрсетіледі;

3) 100.14.003 жолында міндеттемелердің орташа жылдық сомасы көрсетіледі;

4) 100.14.004 жолында шегерімге жатқызылатын, сыйақылар сомасы көрсетіледі; Мына формула арқылы айқындалады:

(A + E) + 100.14.001 x (100.14.002 / 100.14.003) x (B + C + D),

мұнда A – F бағанының тиісті торкөзіндегі "1" көрсеткіші бойынша G бағанындағы сыйақылар сомасы;

мұнда B – F бағанының тиісті торкөзіндегі "2" көрсеткіші бойынша G бағанындағы сыйақылар сомасы;

мұнда C – F бағанының тиісті торкөзіндегі "3" көрсеткіші бойынша G бағанындағы сыйақылар сомасы;

мұнда D – F бағанының тиісті торкөзіндегі "4" көрсеткіші бойынша G бағанындағы сыйақылар сомасы;

мұнда E – F бағанының тиісті торкөзіндегі "5" көрсеткіші бойынша G бағанындағы сыйақылар сомасы.

100.14.004 жолы 100.00.040 жолына көшіріледі.

63. "Сыйақылар" бөлімінде:

1) А – бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B – бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) C – бағанында бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D – бағанында осы Ережелердің 78-тармағына сәйкес контрагенттің резиденттік резидент еместік елінің коды көрсетіледі;

5) E – бағанында резидент еместің резиденттік еліндегі салық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген жағдайда толтырылады;

6) F – бағанында сыйақы түрінің көрсеткіші көрсетіледі;

1. – 2, 3, 4, 5 көрсеткіштеріне енетін сыйақылардан басқа, Салық кодексінің 103-бабы 1-тармағына сәйкес айқындалатын, сыйақы;

2. – өзара байланысты жаққа төленетін, 5 көрсеткішіне енетін сыйақыдан басқа, сыйақы;

3. – 2 көрсеткішіне енетін сыйақылардан басқа, Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын, салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаларға төленетін, сыйақы;

4. – 3 көрсеткішіне енетін сыйақылардан басқа, кепілдіктерді, кепілгерлікті немесе қамтамасыз етудің өзге нысанын орындаған жағдайда депозитке немесе қамтамасыз етілген кепілдікке, кепілгерлікке немесе өзара байланысты тараптардың қамтамасыз етуінің өзге нысанына берілген қарыздар бойынша тәуелсіз тарапқа төленетін сыйақы;

5. – Қазақстан Республикасында құрылған кредиттік серіктестік беретін кредиттер (қарыздар) үшін сыйақы;

G бағанында сыйақы сомасы көрсетіледі.

17. Бөлек есепке алуды жүргізуді көздейтін қызмет түрлері бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу жөніндегі салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы – 100.15 нысанын жасау

64. Бұл нысан Салық кодексінің 58-бабына және (немесе) 448-бабының 4-тармағына сәйкес оған қатысты бөлек есепке алу жүргізуді көздейтін қызмет түрлері бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу жөніндегі салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметті көрсетуге арналған.

Бұл нысанды толтыратын салық төлеушілер осы нысанның деректерін негізге ала отырып, 100.00.063, 100.00.065, 100.00.066, 100.00.067, 100.00.068, 100.00.070

, 100.00.071, 100.00.072, 100.00.073 I, 100.00.073 II, 100.00.074, 100.00.074 I, 100.00.074 II, 100.00.075, 100.00.076 I, 100.00.076 II және 100.00.077 жолдарының көрсеткіштерін есептейді.

65. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) A-бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

2) B-бағанында бөлек есепке алуды жүргізу жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің белгісі көрсетіледі.

1-белгі – Салық кодексінің 147-бабы 2-тармағында көзделген ставка бойынша корпоративтік табыс салығы есептелетін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет түрлері.

2-белгі - Салық кодексінің 147-бабы 1-тармағында және Енгізу туралы Заңның 4-бабында көзделген ставка бойынша корпоративтік табыс салығы есептелетін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет түрлері.

3-белгі – жүзеге асырудан түскен табыстары Салық кодексінің 147-бабы 2-тармағында көзделген ставка бойынша корпоративтік табыс салығы салынуы тиіс қызмет түрлері. Бұл белгіні ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимі таралмайтын салық төлеушілер қолданады.

4-белгі - жүзеге асырудан түскен табыстары Салық кодексінің 147-бабы 2-тармағында және Енгізу туралы Заңның 4-бабында көзделген ставка бойынша корпоративтік табыс салығы салынуы тиіс қызмет түрлері.

3) C-бағанында қызмет түрінің белгісіне жататын жылдық жиынтық табыс көрсетіледі;

4) D-бағанында қызмет түрінің белгісіне жататын жылдық жиынтық табысты түзету көрсетіледі;

5) E-бағанында қызмет түрінің белгісіне жататын шегерімдер көрсетіледі;

6) F-бағанында қызмет түрінің белгісіне жататын салық салынатын табыс (залал) көрсетіледі. Салық салынатын табыс салығы Салық кодексінің 2, 131, 132-баптарының және Салық кодексінің 7-бөлімінің ережелері ескеріле отырып анықталады.

7) G-бағанында қызмет түрінің белгісіне жататын салық салынатын табыстың азайтылуы көрсетіледі.

8) H-бағанында қызмет түрінің белгісіне жататын азайтылу ескеріле отырып, салық салынатын табыс көрсетіледі. Азайтылу F-бағанындағы соманың шегінде жасалады. Егер F-бағаны бойынша мән G-бағанының мәнінен аз болса, онда H-бағанында нөл көрсетіледі;

9) I-бағанында қызмет түрінің белгісіне жататын, алдыңғы салық кезеңдерінен аударылатын залалдар көрсетіледі;

10) J-бағанында аударылған залал ескеріле отырып, қызмет түрінің белгісіне жататын салық салынатын табыс көрсетіледі. H және I-бағандарының айырмасы болып анықталады (H – I). Егер H-бағаны бойынша мән I-бағанының мәнінен аз болса, онда J-бағанында нөл көрсетіледі;

11) K-бағанында қызмет түрінің белгісіне жататын корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

12) L-бағанында қызмет түрінің белгісіне жататын, Салық кодексінің 223-бабына сәйкес корпоративтік табыс салығын Қазақстан Республикасында төлеген кезде есептелетін, салық төлеушімен - резидентпен Қазақстан Республикасынан тысқары жерелердегі көздерден алынған табыс салығының немесе табыстан алынатын осыған ұқсас табыс салығы түрінің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде төленген сомасы көрсетіледі;

13) M-бағанында қызмет түрінің белгісіне жататын шетел салығының есепке жатқызылуы ескеріле отырып, корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. J және K-бағандарының көбейтіндісі мен L-бағанының айырмасы ретінде анықталады (J x K – L). Егер L-бағаны J және K-бағандарының көбейтіндісінен артық болса, онда M-бағанында нөл көрсетіледі;

14) N-бағанында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын азайтатын және қызмет түрінің белгісіне жататын төлем көзінен ұтыс түріндегі табысынан салық кезеңінде ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

15) O-бағанында қызмет түрінің белгісіне жататын, Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес аударымға жататын, төлем көзінен сыйақы түріндегі табысынан алдындағы салық кезеңдерінде ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

16) P-бағанында Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын азайтатын және қызмет түрінің белгісіне жататын төлем көзінен сыйақы түріндегі табысынан алдындағы салық кезеңдерінде алынған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі.

17) Q-бағанында Салық кодексінің 139-бабына сәйкес есептелген және қызмет түрінің белгісіне жататын корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. M, N, O, P-жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (M – N – O – P). Егер алынған айырма нөлден төмен болса, онда Q-жолында нөл көрсетіледі.

18) R бағанында Салық кодексінің 448 – 452-баптарында көзделген арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің белгісіне жатқызылатын Салық кодексінің 451-бабына сәйкес салық кезеңіне есептелген

корпоративтік табыс салығының азайту сомасы көрсетіледі. Q бағананың 70% ретінде анықталады (Q x 70%);

19) S бағанында қызмет түрінің белгісіне жатқызылатын салық кезеңіне есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. Q және R бағандарының айырмасы ретінде анықталады(Q - R);

20) T бағанында Салық кодексінің 199-бабының 1-тармағына сәйкес тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен резидент емес заңды тұлғаның қызмет түрінің белгісіне жатқызылатын таза табысы көрсетіледі. J және S бағандарының айырмасы ретінде анықталады;

21) U бағанында таза табысқа корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

22) V бағанында қызмет түрінің белгісіне жатқызылатын таза табысқа корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі. T және U бағандарының көбейтіндісі ретінде анықталады (T x U);

23) W бағанында қызмет түрінің белгісіне жатқызылатын есептелген корпоративтік табыс салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. S және V бағандарының қосындысы ретінде анықталады (S + V).

F бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.063 жолына ауыстырылады. G бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.065 жолына ауыстырылады. H бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.066 жолына ауыстырылады. I бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.067 жолына ауыстырылады. J бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.068 жолына ауыстырылады. L бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.070 жолына ауыстырылады. M бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.071 жолына ауыстырылады. N бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.072 жолына ауыстырылады. O бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.073 I жолына ауыстырылады. P бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.073 II жолына ауыстырылады. Q бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.074 I жолына ауыстырылады. R бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.074 II жолына ауыстырылады. S бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.074 жолына ауыстырылады. T бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.075 жолына ауыстырылады. V бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.076 I немесе 100.00.076 II жолына ауыстырылады. W бағаны бойынша жиынтық мән 100.00.077 жолына ауыстырылады.

18. Салық салу объектілер және (немесе) салық салуға байланысты объектілер, мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшылары және (немесе) сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушылар бойынша салық міндеттемесі – 100.16-нысанын жасау

66. Бұл нысан салық салу объектілер және (немесе) салық салуға байланысты объектілер, мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшылары және (немесе) сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушылар бойынша салық міндеттемелері, егер сенімгерлік басқарушыға салық міндеттемесін орындау жүктелген жағдайда мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының корпоративтік табыс салығы бойынша салық міндеттемесі туралы анықтамалық ақпаратты көрсетуге арналған.

67. 100.16.001 жолында сенімгерлікпен басқаруды құру туралы актілер (мүлікті сенімгерлікпен басқару шарттары) бойынша сенімгерлікпен басқарушының жалпы табысы көрсетіледі.

68. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеушінің - мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) сенімгерлік басқару туындайтын өзге жағдайларында пайда алушының тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) С бағанында салық төлеушінің - мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) сенімгерлік басқару туындайтын өзге жағдайларында пайда алушының бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 78-тармағына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) Е бағанында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

6) F бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де акті бойынша оған жүктелген міндеттемелерді жүзеге асыру барысында сенімгерлік басқарушы алған жылдық жиынтық табыс көрсетіледі;

7) G бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де акті бойынша жылдық жиынтық табыстың түзетуі көрсетіледі;

8) Н бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де акті бойынша шегерімдер көрсетіледі;

9) І бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де акті бойынша

шегерімдер салық салынатын табыс (залал) көрсетіледі. Салық салынатын табыстың көлемі Салық кодексінің 2, 131, 132 баптарының нормаларымен, сондай-ақ Салық кодексінің 7 бөлімімен анықталады;

10) J бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де акті бойынша салық салынатын табыстың кемуі көрсетіледі;

11) K бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын кеміту ескеріле отырып, салық салынатын табыс көрсетіледі. Кеміту I бағанында көрсетілген сома шегінде жүргізіледі. Егер I бағанының мәні J бағанының мәнінен кем болса, K бағанында нөл көрсетіледі;

12) L бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар көрсетіледі;

13) M бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын көшірілген залалдар ескеріле отырып, салық салынатын табыс көрсетіледі. K және L бағандарының айырмасы (K - L) ретінде анықталады. Егер K бағаны бойынша мән L бағаны мәннен кем болса, M бағанында нөл көрсетіледі;

14) N бағанында корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

15) O бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде ескерілетін Қазақстан Республикасынан тыс төленген табысқа салықтардың немесе резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алған табыстарға соған ұқсас табыс салығының түрлерінің сомасы көрсетіледі;

16) P бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын шетел салығын есепке жатқызуды ескере отырып корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. M және N бағандарының көбейтіндісі мен O бағанының айырмасы ретінде анықталады (M x N – O). Егер O бағанының мәні M және N бағандарының көбейтіндісінен артық болса, P бағанында нөл көрсетіледі;

17) Q бағанында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде ұтыс түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған және мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

18) R бағанында Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес көшірілген, алдыңғы салық кезеңдерінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

19) S бағанында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

20) T бағанында Салық кодексінің 139-бабына сәйкес салық кезеңі үшін салық есептелген, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. P, Q, R, S жолдарының айырмасы ретінде анықталады (P - Q – R – S). Егер айырма нөлге тең болса, онда T жолында нөл көрсетіледі;

21) U бағанында Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен түскен, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын резидент емес заңды тұлғаның таза табысына корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі.

19. Табыстар мен шығыстар туралы есепті Корпоративтік табыс салығы бойынша декларациямен салыстыру – 100.17-нысанын жасау

69. Бұл нысан табыстар мен шығыстар туралы есеп бойынша айқындалған таза табыс пен Декларация бойынша айқындалған салық салынатын табысты олардың арасындағы айырманы анықтау жолымен салыстыруға арналған.

Айырманы анықтау үшін бұл қосымшада қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес салық кезеңі үшін жасалған табыстар мен шығыстар туралы есепте салық төлеуші айқындаған табыстарды (залалдарды) Салық кодексіне сәйкес айқындалған табыстармен және шегерімдермен салыстыру жүргізіледі.

70. A бағанын толтырған кезде Декларацияда көрсетілген деректер пайдаланылады.

71. B бағанын толтырған кезде қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы

есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған бухгалтерлік есеп деректері пайдаланылады.

72. С бағанында 100.17.001, 100.17.002, 100.17.003 жолдарын қоспағанда, А және В бағандары мәндерінің айырмасы көрсетіледі.

73. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 100.17.001 жолында қаржы есептілігі бойынша таза табыс (залал) көрсетіледі;

2) 100.17.002 жолында жүзеге асырылған есепке жатқызуды есепке алмағанда , Салық кодексінің 139-бабы 1-тармақшасына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының және таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі (100.00.068 x 100.00.069 – 100.00.074 II - 100.00.074 III – 100.00.074 IV + 100.00.076);

3) 100.17.003 жолында 100.00.068 жолында көрсетілген салық салынатын табыс көрсетіледі;

4) 100.17.004 жолында:

А бағанына 100.00.001 жолы көшіріледі;

В бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен табыс көрсетіледі;

5) 100.17.005 жолында:

А бағанына 100.00.002 жолы көшіріледі;

В бағанында 100.17.004 В, 100.17.011 В жолдарында көрсетілгенді қоспағанда, активтерді сатудан табыстардың (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

6) 100.17.006 жолында:

А бағанына 100.00.003 жолы көшіріледі;

В бағанында хеджирлеу мақсатында жасалғандарды және олар бойынша базалық актив жеткізілгендерді қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша табыс көрсетіледі;

7) 100.17.007 жолында:

А бағанына 100.00.004 жолы көшіріледі;

В бағанында міндеттемелерді есептен шығарудан табыс көрсетіледі;

8) 100.17.008 жолында:

А бағанына 100.00.005 жолы көшіріледі;

В бағанында күмәнді міндеттемелер бойынша табыс көрсетіледі;

9) 100.17.009 жолында:

А бағанына 100.00.007 жолы көшіріледі;

В бағанында талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;

10) 100.17.010 жолында:

А бағанына 100.00.008 жолы көшіріледі;

В бағанында кәсіпкерлік қызметті шектеуге және тоқтатуға келісім бергені үшін алған табыс көрсетіледі;

11) 100.17.011 жолында:

А бағанына 100.00.009 жолы көшіріледі;

В бағанында тіркелген активтердің шығып қалуынан түскен табыс көрсетіледі;

12) 100.17.012 жолында:

А бағанына 100.00.010 жолы көшіріледі;

В бағанында геологиялық зерттеуге және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шыққан шығыстарды, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіруді, сондай-ақ барлауды және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыс көрсетіледі;

13) 100.17.013 жолында:

А бағанына 100.00.011 жолы көшіріледі;

В бағанында кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіруді, сондай-ақ барлауды және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының табысы көрсетіледі;

14) 100.17.014 жолында:

А бағанына 100.00.013 жолы көшіріледі;

В бағанында бірлескен қызметті жүзеге асырудан түскен табыс көрсетіледі;

15) 100.17.015 жолында:

А бағанына 100.00.014 жолы көшіріледі;

В бағанында айыппұлдар, өсімақылар және санкцияның өзге де түрлері бойынша табыстар көрсетіледі;

16) 100.17.016 жолында:

А бағанына 100.00.015 жолы көшіріледі;

В бағанында бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақы түріндегі табыс көрсетіледі;

17) 100.17.017 жолында:

А бағанына 100.00.016 жолы көшіріледі;

В бағанында өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс көрсетіледі;

18) 100.17.018 жолында:

А бағанына 100.00.017 жолы көшіріледі;

В бағанында дивидендтер түріндегі табыс көрсетіледі;

19) 100.17.019 жолында:

А бағанына 100.00.018 жолы көшіріледі;

В бағанында депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель, исламдық жалға алу сертификаты бойынша сыйақы түріндегі табыс көрсетіледі;

20) 100.17.020 жолында:

А бағанына 100.00.019 жолы көшіріледі;

В бағанында оң бағамдық айырманың теріс бағамдық айырмадан артуы көрсетіледі;

21) 100.17.021 жолында:

А бағанына 100.00.020 жолы көшіріледі;

В бағанында ұтыс түріндегі табыс көрсетіледі;

22) 100.17.022 жолында:

А бағанына 100.00.012 жолы көшіріледі;

В бағанында кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіруді, сондай-ақ барлауды және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының тарату қорының қаражатын мақсатсыз пайдалану мөлшері көрсетіледі;

23) 100.17.023 жолында:

А бағанына 100.00.022 жолы көшіріледі;

В бағанында әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар көрсетіледі;

24) 100.17.024 жолында:

А бағанына 100.00.023 жолы көшіріледі;

В бағанында кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түскен табыс көрсетіледі;

25) 100.17.025 жолында:

А бағанына 100.00.024 жолы көшіріледі;

В бағанында исламдық банкте орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс көрсетіледі;

26) 100.17.026 жолында:

А бағанына 100.00.025 жолы көшіріледі;

В бағанында сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының сенімгерлік басқарудан түскен таза табысы көрсетіледі;

27) 100.17.027 жолында:

А бағанына 100.00.006, 100.00.021, 100.00.026 жолдарының мәні көшіріледі;

В бағанында 100.17.004-ден 100.17.026-ға дейінгі жолдарда көрсетілмеген бухгалтерлік есеп деректері бойынша басқа да табыстар көрсетіледі;

28) 100.17.028 жолында:

А бағанына 100.00.028 XVI жолы ескеріле отырып, 100.00.028 жолы көшіріледі;

29) 100.17.029 жолында:

А бағанында түзетуді ескере отырып, жылдық жиынтық табыс көрсетіледі. 100.17.004 А-дан 100.17.027 А-ға дейінгі және 100.17.028 жолдардың мәндерінің айырмасы ретінде айқындалады;

В бағанында табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 100.17.004 В-дан 100.17.027 В-ға дейінгі жолдардың мәндерінің сомасы ретінде айқындалады;

30) 100.17.030 жолында:

А бағанына 100.00.030 жолы көшіріледі;

В бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

31) 100.17.031 жолында:

А бағанына 100.00.031 жолы көшіріледі;

В бағанында таңылған немесе танылған айыппұлдар, өсімақылар, тұрақсыздық айыптары көрсетіледі;

32) 100.17.032 жолында:

А бағанына 100.00.032 жолы көшіріледі;

В бағанында бірлескен қызмет бойынша шығыстар көрсетіледі;

33) 100.17.033 жолында:

А бағанына 100.00.033 жолы көшіріледі;

В бағанында әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде шеккен шығыстары көрсетіледі;

34) 100.17.034 жолында:

А бағанына 100.00.034 жолы көшіріледі;

В бағанында белгіленген кепіл беру мерзімі ішінде жүргізілген сапа кепілімен сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) кемшіліктерін жою бойынша шығыстар көрсетіледі;

35) 100.17.035 жолында:

А бағанына 100.00.035 жолы көшіріледі;

36) 100.17.036 жолында:

А бағанына 100.00.036 жолы көшіріледі;

37) 100.17.037 жолында:

А бағанына 100.00.037 жолы көшіріледі;

В бағанында мүшелік жарналар түріндегі шығыстар көрсетіледі;

38) 100.17.038 жолында:

А бағанына 100.00.038 жолы көшіріледі;

В бағанында МӘСҚ әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстар көрсетіледі;

39) 100.17.039 жолында:

А бағанына 100.00.039 жолы көшіріледі;

В бағанында жарнамалық мақсатта өтеусіз берілген тауардың құны көрсетіледі;

40) 100.17.040 жолында:

А бағанына 100.00.040 жолы көшіріледі;

В бағанында сыйақы түріндегі шығыстар көрсетіледі;

41) 100.17.041 жолында:

А бағанына 100.00.041 жолы көшіріледі;

В бағанында іссапар шығыстары көрсетіледі;

42) 100.17.042 жолында:

А бағанына 100.00.042 жолы көшіріледі;

В бағанында өкілдік шығыстары көрсетіледі;

43) 100.17.043 жолында:

А бағанына 100.00.043 жолы көшіріледі;

В бағанында күмәнді міндеттемелер көрсетіледі;

44) 100.17.044 жолында:

А бағанына 100.00.044 жолы көшіріледі;

В бағанында күмәнді талаптар көрсетіледі;

45) 100.17.045 жолында:

А бағанына 100.00.046 жолы көшіріледі;

В бағанында кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіруді, сондай-ақ барлауды және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының кен орындарын әзірлеу салдарларын жоюға шығыстар және тарату қорларына аударымдар сомасы көрсетіледі;

46) 100.17.046 жолында:

А бағанына 100.00.047 жолы көшіріледі;

В бағанында ғылыми зерттеу және ғылыми техникалық жұмыстарға шығыстар көрсетіледі;

47) 100.17.047 жолында:

А бағанына 100.00.050 жолы көшіріледі;

В бағанында геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар және кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіруді, сондай-ақ барлауды және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының басқа да шегерімдері көрсетіледі;

48) 100.17.048 жолында:

А бағанына 100.00.052 жолы көшіріледі;

В бағанында теріс бағамдық айырманың оң бағамдық айырмадан артуы көрсетіледі;

49) 100.17.049 жолында:

А бағанына 100.00.053 жолы көшіріледі;

В бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен табысты айқындағанға дейін болдырмайтын салықтарды және Қазақстан Республикасында төленген корпоративтік табыс салығын, сондай-ақ басқа мемлекеттерде төленген табыс салығын қоспағанда, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер көрсетіледі;

50) 100.17.050 жолында:

А бағанына 100.00.054 жолы көшіріледі;

В бағанында тіркелген активтер бойынша шығыстар көрсетіледі;

51) 100.17.051 жолында:

А бағанына 100.00.055 жолы көшіріледі;

52) 100.17.052 жолында:

А бағанына 100.00.056 жолы көшіріледі;

В бағанында біржолғы талон құны көрсетіледі;

53) 100.17.053 жолында:

А бағанына 100.00.045, 100.00.048, 100.00.049, 100.00.057 жолдарының мәндері көшіріледі;

В бағанында 100.17.030 В-дан 100.17.052 В-ға дейінгі жолдарға енгізілмеген шығыстар көрсетіледі;

54) 100.17.054 жолында:

В бағанында таратудан және негізгі құралдарды шығарып тастаудан залалдар көрсетіледі;

55) 100.17.055 жолында:

В бағанында таратудан және материалдық емес активтерді шығарып тастаудан залалдар көрсетіледі;

56) 100.17.056 жолында:

В бағанында тауарлық материалдық құндылықтардың нормативтен тыс шығыны, бүлінуі және кемшілігі, басқа да өндірістік емес шығыстар және шығындар көрсетіледі;

57) 100.17.057 жолында:

В бағанында кінәлілері анықталмаған ұрлықтан болған немесе егер кінәлі тарап есебінен қажетті сомаларды өтеу мүмкін болмаған жағдайдағы залалдар көрсетіледі;

58) 100.17.058 жолында:

В бағанында қызметкерлердің демалыстарын төлеуге резерв сомасы көрсетіледі;

59) 100.17.059 жолында:

В бағанында негізгі құралдарды жөндеуге алдағы шығыстарға арналған резервтер көрсетіледі;

60) 100.17.060 жолында:

В бағанында бухгалтерлік есепте көрсетілген, 100.17.030 В-дан 100.17.060 В-ға дейінгі жолдарда көрсетілмеген басқа да шығыстар сомасы көрсетіледі;

61) 100.17.061 жолында:

А бағанына 100.00.061 жолы көшіріледі;

62) 100.17.062 жолында:

А бағанында 100.17.061 жолы ескеріле отырып, 100.17.030 А-дан 100.17.053 А-ға дейінгі жолдардың мәндерінің қосындысымен айқындалатын сома көрсетіледі;

В бағанында 100.17.030 В-дан 100.17.060 В-ға дейінгі жолдардың қосындысымен айқындалатын, сома көрсетіледі;

63) 100.17.063 жолында:

С бағанында 100.17.029 С және 100.17.062 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын табыстар мен шығыстар арасындағы айырма көрсетіледі;

64) 100.17.064 жолында:

С бағанында 100.17.063 жолының сомасына түзетілген 100.17.001 және 100.17.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық салынатын табыс көрсетіледі. Бұл сома 100.00.063 және 100.00.064 жолдарының айырмасы ретінде айқындалған салық салынатын табысқа сәйкес келуі тиіс.

20. Стандартты салық жеңілдіктерін алған кезде салық міндеттемесін есептеу – 100.18-нысанын жасау

74. Бұл нысан салық төлеушінің инвестициялар бойынша уәкілетті органмен жасасқан келісім-шартқа сәйкес стандартты салық жеңілдіктерін алған кезде корпоративтік табыс салығының сомасын есептеуіне арналған.

75. "Корпоративтік табыс салығы сомасының есебі" бөлімінде:

1) 100.18.001 жолында инвестициялар бойынша уәкілетті органмен келісім-шарт жасасудың алдағы жылының үш салық кезеңі ішінде ең көп болып табылатын салық салынатын табыс көрсетіледі;

2) 100.18.002 жолында салық салынатын табыс инвестициялар бойынша уәкілетті органмен келісім-шарт жасасудың алдағы жылының үш салық кезеңі ішінде ең көп болып табылатын салық кезеңінің жылы көрсетіледі;

3) 100.18.003 жолында салық кезеңіне қатынасы 100.18.002 жолында көрсетілген жылдың инфляциясының орташа жылдық индексі көрсетіледі;

4) 100.18.004 жолында инфляция индексі ескеріле отырып, 100.18.001 жолында көрсетілген ең көп салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі және 100.18.001 және 100.18.003 жолдарының туындысы ретінде айқындалады;

5) 100.18.005 жолында оған сәйкес стандартты салық жеңілдіктер берілген келісім-шарт қолданылатын салық кезеңіндегі ай саны көрсетіледі;

6) 100.18.006 жолында инфляцияның орташа жылдық индексі мен салық кезеңіндегі келісім-шарт қолданысы айларының саны ескеріле отырып, ең көп салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі және 100.18.004 және 100.18.005 жолдарының туындысының 12-ге қатынасы ретінде айқындалады (100.18.004 х 100.18.005 / 12);

7) 100.18.007 жолында оған сәйкес стандартты салық жеңілдіктері алынған келісім-шарт бойынша қызметтен алынған салық кезеңі үшін салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі. Бұл ретте салық төлеуші өзге де қызметті жүзеге асырған жағдайда бөлек есеп жүргізуге міндетті;

8) 100.18.008 жолында 100.18.007 және 100.18.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, келісім-шарт бойынша қызметтен алынған салық салынатын табыстың (100.18.001 жолы бойынша көрсетілуге жататын салық салынатын табыс болмаған жағдайда – салық салынатын табыс) жеңілдік берілген өсімінің сомасы көрсетіледі;

9) 100.18.009 жолында келісім-шартқа сәйкес корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

10) 100.18.010 жолында келісім-шартқа сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі.

100.18.010 жолы 100.00.074 III жолына көшіріледі.

21. Табыстардың, валюталардың, халықаралық келісімдер түрлерінің кодтары

76. Декларация толтыру кезінде мынадай табыс түрлерін кодтауды пайдалану керек.

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар:

1010 – Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды өткізуден түскен табыстар;

1011 – Қазақстан Республикасында орналасқан тауарларды сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде одан тыс өткізуден түскен табыстар;

1020 – Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен табыстар;

1021 – резидентке Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен табыс;

1022 - егер алынатын қызметтер осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен табыс;

1030 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен табыстары, сондай-ақ аталған тұлғаның резиденттен алатын өзге де табыстары;

1031 - Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен табыстары, сондай-ақ аталған тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен, егер алатын жұмыстары, қызметтері, тауарлары осындай тұрақты мекемеге байланысты болса , олардан алатын өзге де табыстары;

1040 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1041 – резидент шығарған бағалы қағаздарды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1042 – Қазақстан Республикасында орналасқан резидент заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1043 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1044 - егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерінің немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында

орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғада қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1051 - талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1060 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1061 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1070 - резиденттің міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар)

1071 – резидент еместің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар);

1080 – резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

1081 – Қазақстан Республикасында орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

1090 – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаудың басқа жағдайларында пайда алушы болып табылатын резидент емес үшін Қазақстан Республикасында салық міндеттемесін орындау жүктелмеген резидент сенімгерлікпен басқарушыдан мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы акті бойынша алынған табыстар;

1100 - резиденттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда сыйақылар түріндегі табыстар;

1101 – егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент еместен алынған борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, сыйақылар түріндегі табыстар;

1110 – резидент эмитенттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыстар;

1111 - егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент емес эмитенттен алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыстар;

1120 - резиденттен алынатын роялти түріндегі табыстар;

1121 – егер роялти төлеу бойынша шығыстар осындай тұрақты мекеменің қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен алынатын роялти түріндегі табыс;

1130 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін табыстар;

1140 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1150 – Қазақстан Республикасында туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

1151 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

1160 – халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

1161 – Қазақстан Республикасы ішінде көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

1170 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан құбыр жолдарын, электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан алынатын табыстар;

1180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табыстары;

1181 - жұмыс беруші болып табылатын резидент емеспен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табыстары;

1190 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1200 – резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

1201 - резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

1210 – еңбек шарты (келісім-шарт) негізінде жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) төлеген резидент емес жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен резидент емес жеке тұлғаның табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

1211 – қызмет көрсетуге (жұмыстарды орындауға) шарт негізінде өзге тұлға төлеген резидент емес жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен резидент емес жеке тұлғаның табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

1220 – резидент жинақтаушы зейнетақы қоры жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1230 – кімнен және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы мәдениет және өнер қызметкерлеріне: қызметінен театр, кино, радио, теледидар әртісіне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға төленетін табыстар;

1240 - резидент төлейтін ұтыстар;

1241 – егер ұтыс төлемі тұрақты мекеме қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емес төлейтін ұтыстар;

1250 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1260 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу түріндегі табыстар;

1261 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алудан табыстар;

1270 – туынды қаржы құралдары бойынша табыстар;

1280 – міндеттемені есептен шығарудан табыстар;

1290 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1300 – лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

1310 – сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

1320 – кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған табыстар;

1330 – тіркелген активтерді шығарудан түскен табыстар;

1340 – геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыстар;

1350 – кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар;

1360 – бірлескен қызметті жүзеге асырудан табыстар;

1370 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1390 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

1400 – мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен табыстар;

1410 – сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге де жағдайларда пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түскен таза табыс;

1420 – Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

2) Қазақстан Республикасынан тыс көздерден табыстар:

2010 – Қазақстан Республикасынан тыс, шет мемлекетте орналасқан тауарларды өткізуден түскен табыстар;

2020 – Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен табыстар;

2021 – резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен табыс;

2030 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместен резидент алатын осындай

мемлекетте жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен табыстар, сондай-ақ өзге де табыстар;

2040 – Қазақстан Республикасынан тыс аумақта орналасқан мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

2041 – резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

2042 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан резидент емес заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

2043 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерін немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

2044 - егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерінің немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғада қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

2050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

2060 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

2070 - резиденттің міндеттемелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар)

2080 – резидент емес заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

2081 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

2090 – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаудың басқа жағдайларында пайда алушы болып табылатын резидент үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде салық міндеттемесін орындау жүктелмеген резидент емес сенімгерлікпен басқарушыдан мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы акті бойынша алынған табыстар;

2100 - резидент еместен алынған борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда сыйақылар түріндегі табыстар;

2110 – резидент емес эмитенттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыстар;

2120 - резидент еместен алынатын роялти түріндегі табыс;

2130 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін табыстар;

2140 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2150 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

2151 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

2160 – резидент еместен алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

2161 – резидент еместен алынатын, Қазақстан Республикасының шегінен тыс көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

2170 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан құбыр жолдарын , электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан алынатын табыстар;

2180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табысы;

2181 - жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен түсетін резидент жеке тұлғаның табысы;

2190 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2200 – резидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

2201 - резидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

2210 – еңбек шарты (келісім-шарт) негізінде жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) төлеген резидент жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан

Республикасының шегінен тыс қызметінен резидент жеке тұлғаның табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

2211 – қызмет көрсетуге (жұмыстарды орындауға) шарт негізінде өзге тұлға төлеген резидент жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметінен резидент жеке тұлғаның табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

2220 – резидент емес жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2230 – кімнен және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс мәдениет және өнер қызметкерлеріне: қызметінен театр, кино, радио, теледидар әртісіне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға төленетін табыстар;

2240 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2250 - Қазақстан Республикасынан тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2260 - Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан мүлікті тегін алу түріндегі табыстар;

2261 - Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан мүлікті тегін алудан табыстар;

2270 – туынды қаржы құралдары бойынша табыстар;

2280 – міндеттемені есептен шығарудан табыстар;

2290 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

2300 – резидент еместен алынатын, лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

2310 – резидент еместен алынатын, сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

2320 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған табыстар;

2330 – Қазақстан Республикасынан тыс тіркелген активтерді шығарудан түскен табыстар;

2340 – Қазақстан Республикасынан тыс геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыстар;

2350 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар;

2360 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс бірлескен қызметті жүзеге асырудан табыстар;

2370 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

2380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

2390 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

2400 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен табыстар;

2410 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан табыстар;

2420 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

83. Валюта кодын толтыру кезінде Тауарларды декларациялау ережелеріне " Кедендік ресімдеу үшін пайдаланылатын валюта жіктеуіштері" 10-қосымшаға сәйкес валюталардың сандық кодын пайдалану қажет.

84. Ел кодын толтыру кезінде Тауарларды және көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің" 6-қосымшасына сәйкес елдердің сандық кодын пайдалану қажет.

85. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт (келісім) түрлерінің мынадай кодтарын пайдалану қажет:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 – Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 – Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 – Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 – Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 – Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 – Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 – Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 – Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 – Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 – Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 – Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;

14 – Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 – Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 – "Нұр-Мүбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 – Әуе қатынасы туралы келісім;

19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау " жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

РҚАО-ның ескертуі!!!

100.00-100.18 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Табыс етілгеннен кейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдері сомаларының есебіне (101.01-нысан) және табыс етілгеннен кейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдері сомаларының есебіне (101.02-нысан) қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының есебін және Корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсырғаннан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының есебін жасау ережелері (101.01 - 101.02-яндар)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасын есептеуге арналған, Корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының есебін және Корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсырғаннан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есептерді корпорациялық салық төлеушілер Салық кодексінің 141-бабына сәйкес жасайды.

2. Есептерді декларацияны тапсырғанға дейін және декларацияны тапсырғаннан кейін толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Есептің тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Осы Есепке қосымшада мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: " +" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

5. Есепте соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

6. Декларацияны тапсыруға дейінгі және кейінгі Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

7. Есептер декларацияны тапсырғанға дейін және декларацияны тапсырғаннан кейін Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не өкілі қол қояды және салық төлеушінің не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

8. Есепті декларацияны тапсырғанға дейін және декларацияны тапсырғаннан кейін берген кезде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен пошта бойынша - салық төлеуші пошта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

2. Декларацияны тапсыруға дейінгі Есепті толтыру (101.01-нысан)

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі (жыл)– Декларацияны тапсыруға дейінгі Есеп тапсырылатын есепті кезеңнің (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

5) Есеп түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияны тапсыруға дейінгі Есепті Салық кодексінің 63 -бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасында көзделген Декларацияны тапсыруға дейінгі Есеп түрін табыс ету жағдайында толтырылады ;

7) салық төлеуші санаты.

Торкөздер салық төлеуші A, B, C, D, E, F, G, H жолдарында көрсетілген санаттардың біріне жататын жағдайда белгіленеді.

8) валюта коды.

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу

Тізілімінде № 2355 тіркелген) Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес (бұдан әрі - Тауарларды декларациялау ережелері) валюта коды көрсетіледі;

9) резиденттік белгісі.

А-торкөзі Қазақстан Республикасының резиденті салық төлеушімен белгіленеді.

В-торкөзі Қазақстан Республикасының резиденті емес салық төлеушімен белгіленеді.

10) резиденттік елінің коды және салық тіркеуінің нөмірі.

Декларацияны тапсыруға дейінгі Есеп Қазақстан Республикасының резиденті емес-салық төлеуші жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте.

А жолында "Әлем елдері жіктеушісіне" Тауарларды декларациялау ережелеріне 6-қосымшасына сәйкес резиденттік емес елінің коды көрсетіледі;

В жолында резидент еместің резиденттік еліндегі резидент еместің салық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

10. "Жалпыға ортақ тәртіпте салық салу жүзеге асырылатын, сондай-ақ салық кезеңінің 1-қаңтарынан бастап СК 448-452-баптарына сәйкес алдыңғы салық кезеңінде АСР қолданған, салық төлеушілермен алдыңғы салық кезеңі үшін декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін КТС бойынша аванстық төлемдер сомасын есептеу" бөлімін Салық кодексінің 141-бабына сәйкес есепті салық кезеңінде корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептеу мен төлеу бойынша міндет жүктелген, алдыңғы салық салық кезеңінде корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептеген және төлеген салық төлеуші толтыруы тиіс:

Бұл ретте осы бөлім бір мезгілде мына жағдайларға сәйкес:

ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері осы бапта белгіленген арнаулы салық режимін қолданған;

7-жолдың "Е" торкөзін толтырған:

салық төлеуші толтырмайды.

Осы бөлімде:

1) 101.01.001 жолында алдыңғы салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебінде салық төлеушімен есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 101.01.002 жолында салық кезеңіне белгіленген, корпоративтік табыс салығы ставкасы және алдыңғы салық кезеңіне белгіленген корпоративтік табыс салығы ставкасы қатынасына көбейтілген алдыңғы салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебінде есептелген аванстық төлемдердің жалпы сомасының төрттен бір бөлігі мөлшерінде айқындалатын, аванстық төлемдер

сомаларынан корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 58-бабына және (немесе) 448-бабына сәйкес салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің бөлек есепке алуды жүзеге асыратын салық төлеуші корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын, Салық кодексінің 141-бабы 4-тармағына немесе Енгізу туралы заңның 16-бабына сәйкес салық салу объектілері мен бөлек есепке алу жүргізілетін, салық салумен байланысты объектілерге орнатылған корпоративтік табыс салығы ставкаларын қолданады.

3) 101.01.003 жолында Салық кодексінің 151-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасынан 100 пайыз мөлшерінде айқындалатын декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының төмендетілуі көрсетіледі (101.01.002 х 100%). Осы жол 7-жолдың "Н" торкөзін толтырған салық төлеуші толтыруы тиіс;

4) 101.01.004 жолында Салық кодексінің 451-бабына сәйкес декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасынан 70 пайыз мөлшерінде айқындалатын декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының төмендетілуі көрсетіледі;

салық төлеуші Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері осы бапта белгіленген арнаулы салық режимін қолданған жағдайда, декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс; немесе

салық төлеуші Салық кодексінің 58-бабына және (немесе) 448-бабына сәйкес салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің бөлек есепке алуды жүзеге асыратын жағдайда, Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес салық салу жүзеге асырылатын қызмет түрлеріне қатысты келетін, декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс.

Осы жол 7-жолдың "Е" торкөзін толтырған салық төлеуші толтыруы тиіс;

5) 101.01.005 жолында декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының төмендетілуі көрсетіледі. 7-жолдың "Н" немесе "Е" торкөздері белгіленген жағдайда 101.01.005 жолы 101.01.003 жолын немесе сәйкесінше 101.01.004 жолын есепке алумен айқындалады. ((101.01.002 – 101.01.003) немесе (101.01.002 – 101.01.004)). "Н" немесе "Е" торкөздері белгіленбеген жағдайда 101.01.005 жолына 101.01.002 жолының мәні көшіріледі;

6) 101.01.006 жолында салық кезеңінің қаңтар, ақпан, наурыз, айлары үшін айлық аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі. 101.01.005 жолының үштен бір бөлігі ретінде айқындалады (101.01.005 / 3).

11. "СК 448-452-баптарына сәйкес алдыңғы салық кезеңінде АСР қолданған салық төлеушілермен алдыңғы салық кезеңі үшін декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін КТС бойынша аванстық төлемдер сомасын есептеу" бөлімінде Салық кодексінің 141-бабына сәйкес есепті салық кезеңінде корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептеу мен төлеу бойынша міндет жүктелген, мына жағдайларға сәйкес:

алдыңғы салық кезеңінде корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептеген және төлеген;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері осы бапта белгіленген арнаулы салық режимін қолданған;

7-жолдың "Е" торкөзін толтырған:

салық төлеуші толтыруы тиіс.

Осы бөлімде:

1) 101.01.007 жолында алдыңғы салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебінде салық төлеушімен есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі. Осы жолдың мәні 101.01.008 және 101.01.009 жолдарының сомасы ретінде айқындалады. (101.01.008 + 101.01.009);

2) 101.01.008 жолында салық салынуы жалпыға орнатылған режимінде жүзеге асырылатын қызмет түрлеріне жататын (яғни Салық кодексінің 448-452-баптарының нормалары қолданылмайтын), алдыңғы салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебінде салық төлеушімен есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі.

3) 101.01.009 жолында Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимі шеңберінде салық салу жүзеге асырылатын қызмет түрлеріне жататын, алдыңғы салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебінде салық төлеушімен есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі.

4) 101.01.010 жолында салық салушымен Салық кодексінің 141-бабы 4-тармағына немесе Енгізу туралы заңның 16-бабына сәйкес салық салу есептелген , Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимі шеңберінде салық салу жүзеге асырылатын, алдыңғы салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебінде салық төлеушімен есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі. Осы жол 01.01.009 х 100 / 30 ретінде айқындалады;

5) 101.01.011 жолында салық кезеңіне белгіленген, корпоративтік табыс салығы ставкасы және алдыңғы салық кезеңіне белгіленген корпоративтік табыс

салығы ставкасы қатынасына көбейтілген алдыңғы салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебінде есептелген аванстық төлемдердің жалпы сомасының төрттен бір бөлігі мөлшерінде айқындалатын, аванстық төлемдер сомаларынан корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі. Бұл жол 101.01.008 және 101.01.010 жолдарының мәндерін ескереді, яғни салық төлеуші алдыңғы салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есептерінде есептеген және Салық кодексінің 448 – 452-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимі шеңберінде салық салынатын қызмет түріне жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасы Салық кодексінің 451-бабында көзделген азайтылусыз ескеріледі. Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер бойынша бөлек салық есебі жүзеге асырылған кезде Салық кодексінің 58-бабына және (немесе) 448-бабына сәйкес салық төлеуші бөлек салық есебі жүргізілетін салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер үшін белгіленген корпоративтік табыс салығы ставкасын қолданады.

6) 101.01.012 жолында Салық кодексінің 451-бабына сәйкес декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс алдыңғы салық кезеңі үшін, 101.01.010 жолында көрсетілген, жалпы аванстық төлемдер сомасының төрттен бір бөлігінің 70 пайыз мөлшерінде айқындалатын декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының төмендетілуі көрсетіледі ((101.01.010 / 4) х 70%);

7) 101.01.013 жолында декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің қорытынды сомасы көрсетіледі. 101.01.011 және 101.01.012 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (101.01.011 – 101.01.012);

8) 101.01.014 жолында салық кезеңінің қаңтар, ақпан, наурыз, айлары үшін айлық аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі 101.01.013 жолының үштен бір бөлігі ретінде айқындалады(101.01.013 / 3).

12. "СК 141-бабының 4-1-тармағына сәйкес алдыңғы салық кезеңі үшін декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін КТС бойынша аванстық төлемдер сомасын есептеу" бөлімін Салық кодексінің 141-бабына сәйкес есепті салық кезеңінде корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептеу мен төлеу бойынша міндет жүктелген және Салық кодексінің 141-бабы 2-тармағына сәйкес алдыңғы салық кезеңінде корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептемеген және төлемеген салық төлеуші толтыруы тиіс.

Осы бөлімде:

1) 101.01.015 жолында Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының болжанатын сомасы көрсетіледі.

2) 101.01.016 жолында декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасы 101.01.015 жолының төрттен бір бөлігі ретінде айқындалады (101.01.015 / 4);

3) 101.01.017 жолында Салық кодексінің 151-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасынан 100 пайыз мөлшерінде айқындалатын декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының төмендетілуі көрсетіледі. Осы жол тек 7-жолдың "Н" торкөзін толтырған салық төлеуші толтыруы тиіс;

4) 101.01.018 жолында Салық кодексінің 451-бабына сәйкес декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасынан 70 пайыз мөлшерінде айқындалатын декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының төмендетілуі көрсетіледі;

салық төлеуші Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері осы бапта белгіленген арнаулы салық режимін қолданған жағдайда, декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс және 101.01.016 жолында көрсетілген (101.01.016 х 70%); немесе

салық төлеуші Салық кодексінің 58-бабына және (немесе) 448-бабына сәйкес салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің бөлек есепке алуды жүзеге асыратын жағдайда, Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес салық салу жүзеге асырылатын қызмет түрлеріне қатысты келетін, декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс.

Осы жол 7-жолдың "Е" торкөзін толтырған салық төлеуші толтыруы тиіс;

5) 101.01.019 жолында декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының төмендетілуі көрсетіледі. 7-жолдың "Н" немесе "Е" торкөздері белгіленген жағдайда осы жол 101.01.017 жолын немесе сәйкесінше 101.01.018 жолын есепке алумен айқындалады. ((101.01.016 – 101.01.017) немесе (101.01.016 – 101.01.018)). "Н" немесе "Е" торкөздері белгіленбеген жағдайда осы жолға 101.01.016 жолының мәні көшіріледі;

6) 101.01.020 жолында салық кезеңінің қаңтар, ақпан, наурыз, айлары үшін айлық аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі 101.01.019 жолының үштен бір бөлігі ретінде айқындалады(101.01.013 / 3).

13. "Салық агентінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының Аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) Есепті беру күні.

Есепті салық органына берудің күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның Аты-жөні" жолында Декларацияны тапсыруға дейінгі Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

5) Есепті қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2 немесе 4-тармақшаларына сәйкес Декларацияны тапсыруға дейінгі Есепті беру күні көрсетіледі.

6) Есептің кіріс нөмірі.

Салық органымен берілген Декларацияны тапсыруға дейінгі Есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе басқа байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Декларацияны тапсырудан кейінгі Есепті толтыру (101.02-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі (жыл)– Декларацияны тапсыруға дейінгі Есеп тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

5) Есеп түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияны тапсыруға дейінгі Есепті Салық кодексінің 63 -бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасында көзделген Декларацияны тапсыруға дейінгі Есеп түрін табыс ету жағдайында толтырылады ;

7) салық төлеуші санаты.

Торкөздер салық төлеуші A, B, C, D, E, F, G, H жолдарында көрсетілген санаттардың біріне жататын жағдайда белгіленеді.

8) валюта коды.

Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

9) резиденттік белгісі.

А-торкөзі Қазақстан Республикасының резиденті салық төлеушімен белгіленеді.

В-торкөзі Қазақстан Республикасының резиденті емес салық төлеушімен белгіленеді.

10) резиденттік елінің коды және салық тіркеуінің нөмірі.

Декларацияны тапсыруға дейінгі Есеп Қазақстан Республикасының резиденті емес-салық төлеуші жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте.

А жолында "Әлем елдері жіктеушісіне" Тауарларды декларациялау ережелеріне 6-қосымшасына сәйкес резиденттік емес елінің коды көрсетіледі;

В жолында резидент еместің резиденттік еліндегі резидент еместің салық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

15. "Алдынғы салық кезеңі үшін есептелген КТС сомасы" бөлімінде:

1) 101.02.001 жолында алдыңғы салық кезеңі үшін есептелген және 101.02.001 I және 101.02.001 II жолдардың мәнін қосумен айқындалатын корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

2) 101.02.001 I жолында Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

3) 101.02.001 II жолында жолында Салық кодексінің 199-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

16. "Салық кодексінің 141-бабы 6-тармағы немесе Енгізу туралы заңның 16-бабы бойынша Есеп" бөлімінде:

1) 101.02.002 жолында салық кезеңіне белгіленген, корпоративтік табыс салығы ставкасы және алдыңғы салық кезеңіне белгіленген корпоративтік табыс салығы ставкасы қатынасына көбейтілген 101.02.001 жолында көрсетілген алдыңғы салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының жалпы сомасының төрттен бір бөлігі мөлшерінде айқындалатын, аванстық төлемдер сомаларынан корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсырудан

кейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 58-бабына және (немесе) 448-бабына сәйкес салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің бөлек есепке алуды жүзеге асыратын салық төлеуші корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын, Салық кодексінің 141-бабы 6-тармағына немесе Енгізу туралы заңның 16-бабына сәйкес салық салу объектілері мен бөлек есепке алу жүргізілетін, салық салумен байланысты объектілерге орнатылған корпоративтік табыс салығы ставкаларын қолданады;

2) 101.02.003 жолында Салық кодексінің 151-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияны тапсырудан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасынан 100 пайыз мөлшерінде айқындалатын декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының төмендетілуі көрсетіледі (101.01.002 х 100%).

Осы жол 7-жолдың "Н" торкөзін толтырған салық төлеуші толтыруы тиіс;

3) 101.02.004 жолында Салық кодексінің 451-бабына сәйкес декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасынан 70 пайыз мөлшерінде айқындалатын декларацияны тапсырудан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының төмендетілуі көрсетіледі;

салық төлеуші Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері осы бапта белгіленген арнаулы салық режимін қолданған жағдайда, декларацияны тапсырудан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс және 101.02.002 жолында көрсетілген (101.02.002 х 70%); немесе

салық төлеуші Салық кодексінің 58-бабына және (немесе) 448-бабына сәйкес салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің бөлек есепке алуды жүзеге асыратын жағдайда, Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес салық салу жүзеге асырылатын қызмет түрлеріне қатысты келетін, декларацияны тапсырудан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс.

Осы жол 7-жолдың "Е" торкөзін толтырған салық төлеуші толтыруы тиіс;

4) 101.02.005 жолында есепті салық кезеңінің 2, 3 және 4 тоқсандары үшін төленуі тиіс, корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің айлық сомасы көрсетіледі. 7-жолдың "Н" немесе "Е" торкөздері белгіленген жағдайда 101.02.005 жолы 101.02.003 жолын немесе сәйкесінше 101.02.004 жолын есепке алумен айқындалады. ((101.02.002 – 101.02.003)/9 немесе (101.02.002 – 101.02.004)/9). "Н" немесе "Е" торкөздері белгіленбеген жағдайда 101.02.005 жолына 101.02.002 жолының тоғыздан бір бөлігі ретінде айқындалады (101.02.002 / 9).

17. "Салық кодексінің 141-бабы 7-тармағы бойынша Есеп" бөлімінде:

1) 101.02.006 жолында есепті салық кезеңі үшін болжанатын корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

2) 101.02.007 жолында ағымдағы салық кезеңі үшін болжанатын корпоративтік табыс салығы сомасының төрттен үш бөлігі ретінде есептелген, декларацияны тапсырудан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі (101.02.008 х (3/4);

3) 101.02.008 жолында Салық кодексінің 151-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасынан 100 пайыз мөлшерінде айқындалатын декларацияны тапсырудан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының төмендетілуі көрсетіледі (101.01.007 х 100%). Осы жол 7-жолдың "Н" торкөзін толтырған салық төлеуші толтыруы тиіс;

4) 101.02.009 жолында Салық кодексінің 451-бабына сәйкес декларацияны тапсыруға кейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасынан 70 пайыз мөлшерінде айқындалатын декларацияны тапсырудан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс аванстық төлемдер сомасының төмендетілуі көрсетіледі;

салық төлеуші Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері осы бапта белгіленген арнаулы салық режимін қолданған жағдайда, декларацияны тапсырудан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс және 101.02.007 жолында көрсетілген (101.02.007 х 70%); немесе

салық төлеуші Салық кодексінің 58-бабына және (немесе) 448-бабына сәйкес салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің бөлек есепке алуды жүзеге асыратын жағдайда, Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес салық салу жүзеге асырылатын қызмет түрлеріне қатысты келетін, декларацияны тапсырудан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс.

Осы жол 7-жолдың "Е" торкөзін толтырған салық төлеуші толтыруы тиіс;

5) 101.02.010 жолында есепті салық кезеңінің 2, 3 және 4 тоқсандары үшін төленуі тиіс, корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің айлық сомасы көрсетіледі. 7-жолдың "Н" немесе "Е" торкөздері белгіленген жағдайда 101.02.010 жолы 101.02.008 жолын немесе сәйкесінше 101.02.009 жолын есепке алумен айқындалады. ((101.02.007 – 101.02.003)/9 немесе (101.02.007 – 101.02.004)/9). "Н" немесе "Е" торкөздері белгіленбеген жағдайда 101.02.010 жолына 101.02.007 жолының тоғыздан бір бөлігі ретінде айқындалады (101.02.007/9).

18. Салық төлеуші Салық кодексінің 70-бабына сәйкес декларацияға қосымшаны тапсырған кезде, сондай-ақ салық тексеруінің нәтижелері бойынша корпоративтік табыс салығының сомасының өзгерген кезде салық төлеуші салық кезеңінің алдыңғы айлары үшін төлеуі тиіс, корпоративтік табыс салығы

бойынша аванстық төлемдерді төлеуге мерзімі келмеген, аванстық төлемдер сомаларын түзетумен қосымша Есеп тапсыруы қажет.

Салық кодексінің 141-бабының 8-тармағына сәйкес Салық төлеушінің, корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді төлеуге мерзімі келмеген, декларацияны тапсырудан кейін қосымша Есептің тиісті жолында (жолдарында) түзету сомаларын көрсетумен, есепті салық кезеңінің айлары үшін болжанатын кіріс сомасына сүйене отырып, есепті салық кезеңінің ағымында корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсырудан кейін қосымша Есеп беруге құқығы бар. Мысалы декларацияны тапсырудан кейін қосымша Есепті тапсырған кезде Салық кодексінің 141-бабы 6-тармағы немесе Енгізу туралы заңның 16-бабы бойынша Есеп" бөлімін толтырған салық төлеуші декларацияны тапсырудан кейін қосымша Есептің 101.02.005 жолында әр айдағы аванстық төлемнің түзету сомасын көрсетеді. Декларацияны тапсырудан кейін қосымша Есепті тапсырған кезде "Салық кодексінің 141-бабы 7-тармағы бойынша Есеп" бөлімін толтырған салық төлеуші декларацияны тапсырудан кейін қосымша Есептің 101.02.010 жолында әр айдағы аванстық төлемнің түзету сомасын көрсетеді.

Декларацияны тапсырудан кейінгі қосымша Есептерде көрсетілген түзетулерді ескере отырып, декларацияны тапсырудан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасы теріс мәнде болмауы тиіс.

19. "Салық агентінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының Аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) Есепті беру күні.

Есепті салық органына берудің күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның Аты-жөні" жолында Декларацияны тапсыруға дейінгі Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

5) Есепті қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес Декларацияны тапсыруға дейінгі Есепті беру күні көрсетіледі.

6) Есептің кіріс нөмірі.

Салық органымен берілген Декларацияны тапсыруға дейінгі Есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе басқа байланыс мекемесінде қойылған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі!!!

101.01-101.02 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Резидент табысынан төлем
көзінен ұсталатын
корпорациялық табыс салығы
бойынша есебіне (101.03-нысан)
қосымша

Резиденттің табысына салынатын төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығы бойынша есепті жасау ережелері (101.03-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және салық агентінің төлем көзінен салық салынатын табыстарды көрсетуіне, есептеуіне және резиденттің кірістерінен төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығын уақтылы төлеуге арналған Резиденттің табысына салынатын төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығы бойынша есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 144-бабына сай келетін салық агенті жасайды.

2. Есеп осы Есептің өзінен (101.03-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшадан (101.03) тұрады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Есепке қосымша Есептегі тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Есепке қосымша онда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Есепке қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Есепке қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы ережелерде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу ; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Есептің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Есеп жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады
.

11. Есеп Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

12. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен пошта бойынша - салық төлеуші пошта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Есепті жасау (101.03-нысан)

14. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

Егер салық агенті жеке тұлға болған жағдайда, осы жолда жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

3) салық кезеңі - Есеп берілетін салық кезеңінің есепті тоқсаны (араб сандарымен көрсетіледі);

4) салық агентінің атауы.

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі немесе жеке тұлғаның;

5) Есеп түрі.

Тиісті торкөздер Есепті Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, белгіленеді;

6) хабарлама нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген Есеп түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) валюта коды.

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген) Тауарлар декларациялау ережесіне (бұдан әрі - Тауарлар декларациялау ережесі) 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) берілген қосымшалар.

Берілген Есепке қосымшалардың торкөздері белгіленеді:

1-торкөз тоқсанның бірінші айы үшін қосымша берілген кезде белгіленеді;

2-торкөз тоқсанның екінші айы үшін қосымша берілген кезде белгіленеді;

3-торкөз тоқсанның үшінші айы үшін қосымша берілген кезде белгіленеді;

9) резиденттік белгісі:

А торкөзін Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын салық агенті белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын салық агенті белгілейді;

10) резиденттік елінің коды және салықтық тіркеу нөмірі.

Егер Есепті Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын салық агенті жасаса, толтырылады, бұл ретте:

А жолында – 6 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына тауарларды декларациялау ережелеріне сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолында - резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

15. "Есеп" бөлімінде:

1) 101.03.001 I, 101.03.001 II, 101.03.001 III жолдары салық кезеңінің әр айы үшін салық агенті төлейтін төлем көзінен салық салынатын табыстардың сомаларын көрсетуге арналған және Есепке қосымшаның деректері негізінде толтырылады. 101.03.001 IV жолы 101.03.001 I, 101.03.001 II, 101.03.001 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын осы тармақшада көрсетілген салық кезеңі үшін табыстардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

2) 101.03.002 I, 101.03.002 II және 101.03.002 III жолдары төлем көзінен ұсталатын және салық кезеңінің әр айы үшін бюджетке төленуі тиіс корпорациялық табыс салығының сомасын көрсетуге арналған және Есепке қосымшаның деректері негізінде толтырылады. 101.03.002 IV жолы 101.03.002 I, 101.03.002 II және 101.03.002 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын осы тармақшада көрсетілген салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

16. "Салық агентінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының Аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) Есептің берілген күні.

Есептің салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның Аты-жөні" жолында Есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) Есеп қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңның 3-бабына сәйкес Есепті табыс ету күні көрсетіледі;

6) кіріс құжаты.

Есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

17. Есепке қосымшада (101.03):

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ереженің 18-тармағына сәйкес төленген кіріс түрінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында табыс алған салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында табыс алған салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында төленетін төлем көзінен салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында төлеген төлем көзінен салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 147-бабы 3-тармағына және Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабына сәйкес белгіленген төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

8) H бағанында (F x G)/100 ретінде айқындалатын төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

тоқсанның тиісті айы үшін қосымшаның E бағанының жиынтық сомалары 101.03.001 I, 101.03.001 II және 101.03.001 III тиісті жолдарына, H бағанның жиынтық сомалары - 101.03.002 I, 101.03.002 II және 101.03.002 III тиісті жолдарына көшіріледі.

3. Кіріс түрлерінің кодтары

18. Есеп толтыру кезінде мынадай кіріс түрлерін кодтауды пайдалану керек:

1060 – эмитент резиденттерден алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі кіріс;

1061 - борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда сыйақылар түріндегі кіріс;

1190 – резиденттер төлейтін ұтыстар.

РҚАО-ның ескертуі!!!

101.03 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Резидент табысынан төлем көзінен ұсталатын корпорациялық салығы бойынша есебіне (101.04-нысан) қосымша

Резидент еместің кірісіне салынатын төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығы бойынша салық есептілігін жасау ережесі (101.04-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және резидент еместің кірісіне салынатын, төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығы сомаларын есептеуге, сондай-ақ халықаралық шарт ережелеріне сәйкес салық салудан босатылатын табыстардың сомалары мен шартты банк салымында орналастырылған сомаларды көрсетуге арналған Резидент еместердің кірістеріне салынатын төлем көзінен ұсталған

корпорациялық табыс салығы бойынша салық есептілігін (бұдан әрі – Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 196-бабына сәйкес салық агенті жасайды.

2. Есеп осы Есептің өзінен (101.04-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшадан (101.04) тұрады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Есепке қосымша Есептегі тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Есепке қосымша онда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Есепке қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, Есепке қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы ережелерде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу ; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Есептің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Есеп жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады .

11. Есеп Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық агенті қол қояды және салық агентінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық агентіне қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық агенті почта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық агенті салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен салық есептілігін қабылдау немесе қабылдамау туралы хабарлама алады.

13. Есепке қосымшаның "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде осы Есептің "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Есепті жасау (101.04-нысан)

14. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Салық міндеттемелерін сенімгерлікпен басқарушы орындаған жағдайда жолда салық төлеушінің – сенімгерлікпен басқарушының тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс.

2) БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемелерін сенімгерлікпен басқарушы орындаған жағдайда жолда салық төлеушінің – сенімгерлікпен басқарушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

3) ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемелерін сенімгерлікпен басқарушы орындаған жағдайда жолда салық төлеушінің – сенімгерлікпен басқарушының жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БСН, ЖСН жолдары 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс.

4) салық кезеңі - Есеп берілетін салық кезеңінің есепті тоқсаны (араб сандарымен көрсетіледі);

5) салық агентінің атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі;

6) Есеп түрі.

Тиісті торкөздер Есепті Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, белгіленеді;

7) хабарлама нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген Есеп түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

8) жер қойнауын пайдаланушы жүзеге асыратын қызмет түрі;

Торкөздер егер жер қойнауын пайдаланушы А және В жолдарында көрсетілген санаттардың біріне жататын болса, белгіленеді;

9) келісім-шарт нөмірі мен жасалған күні;

Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт нөмірі мен жасалған күнін көрсете отырып, толтырады;

10) валюта коды.

Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарларды және көлік

құралдарын декларациялау ережесіне (бұдан әрі - Тауарларды декларациялау ережесі) 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

11) берілген қосымшалар.

Берілген Есепке қосымшалардың торкөздері белгіленеді:

1-торкөз тоқсанның бірінші айы үшін қосымша берілген кезде белгіленеді;

2-торкөз тоқсанның екінші айы үшін қосымша берілген кезде белгіленеді;

3-торкөз тоқсанның үшінші айы үшін қосымша берілген кезде белгіленеді;

12) резиденттік белгісі:

А торкөзін Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын салық агенті белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын салық агенті белгілейді;

13) резиденттік елінің коды және салықтық тіркеу нөмірі.

Егер Есепті Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын салық агенті жасаса, толтырылады, бұл ретте:

А жолында – Тауарларды декларациялау ережелеріне 6 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолында - резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

15. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 101.04.001 I, 101.04.001 II, 101.04.001 III жолдары салық кезеңінің әр айы үшін резидент емеске есептелген және төленген табыстардың сомаларын көрсетуге арналған және Есепке қосымшаның деректері негізінде толтырылады. 101.04.001 IV жолы 101.04.001 I, 101.04.001 II және 101.04.001 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын осы тармақшада көрсетілген салық кезеңі үшін табыстардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

2) 101.04.002 I, 101.04.002 II және 101.04.002 III жолдары Салық кодексінің 195-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес салық кезеңінің әр айы үшін бюджетке аударуға жататын табыс салығының сомасын көрсетуге арналған және Есепке қосымшаның деректері негізінде толтырылады. 101.04.002 IV жолы 101.04.002 I, 101.04.002 II және 101.04.002 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын осы тармақшада көрсетілген салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

3) 101.04.003 жолы салық агенті шегерімге жатқызылған резидент еместің есебіне жазылған, бірақ төленбеген табыстарын көрсетуге арналған және Есепке қосымшасының деректері негізінде толтырылады.

Резидент еместің есебіне жазылған, бірақ төленбеген табыстарын шегерімге жатқызу күні есепті күнтізбелік жылдың 31 желтоқсаны болып танылады. 101.04.003 жолы есепті күнтізбелік жылдың 4 тоқсан үшін Есепте толтырылады.

4) 101.04.004 жолы 101.04.003 жолында көрсетілген салық агенті шегерімге жатқызылған резидент еместің есебіне жазылған, бірақ төленбеген табыстарынан Салық кодексінің 195-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бюджетке төленуге жататын табыс салығын сомасы көрсетуге арналған және Есепке қосымшасының деректері негізінде толтырылады.

5) 101.04.005 I, 101.04.005 II және 101.04.005 III жолдары Салық кодексінің 216-бабына сәйкес салық кезеңінің әр айы үшін шартты банк салымына аударылған табыс салығының сомасын көрсетуге арналған және Есепке қосымшаның деректері негізінде толтырылады. 101.04.005 IV жолы 101.04.005 I, 101.04.005 II және 101.04.005 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын осы тармақшада көрсетілген салық кезеңі үшін табыс салығының жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

16. "Салық агентінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

2) Есептің берілген күні.

Есептің салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

5) Есепті қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабына сәйкес Есепті табыс ету күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Есепті тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

17. Есепке қосымшада (101.04):

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында табыстар алушы шетел заңды тұлғасының (бұдан әрі - резидент емес) толық атауы;

3) C бағанында резидент еместің резиденттік елінің коды.

Елдердің кодын толтырған кезде Тауарларды декларациялау ережелеріне 6 " Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына сәйкес елдерді сандық кодтау пайдаланылуы тиіс;

4) D бағанында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында салық агентінің жарғылық капиталындағы резидент еместің үлесі пайызда көрсетіледі;

6) F бағанында Салық кодексінің 192-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент емес алған Ереженің 18-тармағына сәйкес кіріс түрлерінің коды көрсетіледі;

7) G бағанында дивидендтер түріндегі кірістерді қоспағанда, оған сәйкес кірістер туындайтын резидент емес пен салық агентінің арасында жасалған келісім-шарттың (шарттың) нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанында резидент емес Қазақстан Республикасында жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауды бастаған күн көрсетіледі;

9) I бағанында резидент емес Қазақстан Республикасында жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) аяқтаған күн көрсетіледі;

10) J бағанында олар бойынша салықтарды ұстап қалу бойынша міндеттеме туындайтын есептелген және төленген кірістер сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетел валютасында жасалған кезде, бұл бағанда кірісті төлеген күнге немесе алдын-ала төлеген жағдайда, кірістерді есептеген күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген және қоса есептелген табыстардың төленген сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында халықаралық шарттарда және Салық кодексінің 194-бабында белгіленген төлем көзінен табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

12) L бағанында Салық кодексінің 195-бабына сәйкес бюджетке аударылуы тиіс есептелген және төленген кірістен табыс салығының ставкасы көрсетіледі.

Операциялар шетел валютасында жасалған кезде бұл бағанда кірісті төлеген күнге немесе алдын-ала төлеген жағдайда кірістерді есептеген күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген төлем көзінен табыс салығының сомасы көрсетіледі.

J – L бағандары резидент еместерге есептелген және төленген кіріс сомалары бойынша толтырылады;

13) M бағанында салық агенті шегерімге жатқызған, салық кезеңі ішінде резидент еместерге есептелген, бірақ төленбеген кірістер сомасы көрсетіледі;

Операциялар шетел валютасында жасалған кезде, бұл бағанда кірісті төлеген күнге немесе алдын-ала төлеген жағдайда, кірістерді есептеген күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген салық агенті шегерімге жатқызған, резидент еместің төленбеген кірістерінің сомасы көрсетіледі.

Резидент еместің есептелген, бірақ төленбеген кірістерін шегерімге жатқызу күні салық кезеңінің 31 желтоқсаны болып танылады;

14) N бағанында халықаралық шартта және Салық кодексінің 194-бабында белгіленген төлем көзінен табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

15) O бағанында Салық кодексінің 195-бабына сәйкес бюджетке аударылуға тиіс, салық агенті шегерімге жатқызған, есепті салық кезеңі ішінде есептелген, бірақ төленбеген резидент еместің кірістерінен алынатын табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетел валютасында жасалған кезде бұл бағанда резидент еместің кірісін шегерімге жатқызған күнге (салық кезеңінің 31 желтоқсанына) валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Резидент еместердің есепке жазылған, бірақ төленбеген табыстары бойынша олар шегерімге жатқызылған жағдайда M - O бағандары есепті күнтізбелік жылының 4 тоқсан үшін Есепте көрсетіледі.

16) P бағанында халықаралық шартқа сәйкес салықтарды ұстап қалудан босатылған есептелген (төленген) кірістердің сомасы көрсетіледі. Бұл ретте салықтарды ұстап қалудан босатылған деп халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес төмендетілген салық ставкалары қолданылған сомалар да танылады. Операциялар (төлемдерді төлеу) шетел валютасында жасалған кезде бұл бағанда кірісті төлеген күнге немесе алдын-ала төлеген жағдайда, кірістерді есептеген күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі;

17) Q бағанында P бағанында көрсетілген кіріске қатысты қолданылған осы Ереженің 19-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі;

18) R бағанында Q бағанында 22 код көрсетілген кезде Q бағанында көрсетілген халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

19) S бағанында осы Ереженің 17-тармағы 3) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасасқан елдің коды көрсетіледі.

P – S бағандары егер салық төлеуші тіркелген мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарт ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

20) T бағанында Ереженің 14-тармағы 9) тармақшасына сәйкес табыс салығын шартты банк салымына орналастырудағы валюта коды көрсетіледі;

21) U бағанында Салық кодексінің 216-бабына сәйкес шартты банк салымына орналастыру валютасында орналастырылған табыс салығының сомасы көрсетіледі. Табыс салығы ұлттық валютада орналастырылған жағдайда, бұл баған толтырылмайды;

22) V бағанында Салық кодексінің 216-бабына сәйкес шартты банк салымына ұлттық валютада орналастырылған табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар (салықтарды орналастыру) шетел валютасында жасалған кезде, бұл бағанда салықты шартты банк салымына аударған күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

23) W бағанында шартты банк салымы ашық банктің салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

24) X бағанында шартты банк салымы ашық банктің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

25) Y бағанында шартты банк салымы ашық банктің банктік сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

26) Z бағанында шартты банк салымы туралы шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

27) AA бағанында салық сомасы орналастырылған шартты банк салымының нөмірі көрсетіледі;

T – AA бағандары шартты банк салымында орналастырылған салық сомалары бойынша толтырылады;

Тоқсанның тиісті айы үшін қосымшаның J бағанының жиынтық сомасы 101.04.001 A, 101.04.001 B және 101.04.001 C тиісті жолдарына көшіріледі, L бағанынікі - 101.04.002 A, 101.04.002 B және 101.04.002 C тиісті жолдарына, V бағанынікі - 101.04.005 A, 101.04.005 B және 101.04.005 C тиісті жолдарына көшіріледі.

Барлық қосымшалары бойынша жиынтық түрінде M бағанының қорытынды соммалары - 101.04.003 жолына, O бағанының - 101.04.004 жолына көшіріледі.

3. Кіріс түрлерінің кодтары

18. Есеп толтыру кезінде мынадай кіріс түрлерін кодтауды пайдалану керек.

Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс түрлерінің кодтары:

1010 – Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды өткізуден түскен кірістер;

1011 – Қазақстан Республикасында орналасқан тауарларды сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде одан тыс өткізуден түскен кірістер;

1020 – Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен кірістер;

1021 – резидентке;

егер алынатын қызметтер осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен кіріс;

1022 - егер алынатын қызметтер осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен кіріс;

1030 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден , тауарларды сатудан түскен кірістері, сондай-ақ осы бапта белгіленген аталған тұлғаның резиденттен алатын өзге де кірістер;

1031 - Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен кірістері, сондай-ақ осы бапта белгіленген аталған тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен, егер алатын жұмыстары, қызметтері, тауарлары осындай тұрақты мекемеге байланысты болса, олардан алатын өзге де кірістері;

1040 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1041 – резидент шығарған бағалы қағаздарды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1042 – Қазақстан Республикасында орналасқан резидент заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1043 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерін немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1044 - егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерінің немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғада қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

1051 - талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

1060 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

1061 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

1070 - резиденттің міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар)

1071 – резидент еместің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар);

1080 – резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі кірістер;

1081 – Қазақстан Республикасында орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі кірістер;

1090 – мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлік басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлік басқару туындаудың басқа жағдайларында пайда алушы болып табылатын резидент емес үшін Қазақстан Республикасында салық міндеттемесін орындау жүктелмеген резидент сенімгерлік басқарушыдан мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы акті бойынша алынған кірістер;

1100 - резиденттен алынған борышкерлік бағалы қағаздарды қоспағанда, сыйақылар түріндегі кіріс;

1101 – егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент еместен алынған борышкерлік бағалы қағаздарды қоспағанда, сыйақылар түріндегі кіріс;

1110 – резидент эмитенттен алынған борышкерлік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі кіріс;

1111 - егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент емес эмитенттен алынған борышкерлік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі кіріс;

1120 - резиденттен алынатын роялти түріндегі кіріс;

1121 – егер роялти төлеу бойынша шығыстар резидент еместің тұрақты мекемесінің қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен алынатын роялти түріндегі кіріс;

1130 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

1140 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кірістер;

1150 – Қазақстан Республикасында туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі кірістер;

1151 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі кірістер;

1160 – халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден кірістер;

1161 – Қазақстан Республикасы ішінде көліктік қызмет көрсетуден кірістер;

1170 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан құбыр жолдарын, электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан алынатын кірістер;

1180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның кірісі;

1181 - жұмыс беруші болып табылатын резидент еместен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның кірісі;

1190 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе

өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1200 – резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

1201 - резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

1210 – еңбек шарты (келісім-шарт) негізінде жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) төлеген резидент емес жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен резидент емес жеке тұлғаның кірістері. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

1211 – қызмет көрсетуге (жұмыстарды орындауға) шарт негізінде өзге тұлға төлеген резидент емес жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен резидент емес жеке тұлғаның кірістері. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

1220 – резидент жинақтаушы зейнетақы қоры жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1230 – кімнен және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы мәдениет және өнер қызметкерлеріне: қызметінен театр, кино, радио, теледидар әртісіне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға төленетін табыстар;

1240 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1241 – егер ұтыс төлемі тұрақты мекеме қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емес төлейтін ұтыстар;

1250 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1260 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу түріндегі табыстар;

1261 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алудан табыстар;

1270 – туынды қаржы құралдары бойынша кірістер;

1280 – міндеттемені есептен шығарудан кірістер;

1290 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1300 – лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

1310 – сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

1320 – кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған кірістер;

1330 – тіркелген активтерді шығарудан түскен кірістер;

1340 – геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен кірістер;

1350 – кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен кірістер;

1360 – бірлескен қызметті жүзеге асырудан кірістер;

1370 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1390 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

1400 – мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен кірістер;

1410 – сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан кірістер;

1420 – Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

4. Халықаралық шарт (келісім) түрлерінің кодтары

19. Есепті толтыру кезінде халықаралық шарттар (келісімдер) түрінің мынадай кодталуын пайдалану қажет:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 – Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 – Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 – Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 – Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 – Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 – Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 – Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 – Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 – Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 – Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 – Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;

14 – Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 – Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 – "Нұр-Мүбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 – Әуе қатынасы туралы келісім;

19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау " жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

РҚАО-ның ескертуі: 101.04 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Корпорациялық табыс салығы
бойынша декларацияға
(110.00-нысан) қосымша

Корпорациялық табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларациясын) жасау ережесі (110.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және корпорациялық табыс салығын есептеуге арналған осы Ережеге

қосымшаға сәйкес корпорациялық табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларациясын) (бұдан әрі – Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны салық режимінің тұрақтылығы көзделген жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа сәйкес қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (110.00 нысаны) және салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған қосымшалардан (110.01-110.18 нысандары) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшірулерге жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар Декларациядағы тиісті көрсеткіштерді ашып көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті түрде жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларды көрсетілуі тиіс деректер жоқ болған кезде жасалмайды.

7. Декларациядағы қосымша парағындағы жолдар көрсеткіштерінің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Ержеде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Сомалардың теріс мәндері Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақ торкөзінде "-" белгісімен белгінеді.

10. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Салық кодексі 61-бабының 3-тармағына сәйкес Декларацияға салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және салық төлеушінің не оның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық төлеушіге қайтарылады;

2) қағаз тасығышта хабарламасы бар тапсырысты хатпен почта бойынша – салық төлеуші почтаның немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылдап не қабылдамағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (110.00-нысаны)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Салық міндеттемесін сенім білдірілген басқарушы орындаған жағдайда жолда сенім білдірілген басқарушы – салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенім білдірілген басқарушы орындаған жағдайда жолда сенім білдірілген басқарушы – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі (жыл) – Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

5) Декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды есепке ала отырып белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген Декларацияның түрі табыс етілген жағдайда толтырылады.

7) валюта коды.

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік

құралдарын декларациялау ережесіне (бұдан әрі – Тауарларды декларациялау ережесі) "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) берілген қосымшалар.

Салық төлеуші табыс еткен Декларацияға қосымшаның нөмірі көрсетіледі;

9) резиденттік белгісі:

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі белгілейді;

10) резиденттік елінің коды және салықтық тіркеу нөмірі.

Егер Декларацияны Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолында Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшасына сәйкес резидент еместің резидент елінің коды көрсетіледі;

В жолында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмір көрсетіледі;

11) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұрақты мекеменің барлығы.

Торкөзді Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұрақты мекемесі бар резидент белгілейді.

15. "Жылдық жиынтық табыс" бөлімінде:

1) 110.00.001 жолында тауарлады сатудан, жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден алынған табыс көрсетіледі;

2) 110.00.002 жолында құн өсімінен алынған табыс көрсетіледі. Бұл жолға 110.01.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 110.00.003 жолында міндеттемелерді есептен шығарудан алынған табыс көрсетіледі;

4) 110.00.004 жолында күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар көрсетіледі. Бұл жолға 110.02 нысаны Н бағанының жиынтық мәні көшіріледі:

110.00.004 I жолында күмәнді деп танылған және жылдық табысқа енгізілетін сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

110.00.004 II жолында күмәнді деп танылған және жылдық табысқа енгізілетін қызметкерлерге есептелген және басқа да төлемдер бойынша міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

5) 110.00.005 жолында таза табысты бөлу кезінде алынған және әрбір құрылтайшының, қатысушының қатысу үлесін сақтай отырып Қазақстан

Республикасы резидент заңды тұлғаның жарғылық капиталын ұлғайтуға бағытталған табыс көрсетіледі. Бұл жолға 110.03 нысаны F бағанының жиынтық мәні көшіріледі;

6) 110.00.006 жолында 110.00.006 I және 110.00.006 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын талап ету құқығын басқаға беруден алынған табыс көрсетіледі:

110.00.006 I жолында сатып алынған талап ету құқығы бойынша талап ету құқығын басқаға беруден алынған табыс көрсетіледі;

110.00.006 II жолында басқа біреуге берілген талап ету құқығы бойынша талап ету құқығын басқа біреуге беруден алынған табыс көрсетіледі;

7) 110.00.007 жолында жылдық жиынтық табысқа енгізілетін кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған табыс;

8) 110.00.008 жолында тіркелген активтердің шығып қалуынан алынған табыстар көрсетіледі. Бұл жолға 110.11.006 жолы көшіріледі.

9) 110.00.009 жолында табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және өндіруге дайындық жұмыстарына жұмсалған шығыстардың, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден алынған табыс көрсетіледі;

10) 110.00.010 жолында кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін табыс көрсетіледі;

11) 110.00.011 жолында жер қорының пайдаланушының тарату қорының қаражатын мақсатсыз пайдалану мөлшері көрсетіледі. Бұл жолға 110.09.007 жолы көрсетіледі;

12) 110.00.012 жолында бірлескен қызмет жүзеге асырудан алынған табыс көрсетіледі;

13) 110.00.013 жолында жылдық жиынтық табысқа енгізілетін, егер бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, танылған немесе борышкер таныған айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа санкция түрлері көрсетіледі;

14) 110.00.014 жолында бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар көрсетіледі;

15) 110.00.015 жолында өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс көрсетіледі;

16) 110.00.016 жолында жылдық жиынтық табысқа енгізілетін дивидендтер көрсетіледі;

17) 110.00.017 жолында жылдық жиынтық табысқа енгізілетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 110.00.005 жол көшіріледі;

18) 110.00.018 жолында ҚР салық заңнамасына сәйкес есепке жатқызылатын жылдық жиынтық табысқа енгізілетін бағамдық айырма көрсетіледі;

19) 110.00.019 жолында жылдық жиынтық табысқа енгізілетін ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

20) 110.00.020 жолында жылдық жиынтық табысқа енгізілетін әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстардың нақты кеткен шығыстардан асып кетуі көрсетіледі;

21) 110.00.021 жолында салық төлеушінің жылдық жиынтық табысқа енгізілетін, бірақ 110.00.001-110.00.020 жолдарында көрсетілмеген табыстары көрсетіледі;

22) 110.00.022 жолында 110.00.001-110.00.021 жолдарындағы сомаларды қосумен айқындалатын жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы көрсетіледі;

23) 110.00.023 жолында жылдық жиынтық табысты түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі;

24) 110.00.024 жолында 110.00.022 және 110.00.023 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын түзетуді есепке ала отырып жылдық жиынтық табыс көрсетіледі.

16. "Шегерімдер" бөлімінде:

1) 110.00.025 жолында Салық кодексіне шегерімге жатқызылатын сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстар көрсетіледі. Бұл жол 110.07 нысаны G бағанының жиынтық мәнін де қамтиды;

2) 110.00.026 жолында шегерімге жатқызылатын айыппұлдардың, өсімпұлдарды, тұрақсыздық айыптарының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 110.00.027 жолында бірлескен қызмет бойынша немесе оның бір бөлігінің шығыстары көрсетіледі;

4) 110.00.028 жолында шегерімге жатқызылатын мүшелік жарналар көрсетіледі;

5) 110.00.029 жолында шегерімге жатқызылатын сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 110.06. нысаны G бағанының жиынтық мәні көшіріледі;

6) 110.00.030 жолында шегерімге жатқызылатын қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылардың сомасы көрсетіледі;

7) 110.00.031 жолында шегерімге жатқызылатын өкілдік шығыстардың сомасы көрсетіледі;

8) 110.00.032 жолында шегерімге жатқызылатын төленген күмәнді міндеттемелер көрсетіледі. Бұл жолға 110.07 нысаны H бағанының жиынтық мәні көшіріледі. Бұл жол 110.00.040 I және 110.00.040 II жолдарының сомасын қамтиды:

110.00.032 I жолында шегерімге жатқызылатын кредит берушіге төленген бұрын табыс деп танылған күмәнді міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

110.00.032 II жолында шегерімге жатқызылатын Салық кодексінің 88-бабына сәйкес бұрын табыс танылған төленген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

9) 110.00.033 жолында шегерімге жатқызылатын күмәнді міндеттемелер көрсетіледі. Бұл жолға 110.08 нысаны G бағанының жиынтық мәні көшіріледі. Бұл жол 110.00.033 I және 110.00.033 II жолдарының сомасын қамтиды:

110.00.033 I жолында талаптар туындаған кезден бастап үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған талаптардың сомасы көрсетіледі;

110.00.033 II жолында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкрот деп тануға байланысты қанағаттандырылмаған күмәнді талаптардың сомасы көрсетіледі;

10) 110.00.034 жолында шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарын жоюға арналған шығыстар және салдарды жою қорларына аударымдардың сомалары көрсетіледі. Бұл жолға 110.09.004 жолының сомасы көшіріледі;

11) 110.00.035 жолында шегерімге жатқызылатын ғылыми-зерттеу, жобалау, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар көрсетіледі;

12) 110.00.036 жолында шегерімге жатқызылатын жеке тұлғалардың есептелген табыстары және өзге де төлемдері бойынша шығыстар көрсетіледі;

13) 110.00.037 жолында шегерімге жатқызылатын табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және оларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстары және жер қойнауын пайдаланушының басқа да шегерімдері көрсетіледі. Бұл жолға 110.10 нысанның А және АВ бағандарының жиынтық мәндерінің сомалары көшіріледі. Жол 110.00.037 I жолын қамтиды:

110.00.037 I жолында шегерімге жатқызылатын жер қойнауын пайдаланушының қазақстандық кадрларды оқытуға және өңірлердің әлеуметтік саласын дамытуға арналған шығыстары көрсетіледі. Бұл жолға 110.10 нысаны L бағанының жиынтық мәні көшіріледі;

14) 110.00.038 жолында Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есепке жатқызылатын бағамдық айырмасының сомасы көрсетіледі;

15) 110.00.039 жолында шегерімге жатқызылатын салықтар көрсетіледі;

16) 110.00.040 жолында тіркелген активтер бойынша шегерімдер көрсетіледі. Бұл жолға 110.11.010 жолы көшіріледі;

17) 110.00.041 жолында шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар көрсетіледі;

18) 110.00.042 шегерімге жатқызылуы тиіс сома көрсетіледі. Бұл жолға 110.00.042 I жолы немесе 110.00.042 II жолы көшіріледі:

110.00.042 I жолында шегерімге жатқызылатын шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 110.00.025-110.00.041 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

110.00.042 II жолында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұрақты мекемелері бар резиденттер шегерімге жатқызуы тиіс шығыстардың сомасы көрсетіледі. 110.00.042 I және 110.13.002 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

17. "Салық салынатын табысты есептеу" бөлімінде:

1) 110.00.043 жолында салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. 110.00.024 және 110.00.042 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

2) 110.00.044 жолында резидент салық төлеушінің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде көздерден алған табыстарының сомасы көрсетіледі. Жол 110.00.044 I жолын да қамтиды;

110.00.044 I жолында салық салуда жеңілдігі бар елде алынған табыстар көрсетіледі. Бұл жолға 110.16 нысаны I бағанының жиынтық мәні көшіріледі;

3) 110.00.045 жолында халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуға жататын табыс көрсетіледі. Бұл жолға 110.15 нысаны Е бағанының жиынтық мәні көшіріледі. Бұл жол 110.00.045 I және 110.00.045 II жолдарының сомасын қамтиды:

110.00.045 I жолында қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуға жататын табыс көрсетіледі;

110.00.045 II жолында басқа да халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуға жататын табыс көрсетіледі;

4) 110.00.046 жолында халықаралық салық салу ерекшеліктерін есепке ала отырып салық салынатын табыс (залал) сомалары көрсетіледі. 110.00.045 (110.00.043 + 110.00.044 - 110.00.045) жолдарының сомаларын шегере отырып 110.00.043 және 110.00.044 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

5) 110.00.047 жолында келесі салық кезеңдеріне көшіруге жатпайтын алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық шегерімдерге жатқызудан алынған залал көрсетіледі;

6) 110.00.048 жолында келесі салық кезеңдеріне көшірілуге жататын залал көрсетіледі. Егер 110.00.046 жолының мәні теріс болса, 110.00.048 жолы 110.00.002 (110.00.046 - 110.00.047 + 110.01.002) жолын ескере отырып 110.00.046 жолының және 110.00.047 жолының модулінің айырмасы ретінде айқындалады. Егер 110.00.046 жолында оң мән немесе нөл көрсетілсе, 110.00.048 жолына 110.01.002 жолы көшіріледі;

7) 110.00.049 жолында салық салынатын табысты түзетулер көрсетіледі;

8) 110.00.050 жолында алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар көрсетіледі;

9) 110.00.051 жолында 110.00.046, 110.00.049 және 110.00.050 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын азайту мен көшірілген залалдарды есепке ала

отырып салық салынатын табыс көрсетіледі. Егер 110.00.050 жолы алдыңғы екі жолдың айырмасынан артық болса, онда Бұл жолдың мәні теріс болады.

18. "Салық міндеттемесінің есептеу" бөлімінде:

1) 110.00.052 жолында корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

2) 110.00.053 жолында бюджетке төленуге жататын корпорациялық табыс салығының есебіне жатқызылатын ұтысты, сыйақыны төлеу кезінде төлем көзінде ұсталған корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі. 110.04.001 I және 110.04.002 IV жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

3) 110.00.054 жолында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде алынған табыстарға төленген салықтардың немесе Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке алынатын Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде көздерден резидент салық төлеуші алған табыстарға салынатын табыс салығының ұқсас түрінің сомалары көрсетіледі. Бұл жолға 110.16 нысаны S бағанының жиынтық мәні көшіріледі;

4) 110.00.055 жолында салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 110.00.051 және 110.00.052 жолдарының туындысы мен 110.00.053 және 110.00.054 ((110.00.051 х 110.00.052 -(110.00.053 + 110.00.054)) жолдарының сомасының айырмашылығы ретінде айқындалады. Егер 110.00.053 және 110.00.054 жолдарының сомасы 110.00.051 және 110.00.052 жолдарының туындысынан асып кетсе, есепке жатқызу 110.00.051 және 110.00.052 жолдары туындысының сомасы шегінде жүргізіледі және 110.00.055 жолында нөл көрсетіледі;

5) 110.00.056 жолында Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы көрсетіледі. 110.00.051 және 110.00.055 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

6) 110.00.057 жолында таза табысқа салынатын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі:

110.00.057 I жолында 15 процент ставка бойынша есептелген таза табысқа салынатын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі (110.00.056 х 15%);

110.00.056 II жолында халықаралық шартта көзделген ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші таза табысқа салынатын корпорациялық табыс салығына қатысты халықаралық шарттың ережелерін қолданатын болса, таза табысқа салынатын корпорациялық табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

110.00.057 III жолы егер 110.00.057 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолда осы Ереженің 65-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы көрсетілген халықаралық шарт жасасылған елдің коды көрсетіледі
;

110.00.057 IV жолы егер 110.00.057 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолда көрсетілген халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

7) 110.00.058 жолында есептелген корпорациялық табыс салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. 110.00.055 және 110.00.057 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

8) 110.00.059 жолында салық кезеңі ішінде бюджетке енгізілген аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

9) 110.00.060 жолында төленуге жататын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 110.00.057 және 110.00.059 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Егер 110.00.058 жолы 110.00.059 жолынан артық болса толтырылады;

10) 110.00.061 жолында артық төленген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 110.00.059 және 110.00.058 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Егер 110.00.059 жолы 110.00.058 жолынан артық болса толтырылады.

19. "Басқа да ақпарат" бөлімінде:

1) 110.00.062 жолында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес белгіленетін жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүліктің құны көрсетіледі;

2) 110.00.063 жолында эмитенттің акцияларды орналастыруынан оның алған табыстары көрсетіледі;

3) 110.00.064 жолында өтеусіз берілген мүліктің құны көрсетіледі. Өтеусіз орындалған жұмыстарды орындаумен, қызметтерді көрсетумен байланысты құны осындай жұмыстарды орындаумен, қызметтерді көрсетуге байланысты шеккен шығыстардың мөлшерінде айқындалады;

4) 110.00.065 жолында Салық кодексінде көзделген жағдайларда салықтық міндеттеменің мөлшерін азайту сомасы көрсетіледі;

5) 110.00.066 жолында қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес активтерді қайта бағалауға арналған резервтерді азайту есебінен бөлінбеген пайданың ұлғаюы көрсетіледі;

6) 110.00.067 жолында шегерімге жатпайтын шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі.

20. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

2) Декларация табыс етілген күн. Декларацияны салық органына табыс еткен күн көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, есімі, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

5) Декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексі 584-бабының 2-тармағына сәйкес Декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі.

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) почта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Құн өсімінен түсетін табыс (залал) – 110.01-нысанын жасау

21. Осы нысан қолданылатын салық режимінің және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелерінің негізінде үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекет мұқтажы үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезіндегі құн өсіміне түсетін табыстарды айқындау үшін арналған.

22. "Үйлерді, ғимараттарды және құрылыстарды сату" бөлімінде:

1) 110.01.001 жолында үйлерді, ғимараттарды және құрылыстарды сату кезінде түсетін табыс көрсетіледі;

2) 110.01.002 жолында кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын үйлерді, ғимараттарды және құрылыстарды сату кезінде болатын залал көрсетіледі;

3) 110.01.003 жолында кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын үйлерді, ғимараттарды және құрылыстарды сату кезінде болатын залал көрсетіледі;

23. "Амортизацияға жатпайтын активтерді сату" бөлімінде:

1) 110.01.004 жолында үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды және бағалы қағаздарды қоспағанда, амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсімінен алынған табыс көрсетіледі;

24. "Бағалы қағаздарды сату" бөлімінде:

1) 110.01.005 жолында өткізу күні қор биржасының "А" және "В" ресми тізімдерінде болатын акцияларды өткізуден алынған табыс (залал) көрсетіледі;

2) 110.01.006 жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, басқа да бағалы қағаздарды сатудан алынған табыс (залал) көрсетіледі;

3) 110.01.007 жолында өткізу күні қор биржасының "А" және "В" ресми тізімдерінде болатын облигацияларды өткізуден алынған табыс (залал) көрсетіледі;

4) 110.01.008 жолында мемлекеттік бағалы қағаздарды және агенттік облигацияларды өткізуден алынған табыс (залал) көрсетіледі;

5) 110.01.009 жолында басқа борыштық бағалы қағаздарды өткізуден алынған табыс (залал) көрсетіледі;

6) 110.01.010 жолында өткен салық кезеңінен көшірілген өткізу күні қор биржасының "А" және "В" ресми тізімдерінде болатын акциялар мен облигацияларды, мемлекеттік бағалы қағаздарды және агенттік облигацияларды өткізуден алынған залалды қоспағанда, бағалы қағаздарды өткізуден алынған залал көрсетіледі;

7) 110.01.011 жолында 110.01.010 жолының сомасына азайтылған 110.01.006, 110.01.009 жолдарының сомасы және (немесе) айырмашылығы ретінде айқындалатын (Бұл жолда табыс немесе залал көрсетілуіне байланысты) көшірілген залалдардың сомасын ескере отырып өткізу күні қор биржасының "А " және "В" ресми тізімдерінде болатын акциялар мен облигацияларды, мемлекеттік бағалы қағаздарды және агенттік облигацияларды өткізуден алынған залалды қоспағанда, бағалы қағаздарды өткізуден алынған табыс (залал) көрсетіледі.

25. "Жиыны" бөлімінде:

110.01.012 жолында 110.01.001, 110.01.004, 110.01.005, 110.01.007, 110.01.008 және 110.01.011 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын бағалы қағаздарды қоса алғанда, үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсімінен алынған табыстың жалпы сомасы көрсетіледі

26. Салық төлеуші 110.01.002 жолында айқындалған кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын үйлерді, ғимараттарды және құрылыстарды сатудан залал алынған кезде, аталған залал алдыңғы салық кезеңдерінің салық салынатын табысының есебінен өтеу үшін үш жылды қоса алғандағы кезеңге дейін көшіріледі. Көрсетілген сома 110.00.048 жолының сомасын айқындау кезінде ескеріледі.

110.01.003 жолында айқындалған кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын үйлерді, ғимараттарды және құрылыстарды сатудан залал алынған жағдайда, аталған залал салық салу мақсатында есепке алынбайды.

110.01.005, 110.01.007, 110.01.018 жолдарында табыс алынған кезде Бұл жолдардың сомасы 110.00.023 жолына енгізіледі.

110.01.012 жолында айқындалған бағалы қағаздарды қоса алғанда, үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді

сату кезінде құн өсімінен алынуға жататын (алынған) табыстар 110.00.002 жолына көшіріледі.

4. Күмәнді міндеттемелер бойынша табыс – 110.02-нысанын жасау

27. Осы нысан қолданылатын салық режимінің және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелерінің негізінде күмәнді міндеттемелер бойынша табысты айқындау үшін арналған.

28. "Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кредитор салық төлеушінің немесе қызметкердің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) С бағанында кредитор салық төлеушінің немесе қызметкердің бизнес сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 65-тармағына сәйкес кредитор резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) Е бағанында кредитор резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында қосылған құн салығының сомасын есепке ала отырып міндеттеменің сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында міндеттеменің пайда болу сәтінде қолданылатын қосылған құн салығының ставкасы көрсетіледі;

8) Н бағанында салық кезеңінің жылдық жиынтық табысына енгізілетін күмәнді деп танылған міндеттеменің сомасы көрсетіледі.

Н бағанының жиынтық мәні 110.00.004 жолына көшіріледі.

5. Таза табыс, әрбір құрылтайшының, қатысушының қатысу үлесін сақтай отырып резидент заңды тұлғаның жарғылық капиталын ұлғайтуға бағытталған табыс – 110.03-нысанын жасау

29. Осы нысан таза табысты бөлу кезінде алынған және қатысушының қатысу үлесін сақтай отырып резидент заңды тұлғаның жарғылық капиталын ұлғайтуға бағытталған табыстың сомасын айқындау үшін арналған. Нысан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамалық актіге сәйкес және қолданылатын салық режимінің және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелерінің негізінде толтырылады.

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеуші құрылтайшысы, қатысушысы болып табылатын салық төлеуші резидент заңды тұлғаның тіркеу нөмірі;

3) C бағанында салық төлеуші құрылтайшысы, қатысушысы болып табылатын салық төлеуші резидент заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында салық төлеушінің заңды тұлғадағы қатысу үлесі көрсетіледі, проценттік қатынаста;

5) E бағанында салық төлеушінің салық кезеңінің басына заңды тұлғадағы қатысу үлесі көрсетіледі;

6) F бағанында заңды тұлғаның таза табысын бөлу кезінде алынған және салық төлеуші аталған заңды тұлғаның әрбір құрылтайшысының, қатысушысының қатысу үлесін сақтай отырып жарғылық капиталын ұлғайтуға бағыттаған табыстың сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында салық төлеушінің салық кезеңінің соңына заңды тұлғадағы қатысу үлесі көрсетіледі. E және F бағандарының тиісті мәндерін қосу жолымен айқындалады.

110.03 нысаны F бағанының жиынтық мәні 110.00.005 жолына көшіріледі.

6. Сыйақылар – 110.04 нысанын жасау

30. Осы нысан қолданылатын салық режимінің және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелерінің негізінде Қазақстан Республикасында да, оның шегінен тысқары жерлерде де салық төлеуші алуға жататын (алған) сыйақылар түріндегі табысын айқындау үшін арналған.

31. "Сыйақылар" бөлімінде:

1) 110.04.001 жолында активтер бойынша сыйақылар және сыйақыны төлеу көзінде ұсталған корпорациялық табыс салығы көрсетіледі:

110.04.001 I жолында борыштық бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақыларды қоспағанда, активтер бойынша сыйақылардың сомалары, сондай-ақ резидент еместерден алынған сыйақылардың сомалары көрсетіледі;

110.04.001 II жолында 110.04.001 I жолында көрсетілген сыйақылардан төлем көзінде ұсталған корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

2) 110.04.002 жолында борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар және сыйақыны төлеу көзінде ұсталған корпорациялық табыс салығы көрсетіледі:

110.04.002 I жолында мемлекеттік бағалы қағаздар мен агенттік облигацияларды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконт (сыйлықақы) көрсетіледі;

110.04.002 II жолында мемлекеттік бағалы қағаздар мен агенттік облигацияларды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар бойынша купон көрсетіледі;

110.04.002 III жолында мемлекеттік бағалы қағаздар мен агенттік облигацияларды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

110.04.002 IV жолында 110.04.002 III жолында көрсетілген сыйақылардан төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

3) 110.04.003 жолында мемлекеттік бағалы қағаздар мен агенттік облигациялар бойынша сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі:

110.04.003 I жолында мемлекеттік бағалы қағаздар мен агенттік облигациялар бойынша дисконт (сыйлықақы) көрсетіледі;

110.04.003 II жолында мемлекеттік бағалы қағаздар мен агенттік облигациялар бойынша купон көрсетіледі;

110.04.003 III жолында мемлекеттік бағалы қағаздар мен агенттік облигациялар бойынша сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 110.04.004 жолында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде алынуға жататын (алынған) сыйақылардың сомалары көрсетіледі;

5) 110.04.005 жолында 110.04.001 A, 110.04.002 C, 110.04.003 C 110.04.004 жолдарының сомалары ретінде айқындалатын сыйақылар бойынша табыстардың жиынтық сомасы көрсетіледі;

110.04.005 жолы 160.00.017 жолына көшіріледі.

110.04.001 II, 110.04.002 II жолдарының сомасы 160.00.053 жолына көшіріледі.

7. Сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша шығыстар – 110.05-нысаны жасау

32. Осы нысан қолданылатын салық режимінің және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелерінің негізінде шегерімге жататын сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша шығыстарды айқындау үшін арналған.

33. "Шығыстар" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында контрагент салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) C бағанында контрагент салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру) көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 65-тармағына сәйкес резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілгенде толтырылады;

6) F бағанында шығыс түрлерінің коды көрсетіледі:

1 – қаржы қызметтері;

2 – жарнамалық қызметтер;

3 – консультациялық қызметтер;

4 – маркетингтік қызметтер;

5 – дизайнерлік қызметтер;

7 – инжинирингтік қызметтер;

8 - өзгелері;

7) G бағанында шегерімге жатқызуға жататын шығыстардың сомасы көрсетіледі.

110.05 нысаны G бағанының қорытынды мәні 110.00.025 жолына енгізіледі.

8. Сыйақылар бойынша шығыстар – 110.06-нысанын жасау

34. Осы нысан қолданылатын салық режимінің және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелерінің негізінде шегерімге жатқызуға жататын сыйақылар бойынша шығыстардың сомасын айқындау үшін арналған.

35. "Сыйақылар" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) C бағанында салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру) көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 65-тармағына сәйкес резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

6) F бағанында сыйақының сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында шегерімге жатқызылатын сыйақының сомасы көрсетіледі.

G бағанының мәні 110.00.029 жолына көшіріледі.

9. Төленген күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттемелер - 110.07-нысанын жасау

36. Осы нысан қолданылатын салық режимінің және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелерінің негізінде шегерімге жатқызылатын төленген күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттемелерді айқындау үшін арналған.

37. "Есеп" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) C бағанында салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру) көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 65-тармағына сәйкес резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

6) F бағанында күмәнді деп танылған немесе есептен шығарылған сомалар көрсетіледі;

7) G бағанында төленген күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында бұрын күмәнді деп танылған немесе есептен шығарылған міндеттемелердің және шегерімге жатқызуға жататын табыстарға жатқызылған сома көрсетіледі. F және G бағандары мәнінен ең кемі ретінде айқындалады.

110.07 нысаны H бағанының жиынтық мәні 110.00.032 жолына көшіріледі.

10. Күмәнді талаптар – 110.08-нысаны

38. Осы нысан қолданылатын салық режимінің және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелерінің негізінде шегерімге жатқызылатын күмәнді талаптарды айқындау үшін арналған.

39. "Күмәнді талаптар" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) C бағанында салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру) көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 65-тармағына сәйкес резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында резиден емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

6) F бағанында тауарларды сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету бойынша талаптардың сомасы (жанама салықтарсыз) көрсетіледі;

7) G бағанында тауарларды сатудан, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден алынған бұрын танылған табыс мөлшерінің шегінде шегерімге жатқызылатын күмәнді деп танылған талаптың сомасы көрсетіледі.

110.08 нысаны G бағанының жиынтық мәні 110.00.033 жолына көшіріледі.

11. Кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударымдар - 110.09-нысанын жасау

40. Осы нысан қолданылатын салық режимінің және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелерінің негізінде кен орындарын әзірлеу салдарларын жоюға кеткен шығыстарды және жою қорларына аударымдар сомасын айқындау үшін арналған.

41. "Шегерімдер" бөлімінде:

1) 110.09.001 жолында Салық кодексі 107-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын жою қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі;

2) 110.09.002 жолында шегерімге жатқызылатын салық кезеңі ішінде кен орындарын әзірлеу салдарларын жоюға кеткен нақты шығыстар көрсетіледі;

3) 110.09.003 жолында шегерімге жатқызылатын қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

4) 110.09.004 жолында шегерімге жатқызылатын шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 110.09.001-110.09.003 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

110.09.004 жолы 110.09.003 жолына көшіріледі.

42. "Кірістер" бөлімінде:

1) 110.09.005 жолында жылдық жиынтық табысқа енгізілетін жою қорының қаражаттарын жер қойнауын пайдаланушы мақсатсыз пайдаланған қаражаттарының сомасы көрсетіледі;

2) 110.09.006 жолында жылдық жиынтық табысқа енгізілетін, қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорының қаражаттарын жер қойнауын пайдаланушы мақсатсыз пайдаланған қаражаттарының сомасы көрсетіледі;

3) 110.09.007 жолында жер қойнауын пайдаланушы табыстарының жалпы сомасы көрсетіледі. 110.09.005 және 110.09.006 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

110.09.007 жолы 110.09.011 жолына көшіріледі.

12. Геологиялық зерттеуге, табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстары - 110.10-нысанын жасау

43. Осы нысан қолданылатын салық режимінің және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелерінің негізінде шегерімге жатқызуға жататын жер қойнауын пайдаланушының коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезге дейін геологиялық зерттеуге, табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына жүргізген шығыстарының және жер қойнауын

пайдаланушылардың басқа да шығыстарының сомаларын айқындау үшін арналған.

44. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт нөмірі мен күні көрсетіледі;

3) C бағанында геологиялық зерттеуге шығыстар көрсетіледі;

4) D бағанында бағалау, орналасу бойынша шығыстарды қоса алғанда, барлауға және пайдалы қазбаларды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар көрсетіледі;

5) E бағанында жалпы әкімшілік шығыстар көрсетіледі;

6) F бағанында төленген қол қою бонусының сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында төленген коммерциялық табу бонусының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт ережелеріне сәйкес төленген өндіру бонусының сомасы көрсетіледі. Өндіру бонусын төлеуші болып табылатын жер қойнауын пайдаланушы толтырады;

9) I бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт ережелеріне сәйкес тарихи шығындардың төленген сомасы көрсетіледі. Тарихи шығындарды төлеуші болып табылатын жер қойнауын пайдаланушы толтырады.

10) J бағанында салық кезеңі үшін келісім-шарт шеңберінде айқындалған қазақстандық кадрларды оқытуға, өңірлердің әлеуметтік саласын дамытуға шығыстардың сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында қазақстандық кадрларды оқытуға, салық кезеңі үшін өңірлердің әлеуметтік саласын дамытуға нақты жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында шегерімге жатқызылатын қазақстандық кадрларды оқытуға, өңірлердің әлеуметтік саласын дамытуға шығыстардың сомасы көрсетіледі. J және K бағандары мәнінен ең кемі ретінде айқындалады;

13) M бағанында негізгі құралдарды сатып алу бойынша шығыстар көрсетіледі;

14) N бағанында жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алуға байланысты кеткен материалдық емес активтерді сатып алуға шығыстар көрсетіледі;

15) O бағанында өзге де материалдық емес активтерді сатып алу бойынша шығыстар көрсетіледі;

16) P бағанында шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар көрсетіледі;

17) Q бағанында жер қойнауын пайдаланушының коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған кезге дейінгі шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. B-дан I-ге дейінгі және L-дан P-ге дейінгі бағандардың сомасы ретінде айқындалады ((B-дан I-ге дейінгі сома) + (L-дан P-ге дейінгі сома));

18) R бағанында жылдық жиынтық табыстан алып тастауға жататын табыстарды қоспағанда, коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған кезге дейін геологиялық зерттеу, барлау және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарын жүргізу кезеңінде жасалған келісім-шарт шеңберінде жүзеге асыратын қызметі бойынша жер қойнауын пайдаланушының алған табыстары көрсетіледі;

19) S бағанында коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған кезге дейін өндірілген пайдалы қазбаларды өткізу кезінде алынған табыстар көрсетіледі;

20) T бағанында жер қойнауын пайдалану құқығының бір бөлігін сатудан түскен табыстар көрсетіледі;

21) U бағанында табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. R-ден T-ға дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

22) V бағанында коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған кезге дейін жиналған шығыстардың сомасы көрсетіледі. Q және U бағандарының айырмасы ретінде коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған сәтте айқындалады;

23) W бағанында алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген амортизацияланатын активтердің тобы бойынша жинақталған шығыстардың сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, егер V және W жолдарының сомасында теріс мән болса, одан әрі есеп 110.10 нысаны бойынша есеп тоқтатылады;

24) X бағанында 25 процент мөлшерінде айқындалған амортизацияның шекті нормасы көрсетіледі;

25) Y бағанында X бағанында көрсетілген амортизацияның шекті нормасынан көп болмауы тиіс қолданылатын амортизация нормасы көрсетіледі;

26) Z бағанында шегерімге жатқызылатын сома көрсетіледі. V және W бағандарының және Y жолының сомасының туындысы ретінде айқындалады ((V + W) x Y);

27) AA бағанында кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін шығыстардың сомасы көрсетіледі. V және Y жолдарының және Z жолының сомаларының айырмасы ретінде айқындалады ((V + Y) – Z);

28) AB бағанында шегерімге жатқызылатын, соңғы салық кезеңінің соңына қалыптасқан амортизацияланатын активтер тобының құндық теңгерімі көрсетіледі.

Егер V және W жолдарының сомасында теріс мән болса, бұл мән модуль бойынша 110.00.009 жолына көшіріледі.

110.10 нысаны Z және AB бағандарының жиынтық мәні 110.00.037 жолына көшіріледі.

110.10 нысаны L бағанының жиынтық мәні 110.00.037 I жолына көшіріледі.

13. Тіркелген активтер бойынша шегерімдер – 110.11-нысанын жасау

45. Осы нысан салық салу мақсатында тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың, жөндеуге шығыстардың және басқа да шегерімдердің сомаларын, сондай-ақ істен шыққан тіркелген активтер құнының (I және II топтары активтерін өткізуден басқа) кіші топ теңгерімінің құнынан асып кетуінен алынған табыстарды айқындау үшін арналған. Нысан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамалық актіге, қолданылатын салық режимінің және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелеріне сәйкес толтырылады.

46. "Есеп" бөлімінде:

1) 110.11.001 жолында "Үйлер, ғимараттар" тобы бойынша шегерімдер айқындалады;

110.11.001 I жолында салық кезеңінің басына "Ғимараттар, құрылыстар" тобының негізгі құралдары кіші топтарының құндық теңгерімі көрсетіледі;

110.11.001 II жолында "Үйлер, ғимараттар" тобының I кіші топтарының негізгі құралдарына жүргізілген қайта бағалау көрсетіледі;

110.11.001 III жолында "Үйлер, ғимараттар" тобының I кіші топтарының келіп түскен негізгі құралдарының құны көрсетіледі;

110.11.001 IV жолында "Үйлер, ғимараттар" тобының I кіші топтарының істен шыққан негізгі құралдарының құны көрсетіледі;

110.11.001 V жолында есепті салық кезеңінің соңына "Үйлер, ғимараттар" тобының негізгі құралдары кіші топтарының құндық теңгерімі көрсетіледі;

110.11.001 VI жолында "Үйлер, ғимараттар" тобының I кіші тобының негізгі құралдары бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

110.11.001 VII жолында топтың теңгерімдік құнының 15 проценті шегінде шегерімге жатқызылатын "Үйлер, ғимараттар" тобының I негізгі құралдарын жөндеуге нақты шығыстар көрсетіледі;

110.11.001 VIII жолында топтың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын "Үйлер, ғимараттар" тобының I кіші топтарының негізгі құралдарын жөндеуге нақты шығыстар көрсетіледі;

110.11.001 IX жолында егер де оның мөлшері салық кезеңінің соңына Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерінен кем шаманы құрайтын жағдай кезінде шегерімге жатқызылатын "Үйлер, ғимараттар" тобының I кіші топтарының теңгерімдік құны көрсетіледі;

110.11.001 X жолында кіші топтың барлық негізгі құралдары істен шыққан кезде шегерімге жататын "Үйлер, ғимараттар" тобының I кіші топтарының теңгерімдік құны көрсетіледі;

110.11.001 XI жолында салық кезеңінің соңына "Үйлер, ғимараттар" тобының I негізгі құралдары кіші топтарының құндық теңгерімі көрсетіледі;

2) 110.11.002 жолында "Құрылыстар" II тобы бойынша шегерімдер айқындалады;

110.11.002 I жолында салық кезеңінің басына "Құрылыстар" тобының негізгі құралдары кіші топтарының құндық теңгерімі көрсетіледі;

110.11.002 II жолында "Құрылыстар" тобының II кіші топтарының негізгі құралдарына жүргізілген қайта бағалау көрсетіледі;

110.11.002 III жолында "Құрылыстар" тобының III кіші топтарының келіп түскен негізгі құралдарының құны көрсетіледі;

110.11.002 IV жолында "Құрылыстар" тобының II кіші топтарының істен шыққан негізгі құралдарының құны көрсетіледі;

110.11.002 V жолында есепті салық кезеңінің соңына "Құрылыстар" тобының негізгі құралдары кіші топтарының құндық теңгерімі көрсетіледі;

110.11.002 VI жолында "Құрылыстар" тобының II кіші тобының негізгі құралдары бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

110.11.002 VII жолында топтың теңгерімдік құнының 15 проценті шегінде шегерімге жатқызылатын "Үйлер, ғимараттар" тобының I негізгі құралдарын жөндеуге нақты шығыстар көрсетіледі;

110.11.002 VIII жолында топтың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын "Үйлер, ғимараттар" тобының I кіші топтарының негізгі құралдарын жөндеуге нақты шығыстар көрсетіледі;

110.11.002 IX жолында егер де оның мөлшері салық кезеңінің соңына Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерінен кем шаманы құрайтын жағдай кезінде шегерімге жатқызылатын "Құрылыстарр" тобының II кіші топтарының теңгерімдік құны көрсетіледі;

110.11.002 X жолында кіші топтың барлық негізгі құралдары істен шыққан кезде шегерімге жататын "Құрылыстар" тобының II кіші топтарының теңгерімдік құны көрсетіледі;

110.11.002 XI жолында салық кезеңінің соңына "Құрылыстар" тобының II негізгі құралдары кіші топтарының құндық теңгерімі көрсетіледі;

3) 110.11.003 жолында қалған негізгі құралдар бойынша шегерімдер айқындалады;

110.11.003 I жолында салық кезеңінің басына басқа да топтардың негізгі құралдары бойынша кіші топтардың құндық теңгерімі көрсетіледі;

110.11.003 II жолында басқа да топтардың негізгі құралдарына жүргізілген қайта бағалау көрсетіледі;

110.11.003 III жолында басқа да топтардың келіп түскен негізгі құралдарының құны көрсетіледі;

110.11.003 IV жолында басқа да топтардың істен шыққан негізгі құралдарының құны көрсетіледі;

110.11.003 V жолында салық кезеңінің соңына басқа да топтардың негізгі құралдарының кіші топтарының құндық теңгерімі көрсетіледі;

110.11.003 VI жолында басқа да топтардың негізгі құралдарының кіші топтары бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

110.11.003 VII жолында топтың тиісті теңгерімдік құнының 15 проценті шегінде шегерімге жатқызылатын негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстар көрсетіледі;

110.11.003 VIII жолында топтың тиісті құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстар көрсетіледі;

110.11.003 IX жолында егер де оның мөлшері салық кезеңінің соңына Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерінен кем шаманы құрайтын жағдай кезінде шегерімге жатқызылатын кіші топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

110.11.003 X жолында кіші топтың барлық негізгі құралдары істен шыққан кезде шегерімге жататын кіші топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

110.11.003 XI жолында салық кезеңінің соңына басқа да топтардың кіші топтары негізгі құралдарының құндық теңгерімі көрсетіледі;

4) 110.11.004 жолында негізгі құралдар бойынша шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

110.11.004 I жолында салық кезеңінің басына негізгі құралдар кіші топтарының құндық теңгерімі көрсетіледі. 110.11.001 I, 110.11.002 I, 110.11.003 I жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

110.11.004 II жолында кіші топтардың негізгі құралдарына жүргізілген қайта бағалау көрсетіледі. 110.11.001 II, 110.11.002 II, 110.11.003 II жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

110.11.004 III жолында кіші топтардың келіп түскен негізгі құралдарының құны көрсетіледі. 110.11.001 III, 110.11.002 III, 110.11.003 III жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

110.11.004 IV жолында кіші топтардың істен шыққан негізгі құралдарының құны көрсетіледі. 110.11.001 IV, 110.11.002 IV, 110.11.003 IV жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

110.11.004 V жолында салық кезеңінің соңына кіші топтардың негізгі құралдарының құндық теңгерімі көрсетіледі. 110.11.001 V, 110.11.002 V, 110.11.003 V жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

110.11.004 VI жолында негізгі құралдардың кіші топтары бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі. 110.11.001 VI, 110.11.002 VI, 110.11.003 VI жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

110.11.004 VII жолында топтардың теңгерімдік құнының 15 проценті шегінде шегерімге жатқызылатын негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 110.11.001 VII, 110.11.002 VII, 110.11.003 VII жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

110.11.004 VIII жолында топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 110.11.001 VIII, 110.11.002 VIII, 110.11.003 VIII жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

110.11.004 IX жолында егер де оның мөлшері салық кезеңінің соңына Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерінен кем шаманы құрайтын жағдай кезінде шегерімге жатқызылатын кіші топтардың теңгерімдік құндарының жалпы сомасы көрсетіледі. 110.11.001 IX, 110.11.002 IX, 110.11.003 IX жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

110.11.004 X жолында кіші топтардың барлық тіркелген активтері істен шыққан кезде шегерімге жататын кіші топтардың теңгерімдік құнының жалпы сомасы көрсетіледі. 110.11.001 X, 110.11.002 X, 110.11.003 X жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

110.11.004 XI жолында салық кезеңінің соңына кіші топтардың негізгі құралдарының құндық теңгерімдерімінің жалпы сомасы көрсетіледі. 110.11.001 XI, 110.11.002 XI, 110.11.003 XI жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

5) 110.11.005 жолында материалдық емес активтер бойынша шегерімдер айқындалады:

110.11.005 I жолында есепті салық кезеңінің басына материалдық емес активтер кіші тобының құндық теңгерімі көрсетіледі;

110.11.005 II жолында кіші топтың материалдық емес құралдарын қайта бағалау көрсетіледі;

110.11.005 III жолында есепті салық кезеңінің ішінде сатып алынған, өтеусіз алынған, сондай-ақ жарғылық капиталға жарна ретінде келіп түскен және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын материалдық емес активтердің құны көрсетіледі;

110.11.005 IV жолында материалдық активтерді сатудан алынуға жататын (алынған), қаржы лизингіне беру, жарғылық капиталға салым ретіндегі, сондай-ақ есептен шығару, жоғалту, бүлдіру, жою, жоғалту кезінде сақтандырылған материалдық емес активтер бойынша сомалар көрсетіледі;

110.11.005 V жолында есепті салық кезеңінің соңына материалдық емес активтер кіші тобының құндық теңгерімі көрсетіледі;

110.11.005 VI жолында есепті салық кезеңі үшін есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі. 110.11.005 V және 110.11.005 XI жолдарының туындысы ретінде айқындалады;

110.11.005 VII жолында егер де оның мөлшері салық кезеңінің соңына Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерінен кем шаманы құрайтын жағдай кезінде шегерімге жатқызылатын кіші топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

110.11.005 VIII жолында 110.11.005 V жолында көрсетілген есепті салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі, егер есепті салық кезеңінің соңына аталған кіші топтың барлық тіркелген активтер істен шықса;

110.11.005 IX есепті салық кезеңінің соңына шағын топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

110.11.005 X жолында амортизацияның шекті нормасы көрсетіледі, процентпен;

110.11.005 XI қолданылатын амортизацияның нормасы процентте көрсетіледі , бірақ 110.11.005 X жолында көрсетілген шекті нормадан жоғары емес;

6) 110.11.006 жолында істен шыққан тіркелген активтер құнының кіші топтың құндық теңгерімінен асып кетуінен алынған алынған табыс көрсетіледі. 110.11.003 V және 110.11.005 V жолдарының теріс мәндерін қосу жолымен айқындалады. Алу белгісінсіз көрсетіледі;

7) 110.11.007 жолы шегерімге жатқызуға жататын жалға алушы жалға алынатын негізгі құралдарды жөндеуге жұмсаған және жалға беру шартына сәйкес жалға беруші өтемейтін шығыстардың сомасын көрсетуге арналған.

110.11.007 I жолында жалға алынған негізгі құралдар үшін жылдық төлемақының сомасы көрсетіледі;

110.11.007 II салық кезеңінің басына кіші топтардың құндық теңгерімі көрсетіледі;

110.11.007 III амортизациялық аударымдар түрінде есепке жатқызуға жататын жөндеуге шығыстар көрсетіледі;

110.11.007 IV жолында жөндеуге кеткен нақты шығыстар көрсетіледі;

110.11.007 V жолында жөндеуге кеткен шығыстар көрсетіледі. Өтелуге жататындар;

110.11.007 VI жолында белгіленген шектерде шегерімге жатқызуға жататын жөндеуге кеткен шығыстар көрсетіледі;

110.11.007 VII жолында кіші топтың құндық теңгермесін ұлғайтуға жатқызылған жөндеуге кеткен шығыстар көрсетіледі;

110.11.007 VIII жолында салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгермесі көрсетіледі;

110.11.007 IX жолында шегерімге жатқызылатын жөндеуге кеткен шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

8) 110.11.008 жолы амортизация нормаларының шегінде өндірістік мақсаттарда пайдаланылатын сатып алынған технологиялық жабдық құнының сомаларын көрсетуге арналған;

110.11.008 I жолында салық кезеңінің басына өндірістік мақсатта пайдаланылатын технологиялық жабдықтың құны көрсетіледі;

110.11.008 II жолында өндірістік мақсатта пайдаланылатын келіп түскен технологиялық жабдықтың құны көрсетіледі;

110.11.008 III жолында салық салу мақсатында белгіленетін амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

110.11.008 IV жолында шегерімге жататын өндірістік мақсатта пайдаланылатын технологиялық жабдықтың құны көрсетіледі;

110.11.008 V жолында салық кезеңінің соңына өндірістік мақсатта пайдаланылатын технологиялық жабдықтың құны көрсетіледі;

9) 110.11.009 жолы өзіндік құрылыс бойынша шығыстарды көрсетуге арналған;

110.11.009 I жолында салық кезеңінің басына өндірістік мақсатта үшін өзіндік құрылыс объектілерінің құны;

110.11.009 II жолында салық кезеңі үшін орындалған жұмыстардың және шығындардың құны көрсетіледі;

110.11.009 III жолында шегерімге жататын құрылыс бойынша шығыстар көрсетіледі.

110.11.009 IV жолында салық кезеңінің соңына аяқталмаған құрылыс құнының көрсетіледі;

10) 110.11.010 жолында тіркелген активтер бойынша шегерімнің жалпы сомасы көрсетіледі. 110.11.004 VI, 110.11.004 VII, 110.11.004 IX, 110.11.004 X, 110.11.005 VI, 110.11.005 VII, 110.11.005 VIII, 110.11.007 IX, 110.11.008 IV, 110.11.009 III жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

14. Резидент еместің басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстары – 110.12-нысанын жасау

47. Осы нысан қолданылатын салық режимінің және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелерінің негізінде басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстар сомасын айқындау үшін арналған және Қазақстан Республикасымен жасасқан қосарланған салық салуды болдырмау және

табыстарға және мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын алу туралы халықаралық шарттың (бұдан әрі – халықаралық шарт) ережелерін қолдануға құқығы бар, қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес толтырады.

48. "Қосымша ақпарат" бөлімінде:

1) шығыстарды шегерімге жатқызудың қолдану әдісі. Шығыстарды шегерімге жатқызу кезінде қолданылатын әдіс белгіленеді:

А торкөзі егер барабар бөлу әдісі қолданылса, белгіленеді;

В торкөзі егер тікелей бөлу әдісі қолданылса, белгіленеді;

2) барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілі. Қолданылатын есептік көрсеткішті есептеу тәсілі белгіленеді:

А торкөзі егер айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді;

В торкөзі егер айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді;

3) халықаралық шарт жасасқан резиденттік елінің коды. Қазақстан Республикасы қолданылатын халықаралық шарт жасасқан осы Ереженің 65-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) салық кезеңі. Халықаралық шарт жасасқан еліндегі салық кезеңінің басталу және аяқталу күні белгіленеді;

5) салық кезеңінің түзету коэффициенті (-тері) (бұдан әрі - СКТК). Ол (олар) қолданылған жағдайда СКТК (СКТК1 және СКТК2) түзету коэффициентінің (-терінің) мөлшері белгіленеді.

49. "Шығыстар" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында тиісті көрсеткіштер айқындалған;

3) С бағанында СКТК (пайдаланылған кезде) ескеріле отырып, резидент емес салық төлеуші және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеме алған (алуы тиіс) жылдық жиынтық табыс сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында СКТК (пайдаланылған кезде) ескеріле отырып, резидент емес заңды тұлғаның және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің негізгі құралдарының бастапқы (ағымдағы) құнының сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында СКТК (пайдаланылған кезде) ескеріле отырып, резидент емес салық төлеушінің және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында қолданылатын тәсіл бойынша есептелген есептік көрсеткіш мөлшері көрсетіледі. Есептік көрсеткіш Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметтен салыстырмалы көрсеткіштердің барабар бөлу әдісін

қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілін қолдануға байланысты 4 C жолында немесе 4 C, 4 D, 4 E жолдарының сомасының 3-ке қатынасы ((4 C + 4 D + 4 E)/3) ретінде айқындалатын резидент еместің салыстырмалы көрсеткіштеріне қатынасын білдіреді;

7) Есептік көрсеткіштерді айқындау кезінде мыңдық үлестер көрсетіледі;

8) G бағанында резидент еместің басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы көрсетіледі;

9) H бағанында G бағанында көрсетілген шығындар ескеріле отырып, салық төлеуші шығынының жалпы сомасы көрсетіледі.

15. Резиденттің басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстары – 110.13-нысанын жасау

50. Осы нысан шегерімге жатқызылатын Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі көздерден табыс алу мақсатында шеккен басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстардың сомасын айқындау үшін арналған. Нысан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамалық актіге, қолданылатын салық режиміне және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес толтырылады.

51. "Қосымша ақпарат" бөлімінде:

1) шығыстарды шегерімге жатқызудың қолдану әдісі. Шығыстарды шегерімге жатқызу кезінде қолданылатын әдіс белгіленеді:

A торкөзі егер барабар бөлу әдісі қолданылса, белгіленеді;

B торкөзі егер тікелей бөлу әдісі қолданғанда белгіленеді;

C торкөзі егер шет ел мемлекетінде шегерімге жатқызудың өзге әдісі қолданғанда белгіленеді;

2) барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілі. Қолданылатын есептік көрсеткішті есептеу тәсілі белгіленеді:

A торкөзі егер есептік көрсеткіштің бірінші есептеу тәсілі қолданылғанда белгіленеді;

B торкөзі егер есептік көрсеткіштің екінші есептеу тәсілі қолданылғанда белгіленеді;

52. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 110.13.001 жолында салық кезеңінде резидент заңды тұлғаның басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстары көрсетіледі;

2) 110.13.002 жолында Салық кодексінің 222-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын резидент заңды тұлғаның басқарушылық және жалпы әкімшілік

шығыстары көрсетіледі. 110.13.002 жолына 110.16 нысаны L бағынның жиынтық мәні көшіріледі.

110.13.002 жолының шамасы 110.00.042 II жолын есептеу кезінде ескеріледі.

16. Коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берілген мүлік. Демеушілік көмек – 110.14-нысанын жасау

53. Осы нысан салық төлеушінің коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берген мүлігінің құны және демеушілік көмек түріндегі шығыстарын айқындау үшін арналған.

54. "Есеп" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) С бағанында салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 65-тармағына сәйкес контрагент резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі.

5) Е бағанында контрагент резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады.

6) F бағанында шығыс түрінің коды көрсетіледі:

1 - коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берілген мүлік;

2 - демеушілік көмек;

7) G бағанында жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

110.14 нысаны G бағанының жиынтық мәні 110.00.049 жолын айқындау кезінде ескеріледі.

17. Халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуға жататын табыс – 110.15-нысанын жасау

55. Осы нысан халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасымен жасасылған халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуға жататын табысты айқындау үшін арналған.

56. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында оған сәйкес табысқа қатысты салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамалық актіде, қолданылатын салық режимінде және жер қойнауын пайдалануға келісім-шартта белгіленген тәртіптен ерекше салық салу тәртібі белгіленген осы Ереженің 66-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 65-тармағына сәйкес онымен халықаралық шарт жасасылған елдің коды көрсетіледі;

5) Е бағанында халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес салық салудан босатылуға жататын табыс көрсетіледі.

110.15-нысаны Е бағанының жиынтық мәні 110.00.045 жолына көшіріледі.

18. Шетелдік көздерден алынатын табыстар, салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасы немесе пайдасының бір бөлігінің сомалары. Төленген шетел салығының және есепке жатқызудың сомасы – 110.16-нысанын жасау

57. Бұл нысан шетел көздерінен кірістерді, салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасы немесе пайдасының бір бөлігінің сомаларын, сондай-ақ төленген шетел салығы мен есепке жатқызу сомасын айқындауға арналған. Салық кодексінің 7-бөлімінде айқындалған халықаралық салық салу ерекшеліктеріне сәйкес.

58. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ереженің 65-тармағына сәйкес елдің коды көрсетіледі. Осы бағанда табыс төлейтін резидент еместің резиденттік елінің коды (тұрақты мекемеге байланысты емес қызметтен табыс алған жағдайда), не табыс көзі елінің коды (тұрақты мекеме арқылы қызметтен табыс алған жағдайда), өзге жағдайларда салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында шетел мемлекетіндегі тұрақты мекеменің (тұрақты мекеме арқылы қызметтен табыс алған жағдайда), не табыс төлейтін резидент еместің (тұрақты мекемеге байланысты емес қызметтен табыс алған жағдайда) салықтық тіркеу нөмірі, өзге жағдайларда салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 63-тармағының 2) тармақшасына сәйкес резидент салық төлеуші тұрақты мекемеге байланысты емес шетел көздерінен алған кіріс түрінің коды көрсетіледі;

5) Е бағанында осы Ереженің 64-тармағына сәйкес кіріс алу валютасының коды көрсетіледі;

6) F бағанында резидент салық төлеушінің салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі

немесе салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің дауыс беретін акцияларының үлесі, өзге жағдайларда табысты төлейтін резидент еместің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі процентте көрсетіледі;

7) G бағанында салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша айқындалған пайдасының жалпы сомасы, шетел валютасында көрсетіледі;

8) H бағанында резидент салық төлеушіге тиесілі салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің пайдасының сомасы шетел валютасында көрсетіледі. 100 %-ке F және G бағандарының тиісті мәндерінің туындысына қатысы ретінде айқындалады ((F x G)/100%);

9) I бағанында H бағанында көрсетілген, қайта есептеу жүргізілген күнге айырбастау валютасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген пайда сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында резидент салық төлеушінің тұрақты мекемеге байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден есептелген табыстарының сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

11) K бағанында J бағанында көрсетілген қайта есептеу жүргізілген күнге айырбастау валютасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекемелер шегерімге жатқызатын басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстардың сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекемелер шегерімге жатқызатын өзге де шығыстар көрсетіледі;

14) N бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша есептелген шетел мемлекетіндегі тұрақты мекеме арқылы қызметтен түскен салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша есептелген шетел мемлекетіндегі тұрақты мекеме арқылы қызметтен түскен салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі;

16) P бағанында тиісті төлем көзі елінің заңнамасымен немесе халықаралық шартпен белгіленген табыс салығының ставкалары көрсетіледі;

17) Q бағанында әр кірістерді төлем көзі елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

18) R бағанында Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуы тиіс табыс салығының ставкалары көрсетіледі;

19) S бағанында Салық кодексінің 223-бабының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде есепке

жатқызылуға тиісті шетел мемлекетіндегі көздерден алынатын табыстарға салынатын табыс салығының сомалары көрсетіледі.

110.16-нысанының А-дан I-ге дейінгі бағандар Салық кодексінің 224-бабына сәйкес толтырылады.

110.16-нысанының А-дан F-ке дейінгі, J-дан О-ға дейінгі бағандары Салық кодексінің 221-бабына сәйкес толтырылады.

110.16-нысанының А-дан F-ке дейінгі, J, К, N-дан S-ке дейінгі бағандар Салық кодексінің 223-бабына сәйкес толтырылады.

110.16-нысанының I бағанының жиынтық мәні 110.00.044 I жолына көшіріледі.

110.16-нысанының L бағанының жиынтық мәні 110.13.002 жолына көшіріледі .

110.16-нысанының S бағанының жиынтық мәні 110.00.054 жолына көшіріледі .

19. Әрбір жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт бойынша, кен орындары (кен орындарының тобы, кен орнының бөлігі) бойынша корпорациялық табыс салығын есептеу бойынша салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы – 110.17-нысанын жасау

59. Осы нысан жер қойнауын пайдаланушының әрбір жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт бойынша корпорациялық табыс салығын есептеу бойынша салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты көрсетуі үшін арналған.

60. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

3) С бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа жататын жылдық жиынтық табыс көрсетіледі;

4) D бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа жататын жылдық жиынтық табысты түзету көрсетіледі;

5) Е бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа жататын шегерімдер көрсетіледі;

6) F бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа жататын салық салынатын табыс (залал) көрсетіледі;

7) G бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа жататын салық салынатын табысты азайту мөлшері көрсетіледі;

8) Н бағанында алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілетін залалдар көрсетіледі ;

9) І бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа жататын есептелген корпорациялық табыс салығы көрсетіледі.

20. Табыстар мен шығыстар туралы есепті Корпорациялық табыс салығы бойынша декларациямен салыстырып тексеру – 110.18-нысанын жасау

61. Бұл нысан табыстар мен шығыстар туралы есеп бойынша таза табыс пен Декларация бойынша айқындалған салық салынатын табыстың арасындағы айырманы анықтау жолымен оларды салыстырып тексеру үшін арналған.

Айырманы анықтау үшін бұл қосымшада қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес салық кезеңі үшін жасалған табыстар мен шығыстар туралы есепте салық төлеуші айқындаған табыстарды (залалдарды) Салық кодексіне сәйкес айқындалған табыстармен және шегерімдермен салыстырып тексеру жүргізіледі.

А бағанын толтырған кезде Декларацияда көрсетілген деректер пайдаланылады.

В бағанын толтырған кезде Қазақстан Республикасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған бухгалтерлік есеп деректері пайдаланылады.

С бағанында 110.18.001, 110.18.002, 110.18.003 жолдарынан басқа, А және В бағандары мәндерінің айырмасы көрсетіледі.

62. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 110.18.001 жолында қаржы есептілігі бойынша таза табыс (залал) көрсетіледі;

2) 110.18.002 жолында 110.00.055 және 110.00.057 жолдарында көрсетілген корпорациялық табыс салығы көрсетіледі;

3) 110.18.003 жолында 110.18.051 жолында көрсетілген салық салынатын табыс көрсетіледі;

4) 110.18.004 жолында:

А бағанына 110.00.001 жолы көшіріледі;

В бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен табыс көрсетіледі;

5) 110.18.005 жолында:

А бағанына 110.00.002 жолы көшіріледі;

В бағанында 110.18.004 жолында көрсетілгеннен басқа, активтерді сатудан табыстың (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

6) 110.18.006 жолында:

А бағанына 110.00.003 жолы көшіріледі;

В бағанында міндеттемелерді есептен шығарудан алынған табыстар көрсетіледі;

7) 110.18.007 жолында:

А бағанына 110.00.004 жолы көшіріледі;

В бағанында күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар көрсетіледі;

8) 110.18.008 жолында:

А бағанына 110.00.006 жолы көшіріледі;

В бағанында талап ету құқығын беруден түскен кіріс көрсетіледі;

9) 110.18.009 жолында:

А бағанына 110.00.007 жолы көшіріледі;

В бағанында кәсіпкерлік қызметті шектеуге және тоқтатуға келісім бергені үшін алған кіріс көрсетіледі;

10) 110.18.010 жолында:

А бағанына 110.00.009 жолы көшіріледі;

В бағанында тіркелген активтердің шығып қалуынан түскен табыс көрсетіледі;

11) 110.18.011 жолында:

А бағанына 110.00.009 жолы көшіріледі;

В бағанында геологиялық зерттеуге шығыстар және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шыққан шығыстар, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен кіріс көрсетіледі;

12) 110.18.012 жолында:

А бағанына 110.00.010 жолы көшіріледі;

В бағанында геологиялық зерттеуге шығыстар және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шыққан шығыстар, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыс көрсетіледі;

13) 110.18.013 жолында:

А бағанына 110.00.012 жолы көшіріледі;

В бағанында бірлескен қызметті жүзеге асырудан алынған табыс көрсетіледі;

14) 110.18.014 жолында:

А бағанына 110.00.013 жолы көшіріледі;

В бағанында айыппұлдар, өсімақылар және өзге де санкция түрлері бойынша табыстар көрсетіледі;

15) 110.18.015 жолында:

А бағанына 110.00.014 жолы көшіріледі;

В бағанында бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақы түріндегі табыс көрсетіледі;

16) 110.18.016 жолында:

А бағанына 110.00.015 жолы көшіріледі;

В бағанында өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс көрсетіледі;

17) 110.18.017 жолында:

А бағанына 110.00.016 жолы көшіріледі;

В бағанында дивидендтер түріндегі табыс көрсетіледі;

18) 110.18.018 жолында:

А бағанына 110.00.017 жолы көшіріледі;

В бағанында сыйақы түріндегі табыс көрсетіледі;

19) 110.18.019 жолында:

А бағанына 110.00.018 жолы көшіріледі;

В бағанында жылдық жиынтық табысқа енгізілетін бағамдық айырма көрсетіледі;

20) 110.18.020 жолында:

А бағанына 110.00.019 жолы көшіріледі;

В бағанында ұтыс түріндегі табыс көрсетіледі;

21) 110.18.021 жолында:

А бағанына 110.00.011 жолы көшіріледі;

В бағанында жер қойнауын пайдаланушының тарату қорының қаражатын мақсатсыз пайдалану мөлшері көрсетіледі;

22) 110.18.022 жолында:

А бағанына 110.00.010 жолы көшіріледі;

В бағанында әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардың асып кетуі көрсетіледі;

23) 110.18.023 жолында:

А бағанына 110.00.005 және 110.00.021 жолдарының сомасы көшіріледі;

В бағанында 110.18.004-110.18.021 жолдарында көрсетілмеген бухгалтерлік есеп деректері бойынша басқа да табыстар көрсетіледі;

24) 110.18.024 жолында:

А бағанына 110.00.023 жолы көшіріледі;

25) 110.18.025 жолында:

А бағанында түзетулер ескеріле отырып, жылдық жиынтық табыс көрсетіледі . 110.18.024 А жолының мәні ескеріле отырып, 110.18.004 А - 110.18.023 А жолдары мәндерінің сомасы ретінде айқындалады;

В бағанында табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 110.18.004 В - 110.18.026 В жолдары мәндерінің сомасы ретінде айқындалады;

26) 110.18.026 жолында:

А бағанына 110.00.025 жолы көшіріледі;

В бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

27) 110.18.027 жолында:

А бағанына 110.00.026 жолы көшіріледі;

В бағанында сотталған немесе танылған айыппұлдар, өсімақылар, тұрақсыздық айыптары көрсетіледі;

28) 110.18.028 жолында:

А бағанына 110.00.027 жолы көшіріледі;

В бағанында бірлескен қызмет бойынша шығыстар көрсетіледі;

29) 110.18.029 жолында:

А бағанына 110.00.028 жолы көшіріледі;

В бағанында мүшелік жарналар түріндегі шығыстар көрсетіледі;

30) 110.18.030 жолында:

А бағанына 110.00.029 жолы көшіріледі

В бағанында сыйақы түріндегі шығыстар көрсетіледі;

31) 110.18.031 жолында:

А бағанына 110.00.030 жолы көшіріледі;

В бағанында іссапар шығыстары көрсетіледі;

32) 110.18.032 жолында:

А бағанына 110.00.031 жолы көшіріледі;

В бағанында өкілдік шығыстары көрсетіледі;

33) 110.18.033 жолында:

А бағанына 110.00.032 жолы көшіріледі;

В бағанында күмәнді міндеттемелер көрсетіледі;

34) 110.18.034 жолында:

А бағанына 110.00.033 жолы көшіріледі;

В бағанында күмәнді талаптар көрсетіледі;

35) 110.18.035 жолында:

А бағанына 110.00.034 жолы көшіріледі;

В бағанында кен орындарын әзірлеу салдарларын жоюға шығыстар және тарату қорларына аударымдар сомасы көрсетіледі;

36) 110.18.036 жолында:

А бағанына 110.00.035 жолы көшіріледі;

В бағанында ғылыми зерттеу және ғылыми техникалық жұмыстарға шығыстар көрсетіледі;

37) 110.18.037 жолында:

А бағанына 110.00.036 жолы көшіріледі;

В бағанында қызметкерлерге есептелген кірістер және жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

38) 110.18.038 жолында:

А бағанына 110.00.037 жолы көшіріледі;

В бағанында геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар және жер қойнауын пайдаланушының басқа да шегерімдері көрсетіледі;

39) 110.18.039 жолында:

А бағанына 110.00.038 жолы көшіріледі;

В бағанында шегерімге жатқызылатын бағамдық айырма көрсетіледі;

40) 110.18.040 жолында:

А бағанына 110.00.039 жолы көшіріледі;

В бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен кірісті айқындағанға дейін болдырмайтын салықтарды қоспағанда, салықтар және Қазақстан Республикасында төленген корпорациялық табыс салығы, сондай-ақ басқа мемлекеттерде төленген табыс салығы және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер көрсетіледі;

41) 110.18.041 жолында:

А бағанына 110.00.040 жолы көшіріледі;

В бағанында тіркелген активтер бойынша шығыстар көрсетіледі;

42) 110.18.042 жолында:

А бағанына 110.00.041 жолы көшіріледі;

В бағанында 110.18.026 В-110.18.041 В жолдарына енгізілмеген шығыстар көрсетіледі;

43) 110.18.043 жолында:

В бағанында таратудан және негізгі құралдарды шығарып тастаудан залалдар көрсетіледі;

44) 110.18.044 жолында:

В бағанында таратудан және материалдық емес активтерді шығарып тастаудан залалдар көрсетіледі;

45) 110.18.045 жолында:

В бағанында тауарлық материалдық құндылықтардың нормативтен тыс шығыны, бүлінуі және кемшілігі, басқа да өндірістік емес шығыстар және шығындар көрсетіледі;

46) 110.18.046 жолында:

В бағанында кінәлілері анықталмаған немесе егер кінәлі тарап есебінен қажетті сомаларды өтеу мүмкін болмаған жағдайда ұрлықтан болған залалдар көрсетіледі;

47) 110.18.047 жолында:

В бағанында консервацияда орналасқан өндірістік қуат пен объектілерді ұстап тұруға шығындар көрсетіледі;

48) 110.18.048 жолында:

В бағанында қызметкерлердің демалыстарын төлеуге резерв сомасы көрсетіледі;

49) 110.18.049 жолында:

В бағанында негізгі құралдарды жөндеуге алдағы шығыстарға резервтер көрсетіледі;

50) 110.18.050 жолында:

В бағанында бухгалтерлік есепте көрсетілген, 110.18.026 В - 110.18.049 В жолдарында көрсетілмеген басқа да шығыстардың сомасы көрсетіледі;

51) 110.18.051 жолында:

А бағанына 110.00.043 жолы көшіріледі;

52) 110.18.052 жолында:

А бағанында 110.18.029 А - 110.18.060 А жолдары мәндерінің қосындысымен айқындалатын сома көрсетіледі;

В бағанында 110.18.029 В - 110.18.060 В жолдары мәндерінің қосындысымен айқындалатын сома көрсетіледі;

53) 110.18.053 жолында:

С бағанында 110.18.025 және 110.18.052 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын табыстар мен шығыстар арасындағы айырма көрсетіледі;

54) 110.18.054 жолында:

С бағанында 110.18.001 және 110.18.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, 110.18.053 жолының сомасына түзетілген салық салынатын табыс көрсетіледі. Аталған сома 110.00.046 және 110.00.049 жолдарының айырмасы ретінде айқындалған салық салынатын табысқа сәйкес келуі тиіс.

21. Табыстардың, валюталардың, халықаралық келісімдер түрлерінің кодтары – 110.19-нысанын жасау

63. Декларация толтыру кезінде мынадай кіріс түрлерін кодтауды пайдалану керек.

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс түрлерінің кодтары:

1010 – Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды өткізуден түскен кірістер;

1011 – Қазақстан Республикасында орналасқан тауарларды сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде одан тыс өткізуден түскен кірістер;

1020 – Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен кірістер;

1021 – резидентке егер алынатын қызметтер осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен кіріс;

1022 - егер алынатын қызметтер осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен кіріс;

1030 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен кірістері, сондай-ақ осы бапта белгіленген аталған тұлғаның резиденттен алатын өзге де кірістер;

1031 - Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен кірістері, сондай-ақ осы бапта белгіленген аталған тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен, егер алатын жұмыстары, қызметтері, тауарлары осындай тұрақты мекемеге байланысты болса, олардан алатын өзге де кірістері;

1040 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1041 – резидент шығарған бағалы қағаздарды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1042 – Қазақстан Республикасында орналасқан резидент заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1043 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерін немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1044 - егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерінің немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында

орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғада қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

1051 - талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін - Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

1060 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

1061 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

1070 - резиденттің міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар)

1071 – резидент еместің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар);

1080 – резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі кірістер;

1081 – Қазақстан Республикасында орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі кірістер;

1090 – мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлік басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлік басқару туындаудың басқа жағдайларында пайда алушы болып табылатын резидент емес үшін Қазақстан Республикасында салық міндеттемесін орындау жүктелмеген резидент сенімгерлік басқарушыдан мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы акті бойынша алынған кірістер;

1100 - резиденттен алынған борышкерлік бағалы қағаздарды қоспағанда сыйақылар түріндегі кіріс;

1101 – егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент еместен алынған борышкерлік бағалы қағаздарды қоспағанда сыйақылар түріндегі кіріс;

1110 – резидент эмитнеттен алынған борышкерлік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі кіріс;

1111 - егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент емес эмитенттен алынған борышкерлік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі кіріс;

1120 - резиденттен алынатын роялти түріндегі кіріс;

1121 – егер роялти төлеу бойынша шығыстар резидент еместің тұрақты мекемесінің қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен алынатын роялти түріндегі кіріс;

1130 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

1140 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кірістер;

1150 – Қазақстан Республикасында туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі кірістер;

1151 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі кірістер;

1160 – халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден кірістер;

1161 – Қазақстан Республикасы ішінде көліктік қызмет көрсетуден кірістер;

1170 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан құбыр жолдарын, электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан алынатын кірістер;

1180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның кірісі;

1181 - жұмыс беруші болып табылатын резидент емеспен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның кірісі;

1190 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1200 – резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

1201 - резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

1210 – еңбек шарты (келісім-шарт) негізінде жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) төлеген резидент емес жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен резидент емес жеке тұлғаның кірістері. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

1211 – қызмет көрсетуге (жұмыстарды орындауға) шарт негізінде өзге тұлға төлеген резидент емес жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен резидент емес жеке тұлғаның кірістері. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

1220 – резидент жинақтаушы зейнетақы қоры жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1230 – кімнен және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы мәдениет және өнер қызметкерлеріне: қызметінен театр, кино, радио, теледидар әртісіне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға төленетін табыстар;

1240 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1241 – егер ұтыс төлемі тұрақты мекеме қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емес төлейтін ұтыстар;

1250 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1260 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті өтеусіз алу түріндегі табыстар;

1261 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті өтеусіз алудан табыстар;

1270 – туынды қаржы құралдары бойынша кірістер;

1280 – міндеттемені есептен шығарудан кірістер;

1290 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1300 – лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

1310 – сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

1320 – кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған кірістер;

1330 – тіркелген активтерді шығарудан түскен кірістер;

1340 – геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен кірістер;

1350 – кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен кірістер;

1360 – бірлескен қызметті жүзеге асырудан кірістер;

1370 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1390 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

1400 – мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен кірістер;

1410 – сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан кірістер;

1420 – Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

2) Қазақстан Республикасынан тыс көздерден кіріс түрлерінің кодтары:

2010 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде, шетел мемлекетте орналасқан тауарларды өткізуден түскен кірістер;

2020 – Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен кірістер;

2021 – резидент емеске егер алынатын қызметтер осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және

соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен кіріс;

2030 – салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан , қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен кірістері, сондай-ақ осы бапта резиденттің белгіленген резидент еместен алатын өзге де кірістер;

2040 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде аумақта орналасқан мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

2041 – резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

2042 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде аумақта орналасқан резидент емес заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

2043 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерін немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

2044 - егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерінің немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғада қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

2050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

2060 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

2061 - резидент еместен Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден кірістер;

2070 - резиденттің міндеттемелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар)

2080 – резидент емес заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі кірістер;

2081 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі кірістер;

2090 – 2190 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің,

басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2100 - резидент еместен алынған борышкерлік бағалы қағаздарды қоспағанда сыйақылар түріндегі кіріс;

2110 – резидент емес эмитнеттен алынған борышкерлік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі кіріс;

2120 - резидент еместен алынатын роялти түріндегі кіріс;

2130 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

2140 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кірістер;

2150 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі кірістер;

2151 - Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі кірістер;

2160 – резидент еместен алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден кірістер;

2161 – резидент еместен алынатын, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тыс көліктік қызмет көрсетуден кірістер;

2170 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан құбыр жолдарын, электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан алынатын кірістер;

2180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның кірісі;

2181 - жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде қызметтен түсетін резидент жеке тұлғаның кірісі;

2190 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2200 – резидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

2201 - резидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

2210 – еңбек шарты (келісім-шарт) негізінде жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) төлеген резидент жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі қызметінен резидент жеке тұлғаның кірістері. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

2211 – қызмет көрсетуге (жұмыстарды орындауға) шарт негізінде өзге тұлға төлеген резидент жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі қызметінен резидент жеке тұлғаның кірістері. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

2220 – резидент емес жинақтаушы зейнетақы қоры жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2230 – кімнен және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасынан тыс мәдениет және өнер қызметкерлеріне: қызметінен театр, кино, радио, теледидар әртісіне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға төленетін табыстар;

2240 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2250 - Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2260 - Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан мүлікті өтеусіз алу түріндегі табыстар;

2261 - Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан мүлікті өтеусіз алудан табыстар;

2270 – туынды қаржы құралдары бойынша кірістер;

2280 – міндеттемені есептен шығарудан кірістер;

2290-күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

2300 – резидент еместен алынатын, лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

2310 – резидент еместен алынатын, сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

2320 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған кірістер;

2330 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тіркелген активтерді шығарудан түскен кірістер;

2340 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен кірістер;

2350 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен кірістер;

2360 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде бірлескен қызметті жүзеге асырудан кірістер;

2370 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде резидент еместен бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

2380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

2390 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

2400 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен кірістер;

2420 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

64. Валюта кодын толтыру кезінде Тауарларды декларациялау ережелеріне " Кедендік ресімдеу үшін пайдаланылатын валюта жіктеуіштері" 10-қосымшаға сәйкес валюталардың сандық кодтауды пайдалану қажет.

65. Ел кодын толтыру кезінде Тауарларды және көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің" 6-қосымшасына сәйкес елдерді сандық кодтауды пайдалану қажет.

66. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт (келісім) түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 – Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 – Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 – Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 – Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 – Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 – Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 – Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 – Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 – Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 – Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 – Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;

14 – Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 – Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 – "Нұр-Мүбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 – Әуе қатынасы туралы келісім;

19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау " жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар). _____

_____

РҚАО-ның ескертуі: 110.00-110.18 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

бойынша декларацияға
(120.00-нысан) қосымша

Корпорациялық табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау ережесі (120.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Енгізу туралы Заң) сәйкес әзірленген және корпорациялық табыс салығын есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес корпорациялық табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Енгізу туралы Заңның 23-бабына сәйкес қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, өзара сақтандыру қоғамдары жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (120-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (120.01-ден 120.05-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар Декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы ережелерде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу ; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларация беру кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа бас әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады

.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не өкілі қол қояды және салық төлеушінің не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен пошта бойынша - салық төлеуші пошта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде Енгізу туралы Заңының 3-бабына сәйкес жасалады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (120.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі (жыл) - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлік басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлік басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

5) Декларация түрі.

Торкөздердің деректері Салық кодексінің 63-бабына сәйкес белгіленеді. Декларация түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді;

6) хабарлама нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген Декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) Декларацияны сенімгерлік шарттары бойынша сенімгерлік басқарушы не сенімгерлік басқарудың өзге жағдайларында пайда алушы болып табылатын салық төлеуші жасайды.

Торкөз егер Декларацияны сенімгерлік шарттары бойынша сенімгерлік басқарушы не сенімгерлік басқарудың өзге жағдайларында пайда алушы болып табылатын салық төлеуші жасаған жағдайда толтырылуы тиіс;

8) валюта коды.

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне (бұдан әрі – Тауарларды декларациялау ережесі) "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

9) берілген қосымшалар.

Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді.

15. "Сақтандыру, қайта сақтандыру қызметі бойынша салық сомасының есебі " бөлімінде:

1) 120.00.001 жолында сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігінде кірістері бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі. 120.00.001 I, 120.00.001 II, 120.00.001 III, 120.00.001 IV, 120.00.001 V жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

2) 120.00.001 I жолында 120.01.010 жолының сомасы мен 4% ставканың туындысы ретінде айқындалатын, Енгізу туралы Заңның 23-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес аффилирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша қызметті қоспағанда салық кезеңі ішінде жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша қызметтен түскен салық салынатын кіріс сомасының 4% ставкасы бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 120.00.001 I жолы өзіне 120.00.002 I жолының сомасын қамтиды;

3) 120.00.001 II жолында Енгізу туралы Заңның 23-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес аннуитеттік сақтандыру, сондай-ақ аффилирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша қызметті қоспағанда, салық кезеңі ішінде жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша қызметтен түскен салық салынатын кіріс сомасының 2% ставкасы бойынша есептелген

корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 120.01.021 жолының сомасы мен 2% ставканың туындысы ретінде айқындалады. 120.00.001 II жолы өзіне 120.00.002 II жолының сомасын қамтиды;

4) 120.00.001 III жолында Енгізу туралы Заңның 23-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес аффилирленген тұлғаларды сақтандыру бойынша қызметті қоспағанда, салық кезеңі ішінде аннуитеттік сақтандыру бойынша қызметтен түскен салық салынатын кіріс сомасының 1 % ставкасы бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 120.01.031 жолының сомасы мен 1% ставканың туындысы ретінде айқындалады. 120.00.001 III жолы өзіне 120.00.002 III жолының сомасын қамтиды;

5) 120.00.001 IV жолында Енгізу туралы Заңның 23-бабы 5-тармағының 4) тармақшасына сәйкес салық кезеңі ішінде аффилирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша қызметтен түскен салық салынатын кіріс сомасының 8% ставкасы бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 120.01.043 жолының сомасы мен 8% ставканың туындысы ретінде айқындалады. 120.00.001 IV жолы өзіне 120.00.002 IV жолының сомасын қамтиды;

6) 120.00.001 V жолында Енгізу туралы Заңның 23-бабы 5-тармағының 5) тармақшасына сәйкес салық кезеңі ішінде өзара сақтандыру бойынша қызметтен түскен салық салынатын кіріс сомасының 1% ставкасы бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 120.01.051 жолының сомасы мен 1% ставканың туындысы ретінде айқындалады. 120.00.001 V жолы өзіне 120.00.002 V жолының сомасын қамтиды;

7) 120.00.002 жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолға 120.00.002 I, 120.00.002 II, 120.00.002 III, 120.00.002 IV, 120.00.002 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушының сақтандыруды, қайта сақтандыруды жүзеге асыру бөлігінде кірістер бойынша сенімгерлік басқарушы есептеген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

8) 120.00.002 I жолында 120.01.011 жолының сомасы мен 4% ставканың туындысы ретінде айқындалатын, Енгізу туралы Заңның 23-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес аффилирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша қызметті қоспағанда салық кезеңі ішінде жинақтамайтын сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша қызметтен түскен салық салынатын кіріс сомасының 4% ставкасы бойынша сенімгерлік басқарушы есептеген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

9) 120.00.002 II жолында 120.01.022 жолының сомасы мен 2% ставканың туындысы ретінде айқындалатын, Енгізу туралы Заңның 23-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес аннуитеттік сақтандыру, сондай-ақ аффилирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша қызметті қоспағанда, салық кезеңі ішінде жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша қызметтен түскен салық салынатын кіріс сомасының 2% ставкасы бойынша сенімгерлік басқарушы есептеген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

10) 120.00.002 III жолында 120.01.032 жолының сомасы мен 1% ставканың туындысы ретінде айқындалатын Енгізу туралы Заңның 23-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес аффилирленген тұлғаларды сақтандыру бойынша қызметті қоспағанда, салық кезеңі ішінде аннуитеттік сақтандыру бойынша қызметтен түскен салық салынатын кіріс сомасының 1% ставкасы бойынша сенімгерлік басқарушы есептеген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

11) 120.00.002 IV жолында 120.01.044 жолының сомасы мен 8% ставканың туындысы ретінде айқындалатын, Енгізу туралы Заңның 23-бабы 5-тармағының 4) тармақшасына сәйкес салық кезеңі ішінде аффилирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша қызметтен түскен салық салынатын кіріс сомасының 8% ставкасы бойынша сенімгерлік басқарушы есептеген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

12) 120.00.002 V жолында 120.01.052 жолының сомасы мен 1% ставканың туындысы ретінде айқындалатын, Енгізу туралы Заңның 23-бабы 5-тармағының 5) тармақшасына сәйкес салық кезеңі ішінде өзара сақтандыру бойынша қызметтен түскен салық салынатын кіріс сомасының 1% ставкасы бойынша сенімгерлік басқарушы есептеген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

16. "Өзге қызметті жүзеге асырудан алынған кірістер бойынша салық сомасының есебі" бөлімінде:

1) 120.00.003 жолында 120.02.010 және 120.03.006 жолдарының сомасы ретінде айқындалған салық салынатын кірістің (залалдың) жиынтық сомасы көрсетіледі. 120.00.003 жолы өзіне 120.00.003 I жолының сомасын қамтиды;

2) 120.00.003 I жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда 120.02.011 және 120.03.007 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мілікті сенімгерлікпен басқару шарттары бойынша алынған салық салынатын кіріс (залал) сомасы көрсетіледі;

3) 120.00.004 жолында Салық кодексінің 224-бабына сәйкес резидент салық төлеушінің салық салынатын кірісіне қосылатын салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген және (немесе) орналасқан резидент емес заңды тұлғалар

пайдасының сомасы көрсетіледі. Осы жолға 120.04-нысаны L бағаны 00000001 қорытынды жолында айқындалған сома көшіріледі. 120.00.004 жолы өзіне 120.00.004 I жолының сомасын қамтиды;

4) 120.00.004 I жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда мүлікті сенімгерлікпен басқару шарттары бойынша сенімгерлік басқарушы болып табылатын резидент салық төлеушінің салық салынатын кірісіне қосылатын салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген және (немесе) орналасқан резидент емес заңды тұлғалар пайдасының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 120.04-нысаны L бағаны 00000002 қорытынды жолында айқындалған сома көшіріледі;

5) 120.00.005 жолында Салық кодексінің 136-бабы 1-тармағына немесе Енгізу туралы заңның 15-1-бабына сәйкес айқындалған және Салық кодексінің 137-бабына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген өзге қызметтен алынған залал сомасы көрсетіледі. 120.00.005 жолы 120.00.005 I жолының сомасын қамтиды;

6) 120.00.005 I жолында егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда Салық кодексінің 35-бабы 1-тармағына сәйкес айқындалған және Салық кодексінің 137-бабына немесе Енгізу туралы заңның 15-1-бабына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген өзге қызметтен алынған мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушының сенімгерлік басқарудан залал сомасы көрсетіледі;

7) 120.00.006 жолында Салық кодексінің 224-бабына сәйкес салық салуда жеңілдігі бар елде алынған кірістер мен 120.00.003, 120.00.004 және 120.00.005 жолдары сомаларының айырмасы (120.00.003 + 120.00.004 - 120.00.005) ретінде айқындалатын көшірілген залалдар ескеріле отырып, салық салынатын кіріс көрсетіледі. 120.00.006 жолы өзіне 120.00.006 I жолын қамтиды;

8) 120.00.006 I жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда Салық кодексінің 224-бабына сәйкес салық салуда жеңілдігі бар елде алынған кірістер мен 120.00.003 I, 120.00.004 I және 120.00.005 I жолдарының сомаларының айырмасы (120.00.003 I + 120.00.004 I - 120.00.005 I) ретінде айқындалатын көшірілген залалдар ескеріле отырып, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушы сенімгерлік басқарудан алған салық салынатын кіріс көрсетіледі;

9) 12.00.007 I жолында Енгізу туралы Заңның 23-бабы 6-тармағына сәйкес өзге қызметті жүзеге асырудан түскен кірістер бойынша салықты есептеу кезінде қолданылатын корпорациялық табыс салығы ставкасы көрсетіледі;

10) 120.00.007 II жолында 120.00.006 және 120.00.007 I жолдарының туындысы ретінде айқындалатын өзге қызметті жүзеге асырудан алынған кірістер бойынша, оның ішінде сенімгерлік басқарушы есептеген кірістер бойынша есептелген салық сомасы көрсетіледі. 120.00.007 жолы 120.00.007 III жолын қамтиды;

11) 120.00.007 III жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда 120.00.006 I және 120.00.007 I жолдарының туындысы ретінде айқындалатын өзге қызметті жүзеге асырудан алынған кірістер бойынша есептелген салық сомасы көрсетіледі.

17. "Салық міндеттемесінің есебі" бөлімінде:

1) 120.00.008 жолында 120.00.001 және 120.00.007 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген салықтың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 120.00.008 I жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда 120.00.002 және 120.00.007 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушы сенімгерлік басқарудан алған кірістер бойынша салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі;

3) 120.00.009 жолында Қазақстан Республикасынан тыс төленген, осы Декларацияда көрсетілген кірістен ұсталған және Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке қабылданған салық сомасы көрсетіледі. Бұл жолда сонымен бірге сенімгерлік басқарушы төлеген салық сомасын да қамтиды. Бұл жолға 120.04-нысанының Q бағаны 00000001 қорытынды жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 120.00.009 I жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда Қазақстан Республикасынан тыс төленген, осы Декларацияда көрсетілген және мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушы сенімгерлік басқарудан алған кірістен ұсталған және Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу

кезінде есепке қабылданған салық сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 120.04-нысанының S бағаны 00000002 қорытынды жолында көрсетілген сома көшіріледі ;

5) 120.00.010 жолында салық кезеңі үшін есептелген, оның ішінде сенімгерлік басқарушы есептеген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі. 120.00.008 және 120.00.009 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

6) 120.00.010 I жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда салық кезеңі үшін мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушы сенімгерлік басқарудан алған кірістер бойынша сенімгерлік басқарушы есептеген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі. 120.00.008 I және 120.00.009 I жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

18. "Басқа да ақпарат" бөлімінде:

1) 120.00.011 жолында Салық кодексінің 221, 222-баптарына сәйкес салық салынуға жататын салық төлеушінің Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алған (алынуға жататын) табыстарының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 120.04-нысанының H бағаны 00000001 қорытынды жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 120.00.011 I жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушы сенімгерлік басқарудан алған (алуы тиіс), Салық кодексінің 221, 222-баптарына сәйкес салық салынуға жататын салық төлеушінің Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алған (алынуға жататын) салық төлеушінің кірістері көрсетіледі;

3) 120.00.012 жолында сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының негізгі қызметі бойынша салық салу объектісі болып табылмайтын кірістер сомасы көрсетіледі;

4) 120.00.013 жолында "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі – Сақтандыру туралы заң) мемлекеттік уәкілетті орган лицензиялайтын сақтандыру саласы көрсетіледі. Сақтандыру саласына қарай 120.00.013 I не 120.00.013 II тиісті торкөзі белгіленеді;

5) 120.00.013 I жолында "Жалпы сақтандыру" саласы көрсетіледі;

6) 120.00.013 II жолында "Өмірді сақтандыру" саласы көрсетіледі.

19. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының Аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) Декларацияның берілген күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның Аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) Декларацияны қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына және Енгізу туралы Заңның 3-бабына сәйкес Декларацияны табыс ету күні көрсетіледі;

6) кіріс құжаты.

Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Сақтандыру қызметінен кірістер мен шығыстар - 120.01-нысанын жасау

20. Бұл нысан салық төлеушінің сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша алуға жататын (алынған) кірістер мен шығыстарды, сондай-ақ салық салу объектісі болып табылмайтын кірістерді айқындауына арналған.

21. "Жинақтаушы емес сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.01.001 жолында 120.01.033 жолындағы көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

2) 120.01.002 жолында 120.01.034 жолындағы көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

3) 120.01.003 жолында 120.01.035 жолындағы көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушы-резиденттерге есепті кезеңнің ішінде төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

4) 120.01.004 жолында 120.01.036 жолындағы көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта

сақтандырушы-резидент еместерге есепті кезеңнің ішінде төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

5) 120.01.005 жолында 120.01.037 жолындағы көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бұзылған кезде сақтандырушыға сақтандыру ұйымдары қайтарған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

6) 120.00.006 жолында 120.01.038 жолындағы көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақылар сомасы көрсетіледі;

7) 120.01.007 жолында 120.01.039 жолындағы көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

8) 120.01.008 жолында 120.01.040 жолында көрсетілгендерді қоспағанда жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сақтандыру комиссиялық сыйлықақылар сомасы көрсетіледі;

9) 120.01.009 жолында жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша резидент қайта сақтандырушыларға және резидент еместерге төленген сақтандыру сыйлықақыларын және 120.01.041 жолында көрсетілгендерді қоспағанда жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бұзылған кезде қайтарылғандарды қоспағанда жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақылары мен коммисиялық сыйақыларының сомасы ретінде есептелетін салық кезеңі ішінде жинақтаушы емес сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) кірістердің, сондай-ақ өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен алынған қаражаттарының жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.001, 120.01.002, 120.01.003, 120.01.007, 120.01.008 жолдары және 120.01.004, 120.01.005, 120.01.006 жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады ((120.01.001 + 120.01.002 + 120.00.003 + 120.01.007 + 120.01.008) - (120.01.004 + 120.01.005 + 120.01.006));

10) 120.01.010 жолында 120.01.042 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына есепті кезең ағымында төленген міндетті жарналар сомасы көрсетіледі;

11) 120.01.011 жолында 120.01.043 жолында көрсетілген кірістерді қоспағанда, жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына төленген міндетті жарналар сомасына азайтылған, салық кезеңі ішінде жинақтаушы емес сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) кірістердің жалпы сомасы ретінде есептелетін салық кезеңі ішінде жинақтаушы емес сақтандыру, қайта сақтандыру

шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігіндегі сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын кірістерінің қорытынды сомасы көрсетіледі. 120.01.009 және 120.01.010 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (120.01.009 - 120.01.010). 120.01.011 жолы өзіне 120.01.012 жолын қамтиды;

12) 120.01.012 жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда 120.01.044 жолында көрсетілгендері қоспағанда, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушының салық кезеңі ішінде сенімгерлік басқарушының салық кезеңі ішіндегі жинақтаушы емес сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруы бөлігіндегі салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі;

22. "Аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.01.013 жолында 120.01.024 және 120.01.033 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, салық кезеңі ішінде жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

2) 120.01.014 жолында 120.01.034 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, салық кезеңі ішінде жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

3) 120.01.015 жолында 120.01.024 және 120.01.036 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, салық кезеңі ішінде жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша резидент қайта сақтандырушыларға төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

4) 120.01.016 жолында 120.01.025 және 120.01.037 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, салық кезеңі ішінде жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша резидент емес қайта сақтандырушыларға төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

5) 120.01.017 жолында 120.01.026 және 120.01.038 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бұзылған кезде қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

6) 120.01.018 жолында 120.01.027 және 120.01.039 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) комиссиялық сыйақылар сомасы көрсетіледі;

7) 120.01.019 жолында 120.01.028 және 120.01.040 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) комиссиялық сыйақылар сомасы көрсетіледі;

8) 120.01.020 жолында 120.01.029 және 120.01.041 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша резидент және резидент емес қайта сақтандырушыларға төленген және жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бұзылған кезде қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларынан басқа, жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақылары мен комиссиялық сыйақылардың сомасы ретінде есептелетін аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, салық кезеңі ішінде жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.013, 120.01.014, 120.01.018, 120.01.019 және 120.01.015, 120.01.016, 120.01.017 жолдарының сомаларының айырмасы ретінде айқындалады ((120.00.013 + 120.00.014 + 120.00.018 + 120.00.019) - (120.00.015 + 120.00.016 + 120.00.017));

9) 120.01.021 жолында 120.01.030 және 120.01.042 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына төленген міндетті жарналар сомасы көрсетіледі;

10) 120.01.022 жолында 120.01.031 және 120.01.043 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына төленген міндетті жарналар сомасына азайтылған, салық кезеңі ішінде жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) кірістердің жалпы сомасы ретінде есептелетін салық кезеңі ішінде аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігіндегі сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын кірістерінің жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.020 және 120.01.021 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (120.01.020 - 120.01.021). 120.01.022 жолы өзіне 120.01.023 жолын қамтиды;

11) 120.01.023 жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда 120.01.032 және 120.01.044 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушының салық кезеңі ішінде сенімгерлік басқарушының аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы

сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруы бөлігіндегі салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі;

23. "Аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.01.024 жолында 12.01.034 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

2) 120.01.025 жолында 12.01.037 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, аннуитеттік қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде резидент қайта сақтандырушыларға төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

3) 120.01.026 жолында 12.01.036 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, аннуитеттік қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде резидент емес қайта сақтандырушыларға төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

4) 120.01.027 жолында 12.01.038 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, аннуитеттік сақтандыру шарттары бұзылған кезде сақтандыру ұйымы қайтарған сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

5) 120.01.028 жолында 12.01.039 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

6) 120.01.029 жолында 12.01.040 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, аннуитеттік қайта сақтандыру шарттары бойынша төленген және аннуитеттік қайта сақтандыру шарттар бұзылған кезде қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларын қоспағанда, аннуитеттік сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықылары мен комиссиялық сыйақыларының сомасы ретінде есептелетін аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңі ішінде алынуы тиіс (алынған) кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.024, 120.01.028 және 120.01.025, 120.01.026, 120.01.027 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады ((120.01.024 + 120.01.028) – (120.01.025 + 120.01.026 + 120.01.027));

7) 120.01.030 жолында 120.01.042 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына төленген міндетті жарналар сомасы көрсетіледі;

8) 120.01.031 жолында 120.01.043 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, аннуитеттік қайта сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына төленген міндетті жарналар сомасына азайтылған, салық кезеңі ішінде аннуитеттік сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) кірістердің жалпы сомасы ретінде есептелетін салық кезеңі ішінде аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру қызметін

жүзеге асыру бөлігіндегі сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын кірістерінің жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.029 және 120.01.030 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (120.01.029 - 120.01.030). 120.01.031 жолы өзіне 120.01.032 жолын қамтиды;

9) 120.01.032 жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда 120.01.044 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушының салық кезеңі ішінде сенімгерлік басқарушының аннуитеттік сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруы бөлігіндегі салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі;

24. "Аффилирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.01.033 жолында аффилирленген тұлғаларды сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңі ішінде алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақылар сомасы көрсетіледі;

2) 120.01.034 жолында аффилирленген тұлғаларды қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңі ішінде алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақылар сомасы көрсетіледі;

3) 120.01.035 жолында қолайсыз табиғат құбылыстары әсерінің салдарынан пайда болған, сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің елу пайызын қайтару түріндегі, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен (алынған) алынуы тиіс қаражаттарының жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 120.01.036 жолында қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңі ішінде резидент қайта сақтандырушыларға төленген сақтандыру сыйлықақылар сомасы көрсетіледі;

5) 120.01.037 жолында аффилирленген тұлғаларды қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңі ішінде резидент емес қайта сақтандырушыларға төленген сақтандыру сыйлықақылар сомасы көрсетіледі;

6) 120.01.038 жолында аффилирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бұзылған кезде сақтандыру ұйымы қайтарған сақтандыру сыйлықақылар сомасы көрсетіледі;

7) 120.01.039 жолында аффилирленген тұлғаларды сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) комиссиялық сыйақылар сомасы көрсетіледі;

8) 120.01.040 жолында аффилирленген тұлғаларды қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) комиссиялық сыйақылар сомасы көрсетіледі;

9) 120.01.041 жолында аффилирленген тұлғаларды қайта сақтандыру шарттары бойынша резидент және резидент емес қайта сақтандырушыларға төленген және аффилирленген тұлғаларды қайта сақтандыру шарттары бұзылған кезде сақтандыру ұйымы қайтарған сақтандыру сыйлықақыларды қоспағанда, сомасы аффилирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақылары мен комиссиялық сыйақыларының сомасы ретінде есептелетін аффилирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңі ішінде алынуы тиіс (алынған) кірістердің, сондай-ақ өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен алынған жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.033, 120.01.034, 120.01.035, 120.01.039, 120.01.040 және 120.01.036, 120.01.037, 120.01.038 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады ((120.01.033 + 120.01.034 + 120.01.035 + 120.01.039 + 120.01.040) – (120.01.036 + 120.01.037 + 120.01.038));

10) 120.01.042 жолында аффилирленген тұлғаларды сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына төленген міндетті жарналар сомасы көрсетіледі;

11) 120.01.042 жолында аффилирленген тұлғаларды сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына төленген міндетті жарналар сомасын қоспағанда, салық кезеңі ішінде аффилирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) кірістердің жалпы сомасы ретінде есептелетін салық кезеңі ішінде аффилирленген тұлғаларды сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігіндегі сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын кірістерінің жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.041 және 120.01.042 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (120.01.041 - 120.01.042). 120.01.043 жолы өзіне 120.01.044 жолын қамтиды;

12) 120.01.043 жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушының салық кезеңі ішінде сенімгерлік басқарушының аффилирленген тұлғаларды сақтандыру , қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруы бөлігіндегі салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі;

25. "Өзара сақтандыру шарттары бойынша есеп" бөлімінде:

13) 120.01.045 жолында өзара сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңі ішінде алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

14) 120.01.046 жолында өзара сақтандыру шарттары бұзылған кезде сақтандыру ұйымы қайтарған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

15) 120.01.047 жолында қолайсыз табиғат құбылыстары әсерінің салдарынан пайда болған, сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің елу пайызын қайтару түріндегі, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен (алынған) алынуы тиіс қаражаттарының жалпы сомасы көрсетіледі;

16) 120.01.048 жолында өзара сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) комиссиялық сыйақылар сомасы көрсетіледі;

17) 120.01.049 жолында өзара сақтандыру шарттары бұзылған кезде қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларын қоспағанда, өзара сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақылары мен комиссиялық сыйақылардың сомасы ретінде есептелетін өзара сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңі ішінде алынуы тиіс (алынған) кірістердің, сондай-ақ өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен алынған жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.044, 120.01.046 және 120.01.045 (120.01.044 + 120.01.046) – 120.01.045) жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

18) 120.01.050 жолында өзара сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына төленген міндетті жарналар сомасы көрсетіледі;

19) 120.01.051 жолында өзара сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына төленген міндетті жарналар сомасына азайтылған, салық кезеңі ішінде өзара сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) кірістердің жалпы сомасы ретінде есептелетін салық кезеңі ішінде өзара сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігіндегі сақтандыру ұйымдарының салық салынатын кірістерінің жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.049 және 120.01.050 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (120.01.049 - 120.01.050). 120.01.051 жолы өзіне 120.01.052 жолын қамтиды;

20) 120.01.052 жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушының салық кезеңі ішінде сенімгерлік басқарушының өзара сақтандыру шарттары бойынша

сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруы бөлігіндегі салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі.

26. "Салық салу объектісі болып табылмайтын кірістер" бөлімінде:

1) 120.01.053 жолында қайта сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру жағдайларын реттеу бойынша сақтандыру төлемдері мен шығыстарындағы қайта сақтандырушының үлесі көрсетіледі;

2) 120.01.054 жолында инвестициялық кірістер сомасы көрсетіледі;

3) 120.01.055 жолында сақтандыру қайта сақтандыру ұйымының активтерін депозитке, бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын орналастырудан алынуы тиіс (алынған) бағамдық айырма бойынша кірістер сомасы көрсетіледі;

4) 120.01.056 жолында сақтандыру, қайта сақтандыру шартына байланысты дебиторлық және кредиторлық берешекті қайта бағалау бойынша бағамдық айырма сомасы көрсетіледі;

5) 120.01.057 жолында сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша үшінші жақтардан суброгацияда (кері талап) талаптар бойынша кірістер сомасы көрсетіледі;

6) 120.01.058 жолында сақтандырушының мәжбүри таратылып жатқан сақтандыру ұйымымен жасасқан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге сақтандыру төлемдерін кепілдендіру жүйесіне қатысушы болып табылатын сақтандыру ұйымының Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры жүзеге асыратын өтемақылық төлемдер сомасы көрсетіледі;

7) 120.01.059 жолында шығарған акцияларды орналастырудан эмитент алған ақша сомалары мен шығарған акцияларын өткізу кезіндегі құн өсімі көрсетіледі;

8) 120.01.060 жолында 120.01.053-ден 120.01.059-ға дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын салық салу объектісі болып табылмайтын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі.

27. 120.01.011 жолының шамасы 120.00.001 I жолына көшіріледі.

120.01.012 жолының шамасы 120.00.002 I жолына көшіріледі.

120.01.022 жолының шамасы 120.00.001 II жолына көшіріледі.

120.01.023 жолының шамасы 120.00.002 II жолына көшіріледі.

120.01.031 жолының шамасы 120.00.001 III жолына көшіріледі.

120.01.032 жолының шамасы 120.00.002 III жолына көшіріледі.

120.01.043 жолының шамасы 120.00.001 IV жолына көшіріледі.

120.01.044 жолының шамасы 120.00.002 IV жолына көшіріледі.

120.01.045 жолының шамасы 120.00.001 V жолына көшіріледі.

120.01.052 жолының шамасы 120.00.002 V жолына көшіріледі.

4. Өзге қызметтен кірістер – 120.02-нысанын жасау

28. Бұл нысан салық төлеушінің түрлері Сақтандыру туралы заңның 11-бабы 2-тармағында айқындалған, салық кезеңі ішінде алынуы тиіс (алынған) өзге де қызметтен кірістерін және Енгізу туралы Заңның 23-бабы 3-тармағына сәйкес салық салынатын кірісін (залалын) айқындауына арналған.

29. "Өзге де кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.02.001 жолында 120.02.003 жолында көрсетілген кірістерді қоспағанда, Салық кодексінің 86-бабына сәйкес айқындалатын Сақтандыру туралы заңның 11-бабы 2-тармағының 3)-8) тармақшаларында көрсетілген негізгі емес қызмет түрлері бойынша салық төлеуші тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден алуы тиіс (алған) жалпы сома көрсетіледі;

2) 120.02.002 жолында Салық кодексінің 87-бабына сәйкес айқындалатын Сақтандыру туралы заңның 11-бабы 2-тармағының 1), 3)-5) тармақшаларында көрсетілген негізгі емес қызмет түрлері бойынша негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және бағалы қағаздарды өткізу кезінде, сондай-ақ қаржы құралдарын өткізу кезінде құн өсімінен кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 120.02.003 жолында Салық кодексінің 84-бабына сәйкес айқындалатын, Сақтандыру туралы заңның 11-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген негізгі емес қызмет түрлері бойынша Қазақстан Республикасындағы, және одан тыс жерлерде мүлікті жалға беруден түскен кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 120.02.004 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес айқындалатын, Сақтандыру туралы заңның 11-бабы 2-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген негізгі емес қызмет түрлері бойынша бірлескен қызметті жүзеге асырудан түскен кірістерді тарату кезінде алынған кірістердің сомасы көрсетіледі;

5) 120.02.005 жолында салық төлеушінің Салық кодексінің 85-бабына сәйкес жылдық жиынтық табысқа қосылатын, бірақ 120.02.001-ден 120.02.004-ке дейінгі жолдарда көрсетілмеген басқа да кірістері көрсетіледі;

6) 120.02.006 жолында 120.02.001-ден 120.02.005-ке дейінгі жолдардың сомаларын қосумен айқындалатын өзге де кірістердің (жылдық жиынтық табыс) жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 120.02.007 жолында бухгалтерлік есеп деректері бойынша Салық кодексіне сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс салық кезеңі үшін жүргізілген нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

8) 120.02.008 жолында 120.02.006 жолының 120.01.009, 120.01.020, 120.01.029 , 120.01.041, 120.01.049, 120.02.006 жолдарына қатынасы ретінде Енгізу туралы

Заңның 23-бабы 3-тармағының екінші бөліміне сәйкес айқындалатын жалпы кіріс сомасында өзге қызметтен түскен кірістердің үлес салмағы көрсетіледі;

9) 120.02.009 жолында 120.02.007 және 120.02.008 жолдарының сомаларының туындысы ретінде айқындалатын Енгізу туралы Заңның 23-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне сәйкес шегерімге жатқызылатын шығыстар сомасы көрсетіледі;

10) 120.02.010 жолында 120.02.006 және 120.02.009 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын өзге қызметтен түскен салық салынатын кіріс (залал) сомасы көрсетіледі(120.02.006 – 120.02.009). 120.02.010 жолы өзіне 120.02.011 жолын қамтиды;

11) 120.02.011 жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушы алған өзге қызметтен түскен салық салынатын кіріс (залал) сомасы көрсетіледі.

30. 120.02.010 жолының шамасы 120.00.004 жолына көшіріледі.

120.02.011 жолының шамасы 120.00.004 I жолына көшіріледі.

5. Туынды қаржы құралдары бойынша кіріс - 120.03-нысанын жасау

31. Осы нысан салық төлеушінің салық кезеңі ішінде алынуға жататын (алынған) туынды қаржы құралдары бойынша кірістерді және салық салынатын кірісті (залалды) айқындауға арналған.

32. "Есеп" бөлімінде:

1) 120.03.001 жолында 120.03.001 I және 120.03.001 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын опциондар бойынша мәмілелер мерзімі ішінде, оның ішінде хеджирлеу операциялары бойынша алынуға тиіс (алынған) кіріс (залал) сомасы көрсетіледі;

2) 120.03.001 I жолында мәміле мерзімі ішінде аралық есеп айырысу кезінде, сондай-ақ орындау немесе мерзімінен бұрын тоқтату күніне опцион бойынша алынуға тиіс (алынған) түсімдер сомасы көрсетіледі;

3) 120.03.001 II жолында мәміле мерзімі ішінде аралық есеп айырысу кезінде, сондай-ақ орындау немесе мерзімінен бұрын тоқтату күніне опцион бойынша төленуге тиіс (төленген) шығыстар сомасы көрсетіледі;

4) 120.03.002 жолында 120.03.002 I және 120.03.002 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мәміле мерзімі ішінде алынуға тиіс (алынған) фьючерстер бойынша, оның ішінде хеджирлеу операциялары бойынша кіріс (залал) сомасы көрсетіледі;

5) 120.03.002 I жолында мәміле мерзімі ішінде аралық есеп айырысу кезінде, сондай-ақ орындау немесе мерзімінен бұрын тоқтату күніне фьючерс бойынша алынуға тиіс (алынған) түсімдер сомасы көрсетіледі;

6) 120.03.002 II жолында мәміле мерзімі ішінде аралық есеп айырысу кезінде, сондай-ақ орындау немесе мерзімінен бұрын тоқтату күніне фьючерс бойынша төленуге тиіс (төленген) шығыстар сомасы көрсетіледі;

7) 120.03.003 жолында 120.03.003 I және 120.03.003 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мәміле мерзімі ішінде алынуға тиіс (алынған) форвард бойынша, оның ішінде хеджирлеу операциялары бойынша кіріс (залал) сомасы көрсетіледі;

8) 120.03.003 I жолында мәміле мерзімі ішінде аралық есеп айырысу кезінде, сондай-ақ орындау немесе мерзімінен бұрын тоқтату күніне форвард бойынша алынуға тиіс (алынған) түсімдер сомасы көрсетіледі;

9) 120.03.003 II жолында мәміле мерзімі ішінде аралық есеп айырысу кезінде, сондай-ақ орындау немесе мерзімінен бұрын тоқтату күніне форвард бойынша төленуге тиіс (төленген) шығыстар сомасы көрсетіледі;

10) 120.03.004 жолында 120.03.004 I және 120.03.004 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі ішінде алынуға тиіс (алынған) своп бойынша , оның ішінде хеджирлеу операциялары бойынша кіріс (залал) сомасы көрсетіледі;

11) 120.03.004 I жолында салық кезеңі ішінде своп бойынша алынуға тиіс (алынған) түсімдер сомасы көрсетіледі;

12) 120.03.004 II жолында салық кезеңі ішінде своп бойынша төленуге тиіс (төленген) шығыстар сомасы көрсетіледі;

13) 120.03.005 жолында 120.03.005 I және 120.03.005 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мәміле мерзімі ішінде алынуға тиіс (алынған) басқа туынды қаржы құралдары бойынша, оның ішінде хеджирлеу операциялары бойынша кіріс (залал) сомасы көрсетіледі;

14) 120.03.005 I жолында мәміле мерзімі ішінде аралық есеп айырысу кезінде, сондай-ақ орындау немесе мерзімінен бұрын тоқтату күніне басқа туынды қаржы құралдары бойынша алынуға тиіс (алынған) түсімдер сомасы көрсетіледі;

15) 120.03.005 II жолында мәміле мерзімі ішінде аралық есеп айырысу кезінде , сондай-ақ орындау немесе мерзімінен бұрын тоқтату күніне басқа туынды қаржы құралдары бойынша төленуге тиіс (төленген) шығыстар сомасы көрсетіледі;

16) 120.03.006 жолында 120.03.001, 120.03.002, 120.03.003, 120.03.004, 120.03.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын алынуға тиіс (алынған)

туынды қаржы құралдары бойынша, оның ішінде хеджирлеу операциялары бойынша қорытынды кіріс (залал) сомасы көрсетіледі. 120.03.006 жолы өзіне 120.03.007 жолының сомасын қамтиды;

17) 120.03.007 жолы егер салық міндеттемесін орындау сенімгерлік басқарушыға жүктелген жағдайда Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, толтырылады. Бұл жолда мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаған өзге жағдайларда пайда алушы алған туынды қаржы құралдары бойынша, оның ішінде хеджирлеу операциялары бойынша кіріс (залал) сомасы көрсетіледі.

33. 120.03.006 жолының шамасы 120.00.003 жолына көшіріледі.

120.03.007 жолының шамасы 120.00.003 I жолына көшіріледі.

6. Салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасының немесе пайдасының бір бөлігінің шетел көздерінен кірістер. Шетел салығының төленген сомасы және оны есепке жатқызу – 120.04-нысанын жасау

34. Бұл нысанды резидент салық төлеуші міндетті тәртіпте толтыруға тиіс және ол мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде ескерілетін салық төлеуші шетел мемлекеттеріндегі көздерден алған табыстары бойынша табыс салығы мен кіріске салықтардың (бұдан әрі – табыс салығы) сомасын айқындауға;

2) Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған (алынуы тиіс) және Салық кодексінің 85-бабына және Енгізу туралы Заңның 23-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында салық салынуы тиіс кірістерді көрсетуге. Бұл ретте мұндай кірістер Декларацияның 120.01 және 120.02-нысандарында көрсетілуі тиіс;

3) Салық кодексінің 224-бабына сәйкес резидент салық төлеушінің салық салынатын кірісіне қосылатын салық салуда жеңілдігі бар елдерде орналасқан және (немесе) тіркелген резидент емес заңды тұлғалардың пайдасының жалпы сомасын айқындауға арналған. Салық салуда жеңілдігі бар елдерді айқындау Салық кодексінің 224-бабы 4-тармағында көзделген.

35. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ереженің 40-тармағына сәйкес елдің коды көрсетіледі.

Егер C бағаны толтырылған жағдайда, бұл бағанда кіріс төлейтін резидент емес салық төлеушінің резиденттік елінің коды немесе тұрақты мекеме орналастырудың өзге жағдайларында кірісті төлеу көзі елінің коды көрсетіледі;

3) C бағанында тұрақты мекеменің осындай тұрақты мекемесі орналасқан шетел мемлекетіндегі немесе резидент емес салық төлеушінің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 39-тармағына сәйкес сомасы кіріс төлеу көздері – елдері бойынша ашылатын, резидент салық төлеуші тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырған қызметінен түскен шетел көздерінен алған кіріс түрлерінің коды көрсетіледі. Бұл баған егер C бағанында шетел мемлекетінде орналасқан тұрақты мекеменің салықтық тіркеу нөмірі көрсетілген жағдайда толтырылады;

5) E бағанында осы Ереженің 41-тармағына сәйкес кіріс алу валютасының коды көрсетіледі;

6) F бағанында резидент салық төлеушінің шетел мемлекеттеріндегі көздерден шетел валютасында есептелген кірістерінің сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шарттары бойынша сенімгерлік басқарушы кіріс алғаны туралы белгі қояды;

8) H бағанында Салық кодексінің 57-бабына сәйкес ұлттық валютада қайта есептелген F бағанында көрсетілген кірістер сомасы не әр төлем көзі елі бойынша салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомалары көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық төлеуші салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында C бағанында көрсетілген резидент еместің жарғылық капиталындағы резидент салық төлеушінің қатысу үлесі көрсетіледі;

10) J бағанында шетел валютасында, C бағанында көрсетілген резидент емес заңды тұлғаның шоғырландырылған қаржылық есептілігімен айқындалған, резидент емес заңды тұлғаның шоғырландырылған пайдасының жалпы сомасы көрсетіледі. C бағанында көрсетілген резидент еместің шоғырландырылған пайдасының жалпы сомасы осы декларацияға қоса берілген осындай резидент еместің шоғырландырылған қаржылық есептілігімен расталады;

11) K бағанында шетел валютасында, 100%-ға J және I бағандарының деректерінің туындысының қатынасы ((J x I)/100%) ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасы резидент салық төлеушісінің салық салынатын кірісіне енгізілетін пайданың сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында C бағанында көрсетілген резидент емес заңды тұлға салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген J бағанында көрсетілген пайданың сомасы көрсетіледі
;

13) M бағанында салық кезеңі ішінде салық заңнамасына сәйкес оларды салық төлеуші әр төлеу көздері елдері бойынша есептеген салық салынатын кіріс (пайда) сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық төлеуші салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден салық салынатын кіріс алған жағдайда осы шетел мемлекеті бойынша есептелген салық салынатын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында тиісті төлеу көзі елінің заңнамасында немесе халықаралық шартта белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

15) O бағанында әр кірістерді төлеу көзі елінде төленген табыс салығы сомасы көрсетіледі. Бұл ретте O бағанының деректері H және N бағандарының деректерінің туындысы ретінде айқындалады;

16) P бағанында Қазақстан Республикасынан тыс төленген және Салық кодексінің 223-бабының ережелеріне сәйкес әр төлем көзі елі бойынша Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуы тиіс табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

17) Q бағанында Қазақстан Республикасынан тыс төленген және Салық кодексінің 223-бабының ережелеріне сәйкес әр төлем көзі елі бойынша Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуы тиіс табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте Q бағанының деректері H және P бағандарының деректерінің туындысы ретінде айқындалады. Егер салық төлеуші қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырған жағдайда Q бағанының деректері M және P туындысы ретінде айқындалады;

18) 00001 қорытынды жолында бағандар бойынша қорытынды сомалар көрсетіледі;

19) 00002 қорытынды жолында F бағанының тиісті жолдарында белгі қойылған жағдайда мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлік басқарушы алған қорытынды сомалар көрсетіледі.

36. H бағанының 00000001 қорытынды жолының шамасы 120.00.016 жолына көшіріледі. H бағанының 00000002 қорытынды жолының шамасы 120.00.016 I жолына көшіріледі. L бағанының 00000001 қорытынды жолының шамасы 120.00.005 жолына көшіріледі. L бағанының 00000002 қорытынды жолының шамасы 120.00.005 I жолына көшіріледі. Q бағанының 00000001 қорытынды жолының шамасы 120.00.011 жолына көшіріледі. Q бағанының 00000002 қорытынды жолының шамасы 120.00.011 I жолына көшіріледі.

7. Резидент еместер болып табылатын, заңды және жеке тұлғаларға төленетін Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар - 120.05-нысанын жасау

37. Бұл нысан резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасында тұрақты мекемемен байланысты емес Қазақстан Республикасының көздерінен түскен кірістердің және Салық кодексінің 193, 201, 202, 212-213, 215-218-баптарына сәйкес есептелген мынадай кірістерден төлем көзінен табыс салығының сомаларын айқындауға арналған.

38."Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 120.05.001 жолы салық кезеңінің басында резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға төленбеген кірістердің сомасын көрсетуге арналған;

2) 120.05.002 жолы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент еместерге есептелген кірістердің сомаларын көрсетуге арналған;

3) 120.05.003 жолы салық кезеңі үшін резидент емеске есептелген табыс салығының сомаларын көрсетуге арналған;

4) 120.05.004 жолы салық кезеңі үшін резидент еместерге төленген және (немесе) төленбеген, бірақ салық агенті алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған кірістердің сомаларын көрсетуге арналған;

5) 120.05.005 жолы Салық кодексінің 195-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына және 168, 169, 202-баптарына сәйкес бюджетке аударылуға жататын салық кезеңі үшін резидент еместерге төленген кірістерден табыс салығының сомасын көрсетуге арналған;

6) 120.05.006 жолы Салық кодексінің 195-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға жататын резидент еместерге төленбеген, бірақ салық агентімен бұрынғы салық кезеңінің қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызылған, кірістерден ұсталатын табыс салығы сомасын көрсетуге арналған;

7) 120.05.007 жолы салық кезеңі үшін Салық кодексінің 216-бабына сәйкес шартты банк салымына аударылған табыс салығы сомаларын көрсетуге арналған

.

8. Кірістер, елдер және валюта түрлерінің коды

39. Декларацияны толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуы пайдаланылсын:

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден түсетін кірістер:

1010 – Қазақстан Республикасында тауарларды сатудан кірістер;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден кірістер;

1020 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті өткізу кезінде құнның өсімінен түсетін кірістер;

1021 – резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен түсетін кірістер;

1022 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент - заңды тұлғаның консорциум немесе мүлікте қатысу үлесін өткізу кезінде құнның өсімінен түсетін кірістер;

1030 – резиденттерге қарыздарын талап ету құқығын беруден түсетін кірістер ;

1031 – резидент еместердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекемелер арқылы қызметіне байланысты қарыздарын талап ету құқығын беруден түсетін кірістер;

1040 – резиденттердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін, соның ішінде жұмыстарды орындауға жасалған келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге ішкі сауда келісім-шарттары бойынша тұрақсыздық (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 – Қазақстан Республикасында осындай резидент еместердің қызметтері барысында туындаған резидент еместердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін, соның ішінде жұмыстарды орындауға жасалған келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге ішкі сауда келісім-шарттары бойынша тұрақсыздық (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 – резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер нысанындағы кірістер;

1060 – резиденттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

1061 – егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

1070 – эмитент-резиденттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы кірістер;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы эмитент-резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

1080 – резиденттерден алынатын роялти нысанындағы кірістер;

1081 – резидент еместен Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметіне байланысты алынатын роялти нысанындағы кірістер;

1090 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кірістер;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістер;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы кірістер;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен түсетін кірістер;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түскен кірістер;

1131 - Қазақстан Республикасында өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызметтен кірістер;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін нақты орындау орны маңызды емес;

1150 – Қазақстан Республикасында тұруына байланысты төленетін үстемелер ;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу нысанындағы кірістер, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 – өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін кірістер;

1190 – резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 – Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған кірістер;

1210 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы кірістер, осындай мүліктен кірістерді, сондай-ақ тегін алынған (

орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы кірістерді қоса алғанда;

1220 – нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, маркетинг, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден кірістер;

1221 – нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резидент емес тұлғаларға көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден кірістер;

1230 – міндеттемелерді есептен шығарудан кірістер;

1240 – күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер;

1250 – Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан кірістер;

1260 – кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған кірістер;

1270 – шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын кірістер;

1280 – кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын кірістер;

1290 – ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын кірістер;

1300 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 – оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған кірістердің шығыстардан асып кетуі;

1330 – стипендиялар;

1340 – жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша кірістер;

1350 – Қазақстан Республикасындағы қызмет негізінде туындайтын, алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған басқа да кірістер.

2) Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден кірістер:

2010 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тауарларды сатудан кірістер;

2011 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден кірістер;

2020 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті сату кезінде құн өсімінен кірістер;

2021 – резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен кірістер;

2022 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан резидент емес заңды тұлғаға, консорциумға қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құн өсімінен кірістер;

2030 – Қазақстан Республикасы шегінен тыс алынатын борышты талап етуді беруден түсетін кірістер;

2040 – резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 – резидент емес заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы кірістер;

2060 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

2070 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы кірістер;

2080 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған роялти нысанындағы кірістер;

2090 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті жалға беруден кірістер;

2100 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кірістер;

2110 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы кірістер;

2111 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы кірістер;

2120 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетулерден кірістер;

2130 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен кірістер;

2131 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызметтен кірістер;

2140 – басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2150 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы кірістер;

2170 - резидент емес жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 – өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін кірістер;

2190 – резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған кірістер;

2210 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы кірістер, осындай мүліктен кірістерді, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы кірістерді қоса алғанда;

2220 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын өзге де кірістер.

40. Резидент емес салық төлеушінің резиденттік елінің кодын толтыру кезінде Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

41. Валюта кодын толтыру кезінде Тауарларды декларациялау туралы бұйрығымен бекітілген Тауарларды декларациялау ережесіне "Валюталардың жіктеушісі" 10-қосымшаға сәйкес валюталардың сандық кодталуын пайдалану қажет.

РҚАО-ның ескертуі: 120.00-120.05 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Корпорациялық табыс салығы
бойынша есебіне (121.00-нысан
қосымша

Корпорациялық табыс сомасының салық есептілігін (есебін) жасау ережелері (121.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) күшіне Енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Енгізу туралы Заң) сәйкес әзірленген және сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістерді, сондай-ақ сақтандыру сыйлықақыларын орналастырудан кірістерді мәлімдеуіне және ай қорытындысы бойынша Енгізу туралы Заңның 23-бабының 4-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен Енгізу туралы Заңының 23-бабына сәйкес қызмет атқаратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының корпорациялық табыс салығын есептеуге арналған корпорациялық табыс салығы бойынша есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді .

3. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Есептің тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Осы Ережелерде: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең арифметикалық белгілері қолданылады.

5. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, бас баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

6. Есепке Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушімен немесе оның өкілімен қол қойылады және салық төлеушінің немесе Қазақстан Республикасының заңдылығында белгіленген жағдайларда өз мөрі бар, оның өкілінің мөрімен расталады.

7. Соманың теріс мәні Есептің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

8. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен пошта бойынша - салық төлеуші пошта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

9. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Есепті жасау (121.00-нысан)

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі - Есеп тапсырылатын есепті кезеңнің есепті айы (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің Аты-жөні немесе атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

5) Есептің түрі.

Тиісті торкөздер Есепті Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасында көзделген Есеп түрін табыс ету жағдайында толтырылады;

7) Есеп, сенімді басқару шарттары негізінде, сенімді басқарушы немесе сенімді басқару пайда болуының басқа жағдайларында тиімді алушы болып табылатын салық төлеушімен жасалған.

Торкөз, Есеп, сенімді басқару шарттары негізінде, сенімді басқарушы немесе сенімді басқару пайда болуының басқа жағдайларында тиімді алушы болып табылатын салық төлеушімен жасалған жағдайда толтырылады.

8) валюта коды.

(Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген

Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

11. "Жинақтаушы емес сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша есеп" бөлімінде:

1) 121.00.001 жолында 121.00.030 жолында көрсетілгенді қоспағанда, жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

2) 121.00.002 жолында 121.00.031 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

3) 121.00.003 жолында 121.00.032 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, қолайсыз табиғат құбылыстары әсерінің салдарынан пайда болған, сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің елу пайызын қайтару түріндегі, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен (алынған) алынуы тиіс қаражаттарының жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 121.00.004 жолында 121.00.033 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде қайта сақтандырушы-резиденттерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

5) 121.00.005 жолында 121.00.034 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде қайта сақтандырушы-резидент еместерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

6) 121.00.006 жолында 121.00.035 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын бұзған кезде сақтандырушыға сақтандыру ұйымдарымен қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

7) 121.00.007 жолында 121.00.036 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

8) 121.00.008 жолында 121.00.037 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

9) 121.00.009 жолында сақтандыру сыйақылары және 121.00.038 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, қайта сақтандыру шарттары бойынша резиденттер мен резидент еместерге төленген, және қайта сақтандыру шарттарын тоқтату кезінде қайтарылған жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша есепті

кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақыларының сомасы мен сақтандыру сыйақыларының есептелетін, жинақтаушы емес сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша салық салуға жататын табыстар, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен алынған қаражаттарының сомасы көрсетіледі. 121.00.001, 121.00.002, 121.00.003, 121.00.007, 121.00.008 және 121.00.004, 121.00.005, 121.00.006 жолдар сомасының айырмасы ретінде айқындалады ((121.00.001 + 121.00.002 + 121.00.003 + 121.00.007 + 121.00.008) - (121.00.004 + 121.00.005 + 121.00.006));

10) 121.00.010 жолында 121.00.039 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасы көрсетіледі;

11) 121.00.011 жолында 121.00.040 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, + жолында жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасын қоспағанда, жинақтаушы емес сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) табыстардың жалпы сомасы ретінде есептелетін, жинақтаушы емес сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша, есепті кезеңнің ішінде жинақтаушы емес сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігінде сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын табыстардың қорытынды сомасы көрсетіледі. 121.00.009 және 121.00.010 (121.00.009 - 121.00.010) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

12. "Аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша есеп" бөлімінде:

1) 121.00.012 жолында 121.00.022 және 121.00.030 жолдарындағы көрсеткіштерді қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

2) 121.00.013 жолында 121.00.031 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

3) 121.00.014 жолында 121.00.023 және 121.00.033 жолдарындағы көрсеткіштерді қоспағанда, жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде қайта сақтандырушы-резиденттерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

4) 121.00.015 жолында 121.00.024 және 121.00.034 жолдарындағы көрсеткіштерді қоспағанда, жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша

есепті кезеңнің ішінде қайта сақтандырушы-резидент еместерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

5) 121.00.016 жолында 121.00.025 және 121.00.035 жолдарындағы көрсеткіштерді қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттарын бұзған кезде сақтандырушыға сақтандыру ұйымдарымен қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

6) 121.00.017 жолында 121.00.026 және 121.00.036 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

7) 121.00.018 жолында 121.00.037 жолында көрсетілгенді қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

8) 121.00.019 жолында сақтандыру сыйақылары және 121.00.027 және 121.00.038 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша резиденттер мен резидент еместерге төленген және жинақтаушы қайта сақтандыру шарттарын тоқтату кезінде қайтарылған жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сыйақыларымен және комиссиялық сыйақыларының сомасы ретінде есептелетін, аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық салуға жататын табыстар сомасы көрсетіледі. 121.00.012, 121.00.013, 121.00.017, 121.00.018 және 121.00.014, 121.00.015, 121.00.016 жолдар сомаларының айырмасы ретінде айқындалады. ((121.00.012 + 121.00.013 + 121.00.017 + 121.00.018) - (121.00.014 + 121.00.015 + 121.00.016));

9) 121.00.020 жолында 121.00.028 және 121.00.039 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасы көрсетіледі;

10) 121.00.021 жолында 121.00.029 және 121.00.040 жолдарында көрсетілген кірістерді қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасына азайтылған, жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) табыстардың жалпы сомасы ретінде есептелетін, жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша, есепті кезеңнің ішінде, аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда**,** жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігінде сақтандыру, қайта

сақтандыру ұйымдарының салық салынатын табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 121.00.019 және 121.00.020 (121.001.019 - 121.00.020) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

13. "Аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша есеп" бөлімінде:

1) 121.00.022 жолында 121.00.030 жолында көрсетілгенді қоспағанда, аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша резидент - сақтандырушылар есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

2) 121.00.023 жолында 121.00.033 жолында көрсетілгенді қоспағанда, аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша резидент емес - сақтандырушылар есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

3) 121.00.024 жолында 121.00.034 жолында көрсетілгенді қоспағанда, аннуитеттік қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде қайта сақтандырушы-резиденттерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

4) 121.00.025 жолында 121.00.035 жолында көрсетілгенді қоспағанда, аннуитеттік қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде қайта сақтандырушы-резидент еместерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

5) 121.00.026 жолында 121.00.036 жолында көрсетілгенді қоспағанда, аннуитеттік сақтандыру шарттарын бұзған кезде сақтандырушыға сақтандыру ұйымдарымен қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

6) 121.00.027 жолында 121.00.038 жолында көрсетілген кірістерді қоспағанда, сақтандыру сыйақылары және қайта сақтандыру шарттары бойынша резиденттер мен резидент еместерге төленген, және қайта сақтандыру шарттарын тоқтату кезінде қайтарылған аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сыйақылармен және комиссиялық сыйақыларының сомасы ретінде есептелетін, аннуитеттік сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша салық салуға жататын табыстар сомасы көрсетіледі. 121.00.022, 121.00.026 және 121.00.023, 121.00.024, 121.00.025 жолдар сомасының айырмасы ретінде айқындалады. ((121.00.022 + 121.00.026) - (121.00.023 + 121.00.024 + 121.00.025));

7) 121.00.028 жолында 121.00.038 жолында көрсетілгенді қоспағанда, аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасы көрсетіледі;

8) 121.00.029 жолында аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасына азайтылған, аннуитеттік сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары

бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) табыстардың жалпы сомасы ретінде есептелетін, аннуитеттік сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша, есепті кезеңнің ішінде аннуитеттік сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігінде сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 121.00.027 және 121.00.028 (121.00.027 - 121.00.028) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

14. "Аффилирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша есеп"

1) 121.00.030 жолында аффилиирленген тұлғаларды сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

2) 121.00.031 жолында аффилиирленген тұлғаларды қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

3) 121.00.032 жолында қолайсыз табиғат құбылыстары әсерінің салдарынан пайда болған, сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің елу пайызын қайтару түріндегі, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен (алынған) алынуы тиіс қаражаттарының жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 121.00.033 жолында аффилиирленген тұлғаларды қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде қайта сақтандырушы-резиденттерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

5) 121.00.034 жолында аффилиирленген тұлғаларды қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде қайта сақтандырушы-резидент еместерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

6) 121.00.035 жолында аффилиирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру шарттарын бұзған кезде сақтандырушыға сақтандыру ұйымдарымен қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

7) 121.00.036 жолында аффилиирленген тұлғаларды сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

8) 121.00.037 аффилиирленген тұлғаларды қайта сақтандыру шарттары бойынша алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

9) 121.00.038 жолында сақтандыру сыйақылары және қайта сақтандыру шарттары бойынша резиденттер мен резидент еместерге төленген, және қайта сақтандыру шарттарын тоқтату кезінде қайтарылған аффилиирленген тұлғаларды сақтандыру, сақтандыру сыйақылары және қайта сақтандыру бойынша есепті

кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақыларының сомасы ретінде есептелетін, сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша салық салуға жататын табыстар, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен алынған қаражаттарының сомасы көрсетіледі. 121.00.030, 121.00.031, 121.00.032, 121.00.036, 121.00.037 және 121.00.033, 121.00.034, 121.00.035 жолдар сомасының айырмасы ретінде айқындалады. ((121.00.030 + 121.00.031 + 121.00.032 + 121.00.036 + 121.00.037) - (121.00.033 + 121.00.034 + 121.00.035));

10) 121.00.039 жолында аффилиирленген тұлғаларды сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасы көрсетіледі;

11) 121.00.040 жолында аффилиирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасын қоспағанда, аннуитеттік сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) табыстардың жалпы сомасы ретінде есептелетін, аннуитеттік сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігінде сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын табыстардың қорытынды сомасы көрсетіледі. 121.00.038 және 121.00.039 (121.00.038 - 121.00.039) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

15. "Өзара сақтандыру шарттары бойынша есеп" бөлімінде:

1) 121.00.041 жолында өзара сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

2) 121.00.042 жолында қолайсыз табиғат құбылыстары әсерінің салдарынан пайда болған, сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің елу пайызын қайтару түріндегі, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен (алынған) алынуы тиіс қаражаттарының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 121.00.043 жолында өзара сақтандыру шарттарын бұзған кезде сақтандырушыға сақтандыру ұйымдарымен қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

4) 121.00.044 жолында өзара сақтандыру шарттары бойынша алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

5) 121.00.045 жолында өзара сақтандыру шарттарын бұзған кезде қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларын қоспағанда, өзара сақтандыру шарттары бойынша алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақылары мен комиссиялық сыйақылар сомалары ретінде есептелген өзара сақтандыру

шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы жалпы көрсетіледі. 121.00.040, 121.00.042 және 121.00.041 ((121.00.040 + 121.00.042) - 121.00.041) жолдар сомасының айырмасы ретінде айқындалады;

6) 121.00.046 жолында өзара сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасы көрсетіледі;

7) 121.00.047 жолында өзара сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасына азайтылған, сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті кезеңнің ішінде алынуға жататын (алынған) табыстардың жалпы сомасы ретінде есептелетін, сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша, есепті кезеңнің ішінде сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігінде сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 121.00.045 және 121.00.046 (121.00.045 - 121.00.046) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

16. "Салық сомасының есебі" бөлімінде:

1) 121.00.048 жолында 121.00.048 II және 121.00.048 III, 121.00.048 IV, 121.00.048 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігінде сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының кірістері бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 121.00.048 I жолында Енгізу туралы Заңының 23-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес салық кезеңі ішінде жинақтаушы емес сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша, сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігінде сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын салықтың 4%-тік ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 121.00.010 жолының сомасы және 4%-тік ставканың туындысы ретінде айқындалады;

3) 121.00.048 II жолында Енгізу туралы Заңының 23-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес аннуиттік сақтандыруды қоспағанда, салық кезеңі ішінде қайта сақтандырудың жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша олардың сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігінде сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын салықтың 2%-тік ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 121.00.020 жолының сомасы және 2%-тік ставканың туындысы ретінде айқындалады;

4) 121.00.048 III жолында Енгізу туралы Заңының 23-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес аннуиттік сақтандыруды қоспағанда, салық кезеңі ішінде қайта сақтандырудың жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша олардың сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігінде сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын салықтың 1%-тік ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 121.00.029 жолының сомасы және 1%-тік ставканың туындысы ретінде айқындалады;

5) 121.00.048 IV жолында Енгізу туралы Заңының 23-бабы 5-тармағының 4) тармақшасына сәйкес салық кезеңі ішінде афилиирленген тұлғаларды сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша, сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігінде сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын салықтың 8%-тік ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 121.00.039 жолының сомасы және 8%-тік ставканың туындысы ретінде айқындалады;

6) 121.00.048 V жолында Енгізу туралы Заңының 23-бабы 5-тармағының 5) тармақшасына сәйкес салық кезеңі ішінде өзара сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша, сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігінде сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық салынатын салықтың 1%-тік ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 121.00.045 жолының сомасы және 1%-тік ставканың туындысы ретінде айқындалады.

17. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басқарушының Аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басқарушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) Есепті беру күні.

Есепті салық органына берудің күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның "Аты-жөні" жолында Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

5) Есепті қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес Есепті беру күні көрсетіледі;

6) кіріс нөмірі.

Есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе басқа байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 121.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Корпорациялық табыс салығы
бойынша декларацияға
(130.00-нысан) қосымша

Корпорациялық табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау ережесі (130.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және корпорациялық табыс салығын есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес корпорациялық табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны акционерлік қоғамдарды, мекемелер мен Салық кодексінің 134-бабына сәйкес қызметін жүзеге асыратын пәтер (үй-жайлар) иелерінің тұтыну кооперативтерінен басқа, тұтыну кооперативтерін қоспағанда коммерциялық емес ұйымдар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (130-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (130.01-ден 130.03-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар Декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы ережелерде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу ; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады .

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және салық төлеушінің не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны беру кезінде:

1) декларация қағаз түрінде келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады ;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (130.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі (жыл) Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

5) Декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген Декларацияны салық есептілігі түріне жатқызуды ескере отырып белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген Декларация түрін тапсырған жағдайда белгіленеді;

7) валюта коды.

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) қоса берілген қосымшалар.

Қоса берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

9) 100-нысан бойынша декларация.

Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілген қызметтен жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстар болған жағдайда белгіленеді (100.00-нысан);

10) жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салынуға тиіс кірістерді алу кезінде шығыстарды шегерімдерге жатқызу әдісі. Таңдаған әдіске байланысты сәйкес торкөз белгіленеді.

"Барабарлық" торкөзі егер салық төлеуші шығыстарды шегерімдерге жатқызудың барабарлық әдісін таңдағанда белгіленеді.

"Бөлек есептеу" торкөзі егер салық төлеуші шығыстарды шегерімдерге жатқызудың бөлек есептеу әдісін таңдағанда белгіленеді.

15. "Табыстар" бөлімінде:

1) 130.00.001 жолда сыйлық берулер түрінде депозиттер бойынша алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

2) 130.00.002 жолда грант түрінде алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

3) 130.00.003 жолда өтеусіз мүлік түрінде алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

4) 130.00.004 жолда кіру жарналары түрінде алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

5) 130.00.005 жолда мүшелік жарналар түрінде алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

6) 130.00.006 жолда кондоминиумның қатысушыларының жарналары түрінде алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

7) 130.00.007 жолда қайырымдылық көмек түрінде алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

8) 130.00.008 жолда демеушілік көмек түрінде алған табыстарының сомасы көрсетіледі;

9) 130.00.009 жолда өтеусіз негізде аударымдар түрінде алған ақшаның сомасы көрсетіледі;

10) 130.00.010 жолда алған қайыр-садақа берулер түрінде алған табыстарының сомасы көрсетіледі;

11) 130.00.011 жолда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға келісім-шарт бойынша алған табыстың сомасы көрсетіледі;

12) 130.00.012 жолда 130.00.001-ден 130.00.011 дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

13) 130.00.013 жолға Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілген қызметтен табыстар болған жағдайда (100.00-нысан) 100.00.027 жолда көрсетілген басқа табыстардың сомасы көшіріледі;

14) 130.00.014 жолда 130.00.012 және 130.00.013 жолдардың сомасы ретінде анықталатын табыстардың жиынтық соммасы көрсетіледі.

16. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 130.00.015 жолда коммерциялық емес ұйымды ұстау шығыстарының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 130.02.004 жолда көрсетілген сома көшіріледі;

2) 130.00.016 жолда шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 130.03.001 жолда көрсетілген сома көшіріледі;

3) 130.00.017 жолда ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастыру бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

4) 130.00.018 жолда келісім-шарттың талаптарына сәйкес салық төлеуші салық кезеңі үшін төлеген (төлеуге жататын) сыйақының сомасы көрсетіледі;

5) 130.00.019 жолда қайырымдылық көмек түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) 130.00.020 жолда демеуші көмек түріндегі шығыстарының сомасы көрсетіледі;

7) 130.00.021 жолда кіру жарналары түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі;

8) 130.00.022 жолда мүшелік жарналар түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі;

9) 130.00.023 жолда заңды және жеке тұлғалардың тегін тапсырған мүлкі бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

10) 130.00.024 жолда өтеусіз негізде аударымдарға арналған шығыстардың сомасы көрсетіледі;

11) 130.00.025 жолда заңды және жеке тұлғалардың қайыр-садақа берулер түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі;

12) 130.00.026 жолда 130.00.015-тен 130.00.025 дейінгі жолдардың сомасы ретінде анықталатын табыстардың жиынтық соммасы көрсетіледі.

17. "Барабарлық әдіс бойынша шегерімдерді есептеу" бөлімінде:

1) 130.00.027 жолда 130.00.013 жолдың сомасы мен 130.00.014 жолдың сомасының қатынасы ретінде айқындалатын табыстардың жалпы сомасында Салық кодексінің 134-бабы 4-тармағына сәйкес жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстардың үлес салмағы көрсетіледі;

2) 130.00.028 жолға Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілген қызметтен табыстар болған жағдайда (100.00-нысан) 100.00.058 I жолда көрсетілген сомасы көшіріледі;

3) 130.00.029 жолда Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілген қызметтен табыстар болған жағдайда (100.00-нысан) шегерімдерге жатқызуға жататын шығыстардың сомасы көрсетіледі. 130.00.027 және 130.00.028 жолдардың туындысы ретінде айқындалады.

18. 130.00.029 жолдың шамасы 100.00.058 I жолға көшіріледі.

19. "Бөлек есептеу әдісі бойынша шегерімдерді есептеу" бөлімінде:

130.00.030 жолда бөлек есептеу әдісі бойынша шегерімдерге жатқызуларға жататын шығыстардың сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 130.00.026 жолдың сомасы көшіріледі.

20. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (ол бар болғанда) көрсетіледі;

2) декларацияны өткізу күні.

Декларацияны салық органына өткізген күн көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушілердің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, есімі, әкесінің (оның бар болғанында) аты көрсетіледі;

5) Декларацияны қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес Декларацияны беру күні көрсетіледі;

6) кіріс құжаты.

Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошталық немесе өзге де байланыс ұйымның қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. 130.01 нысанын жасау - Өтеусіз алған (берген) мүлік (қайырымдылық көмек, демеуші көмегі, қайыр-садақа беру, өтеусіз негіздегі аударымдар), мүшелік және кіру жарнасы

21. Осы нысан ақша және қайыр-садақа берулерді қоспағанда тегін мүлік түрінде алған табыстар мен шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

22. "Есеп " бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі - заң немесе жеке тұлға тегін берген (алған) мүліктің, алған (төлеген) мүшелік немесе кіру жарналары көрсетіледі;

3) С бағанында заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе В бағанында көрсетілген жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

Жол "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірі болған жағдайда толтыруға жатады;

4) D бағанында осы Ережелердің 28-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) Е бағанында резидент еместің мүлікті өтеусіз тапсырған (алған), мүшелік немесе кіру жарнасын алған (төлеген) оның резиденттік еліндегі тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында өтеусіз алған (тапсырған) мүлік түрінің коды, алған (төлелген) мүшелік немесе кіру жарналары көрсетіледі. Декларацияны толтырғанда, мүлікті өтеусіз тапсырған (алған), мүшелік немесе кіру жарнасын алған (төлеген) мүлік түрлерінің мына кодтарын қолдану керек:

1 - қайырымдылық көмек;

2 - демеуші көмек;

3 - қайыр-садақа беру;

4 - өтеусіз негіздегі аударымдар;

5 - өтеусіз алған қалған мүліктер;

6 - кіру жарналары;

7 – мүшелік жарналар;

7) G бағанында осы Ережелердің 29-тармағына сәйкес өтеусіз алған мүліктің коды көрсетіледі. Осы баған өтеусіз негіздегі аударымдар алған жағдайда толтырылмайды;

8) H бағанында мүлікті өтеусіз алу (беруді), мүшелік немесе кіру жарналарын алуды (төлеуді) растайтын құжаттың нөмірі және күні көрсетіледі;

9) I бағанында өтеусіз алған мүліктің (құны), алған мүшелік немесе кіру жарналарының сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында өтеусіз алған мүліктің (құны), төлеген мүшелік немесе кіру жарналарының сомасы көрсетіледі.

4. 130.02 нысанын жасау - Коммерциялық емес ұйымды ұстау

23. Осы нысан коммерциялық емес ұйымды ұстауға кеткен шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

24. "Коммерциялық емес ұйымды ұстау" бөлімінде:

1) 130.02.001 жолда 130.02.001 I-ден 130.02.001 XVII-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын коммерциялық емес ұйымды ұстау шығыстарының сомасы көрсетіледі;

2) 130.02.001 I жолда электр қуатына кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

3) 130.02.001 II жолда жылулық қуатына кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

4) 130.02.001 III жолда қаржы қызметтері шығыстарының сомасы көрсетіледі;

5) 130.02.001 IV жолда жалдау төлемі шығыстарының сомасы көрсетіледі;

6) 130.02.001 V жолда көлік қызметтері шығыстарының сомасы көрсетіледі;

7) 130.02.001 VI жолда байланыс қызметтері шығыстарының сомасы көрсетіледі;

8) 130.02.001 VII жолда аудиторлық (кеңес беру) қызметтері шығыстарының сомасы көрсетіледі;

9) 130.02.001 VIII жолда күзет қызметтері шығыстарының сомасы көрсетіледі ;

10) 130.02.001 IX жолда адвокаттық қызметтері шығыстарының сомасы көрсетіледі;

11) 130.02.001 X жолда нотариалдық қызметтері шығыстарының сомасы көрсетіледі;

12) 130.02.001 XI жолда негізгі құралдарды жөндеу шығыстарының сомасы көрсетіледі;

13) 130.02.001 XII жолда салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар және өсімақылар сомасы көрсетіледі;

14) 130.02.001 XIII жолда Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі;

15) 130.02.001 XIV жолда айыппұлдардың, өсімақылардың, тұрақсыздық айыптарының сомасы көрсетіледі;

16) 130.02.001 XV жолда сақтандыруға кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

17) 130.02.001 XVI жолда жарнамаға кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

18) 130.02.001 XVII жолда қалған шығыстардың сомасы көрсетіледі;

19) 130.02.002 жолда қызметкерлерге еңбекақы төлеуге жұмсалатын және 130.02.002 I және 130.02.002 II жолдарды қосуымен айқындалатын әлеуметтік төлемдерге және оқытуға кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

20) 130.02.002 I жолда еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығыстардың сомасы көрсетіледі;

21) 130.02.002 II жолда әлеуметтік төлемдерге кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

22) 130.02.003 жолда 130.02.003 жолында ескерілмеген, 130.02.003 I, 130.02.003 VII, 130.02.003 VIII жолдарын қосуымен айқындалатын, коммерциялық емес ұйымды ұстауға кеткен барлық басқа да шығыстардың сомасы көрсетіледі;

23) 130.02.003 I жолда 130.02.003 II-ден 130.02.003 VI-ға дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын іссапар шығындарының жалпы сомасы көрсетіледі ;

24) 130.02.003 II жолда бронь үшін төлеуді қоса алғанда, іссапар орны мен кері жол жүруге іс жүзінде жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі;

25) 130.02.003 III жолда бронь үшін төлеуді қоса алғанда, тұрғын үй жалдауға іс жүзінде жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі;

26) 130.02.003 IV және 130.02.003 V жолдарда Қазақстан Республикасы шегі мен одан тыс жерлерге іссапарлар бойынша төленетін тәуліктіктің тиісті сомасы көрсетіледі;

27) 130.02.003 VI жолда салық төлеуші кіру визасын ресімдеуде (бұрыштаманың құны, консулдық қызметтер, міндетті медициналық сақтандыру) жұмсаған шығыстарының сомасы көрсетіледі;

28) 130.02.003 VII жолда көрнекі шығыстарының сомасы көрсетіледі;

29) 130.02.003 VIII жолда келешек мерзімдердің шығыстарының салық кезеңінің шығыстарына әкетілетін сомасы көрсетіледі;

30) 130.02.004 жолда 130.02.001, 130.02.002 және 130.02.003 жолдарды қосуымен айқындалатын коммерциялық емес ұйымды ұстауға жұмсалған шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі;

31) 130.02.005 I жолда салық кезеңі үшін іссапарлардың жалпы саны көрсетіледі;

32) 130.02.005 II жолда салық кезеңі үшін іссапарлар күндерінің жалпы саны көрсетіледі.

130.02.004 жолдың шамасы 130.00.015 жолға көшіріледі.

5. 130.03 нысанын жасау - Шараларды ұйымдастыру және өткізу

25. Осы нысан коммерциялық емес ұйымның қызметіне қатысты әр түрлі шараларды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

26. "Шараларды ұйымдастыру және өткізу" бөлімінде:

130.03.001 жолда шараларды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 130.03.001 I-ден 130.04.001 XI дейінгі жолдарда шаралар түрлері бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

27. 130.03.001 жолдың шамасы жолға 130.00.016 жолға көшіріледі

6. Елдер кодтары

28. Резидент емес – салық төлеушінің резиденттік елінің кодын толтыру кезінде "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 20.05.2003 жылғы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

7. Мүлік кодтары

29. Мүлік кодын толтыру кезінде мынадай кодтауды пайдалану қажет:

01 - ақша;

02 - қаржы инвестициялары;

03 - тауарлық-заттық қорлар;

04 - негізгі құралдар;

05 - материалдық емес активтер;

06 - қызметтер;

07 - жұмыстар;

08 - өзгелері.

РҚАО-ның ескертуі: 130.00-130.03 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

бойынша декларацияға
(140.00-нысан) қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларация) жасау ережелері (140.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және корпоративтік табыс салығын есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 135-бабына сәйкес әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар жасайды.

2. Декларация осы Декларацияның өзінен (140.00 нысаны) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Осы Ережеде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; " x" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

6. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

7. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

8. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

9. Декларацияны тапсырған кезде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде - салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

2. Декларацияны жасау (140.00-нысан)

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының - салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі;

5) Декларация түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, белгіленеді;

6) хабарлама нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген Декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) валюта коды.

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) Декларацияны салық төлеуші тиісті шарттармен жасайды:

"А" торкөзінде есепті салық кезеңі үшін қызметкерлердің, мүгедек қызметкерлердің жалпы саны және мүгедек қызметкерлердің жалпы қызметкерлер санындағы үлес салмағы көрсетіледі;

"В" торкөзінде салық кезеңі үшін қызметкерлер, мүгедек қызметкерлердің (есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айырылған мүгедек қызметкерлер

жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдар осы мүгедек қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстарды көрсетеді және тиісті торкөзді белгілейді) еңбекақысын төлеу жөніндегі жалпы шығыстар сомасы және мүгедек қызметкерлерінің еңбекақы төлеу бойынша шығыстардың үлес салмағы көрсетіледі;

"C" торкөзі егер ұйым есту, сөйлеу, көру қабілетінен айырылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған болып табылған жағдайда белгіленеді;

"D" торкөзі егер ұйым Салық кодексінің 135-бабы 2-тармағында көзделген қызметті жүзеге асырған жағдайда белгіленеді:

01 – косметологиялық, санаториялық-курорттықтарды қоспағанда, медициналық қызметтер;

02 – қызметтің осы түрлерін жүргізу құқығына тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және қосымша білім беру жөнінде қызметтер көрсету;

03 – ғылым (ғылыми зерттеулер жүргізуді, ғылыми зияткерлік меншікті автордың пайдалануын, оның ішінде іске асыруын қоса алғанда), спорт (коммерциялық сипаттағы спорттық ойын-сауық шараларынан басқа), мәдениет (кәсіпкерлік қызметтен басқа), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарихи-мәдени байлықтар объектілерінің тізіліміне немесе Мемлекеттік тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген тарихи-мәдени мұралар мен мәдени құндылықтар объектілерін сақтау (ақпараттар мен насихаттарды таратуды қоспағанда) бойынша қызмет көрсету саласындағы, сондай-ақ балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы қызмет;

04 – кітапханалық қызмет көрсету.

11. "Негізгі қызметтен түскен табыстар" бөлімінде:

1) 140.00.001 жолында салық кезеңі ішінде косметологиялық және санаториялық-курорттық қызмет көрсетулерді қоспағанда медициналық қызмет көрсетуден алынған табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 140.00.002 жолында салық кезеңі ішінде мектепке дейінгі тәрбие және оқыту; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру; қызметтің осы түрлерін жүргізу құқығына тиісті лицензиялары бойынша жүзеге асырылатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және қосымша білім беру бойынша қызмет көрсетуден алынған табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 140.00.003 жолында салық кезеңі ішінде ғылым (ғылыми зерттеулер жүргізуді, ғылыми зияткерлік меншікті автордың пайдалануын, оның ішінде іске

асыруын қоса алғанда), спорт (коммерциялық сипаттағы спорттық ойын-сауық шараларынан басқа), мәдениет (кәсіпкерлік қызметтен басқа), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарихи-мәдени байлықтар объектілерінің тізіліміне немесе Мемлекеттік тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген тарихи-мәдени мұралар мен мәдени құндылықтар объектілерін сақтау (ақпараттар мен насихаттарды таратуды қоспағанда) бойынша қызмет көрсету саласындағы, сондай-ақ балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асырудан алынған табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 140.00.004 жолында салық кезеңі ішінде кітапханалық қызмет көрсету саласында қызметтен алынған табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

5) 140.00.005 жолында салық кезеңі ішінде өтеусіз алынған мүлік (оның ішінде гранттар, қайырымдылық көмек, өтеусіз негіздегі аударымдар мен қайырмалдықтар) түрінде алынған табыс көрсетіледі;

6) 140.00.006 жолында салық кезеңі ішінде депозиттер бойынша сыйақылар түрінде алынған табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 140.00.007 жолында негізгі қызметтен алынған табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 140.00.001-ден 140.00.006-ға дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады.

12. "Негізгі емес қызметтен түскен табыстар" бөлімінде:

1) 140.00.008 жолында салық кезеңі ішінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден алынған кірістер сомасы көрсетіледі;

2) 140.00.009 жолында салық кезеңі ішінде амортизацияға жатпайтын активтерді өткізу кезінде құн өсімінен, сонымен қатар Салық кодексінің 87 және 92-баптарында айқындалған тіркелген активтерді шығарудан алынған табыстар сомасы көрсетіледі;

3) 140.00.010 жолында салық кезеңі ішінде Салық кодексінің 88-бабында белгіленген міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған кірістер сомасы көрсетіледі. Тарату Декларациясы жасау кезінде осы жол бойынша заңды тұлғаны тарату кезіндегі кредиторлық берешекті есептен шығарудан алынған кіріс те көрсетіледі;

4) 140.00.011 жолында салық кезеңі ішінде мүлікті жалға беруден алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

5) 140.00.012 жолында егер сома Салық кодексінің 85-бабының 1-тармағындағы 14) тармақшаға сәйкес айқындалған бұрын шегерімге жатқызылмаса, негізсіз бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, сот тағайындаған немесе борышты деп танылған айыппұлдар, өсімдер және санкциялардың басқа да түрлерінің сомасы көрсетіледі;

6) 140.00.013 жолында салық кезеңі ішінде алынған дивидендтердің жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 140.00.014 жолында салық кезеңі ішінде алынған сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

8) 140.00.015 жолында оң бағамдық айырманың теріс бағамдық айырмадан арту сомасы көрсетіледі;

9) 140.00.016 жолында Салық кодексінің 85-бабының 1-тармағындағы 20) тармақшаға сәйкес айқындалған ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

10) 140.00.017 жолында 140.00.011-ден 140.00.019-ға дейінгі жолдарда көрсетілмеген басқа кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

11) 140.00.018 жолында негізгі емес қызметтен алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 140.00.008-ден 140.00.017-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

13. "Кірістердің жиыны" бөлімінде:

1) 140.00.019 жолында 140.00.007 және 140.00.018 жолдардың сомасы ретінде айқындалатын негізгі және негізгі емес қызмет бойынша кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 140.00.020 жолында 140.00.007/140.00.019х100 формуласы бойынша айқындалатын жалпы кірістердегі негізгі қызметтен алынған кірісітердің үлес салмағы көрсетіледі.

14. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

2) Декларацияның берілген күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

5) Декларация қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес Декларацияны табыс ету күні көрсетіледі;

6) кіріс құжаты.

Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) почта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 140.00 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Корпоративтік табыс салығы
бойынша декларацияға
(150.00-нысан) қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау ережесі (150.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі) сәйкес әзірленген және осы Ереженің корпоративтік табыс салығын есептеуге арналған қосымшасына сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны:

Салық кодексінің 308-бабы 2-тармағында көрсетілген жер қойнауын пайдаланушыларды;

кең таралған пайдалы қазбаларды, жер асты суларын, емдік балшықтарды өндіруді, сондай-ақ барлау және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты ғимараттарының құрылысын және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда жер қойнауын пайдаланушылар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (150.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған қосымшалардан (150.01-ден 150.19-ға дейінгі нысандар) тұрады;

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді;

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін Декларациядағы жолдар толтырылған кезде міндетті тәртіпте толтырылады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда толтырылмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардан көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Ережеде мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" - қосу; " -" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Сомалардың теріс мәндері Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны толтыру кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады .

11. Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес Декларацияға салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны тапсырған кезде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада толтырылып, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен пошта бойынша - салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінен электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректері көрсетіледі.

14. Декларацияда (150-нысан) жер қойнауын пайдаланушының жалпы қызметі бойынша алған немесе шеккен есепті салық кезеңіндегі барлық табыстары мен шығыстары көрсетіледі. Бұл ретте 150.00 Декларациясының табыстары мен шығыстарының 150.00.001-150.00.065 жолдары 150.01 және 150.02 нысаны қосымшаларының сәйкес жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушының жалпы қызметі бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша салық міндеттемесінің есебі келісім-шарттан тыс қызмет бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы мен жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісім-шарт бойынша корпоративтік табыс салығының сомасы ретінде айқындалады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісім-шарт бойынша корпоративтік табыс салығының сомасы 150.01 нысаныда белгіленген тәртіпте айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарттан тыс қызметі бойынша корпоративтік табыс салығының сомасын 150.02 нысанында белгіленген тәртіпте айқындайды.

2. Декларацияны жасау (150.00-нысан)

15. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі (жыл) - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі;

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі.

5) Декларация түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, белгіленеді;

6) хабарлама нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген Декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) валюта коды.

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне (бұдан әрі - Тауарларды декларациялау ережесі) "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін

пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) берілген қосымшалар.

Салық төлеуші берген Декларацияға қосымшалардың нөмірі белгіленеді;

9) резиденттік белгісі:

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі белгілейді;

10) резиденттік елінің коды мен салықтық тіркеу нөмірі;

Егер Декларацияны Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолында Тауарларды декларациялау ережелеріне 6 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

11) Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұрақты мекемесінің бар-жоғы.

Торкөзді Қазақстан Республикасы шегінен тыс тұрақты мекемесі бар Қазақстан Республикасының резиденті толтырады.

16. "Жылдық жиынтық табыс" бөлімінде:

1) 150.00.001 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес өткізуден түскен табыс көрсетіледі.

150.00.001 I жолында кредит (қарыз, шағын кредит), репо операциялары бойынша сыйақы түріндегі табыс көрсетіледі;

150.00.001 II жолында мүлікті қаржы лизингіне беру бойынша сыйақы түріндегі табыс көрсетіледі;

150.00.001 III жолында роялти түріндегі табыс көрсетіледі;

150.00.001 IV жолында мүлікті жалға беруден табыс көрсетіледі;

2) 150.00.002 жолында Салық кодексінің 87-бабына сәйкес құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі.

3) 150.00.003 жолында алдыңғы салық кезеңінен көшірілген залалдар ескеріле отырып, туынды қаржы құралдар, оның ішінде своп бойынша табыс көрсетіледі;

4) 150.00.004 жолында Салық кодексінің 88-бабына сәйкес міндеттемелерді есептен шығарудан табыс көрсетіледі;

5) 150.00.005 жолында Салық кодексінің 89-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша 150.00.005 I мен 150.00.005 II жолдарының сомасы ретінде анықталатын табыс көрсетіледі:

150.00.005 I жолында сатып алынған күмәнді деп танылған, жылдық жиынтық табысқа енгізілетін тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша табыс көрсетіледі;

150.00.005 II жолында күмәнді деп танылған, жылдық жиынтық табысқа енгізілетін Салық кодексінің 163-бабы 2-тармағына сәйкес айқындалған қызметкерлерге есептелген табыстар мен басқа да төлемдер бойынша міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

6) 150.00.006 жолында 150.00.006 I және 150.00.006 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын Салық кодексінің 91-бабына сәйкес талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;

150.00.006 I жолында сатып алынған талап ету құқығы бойынша қарызды талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;

150.00.006 II жолында берілген талап ету құқығы бойынша қарызды талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;

7) 150.00.007 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағы 9) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған табыс көрсетіледі;

8) 150.00.008 жолында Салық кодексінің 92-бабына сәйкес айқындалатын тіркелген активтерді шығарудан түскен табыс көрсетіледі;

9) 150.00.009 жолында Салық кодексінің 93-бабына сәйкес айқындалатын геологиялық зерттеуге және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыс көрсетіледі;

10) 150.00.010 жолында Салық кодексінің 94-бабына сәйкес айқындалатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар көрсетіледі;

11) 150.00.011 жолында Салық кодексінің 107-бабына сәйкес айқындалатын жер қойнауын пайдаланушы тарату қорының қаражаттарын мақсатсыз пайдалану мөлшері көрсетіледі;

12) 150.00.012 жолында Салық кодексінің 80-бабына сәйкес айқындалатын бірлескен қызметті жүзеге асырудан табыстар көрсетіледі;

13) 150.00.013 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген егер бұрын шегерімге жатқызылмаса, бұрын негізсіз бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, сот таңылған немесе борышты деп танылған айыппұлдар, өсімақылар және санкциялардың басқа да түрлері көрсетіледі;

14) 150.00.014 жолында Салық кодексінің 95-бабына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

15) 150.00.015 жолында Салық кодексінің 96-бабына сәйкес айқындалатын өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыстар көрсетіледі;

16) 150.00.016 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген дивидендтер көрсетіледі;

17) 150.00.017 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген депозит, борышты бағалы қағаз, вексель, исламдық жалға беру сертификаты бойынша сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

18) 150.00.018 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі көрсетіледі;

19) 150.00.019 жолында Салық кодексінің 85-бабы 2-тармағының 20) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

20) 150.00.020 жолында Салық кодексінің 97-бабы 2-тармағына сәйкес айқындалатын әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстардың нақты шығыстардан асып кетуі көрсетіледі;

21) 150.00.021 жолында Салық кодексінің 97-бабы 3-тармағына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген қызметкерлерді қоғамдық тамақтандыруды, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын әлеуметтік сала объектілерін пайдаланған кезде алынатын табыстар көрсетіледі;

22) 150.00.022 жолында Салық кодексінің 98-бабына сәйкес айқындалатын мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен табыстар көрсетіледі;

23) 150.00.023 жолында ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 22-1) тармақшасына сәйкес анықталатын табыс көрсетіледі;

24) 150.00.024 жолында Салық кодексінің 35-бабына сәйкес айқындалатын сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан табыстар көрсетіледі;

25) 150.00.025 жолында салық төлеушінің Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін табысы көрсетіледі;

26) 150.00.026 жолында 150.00.001-ден 150.00.025-ке дейінгі жолдарды қосумен айқындалатын жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы көрсетіледі;

27) 150.00.027 жолында 150.00.027 I-ден 150.00.027 XV-ке дейінгі жолдарды қосумен айқындалатын Салық кодексінің 99-бабына сәйкес жылдық жиынтық табысты түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі (150.00.027 X жолы 150.00.027 жолының мағынасын анықтауда есептелмейді):

150.00.027 I жолында тәуекелді инвестициялау жабық пайлық инвестициялық қорлар мен тәуекелді инвестициялау акционерлік инвестициялық қорлар төлейтіндерді қоспағанда дивидендтер көрсетіледі;

150.00.027 II жолында жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті кепілдендіруді жүзеге асыратын ұйымдар алатын банктердің міндетті күнтізбелік , қосымша және төтенше жарналарының сомасы көрсетіледі;

150.00.027 III жолында Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры алған сақтандыру ұйымдарының міндетті қосымша және төтенше жарналарының сомасы көрсетіледі;

150.00.027 IV жолында Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және жеке зейнетақы шоттарына жіберілген инвестициялық табыстар көрсетіледі;

150.00.027 V жолында Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін ұлғайтуға жіберілген инвестициялық табыстар көрсетіледі;

150.00.027 VI жолында сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түскен таза табыстар көрсетіледі;

150.00.027 VII жолында жүзеге асырылған кепілдік төлемдері бойынша талаптарды қанағаттандыру тәртібінде мақта (бидай) қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры алған ақша сомасы көрсетіледі;

150.00.027 VIII жолында инвестициялық депозиттер түрінде алынған ақшаны басқару кезінде ислам банкімен алынған, аталған инвестициялық депозиттердің депозиторларының шотына жіберілген және оларда орналасқан сыйақыны қоспағандағы ислам банкінің табыстары көрсетіледі;

150.00.027 IX жолында Салық кодексінің 99-бабы 1-тармағының 15) тармақшасының ережелері ескеріле отырып анықталатын сотпен бекітілген банктің құрылымын өзгерту жоспарындағы құрылымы өзгертілетін активтер мен міндеттемелер тізіміне енгізілген кредитордың банк міндеттемелерін есептен шығарудан табыс көрсетіледі;

150.00.027 Х жолында тауарлық-материалдық запастарды бағалаудың өзге әдісіне көшу кезінде қалыптасқан оң немесе теріс айырма көрсетіледі;

28) 150.00.028 жолында 150.00.026 жолы мен 150.00.027 жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалған, 150.00.027 Х жолына ұлғайтылған (егер бұл жолдың мағынасы оң болған жағдайда) немесе 150.01.027 Х жолына азайтылған (егер бұл жолдың мағынасы теріс болған жағдайда) (150.00.026 – 150.00.027 ± 150.00.027 Х) түзету ескеріле отырып, жылдық жиынтық табыс көрсетіледі.

17. "Шегерімдер" бөлімінде:

29) 150.00.029 жолында Салық кодексінің 100-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сатылған (жұмсалған) тауарлардың, сатып алынған және өтеусіз алынған жұмыстар, қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі.

150.00.029 I жолында өткізілген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстарды есептеу тәртібі көрсетіледі. 150.00.029 жолында көрсетілетін сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сомасының есебі "1" торкөзін толтыру кезінде, 150.00.029 II – 150.00.029 III + 150.00.029 IV + 150.00.029 V + 150.00.029 VI – 150.00.029 VII – 150.00.029 VIII – 150.00.029 IX – 150.00.029 X ретінде жүргізіледі. Сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстарды есептеудің мұндай тәртібін бөлек салықтық есеп жүргізуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, барлық салық төлеушілер қолданылуға міндетті.

Бөлек салықтық есеп жүргізуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар, 150.00.029 XI + 150.00030 IV – 150.00.029 IV A + 150.00.029 V + 150.00.029 VI – 150.00.029 VII – 150.00.029 VIII – 150.00.029 IX – 150.00.029 X – XII ретінде 150.00.029 жолы бойынша көрсетілетін сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстар сомасын өз таңдауы бойынша анықтауға құқығы бар. Мұндай есептеу тәртібін таңдаған кезде 150.00.029 I жолының "2" торкөзі белгіленеді.

150.00.029 II жолында салық кезеңінің басына тауарлардың, шикізаттардың, материалдардың (соның ішінде сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақталатын бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары) (бұдан әрі – ТМҚ) өзіндік құны көрсетіледі. Бастапқы Декларацияда аталған жол салық кезеңнің басына бухгалтерлік теңгерме бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы Декларациясын беретін салық төлеушіде салық кезеңінің басында ТМҚ болмауы мүмкін. Осы жол 150.00.029 II A бастап 150.00.029 II C (150.00.029 II A + 150.00.029 II B + 150.00.029 II C) дейінгі жолдар сомасы ретінде анықталады:

150.00.029 II A жолында салық кезеңінің басына ТМҚ құны көрсетіледі;

150.00.029 II B жолында салық кезеңінің басына аяқталмаған өндірістер құны көрсетіледі;

150.00.029 II C жолында салық кезеңінің басына дайын өнімнің, тауарлардың құны көрсетіледі.

150.00.029 III жолы салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерме деректеріне сәйкес толтырылады. Бұл ретте, көрсетілген жолда оны сатудан алынған табыстар салық кезеңінде салық салу мақсатында танылған, жылдың соңында ТМҚ қалдықтарында есепке алынатын және жолдағы (мысалы, FAS-порт шарттарындағы тауарларды сату) тауардың құны көрсетілмейді. Салық кезеңінің ішінде салық төлеуші берген тарату Декларациясында 150.00.029 III жолы тиісті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде толтырылады. Бұл жол 150.00.029 III A жолдан бастап 150.00.029 III C жолға дейінгі жолдардың сомалары ретінде айқындалады (150.00.029 III A + 150.00.029 III B + 150.00.029 III C):

150.00.029 III A жолында салық кезеңінің басына ТМҚ құны көрсетіледі;

150.00.029 III B жолында салық кезеңінің басына аяқталмаған өндіріс құны көрсетіледі;

150.00.029 III C жолында салық кезеңінің басына дайын өнім, тауарлар құны көрсетіледі.

150.00.029 IV жолында салық төлеуші салық кезеңінің барысында сатып алған, оның ішінде тегін алған ТМҚ, тарапты ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар орындаған жұмыстар мен көрсеткен қызметтердің құны көрсетіледі. Осы жолда келтірілген деректер Декларацияның 150.00.031 жолынан бастап 150.00.057 жолына дейінгі жолдар бойынша шегерімге жатқызылатын шығыстарды қамтымауы тиіс. 150.00.029 IV A бастап 150.00.029 IV H дейінгі жолдар мәндерінің қосындысымен айқындалады (150.00.029 IV A + 150.00.029 IV B + 150.00.029 IV C + 150.00.029 IV D + 150.00.029 IV E +150.00.029 IV F + 150.00.029 IV G + 150.00.029 IV H):

150.00.029 IV A жолында салық төлеушінің есепті салық кезеңде сатып алған, өтеусіз алған ТМҚ құны көрсетіледі;

150.00.029 IV B қаржылық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.00.029 IV C жарнамалық қызмет көрсетілердің құны көрсетіледі;

150.00.029 IV D консультация қызметтер құны көрсетіледі;

150.00.029 IV E маркетинг қызметтер құны көрсетіледі;

150.00.029 IV F дизайнерлік қызметтер құны көрсетіледі;

150.00.029 IV G инжиниринг қызметтер құны көрсетіледі

150.00.029 IV H басқа да жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға шығыстар көрсетіледі.

150.00.029 V жолында:

150.00.040 жолы бойынша көрсетілетін және Салық кодексінің 155-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында белгіленген тәуліктік мөлшерінің асып кетуін білдіретін;

тіркелген активтердің, преференциялар объектілерінің алғашқы құнына енетін;

Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес кейінгі шығыстар ретінде танылатын;

Салық кодексінің 87-бабына сәйкес амортизацияға жатпайтын активтердің алғашқы құнына енетін қызметкерлердің есептелген табыстары бойынша шығыстарды қоспағанда Салық кодексінің 110-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметкерлердің есептелген табыстары мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстар көрсетіледі;

150.00.029 VI жолында өткен салық кезеңдерінде алдағы кезеңдер шығыстары ретінде танылған және есепті салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылған жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.00.029 VII жолында кейінгі шығыстар болып танылған, салық есебі Салық кодексінің 122-бабына сәйкес жүргізілетін жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.00.029 VIII жолында аяқталмаған құрылыс объектілері құнын ұлғайтуға жататын, жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі ;

150.00.029 IX жолында 150.00.029 VII жолы бойынша көрсетілетін құнды қоспағанда, Салық кодексінің 115-бабының негізінде шегерімдерге жатқызылмайтын, жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.00.029 X жолында алдағы кезеңдердің шығыстары ретінде танылатын және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылуы тиіс жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.00.029 XI жолында салық кезеңі ағымында сатылған және (немесе) пайдаланылған, Салық кодексінің 100-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімдерге жатқызылуы тиіс:

жарнамалық мақсаттарда өтеусіз берілген;

Декларацияның басқа жолдары бойынша шегерімдерге жатқызылатын (150.00.029 III, 150.00.032, 150.00.033, 150.00.045, 150.00.046, 150.00.049, 150.00.053, 150.00.054 және т.б.) ТМҚ өзіндік құны көрсетілмейді;

150.00.029 XII жолында 150.00.029 III В жолы бойынша ескерілген, жұмыстар мен қызметтердің құны;

Сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстарды есептеуді 150.00.029 I жолының "1" торкөзін толтыру кезінде көзделген тәртіпте жүзеге

асыратын салық төлеушілер 150.00.029 XI, 150.00.029 XII жолдарын толтырмайды.

Сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстарды есептеуді 150.00.029 I жолының "2" торкөзін толтыру кезінде көзделген тәртіпте жүзеге асыратын салық төлеушілер ақпараттық сипаттағы 150.00.029 II, 150.00.029 III жолдарын міндетті түрде толтырады, ал 150.00.029 VI, 150.00.029 VII, 150.00.029 VIII, 150.00.029 IX, 150.00.029 X жолдарында ТМҚ өзіндік құнын есепке алмағанда, тек сатып алған (өтеусіз алған) жұмыстар мен қызметтерді көрсетеді.

30) 150.00.030 жолында Салық кодексінің 100-бабы 6-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын айыппұлдардың, өсімақылардың, тұрақсыздық айыптарының жалпы сомасы көрсетіледі;

31) 150.00.031 жолында Салық кодексінің 100-бабы 8-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын бірлескен қызмет бойынша немесе бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың уәкілетті өкілі салық есебін жүргізген жағдайда оның бір бөлігі бойынша шығыстар көрсетіледі;

32) 150.00.032 жолында Салық кодексінің 150-бабы 10-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын Салық кодексінің 97-бабы 3-тармағында көрсетілген әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезіндегі шығыстар көрсетіледі;

33) 150.00.033 жолында Салық кодексінің 150-бабы 11-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын мәміледе белгіленген кепілдік мерзімі ішінде жүргізілген сатылған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің кемшіліктерін жою бойынша салық төлеушінің нақты шығыстарының сомасы көрсетіледі;

34) 150.00.034 жолында барабар әдістің қолданылуына байланысты есепке жатқызуға жатпайтын және Салық кодексінің 150-бабы 12-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын қосылған құн салығы көрсетіледі;

35) 150.00.035 жолында 2009 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан және Салық кодексінің 150-бабы 13-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын есептелген қосылған құн салығының сомасынан есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомасының артуы көрсетіледі;

36) 150.00.036 жолында Салық кодексінің 150-бабы 14-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын мүшелік жарналар көрсетіледі;

37) 150.00.037 жолында Салық кодексінің 150 бабы 14-1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеушінің Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

38) 150.00.038 жолында Салық кодексінің 150-бабы 16-1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын жарнамалық мақсатта өтеусіз берілген тауардың құны көрсетіледі;

39) 150.00.039 жолында Салық кодексінің 103-бабына, Енгізу туралы заңның 14-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі.

40) 150.00.040 жолында Салық кодексінің 101-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақы сомасы көрсетіледі;

41) 150.00.041 жолында Салық кодексінің 102-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын өкілдік шығыстардың сомасы көрсетіледі;

42) 150.00.042 жолында Салық кодексінің 104-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын төленген күмәнді міндеттемелер көрсетіледі. Жол өзіне 150.00.042 I және 150.00.042 II жолдарын қамтиды:

150.00.042 I жолында Салық кодексінің 104-бабы бірінші бөліміне сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеуші кредиторға төлеген бұрын күмәнді міндеттемелердің табысы деп танылған сома көрсетіледі;

150.00.042 II жолында Салық кодексінің 104-бабы екінші бөліміне сәйкес шегерімге жатқызылатын Салық кодексінің 88-бабына сәйкес бұрын табыс деп танылған төленген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

43) 150.00.043 жолында Салық кодексінің 105-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын күмәнді талаптар көрсетіледі. Жол өзіне 150.00.043 I және 150.00.043 II жолдарын қамтиды:

150.00.043 I жолында талаптар туындаған сәттен бастап үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған күмәнді талаптар сомасы көрсетіледі;

150.00.043 II жолында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дебитор салық төлеушінің банкрот деп танылуына байланысты қанағаттандырылмаған күмәнді талаптар сомасы көрсетіледі;

44) 150.00.044 жолында Салық кодексінің 107-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын, кен орындарын әзірлеу салдарларын жоюға жұмсалған шығыстар мен тарату қорларына аударымдар сомасы көрсетіледі;

45) 150.00.045 жолында Салық кодексінің 108-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын ғылыми-зерттеу және ғылыми технологиялық жұмыстарға шығыстар көрсетіледі;

46) 150.00.046 жолында жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларды қоспағанда, Салық кодексінің 109-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын сақтандыру шарттары бойынша төленуі тиіс немесе төленген сақтандыру сыйлықақылары көрсетіледі;

47) 150.00.047 жолында Салық кодексінің 111-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шыққан шығыстар мен жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстары көрсетіледі;

48) 150.00.048 жолында Салық кодексінің 112-бабы 1 тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын қазақстандық кадрларды оқытуға және өңірлердің әлеуметтік саласын дамытуға жұмсалған жер қойнауын пайдаланушының шығыстары көрсетіледі;

49) 150.00.049 жолында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын оң бағамдық айырма сомасынан теріс бағамдық айырма сомасының артуы көрсетіледі;

50) 150.00.050 жолында Салық кодексінің 114-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер көрсетіледі;

51) 150.00.051 жолында Салық кодексінің 116 – 122-баптарына сәйкес жүргізілетін тіркелген активтер бойынша шегерімдер көрсетіледі;

150.00.051 І жолында Салық кодексінің 117-бабы 10-тармағына және 120-баптың 2-1-тармағына сәйкес салық есебі жүргізілетін инвестициялар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған корпоративтік табыс салығын төлеуден босату ұсынылған келісім-шарт бойынша инвестициялық жоба шеңберінде 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін және (немесе) кейін пайдалануға енгізілген тіркелген активтер бойынша шегерімдер анықтама ретінде көрсетіледі;

52) 150.00.052 жолында Салық кодексінің 123 – 125-баптарына, сондай-ақ Енгізу туралы заңның 15-бабына сәйкес инвестициялық салық преференциялары бойынша шегерімдер көрсетіледі. Егер салық төлеуші 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялар бойынша мемлекеттік уәкілетті органмен жасасқан келісім-шарттар бойынша жылдық жиынтық табыстан инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға енгізілген тіркелген активтер құнын шегерімге жатқызу түрінде инвестициялық салық преференцияларын қолданатын болса;

53) 150.00.053 жолында салық салынатын табыс осындай шығыстарды шегергеннен кейін нөлден көп болатын болса, Енгізу туралы заңның 39-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын біржолғы талон сатып алу бойынша шығыстар көрсетіледі;

54) 150.00.054 жолында Салық кодексіне сәйкес шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар көрсетіледі;

55) 150.00.055 шегерімге жатқызылуы тиіс сома көрсетіледі. 150.00.029 және 150.00.054 жолдарының сомасын айырмасы ретінде айқындалады;

18. "Табыстар мен шегерімдерді түзету" бөлімінде:

56) 150.00.056 жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстар мен шегерімдерді түзетулердің жалпы сомасы көрсетіледі.

150.00.056 I және 150.00.056 II жолдарының сомасын айырмасы ретінде айқындалады;

150.00.056 I жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстарды түзетулердің сомасы көрсетіледі;

150.00.056 II жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін шегерімдерді түзетулердің сомасы көрсетіледі.

19. "Салық салынатын табыс есебі" бөлімінде:

57) 150.00.057 жолында салық салынатын табыс (залал) көрсетіледі. 150.00.056 жолының оң және теріс мәндері ескеріле отырып, 150.00.028 және 150.00.055 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (150.00.028 - 150.00.055 + 150.00.056);

57) 150.00.058 жолында резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алған табыстар сомасы көрсетіледі. Бұл жол өзіне 150.00.058 I жолын да қамтиды:

58) 150.00.058 I жолында Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елде алған табыс көрсетіледі;

59) 150.00.059 жолында Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына, 212, 213-баптарына сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс сомасы көрсетіледі;

60) 150.00.060 жолында халықаралық салық салу ерекшелігі ескеріле отырып, салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. 150.00.059 жолы алына отырып, 150.00.057 және 150.00.058 жолдарының сомасы ретінде айқындалады (150.00.057 + 150.00.058 - 150.00.059);

61) 150.00.061 жолында Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес көшірілуі тиіс залал көрсетіледі;

62) 150.00.062 жолында Салық кодексінің 133-бабына немесе Енгізу туралы заңның 2-3-бабына сәйкес салық салу табысын кеміту сомасы көрсетіледі. 150.00.062 A және 150.00.062 B жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

150.00.062 A жолында Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы шығыстар көрсетіледі. 150.00.060 жолының 3 пайызы шегіндегі 150.00.062 A I-ден 150.00.062 A III-ке дейінгі жолдарының сомасы қосу 150.00.062 A IV және 150.00.062 A V жолдарының сомасы ретінде айқындалады (((150.00.062 A I+150.00.062 A II+150.00.062 III) 150.00.060 жолының 3%) + (150.00.062 A IV + 150.00.062 A V). Бұл ретте, егер 150.00.062 A I-ден 150.00.062 A III-ке дейінгі жолдарда көрсетілген нақты шығыс сомасы салық салынатын табыстан (150.00.060) үш пайыздан азын құрайтын болса, шығыстар жүргізілген нақты сома салық салынатын табыстан алып

тастауға жатады. Егер сома салық салынатын табыстан үш пайыздан көп соманы құраған жағдайда, салық салынатын табыстың үш пайызы мөлшерінде айқындалған сома алып тасталады:

150.00.062 A I жолында Салық кодексінің 97-бабы 2-тармағында көзделген әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстардан нақты шыққан шығыстардың арту сомасы көрсетіледі;

150.00.062 A II жолында өтеусіз негізде коммерциялық емес ұйымдарға және әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген мүлік құны көрсетіледі. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты кеткен шығыстар мөлшерінде айқындалады;

150.00.062 A III жолында көмекті алатын адам тарапынан өтініш негізінде салық төлеушінің шешімі болған кезде демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетіледі. Бұл жол өзіне "2" шығыстар түрінің белгісі бойынша;

150.00.062 A IV жолында мүгедектердің еңбегін төлеуге жүргізілген шығыстардың 2 еселенген мөлшері және мүгедектерге жалақы мен басқа да төлемдерден есептелген әлеуметтік салық сомасының 50 пайызы көрсетіледі;

150.00.062 A V жолында жеке тұлғамен салық төлеушіде кем дегенде үш жыл жұмыс істеу міндеттемесі туралы шарт жасасқан жағдайда салық төлеушімен еңбек қатынасы жоқ жеке тұлғаның оқуына шығыстар көрсетіледі;

150.00.062 B жолында Салық кодексінің 133-бабы 2-тармағына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы табыстар көрсетіледі. 150.00.062 B I-ден 150.00.062 B X-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.00.062 B I жолында негізгі құралдардың қаржы лизингі бойынша сыйақы, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, биологиялық активтер көрсетіледі;

150.00.062 B II жолында осындай сыйақы есептеу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде орналасқан борышты бағалы қағаздар бойынша сыйақы көрсетіледі;

150.00.062 B III жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен табыстар көрсетіледі;

150.00.062 B IV жолында агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен табыстар көрсетіледі;

150.00.062 B V жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, агенттік облигациялар бойынша сыйақы көрсетіледі;

150.00.062 B VI жолында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда гуманитарлық көмек түрінде алынған және мақсатты пайдаланылған мүліктің құны көрсетіледі;

150.00.062 B VII жолында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінің негізінде мемлекеттік органнан немесе республикалық мемлекеттік кәсіпорыннан

өтеусіз негізде республикалық мемлекеттік кәсіпорын алған негізгі құралдардың құны көрсетіледі;

150.00.062 В VIII жолында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акциялар мен қатысу үлестерін сату кезінде құн өсімінен түскен табыс көрсетіледі. Бұл жол егер сату күніне көрсетілген заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акциясының (қатысу үлесінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың мүлкі құраған жағдайда толтырылады;

150.00.062 IX жолында сату күнінде Қазақстан Республикасы аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде орналастырылған бағалы қағаздарды ашық сауда әдісімен сату кезінде құн өсімінен табыс көрсетіледі;

150.00.062 В X жолында мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражатты республикалық бюджеттен тартылған қаражаттарды қайтару бойынша міндеттемелерді орындау есебіне мемлекет меншігіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша салық төлеуші мүлік берген кезде тіркелген активтерді шығарудан түскен табыстар көрсетіледі;

63) 150.00.063 жолында Салық кодексінің 133-бабына, сондай-ақ Енгізу туралы заңның 3-2-тармағына сәйкес жүргізілетін азайту ескерілген салық салынатын табыс көрсетіледі. 150.00.060 және 150.00.062 жолдарының айырмасы ретінде анықталады (150.00.060 - 150.00.062). Егер 150.00.062 жолы 150.00.060 жолынан артық болса, 150.00.063 жолында нөл көрсетіледі;

64) 150.00.064 жолында Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына және Енгізу туралы заңның 15-1-бабына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар көрсетіледі;

65) 150.00.065 жолында көшірілген залалдар қосылған салық салынатын табыс көрсетіледі. Егер 150.00.063 жолында оң мән көрсетілген жағдайда толтырылады. 150.00.063 және 150.00.064 жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады (150.00.063 - 150.00.064). Егер 150.00.064 жолы 150.00.063 жолынан артық болса, 150.00.065 жолында нөл көрсетіледі.

20. "Салық міндеттемесінің есебі" бөлімінде:

66) 150.00.066 жолында Енгізу туралы заңның 4-бабына сәйкес немесе Салық кодексінің 147-бабы 2-тармағына сәйкес корпоративтік табыс салығының ставкасы пайыздарда көрсетіледі. Бұл жолды салық төлеуші Салық кодексінің 448-бабы 4 тармағында және 58-бабында көзделген бөлек есеп жүргізуді жүзеге асырмаған жағдайда толтырады;

67) 150.00.067 жолында Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде ескерілетін

Қазақстан Республикасынан тыс төленген табысқа салықтардың немесе резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алған табыстарға соған ұқсас табыс салығының түрлерінің сомасы көрсетіледі.

68) 150.00.068 жолында шетел салығын есепке жатқызу ескерілген корпоративтік табыс салығы сомасы көрсетіледі;

69) 150.00.069 жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде ұтыс түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

70) 150.00.070 I жолында алдыңғы салық кезеңдерінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған және Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес көшірілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

150.00.070 II жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

71) 150.00.071 жолында салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

72) 150.00.072 жолында Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен түскен резидент емес заңды тұлғаның таза табысы көрсетіледі;

73) 150.00.073 жолында таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі:

150.00.073 I жолында Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес 15 пайыз ставка бойынша есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі (150.00.072 х 15%);

150.00.073 II жолында Салық кодексінің 212-бабына сәйкес халықаралық шартта көзделген ставка бойынша есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші таза табысқа корпоративтік табыс салығына қатысты халықаралық шарт ережесін қолданса, таза табысқа корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

150.00.073 III жолы егер 150.00.073 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға осы Ереженің 83-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы аталған халықаралық шарт жасасқан елдің коды көрсетіледі;

150.00.073 IV жолы егер 150.00.073 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға аталған халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

74) 150.00.074 жолында есептелген корпоративтік табыс салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. 150.00.071 және 150.00.073 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

21. "Басқа да ақпараттар" бөлімінде:

75) 150.00.075 жолында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалған жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүлік құны көрсетіледі;

76) 150.00.076 жолында эмитент шығарған акцияларды орналастырудан алған ақша сомасы көрсетіледі;

77) 150.00.077 жолында өтеусіз берілген мүліктің құны көрсетіледі. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шыққан шығыстардың мөлшерінде айқындалады;

78) 150.00.078 жолында Салық кодексінде көзделген жағдайларда салық міндеттемесінің мөлшерін азайту сомасы көрсетіледі;

79) 150.00.079 жолында басқа адамнан алынуы тиіс (алынған) табыстан басқа, қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепте табыс деп танылатын активтердің және (немесе) міндеттемелердің құнының өзгеруіне байланысты туындаған табыс көрсетіледі;

80) 150.00.080 жолында қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес активтерді қайта бағалауға резервтерді азайту есебінен таратылмаған пайданың ұлғаюы көрсетіледі;

81) 150.00.081 жолында бухгалтерлік есепте мойындалған міндеттемені орындауға жататын нақты көлемі мен осы міндеттеменің құны арасындағы оң айырма түрінде бухгалтерлік есепте міндеттемені мойындауға байланысты туындаған табыс көрсетіледі.

82) 150.00.082 жолында төленуі тиіс (төленген) шығыстардан басқа, қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарын және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасын қолданған кезде бухгалтерлік есепте активтердің және (немесе) міндеттемелердің құнының өзгеруіне байланысты туындаған шығыс көрсетіледі;

83) 150.00.083 жолында Салық кодексінің 115-бабына сәйкес шегерімге жатқызылмайтын шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі.

22. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

2) Декларацияның берілген күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

5) Декларацияны қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына және Енгізу туралы заңның 3-бабына сәйкес Декларацияны табыс ету күні көрсетіледі;

6) құжаттың табыс нөмірі.

Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) почта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісім-шарт, кен орны (кен орындар тобы, кен орнының бөлігі) бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу бойынша салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы - 150.01-нысанын жасау

23. Бұл нысан Салық кодексінің 310-бабында белгіленген негізгі принциптерге сәйкес жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісім-шарт, кен орны (кен орындар тобы, кен орнының бөлігі) бойынша корпоративтік табыс салығын есептеуі бойынша салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері туралы мәліметін көрсетуге арналған.

Жер қойнауын пайдалануға арналған бірнеше келісім-шарт болған жағдайда, бұл нысан әрбір келісім-шарт бойынша жеке толтырылады.

24. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші келесі деректерді көрсетеді:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы сенімгерлікпен басқарушы салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі (жыл) - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) келісім-шарттың нөмірі жасалған күні. А бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың нөмірі, В бағанында келісім-шарттың жасалған күні көрсетіледі;

5) кен орны мен келісім-шарт атауы.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың және кен орындарының атауы көрсетіледі;

25. "Жылдық жиынтық табыс" бөлімінде:

1) 150.01.001 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес өткізуден түскен табыс көрсетіледі.

2) 150.01.002 жолында Салық кодексінің 87-бабына сәйкес құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі.

3) 150.01.003 жолында алдыңғы салық кезеңінен көшірілген залалдар ескеріле отырып, туынды қаржы құралдар, оның ішінде своп бойынша табыс көрсетіледі;

4) 150.01.004 жолында Салық кодексінің 88-бабына сәйкес міндеттемелерді есептен шығарудан табыс көрсетіледі;

5) 150.01.005 жолында Салық кодексінің 89-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша 150.01.005 I мен 150.01.005 II жолдарының сомасы ретінде анықталатын табыс көрсетіледі:

150.01.005 I жолында сатып алынған күмәнді деп танылған, жылдық жиынтық табысқа енгізілетін тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша табыс көрсетіледі;

150.01.005 II жолында күмәнді деп танылған, жылдық жиынтық табысқа енгізілетін Салық кодексінің 163-бабы 2-тармағына сәйкес айқындалған қызметкерлерге есептелген табыстар мен басқа да төлемдер бойынша міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

6) 150.01.006 жолында 150.01.006 I және 150.01.006 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын Салық кодексінің 91-бабына сәйкес талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;

150.01.006 I жолында сатып алынған талап ету құқығы бойынша қарызды талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;

150.01.006 II жолында берілген талап ету құқығы бойынша қарызды талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;

7) 150.01.007 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағы 9) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған табыс көрсетіледі;

8) 150.01.008 жолында Салық кодексінің 92-бабына сәйкес айқындалатын тіркелген активтерді шығарудан түскен табыс көрсетіледі;

9) 150.00.009 жолында Салық кодексінің 93-бабына сәйкес айқындалатын геологиялық зерттеуге және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыс көрсетіледі;

10) 150.01.010 жолында Салық кодексінің 94-бабына сәйкес айқындалатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар көрсетіледі;

11) 150.01.011 жолында Салық кодексінің 107-бабына сәйкес айқындалатын жер қойнауын пайдаланушы тарату қорының қаражаттарын мақсатсыз пайдалану мөлшері көрсетіледі;

150.05.003 III жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өзге де бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен табыс көрсетіледі. Егер 150.05.001 III жолы 150.05.002 III жолынан көп болса толтырылады. 150.05.001 III мен 150.05.002 III жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

4) 150.05.004 жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар мен қатысу үлестерін өткізуден келген залал көрсетіледі. 150.05.004 I-ден 150.05.004 III-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.004 I жолында егер сату күнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құраса, аталған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акциялар мен қатысу үлестерін өткізуден келген залал көрсетіледі. Егер 150.05.002 I жолы 150.05.001 I жолынан көп болса толтырылады. 150.05.002 I мен 150.05.001 I жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

150.05.004 II жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өткізу күніне қор биржасының ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізуден келген залал көрсетіледі. Егер 150.05.002 II жолы 150.05.001 II жолынан көп болса толтырылады. 150.05.002 II мен 150.05.001 II жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

150.05.004 III жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өзге де бағалы қағаздарды өткізуден келген залал көрсетіледі. Егер 150.05.002 III жолы 150.05.001 III жолынан көп болса, толтырылады. 150.05.002 III мен 150.05.001 III жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

5) 150.05.005 жолында сату күнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын

пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құраса, аталған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы қатысу үлестерін қоспағанда, қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі.

42. "Борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, жарғылық капиталға салым ретінде бағалы қағаздарды және қатысу үлесін беру кезіндегі, сондай-ақ бағалы қағаздардың және қатысу үлестерінің қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде шығарылуы кезіндегі табыс" бөлімінде:

1) 150.05.006 жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, жарғылық капиталға салым ретінде қатысу үлесін және бағалы қағаздарды берудегі құн өсімінен табыс көрсетіледі;

2) 150.05.007 жолында қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар мен қатысу үлесінің шығарылуы кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі;

43. "Борыштық бағалы қағаздарды өткізудегі табыс (залал)" бөлімінде:

1) 150.05.008 жолында борыштық бағалы қағаздарды өткізу құны көрсетіледі. 150.05.008 I-ден 150.05.008 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.008 I жолында өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде тұрған облигацияларды қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізу құны көрсетіледі;

150.05.008 II жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың өткізу құны көрсетіледі;

150.05.008 III жолында агенттік облигациялардың өткізу құны көрсетіледі;

150.05.008 IV жолында өзге де борыштық бағалы қағаздардың өткізу құны көрсетіледі;

2) 150.05.009 жолында өткізілетін борыштық бағалы қағаздардың бастапқы құны көрсетіледі. 150.05.009 I-ден 150.05.009 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.009 I жолында өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде тұрған, қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізілетін облигациялардың бастапқы құны көрсетіледі;

150.05.009 II жолында өткізілетін мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың бастапқы құны көрсетіледі;

150.05.009 III жолында өткізілетін агенттік облигациялардың бастапқы құны көрсетіледі;

150.05.009 IV жолында өткізілетін өзге де борыштық бағалы қағаздардың бастапқы құны көрсетіледі;

3) 150.05.010 жолында өткізілетін борыштық бағалы қағаздарға ие болу кезеңі ішіндегі дисконт амортизациясы не сыйлықақы көрсетіледі. 150.05.010 I-ден 150.05.010 VI-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.010 I жолында өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде тұрған, қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізілетін облигацияларға ие болу кезеңі ішіндегі дисконт амортизациясы не сыйлықақы көрсетіледі;

150.05.010 II жолында өткізілетін мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарға ие болған кезең үшін дисконт амортизациясы не сыйлықақы көрсетіледі;

150.05.010 III жолында өткізілетін агенттік облигацияларға ие болған кезең үшін дисконт амортизациясы не сыйлықақы көрсетіледі;

150.05.010 IV жолында өзге де борыштық бағалы қағаздарға ие болған кезең үшін дисконт амортизациясы не сыйлықақы көрсетіледі;

4) 150.05.011 жолында борыштық бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі. 150.05.011 I-ден 150.05.011 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.011 I жолында өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде тұрған, қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі. Егер 150.05.008 I жолы 150.05.009 I және 150.05.010 I жолдарының сомасынан көп болса толтырылады. 150.05.008 I жолының және 150.05.009 I және 150.05.010 I жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады (150.05.008 I – (150.05.009 I + 150.05.010 I));

150.05.011 II жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі. Егер 150.05.008 II жолы 150.05.009 II және 150.05.010 II жолдарының сомасынан көп болса толтырылады. 150.05.008 II жолының және 150.05.009 II және 150.05.010 II жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады (150.05.008 II – (150.05.009 II + 150.05.010 II));

150.05.011 III жолында агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі. Егер 150.05.008 III жолы 150.05.009 III және 150.05.010 III жолдарының сомасынан көп болса толтырылады. 150.05.008 III жолының және 150.05.009 III және 150.05.010 III жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады (150.05.008 III – (150.05.009 III + 150.05.010 III)).;

150.05.011 IV жолында өзге де борыштық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі. Егер 150.05.008 IV жолы 150.05.009 IV және 150.05.010 IV жолдарының сомасынан көп болса толтырылады. 150.05.008 IV жолының және 150.05.009 IV және 150.05.010 IV жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады (150.05.008 IV – (150.05.009 IV + 150.05.010 IV));

5) 150.05.012 жолында борыштық бағалы қағаздарды өткізуден келген залал көрсетіледі. 150.05.012 I-ден 150.05.012 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.012 I жолында өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде тұрған, қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізуден залал көрсетіледі. Егер 150.05.009 I және 150.05.010 I жолдарының сомасы 150.05.008 I жолынан көп болса, толтырылады. 150.05.009 I және 150.05.010 I жолдарының сомасы мен 150.05.008 I жолының айырмасы ретінде айқындалады ((150.05.009 I + 150.05.010 I) – 150.05.008 I);

150.05.012 II жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізуден залал көрсетіледі. Егер 150.05.009 II және 150.05.010 II жолдарының сомасы 150.05.008 II жолынан көп болса толтырылады. 150.05.009 II және 150.05.010 II жолдарының сомасы мен 150.05.008 II жолының айырмасы ретінде айқындалады ((150.05.009 II + 150.05.010 II) – 150.05.008 II);

150.05.012 III жолында агенттік облигацияларды өткізуден шеккен залал көрсетіледі. Егер 150.05.009 III және 150.05.010 III жолдарының сомасы 150.05.008 III жолынан көп болса толтырылады. 150.05.009 III және 150.05.010 III жолдарының сомасы мен 150.05.008 III жолының айырмасы ретінде айқындалады ((150.05.009 II I+ 150.05.010 III) – 150.05.008 III);

150.05.012 IV жолында өзге де борыштық бағалы қағаздарды өткізуден залал көрсетіледі. Егер 150.05.009 IV және 150.05.010 IV жолдарының сомасы 150.05.008 IV жолынан көп болса толтырылады. 150.05.009 IV және 150.05.010 IV жолдарының сомасы мен 150.05.008 IV жолының айырмасы ретінде айқындалады ((150.05.009 IV + 150.05.010 IV) – 150.05.008 IV);

44. "Жарғылық капиталға салым ретінде борыштық құнды қағаздарды беру кезіндегі, сондай-ақ қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде борыштық бағалы қағаздардың шығарылуы кезіндегі табыс" бөлімінде:

1) 150.05.013 жолында жарғылық капиталға салым ретінде борыштық бағалы қағаздарды беру кезінде құн өсімінен табыс көрсетіледі;

2) 150.05.014 жолында қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде борыштық бағалы қағаздардың шығарылуы кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі;

28. "Салық кодексінің 87-бабы 2 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізу кезіндегі табыс (залал)" бөлімінде:

1) 150.05.015 жолында Салық кодексінің 87-бабы 2 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізу құны көрсетіледі;

2) 150.05.016 жолында Салық кодексінің 87-бабы 2 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген өткізілген активтердің бастапқы құны көрсетіледі;

3) 150.05.017 жолында Салық кодексінің 87-бабы 2 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізу кезіндегі құн өсімінен табысы көрсетіледі. 150.05.015 жолы 150.05.016 жолынан көп болса толтырылады. 150.05.015 және 150.05.016 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (150.05.015-150.05.016);

4) 150.05.018 жолында Салық кодексінің 87-бабы 2 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізуден залалы көрсетіледі. 150.05.016 жолы 150.05.015 жолынан көп болса толтырылады. 150.05.016 және 150.05.015 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (150.05.016-150.05.015).

45. "Жарғылық капиталға салым ретінде Салық кодексінің 87-бабы 2 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді беру кезіндегі, сондай-ақ қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде осындай активтердің шығарылуы кезіндегі табыс" бөлімінде:

1) 150.05.019 жолында жарғылық капиталға салым ретінде Салық кодексінің 87-бабы 2 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді беру кезіндегі құн өсімінен табысы көрсетіледі;

2) 150.05.020 жолында қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде Салық кодексінің 87-бабы 2 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтердің шығарылуы кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі.

46. "Амортизациялануға жатпайтын басқа да активтер бойынша табыс" бөлімінде:

1) 150.05.021 жолында өткізу, жарғылық капиталға салым ретінде беру, қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде шығып кетуі кезінде туындайтын Салық кодексінің 87-бабы 2 тармағының 7)-8) тармақшаларында көрсетілген активтер бойынша, яғни құны 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толығымен шегерімге жатқызылған негізгі құралдардың, сондай-ақ құны толығымен шегерімге жатқызылған, Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасасқан келісім-шарттар бойынша инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға енгізілген активтер бойынша құн өсімінен табысы көрсетіледі;

2) 150.05.022 жолында өткізу, жарғылық капиталға салым ретінде беру, қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу нәтижесінде шығып кетуі кезіндегі амортизациялануға жатпайтын басқа да активтер бойынша құн өсімінен табысы көрсетіледі.

47. "Есептеу" бөлімінде:

1) 150.05.023 жолында есепті салық кезеңінен алынған және алдыңғы салық кезеңдерінен ауыстырылған бағалы қағаздарды өткізуден залалдар сомасына кемітуге жататын бағалы қағаздарды өткізуде құн өсімінен табысы көрсетіледі. 150.05.003 III, 150.05.011 IV жолдарының сомасы ретінде айқындалады (150.05.003 III + 150.05.011 IV);

2) 150.05.024 жолында Салық кодексінің 137-бабының 2-тармағы мен Енгізу туралы Заңның 15-1-бабына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінен ауыстырылатын бағалы қағаздарды өткізуден залалдар көрсетіледі;

3) 150.05.025 жолында бағалы қағаздарды өткізуде құн өсімінен табыс есебінен қайтарылатын есепті салық кезеңнің бағалы қағаздарын өткізуден залалдар көрсетіледі (150.05.004 III + 150.05.012 IV);

4) 150.05.026 жолында есепті салық кезеңнің залалдары және алдыңғы салық кезеңдерінен ауыстырылған залалдар есебімен бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен табыс көрсетіледі. 150.05.024 және 150.05.025 жолдарының сомасына азайтылған 150.05.023 жолы ретінде айқындалады. Егер 150.05.023 жолы 150.05.024 және 150.05.025 жолдарының сомасынан аз немесе тең болса, 150.05.026 жолында нөл көрсетіледі;

5) 150.05.027 жолында Салық кодексінің 137 бабы 1-1 тармағына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінен ауыстырылған Салық кодексінің 87-бабы 2 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізу кезіндегі залалдар көрсетіледі;

6) 150.05.028 жолында алдыңғы салық кезеңдерінен ауыстырылған залалдар есебімен Салық кодексінің 87-бабы 2 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізу кезіндегі құн өсімінен табысы көрсетіледі. 150.05.017 және 150.05.027 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (150.05.017 - 150.05.027). Егер 150.05.017 150.05.027 жолынан кем немесе тең болса, 150.05.028 жолында нөл көрсетіледі;

7) 150.05.029 жолында құн өсімінен табыстың жалпы сомасы көрсетіледі. 150.05.026, 150.05.028, 150.05.003 I, 150.05.003 II, 150.05.005, 150.05.006, 150.05.007, 150.05.011 I, 150.05.011 II, 150.05.011 III, 150.05.013, 150.05.014, 150.05.019, 150.05.020, 150.05.021, 150.05.022 жолдарының сомасы ретінде айқындалады (150.05.026 + 150.05.028 + 150.05.003 I + 150.05.003 II + 150.05.005 + 150.05.006 + 150.05.007 + 150.05.011 I + 150.05.011 II + 150.05.011 III + 150.05.013 + 150.05.014 + 150.05.019 + 150.05.020 + 150.05.021 + 150.05.022);

8) 150.05.030 жолында Салық кодексінің 137 бабының 2-тармағы мен Енгізу туралы Заңның 15-1-бабына сәйкес анықталатын және кейінгі салық кезеңдеріне ауыстырылатын бағалы қағаздарды өткізуден залал көрсетіледі. Бұл жол 150.05.024 және 150.05.025 жолдарының сомасы 150.05.023 жолынан артық болған жағдайда толтырылады;

9) 150.05.031 жолында кейінгі салық кезеңдеріне ауыстырылатын 87-бабы 2 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген активтерді өткізуден залалдар көрсетіледі. Бұл жол 150.05.027 жолы 150.05.017 жолынан артық болғанда толтырылады;

10) 150.05.032 жолында кейінгі салық кезеңдеріне ауыстыруға жатпайтын залалдар көрсетіледі.

8. Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша табыс – 150.06-нысанын жасау

48. Бұл нысан Салық кодексінің 127, 129, 130-баптарына сәйкес свопты қоспағанда, туынды қаржы құралдары бойынша табысты айқындауға арналған.

49. "Есеп" бөлімінде:

1) 150.06.001 жолында своптарды қоспағанда, туынды қаржы құралдары бойынша "1" - хеджирлеу белгісімен қорытынды табыс (залал) көрсетіледі. F бағанының тиісті торкөзінде көрсетілген "1" белгісі бойынша I бағанының жолдары сомасы ретінде айқындалады;

2) 150.06.002 жолында своптарды қоспағанда, туынды қаржы құралдары бойынша "2" - базалық активті жеткізу белгісімен қорытынды табыс (залал) көрсетіледі. F бағанының тиісті торкөзінде көрсетілген "2" белгісі бойынша I бағанының жолдары сомасы ретінде айқындалады;

3) 150.06.003 жолында своптарды қоспағанда, туынды қаржы құралдары бойынша "3" - өзге де белгісімен қорытынды табыс (залал) көрсетіледі. F бағанының тиісті торкөзінде көрсетілген "3" белгісі бойынша I бағанының жолдары сомасы ретінде айқындалады;

4) 150.06.004 жолында алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілуі тиіс алдыңғы салық кезеңдерінің залалы көрсетіледі;

5) 150.06.005 жолында көшірілген залалдар ескеріле отырып, своптарды қоспағанда, туынды қаржы құралдары бойынша "3" белгісімен табыс көрсетіледі. Егер 150.06.003 жолы 150.06.004 жолынан көп болса, 150.06.005 жолы 150.06.003 және 150.06.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Егер 150.06.003 жолы 150.06.004 жолынан аз не тең болса, 150.06.005 жолында нөл көрсетіледі;

6) 150.06.006 жолында кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін залал көрсетіледі;

7) 150.06.007 жолында кейінгі салық кезеңдеріне көшірілмейтін залал көрсетіледі.

50. "Своптарды қоспағанда, туынды қаржы құралдарымен операциялар" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шарт жасасқан салық төлеуші контрагенттің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) C бағанында шарт жасасқан салық төлеуші контрагенттің бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 78-тармағына сәйкес шарт жасасқан резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында шарт жасасқан резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында туынды қаржы құралының белгісі көрсетіледі. Бұл ретте егер белгісі хеджирлеу болып табылса, "1" белгіленеді; "2" - базалық активті жеткізу; "3" - өзгелері;

7) G бағанында свопты қоспағанда, туынды қаржы құралы бойынша түсімдер көрсетіледі;

8) H бағанында свопты қоспағанда, туынды қаржы құралы бойынша шығыстар көрсетіледі;

9) I бағанында свопты қоспағанда, туынды қаржы құралы бойынша табыс (залал) көрсетіледі. G және H бағандары мәндерінің айырмасы ретінде айқындалады.

9. Своп бойынша табыс – 150.07-нысанын жасау

51. Бұл нысан Салық кодексінің 128, 129, 130-баптарына сәйкес своп бойынша табысты айқындауға арналған.

52. "Есеп" бөлімінде:

1) 150.07.001 жолында "1" - хеджирлеу белгісімен своптар бойынша қорытынды табыс (залал) көрсетіледі. "1" белгісімен F бағанының тиісті торкөзінде көрсетілген I бағаны бойынша жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

2) 150.07.002 жолында "2" - базалық активті жеткізу белгісімен своптар бойынша қорытынды табыс (залал) көрсетіледі. "2" белгісімен F бағанының тиісті торкөзінде көрсетілген I бағаны бойынша жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

3) 150.07.003 жолында "3" - өзгелері белгісімен своптар бойынша қорытынды табыс (залал) көрсетіледі. "3" белгісімен F бағанының тиісті торкөзінде көрсетілген I бағаны бойынша жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

4) 150.07.004 жолында алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілуі тиіс алдыңғы салық кезеңдерінің залалы көрсетіледі;

5) 150.07.005 жолында көшірілген залалдар ескеріле отырып, "3" белгісімен своптар бойынша табыс көрсетіледі. Егер 150.07.003 жолы 150.07.004 жолынан

көп болса, 150.07.005 жолы 150.07.003 және 150.07.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Егер 150.07.003 жолы 150.07.004 жолынан аз немесе тең болса, 150.07.005 жолында нөл көрсетіледі;

6) 150.07.006 жолында кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін залал көрсетіледі;

7) 150.07.007 жолында кейінгі салық кезеңдеріне көшірілмейтін залал көрсетіледі.

53. "Своптар бойынша операциялар" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шарт жасасқан салық төлеуші контрагенттің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) C бағанында шарт жасасқан салық төлеуші контрагенттің бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 78-тармағына сәйкес шарт жасасқан резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында шарт жасасқан резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында своптың белгісі көрсетіледі. Бұл ретте егер белгісі хеджирлеу болып табылса, "1" белгіленеді; "2" - базалық активті жеткізу; "3" - өзгелері;

7) G бағанында своп бойынша түсімдер көрсетіледі;

8) H бағанында своп бойынша шығыстар көрсетіледі;

9) I бағанында своп бойынша табыс (залал) көрсетіледі. G және H бағандары мәндерінің айырмасы ретінде айқындалады.

10. Сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша шығыстар – 150.08-нысанын жасау

54. Бұл нысанды қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын тұлғалар толтырады. Нысанда шегерімге жатқызылмайтындарды қоса алғанда, сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) туралы мәліметтер көрсетіледі. Осы нысандағы мәліметтер Декларацияға және оған қосымшаларға көшірілмейді
.

55. "Шығыстар" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) C бағанында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын салық төлеуші контрагенттің бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 78-тармағына сәйкес резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

6) F бағанында шығыс түрлерінің коды көрсетіледі:

1 – қаржы қызметтері;

2 – жарнамалық қызметтер;

3 – консультациялық қызметтер;

4 – маркетингтік қызметтер;

5 – дизайнерлік қызметтер;

7 – инжинирингтік қызметтер;

8 - өзгелері;

7) G бағанында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша құны көрсетіледі.

11. Тіркелген активтер бойынша шегерімдер – 150.09-нысанын жасау

56. Бұл нысан Салық кодексінің 116 – 122-баптарына сәйкес тіркелген активтер бойынша шегерімдерді айқындауға, сондай-ақ Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін 1-топтың тіркелген активтерін шығарудан залалды айқындауға арналған.

57. "Тіркелген активтер бойынша шегерімдер" бөлімінде Салық кодексінің 310-бабына сәйкес бөлек салықтық есепке алуды жүргізетіндерден басқа, салық төлеушілер барлық тіркелген активтер бойынша мәліметтерді көрсетеді.

Салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілер бойынша бөлек салықтық есепке алуды жүргізетін салық төлеушілер, Салық кодексінің 310-бабына сәйкес "Тіркелген активтер бойынша шегерімдер" бөлімінде келісім-шарттан тыс қызметпен тікелей байланысты тек тіркелген активтер бойынша келіп түскен және шығып кеткен тіркелген активтердің салық кезеңінің басы мен аяғына сәйкес құндық баланс туралы мәліметтерді, сондай-ақ келісім-шарттан тыс қызметпен тікелей байланысты жалға алынған негізгі қаражаттарға қатысты жалға алушымен жүзеге асырылған, кейінгі шығыстар сомасын көрсетеді.

"Жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша шегерімдер" бөлімін Салық кодексінің 310-бабына сәйкес жалпы және жанама тіркелген активтер, сондай-ақ бірнеше жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартпен және (немесе) келісім-шарт және келісім-шарттан тыс қызметпен байланысты, Салық кодексінің 122-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, жалға

алынатын негізгі құралдарға қатысты салық төлеушінің өндірген келе шығыстары бойынша, салық салу объектілері және салық салуға қатысы бар объектілер бойынша бөлек салық есебін жүргізуді жүзеге асыратын салық төлеушілер ғана толтырады.

Жер қойнауын пайдаланушы жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша шегерімдерді, сондай-ақ ол Салық кодексінің 122-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, салық есебі саясатында жер қойнауын пайдаланушының қабылдаған бөлек салық есебін жүргізудің бір немесе бірнеше әдістерінің негізінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт (келісім-шарттар) арасындағы бірнеше жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартпен және (немесе) келісім-шарт және келісім-шарттан тыс қызметпен байланысты, жалға алынатын негізгі құралдарға қатысты жүргізген кейінгі шығыстарды өз бетінше бөледі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға бөлінген жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының жалға алатын негізгі құралдарға қатысты жүргізген кейінгі шығыстары бойынша шегерімдер әрбір жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт бойынша 150.09 нысанында келісім-шарттан тыс қызметке бөлінген бөлігінде " Келісім-шарттан тыс қызметке бөлінген жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша шегерімдер сомасы" бөлімінде көрсетіледі.

"Жалпы және жанама тікрелген активтер бойынша шегерімдер" бөлімінде:

Бұл бөлімде:

1) 150.09.001 жолында салық кезеңнің басына жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша топтардың құндық теңгерімінің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.09.001 I-ден 150.09.001 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.09.001 I жолында Салық кодексінің 117-бабының 7-тармағына сәйкес айқындалған салық кезеңінің басына I-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кіші топтар бойынша құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

150.09.001 II жолында Салық кодексінің 117-бабының 7-тармағына сәйкес айқындалған салық кезеңнің басына II-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

150.09.001 III жолында Салық кодексінің 117-бабының 7-тармағына сәйкес айқындалған салық кезеңнің басына III топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

150.09.001 IV жолында Салық кодексінің 117-бабының 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңнің басына IV-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

2) 150.09.002 жолында салық кезеңінде келіп түскен жалпы және жанама тіркелген активтердің жалпы құны көрсетіледі. 150.09.002 I мен 150.09.002 IV аралығындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.09.002 I жолында Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын, келіп түскен I топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі.

150.09.002 II жолында Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын, келіп түскен II топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

150.09.002 III жолында Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын, келіп түскен III топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

150.09.002 IV жолында Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын, келіп түскен IV топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

3) 150.09.003 жолында шығарылған жалпы және жанама тіркелген активтердің жалпы құны көрсетіледі. 150.09.003 I мен 150.09.003 IV аралығындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.09.003 I жолында Салық кодексінің 119-бабына сәйкес айқындалатын, I топтың шығарылған жалпы және жанама тіркелген активтерінің құны көрсетіледі ;

150.09.003 II жолында Салық кодексінің 119-бабына сәйкес айқындалатын, II-топтың шығарылған жалпы және жанама тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

150.09.003 III жолында Салық кодексінің 119-бабына сәйкес айқындалатын, III-топтың шығарылған жалпы және жанама тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

150.09.003 IV жолында Салық кодексінің 119-бабына сәйкес айқындалатын, IV-топтың шығарылған жалпы және жанама тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

4) 150.09.004 жолында Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша топтардың (кіші топтардың) құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын кейінгі шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 150.09.004 I мен 150.09.004 IV аралығындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.09.004 I жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес кіші топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын, I-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

150.09.004 II жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын, II-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

150.09.004 III жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын, III-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

150.09.004 IV жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын, IV-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

5) 150.09.005 жолында салық кезеңнің аяғына топтардың құндық теңгерімдернің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.09.005 I мен 150.09.005 IV аралығындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.09.005 I жолында Салық кодексінің 117-бабының 8-тармағына сәйкес айқындалған, салық кезеңінің аяғына I-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кіші топтардың құндық теңгерімдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

150.09.005 II жолында Салық кодексінің 117-бабының 8-тармағына сәйкес айқындалған, салық кезеңінің аяғына II-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша құндық теңгерімі көрсетіледі;

150.09.005 III жолында Салық кодексінің 117-бабының 8-тармағына сәйкес айқындалған, салық кезеңінің аяғына III-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша құндық теңгерімі көрсетіледі;

150.09.005 IV жолында Салық кодексінің 117-бабының 8-тармағына сәйкес айқындалған, салық кезеңінің аяғына IV-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша құндық теңгерімі көрсетіледі;

6) 150.09.006 жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес салық кезеңінің қорытындысы бойынша есептелген жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың жалпы сомасы көрсетіледі. 150.09.006 I мен 150.09.006 IV аралығындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.09.006 I жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген, I-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдары көрсетіледі;

150.09.006 II жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген, II-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдары көрсетіледі;

150.09.006 III жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген, III-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдары көрсетіледі;

150.09.006 IV жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген, IV-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдары көрсетіледі;

7) 150.09.007 жолында Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың жалпы сомасы көрсетіледі. 150.09.007 I мен 150.09.007 IV аралығындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.09.007 I жолында I-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

150.09.007 II жолында II-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

150.09.007 III жолында III-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

150.09.007 IV жолында IV-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

8) 150.09.008 жолында Салық кодексінің 121-бабының 3-тармағын ескере отырып және Салық кодексінің 121-бабы 1 және 2-тармақтарына сәйкес шегерімге жатқызылатын (II, III, IV-топтары) немесе залал деп танылатын (I-тобы) барлық жалпы және жанама тіркелген активтерді шығару кезіндегі топтардың (кіші топтардың) құндық теңгерімдерінің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.09.008 I мен 150.09.008 IV аралығындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.09.008 I жолында Салық кодексінің 121-бабының 3-тармағын ескере отырып және Салық кодексінің 121-бабы 1-тармағына сәйкес залал деп танылатын I-топтың шығарылған жалпы және жанама тіркелген активтерінің (өтеусіз бергендерді қоспағанда) кіші топтарының құндық теңгерімдерінің сомасы көрсетіледі;

150.09.008 II жолында Салық кодексінің 121-бабының 3-тармағын ескере отырып және Салық кодексінің 121-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын топтардың барлық жалпы және жанама тіркелген активтерінің шығарылуы (өтеусіз бергенді қоспағанда) кезіндегі II-топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

150.09.008 III жолында Салық кодексінің 121-бабының 3-тармағын ескере отырып және Салық кодексінің 121-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге

жатқызылатын топтардың барлық жалпы және жанама тіркелген активтерінің шығарылуы (өтеусіз бергенді қоспағанда) кезіндегі III-топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

150.09.008 IV жолында Салық кодексінің 121-бабының 3-тармағын ескере отырып және Салық кодексінің 121-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын топтардың барлық жалпы және жанама тіркелген активтерінің шығарылуы (өтеусіз бергенді қоспағанда) кезіндегі IV-топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

9) 150.09.009 жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын, салық кезеңінің соңына топтардың (кіші топтардың) құндық теңгерімдерінің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.09.009 I мен 150.09.009 IV аралығындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.09.009 I жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, I топтың тіркелген активтері бойынша Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын, салық кезеңінің соңына кіші топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша құндық теңгерімдерінің сомасы көрсетіледі;

150.09.009 II жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, II топтың тіркелген активтері бойынша Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын, салық кезеңінің соңына кіші топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша құндық теңгерімі көрсетіледі;

150.09.009 III жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, III топтың тіркелген активтері бойынша Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын, салық кезеңінің соңына кіші топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша құндық теңгерімі көрсетіледі;

150.09.009 IV жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, IV топтың тіркелген активтері бойынша Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын, салық кезеңінің соңына топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша құндық теңгерімі көрсетіледі;

10) 150.09.010 жолында Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес, қызметкерлердің табыстарына есептелген шығыстарды қоспағанда, шегерімге жатқызылатын, кейінгі шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 150.09.010 I мен 150.09.010 IV аралығындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.09.010 I жолында Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, I топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстары көрсетіледі.

150.09.010 II жолында Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, II топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша жұмсалатын кейінгі шығыстары көрсетіледі;

150.09.010 III жолында Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, III топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстары көрсетіледі;

150.09.010 IV жолында Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, IV топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстары көрсетіледі;

11) 150.09.011 жолында жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша салық кезеңінің шегерімдерінің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.09.011 I мен 150.09.011 IV аралығындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.09.011 I жолында I-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша шегерімдері көрсетіледі. 150.09.006 I, 150.09.007 I, 150.09.009 I, 150.09.010 I жолдарының сомасы ретінде айқындалады (150.09.006 I + 150.09.007 I + 150.09.009 I + 150.09.010 I);

150.09.011 II жолында II-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша шегерімдері көрсетіледі. 150.09.006 II, 150.09.007 II, 150.09.008 II, 150.09.009 II, 150.09.010 II жолдарының сомасы ретінде айқындалады (150.09.006 II + 150.09.007 II + 150.09.008 II + 150.09.009 II + 150.09.010 II);

150.09.011 III жолында III-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша шегерімдері көрсетіледі. 150.09.006 III, 150.09.007 III, 150.09.008 III, 150.09.009 III, 150.09.010 III жолдарының сомасы ретінде айқындалады (150.09.006 III + 150.09.007 III + 150.09.008 III + 150.09.009 III + 150.09.010 III);

150.09.011 IV жолында IV-топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша шегерімдері көрсетіледі. 150.09.006 IV, 150.09.007 IV, 150.09.008 IV, 150.09.009 IV, 150.09.010 IV жолдарының сомасы ретінде айқындалады (150.09.006 IV + 150.09.007 IV + 150.09.008 IV + 150.09.009 IV + 150.09.010 IV);

12) 150.09.012 жолында Салық кодексінің 122-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, жалға алушы жалға алынған негізгі құралдарға қатысты жүргізген кейінгі шығыстарының сомасы көрсетіледі;

12. Инвестициялық салық преференциялары – 150.10-нысанын жасау

58. Бұл нысан инвестициялық салық преференциялары бойынша шегерімдерді айқындауға арналған. "Инвестициялық салық преференциялары" бөлімі Салық кодексінің 123 – 125-баптарына және Енгізу туралы заңның 15-бабына сәйкес толтырылады. "2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған келісім-шарттар бойынша инвестициялық салық преференциялары" бөлімі Енгізу туралы заңның 26-бабына сәйкес толтырылады.

59. "2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған келісім-шарттар бойынша инвестициялық салық преференциялары" бөлімінде:

1) 150.10.001 жолында ол бойынша салық төлеуші заңды тұлғаға Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамаға сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін инвестициялар бойынша уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған келісім-шартқа сәйкес жылдық жиынтық табыстан инвестициялық жоба шеңберінде тіркелген активтерді пайдалануға енгізу құнын шегерімге жатқызу түрінде инвестициялық салық преференциялары берілген пайдалануға енгізілген тіркелген активтердің қалдық құны;

2) 150.10.002 жолында салық кезеңінде шегерімге жатқызылатын тіркелген активтердің құны көрсетіледі;

3) 150.10.003 жолында келесі салық кезеңінің 150.10.001 жолына көшірілуі тиіс тіркелген активтердің қалдық құны көрсетіледі.

60. "Инвестициялық салық преференциялары" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында келісім-шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі. 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2012 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезеңде жасалған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялық салық преференцияларын қолдануға құқық берген жер қойнауын пайдаланушы толтырады;

3) С бағанында преференция объектілерінің бастапқы құнын пайдаланудың алғашқы үш салық кезеңі ішінде тең үлеспен шегерімге жатқызу арқылы объекті пайдалануға енгізілгеннен кейін шегерім әдісін қолдану кезінде шегерім сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында преференция объектілерінің бастапқы құнын пайдаланудың алғашқы үш салық кезеңі ішінде тең үлеспен шегерімге жатқызу арқылы объекті пайдалануға енгізілгеннен кейін шегерім әдісін қолдану кезінде шегерім сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында нақты шығындар жүргізілген салық кезеңінде объектіні пайдалануға енгізгенге дейін шегерім әдісін қолдану кезінде шегерімге

жатқызылатын преференция объектілерінің құрылысына, өндірісіне, монтаждауға және орнатуға жұмсалған шығындар сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында нақты шығындар жүргізілген салық кезеңінде объектіні пайдалануға енгізгенге дейін шегерім әдісін қолдану кезінде шегерімге жатқызылатын өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, машиналар мен жабдықтарды қалпына келтіруге, жаңғыртуға шығыстар сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында инвестициялық салық преференциялары бойынша шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі. C-тен F-ге дейінгі бағандардың сомасы ретінде айқындалады.

13. Резиденттің басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстары - 150.11-нысанын жасау

61. Бұл нысан Салық кодексінің 222-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын Қазақстан Республикасындағы және одан тыс көздерден алынған табыстар алу мақсатында Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомасын айқындауға арналған.

62. "Қосымша ақпарат" бөлімінде:

1) шығыстарды шегерімге жатқызудың қолданылатын әдісі. Салық кодексінің 208-бабына сәйкес шығыстарды шегерімге жатқызу кезінде қолданылатын әдіс белгіленеді:

A торкөзі егер барабар бөлу әдісі қолданылса, белгіленеді;

B торкөзі егер тікелей бөлу әдісі қолданылса, белгіленеді;

C торкөзі егер шетел мемлекетінде көзделген шығыстарды шегерімге жатқызудың өзге әдісі қолданылса, белгіленеді;

2) барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілі. Қолданылатын есептік көрсеткішті есептеу тәсілі белгіленеді:

A торкөзі егер Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді;

B торкөзі егер Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді.

63. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 150.11.001 жолында салық кезеңінде шеккен резидент заңды тұлғаның басқарушылық және әкімшілік шығыстары көрсетіледі;

2) 150.11.002 жолында Салық кодексінің 222-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын резидент заңды тұлғаның басқарушылық және әкімшілік шығыстары көрсетіледі.

14. Резидент еместің басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстары – 150.12-нысанын жасау

64. Бұл нысан Салық кодексінің 208 – 211-баптарына сәйкес шегерімге жатқызылатын басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомасын айқындауға арналған және Қазақстан Республикасымен жасасқан қосарланған салық салуды болдырмау және табыстарға немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын алу туралы халықаралық шарттың (бұдан әрі – халықаралық шарт) ережелерін қолдануға құқығы бар, қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес толтырады.

65. "Қосымша ақпарат" бөлімінде:

1) шығыстарды шегерімге жатқызудың қолданылатын әдісі. Салық кодексінің 208-бабына сәйкес шығыстарды шегерімге жатқызу кезінде қолданылатын әдіс белгіленеді:

А торкөзі егер барабар бөлу әдісі қолданылса, белгіленеді;

В торкөзі егер тікелей бөлу әдісі қолданылады;

2) барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілі. Қолданылатын есептік көрсеткішті есептеу тәсілі белгіленеді:

А торкөзі егер Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді;

В торкөзі егер Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді;

3) халықаралық шарт жасасқан резиденттік елінің коды. Қазақстан Республикасы қолданылатын халықаралық шарт жасасқан осы Ереженің 92-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) салық кезеңі. Халықаралық шарт жасасқан елдегі салық кезеңінің басталу және аяқталу күні белгіленеді;

5) салық кезеңінің түзету коэффициенті (-тері) (бұдан әрі - СКТК). Салық кодексінің 210-бабына сәйкес қолданылған жағдайда К (К1 және К2) түзету коэффициентінің (-терінің) мөлшері белгіленеді.

66. "Шығыстар" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында тиісті көрсеткіштер айқындалған;

3) С бағанында СКТК (пайдаланылған кезде) ескеріле отырып, резидент емес салық төлеуші және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеме алған (алуы тиіс) жылдық жиынтық табыс сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында СКТК (пайдаланылған кезде) ескеріле отырып, резидент емес заңды тұлғаның және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің негізгі құралдарының бастапқы (ағымдағы) құнының сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында СКТК (пайдаланылған кезде) ескеріле отырып, резидент емес салық төлеушінің және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында қолданылатын тәсіл бойынша есептелген есептік көрсеткіш мөлшері көрсетіледі. Есептік көрсеткіш Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметтен салыстырмалы көрсеткіштердің барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілін қолдануға байланысты 4С жолында немесе 4С, 4D, 4Е жолдарының сомасының 3-ке қатынасы ((4С + 4D + 4Е)/3) ретінде айқындалатын резидент еместің салыстырмалы көрсеткіштеріне қатынасын білдіреді;

Есептік көрсеткіштерді айқындау кезінде мыңдық үлестер көрсетіледі:

7) G бағанында резидент еместің басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы көрсетіледі;

8) Н бағанында G бағанында көрсетілген шығындар ескеріле отырып, салық төлеуші шығынының жалпы сомасы көрсетіледі.

15. Коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берілген мүлік. Демеушілік көмек – 150.13-нысанын жасау

67. Бұл нысан коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берілген мүлік және Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес салық салынатын табыс кемітуге жатқызылатын демеушілік көмек құны түріндегі салық төлеушінің шығыстарын айқындауға арналған.

68. "Есеп" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) С бағанында салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 83-тармағына сәйкес резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) Е бағанында резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

6) F бағанында шығыс түрінің белгісі көрсетіледі:

1 – коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берілген мүлік;

2 – демеушілік көмек;

7) G бағанында жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.

16. Халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс - 150.14-нысанын жасау

69. Бұл нысан Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына, 212, 213-баптарына сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табысты айқындауға арналған.

70. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында оған сәйкес табысқа қатысты Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекше салық салу тәртібі белгіленген осы Ереженің 84-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 83-тармағына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі;

5) Е бағанында халықаралық шарт ережелеріне сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс көрсетіледі.

17. Шетел көздерінен табыстар, салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасы немесе пайда бөлігінің сомалары. Төленген шетел салығы мен есепке жатқызу сомасы – 150.15-нысанын жасау

71. Бұл нысан шетел көздерінен табыстарды, салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасы немесе пайда бөлігінің сомаларын, сондай-ақ төленген шетел салығы мен есепке жатқызу сомасын айқындауға арналған, Салық кодексінің 7-бөлімінде айқындалған халықаралық салық салу ерекшеліктеріне сәйкес.

72. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ереженің 83-тармағына сәйкес елдің коды көрсетіледі. Осы бағанда резидент еместің резиденттік елінің коды (тұрақты мекемеге байланысты емес қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), немесе табыс көзі болып табылатын елдің коды (тұрақты мекеме арқылы қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), өзге жағдайларда салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында шетел мемлекетіндегі тұрақты мекеменің (тұрақты мекеме арқылы қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), немесе табыс төлейтін резидент еместің (тұрақты мекемеге байланысты емес қызмет көрсетуден табыс

алу жағдайында), өзге жағдайларда салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 80-тармағының 2) тармақшасына сәйкес резидент салық төлеуші тұрақты мекемеге байланысты емес шетел көздерінен алған табыс түрінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында осы Ереженің 82-тармағына сәйкес табыс алу валютасының коды көрсетіледі;

6) F бағанында резидент салық төлеушінің салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің жарғылық капиталындағы немесе дауыс беретін акцияларының қатысу үлесі, өзге жағдайларда табысты төлейтін резидент еместің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі көрсетіледі, процент түрінде;

7) G бағанында салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент емес заңды тұлғаның шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша айқындалған пайдасының жалпы сомасы, шетел валютасында көрсетіледі;

8) H бағанында резидент салық төлеушіге тиесілі, салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің пайдасының сомасы шетел валютасында көрсетіледі. 100 %-ке F және G бағандарының тиісті мәндерінің туындысына қатысы ретінде айқындалады ((F x G)/100%);

9) I бағанында H бағанында көрсетілген, қайта есептеу жүргізілген күнге айырбастау валютасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген пайда сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында резидент салық төлеушінің тұрақты мекемеге байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден есепке жазылған табыстарының сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

11) K бағанында J бағанында көрсетілген қайта есептеу жүргізілген күнге айырбастау валютасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекемелермен шегерімге жатқызылатын басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстардың сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекемелермен шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар көрсетіледі;

14) N бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша есептелген шетелдегі тұрақты мекеме арқылы қызметтен түскен салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша есептелген шетелдегі тұрақты мекеме арқылы қызметтен түскен салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі;

16) P бағанында тиісті төлем көзі елінің заңнамасымен немесе халықаралық шартпен белгіленген табыс салығының ставкалары көрсетіледі;

17) Q бағанында әр табыстарды төлем көзі елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

18) R бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша есептелген корпоративті табыс салығының сомасы көрсетіледі;

19) S бағанында Қазақстан Республикасында корпоративті табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуы тиіс табыс салығының ставкалары көрсетіледі;

20) T бағанында Салық кодексінің 223-бабының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративті табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуға тиісті шетел мемлекетіндегі көздерден алынатын табыстарға салынатын табыс салығының сомалары көрсетіледі.

A-дан I-ге дейінгі бағандар Салық кодексінің 224-бабына сәйкес толтырылады. A-дан F-ке дейінгі, J-дан O-ға дейінгі бағандары Салық кодексінің 221-бабына сәйкес толтырылады. A-дан F-ке дейінгі, J, K, N-дан T-ға дейінгі бағандар Салық кодексінің 223-бабына сәйкес толтырылады.

18. Салық салу объектілер және (немесе) салық салуға байланысты объектілер, мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшылары және (немесе) сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушылар бойынша салық міндеттемесі – 150.16-нысанын жасау

73. Бұл нысан салық салу объектілер және (немесе) салық салуға байланысты объектілер, мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшылары және (немесе) сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушылар бойынша салық міндеттемелері, егер сенімгерлік басқарушыға салық міндеттемесін орындау жүктелген жағдайда мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының корпоративтік табыс салығы бойынша салық міндеттемесі туралы анықтамалық ақпаратты көрсетуге арналған.

74. 150.16.001 жолында сенімгерлікпен басқаруды құру туралы актілер (мүлікті сенімгерлікпен басқару шарттары) бойынша сенімгерлікпен басқарушының жалпы табысы көрсетіледі.

75. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеушінің - мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) сенімгерлік басқару туындайтын өзге жағдайларында пайда алушының тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) C бағанында салық төлеушінің - мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) сенімгерлік басқару туындайтын өзге жағдайларында пайда алушының бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 81-тармағына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

6) F бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де акті бойынша оған жүктелген міндеттемелерді жүзеге асыру барысында сенімгерлік басқарушы алған жылдық жиынтық табыс көрсетіледі;

7) G бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де акті бойынша жылдық жиынтық табыстың түзетуі көрсетіледі;

8) H бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де акті бойынша шегерімдер көрсетіледі;

9) I бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де акті бойынша шегерімдер салық салынатын табыс (залал) көрсетіледі. Салық салынатын табыстың көлемі Салық кодексінің 2, 131, 132 баптарының нормаларымен, сондай-ақ Салық кодексінің 7 бөлімімен анықталады;

10) J бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де акті бойынша салық салынатын табыстың кемуі көрсетіледі;

11) K бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын кеміту ескеріле отырып, салық салынатын табыс көрсетіледі. Кеміту I бағанында көрсетілген сома шегінде жүргізіледі. Егер I бағанының мәні J бағанының мәнінен кем болса, K бағанында нөл көрсетіледі;

12) L бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар көрсетіледі;

13) M бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын көшірілген

залалдар ескеріле отырып, салық салынатын табыс көрсетіледі. K және L бағандарының айырмасы (K - L) ретінде анықталады. Егер K бағаны бойынша мән L бағаны мәннен кем болса, M бағанында нөл көрсетіледі;

14) N бағанында корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

15) O бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде ескерілетін Қазақстан Республикасынан тыс төленген табысқа салықтардың немесе резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алған табыстарға соған ұқсас табыс салығының түрлерінің сомасы көрсетіледі;

16) P бағанында мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын шетел салығын есепке жатқызуды ескере отырып корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. M және N бағандарының көбейтіндісі мен O бағанының айырмасы ретінде анықталады (M x N – O). Егер O бағанының мәні M және N бағандарының көбейтіндісінен артық болса, P бағанында нөл көрсетіледі;

17) Q бағанында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде ұтыс түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған және мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

18) R бағанында Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес көшірілген, алдыңғы салық кезеңдерінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

19) S бағанында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

20) T бағанында Салық кодексінің 139-бабына сәйкес салық кезеңі үшін салық кезеңі үшін есептелген, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын

корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. P, Q, R, S жолдарының айырмасы ретінде анықталады (P - Q – R – S). Егер айырма нөлге тең болса, онда T жолында нөл көрсетіледі;

21) U бағанында Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен түскен, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына немесе мүлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылуы туралы өзге де актіге жататын резидент емес заңды тұлғаның таза табысына корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі.

19. Табыстар мен шығыстар туралы есепті Корпоративтік табыс салығы бойынша декларациямен салыстыру – 150.17-нысанын жасау

76. Бұл нысан табыстар мен шығыстар туралы есеп бойынша айқындалған таза табыс пен Декларация бойынша айқындалған салық салынатын табысты олардың арасындағы айырманы анықтау жолымен салыстыруға арналған.

Айырманы анықтау үшін бұл қосымшада қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес салық кезеңі үшін жасалған табыстар мен шығыстар туралы есепте салық төлеуші айқындаған табыстарды (залалдарды) Салық кодексіне сәйкес айқындалған табыстармен және шегерімдермен салыстыру жүргізіледі.

1) A бағанын толтырған кезде Декларацияда көрсетілген деректер пайдаланылады.

2) B бағанын толтырған кезде қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған бухгалтерлік есеп деректері пайдаланылады.

3) C бағанында 150.17.001, 150.17.002, 150.17.003 жолдарын қоспағанда, A және B бағандары мәндерінің айырмасы көрсетіледі.

77. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 150.17.001 жолында қаржы есептілігі бойынша таза табыс (залал) көрсетіледі;

2) 150.17.002 жолында жүзеге асырылған есепке жатқызуды есепке алмағанда , Салық кодексінің 139-бабы 1-тармақшасына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының және таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі (150.00.065 x 150.00.066 – 150.00.071 II - 150.00.071 III – 150.00.071 IV + 150.00.073);

3) 150.17.003 жолында 150.00.065 жолында көрсетілген салық салынатын табыс көрсетіледі;

4) 150.17.004 жолында:

А бағанына 150.00.001 жолы көшіріледі;

В бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен табыс көрсетіледі;

5) 150.17.005 жолында:

А бағанына 150.00.002 жолы көшіріледі;

В бағанында 150.17.004В, 150.17.011В жолдарында көрсетілгенді қоспағанда, активтерді сатудан табыстардың (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

6) 150.17.006 жолында:

А бағанына 150.00.003 жолы көшіріледі;

В бағанында хеджирлеу мақсатында жасалғандарды және олар бойынша базалық актив жеткізілгендерді қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша табыс көрсетіледі;

7) 150.17.007 жолында:

А бағанына 150.00.004 жолы көшіріледі;

В бағанында міндеттемелерді есептен шығарудан табыс көрсетіледі;

8) 150.17.008 жолында:

А бағанына 150.00.005 жолы көшіріледі;

В бағанында күмәнді міндеттемелер бойынша табыс көрсетіледі;

9) 150.17.009 жолында:

А бағанына 150.00.006 жолы көшіріледі;

В бағанында талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;

10) 150.17.010 жолында:

А бағанына 150.00.007 жолы көшіріледі;

В бағанында кәсіпкерлік қызметті шектеуге және тоқтатуға келісім бергені үшін алған табыс көрсетіледі;

11) 150.17.011 жолында:

А бағанына 150.00.008 жолы көшіріледі;

В бағанында тіркелген активтердің шығып қалуынан түскен табыс көрсетіледі;

12) 150.17.012 жолында:

А бағанына 150.00.009 жолы көшіріледі;

В бағанында геологиялық зерттеуге және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шыққан шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыс көрсетіледі;

13) 150.17.013 жолында:

А бағанына 150.00.010 жолы көшіріледі;

В бағанында кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыс көрсетіледі;

14) 150.17.014 жолында:

А бағанына 150.00.012 жолы көшіріледі;

В бағанында бірлескен қызметті жүзеге асырудан түскен табыс көрсетіледі;

15) 150.17.015 жолында:

А бағанына 150.00.013 жолы көшіріледі;

В бағанында айыппұлдар, өсімақылар және санкцияның өзге де түрлері бойынша табыстар көрсетіледі;

16) 150.17.016 жолында:

А бағанына 150.00.014 жолы көшіріледі;

В бағанында бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақы түріндегі табыс көрсетіледі;

17) 150.17.017 жолында:

А бағанына 150.00.015 жолы көшіріледі;

В бағанында өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс көрсетіледі;

18) 150.17.018 жолында:

А бағанына 150.00.016 жолы көшіріледі;

В бағанында дивидендтер түріндегі табыс көрсетіледі;

19) 150.17.019 жолында:

А бағанына 150.00.017 жолы көшіріледі;

В бағанында депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель, исламдық жалға алу сертификаты бойынша сыйақы түріндегі табыс көрсетіледі;

20) 150.17.020 жолында:

А бағанына 150.00.018 жолы көшіріледі;

В бағанында оң бағамдық айырманың теріс бағамдық айырмадан артуы көрсетіледі;

21) 150.17.021 жолында:

А бағанына 150.00.019 жолы көшіріледі;

В бағанында ұтыс түріндегі табыс көрсетіледі;

22) 150.17.022 жолында:

А бағанына 150.00.011 жолы көшіріледі;

В бағанында жер қойнауын пайдаланушының тарату қорының қаражатын мақсатсыз пайдалану мөлшері көрсетіледі;

23) 150.17.023 жолында:

А бағанына 150.00.021 жолы көшіріледі;

В бағанында әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар көрсетіледі;

24) 150.17.024 жолында:

В бағанында кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түскен табыс көрсетіледі;

25) 150.17.025 жолында:

А бағанына 150.00.023 жолы көшіріледі;

В бағанында исламдық банкте орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс көрсетіледі;

26) 150.17.026 жолында:

А бағанына 150.00.024 жолы көшіріледі;

В бағанында сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының сенімгерлік басқарудан түскен таза табысы көрсетіледі;

27) 150.17.027 жолында:

А бағанына 150.00.007, 150.00.020, 150.00.025 жолдарының мәні көшіріледі;

В бағанында 150.17.004-ден 150.17.026-ға дейінгі жолдарда көрсетілмеген бухгалтерлік есеп деректері бойынша басқа да табыстар көрсетіледі;

28) 150.17.028 жолында:

А бағанына 150.00.027 IX жолы ескеріле отырып, 150.00.027 жолы көшіріледі ;

29) 150.17.029 жолында:

А бағанында түзетуді ескере отырып, жылдық жиынтық табыс көрсетіледі. 150.17.004 А-дан 150.17.027 А-ға дейінгі және 150.17.028 жолдардың мәндерінің айырмасы ретінде айқындалады;

В бағанында табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 150.17.004 В-дан 150.17.027 В-ға дейінгі жолдардың мәндерінің сомасы ретінде айқындалады;

30) 150.17.030 жолында:

А бағанына 150.00.029 жолы көшіріледі;

В бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

31) 150.17.031 жолында:

А бағанына 150.00.030 жолы көшіріледі;

В бағанында таңылған немесе танылған айыппұлдар, өсімақылар, тұрақсыздық айыптары көрсетіледі;

32) 150.17.032 жолында:

А бағанына 150.00.031 жолы көшіріледі;

В бағанында бірлескен қызмет бойынша шығыстар көрсетіледі;

33) 150.17.033 жолында:

А бағанына 150.00.032 жолы көшіріледі;

В бағанында әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде шеккен шығыстары көрсетіледі;

34) 150.17.034 жолында:

А бағанына 150.00.033 жолы көшіріледі;

В бағанында белгіленген кепіл беру мерзімі ішінде жүргізілген сапа кепілімен сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) кемшіліктерін жою бойынша шығыстар көрсетіледі;

35) 150.17.035 жолында:

А бағанына 150.00.034 жолы көшіріледі;

36) 150.17.036 жолында:

А бағанына 150.00.035 жолы көшіріледі;

37) 150.17.037 жолында:

А бағанына 150.00.036 жолы көшіріледі;

В бағанында мүшелік жарналар түріндегі шығыстар көрсетіледі;

38) 150.17.038 жолында:

А бағанына 150.00.037 жолы көшіріледі;

В бағанында МӘСҚ әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстар көрсетіледі;

39) 150.17.039 жолында:

А бағанына 150.00.038 жолы көшіріледі;

В бағанында жарнамалық мақсатта өтеусіз берілген тауардың құны көрсетіледі;

40) 150.17.040 жолында:

А бағанына 150.00.039 жолы көшіріледі;

В бағанында сыйақы түріндегі шығыстар көрсетіледі;

41) 150.17.041 жолында:

А бағанына 150.00.040 жолы көшіріледі;

В бағанында іссапар шығыстары көрсетіледі;

42) 150.17.042 жолында:

А бағанына 150.00.041 жолы көшіріледі;

В бағанында өкілдік шығыстары көрсетіледі;

43) 150.17.043 жолында:

А бағанына 150.00.042 жолы көшіріледі;

В бағанында күмәнді міндеттемелер көрсетіледі;

44) 150.17.044 жолында:

А бағанына 150.00.043 жолы көшіріледі;

В бағанында күмәнді талаптар көрсетіледі;

45) 150.17.045 жолында:

А бағанына 150.00.044 жолы көшіріледі;

В бағанында кен орындарын әзірлеу салдарларын жоюға шығыстар және тарату қорларына аударымдар сомасы көрсетіледі;

46) 150.17.046 жолында:

А бағанына 150.00.045 жолы көшіріледі;

В бағанында ғылыми зерттеу және ғылыми техникалық жұмыстарға шығыстар көрсетіледі;

47) 150.17.047 жолында:

А бағанына 150.00.047 жолы көшіріледі;

В бағанында геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар және жер қойнауын пайдаланушының басқа да шегерімдері көрсетіледі;

48) 150.17.048 жолында:

А бағанына 150.00.049 жолы көшіріледі;

В бағанында теріс бағамдық айырманың оң бағамдық айырмадан артуы көрсетіледі;

49) 150.17.049 жолында:

А бағанына 150.00.050 жолы көшіріледі;

В бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен табысты айқындағанға дейін болдырмайтын салықтарды және Қазақстан Республикасында төленген корпоративтік табыс салығын, сондай-ақ басқа мемлекеттерде төленген табыс салығын қоспағанда, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер көрсетіледі;

50) 150.17.050 жолында:

А бағанына 150.00.051 жолы көшіріледі;

В бағанында тіркелген активтер бойынша шығыстар көрсетіледі;

51) 150.17.051 жолында:

А бағанына 150.00.052 жолы көшіріледі;

52) 150.17.052 жолында:

А бағанына 150.00.053 жолы көшіріледі;

В бағанында біржолғы талон құны көрсетіледі;

53) 150.17.053 жолында:

А бағанына 150.00.054 жолы көшіріледі;

В бағанында 150.17.030 В-дан 150.17.052 В-ға дейінгі жолдарға енгізілмеген шығыстар көрсетіледі;

54) 150.17.054 жолында:

В бағанында таратудан және негізгі құралдарды шығарып тастаудан залалдар көрсетіледі;

55) 150.17.055 жолында:

В бағанында таратудан және материалдық емес активтерді шығарып тастаудан залалдар көрсетіледі;

56) 150.17.056 жолында:

В бағанында тауарлық материалдық құндылықтардың нормативтен тыс шығыны, бүлінуі және кемшілігі, басқа да өндірістік емес шығыстар және шығындар көрсетіледі;

57) 150.17.057 жолында:

В бағанында кінәлілері анықталмаған ұрлықтан болған немесе егер кінәлі тарап есебінен қажетті сомаларды өтеу мүмкін болмаған жағдайдағы залалдар көрсетіледі;

58) 150.17.058 жолында:

В бағанында қызметкерлердің демалыстарын төлеуге резерв сомасы көрсетіледі;

59) 150.17.059 жолында:

В бағанында негізгі құралдарды жөндеуге алдағы шығыстарға арналған резервтер көрсетіледі;

60) 150.17.060 жолында:

В бағанында бухгалтерлік есепте көрсетілген, 150.17.030 В-дан 150.17.060 В-ға дейінгі жолдарда көрсетілмеген басқа да шығыстар сомасы көрсетіледі;

61) 150.17.061 жолында:

А бағанына 150.00.062 жолы көшіріледі;

62) 150.17.062 жолында:

А бағанында 150.17.061 жолы ескеріле отырып, 150.17.030 А-дан 150.17.053 А-ға дейінгі жолдардың мәндерінің қосындысымен айқындалатын сома көрсетіледі;

В бағанында 150.17.030 В-дан 150.17.060В-ға дейінгі жолдардың қосындысымен айқындалатын, сома көрсетіледі;

63) 150.17.063 жолында:

С бағанында 150.17.029С және 150.17.062 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын табыстар мен шығыстар арасындағы айырма көрсетіледі;

64) 150.17.064 жолында:

С бағанында 150.17.063 жолының сомасына түзетілген 150.17.001 және 150.17.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық салынатын табыс көрсетіледі.

20. Стандартты салық жеңілдіктерін алған кезде салық міндеттемесін есептеу – 150.18-нысанын жасау

78. Бұл нысан салық төлеушінің инвестициялар бойынша уәкілетті органмен жасасқан келісім-шартқа сәйкес стандартты салық жеңілдіктерін алған кезде корпоративтік табыс салығының сомасын есептеуіне арналған.

79. "Корпоративтік табыс салығы сомасының есебі" бөлімінде:

1) 150.18.001 жолында инвестициялар бойынша уәкілетті органмен келісім-шарт жасасудың алдағы жылының үш салық кезеңі ішінде ең көп болып табылатын салық салынатын табыс көрсетіледі;

2) 150.18.002 жолында салық салынатын табыс инвестициялар бойынша уәкілетті органмен келісім-шарт жасасудың алдағы жылының үш салық кезеңі ішінде ең көп болып табылатын салық кезеңінің жылы көрсетіледі;

3) 150.18.003 жолында салық кезеңіне қатынасы 150.18.002 жолында көрсетілген жылдың инфляциясының орташа жылдық индексі көрсетіледі;

4) 150.18.004 жолында инфляция индексі ескеріле отырып, 150.18.001 жолында көрсетілген ең көп салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі және 150.18.001 және 150.18.003 жолдарының туындысы ретінде айқындалады;

5) 150.18.005 жолында оған сәйкес стандартты салық жеңілдіктер берілген келісім-шарт қолданылатын салық кезеңіндегі ай саны көрсетіледі;

6) 150.18.006 жолында инфляцияның орташа жылдық индексі мен салық кезеңіндегі келісім-шарт қолданысы айларының саны ескеріле отырып, ең көп салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі және 150.18.004 және 150.18.005 жолдарының туындысының 12-ге қатынасы ретінде айқындалады (150.18.004 х 150.18.005/12);

7) 150.18.007 жолында оған сәйкес стандартты салық жеңілдіктері алынған келісім-шарт бойынша қызметтен алынған салық кезеңі үшін салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі. Бұл ретте салық төлеуші өзге де қызметті жүзеге асырған жағдайда бөлек есеп жүргізуге міндетті;

8) 150.18.008 жолында 150.18.007 және 150.18.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, келісім-шарт бойынша қызметтен алынған салық салынатын табыстың (150.18.001 жолы бойынша көрсетілуге жататын салық салынатын табыс болмаған жағдайда – салық салынатын табыс) жеңілдік берілген өсімінің сомасы көрсетіледі;

9) 150.18.009 жолында келісім-шартқа сәйкес корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

10) 150.18.010 жолында келісім-шартқа сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі.

21. Сыйақылар бойынша шығыстар - 150.19-нысанын жасау

80. Бұл нысан Салық кодексінің 103-бабына, Енгізу туралы Заңның 14-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сыйақылар бойынша шығыстарды айқындауға арналған.

81. "Есеп" бөлімінде:

1) 150.19.001 жолында Салық кодексінің 103-бабына, сондай-ақ Енгізу туралы Заңның 14-бабына сәйкес салық төлеуші қолдануға құқығы бар шекті коэффицентті көрсетіледі;

2) 150.19.002 жолында жеке капиталдың орташа жылдық сомасы көрсетіледі;

3) 150.19.003 жолында міндеттемелердің орташа жылдық сомасы көрсетіледі;

4) 150.19.004 жолында шегерімге жатқызылатын, сыйақылар сомасы көрсетіледі; Мына формула арқылы айқындалады:

(A + E) + 150.19.001 x (150.19.002/ 150.19.003) x (B + C +D),

мұнда A – F бағанының тиісті торкөзіндегі "1" көрсеткіші бойынша G бағанындағы сыйақылар сомасы;

мұнда B – F бағанының тиісті торкөзіндегі "2" көрсеткіші бойынша G бағанындағы сыйақылар сомасы;

мұнда C – F бағанының тиісті торкөзіндегі "3" көрсеткіші бойынша G бағанындағы сыйақылар сомасы;

мұнда D – F бағанының тиісті торкөзіндегі "4" көрсеткіші бойынша G бағанындағы сыйақылар сомасы;

мұнда E – F бағанының тиісті торкөзіндегі "5" көрсеткіші бойынша G бағанындағы сыйақылар сомасы.

63. "Сыйақылар" бөлімінде:

1) A – бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B – бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) C – бағанында бизнес сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

4) D – бағанында осы Ережелердің 78-тармағына сәйкес контрагенттің резиденттік резидент еместік елінің коды көрсетіледі;

5) E – бағанында резидент еместің резиденттік еліндегі салық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген жағдайда толтырылады;

6) F – бағанында сыйақы түрінің көрсеткіші көрсетіледі;

1. – 2, 3, 4, 5 көрсеткіштеріне енетін сыйақылардан басқа, Салық кодексінің 103-бабы 1-тармағына сәйкес айқындалатын, сыйақы;

2. – өзара байланысты жаққа төленетін, 5 көрсеткішіне енетін сыйақыдан басқа, сыйақы;

3. – 2 көрсеткішіне енетін сыйақылардан басқа, Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын, салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаларға төленетін, сыйақы;

4. – 3 көрсеткішіне енетін сыйақылардан басқа, кепілдіктерді, кепілгерлікті немесе қамтамасыз етудің өзге нысанын орындаған жағдайда депозитке немесе қамтамасыз етілген кепілдікке, кепілгерлікке немесе өзара байланысты тараптардың қамтамасыз етуінің өзге нысанына берілген қарыздар бойынша тәуелсіз тарапқа төленетін сыйақы;

5. – Қазақстан Республикасында құрылған кредиттік серіктестік беретін кредиттер (қарыздар) үшін сыйақы;

G бағанында сыйақы сомасы көрсетіледі.

22. Табыстардың, валюталардың, халықаралық келісімдер түрлерінің кодтары

82. Декларация толтыру кезінде мынадай табыс түрлерін кодтауды пайдалану керек.

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар:

1010 – Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды өткізуден түскен табыстар;

1011 – Қазақстан Республикасында орналасқан тауарларды сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде одан тыс өткізуден түскен табыстар;

1020 – Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен табыстар;

1021 – резидентке Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен табыс;

1022 - егер алынатын қызметтер осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен табыс;

1030 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен табыстары, сондай-ақ аталған тұлғаның резиденттен алатын өзге де табыстары;

1031 - Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен табыстары, сондай-ақ аталған тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен, егер алатын жұмыстары, қызметтері, тауарлары осындай тұрақты мекемеге байланысты болса , олардан алатын өзге де табыстары;

1040 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1041 – резидент шығарған бағалы қағаздарды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1042 – Қазақстан Республикасында орналасқан резидент заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1043 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1044 - егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерінің немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғада қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1051 - талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1060 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1061 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1070 - резиденттің міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары

бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар)

1071 – резидент еместің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар);

1080 – резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

1081 – Қазақстан Республикасында орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

1090 – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаудың басқа жағдайларында пайда алушы болып табылатын резидент емес үшін Қазақстан Республикасында салық міндеттемесін орындау жүктелмеген резидент сенімгерлікпен басқарушыдан мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы акті бойынша алынған табыстар;

1100 - резиденттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда сыйақылар түріндегі табыстар;

1101 – егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент еместен алынған борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, сыйақылар түріндегі табыстар;

1110 – резидент эмитенттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыстар;

1111 - егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент емес эмитенттен алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыстар;

1120 - резиденттен алынатын роялти түріндегі табыстар;

1121 – егер роялти төлеу бойынша шығыстар осындай тұрақты мекеменің қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен алынатын роялти түріндегі табыс;

1130 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін табыстар;

1140 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1150 – Қазақстан Республикасында туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

1151 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

1160 – халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

1161 – Қазақстан Республикасы ішінде көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

1170 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан құбыр жолдарын, электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан алынатын табыстар;

1180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табыстары;

1181 - жұмыс беруші болып табылатын резидент емеспен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табыстары;

1190 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1200 – резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

1201 - резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

1210 – еңбек шарты (келісім-шарт) негізінде жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) төлеген резидент емес жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен резидент емес жеке тұлғаның табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

1211 – қызмет көрсетуге (жұмыстарды орындауға) шарт негізінде өзге тұлға төлеген резидент емес жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен резидент емес жеке тұлғаның табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

1220 – резидент жинақтаушы зейнетақы қоры жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1230 – кімнен және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы мәдениет және өнер қызметкерлеріне: қызметінен театр, кино, радио, теледидар әртісіне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға төленетін табыстар;

1240 - резидент төлейтін ұтыстар;

1241 – егер ұтыс төлемі тұрақты мекеме қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емес төлейтін ұтыстар;

1250 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1260 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу түріндегі табыстар;

1261 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алудан табыстар;

1270 – туынды қаржы құралдары бойынша табыстар;

1280 – міндеттемені есептен шығарудан табыстар;

1290 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1300 – лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

1310 – сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

1320 – кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған табыстар;

1330 – тіркелген активтерді шығарудан түскен табыстар;

1340 – геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыстар;

1350 – кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар;

1360 – бірлескен қызметті жүзеге асырудан табыстар;

1370 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1390 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

1400 – мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен табыстар;

1410 – сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге де жағдайларда пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түскен таза табыс;

1420 – Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

2) Қазақстан Республикасынан тыс көздерден табыстар:

2010 – Қазақстан Республикасынан тыс, шет мемлекетте орналасқан тауарларды өткізуден түскен табыстар;

2020 – Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен табыстар;

2021 – резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен табыс;

2030 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместен резидент алатын осындай мемлекетте жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен табыстар, сондай-ақ өзге де табыстар;

2040 – Қазақстан Республикасынан тыс аумақта орналасқан мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

2041 – резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

2042 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан резидент емес заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

2043 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерін немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

2044 - егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерінің немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғада қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

2050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

2060 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

2070 - резиденттің міндеттемелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар)

2080 – резидент емес заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

2081 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

2090 – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаудың басқа жағдайларында пайда алушы болып табылатын резидент үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде салық міндеттемесін орындау жүктелмеген резидент емес сенімгерлікпен басқарушыдан мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы акті бойынша алынған табыстар;

2100 - резидент еместен алынған борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда сыйақылар түріндегі табыстар;

2110 – резидент емес эмитенттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыстар;

2120 - резидент еместен алынатын роялти түріндегі табыс;

2130 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін табыстар;

2140 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2150 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

2151 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

2160 – резидент еместен алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

2161 – резидент еместен алынатын, Қазақстан Республикасының шегінен тыс көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

2170 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан құбыр жолдарын , электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан алынатын табыстар;

2180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табысы;

2181 - жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен түсетін резидент жеке тұлғаның табысы;

2190 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2200 – резидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

2201 - резидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

2210 – еңбек шарты (келісім-шарт) негізінде жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) төлеген резидент жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметінен резидент жеке тұлғаның табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

2211 – қызмет көрсетуге (жұмыстарды орындауға) шарт негізінде өзге тұлға төлеген резидент жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметінен резидент жеке тұлғаның табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

2220 – резидент емес жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2230 – кімнен және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс мәдениет және өнер қызметкерлеріне: қызметінен театр, кино, радио, теледидар әртісіне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға төленетін табыстар;

2240 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2250 - Қазақстан Республикасынан тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2260 - Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан мүлікті тегін алу түріндегі табыстар;

2261 - Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан мүлікті тегін алудан табыстар;

2270 – туынды қаржы құралдары бойынша табыстар;

2280 – міндеттемені есептен шығарудан табыстар;

2290 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

2300 – резидент еместен алынатын, лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

2310 – резидент еместен алынатын, сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

2320 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған табыстар;

2330 – Қазақстан Республикасынан тыс тіркелген активтерді шығарудан түскен табыстар;

2340 – Қазақстан Республикасынан тыс геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыстар;

2350 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар;

2360 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс бірлескен қызметті жүзеге асырудан табыстар;

2370 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

2380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

2390 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

2400 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен табыстар;

2410 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен

басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан табыстар;

2420 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

83. Валюта кодын толтыру кезінде Тауарларды декларациялау ережелеріне " Кедендік ресімдеу үшін пайдаланылатын валюта жіктеуіштері" 10-қосымшаға сәйкес валюталардың сандық кодын пайдалану қажет.

84. Ел кодын толтыру кезінде Тауарларды және көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің" 6-қосымшасына сәйкес елдердің сандық кодын пайдалану қажет.

85. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт (келісім) түрлерінің мынадай кодтарын пайдалану қажет:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 – Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 – Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 – Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 – Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 – Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 – Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 – Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 – Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 – Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 – Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 – Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;

14 – Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 – Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 – "Нұр-Мүбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 – Әуе қатынасы туралы келісім;

19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау " жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

РҚАО-ның ескертуі: 150.00-150.19 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Жеке табыс салығы және
әлеуметтік салық бойынша
декларацияға (200.00-нысан)
қосымша

Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау ережелері (200.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және " Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" (бұдан әрі - Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заң), "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" (бұдан әрі - зейнетақымен қамсыздандыру Заңы) Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген.

Ереже жеке табыс салығы және әлеуметтік салықтар бойынша осы Ереженің қосымшасына сәйкес есептерінің нысанын жасау тәртібін (декларация) айқындайды (бұдан әрі – Декларация), жеке табыс салығын, әлеуметтік салықтарды есептеуге, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын сомаларын аударуға (бұдан әрі – міндетті зейнетақы жарналары) есептеу, ұстау (қоса есептеу) және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (бұдан әрі – әлеуметтік аударым) әлеуметтік аударымның сомаларын есептеуге, ұстауға (қоса есептеуге) арналған.

Арнайы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары, шағын және кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, Салық кодексінің 18, 19-тарауларына, 6 бөлім, 12 бөлімдеріне сәйкес оңайлатылған декларация негізіндегі жеке тұлғаларға қатысты Декларация салық агентімен жасалады.

Осы Ережелердің мақсаттары үшін Салық кодексінің 355-бабы 2-тармағына сәйкес заңды тұлғалардың шешімімен мойындалған құрылымдық бөлімдер

әлеуметтік салықты өздері төлеушілер жеке табыс салығы бойынша салық агенттері болып мойындалады.

2. Декларация Декларацияның өзінен (200.00-нысан) және салық міндеттемелері туралы ақпараттарды егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (200.01 – 200.03 нысандар) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті тор көздер толтырылмайды.

5. Декларациядағы тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде Декларацияға қосымша, міндетті толтыруға жатады.

6. Көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда Декларацияға қосымша жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асып түскен жағдайда, қосымшаның осындай тағы парағы толтырылады.

8. Осы Ережеде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; " -" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз түрінде – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды түрде – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық агенті немесе оның өкілдігі және салық агентінің немесе оның өкілдігінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілгендей мөрі өз атында болған жағдайда қол қойылады және куәландырылады.

12. Декларацияны беру кезінде:

3) 210.00.047 I, 210.00.047 II және 210.00.047 III жолдарында 210.00.045 және 210.00.046 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңінің әрбір айы үшін жеке кәсіпкер, адвокат жеке нотариус есептеген және төленуге жататын әлеуметтік салықтың сомасын көрсетуге арналған.

210.00.047 IV жолы 210.00.047 I, 210.00.047 II және 210.00.047 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.047 V жолы салық кезеңінің 210.00.047 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.00.047 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

4) 210.00.048 I, 210.00.048 II және 210.00.048 III жолдары Салық кодексінің 359-бабы 2-тармағына сәйкес есептелген салық агенті салық кезеңінің әрбір айы үшін әр қызметкер үшін төлейтін әлеуметтік салықтың сомасын көрсетуге арналған.

210.00.048 IV жолы 210.00.048 I, 210.00.048 II және 210.00.048 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.048 V жолы салық кезеңінің 210.00.048 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.00.048 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

5) 210.00.049 I, 210.00.049 II және 210.00.049 III жолдары Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңына сәйкес салық кезеңінің әрбір айына әр қызметкер үшін төленетін әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуге арналған.

210.00.049 IV жолы 210.00.049 I, 210.00.049 II және 210.00.049 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.049 V жолы салық кезеңінің 210.00.049 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.00.049 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

6) 210.00.050 I, 210.00.050 II және 210.00.050 III жолдарында 210.00.048 және 210.00.049 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңінің әрбір айына қызметкерлерге есептелген төленуге жататын әлеуметтік салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.050 IV жолы 210.00.050 I, 210.00.050 II және 210.00.050 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.050 V жолы салық кезеңінің 210.00.050 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.00.050 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

7) 210.00.051 I, 210.00.051 II және 210.00.051 III жолдарында 210.00.047 және 210.00.050 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңінің әрбір айы үшін есептелген әлеуметтік салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.051 IV жолы 210.00.051 I, 210.00.051 II және 210.00.051 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.051 V жолы салық кезеңінің 210.00.051 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.00.051 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған. 210.00.051 жолы 210.00.052 жолының сомасын қамтиды;

8) 210.00.052 жолы егер салық міндеттемесінің орындалуы Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелік ескеріле отырып, сенімгерлік басқарушыға жүктелген болса толтырылады. 210.00.052 I, 210.00.052 II және 210.00.052 III жолдары сенімгерлік басқарушы салық кезеңінің әрбір айы үшін есептеген әлеуметтік салықтың жалпы сомасын көрсетуге арналған.

210.00.052 IV жолы 210.00.052 I, 210.00.052 II және 210.00.052 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.052 V жолы салық кезеңінің 210.00.052 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.00.052 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

21. "Әлеуметтік аударымдарды есептеу" бөлімінде:

1) 210.00.053 I, 210.00.053 II және 210.00.053 III жолдары "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Заңына сәйкес салық кезеңінің әрбір айында жұмыс берушінің әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқарушы жүйесінің комитеті, қаржы полициясы және мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлерін ақшалай ұстауға шетелдік азаматтарға немесе азаматтығы жоқ тұлғаларға табыстар түрінде төленетін шығыстарына енгізе отырып, жұмыс берушінің шетелдік азаматтарға немесе азаматтығы жоқ тұлғаларға төлейтін табыстары түріндегі шығыстарын көрсетуге арналған.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңда белгіленген әлеуметтік аударымдар объектісінен есептелінген мөлшерде жүргізіледі. Әлеуметтік аударымдарды есептеуге қабылданатын ай сайынғы табыс республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі еңбек ақының он есе мөлшерінен артық болмауы керек.

210.00.053 IV жолы 210.00.053 I, 210.00.053 II және 210.00.053 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін шетелдік азаматтардың немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарының жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.053 V жолы салық кезеңінің 210.00.053 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.00.053 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап шетелдік азаматтардың немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарының жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

2) 00.00.054 I, 210.00.054 II және 210.00.054 III жолдары "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Заңына сәйкес айқындалатын салық кезеңінің әрбір айында әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуге арналған.

210.00.054 IV жолы 210.00.054 I, 210.00.054 II және 210.00.054 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.054 V жолы салық кезеңінің 210.00.054 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.00.054 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

3) 210.00.055, 210.00.056 жолдары салық агентінде құрылымдық бөлімшелер бар болған жағдайда толтырылады;

4) 210.00.055 I, 210.00.055 II және 210.00.055 III жолдары салық кезеңінің әрбір айында бас ұйым бойынша әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуге арналған.

210.00.055 IV жолы 210.00.055 I, 210.00.055 II және 210.00.055 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.055 V жолы салық кезеңінің 210.00.055 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.00.055 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

5) 210.00.056 I, 210.00.056 II және 210.00.056 III жолдары салық кезеңіндегі әрбір айында филиалдар/өкілдіктер бойынша, 210.04 барлық нысандары бойынша 210.04.010 I, 210.04.010 II, 210.04.010 III жолдарының сомалары ретінде айқындалатын әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуге арналған.

210.00.056 IV жолы 210.00.056 I, 210.00.056 II және 210.00.056 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.056 V жолы салық кезеңінің 210.00.056 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.00.056 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

22. "Салық агентінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық агентінің атауы" жолында құрылтайшылық құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

Егер Декларацияны жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус табыс етсе, оның жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі.

Сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындау барысында, сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес сенімгерлікпен басқарушының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі.

2) Декларацияны беру күні.

Декларацияны салық органына табыс ету күні көрсетіледі;

3) жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша бенефициар салық органының коды.

Салық агентінің тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бенефициар салық органының коды.

Салық агентінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

5) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

6) Декларацияны қабылдаған күн.

Салық кодексі 584-бабы 2-тармағына және Енгізу туралы заңына сәйкес Декларацияны табыс етілген күні көрсетіледі;

7) кіріс құжатының нөмірі.

Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

8) пошта штемпелінің күні.

Почта немесе басқа байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. "Келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілердің әлеуметтік салықты есептеуі" қосымшасын жасау (210.01-нысан)

23. Осы нысан Заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасасылған келісім-шарттар (бұдан әрі - келісім-шарт) бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілердің әлеуметтік салықты есептеуіне арналған. Нысан әр келісім-шарт бойынша бөлек жасалады.

24. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) "Қызметкерлердің саны (адам), соның ішінде" жолында шетелдік мамандар және қызметкерлер - шетелдік белгіленіп, қызметкерлердің саны көрсетіледі;

2) "Келісім-шарттың деректемелері" жолында келісім-шарттың деректемелері көрсетіледі:

- келісім-шарттың нөмірі;

- келісім-шарт жасасылған күн;

3) "АЕК" жолында Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мөлшері көрсетіледі.

25. "Шетелдік мамандар - қызметкерлер үшін әлеуметтік салық" бөлімінде:

1) 210.01.002 I, 210.01.002 II және 210.01.002 III жолдары 210.01.001 жолын және "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "АЕК" жолындағы белгіленген айлық есептік көрсеткішті көбейту жолымен салық кезеңінің әрбір айы үшін есептелген шетелдік мамандар - қызметкерлер үшін әлеуметтік салықтың сомасын көрсетуге арналған.

210.01.002 IV жолы 210.01.002 I, 210.01.002 II және 210.01.002 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.01.002 V жолы салық кезеңінің 210.01.002 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.01.002 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

2) 210.01.003 I, 210.01.003 II және 210.01.003 III жолдары 210.01.002 жолында көрсетілген салықтардың сомасы мен "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Заңына белгіленген мөлшерде айқындалған әлеуметтік аударымдардың сомаларының айырмасы ретінде айқындалған шетелдік мамандар - қызметкерлер үшін әлеуметтік салықтың есептелген сомасын көрсетуге арналған.

210.01.003 IV жолы 210.01.003 I, 210.01.003 II және 210.01.003 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.01.008 V жолы салық кезеңінің 210.01.003 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.01.002 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

26. "Шетелдік жұмысшы - қызметкерлер үшін әлеуметтік салық" бөлімінде:

1) 210.01.005 I, 210.01.005 II және 210.01.005 III жолдары 210.01.004 жолын және "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "АЕК" жолындағы белгіленген айлық есептік көрсеткішті көбейту жолымен салық кезеңінің әрбір айы үшін есептелген шетелдік жұмысшы - қызметкерлер үшін әлеуметтік салықтың сомасын көрсетуге арналған.

210.01.005 IV жолы 210.01.005 I, 210.01.005 II және 210.01.005 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.01.005 V жолы салық кезеңінің 210.01.005 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.01.005 V жолдарының сомасы ретінде

айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

2) 210.01.006 I, 210.01.006 II және 210.01.006 III жолдары 210.01.006 жолында көрсетілген салықтардың сомасы мен "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Заңына белгіленген мөлшерде айқындалған әлеуметтік аударымдардың сомаларының айырмасы ретінде айқындалған шетелдік жұмысшы - қызметкерлер үшін әлеуметтік салықтың есептелген сомасын көрсетуге арналған .

210.01.006 IV жолы 210.01.006 I, 210.01.006 II және 210.01.006 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.01.006 V жолы салық кезеңінің 210.01.006 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.01.006 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

27. "Әлеуметтік салық – барлығы" бөлімінде:

210.01.007 I, 210.01.007 II және 210.01.007 III жолдарында 210.01.003 және 210.01.006 тиісті жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңінің әрбір айына әлеуметтік салықтың сомасын көрсетуге арналған.

210.01.007 IV жолы 210.01.007 I, 210.01.007 II және 210.01.007 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.01.007 V жолы салық кезеңінің 210.01.007 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.01.007 V жолы жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

4. "Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығын есептеу" қосымшасын жасау (210.02-нысан)

28. Осы нысан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығының сомасын салық агентімен есептеу үшін арналған. Нысан Салық кодексінің 189-бабына сәйкес резиденттер деп танылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты табыс етіледі.

29. "Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығын есептеу" бөлімінде:

1) А бағанында кезекті реттік нөмірі қойылады;

2) B бағанында салық кезеңінде табыстар есептелген, төленген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың тегі, инициалдары көрсетіледі;

3) C бағанында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың салық төлеушілерді тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

Жол "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірі бар болса толтырылады;

5) E бағанында осы Ереженің 36-тармағына сәйкес, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың резиденттік елінің коды көрсетіледі;

6) F бағанында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Осы баған шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың салықтық тіркеу нөмірі бар болса толтырылады;

7) G бағанында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды, сондай-ақ осындай құжаттың нөмірі мен берілген күні көрсетіледі;

Декларацияны толтырған кезде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжат түрлерінің мынадай кодтарын пайдалану қажет:

01 – шетел азаматының төлқұжаты;

02 - шетел азаматының жеке куәлігі;

03 – теңізшінің төлқұжаты;

04 – ықтияр хаты

8) H бағанында осы Ереженің 35-тармағына сәйкес шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленетін табыс түрінің коды көрсетіледі;

9) I бағанында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға есепке жазылған табыстар, соның ішінде ақшалай немесе натуралды түрде қызметкерлермен жұмыс берушіден алынған табыстар, материалдық пайда түрінде алынған табысты қоса есептегенде, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушімен жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім-шарттар бойынша, оның ішінде Салық кодексінің 156-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көрсетілген табыстарды қоспағанда, Салық кодексінің 156-бабында белгіленген табыстар көрсетіледі.

10) J бағанында Салық кодексінің 166-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына белгіленген салық шегерімі көрсетіледі;

11) K бағанында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес және Салық кодексінің 166-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес

шегерімге жатқызылатын шетелдік азаматтардың немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан есептелген міндетті зейнетақы жарналары көрсетіледі;

12) L бағанында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңына сәйкес және Салық кодексінің 166-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың өз пайдаларына енгізген ерікті зейнетақы жарналары көрсетіледі;

13) M бағанында Салық кодексінің 166-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын және жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың өз пайдаларына еңгізген сақтандыру сыйақыларының сомалары көрсетіледі;

14) N бағанында Салық кодексінің 166-бабының 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын және шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінен алған қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге бағытталған сомалары көрсетіледі;

15) O бағанында Салық кодексінің 166-бабының 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын және Салық кодексі 166-бабының 6-тармағына сәйкес белгіленген мөлшерде және шарттарда медициналық қызметтерге (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар көрсетіледі;

16) P бағанында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Салық кодексінің 156-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көрсетілген табыстарды қоспағанда, Салық кодексінің 156-бабына сәйкес салық салынбайтын табыстары көрсетіледі;

17) Q бағанында есепті салық кезеңі үшін шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан есептелген жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі;

18) R бағанында Салық кодексінің 156-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көрсетілген табыстарды қоспағанда, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға салық кезеңінде төлеген табыстар көрсетіледі;

19) S бағанында Салық кодексінің 156-бабының 1-тармағы 24) тармақшасында көрсетілген табыстарды және міндетті зейнетақы жарналарын қоспағанда, Салық кодексінің 357-бабының 3-тармағына сәйкес әлеуметтік салық салынбайтын табыстар көрсетіледі;

20) T бағанында әлеуметтік салық салынатын табыстардың барлығы көрсетіледі. T бағаны жолдарының шамасы (I - K - S) формуласы бойынша анықталады;

21) U бағанында есепті салық кезеңінде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан есептелген әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

22) V бағанында "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген әлеуметтік аударымдар есептелетін жұмыс берушінің шығыстары көрсетіледі;

23) W бағанында "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

210.00.001 IV жолына I бағанының 00000001 жолының жиынтық шамасы көшіріледі. 210.00.005 IV жолына R бағанының 00000001 жолының жиынтық шамасы көшіріледі. 210.00.006 IV жолына Q бағанының 00000001 жолының жиынтық шамасы көшіріледі.

5. "Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығын есептеу" қосымшасын жасау (210.03-нысан)

30. Осы нысан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығының сомасын салық агентімен есептеу үшін арналған. Нысан Салық кодексінің 190-бабына сәйкес резидент еместер деп танылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты табыс етіледі.

31. "Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығын есептеу" бөлімінде:

1) A бағанында кезекті реттік нөмірі қойылады;

2) B бағанында салық кезеңінде табыстар есептелген, төленген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың тегі, инициалдары көрсетіледі;

3) C бағанында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың салық төлеушінің тіркеу нөмірлері көрсетіледі;

4) D бағанында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

Жол "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірі бар болса толтырылады;

5) E бағанында осы Ереженің 36-тармағына сәйкес, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың резиденттік елінің коды көрсетіледі;

6) F бағанында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) G бағанында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды, сондай-ақ осындай құжаттың нөмірі мен берілген күні көрсетіледі;

Декларацияны толтырған кезде Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжат түрлерінің мынадай кодтарын пайдалану қажет:

01 – шетел азаматының төлқұжаты;

02 - шетел азаматының жеке куәлігі;

03 – теңізшінің төлқұжаты;

8) H бағанында осы Ереженің 35-тармағына сәйкес шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленетін табыс түрінің коды көрсетіледі;

9) I бағанында осы Ережелердің 37-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, осыған сәйкес S бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған;

10) J бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі, егер салық агенті I бағанында халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда ғана толтырылуға жатады;

11) K бағанында осы Ереженің 36-тармағына сәйкес халықаралық шарт жасасылған елдің коды көрсетіледі. Баған, егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттың ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

12) L бағанында S бағанында көрсетілген оған қатысты табыстар туындаған шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар мен салық агенті арасында жасалған шарттың (келісім-шарт) нөмірі мен күні көрсетіледі;

13) M бағанында, L бағанында көрсетілген шартқа (келісім-шартқа) сәйкес шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың Салық кодексі 191-бабының 13-тармағына сәйкес айқындалатын Қазақстан Республикасында қызмет көрсетуді, жұмыстарды орындауды бастаған күні көрсетіледі;

14) N бағанында, L бағанында көрсетілген шарт (келісім-шарт) бойынша шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасында қызмет көрсетуді, жұмыстарды орындауды толық аяқтаған күні көрсетіледі. Осы жол шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасында қызмет көрсетуді, жұмыстарды орындауды толық (түпкілікті) бітіргенде толтырылады. Егер салық кезеңінде жұмыстар, қызмет көрсетулер аяқталмаса, бұл жол толтырылмайды;

15) O бағанында шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың салық агентінің жарғылық капиталындағы үлесі көрсетіледі, процентпен;

16) Р бағанында Салық кодексінің 156-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көрсетілген табыстарды қоспағанда, Салық кодексінің 56-бабына сәйкес салық салынбайтын шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстары көрсетіледі;

17) Q бағанында салықты ұстау бойынша міндеттеме туындайтын есептелген және төленген табыстардың сомасы көрсетіледі;

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, көрсетілген бағанда табыстарды төлеу күніне немесе алдын ала төлеген жағдайда, табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолданумен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, есептелген және төленген табыстардың сомасы көрсетіледі;

18) R бағанында Салық кодексінің 158, 194-баптарының немесе халықаралық шартта белгіленген төлем көзінен ұсталатын табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

19) S бағанында Салық кодексінің 195-бабына сәйкес бюджетке аударуға жататын есептелген және төленген табыстардан ұсталатын табыс салығының сомасы көрсетіледі;

Операциялар (төлемді төлеу) шетелдік валютада жасалған кезде, көрсетілген бағанда табыстарды төлеу күніне немесе алдын ала төлеген жағдайда, табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолданумен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, төлем көзінен ұсталатын табыс салығының сомалары көрсетіледі;

20) Т бағанында Салық кодексінің 357-бабы 3-тармағына сәйкес әлеуметтік салығы салынбайтын табыстар көрсетіледі.

21) U бағанында әлеуметтік салығымен салынатын табыстардың барлығы көрсетіледі. V бағаны жолдарының шамасы (Q-T) формуласы бойынша анықталады.

22) V бағанында Салық кодексінің 359-бабы 1-тармағына сәйкес есептелген әлеуметтік салығының сомасы көрсетіледі.

23) W бағанында салық агенті шегерімге жатқызылған резидент еместің есебіне жазылған, бірақ төленбеген табыстары көрсетіледі.

Операциялар шетел валютасымен жасалатын жағдайда осы бағанында шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның төленбеген, салық агенті шегерімге жатқызылған күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютамен есептелген табыстары толтырылады.

Шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның есебіне жазылған, бірақ төленбеген табыстарын шегерімге жатқызу күні есепті күнтізбелік жылдың 31 желтоқсаны болып танылады. Бұл баған Қосымшада 4 тоқсан үшін толтырылады

.

24) Х бағанында салық агенті шегерімге жатқызылған резидент еместің есебіне жазылған, бірақ төленбеген табыстардан Салық кодексінің 195-бабы бойынша бюджетке төленуге тиісті табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетел валютасымен жасалатын жағдайда осы бағанында шегерімге жатқызылған күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютамен есептелген табыс салығының сомасы толтырылады.

210.00.010 IV жолына Q бағанының 00000001 жолының жиынтық шамасы көшіріледі. 210.00.011 IV жолына S бағанының 00000001 жолының жиынтық шамасы көшіріледі. 210.00.015 IV жолына W бағанының 00000001 жолының жиынтық шамасы көшіріледі. 210.00.016 IV жолына Х бағанының 00000001 жолының жиынтық шамасы көшіріледі.

6. "Құрылымдық бөлімшелер бойынша жеке табыс салығының сомасын және әлеуметтік салықты есептеу" қосымшасын жасау (210.04-нысан)

32. Осы нысан заңды тұлға салық агентінің филиал/өкілдік бойынша төленуге жататын жеке табыс салығының, әлеуметтік салықтың, міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын есептеуге арналған. Салық кодексінің 162, 362, 364 161-баптарына сәйкес заңды тұлға нысанды әрбір филиал/өкілдік бойынша жасайды.

33. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Салық міндеттемелерін сенімгерлікпен басқарушы орындаған жағдайда жолда салық төлеушінің – сенімгерлікпен басқарушының тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс.

2) БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемелерін сенімгерлікпен басқарушы орындаған жағдайда жолда салық төлеушінің – сенімгерлікпен басқарушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық агентінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемелерін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде, осы жолда сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

4) салық агентінің тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды.

Заңды тұлғаның орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

5) салық кезеңі – 210.04 нысан табыс етілетін есепті тоқсан (араб цифрларымен көрсетіледі);

6) түрі.

Декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, тиісті торкөз белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген Декларация табыс етілген жағдайда толтырылады;

8) Филиалдың/өкілдіктің СТН-і - салық төлеуші филиалдың/өкілдіктің тіркеу нөмірі;

9) БСН - филиалдың/өкілдіктің бизнес сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

10) филиалдың/өкілдіктің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес филиалдың/өкілдіктің атауы көрсетіледі;

11) филиалдың/өкілдіктің тіркеу орны бойынша салық органының коды.

Филиалдың/өкілдіктің орналасқан тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

34. "Есепті көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 210.04.001 I, 210.04.001 II және 210.04.001 III жолдары салық кезеңінің әрбір айы үшін шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан есептелген және филиал/өкілдік бойынша бюджетке аударылуға тиіс жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған.

210.04.001 IV жолы 210.04.001 I, 210.04.001 II және 210.04.001 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.04.001 V жолы салық кезеңінің 210.04.001 IV және өткен салық кезеңі үшін ағымдағы жылдың 210.04.001 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған. 210.04.001 жолы 210.04.002 жолының сомасын қамтиды;

2) 210.04.002 жолы, егер салық міндеттемесінің орындалуы Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелікті есепке ала отырып, сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген жағдайда толтырылады. 210.04.002 I, 210.04.002 II және 210.04.002 III жолдары салық кезеңінің әрбір айы үшін сенімгерлікпен

басқарушының шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан есептеген және филиал/өкілдік бойынша бюджетке аударуға тиіс жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған.

210.04.002 IV жолы 210.04.002 I, 210.04.002 II және 210.04.002 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.04.002 V жолы салық кезеңінің 210.04.002 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.04.002 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

3) 210.04.003 I, 210.04.003 II және 210.04.003 III жолдары салық кезеңінің әрбір айы үшін Салық кодексінің 195-бабына сәйкес филиал/өкілдік бойынша бюджетке аударылуы тиіс шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға есептелген табыстардан ұсталатын жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған.

Операциялар (табысты төлеу) шетелдік валютада жасалған кезде, 210.04.003 жолында табыстарды төлеу күніне немесе алдын ала төлеген жағдайда, табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

210.04.003 IV жолы 210.04.003 I, 210.04.003 II және 210.04.003 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.04.003 V жолы салық кезеңінің 210.04.003 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.04.003 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған. 210.04.003 жолы 210.04.004 жолының сомасын қамтиды;

4) 210.04.004 жолы егер салық міндеттемесінің орындалуы Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелікті есепке ала отырып, сенімгерліпен басқарушыға жүктелген жағдайда толтырылады. 210.04.004 I, 210.04.004 II және 210.04.004 III жолдары Салық кодексінің 195-бабына сәйкес салық кезеңінің әрбір айы үшін сенімгерліпен басқарушының филиал/өкілдік бойынша бюджетке аударуға тиіс шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан есептеген және жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған.

Операцияларды (табысты төлеу) шетелдік валютада жасалған кезде, 210.04.004 жолында табыстарды төлеу күніне немесе алдын ала төлеген

жағдайда, табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

210.04.004 IV жолы 210.04.004 I, 210.04.004 II және 210.04.004 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.04.004 V жолы салық кезеңінің 210.04.004 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.04.004 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

5) 210.04.005 жолы Салық кодексінің 195-бабына сәйкес бюджетке аударылатын, салық агентімен шегерімге жатқызылған, есепке жазылған, бірақ төленбеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығы сомасын көрсетуге арналған.

Шетелдік және азаматтығы жоқ тұлғалардың есепке жазылған, бірақ төленбеген табыстарын шегерімге жатқызу күні болып есепті күнтізбелік жылдың 31 желтоқсаны табылады. 210.04.005 жолы өзіне 210.04.006 жолын қосады және есепті күнтізбелік жылдың 4 тоқсанының декларациясында толтырылады.

Шетелдік валютамен операция жүргізілген жағдайда 210.04.005 жолында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарын шегерімге жатқызу күніне нарықтық валюта айырбастау курсын қолданумен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі

6) 210.04.006 жолы Салық кодексінің 35-бабымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген салық міндеттемелерін орындаған жағдайда толтырылады. 210.04.006 жолы Салық кодексінің 195-бабына сәйкес бюджетке аударылатын, сенімгерлікпен басқарушымен шегерімге жатқызылған, есепке жазылған, бірақ төленбеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығының сомасын көрсету үшін арналған. Шетелдік валютамен операция жүргізілген жағдайда 210.04.006 жолында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарын шегерімге жатқызу күніне нарықтық валюта айырбастау курсын қолданумен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

7) 210.04.007 I, 210.04.007 II және 210.04.007 III жолдары Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес шетелдік азаматтардың немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың төленген табыстарына есептелген және салық кезеңі үшін әрбір айы үшін филиал/өкілдік бойынша жинақтаушы зейнетақы

қорына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасын көрсетуге арналған.

210.04.007 IV жолы 210.04.007 I, 210.04.007 II және 210.04.007 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін міндетті зейнетақы жарналарының жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.04.007 V жолы салық кезеңінің 210.04.007 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.04.007 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап міндетті зейнетақы жарналарының жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

8) 210.04.008 I, 210.04.008 II, 210.04.008 III жолдары салық кезеңінің әрбір айы үшін филиал/өкілдік бойынша есептелген әлеуметтік салықтың жалпы сомасын көрсетуге арналған.

210.04.008 IV жолы 210.04.008 I, 210.04.008 II және 210.04.008 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.04.008 V жолы салық кезеңінің 210.04.008 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.04.008 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған. 210.04.008 жолы 210.04.009 жолының сомасын қамтиды;

9) 210.04.009 жолы егер салық міндеттемесінің орындалуы Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшелікті ескере отырып, сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген жағдайда толтырылады. 210.04.009 I, 210.04.009 II және 210.04.009 III жолдары сенімгерлікпен басқарушы филиал/өкілдік бойынша салық кезеңінің әрбір айы үшін есептеген әлеуметтік салықтың жалпы сомасын көрсетуге арналған.

210.04.009 IV жолы 210.04.009 I, 210.04.009 II және 210.04.009 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.04.009 V жолы салық кезеңінің 210.04.009 IV және ағымдағы жылдың өткен салық кезеңі үшін 210.04.009 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

10) 21.04.010 I, 210.04.010 II, 210.04.010 III жолдары міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңға сәйкес анықталатын салық кезеңінің әрбір айы үшін филиал/өкілдік бойынша әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуге арналған
.

210.04.010 IV жолы 210.04.010 I, 210.04.010 II және 210.04.010 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

210.03.010 V жолы салық кезеңінің 210.04.010 IV және өткен ағымдағы жылдың салық кезеңі үшін 210.04.010 V жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

35. "Салық агентінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық агентінің атауы" жолында құрылтайшылық құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

Сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындау барысында, сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес сенімгерлікпен басқарушының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі.

2) беру күні.

210.04-нысаны салық органына беру күні көрсетіледі;

3) жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша бенефициар салық органының коды.

Салық агентінің тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бенефициар салық органының коды.

Салық агентінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

5) "Нысанды қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында 210.04 нысаны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

6) қабылдаған күн.

Салық кодексі 584-бабы 2-тармағына және Енгізу туралы заңына сәйкес 210.04 нысан табыс етілген күні көрсетіледі;

7) кіріс құжатының нөмірі.

210.04 нысанының тіркеу нөмірі көрсетіледі;

8) пошта штемпелінің күні.

Почта немесе басқа байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

7. Табыс түрлерінің, елдер және халықаралық келісімдер бойынша кодтары

36. Декларация толтыру кезінде мынадай Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс түрлерін кодтауды пайдалану керек:

1010 – Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды өткізуден түскен табыстар;

1011 – Қазақстан Республикасында орналасқан тауарларды сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде одан тыс өткізуден түскен табыстар;

1020 – Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен табыстар;

1021 – резидентке егер алынатын қызметтер осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен табыс;

1022 - егер алынатын қызметтер осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен табыс;

1030 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен табыстары, сондай-ақ осы бапта белгіленген аталған тұлғаның резиденттен алатын өзге де табыстар;

1031 - Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен табыстары, сондай-ақ осы бапта белгіленген аталған тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен, егер алатын жұмыстары, қызметтері, тауарлары осындай тұрақты мекемеге байланысты болса, олардан алатын өзге де табыстар;

1040 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1041 – резидент шығарған бағалы қағаздарды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1042 – Қазақстан Республикасында орналасқан резидент заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1043 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерін немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1044 - егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерінің немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғада қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыс;

1050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1051 - талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1060 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1061 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1070 - резиденттің міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар)

1071 – резидент еместің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар);

1080 – резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегітабыстар;

1081 – Қазақстан Республикасында орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

1090 – мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлік басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлік басқару туындаудың басқа жағдайларында пайда алушы болып табылатын резидент емес үшін Қазақстан Республикасында салық міндеттемесін орындау жүктелмеген резидент сенімгерлік басқарушыдан мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы акті бойынша алынған табыстар;

1100 - резиденттен алынған борышкерлік бағалы қағаздарды қоспағанда сыйақылар түріндегі табыс;

1101 – егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент еместен алынған борышкерлік бағалы қағаздарды қоспағанда сыйақылар түріндегі табыс;

1110 – резидент эмитнеттен алынған борышкерлік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыс;

1111 - егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент емес эмитенттен алынған борышкерлік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыс;

1120 - резиденттен алынатын роялти түріндегі табыс;

1121 – егер роялти төлеу бойынша шығыстар резидент еместің тұрақты мекемесінің қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен алынатын роялти түріндегі табыс;

1130 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін табыстар;

1140 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1150 – Қазақстан Республикасында туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

1151 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

1160 – халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

1161 – Қазақстан Республикасы ішінде көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

1170 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан құбыр жолдарын, электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан алынатын табыстар;

1180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табысы;

1181 - жұмыс беруші болып табылатын резидент еместен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табысы;

1190 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе

өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1200 – резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

1201 - резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

1210 – еңбек шарты (келісім-шарт) негізінде жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) төлеген резидент емес жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен резидент емес жеке тұлғаның табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

1211 – қызмет көрсетуге (жұмыстарды орындауға) шарт негізінде өзге тұлға төлеген резидент емес жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен резидент емес жеке тұлғаның табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

1220 – резидент жинақтаушы зейнетақы қоры жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1230 – кімнен және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы мәдениет және өнер қызметкерлеріне: қызметінен театр, кино, радио, теледидар әртісіне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға төленетін табыстар;

1240 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1241 – егер ұтыс төлемі тұрақты мекеме қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емес төлейтін ұтыстар;

1250 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1260 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу түріндегі табыстар;

1261 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алудан табыстар;

1270 – туынды қаржы құралдары бойынша табыстар;

1280 – міндеттемені есептен шығарудан табыстар;

1290 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1300 – лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

1310 – сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

1320 – кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған табыстар;

1330 – тіркелген активтерді шығарудан түскен табыстар;

1340 – геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыстар;

1350 – кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар;

1360 – бірлескен қызметті жүзеге асырудан табыстар;

1370 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1390 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

1400 – мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен табыстар;

1410 – сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан табыстар;

1420 – Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

37. Ел кодын толтыру кезінде Тауарларды және көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің" 6-қосымшасына сәйкес елдерді сандық кодтауды пайдалану қажет.

38. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт (келісім) түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 – Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 – Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 – Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 – Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 – Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 – Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 – Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 – Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 – Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 – Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 – Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;

14 – Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 – Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 – "Нұр-Мүбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 – Әуе қатынасы туралы келісім;

19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау " жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

РҚАО-ның ескертуі: 210.00-210.03 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Жеке табыс салығы бойынша
декларацияға (220.00-нысан)
қосымша

Жеке табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау ережесі (220.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі), Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті

төлемдер туралы" Кодексін (Салық кодексі), енгізу туралы" Заңына (Енгізу туралы Заң) сәйкес әзірленген және жеке табыс салығын есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 20-тарауы 183-бабына, 21-тарауына сәйкес жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салықтарды есептеуді және төлеуді жүзеге асырушы жеке тұлғалар – жеке кәсіпкерлер, сондай-ақ Салық кодексінің 7-бөліміне сәйкес резидент емес жеке тұлғалар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (220-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (220.01-ден 220.13-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар Декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы ережелерде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу ; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларация толтыру кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электрондық тасығышта – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші немесе оның өкілімен қол қойылады және салық төлеушінің немесе Қазақстан Республикасының заңдылығында белгіленген жағдайларда өз мөрі бар , оның өкілінің мөрімен расталады.

12. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта -нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен салық есептілігін қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде, Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (220.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірін; Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс .

2) ЖСН (БСН)– салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес - сәйкестендіру нөмірі). Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс .

3) салық кезеңі (жыл)- Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі.

Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда –тұлғаны куәләндыратын құжаттарға сәйкес, сенімді басқарушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) Декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген Декларация түрін табыс ету жағдайында толтырылады;

7) салық төлеуші санаты.

Торкөздер салық төлеуші A, B, C, D жолдарында көрсетілген санаттардың біріне жататын жағдайда белгіленеді.

8) валюта коды.

(Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

9) ұсынылған қосымшалар.

Ұсынылған қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді.

10) резиденттік белгісі.

A-торкөзі Қазақстан Республикасының резиденті салық төлеушімен белгіленеді.

B-торкөзі Қазақстан Республикасының резиденті емес салық төлеушімен белгіленеді.

11) резиденттік елінің коды мен салықтық тіркеу нөмірі;

Егер Декларацияны Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

A жолында Тауарларды декларациялау ережелеріне 6 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

B жолында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

12) Қазақстан Республикасы шегінен тыс тұрақты мекемесінің бар-жоғы.

Торкөзді Қазақстан Республикасы шегінен тыс тұрақты мекемесі бар Қазақстан Республикасының резиденті толтырады.

15. "Жылдық жиынтық табыс" бөлімінде:

1) 220.00.001 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес өткізуден табыс сомасы көрсетіледі.

220.00.001 I жолында кредит (қарыз, микрокредит), репо операциялары бойынша сыйлықақы түріндегі табыс сомасы көрсетіледі.

220.00.001 II жолында мүлікті қаржылық лизингке беру бойынша сыйлықақы түріндегі табыс сомасы көрсетіледі.

220.00.001 III жолында роялти түріндегі табыс сомасы көрсетіледі.

220.00.001 IV жолында мүлікті жалға беруден табыс сомасы көрсетіледі.

2) 220.00.002 жолында Салық кодексінің 87-бабына сәйкес құн өсімінен табыс сомасы көрсетіледі. Осы жолға 220.01.029 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

3) 220.00.003 жолында 220.02.005 және 220.03.005 жолдарының оң мәндерінің сомасы ретінде айқындалатын, соның ішінде бұған дейінгі салық кезеңдерінен көшірілген шығындарды есепке алумен, своп бойынша, туынды қаржы құралдары бойынша табыс сомасы көрсетіледі.

4) 220.00.004 жолында Салық кодексінің 88-бабына сәйкес міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс сомасы көрсетіледі.

5) 220.00.005 жолында 220.00.005 I және 220.00.005 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 89-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыс сомасы көрсетіледі.

220.00.005 I жолында күмәнді болып танылған және жылдық жиынтық табысқа кіретін, алынған тауар (жұмыстар, қызметтер) бойынша міндеттімелердің сомасы көрсетіледі.

220.00.005 II жолында Салық кодексінің 163-бабы 2-тармағына сәйкес айқындалатын, күмәнді болып танылған және жылдық жиынтық табысқа кіретін, талап етуді басқаға беруден түсетін табыс сомасы көрсетіледі.

6) 220.00.006 жолында 220.00.006 I и 220.00.006 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 91-бабына сәйкес талап етуді басқаға беруден түсетін табыс сомасы көрсетіледі.

220.00.006 I жолында алынған талап ету құқығы бойынша борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыс сомасы көрсетіледі.

220.00.006 II жолында берілген талап ету құқығы бойынша борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыс сомасы көрсетіледі

7) 220.00.007 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағы 9) тармақшасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыс сомасы көрсетіледі.

8) 220.00.008 жолында Салық кодексінің 92-бабына сәйкес айқындалатын, тіркелген активтердің шығып қалудан түсетін табыс сомасы көрсетіледі.

9) 220.00.009 жолында Салық кодексінің 93-бабына сәйкес айқындалатын, жалпы таралған пайдалы қазбаларды және (немесе) жерасты суларын және (немесе) емдік батпақтарды және (немесе) өндіруді және өндірумен және (немесе) барлаумен қатысы жоқ, жерасты сулардың құрылысын және эксплуатациясын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және оларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарын, сондай-ақ басқа да шығыстарын түзетуден түсетін табыс сомасы көрсетіледі.

10) 220.00.010 жолында Салық кодексінің 94-бабына сәйкес айқындалатын, жалпы таралған пайдалы қазбаларды және (немесе) жерасты суларын және (немесе) емдік батпақтарды және (немесе) өндіруді және өндірумен және (немесе) барлаумен қатысы жоқ, жерасты сулардың құрылысын және эксплуатациясын

жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып түсуінен алынатын табыс сомасы көрсетіледі.

11) 220.00.011 жолында Салық кодексінің 107-бабына сәйкес айқындалатын, тарату қорының қаражаттарын жалпы таралған пайдалы қазбаларды және (немесе) жерасты суларын және (немесе) емдік батпақтарды және (немесе) өндіруді және өндірумен және (немесе) барлаумен қатысы жоқ, жерасты сулардың құрылысын және эксплуатациясын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушымен мақсатқа сай пайдаланылмаған мөлшерінің сомасы көрсетіледі. Осы жолға 220.05-нысанының J жолында көрсетілген сома көшіріледі.

12) 220.00.012 жолында Салық кодексінің 80-бабына сәйкес айқындалатын, бірлескен қызметті жүзеге асырудан түсетін табыс сомасы көрсетіледі.

13) 220.00.013 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағы 14 тармақшасына сәйкес, жылдық жиынтық табысқа кіретін, егер осы сомалар бұрын шегеріп тасталмаған болса, бұрын негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, борышкерге салынған немесе ол мойындаған айыппұлдар, өсімпұлдар және санкциялардың басқа да түрлерінің сомасы көрсетіледі.

14) 220.00.014 жолында Салық кодексінің 95-бабына сәйкес айқындалатын, бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар сомасы көрсетіледі .

15) 220.00.015 жолында Салық кодексінің 96-бабына сәйкес айқындалатын, өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс сомасы көрсетіледі.

16) 220.00.016 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағы 17) тармақшасына сәйкес, жылдық жиынтық табысқа кіретін, дивидентер сомасы көрсетіледі.

17) 220.00.017 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағы 18) тармақшасына сәйкес, жылдық жиынтық табысқа кіретін, депозит, борыштық құнды қағаз, вексель, исламдық жалға беру сертификаты бойынша сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі.

18) 220.00.018 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағы 19) тармақшасына сәйкес, жылдық жиынтық табысқа кіретін, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында айқындалған оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі көрсетіледі.

19) 220.00.019 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағы 20) тармақшасына сәйкес, жылдық жиынтық табысқа кіретін, ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

20) 220.00.020 жолында Салық кодексінің 98-бабына сәйкес, кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыс көрсетіледі.

21) 220.00.021 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағы 22-1) тармақшасына сәйкес, ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыстарының сомасы көрсетіледі.

22) 220.00.022 жолында Салық кодексінің 35-бабына сәйкес, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша – сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының таза табыстарының сомасы көрсетіледі.

23) 220.00.023 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағы 24) тармақшасына сәйкес, жылдық жиынтық табысқа кіретін, салық төлеуші табыстарының сомасы көрсетіледі.

24) 220.00.024 жолында 220.00.001-ден 220.00.023-дейінгі жолдарының қосындысы ретінде айқындалатын, жылдық жиынтық табыс сомасы көрсетіледі.

25) 220.00.025 жолында 220.00.026-ден 220.00.046-дейінгі жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 156-бабына сәйкес, салық салуға жатпайтын табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

26) 220.00.026-ден 220.00.046-дейінгі жолдарда салық салуға жатпайтын табыстар түрінің коды көрсетіледі.

27) 220.00.047 жолында 220.00.047 I және 220.00.047 II (220.00.047 I + 220.00.047 II) жолдардың сомасы ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 99-бабына және Енгізу туралы Заңының 3-1-тармағына сәйкес, жылдық жиынтық табысты түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі.

27) 220.00.047 I жолында тәуекелдік инвестициялаудың жабық пайлық инвестициялық қорлары мен тәуекелдік инвестициялаудың акционерлік инвестициялық қорлардан төленетіндерді қоспағанда, дивидендтер сомасы көрсетіледі.

220.00.047 II жолында мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын), мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс сомасы көрсетіледі.

220.00.047 III жолында тауарлық-материалдық қорларды бағалаудың өзге әдісіне көшу кезінде алынған оң (теріс) айырмасы көрсетіледі.

220.00.048 жолында 220.00.024, 220.00.025 және 220.00.047 (220.00.024 – 220.00.025 - 220.00.047) жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, салық

салуға жатпайтын табыстарды және түзетулерді есепке алумен, жылдық жиынтық салық сомасы көрсетіледі.

16. "Шегерімдер" бөлімінде:

1) 220.00.049 жолында Салық кодексінің 100-бабы 1 тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, сатылған (жұмсалған) тауарлардың, сатып алған және өтеусіз алған жұмыстар, қызметтер бойынша шығыстар көрсетіледі. 220.00.049 I – 220.00.049 II + 220.00.049 III + 220.00.049 IV + 220.00.049 V – 220.00.049 VI – 220.00.049 VII – 220.00.049 VIII – 220.00.049 IX ретінде жүргізіледі.

220.00.049 I жолында салық кезеңінің басына тауарлардың, шикізаттардың, материалдардың (соның ішінде сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақталатын бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары) (бұдан әрі – ТМҚ) өзіндік құны көрсетіледі. Бастапқы Декларацияда аталған жол салық кезеңнің басына бухгалтерлік теңгерме бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы Декларациясын беретін салық төлеушіде салық кезеңінің басында ТМҚ болмауы мүмкін. Осы жол 220.00.049 I A бастап 220.00.049 I C (220.00.049 I A + 220.00.049 I B + 220.00.049 I C) дейінгі жолдар сомасы ретінде анықталады:

220.00.049 I A жолында салық кезеңінің басына ТМҚ құны көрсетіледі;

220.00.049 I B жолында салық кезеңінің басына аяқталмаған өндірістер құны көрсетіледі;

220.00.049 I C жолында салық кезеңінің басына дайын өнімнің, тауарлардың құны көрсетіледі.

220.00.049 II жолы салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерме деректеріне сәйкес толтырылады. Бұл ретте, көрсетілген жолда оны сатудан алынған табыстар салық кезеңінде салық салу мақсатында танылған, жылдың соңында ТМҚ қалдықтарында есепке алынатын және жолдағы (мысалы, FAS-порт шарттарындағы тауарларды сату) тауардың құны көрсетілмейді. Салық кезеңінің ішінде салық төлеуші берген тарату Декларациясында 220.00.049 II жолы тиісті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде толтырылады. Бұл жол 220.00.049 II A жолдан бастап 220.00.049 II C жолға дейінгі жолдардың сомалары ретінде айқындалады (220.00.049 II A + 220.00.049 II B + 220.00.049 II C):

220.00.049 II A жолында салық кезеңінің соңына ТМҚ құны көрсетіледі;

220.00.049 II B жолында салық кезеңінің соңына аяқталмаған өндіріс құны көрсетіледі;

220.00.049 II C жолында салық кезеңінің соңына дайын өнім, тауарлар құны көрсетіледі.

220.00.049 III жолында салық төлеуші салық кезеңінің барысында сатып алған, оның ішінде тегін алған ТМҚ, тарапты ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жеке

нотариустар, адвокаттар орындаған жұмыстар мен көрсеткен қызметтердің құны көрсетіледі. Осы жолда келтірілген деректер Декларацияның 220.00.049 жолынан бастап 220.00.077 жолына дейінгі жолдар бойынша шегерімге жатқызылатын шығыстарды қамтымауы тиіс. 220.00.049 III A бастап 220.00.049 III H дейінгі жолдар мәндерінің қосындысымен айқындалады (220.00.049 III A + 220.00.049 III B + 220.00.049 III C + 220.00.049 III D + 220.00.049 III E + 220.00.049 III F + 220.00.049 III G + 220.00.049 III H):

220.00.049 III A жолында салық төлеушінің есепті салық кезеңде сатып алған, өтеусіз алған ТМҚ құны көрсетіледі;

220.00.049 III B қаржылық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.049 III C жарнамалық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.049 III D консультация қызметтер құны көрсетіледі;

220.00.049 III E маркетинг қызметтер құны көрсетіледі;

220.00.049 III F дизайнерлік қызметтер құны көрсетіледі;

220.00.049 III G инжиниринг қызметтер құны көрсетіледі

;220.00.049 III H басқа да жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға шығыстар көрсетіледі.

220.00.049 IV жолында Салық кодексінің 110-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметкерлердің есептелген табыстары мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстар көрсетіледі:

220.00.059 жолы бойынша көрсетілетін және Салық кодексінің 155-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында белгіленген тәуліктік мөлшерінің асып кетуін білдіретін;

тіркелген активтердің, преференциялар объектілерінің алғашқы құнына енетін;

Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес кейінгі шығыстар ретінде танылатын;

Салық кодексінің 87-бабына сәйкес амортизацияға жатпайтын активтердің алғашқы құнына

220.00.049 V жолында өткен салық кезеңдерінде алдағы кезеңдер шығыстары ретінде танылған және есепті салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылған жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.049 VI жолында кейінгі шығыстар болып танылған, салық есебі Салық кодексінің 122-бабына сәйкес жүргізілетін жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.049 VII жолында аяқталмаған құрылыс объектілері құнын ұлғайтуға жататын, жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі ;

220.00.049 VIII жолында 220.00.049 VII жолы бойынша көрсетілетін құнды қоспағанда, Салық кодексінің 115-бабының негізінде шегерімдерге жатқызылмайтын, жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.049 IX жолында алдағы кезеңдердің шығыстары ретінде танылатын және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылуы тиіс жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

2) 220.00.050 жолында Салық кодексінің 100-бабы 6-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын айыппұлдардың, өсімақылардың, тұрақсыздық айыптарының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 220.00.051 жолында Салық кодексінің 100-бабы 8-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын бірлескен қызмет бойынша немесе бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың уәкілетті өкілі салық есебін жүргізген жағдайда оның бір бөлігі бойынша шығыстар көрсетіледі;

4) 220.00.052 жолында Салық кодексінің 100-бабы 11-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын мәміледе белгіленген кеплдік мерзімі ішінде жүргізілген сатылған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің кемшіліктерін жою бойынша салық төлеушінің нақты шығыстарының сомасы көрсетіледі;

5) 220.00.053 жолында пропорционалды әдістің қолдануына байланысты Салық кодексінің 100-бабы 12-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын есепке жатқызуға жатпайтын қосылған құн салығы көрсетіледі;

6) 220.00.054 жолында Салық кодексінің 100-бабы 13-тармағына сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына орын алған шегерімге жатқызылатын есептелген қосылған құн салығының сомасынан есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомасының артуы көрсетіледі;

7) 220.00.055 жолында Салық кодексінің 100-бабы 14-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын мүшелік жарналар көрсетіледі;

8) 220.00.056 жолында Салық кодексінің 100 бабы 14-1 тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеушінің Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

9) 220.00.057 жолында Салық кодексінің 100 бабы 16-1 тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын жарнамалық мақсатта өтеусіз берілген тауардың құны көрсетіледі;

10) 220.00.058 жолында Салық кодексінің 103-бабына, Енгізу Заңының 14 бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі. Берілген жолға 220.11.004 жылының мәні көшіріледі.

11) 220.00.059 жолында Салық кодексінің 101-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақы сомасы көрсетіледі;

12) 220.00.060 жолында Салық кодексінің 102-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын өкілдік шығыстардың сомасы көрсетіледі;

13) 220.00.061 жолында Салық кодексінің 104-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын төленген күмәнді міндеттемелер көрсетіледі. Жол өзіне 220.00.061 I және 220.00.061 II жолдарын қамтиды:

220.00.061 I жолында Салық кодексінің 104-бабы бірінші бөліміне сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеуші кредиторға төлеген бұрын күмәнді міндеттемелердің табысы деп танылған сома көрсетіледі;

20.00.061 II жолында Салық кодексінің 104-бабы екінші бөліміне сәйкес шегерімге жатқызылатын Салық кодексінің 88-бабына сәйкес бұрын табыс деп танылған төленген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

14) 220.00.062 жолында Салық кодексінің 105-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын күмәнді талаптар көрсетіледі. Жол өзіне 20.00.062 I және 220.00.062 II жолдарын қамтиды:

220.00.062 I жолында талаптар туындаған сәттен бастап үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған күмәнді талаптар сомасы көрсетіледі;

220.00.062 II жолында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дебитор салық төлеушінің банкрот деп танылуына байланысты қанағаттандырылмаған күмәнді талаптар сомасы көрсетіледі;

15) 220.00.063 жолында Салық кодексінің 107-бабына сәйкес жалпы таралған пайдалы қазбаларды және (немесе) жерасты суларын және (немесе) емдік батпақтарды және (немесе) өндіруді және өндірумен және (немесе) барлаумен қатысы жоқ, жерасты сулардың құрылысын және эксплуатациясын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың шегерімге жататын, кен орындарын әзірлеу салдарын жоюға арналған шығыстар бойынша шегерімдер және салдарды жою қорларына аударымдар сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.05-нысанының G жолының қорытынды мәні көшіріледі.

16) 220.00.064 жолында Салық кодексінің 108-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын ғылыми-зерттеу және ғылыми технологиялық жұмыстарға шығыстар көрсетіледі;

17) 220.00.065 жолында Салық кодексінің 111-бабына сәйкес жалпы таралған пайдалы қазбаларды және (немесе) жерасты суларын және (немесе) емдік батпақтарды және (немесе) өндіруді және өндірумен және (немесе) барлаумен қатысы жоқ, жерасты сулардың құрылысын және эксплуатациясын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың шегерімге жатқызылатын табиғи ресурстарды өндіруге геологиялық зерттеу мен дайындық жұмыстарына шыққан шығыстар мен жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстары

көрсетіледі. Бұл жолға 220.06-нысаны Z және АВ бағандарының қорытынды мәнінің сомасы көшіріледі;

18) 220.00.066 жолында Салық кодексінің 112-бабы 1 тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын қазақстандық кадрларды оқытуға және өңірлердің әлеуметтік саласын дамытуға жұмсалған жалпы таралған пайдалы қазбаларды және (немесе) жерасты суларын және (немесе) емдік батпақтарды және (немесе) өндіруді және өндірумен және (немесе) барлаумен қатысы жоқ, жерасты сулардың құрылысын және эксплуатациясын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының шығыстары көрсетіледі;

19) 220.00.067 жолында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын оң бағамдық айырма сомасынан теріс бағамдық айырма сомасының артуы көрсетіледі;

20) 220.00.068 жолында Салық кодексінің 114-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер көрсетіледі;

21) 220.00.069 жолында Салық кодексінің 116–122-баптарына сәйкес жүргізілетін тіркелген активтер бойынша шегерімдер көрсетіледі.

Бұл жолға келесі жолдарының сомасы көшіріледі (220.07.011 + 220.07.012);

220.00.069 I жолында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, 01.01.2009 жылға дейін бекітілген инвестициялық жобаның шеңберінде жеке табыс салығынан босатумен келісім-шарттар бойынша 01.01.2009 жылға дейін немесе кейін эксплуатацияға енгізілген, салық есебі Салық Кодексінің 120 бабы 2 -1 тармағы және 117 бабы 10 тармағына сәйкес жүзеге асырылатын тіркелген активтер бойынша шегерімдер көрсетіледі.

22) 220.00.070 жолында салық салынатын табыс осындай шығыстарды шегергеннен кейін нөлден көп болатын болса, Енгізу туралы заңның 39-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын біржолғы талон сатып алу бойынша шығыстар көрсетіледі;

23) 220.00.071 жолында тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақы мөлшеріндегі, табыс есебіне жазылатын тиісті айдағы сома. Бір жылдағы салық шегерімінің жалпы сомасы Салық кодексінің 157-бабында белгіленген жылдық жиынтық табыстың салық салынбайтын мөлшерінің сомасынан аспауға тиіс.

24) 220.00.072 жолында Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мөлшердегі міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

25) 220.00.073 жолында өз пайдасына енгізілетін ерікті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

26) 220.00.074 жолында жеке тұлғаның жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша өз пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

27) 220.00.075 жолында Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінен алған қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге бағытталған сомасы көрсетіледі.

28) 220.00.076 жолында Салық кодексінің 166-бабы 6-тармағында белгіленген мөлшерде және шарттарда медициналық қызметтерге (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар сомасы көрсетіледі.

29) 220.00.077 жолында Салық кодексіне сәйкес сәйкес шегерімге жататын, басқа шығыстар сомасы көрсетіледі.

30) 220.00.078 жолында 220.00.049 бастап 220.00.077 дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын, шегерімге жататын жалпы сомасы көрсетіледі.

17. "Табыстар мен шегерімдерді түзету" бөлімінде:

1) 220.00.079 жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес өндірілетін табыстар мен шегерімдерді түзету сомасы көрсетіледі. Бұл жол 220.00.079 I және 220.00.079 II жолдарының сомасы ретінде айқындалады:

220.00.079 I жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстарды түзетулердің сомасы көрсетіледі;

220.00.079 II Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін шығыстарды түзетулердің сомасы көрсетіледі.

18. "Салық салынатын табыс есебі" бөлімінде:

1) 220.00.080 жолында салық салынатын табыс (залал) көрсетіледі. 220.00.079 жолы ескеріле отырып, 220.00.048 және 220.00.078 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (220.00.048 - 220.00.078 + 220.00.079);

2) 220.00.081 жолында резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алған табыстар сомасы көрсетіледі. Бұл жол өзіне 220.00.081 I жолын да қамтиды:

220.00.081 I жолында Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елде алған табыс көрсетіледі. Бұл жолға 220.10-нысаны I бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

3) 220.00.082 жолында Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына, 212, 213-баптарына сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.09-нысаны Е бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

220.00.083 жолында халықаралық салық салу ерекшелігі ескеріле отырып, салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. 20.00.080 және 220.00.081 жолдарының сомасы ретінде 220.00.082 жолы алына отырып, айқындалады (220.00.080 + 220.00.081 – 220.00.082);

4) 220.00.084 жолында Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес көшірілуі тиіс залал көрсетіледі. Егер 220.00.083 жолының теріс мәні болса, 220.00.084 жолы 220.00.083 жолының және 220.07.008 I жолдарының модулінің сомасы ретінде айқындалады. Егер 220.00.083 жолының оң мәні болса, 220.00.084 жолына 220.07.008 I жолы көшіріледі;

5) 220.00.085 жолында Салық кодексінің 133-бабына сәйкес салық салу табысын кеміту сомасы көрсетіледі. 220.00.085 A және 220.00.085 B жолдарының сомасы ретінде айқындалады:

220.00.085 A жолында Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы шығыстар көрсетіледі. 220.00.083 жолының 3 пайызы шегіндегі 220.00.085 A I–ден 220.00.085 A II-ге дейінгі жолдарының сомасы қосу 220.00.085 A III және 220.00.085 A IV жолдарының сомасы ретінде айқындалады (((220.00.085 A I + 220.00.085 A II) 220.00.083 жолының 3%) + (220.00.085 A III + 220.00.085 A IV)). Бұл ретте, егер 220.00.085 AI-ден 220.00.085 A II-ге дейінгі жолдарда көрсетілген нақты шығыс сомасы салық салынатын табыстан (220.00.083) үш пайыздан азын құрайтын болса, шығыстар жүргізілген нақты сома салық салынатын табыстан алып тастауға жатады. Егер сома салық салынатын табыстан үш пайыздан көп соманы құраған жағдайда, салық салынатын табыстың үш пайызы мөлшерінде айқындалған сома алып тасталады:

220.00.085 A I жолында өтеусіз негізде коммерциялық емес ұйымдарға және әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген мүлік құны көрсетіледі. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты кеткен шығыстар мөлшерінде айқындалады. Бұл жол өзіне "1" шығыстар түрінің белгісі бойынша 220.08-нысаны G бағанының мәнін де қамтиды;

220.00.085 A II жолында көмекті алатын адам тарапынан өтініш негізінде салық төлеушінің шешімі болған кезде демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетіледі. Бұл жол өзіне "2" шығыстар түрінің белгісі бойынша 220.08-нысаны G бағанының мәнін де қамтиды;

220.00.085 A III жолында мүгедектердің еңбегін төлеуге жүргізілген шығыстардың 2 еселенген мөлшері және мүгедектерге жалақы мен басқа да төлемдерден есептелген әлеуметтік салық сомасының 50 пайызы көрсетіледі;

220.00.085 А IV жолында жеке тұлғамен салық төлеушіде кем дегенде үш жыл жұмыс істеу міндеттемесі туралы шарт жасасқан жағдайда салық төлеушімен еңбек қатынасы жоқ жеке тұлғаның оқуына шығыстар көрсетіледі;

220.00.085 В жолында Салық кодексінің 133-бабы немесе Енгізу Заңының 2-3 -тармағына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы табыстар көрсетіледі. 220.00.085 В I-ден 220.00.085 В VIII-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

220.00.085 В I жолында негізгі құралдардың қаржы лизингі бойынша сыйақы, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, биологиялық активтер көрсетіледі;

220.00.085 В II жолында осындай сыйақы есептеу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде орналасқан борышты бағалы қағаздар бойынша сыйақы көрсетіледі;

220.00.085 В III жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен табыстар көрсетіледі. Бұл жолға 220.01.011 II жолының сомасы көшіріледі;

220.00.085 В IV жолында агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен табыстар көрсетіледі. Бұл жолға 220.01.011 III жолының сомасы көшіріледі;

220.00.085 В V жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар және агенттік облигациялар бойынша сыйақы сомасы көрсетіледі.

220.00.085 В VI жолында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда гуманитарлық көмек түрінде алынған және мақсатты пайдаланылған мүліктің құны көрсетіледі;

220.00.085 В VII жолында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акциялар мен қатысу үлестерін сату кезінде құн өсімінен түскен табыс көрсетіледі. Бұл жол егер сату күніне көрсетілген заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акциясының (қатысу үлесінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың мүлкі құраған жағдайда толтырылады. Бұл жолға 220.01.003 I жолы көшіріледі;

220.00.085 В VIII жолында сату күнінде Қазақстан Республикасы аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде орналастырылған бағалы қағаздарды ашық сауда әдісімен сату кезінде құн өсімінен табыс көрсетіледі. Бұл жолға 220.01.003 II және 220.01.011 I жолдарының сомасы көшіріледі;

6) 220.00.086 жолында Салық кодексінің 133-бабына, сонымен қатар Енгізу туралы заңның 3-2-бабына сәйкес жүргізілетін азайту ескерілген салық салынатын табыс көрсетіледі.

Бұл жол 220.00.083 және 220.00.085 жолдарының айырмасы ретінде анықталады (220.00.083-220.00.085). Егер 220.00.085 жолы 220.00.083 жолынан артық болса, 220.00.086 жолында нөл көрсетіледі;

7) 220.00.087 жолында Салық кодексінің 136-бабы 1-тармағымен айқындалған залалдар және Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар көрсетіледі;

8) 220.00.088 жолында көшірілген залалдардың салық салынатын табысы көрсетіледі. Егер 220.00.086 жолында оң мән көрсетілген жағдайда толтырылады . 220.00.086 және 220.00.087 жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады (220.00.086 - 220.00.087). Егер 220.00.087 жолы 220.00.086 жолынан артық болса, 220.00.088 жолында нөл көрсетіледі.

19. "Салық міндеттемесінің есебі" бөлімінде:

1) 220.00.089 жолында төлеуші Салық кодексінің 158-бабы 1-тармағында белгіленген жеке табыс салығының мөлшерлемесі көрсетіледі, пайызбен. Берілген жол салық төлеушінің Салық кодексінің 448-бабы 4-тармағында бекітілген бөлек есепке алуды жүргізетін жағдайда ғана толтырылады.

2) 220.00.090 жолында Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде ескерілетін Қазақстан Республикасынан тыс төленген табысқа салықтардың немесе резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алған табыстарға соған ұқсас табыс салығының түрлерінің сомасы көрсетіледі. Осы жолға 220.10-нысаны R бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

3) 220.00.91 жолында шетел салығын есептеу есебімен жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі. 220.00.088 және 220.00.089 жолдарын көбейтумен 220.00.90 жолына азайтумен анықталады (220.00.088 х 220.00.089 – 220.00.090). Егер 220.00.090 жолы 220.00.088 және 220.00.089 жолдарынан артық болса, 220.00.091 жолында нөл көрсетіледі.

4) 220.00.92 жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс жеке табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде ұтыс түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

5) 220.00.093 жолында сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

220.00.093 I жолында I Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес көшірілген, алдыңғы салық кезеңдерінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

220.00.093 II жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпорациялық табыс салығының сомасына кемітілетін

салық кезеңінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

6) 220.00.094 жолында Салық кодексінің 161-бабына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жол 220.00.091, 220.00.092, 220.00.093 I, 220.00.093 II жолдарының кеміту түрінде анықталады (220.00.091 - 220.00.092 – 220.00.093 I – 220.00.093 II). Егер айырма нөлге тең болса, онда 220.00.094 жолында нөл көрсетіледі;

7) 220.00.095 жолында Салық Кодексінің 599-бабына сәйкес жеке табыс салығын төлеуді есебіне жасалған есепке жатқызулар сомаларын қоса, төленген салық сомасы көрсетіледі. Жеке табыс салығын төленуі Салық Кодексінің 179 бабы 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

20. "Басқа да ақпараттар" бөлімінде:

1) 220.00.096 жолында өтеусіз берілген мүліктің құны көрсетіледі. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шыққан шығыстардың мөлшерінде айқындалады;

2) 220.00.097 жолында Салық кодексінде көзделген жағдайларда салық міндеттемесінің мөлшерін азайту сомасы көрсетіледі;

3) 220.00.098 жолында басқа адамнан алынуы тиіс (алынған) табыстан басқа, қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепте табыс деп танылатын активтердің және (немесе) міндеттемелердің құнының өзгеруіне байланысты туындаған табыс көрсетіледі;

4) 220.00.099 жолында қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес активтерді қайта бағалауға резервтерді азайту есебінен таратылмаған пайданың ұлғаюы көрсетіледі;

5) 220.00.100 жолында төленуі тиіс (төленген) шығыстардан басқа, қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарын және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасын қолданған кезде бухгалтерлік есепте активтердің және (немесе) міндеттемелердің құнының өзгеруіне байланысты туындаған шығыс көрсетіледі;

6) 220.00.101 жолында Салық кодексінің 115-бабына сәйкес шегерімге жатқызылмайтын шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі.

7) 220.00.102 жолында бухгалтерлік есепте қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес мойындалған міндеттемені орындауға жататын нақты көлемі мен осы міндеттеменің құны арасындағы оң

айырма түрінде бухгалтерлік есепте міндеттемені мойындауға байланысты туындаған табыс көрсетіледі.

8) 220.00.103 жолында статистика органдарының деректері бойынша экономикалық қызметтің жалпы сыныптаушысына сәйкес кәсіпкерлік қызметтің түрлері көрсетіледі.

21. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

2) Декларацияның берілген күні. Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

5) Декларацияны қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына және Енгізу туралы заңның 3-бабына сәйкес Декларацияны табыс ету күні көрсетіледі;

6) құжаттың табыс нөмірі.

Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) почта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

22. Салық Кодексінің 448-бабы және (немесе) 310-бабы және (немесе) 58-бабына сәйкес салық салу объектілермен байланысты және салық салу объектілері бойынша дара салық есебін жүргізетін салық төлеушілер салық есебі деректердің негізінде барлық қызмет түрлері (контрафактілі және котрафактілі емес қызметті қоскқанда) бойынша Декларацияны (220.00-нысан) және Декларацияға қосымшаларды (220.01-220.13-нысандары) толтырады, формулаларды қолдану Декларация және қосымшада көрсетілетін мәндерінің өзгеруіне алып келсе, онда салық төлеушілер Деларацияда (220.00-нысан) және Декларацияға қосымшаларда (220.01-220.13-нысандары) қарастырылған формулаларды қолданбайды.

3. Құн өсімінен табыс (залал) – 220.01-нысанын жасау

23. Бұл нысан Салық кодексінің 87-бабына сәйкес:

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік қажеттілік үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, амортизацияға жатпайтын активтерді өткізу кезіндегі;

амортизацияға жатпайтын активтерді жарғылық капиталға салым ретінде беру кезіндегі;

амортизацияға жатпайтын активтердің қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылғандығының нәтижесінде шығып кетуі кезіндегі құн өсімінен түскен табысты айқындауға арналған.

24. "Борышты бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар мен қатысу үлесін өткізуден табыс (залал)" бөлімінде:

1) 220.01.001 жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздардың және қатысу үлесінің сату құны көрсетіледі. 220.01.001 I-ден 220.01.001 III-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

220.01.001 I жолында егер сату күнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құраса, аталған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акциялар мен қатысу үлестерінің өткізу құны көрсетіледі;

220.01.001 II жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізу кезінде өткізу күніне қор биржасының ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздардың өткізу құны көрсетіледі;

220.01.001 III жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өзге де бағалы қағаздардың өткізу құны көрсетіледі;

2) 220.01.002 жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өткізілетін бағалы қағаздар мен қатысу үлестерінің бастапқы құны көрсетіледі. 220.01.002 I-ден 220.01.002 III-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

220.01.002 I жолында егер сату күнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құраса, аталған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы сатылатын акциялар мен қатысу үлестерінің бастапқы құны көрсетіледі;

220.01.002 II жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда

әдісімен өткізу кезінде өткізу күніне қор биржасының ресми тізімінде тұрған сатылатын бағалы қағаздардың бастапқы құны көрсетіледі;

220.01.002 III жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, сатылатын өзге де бағалы қағаздардың бастапқы құны көрсетіледі;

3) 220.01.003 жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар мен қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі. 220.01.003 I-ден 220.01.003 III-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

220.01.003 I жолында егер сату күнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құраса, аталған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акциялар мен қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі. Егер 220.01.001 I жолы 220.01.002 I жолынан көп болса толтырылады. 220.01.001 I мен 220.01.002 I жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Бұл жол 200.00.085 B VI I жолына көшіріледі;

220.01.003 II жолында өткізу күніне қор биржасының ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен табыс көрсетіледі. Егер 220.01.001 II жолы 220.01.002 II жолынан көп болса толтырылады. 220.01.001 II мен 220.01.002 II жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Бұл жол 200.00.085 B VIII жолына көшіріледі;

220.01.003 III жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өзге де бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен табыс көрсетіледі. Егер 220.01.001 III жолы 220.01.002 III жолынан көп болса толтырылады. 220.01.001 III мен 220.01.002 III жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

4) 220.01.004 жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар мен қатысу үлестерін өткізуден келген залал көрсетіледі. 220.01.004 I-ден 220.01.004 III-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

220.01.004 I жолында егер сату күнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құраса, аталған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акциялар мен қатысу үлестерін

өткізуден келген залал көрсетіледі. Егер 220.01.002 I жолы 220.01.001 I жолынан көп болса толтырылады. 220.01.002 I мен 220.01.001 I жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

220.01.004 II жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өткізу күніне қор биржасының ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізуден келген залал көрсетіледі. Егер 220.01.002 II жолы 220.01.001 II жолынан көп болса толтырылады. 220.01.002 II мен 220.01.001 II жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

220.02.004 III жолында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, өзге де бағалы қағаздарды өткізуден келген залал көрсетіледі. Егер 220.01.002 III жолы 220.01.001 III жолынан көп болса, толтырылады. 220.01.002 III мен 220.01.001 III жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

5) 220.01.005 жолында сату күнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) құнының 50 және одан да көп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құраса, аталған заңды тұлғалар немесе консорциумдардағы қатысу үлестерін қоспағанда қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі.

25. "Борыштық бағалы қағаздар мен жарғылық капиталға салым ретінде қатысу үлесін қоспағанда бағалы қағаздарды беру кезіндегі, сондай-ақ бағалы қағаздардың және қатысу үлестерінің қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесіндегі шығып кету кезіндегі табыс" бөлімінде:

1) 220.01.006 жолында жарғылық капиталға салым ретінде борыштық бағалы қағаздарды және қатысу үлесін қоспағанда бағалы қағаздарды берудегі құн өсімінен табыс көрсетіледі;

2) 220.01.007 жолында қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен нәтижесінде қайта ұйымдастырылған бағалы қағаздар мен қатысу үлесін қоспағанда бағалы қағаздардың шығып кетуі кезіндегі құн өсімінен табыс көрсетіледі;

26. "Борышты бағалы қағаздарды өткізудегі табыс (залал)" бөлімінде:

1) 220.01.008 жолында борыштық бағалы қағаздарды өткізу құны көрсетіледі. 220.01.008 I-ден 220.01.008 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

220.01.008 I жолында өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде тұрған облигацияларды қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізу құны көрсетіледі;

220.01.008 II жолында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың өткізу құны көрсетіледі;

220.01.008 III жолында агенттік облигациялардың өткізу құны көрсетіледі;

220.01.008 IV жолында өзге де борыштық бағалы қағаздардың өткізу құны көрсетіледі;

2) 220.01.009 жолында өткізілетін борыштық бағалы қағаздардың бастапқы құны көрсетіледі. 220.01.009 I-ден 220.01.009 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

220.01.009 I жолында өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде тұрған, қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізілетін облигациялардың бастапқы құны көрсетіледі;

220.01.009 II жолында өткізілетін мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың бастапқы құны көрсетіледі;

В бағанында тауарлық материалдық құндылықтардың нормативтен тыс шығыны, бүлінуі және кемшілігі, басқа да өндірістік емес шығыстар және шығындар көрсетіледі;

55) 220.14.055 жолында:

В бағанында кінәлілері анықталмаған немесе егер кінәлі тарап есебінен қажетті сомаларды өтеу мүмкін болмаған жағдайда ұрлықтан болған залалдар көрсетіледі;

56) 220.14.056 жолында:

В бағанында қызметкерлердің демалыстарын төлеуге резерв сомасы көрсетіледі;

57) 220.14.057 жолында:

В бағанында негізгі құралдарды жөндеуге алдағы шығыстарға резервтер көрсетіледі;

58) 220.13.058 жолында:

В бағанында бухгалтерлік есепте көрсетілген, 220.13.030 В-дан 220.13.058 В-ға дейінгі жолдарда көрсетілмеген басқа да шығыстар сомасы көрсетіледі;

59) 220.14.059 жолында:

А бағанына 200.00.085 жолы көшіріледі;

60) 220.14.060 жолында:

А бағанында 220.14.059 жолын ескерумен 220.14.030 А-дан 220.14.051 А-ға дейінгі жолдардың мәндерінің қосындысымен айқындалатын сома көрсетіледі;

В бағанында 220.14.030 В-дан 220.14.059 В-ға дейінгі жолдарының қосындысы ретінде айқындалатын, сома көрсетіледі;

61) 220.14.061 жолында:

С бағанында 220.14.029 С және 220.14.060 С жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын табыстар мен шығыстар арасындағы айырма көрсетіледі;

62) 220.14.062 жолында:

С бағанында 220.14.001 және 220.14.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, 220.14.061 жолының сомасына түзетілген салық салынатын табыс көрсетіледі. Бұл сомаға 220.00.083 және 220.00.085 жолдарының айырмасы ретінде айқындалған салық салынатын табыс сәйкес келуі тиіс.

17. Табыстардың, валюталардың, халықаралық келісімдер түрлерінің кодтары

66. Декларация толтыру кезінде мынадай кіріс түрлерін кодтауды пайдалану керек.

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс түрлерінің кодтары:

1010 – Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды өткізуден түскен кірістер;

1011 – Қазақстан Республикасында орналасқан тауарларды сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде одан тыс өткізуден түскен кірістер;

1020 – Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен кірістер;

1021 – резидентке егер алынатын қызметтер осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен кіріс;

1022 - егер алынатын қызметтер осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен кіріс;

1030 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен кірістері, сондай-ақ осы бапта белгіленген аталған тұлғаның резиденттен алатын өзге де кірістер;

1031 - Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен кірістері, сондай-ақ осы бапта белгіленген аталған тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен, егер алатын жұмыстары, қызметтері, тауарлары осындай тұрақты базаға (мекемеге) байланысты болса, олардан алатын өзге де кірістері;

1040 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1041 – резидент шығарған бағалы қағаздарды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1042 – Қазақстан Республикасында орналасқан резидент заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1043 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерін немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1044 - егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерінің немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғада қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

1050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

1051 - талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

1060 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

1061 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

1070 - резиденттің міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар)

1071 – резидент еместің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар);

1080 – резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі кірістер;

1081 – Қазақстан Республикасында орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі кірістер;

1090 – мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлік басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлік басқару туындаудың басқа жағдайларында пайда алушы болып табылатын резидент емес үшін Қазақстан Республикасында салық міндеттемесін орындау жүктелмеген резидент сенімгерлік басқарушыдан мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы акті бойынша алынған кірістер;

1100 - резиденттен алынған борышкерлік бағалы қағаздарды қоспағанда сыйақылар түріндегі кіріс;

1101 – егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент еместен алынған борышкерлік бағалы қағаздарды қоспағанда сыйақылар түріндегі кіріс;

1110 – резидент эмитнеттен алынған борышкерлік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі кіріс;

1111 - егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент емес эмитенттен алынған борышкерлік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі кіріс;

1120 - резиденттен алынатын роялти түріндегі кіріс;

1121 – егер роялти төлеу бойынша шығыстар резидент еместің тұрақты мекемесінің қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен алынатын роялти түріндегі кіріс;

1130 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

1140 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кірістер;

1150 – Қазақстан Республикасында туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі кірістер;

1151 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі кірістер;

1160 – халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден кірістер;

1161 – Қазақстан Республикасы ішінде көліктік қызмет көрсетуден кірістер;

1170 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан құбыр жолдарын, электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан алынатын кірістер;

1180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның кірісі;

1181 - жұмыс беруші болып табылатын резидент емеспен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның кірісі;

1190 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1200 – резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

1201 - резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

1210 – еңбек шарты (келісім-шарт) негізінде жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) төлеген резидент емес жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен резидент емес жеке тұлғаның кірістері. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

1211 – қызмет көрсетуге (жұмыстарды орындауға) шарт негізінде өзге тұлға төлеген резидент емес жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен резидент емес жеке тұлғаның кірістері. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

1220 – резидент жинақтаушы зейнетақы қоры жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1230 –кімнен және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы мәдениет және өнер қызметкерлеріне: қызметінен театр, кино, радио, теледидар әртісіне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға төленетін табыстар;

1240 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1241 – егер ұтыс төлемі тұрақты мекеме қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емес төлейтін ұтыстар;

1250 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1260 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу түріндегі табыстар;

1261 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алудан табыстар;

1270 – туынды қаржы құралдары бойынша кірістер;

1280 – міндеттемені есептен шығарудан кірістер;

1290 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1300 – лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

1310 – сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

1320 – кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған кірістер;

1330 – тіркелген активтерді шығарудан түскен кірістер;

1340 – геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен кірістер;

1350 – кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен кірістер;

1360 – бірлескен қызметті жүзеге асырудан кірістер;

1370 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1390 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

1400 – мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен кірістер;

1410 – сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан кірістер;

1420 – Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

Қазақстан Республикасынан тыс көздерден кіріс түрлерінің кодтары:

2010 – Қазақстан Республикасынан тыс, шетел мемлекетте орналасқан тауарларды өткізуден түскен кірістер;

2020 – Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен кірістер;

2021 – резидент емеске егер алынатын қызметтер осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен кіріс;

2030 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның нақты орындалған (көрсетілген, сатылған) орнына қарамастан жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен кірістері, сондай-ақ осы бапта резиденттің резидент еместен алатын өзге де кірістер;

2040 – Қазақстан Республикасынан тыс аумақта орналасқан мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

2041 – резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

2042 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан резидент емес заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

2043 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерін немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

2044 - егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерінің немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғада қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен кіріс;

2050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

2060 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

2061 - талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден кірістер;

2070 - резиденттің міндеттемелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (

шарттар, келісім-шарттар) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар)

2080 – резидент емес заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі кірістер;

2081 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі кірістер;

2090 – мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлік басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлік басқару туындаудың басқа жағдайларында пайда алушы болып табылатын резидент емес үшін Қазақстан Республикасынан тыс салық міндеттемесін орындау жүктелмеген резидент сенімгерлік басқарушыдан мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы акті бойынша алынған кірістер;

2100 - резидент еместен алынған борышкерлік бағалы қағаздарды қоспағанда сыйақылар түріндегі кіріс;

2110 – резидент емес эмитнеттен алынған борышкерлік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі кіріс;

2120 - резидент еместен алынатын роялти түріндегі кіріс;

2130 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

2140 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кірістер;

2150 – Қазақстан Республикасынан тыс туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі кірістер;

2151 - Қазақстан Республикасынан тыс туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі кірістер;

2160 – резидент еместен алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден кірістер;

2161 – резидент еместен алынатын, Қазақстан Республикасынан тыс көліктік қызмет көрсетуден кірістер;

2170 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан құбыр жолдарын, электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан алынатын кірістер;

2180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасынан тыс қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның кірісі;

2181 - жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша Қазақстан Республикасынан тыс қызметтен түсетін резидент жеке тұлғаның кірісі;

2190 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2200 – резидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

2201 - резидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

2210 – еңбек шарты (келісім-шарт) негізінде жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) төлеген резидент жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасынан тыс қызметінен резидент жеке тұлғаның кірістері. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

2211 – қызмет көрсетуге (жұмыстарды орындауға) шарт негізінде өзге тұлға төлеген резидент жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасынан тыс қызметінен резидент жеке тұлғаның кірістері. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуді қоса алғанда, оның демалысына байланысты шығыстар жатады;

2220 – резидент емес жинақтаушы зейнетақы қоры жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2230 – кімнен және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасынан тыс мәдениет және өнер қызметкерлеріне: қызметінен театр, кино, радио, теледидар әртісіне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға төленетін табыстар;

2240 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2250 - Қазақстан Республикасынан тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2260 - Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан мүлікті тегін алу түріндегі табыстар;

2261 - Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан мүлікті тегін алудан табыстар;

2270 – туынды қаржы құралдары бойынша кірістер;

2280 – міндеттемені есептен шығарудан кірістер;

2290 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

2300 – резидент еместен алынатын, лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

2310 – резидент еместен алынатын, сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

2320 – Қазақстан Республикасынан тыс кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған кірістер;

2330 – Қазақстан Республикасынан тыс тіркелген активтерді шығарудан түскен кірістер;

2340 – Қазақстан Республикасынан тыс геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен кірістер;

2350 – Қазақстан Республикасынан тыс кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен кірістер;

2360 – Қазақстан Республикасынан тыс бірлескен қызметті жүзеге асырудан кірістер;

2370 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

2380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

2390 – Қазақстан Республикасынан тыс әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

2400 – Қазақстан Республикасынан тыс мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен кірістер;

2410 – Қазақстан Республикасынан тыс сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан кірістер;

2420 – Қазақстан Республикасынан тыс кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

2) Валюта кодын толтыру кезінде Тауарларды мәлімдеу ережелеріне " Кедендік ресімдеу үшін пайдаланылатын валюта жіктеуіштері" 10-қосымшаға сәйкес валюталардың сандық кодтауды пайдалану қажет.

3) Ел кодын толтыру кезінде Тауарларды және көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің" 6-қосымшасына сәйкес елдерді сандық кодтауды пайдалану қажет.

4) Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт (келісім) түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 – Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 – Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 – Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 – Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 – Өзара түсіністік туралы меморандум;

8 – Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 – Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 – Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 – Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 – Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 – Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;

14 – Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 – Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 – "Нұр-Мүбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 – Әуе қатынасы туралы келісім;

19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау " жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

5) Декларацияны толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

3001 - балаларға және асырауындағы адамдарға алынған алименттер;

3002 – қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша мемлекеттік уәкілетті органның лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдарда олардың салымдары бойынша жеке тұлғаларға төленетін сыйақылар;

3003 – борыштық құнды қағаздар бойынша сыйақылар;

3004 - мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, агенттік облигациялар бойынша сыйақылар және мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар мен агенттік облигацияларды өткізу кезіндегі құн өсімінен түскен табыстар;

3005 - бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақыларды есебіне жазу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болатын осындай дивидендтер мен сыйақылар;

3006 – инвестициялық қорлардың компания басқарушысы оларды сатып алған кезде пайлар бойынша кірістер;

3007 – Салық кодексінің 156-бабы 1-тармағы 7) тармақшасына сәйкес көзделген талаптар орындалған кезде резидент заңды тұлғадан алынған дивидендтер;

3008 - әскери қызмет міндеттерін атқарған кезде әскери қызметшілерге, белгіленген тәртіппен арнайы атақ берілген, оны қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алған ішкі істер органдарының, қаржы полициясының және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің қызметкерлеріне берілетін төлемдердің барлық түрі;

3009 – тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңнамада белгіленген ең төменгі жалақыдан 50% процент шегінде лотерея бойынша ұтыстар;

3010 - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңнамада белгіленген жалақы мөлшерінде бюджет немесе гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қоғамдық жұмыстарды орындауға және кәсіби оқуларға байланысты төлемдер;

3011 - гранттар қаражаты есебінен төленетін төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқа);

3012 - экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төленетін төлемдер;

3013 - Ұлы Отан соғысына қатысушылардың және оларға теңестірілетін адамдардың, I және II топтағы мүгедектердің, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерен еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдардың, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырға дейін кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерен

еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдардың сондай-ақ бала кезінен мүгедек адамның ата-аналарының біреуінің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің бір жылдағы 45 еселенген мөлшері шегіндегі табыстары;

3014 - III топтағы мүгедектердің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің бір жылдағы 27 еселенген мөлшері шегіндегі табыстары;

3015 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акцияларды және қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстар.

3016 - өткізу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

3017 - бюджет қаражаты есебінен төленетін біржолғы төлемдер (еңбегіне ақы төлеу түріндегі төлемдерден басқа);

3018 - күнтізбелік жыл ішінде әрбір төлем түрі бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының 8 еселенген мөлшері шегінде медициналық қызмет көрсетулерге (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақы төлеу үшін, бала туылған кездегі, жерлеуге арналған төлемдер.

3019 - Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын дипломатиялық немесе консулдық қызметкерлердің ресми табыстары;

3020 - шет мемлекеттің мемлекеттік қызметіндегі, сол елдегі табысы салық салуға жататын шетелдіктердің ресми табыстары;

3021 - Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктерінде қызмет істейтін жеке тұлғалардың бюджет қаражаты есебінен шетелдік валютамен төленетін ресми табыстары;

3022 - Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері;

3023 – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде бюджет қаражаты есебінен төленетін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйлықақылар (мемлекеттің сыйлықақысы);

3024 - Салық кодексінің 155-бабы 3-тармағының 4)-6) тармақшаларында көзделген қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақыларды қоспағанда, жұмыс

берушінің қызметкерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің өндірістік қызметіне байланысты мамандық бойынша оқытуға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға бағытталған шығыстары.

3025 - Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жүргізілген, оқытуға бағытталған шығыстар;

3026 - Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

3027 – білім беру ұйымдарында оқитындарға Қазақстан Республикасының заңнамасында мемлекеттік стипендиялар үшін белгіленген мөлшерде төленетін стипендиялар;

3038 - жеке тұлға басқа жеке тұлғадан сыйға немесе мұраға алған мүліктің құны.

3029 - қайырымдылық және демеушілік көмек түрінде алынған мүліктің құны ;

3030 - он алты жасқа толмаған балалар үшін балалар лагерьлеріне жолдамалардың құны;

3031 - осы Кодекстің 175-бабында көзделген табыстарды қоспағанда, шарттың қолданылу кезеңінде туындаған сақтандыру оқиғасымен байланысты, сақтандырудың кез келген түрі кезінде төленетін сақтандыру төлемдері;

3032 - жұмыс беруші өз қызметкерлерін міндетті және (немесе) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша төлейтін сақтандыру сыйлықақылары;

3033 - сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдері;

3034 - жинақтаушы зейнетақы қорларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшердегі ерікті кәсіби зейнетақы жарналары;

3035 - қызметкер өз жұмыс берушісінен алған қарыз (кредиттік) қаражатты пайдаланғаны үшін сыйақыны үнемдеуден түсетін материалдық пайда;

3036 - сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын резидент жеке тұлғадан алынған, сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табысы;

3037 - банк пен клиент арасында жасалған шартта белгіленген процентсіз кезең ішінде төлем карточкасын ұстаушыға банктік қарыз берілген кезде алынған , сыйақыны үнемдеуден түсетін материалдық пайда;

3038 - эмитент банк төлем карточкасын пайдалана отырып, өзі қолма-қол жасалмайтын ақша төлемдерін жүзеге асырған кезде эмитент банктің қаражаты есебінен төлем карточкасын ұстаушының есебіне аударатын сома;

3039 – Салық кодексінің 224-бабы 1-тармағында көрсетілген резидент емес заңды тұлғадан алынған, пайдадан немесе оның бір бөлігінен бөлінген, Салық

кодексінің 224-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығы салынған дивидендтер жеке тұлғаның салық салынатын табыстарынан алып тасталады.

3040 – ислам банкінде орналасқан инвестициялық депозит бойынша табыс.

РҚАО-ның ескертуі: 220.00-220.14 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Жеке табыс салығы және мүлік
бойынша декларацияға
(230.00-нысан) қосымша

Жеке табыс салығы және мүлік бойынша салық есептілігін (декларациясын) жасау ережесі (230.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жеке табыс салығын есептеуге арналған осы Ережелерге қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы және мүлік бойынша салық есептілігі нысанын (декларацияны) (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 185-бабы 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламент депутаттары, соттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сайлау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамалық актілеріне және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес декларация беру бойынша міндет жүктелген жеке тұлғалар жасалады.

2. Декларация Декларацияның өзінен (230.00-нысан) және салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (230.01 – 230.03 нысандар) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті тор көздер толтырылмайды.

5. Декларациядағы тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде Декларацияға қосымша, міндетті толтыруға жатады.

6. Көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда Декларацияға қосымша жасалмайды.

7. Осы Ережеде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; " -" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

8. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

9. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз түрінде – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды түрде – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

10. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші қол қойылады және куәландырылады.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) декларация қағаз түрінде келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады ;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен салық есептілігін қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарлама алады.

12. Қ осымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөліміндегі көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (230.00-нысаны)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) ЖСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс .

3) салық кезеңі (ай, жыл) - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі) . Декларацияны беру үшін салық кезеңі салық жылы болып табылады. Егер салық кезеңінің ұзақтығы мынаны құраса:

күнтізбелік жылдан азы - онда "Ай" торкөзінде Декларация берілетін айлар саны көрсетіледі, ал "Жыл" торкөзінде ағымдағы салық жылы көрсетіледі;

толық күнтізбелік жыл, "Ай" торкөзі толтырылмайды, ал Декларацияның " Жыл" торкөзінде ағымдағы салық жылы көрсетіледі. Салық кезеңі араб цифрларымен көрсетіледі .

4) салық төлеушінің аты-жөні.

Жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі ;

5) Декларация түрі. Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген Декларацияға жатқызуды ескере отырып енгізілген салық есептілігінің түріне тиісті торкөз белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні

Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасындағы көзделген Декларацияны табыс еткен жағдайда, торкөздер белгіленеді.

7) салық төлеуші санаты.

Торкөз егер төлеуші A, B, C, D, E, F, G: жолында көрсетілген санатқа жататын болса, белгіленеді;

A - мемлекеттік лауазымға үміткер болып табылатын тұлға.

Осы торкөзді мынадай тұлғалар белгілейді:

Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткер болып табылатын тұлға ;

Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаттығына үміткер болып табылатын тұлға;

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттығына үміткер болып табылатын тұлға;

маслихаттың депутаттығына үміткер болып табылатын тұлға;

жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне үміткер болып табылатын тұлға;

мемлекеттік қызметке не мемлекеттік немесе оған теңестірілген қызметтерді орындауға байланысты қызметке үміткер болып табылатын тұлға;

B - мемлекеттік қызметте жұмыс істейтін адамдар;

C - мемлекеттік қызметке не мемлекеттік немесе оған теңестірілген қызметтерді орындауға байланысты қызметке үміткер болып табылатын тұлға және оның жұбайы (зайыбы);

D - жағымсыз себептер бойынша мемлекеттік қызметтен босатылған адамдар және олардың жұбайлары белгілейді;

E - Қазақстан Республикасының Парламент депутаттары және оның жұбайлары сондай-ақ соттар және оның жұбайлары (зайыбы);

F - Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасына сәйкес декларация беру бойынша міндет жүктелген басқа да тұлғалар белгілейді;

G – Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес декларация өткізу бойынша міндеттеме артылған жеке тұлғалардың басқада санаттары;

8) жұмыс орны.

Салық төлеуші жұмыс істейтін ұйымның атауы көрсетіледі. 7 А торкөзін белгілеген тұлғалар Декларация табыс еткен жағдайда салық төлеуші жұмысқа орналасатын ұйымның атауы көрсетіледі;

9) берілген қосымшалар.

Берілген қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді.

14. "Кіріс түрлері" бөлімінде:

1) 230.00.001 жолы төлем көзінен салық салынатын табыстардың жалпы сомаларын көрсетуге арналған. 230.00.001 жолына 230.01.001 В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 230.00.002 жолы 230.00.002 II, 230.00 002 III және 230.00.002 IV жолдарындағы айқындайтын төлем көзінен салық салынбайтын табыстардың жалпы сомаларын көрсетуге арналған;

3) 230.00.002 I жолы мүліктік табыстың жалпы сомаларын көрсетуге арналған . 230.00.002 I жолына 230.02.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 230.00.002 II жолы өзге де табыстардың жалпы сомаларын көрсетуге арналған. 230.00.002 II жолына 230.02.010 В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 230.00.002 III жолында кәсіпкерлік қызметтің 240.00.001 және 240.00.016 (240.00-нысаны) жолдарының сомасы ретінде айқындалған сома немесе 220.00.079 жолында (220.00-нысаны), немесе арнаулы салық режимдері үшін белгіленген салық есептілігінде айқындалған сома көрсетіледі;

6) 230.00.002 IV жолы 240.00.012 жолда анықталған, жеке нотариустар және адвокаттардың табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. (Нысан 240.00);

7) 230.00.003 жолы төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталған салықтың сомаларын көрсетуге арналған. 230.00.003 жолына 230.01.001 D жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 230.00.004 жолы Салық кодексінің 178-бабына сәйкес айқындалатын, төлем көзінен салық салынбайтын кірістер бойынша есептелген сомаларын көрсетуге арналған;

9) 230.00.005 жолы салық кезеңіне төленген төлем көзінен салық салынбайтын кірістер бойынша салық сомаларын көрсетуге арналған;

10) 210.00.006 жолында 210.00.004 және 210.00.005 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, төлеуге жататын салық сомасы көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі;

2) декларацияны беру күні.

Декларацияны салық органына берген күн көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің тұрғылықты бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

5) Декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына және Енгізу туралы заңның 3-бабына сәйкес Декларацияны табыс ету күні көрсетіледі;

6) кіріс құжатының нөмірі.

Декларацияны тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. "Төлем көзінен салық салынатын кірістер" қосымшасын жасау (230.01-нысаны)

16. Осы қосымша Салық кодексінің 160-176-баптарына сәйкес төлем көзіне салық салынатын кірістерді мәлімдеуге арналған.

17. "Төлем көзінен салық салынатын кірістер" бөлімінде:

1) 230.01.001 B жолы 230.01.002 B - 230.01.006 B жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын төлем көзіне салық салынатын есептелген кірістердің жалпы сомасын көрсетуге арналған.

2) 230.01.001 C жолында 230.01.002 C - 230.01.006 C жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын төлем көзіне салық салынатын кірістерден ұсталған (есептелген) міндетті зейнетақы жарналарының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 230.01.001 D жолында 230.01.002 D - 230.01.006 D жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын төлем көзінен ұсталған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

4) 230.01.002 A - 230.01.006 A жолдарында төлемнің әр көзі бойынша Салық кодексінің 160-бабына сәйкес төлем көзіне салық салынатын алынған кірістердің түрлері көрсетіледі;

5) 230.01.002 B - 230.01.006 B, 230.01.002 C - 230.01.006 C, 230.01.002 D - 230.01.006 D жолдарында салық агенттері берген құжаттар негізінде есептелген кірістер, ұсталған (есептелген) міндетті зейнетақы жарналары мен жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

230.01.001 D жолы 230.00.003 жолына, 230.01.001 B жолының шамасы 230.00.001 жолына көшіріледі.

4. "Мүліктік және басқа да кірістер" қосымшасын жасау (230.02-нысаны)

18. Осы қосымша Салық кодексінің 170-184-баптарына сәйкес айқындалған алынған мүлік және өзге де кірістерді көрсетуге арналған.

19. "Мүліктік кіріс" бөлімінде:

230.02.001 жолында 230.02.002 D және 230.02.007 C жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын мүлік кірісінің жалпы сомасы көрсетіледі.

20. "Мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен кірістер" бөлімінде:

1) 230.02.002 D жолы 230.02.003 D және 230.02.006 D жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын мүлікті сату кезіндегі құн өсімінің түрінде алынған кіріс сомасын көрсетуге арналған;

2) 230.02.003 A - 230.02.006 A жолдары құн өсімі алынған сату кезіндегі мүлік атауын көрсетуге арналған;

3) 230.02.003 B - 230.02.006 B жолдарында сатылатын мүліктің сатып алу құны көрсетіледі. Сатып алу құны болмаған кезде Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындалған оны сатып алу сәтіне сатылған мүліктің бағалау құны көрсетіледі;

4) 230.02.003 C - 230.02.006 C жолдарында мүлікті сату құны көрсетіледі;

5) 230.02.003 D - 230.02.006 D жолдарында Салық кодексінің 180-бабының 3, 4, 5, 6-тармақтарына сәйкес, мүлікті сату кезінде алынған құн өсімінен кіріс көрсетіледі.

21. "Мүлікті жалға беруден түскен кіріс" бөлімінде:

1) 230.02.007 C жолына 230.02.008 C және 230.02.009 C жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын мүлікті жалға беруден алынған кіріс сомасын көрсетуге арналған;

2) 230.02.008 A және 230.02.009 A жолдарында оның орналасқан жерін көрсете отырып, жалға берілген мүлік атауын көрсетуге арналған;

3) 230.02.008 B және 230.02.009 B жолдары мүлікті жалға беру кезеңін көрсетуге арналған;

4) 230.02.008 C және 230.02.009 C жолдары мүлікті жалға беруден алынған кірісті көрсетуге арналған;

22. "Өзге де кірістер" бөлімінде:

1) 230.02.010 жолында 230.02.011 - 230.02.013 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын Салық кодексінің 184-бабына сәйкес алынған өзге де кірістердің сомасын көрсетуге арналған;

2) 230.02.011 жолында Қазақстан Республикасынан тыс алынған өзге де кірістердің түрлері көрсетіледі;

3) 230.02.012 жолы Қазақстан Республикасында аккредиттелген, Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктерде

орындалған жұмыстардан, көрсетілген қызметтерден түскен кірістердің сомасын көрсетуге арналған;

4) 230.02.013 жолы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен келісілген, еңбек келісім-шарты бойынша үйінде жұмыс жасайтын жұмыскерлерден алынған кірістердің сомасын көрсетуге арналған;

230.02.010 жолы 230.00.002 II жолына, 230.02.001 жолының шамасы 230.00.002 I жолына көшіріледі.

5. "Меншік құқығындағы мүлік" қосымшасын жасау (230.03-нысаны)

23. Осы қосымша меншік құқығындағы мүлікті мәлімдеуге арналған.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 2010.02.26 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

24. Егер осы бөліммен өзгеше көзделмесе, бастапқы Декларацияны тапсыратын тұлға Декларацияны тапсырған кезде Декларацияны табыс ету айының бірінші күніндегі жағдай бойынша 230.03.001 бастап 230.03.010 дейінгі жолдар толтырылады.

Кезекті Декларацияны тапсыратын тұлға Декларацияны тапсырған кезде есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 230.03.002, 230.03.006, 230.03.007 жолдар толтырылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 2010.02.26 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

25. "Меншік құқығындағы жылжымалы мүлік" бөлімінде:

1) 230.03.001 А жолы Декларацияны беру күнінде бар, қолма-қол ақшаның валюта кодын көрсетуге арналған;

Валюта кодын толтыру кезінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне (бұдан әрі – Тауарларды декларациялау ережесі) 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшасын пайдалану қажет;

2) 230.03.001 В жолы Декларацияны тапсыру кезінде қолда бар ақша сомасын көрсетуге арналған;

3) 230.03.002 А жолы жинақтаушы зейнетақы қорының атауын көрсетуге арналған;

4) 230.03.002 В жолы жинақтаушы зейнетақы қоры берген, көшірме негізіндегі зейнетақы жинақтау сомасын көрсетуге арналған;

5) 230.03.003 А жолы Декларацияны толтыратын тұлғалардың салымдары бар банк мекемелерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс банк мекемелерінің атауын көрсетуге арналған;

6) 230.03.003 В жолы банк мекемелеріндегі салымдардың валюта кодын көрсетуге арналған;

Валюта кодын толтыру кезінде Тауарларды декларациялау ережесіндегі " Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасыны пайдалану қажет ;

7) 210.03.002 С жолы салымдар сомасын көрсетуге арналған;

8) 210.03.003 А жолында бағалы қағаздардың, оның ішінде меншік құқығындағы бағалы қағаздың Қазақстан Республикасынан тысқары түрлерін көрсетуге арналған;

9) 210.03.003 В жолында бағалы қағаздардың санын көрсетуге арналған;

10) 230.03.004 С жолы бағалы қағаздардың құнын көрсетуге арналған;

11) 230.03.005 А жолында 230.03.001 - 230.03.004 жолдарындағы көрсетілмеген Декларацияны толтыратын тұлғалардың өзге де қаржы қаражаттарын көрсетуге арналған;

12) 230.03.005 В жолы қаржы қаражаттарының сомасын көрсетуге арналған;

13) 230.03.006 жолы меншік құқығындағы көлік құралының заңдастырылған құжаттарына сәйкес маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсетуге арналған. Осы жолда әуе және теңіз кемелері, ішкі сауда жүзу кемесі, "өзен-теңіз" жүзу кемесі көрсетілмейді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес, салық есептілігін беру бойынша ауыртпалығы бар тұлғаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңының 9-бабы 1-тармағына сәйкес, 7 А, 7 С, 7 G, 7 F торкөздерін көрсеткен тұлғалар үшін бағалау құнын көрсету міндетті болып табылады.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 2010.02.26 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

26. "Меншік құқығындағы жылжымайтын мүлік" бөлімінде:

230.03.007 жолы жылжымайтын мүліктің орналасқан орны көрсетіле отырып, құқықтары мен (немесе) мәмілелері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікті көрсетуге арналған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес, салық есептілігін беру бойынша ауыртпалығы бар тұлғаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңының 9-бабы 1-тармағына сәйкес, 7 А, 7 С, 7 G, 7 F торкөздерін көрсеткен тұлғалар үшін бағалау құнын көрсету міндетті болып табылады.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 2010.02.26 N 89 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

27. "Жарғылық капиталда қатысу үлесі" бөлімінде Декларацияны толтыратын тұлғалар тиісті торкөзді заңды тұлғалардың акционері немесе құрылтайшысы (қатысушы) ретінде өзі тура немесе тікелей қатысу туралы көрсетеді:

1) 230.03.008 D жолы барлық заңды тұлғалардың ақшалай балама бойынша жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің мөлшерін көрсетуге арналған;

2) А бағанында Декларация толтырушы тұлға қатысу үлесі бар жарғылық капиталдағы заңды тұлғаның атауын көрсетеді;

3) В бағанында А бағанында көрсетілген салық төлеушілердің - заңды тұлғаның тіркеу нөмірлері көрсетіледі;

4) С бағанында А бағанында көрсетілген заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

Жол салық төлеушіде "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы " Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес бизнес сәйкестендіру нөмірі болған жағдайда толтырылуы тиіс;

5) D бағанында А бағанында көрсетілген заңды тұлғаның қатысу үлесінің мөлшері ақшалай баламада көрсетіледі.

28. "Сенімгерлік басқаруға берілген мүліктің жалпы трасты" бөлімінде:

1) 230.03.009 В жолы сенімгерлік басқаруға берілген мүліктің жалпы құнын көрсетуге арналған;

2) А бағанында сенімгерлік басқаруға берілген мүлік суреттеледі, сондай-ақ егер Декларация толтырушы тұлғалар немесе оның жұбайы (жары) осы трастардың бенефициары болып табылса тиісті банк шоттарындағы нөмірлерін көрсете отырып, олар тіркелген трастар туралы және мемлекеттер туралы мәлімет көрсетіледі;

3) В бағанында А бағанында көрсетілген мүлік құны көрсетіледі;

29. "1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі қаражаттарды ұйымдарда ұстап тұру немесе уақытша сақтау" бөлімінде:

2320 – Қазақстан Республикасынан тыс кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған кірістер;

2330 – Қазақстан Республикасынан тыс тіркелген активтерді шығарудан түскен кірістер;

2340 – Қазақстан Республикасынан тыс геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен кірістер;

2350 – Қазақстан Республикасынан тыс кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен кірістер;

2360 – Қазақстан Республикасынан тыс бірлескен қызметті жүзеге асырудан кірістер;

2370 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

2380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

2390 – Қазақстан Республикасынан тыс әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

2400 – Қазақстан Республикасынан тыс мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен кірістер;

2410 – Қазақстан Республикасынан тыс сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару

туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан кірістер;

2420 – Қазақстан Республикасынан тыс кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

44. Валюта кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасы Кедендік Бақылау Агенттігі Төрағасының 20.05.2003 жылғы № 219 бұйрығымен бекітілген тауарларды және көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Кедендік ресімдеу үшін пайдаланылатын валюта жіктеуіштері" 10-қосымшаға сәйкес валюталардың сандық кодтауды пайдалану қажет.

45. Ел кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасы Кедендік Бақылау Агенттігі Төрағасының 20.05.2003 жылғы № 219 бұйрығымен бекітілген тауарларды және көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің" 6-қосымшасына сәйкес елдерді сандық кодтауды пайдалану қажет.

46. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт (келісім) түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 – Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 – Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 – Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 – Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 – Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 – Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 – Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 – Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 – Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 – Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 – Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;

14 – Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 – Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 – "Нұр-Мүбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 – Әуе қатынасы туралы келісім;

19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау " жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

РҚАО-ның ескертуі: 240.00-240.05 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қосылған құн салығы бойынша декларацияға (300.00-нысан) қосымша

Ескерту. Қосылған құн салығы бойынша декларацияға қосымшалар жаңа редакцияда берілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.30 № 311 Бұйрығымен.

Қосылған құн салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау ережесі (300.00-нысаны)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 8-бөліміне және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Енгізу туралы заң) 2, 12, 24, 25, 28, 34, 35, 44, 47, 48, 49, 49 -1-баптарына сәйкес қосылған құн салығы сомасын есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес қосылған құн салығы бойынша салық есептілігінің нысанын (декларация) (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (300.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (300.01 - 300.10 нысандар) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар Декларациядағы тиісті көрсеткіштерді ашып көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. 300.07 және 300.08 нысандардан басқа Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электрондық тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде - салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны (300.00 нысаны) жасау

14. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші міндетті түрде мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2012 жылдың 1 қаңтарына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлік басқарушы салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) қосылған құн салығын төлеушінің аты-жөні немесе атауы. Жол міндетті толтырылуға жатады;

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы, жеке кәсіпкердің жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігіне сәйкес атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

4) салық кезеңін (тоқсан, жыл) - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Салық кодексінің 269-бабына сәйкес Декларацияны тапсыру үшін есепті кезең күнтізбелік тоқсан болып табылады. Жол міндетті толтырылуға жатады;

5) Декларацияның түрін.

Салық кодексінің 63-бабына сәйкес салық есептілігінің түріне байланысты торкөздердің біреуі міндетті түрде толтыруға жатады.

Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен алынып тасталған жағдайда " тарату" түріндегі Декларацияны табыс ету міндетті болып табылады;

6) хабарламаның нөмірі мен күнін.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген Декларацияның түрі табыс етілген жағдайда толтырылады;

7) салық төлеушінің санатын. Салық төлеушінің жататын санатына байланысты A, B, C немесе D торкөздердің біреуі міндетті толтырылуға жатады.

7 A торкөзі салық төлеуші қызметін Салық кодексінің 451-бабымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимі бойынша жүзеге асырған жағдайда белгіленеді.

7 B торкөзі салық төлеуші қосылған құн салығы Салық кодексінің 267-бабымен белгіленген тәртіппен төленетін ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу бойынша қызметін жүзеге асырған жағдайда белгіленеді.

7 С торкөзі жер қойнауын пайдаланушы қызметін өнімді бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметімен немесе уәкілетті органмен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы жасасқан келісім (келісімшарт) бойынша және Салық кодексінің 308-бабы 2-тармағына сәйкес салық режимінің тұрақтылығы ескерілген, Қазақстан Республикасының Президентімен бекітілген жер қойнауын падалануға арналған келісімшарты бойынша жүзеге асырған жағдайда белгіленеді. Келісіммен (келісімшартпен) ескерілген қызмет бойынша " С I" торкөзі белгіленеді; келісіммен (келісімшартпен) ескерілмеген қызмет бойынша "С II" торкөзі белгіленеді.

7 D торкөзі 7 А, 7 В және 7 С торкөздерінде белгіленген салық төлеушілерге жатпайтын салық төлеушілермен белгіленеді;

8) егер 7 бөлімінде "С I" белгіленсе, онда келісім (келісімшарт) жасасқан нөмірі мен күнін көрсетіңіз (келісім нөмірі, жасасқан күні).

Жол 7 жолында "СІ" белгіленген жағдайда міндетті толтырылуға жатады. Салық кодексінің 308-бабы 2-тармағына сәйкес салық режимінің тұрақтылығы ескерілген әр келісім (келісімшарт) бойынша бөлек Декларация жасалады;

9) валюта кодын. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

10) қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісі. Тиісті торкөздердің бірі міндетті толтырылуға жатады.

Тиісті торкөз Салық кодексінің 260-бабында сәйкес қосылған құн салығын есепке жатқызудың таңдалған әдісіне қарай толтырылады. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығын анықтаудың таңдалған әдісі күнтізбелік жылдың ішінде өзгертуге жатпайды.

"Барабар" торкөзі, егер салық төлеуші қосылған құн салығын есептеуге жатқызудың барабарлық әдісін таңдаған жағдайда белгіленеді.

"Бөлек" торкөзі, егер салық төлеуші қосылған құн салығын есептеуге жатқызудың бөлек әдісін таңдаған жағдайда белгіленеді.

"Барабар және бөлек" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 260-бабы 4 және 5-тармақтарына, 262-бабы 2, 3 және 5-тармақтарына сәйкес бір мезгілде қосылған құн салығын есептеуге жатқызудың барабарлық және бөлек әдістерін қолданған жағдайда белгіленеді;

11) ҚҚС куәліктің сериясы мен нөмірі. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің сериясы мен нөмірі көрсетіледі. Жол міндетті толтырылуға жатады;

12) табыс етілген қосымшалар. "07", "08" торкөздері және табыс етілетін қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленуге міндетті болып табылады.

15. "ҚҚС есептеу" бөлімінде:

1) 300.00.001 А жолында қосылған құн салығы салынатын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі, соның ішінде: тауарларды өтеусіз беру бойынша; айырбас шарттары бойынша; жұмыс берушінің тауарды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді қызметкерге жалақы есебінен беру бойынша; бөліп-бөліп төлеу шартында; Салық кодексінің 233-бабымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, тапсырма шарты бойынша; бірлескен қызмет туралы шарт шегіндегі және басқа да айналымдар;

2) 300.00.001 А жолы 300.00.001 I А, 300.00.001 II А, 300.00.001 III А, 300.00.001 IV А, 300.00.001 V А, 300.00.001 VI А, 300.00.001 VII А, 300.00.001 VIII А, 300.00.001 IX А және 300.00.001 X А жолдарын қамтиды;

3) 300.00.001 I А жолында қосылған құн салығынан босатылмаған лизинг шарттары, қайтарымды лизинг шарттары бойынша айналымдар сомалары көрсетіледі. Осы жолда көрсетілетін салық салынатын айналым мөлшері Салық кодексінің 238-бабы 10 және 11-тармақтарына сәйкес анықталады. Сонымен қатар Салық кодексінің 251-бабының шарттарына сәйкес келмеген жағдайда аталған жолда лизинг берушінің сыйақы сомасы көрсетіледі;

4) 300.00.001 II А жолында комиссия шарттары бойынша айналымдар сомалары көрсетіледі: комитентпен комиссия шарттары бойынша жүзеге асырылатын тауарларды жөнелту бойынша айналымдар сомасы көрсетіледі, комиссионермен оның комиссиялық сыйқасы негізінде анықталған өткізу бойынша айналымдар сомасы көрсетіледі;

5) 300.00.001 III А жолында салық төлеушінің қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен алынған кезінде Салық кодексінің 256-бабына сәйкес қосылған құн салығы есепке жатқызылған тауарлар қалдықтары бойынша (негізгі құралдарды, материалдық емес және биологиялық активтерді, жылжымайтын мүлікке инвестицияларды қоса алғанда) туындайтын айналымдар сомалары көрсетіледі;

6) 300.00.001 IV А жолында кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сату бойынша айналымдар сомалары көрсетіледі;

7) 300.00.001 V А жолында көлік экспедициясының шарты бойынша айналымдар сомалары көрсетіледі. Экспедитордың салық салынатын айналым мөлшері Салық кодексінің 238-бабы 12-тармағына сәйкес анықталады;

8) 300.00.001 VI А жолында халыққа тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді қолма-қол есеп айырысумен өткізілген айналымдар сомалары көрсетіледі;

9) 300.00.001 VII A жолында өткізу бойынша айналымдар, соның ішінде Салық кодексінің 234-бабына сәйкес сенімгерлікпен басқару шарты бойынша жүзеге асырылатын сенімгерлікпен басқарушының сыйақы сомасы көрсетіледі;

10) 300.00.001 VIII A жолында кепіл берушінің кепілге берілген мүлікті (тауарды) борыштың төленбеуі жағдайында беру кезінде туындайтын өткізу бойынша айналымдар сомалары көрсетіледі;

11) 300.00.001 IX A жолында бұрын экспорт режимінде шығарылған тауарды кері импорт режимінде қайтару кезінде туындайтын өткізу бойынша айналымдар сомалары көрсетіледі;

12) 300.00.001 X A жолында 300.00.001 I A бастап 300.00.001 X дейінгі жолдарда аталмаған басқа айналымдар көрсетіледі;

13) 300.00.001 I B, 300.00.001 II B, 300.00.001 III B, 300.00.001 IV B, 300.00.001 V B, 300.00.001 VI B, 300.00.001 VII B, 300.00.001 VIII B, 300.00.001 IX B, 300.00.001 X B жолдарында тиісті 300.00.001 I A, 300.00.001 II A, 300.00.001 III A, 300.00.001 IV A, 300.00.001 V A, 300.00.001 VI A, 300.00.001 VII A, 300.00.001 VIII A, 300.00.001 IX A, 300.00.001 X A жолдары мен Салық кодексінің 268-бабы 1-тармағымен белгіленген салық ставкасының туындысы ретінде айқындалатын қосылған құн салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

Жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасасқан өнімді бөлу туралы келісім бойынша немесе уәкілетті органмен жасасқан келісім (келісімшарт) бойынша және Салық кодексінің 308-бабы 2-тармағына сәйкес салық режимінің тұрақтылығын ескеретін Қазақстан Республикасының Президентімен бекітілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар тиісті жолдарға келісімге (келісішартқа) сәйкес салық ставкасын қолданады;

14) 300.00.002 I, 300.00.002 II және 300.00.002 III жолдары Қолданысқа енгізу туралы Заңның 49-бабының 27-50 абзацтарына сәйкес қосылған құн салығы импортталатын тауарларға төлеу мерзімінің өзгеруімен төлейтін салық төлеушілерімен ғана толтыруға жатады. Аталған жолдарда көрсетілген деректер үш айлық кезең ағымында өзара есепке жатқызу арқылы өтелген қосылған құн салығының сомасын анықтау кезінде есепке алынады;

15) 300.00.002 I A, 300.00.002 II A, 300.00.002 III A жолдарында 300.00.002 A жолдарында көрсетілген қосылған құн салығы салынатын айналымдардың жиынтық сомасы тоқсанның айларына бөлініп көрсетіледі: тоқсанның 1 айы, тоқсанның 2 айы, тоқсанның 3 айы;

16) 300.00.002 I B, 300.00.002 II B, 300.00.002 III B жолдарында тиісті 300.00.002 I A, 300.00.002 II A, 300.00.002 III A жолдарында көрсетілген

айналымдар бойынша тоқсанның айларына бөлініп, қосылған құн салығының есептелген жалпы сомасы көрсетіледі;

17) 300.00.003 А жолында салық кезеңінде қосылған құн салығының нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым көрсетіледі. Аталған жолға 300.01.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

18) 300.00.004 А жолында салық салынатын айналымның мөлшерін түзету көрсетіледі. Аталған жолға 300.06.009 А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

19) 300.00.004 В жолында қосылған құн салығының сомасын түзету көрсетіледі. Аталған жолға 300.06.009 В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

20) 300.00.005 А жолында Салық кодексінің 236 және 276-5-баптарына сәйкес өткізілетін орны Қазақстан Республикасы болып табылмайтын, салық төлеушімен жүзеге асырылған тауарларды, жұмыстарды мен қызметтерді өткізу бойынша айналымдар көрсетіледі;

21) 300.00.006 А жолында қосылған құн салығынан босатылған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өткізу бойынша айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі. Аталған жолға 300.02.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі. Егер есептік салық кезеңінде босатылған айналым мөлшерінің түзетілуі жасалса, онда осы жолда 300.06.010 А жолында көрсетілген түзету есепке алынған сомасы көрсетіледі (300.02.003+(-) 300.00.010 А);

22) 300.00.007 жолында салық салынатын және босатылатын айналымдардың мөлшерін түзету сомасын қамтитын салық кезеңінің ішінде жүзеге асырылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналымның жалпы сомасы көрсетіледі. Аталған жол 300.00.001 А, 300.00.003, 300.00.004 А, 300.00.005, 300.00.006 (300.00.001 А + 300.00.003 + (-)300.00.004 А + 300.00.005 + (-) 300.00.006) жолдарының сомасы ретінде анықталады;

23) 300.00.008 жолында 300.00.001 А, 300.00.003, 300.00.004 А жолдары сомасының 300.00.007 жолына қатынасы ретінде пайызда ((300.00.001 А + 300.00.003 + (-) 300.00.004 А) / (300.00.007)х 100 %) анықталатын салық салынатын айналымның өткізу бойынша жалпы айналымдағы үлесі көрсетіледі;

24) жолында 300.00.003 жолының 300.00.001 А, 300.00.003, 300.00.004 А жолдарының сомаларына қатынасы ретінде пайызда (300.00.003 / (300.00.001 А + 300.00.003 + (-) 300.00.004 А) х 100%) анықталатын нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымның жалпы салық салынатын айналымдағы үлесі көрсетіледі;

25) 300.00.010 жолында салық төлеушінің Салық кодексінің 260-бабы 4 және 5-тармақтарына, 262-бабы 2, 3 және 5-тармақтарына сәйкес бір мезгілде қосылған құн салығын есептеуге жатқызудың барабарлық және бөлек әдістерін қолданған жағдайда салық салынатын айналымның өткізу бойынша жалпы айналымдағы үлесі көрсетіледі. Бұл ретте сатып алу кезінде есепке жатқызудың

бөлек әдісі қолданған тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналым жалпы айналым сомасындағы салық салынатын айналым үлесін анықтау барысында есепке алынбайды;

26) 300.00.011 жолында салық кезеңінің ішінде импортталатын тауарлар бойынша есептелген және жер қойнауын пайдалану келісімшартының шарттарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

27) 300.00.012 жолында 300.00.011 жолында көрсетілген қосылған құн салығының сомасын қоспағанда, салық кезеңінің ішінде импортталатын тауарлар бойынша есептелген және Енгізу туралы Заңының 49-бабы 66-абзацына және 49-1-бабына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Қолданысқа енгізу туралы Заңның 49-1-бабына сәйкес қосылған құн салығының сомасы есепке жатқызу әдісімен төленген, кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тиісті салық кезеңінде импортталған тауарлар бойынша 300.00.012 жолында импортталған тауарлар бойынша тиісті салық кезеңдерінде ұсынылған жанама салықтар бойынша декларацияның 320.00.006 В жолындағы сомадан ескеріледі;

28) 300.00.013 жолында 300.00.001 В, 300.00.004 В, 300.00.011, 300.00.012 (300.00.001 В + (-) 300.00.004 В + 300.00.011 + 300.00.012) жолдарының сомасы ретінде анықталатын есепті салық кезеңі үшін есептелген қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

16. "Есепке жатқызуға жатқызылатын ҚҚС сомасы" бөлімінде:

1) 300.00.014 А жолында Қазақстан Республикасында сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығы салынатын айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі. Аталған жол сомасы 300.00.014 I А және 300.00.014 II А жолдарының сомасын қамтиды;

2) 300.00.014 I А жолында шот-фактура негізінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша айналымдар сомасы көрсетіледі;

3) 300.00.014 II А жолында Салық кодексінің 256-бабымен белгіленген (шот-фактурадан басқа) басқа құжаттар бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша айналымдар сомасы көрсетіледі;

4) 300.00.014 В жолында Қазақстан Республикасында сатып алынған тауарлар , жұмыстар, қызметтер бойынша есептелген қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі. Аталған жол сомасы 300.00.014 I В және 300.00.014 II В жолдарының сомасын қамтиды;

5) 300.00.014 I В шот-фактура негізінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

6) 300.00.014 II В Салық кодексінің 256-бабымен белгіленген (шот-фактурадан басқа) басқа құжаттар бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

7) 300.00.015 А Салық кодексінің 236 және 276-5-баптарына сәйкес өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылатын, Қазақстан Республикасының қосылған құн салығының төлеушісі болып табылмайтын резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша салық салынатын айналым сомасы көрсетіледі, Аталған жолға 300.05.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 300.00.015 В жолында Салық кодексінің 236-бабына сәйкес өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылатын, Қазақстан Республикасының қосылған құн салығының төлеушісі болып табылмайтын резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. 300.00.015 В жолын 300.05.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі. Есепке жатқызудың бөлек әдісін қолданатын қосылған құн салығының төлеушілері аталған жолда салық салынатын айналым мақсатында қолданатын жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығының сомасын көрсететінін ескерген жөн. Бұл ретте салық салынатын айналым бойынша есепке жатқызылуға жататын қосылған құн салығының сомасы 300.05.007 жолынан тиісті мөлшерде көшіріледі;

9) 300.00.016 жолында қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша және қосылған құн салығымен сатып алынған, бірақ Салық кодексінің 257-бабына сәйкес қосылған құн салығы есепке жатқызылуға жатпайтын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша айналым сомасы көрсетіледі;

10) 300.00.017 А жолында 300.00.018, 300.00.019, 300.00.020, 300.00.021, 300.00.028 жолдарында көрсетілетіндерді қоспағанда, Салық кодексінің 247-бабына және 276-4-бабының 3-тармағына сәйкес анықталатын салық салынатын импорттың мөлшері көрсетіледі. Аталған жол кедендік жүк декларацияларындағы мен Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларацияда (320.00 нысан) көрсетілген деректер негізінде толтырылады. Жол 300.00.017 I А және 300.00.017 II А және 300.00.017 III А жолдарын қамтиды;

11) 300.00.017 I А кеден одағының мүшесі болып табылмайтын мемлекетте сатып алынған тауарлар бойынша салық салынатын импорттың мөлшері көрсетіледі;

12) 300.00.017 II А Ресей Федерациясында сатып алынған тауарлар бойынша салық салынатын импорттың мөлшері көрсетіледі;

12-1) 300.00.017 III А жолында Беларусь Республикасынан әкелінген тауарлар бойынша салық салынатын импорт мөлшері көрсетіледі;

13) 300.00.017 В кедендік ресімдеу кезінде төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Есепке жатқызудың барабарлық әдісін қолданған жағдайда аталған жолда импортталатын тауарлар бойынша төленген қосылған құн салығының сомасы кедендік жүк декларациясына және Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларацияға (320.00 нысан) сәйкес көрсетіледі. Есепке жатқызудың бөлек әдісін қолданған жағдайда аталған жолда салық салынатын айналым мақсатында қолданатын, импортталатын тауарлар бойынша төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған жол 300.00.017 I В, 300.00.017 II В және 300.00.017 III В жолдарын қамтиды;

14) 300.00.017 I В жолында кеден одағының мүшесі болып табылмайтын мемлекеттен әкелінген тауарлар бойынша кедендік декларациялау кезінде төленген, импортқа қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

15) 300.00.017 II В жолында Ресей Федерациясынан әкелінген тауарлар бойынша төленген және әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтініш пен импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларацияда көрсетілген импортқа қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

15-1) 300.00.017 III В жолында Беларусь Республикасынан әкелінген тауарлар бойынша төленген және әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтініш пен импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларацияда көрсетілген импортқа қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

16) 300.00.018 Салық кодексінің 255-бабына 2-тармақтың 2) тармақшасына және 276-15-бабының 3-тармағына сәйкес немесе халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылған импортталатын тауарлар құны көрсетіледі. Аталған жолға 300.02.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

17) 300.00.019 жолында Енгізу туралы заңының 49-бабы 46-абзацына сәйкес салық органы қосылған құн салығын төлеу мерзімдерін өзгерту туралы шешім шығарған импортталатын тауарлардың құны көрсетіледі. Аталған кедендік жүк декларациясының және (немесе) Тауарларды әкелу және кеден одағына мүше мемлекеттерден импортталған тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу туралы өтінішінің негізінде толтырылады;

18) 300.00.020 жолында Енгізу туралы заңының 49-бабы 27-50-абзацтарына сәйкес салық органы қосылған құн салығын төлеу мерзімдерін өзгерту туралы шешім шығарған импортталатын тауарлар бойынша нақты төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Есепке жатқызудың барабар әдісін қолданған жағдайда аталған жолға 300.03 нысанының J бағанындағы 0000001 және 0000002 қорытынды жолдарының сомалары көшіріледі. Есепке жатқызудың барабар бөлек әдісін қолданған жағдайда аталған жолда салық

салынатын айналым мақсатында қолданатын, импортталатын тауарлар бойынша төленген қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

19) 300.00.021 А жолында қосылған құн салығы жер қойнауын пайдалану келісімшартының шарттарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген импортталатын тауарлардың құны көрсетіледі;

19-1) 300.00.021 В жолында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес тауарлардың импорты бойынша есепке жатқызу әдісімен төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

20) 300.00.022 жолында 300.00.014 А, 300.00.015 А, 300.00.016 А, 300.00.017 А, 300.00.018 А, 300.00.019, 300.00.021 А және 300.00.028 А (300.00.014 А + 300.00.015 А + 300.00.016 А + 300.00.017 А + 300.00.018 А + 300.00.019 + 300.00.021 А + 300.00.028 А) жолдарының сомасы ретінде анықталатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың жалпы сомасы көрсетіледі;

21) 300.00.023 есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасын түзету көрсетіледі. Аталған жолға 300.06.026 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

22) 300.00.024 жолында 300.00.014 В, 300.00.015 В, 300.00.017 В, 300.00.020 В, 300.00.021, 300.00.023 (300.00.014 В + 300.00.015 В + 300.00.017 В + 300.00.020 В + 300.00.021 + (-) 300.00.023) жолдарының сомасы ретінде анықталатын салық кезеңі үшін есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

Бір мезгілде есепке жатқызудың барабар және бөлек әдістерін қолданған жағдайда есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығының жалпы сомасы 300.00.024 I, 300.00.024 II, 300.00.024 III жолдарында да бөлініп көрсетілуі тиіс.

300.00.024 I, 300.00.024 II, 300.00.024 III жолдары мынадай салық төлеушілер үшін толтыруға міндетті:

Салық кодексінің 260-бабы 4 және 5 тармақтарына сәйкес бір мезгілде есепке жатқызудың барабарлық және бөлек әдістерін қолданған жағдайда Салық кодексінің 249-бабы 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған айналымдары бар салық төлеушілер үшін.

Салық кодексінің 262-бабы 2-тармағына сәйкес басқа алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың барабарлық әдісін қолдана отырып, кепілдікке берілген меншікті (тауарды) алу және өткізумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығын есептелуінің бөлек әдісін қолдану құқығын пайдаланатын банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микрокредиттік ұйымдар үшін.

Салық кодексінің 262-бабы 3-тармағына сәйкес басқа алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығын есепке

жатқызудың барабарлық әдісін қолдана отырып, меншікті қаржылық лизингке берілуімен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығы есептелуінің бөлек әдісін қолдану құқығын пайдаланатын лизинг берушілер үшін;

Салық кодексінің 262-бабы 5-тармағына сәйкес басқа алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың барабарлық әдісін қолдана отырып, коммерциялық кредит бере отырып, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру шеңберінде мүлікті сатып алумен және берумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығы есептелуінің бөлек әдісін қолдану құқығын пайдаланатын ислам банктері үшін;

23) 300.00.024 I жолында бір мезгілде есепке жатқызудың барабарлық және бөлек әдістерін қолданған жағдайда барабарлық әдісі бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

24) 300.00.024 II бір мезгілде есепке жатқызудың барабарлық және бөлек әдістерін қолданған жағдайда бөлек әдісі бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

25) 300.00.024 III есепке жатқызудың бір мезгілде барабарлық және бөлек әдістерін қолданған жағдайда бір мезгілде салық салынатын және салынбайтын айналымдар мақсатында қолданатын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

26) 300.00.025 жолында салық салынатын айналымдар мақсатында пайдаланылатын алынған тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша бөлек есеп әдісі бойынша есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

27) 300.00.026 жолында салық салынатын айналымдар мақсатында пайдаланылатын алынған тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша барабарлық әдісі бойынша есепке жатқызуға жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған жолда көрсетілетін сома 300.00.024 және 300.00.008 (300.00.024 х 300.00.008) жолдарының туындысы ретінде анықталады. Аталған жол қосылған құн салығын есепке жатқызудың барабарлық әдісі пайдаланылған кезде міндетті түрде толтырылады;

28) 300.00.027 жолында Салық кодексінің 260-бабы 4 және 5-тармақтарына және 262-бабы 2, 3 және 5-тармақтарына сәйкес қосылған құн салығын есепке жатқызудың бір мезгілде барабар және бөлек әдістерін қолданған жағдайдағы есепке жатқызылатын сома көрсетіледі. Аталған жол қосылған құн салығын есепке жатқызудың барабарлық немесе бөлек әдістерін қолданған жағдайда толтырылады;

300.00.027 жолындағы сома (300.00.024 I х 300.00.010), (300.00.024 III х 300.00.008) жолдар туындысының сомалары және 300.00.024 II жол сомасы

ретінде немесе (300.00.024 I х 300.00.010) + (300.00.024 III х 300.00.008) + 300.00.024 II формуласы бойынша анықталады. Бұл ретте Салық кодексінің 260-бабы 4 және 5-тармақтарын қолданған жағдайда 300.00.024 II жолының өлшемі нөлге тең болады;

29) 300.00.028 А жолында 300.00.024 А жолында көрсетілген импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығын қоспағанда, қосылған құн салығы Енгізу туралы заң 49-бабының 71-абзацына және 49-1-бабына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген импортталатын тауарлардың құны көрсетіледі. Аталған жолға 300.04.001 А жолында көрсетілген сома көшіріледі.

Қолданысқа енгізу туралы Заңның 49-1-бабына сәйкес қосылған құн салығының сомасы есепке жатқызу әдісімен төленген, кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тиісті салық кезеңінде импортталған тауарлар бойынша 300.00.028 А жолында импортталған тауарлар бойынша тиісті салық кезеңдерінде ұсынылған жанама салықтар бойынша декларацияның 320.00.006 А жолындағы сомадан ескеріледі;

30) 300.00.028 В жолында 300.00.024 В жолында көрсетілген импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығын қоспағанда, қосылған құн салығы Енгізу туралы заң 49-бабының 71-абзацына және 49-1-бабына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген импортталатын тауарлардың құны көрсетіледі. Аталған жолға 300.04.001 В жолында көрсетілген сома көшіріледі.

Қолданысқа енгізу туралы Заңның 49-1-бабына сәйкес қосылған құн салығының сомасы есепке жатқызу әдісімен төленген, кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тиісті салық кезеңінде импортталған тауарлар бойынша 300.00.028 В жолында импортталған тауарлар бойынша тиісті салық кезеңдерінде ұсынылған жанама салықтар бойынша декларацияның 320.00.006 В жолындағы сомадан ескеріледі.

17. "Салық кезеңі үшін қосылған құн салығы бойынша есептер" бөлімінде:

1) 300.00.029 жолында салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиісті салықтың сомасы көрсетіледі. Егер "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат " бөліміндегі 7 жолында А, В, С немесе D торкөздерінің біреуі белгіленсе, онда аталған жол толтырылмайды.

Аталған жол:

есепке жатқызудың бөлек әдісі кезінде 300.00.013, 300.00.025 және 300.00.028 В (300.00.013 - 300.00.025 - 300.00.028 В) жолдарының айырмасы ретінде;

есепке жатқызудың барабарлық әдісі кезінде 300.00.013, 300.00.026 және 300.00.028 В (300.00.013 - 300.00.026 - 300.00.028 В) жолдарының айырмасы ретінде анықталады;

300.00.029 жолы 300.00.029 I және 300.00.029 II жолдарын қамтиды.

Егер салық төлеушімен қосылған құн салығын есепке жатқызуының бір мезгілде барабар және бөлек әдістері пайдаланатын болса, онда 300.00.029 жолы толтырылмайды. Көрсетілген жағдайда 300.00.029 II жолы толтырылады.

2) 300.00.029 I жолында 300.00.029 жолы мен 30 пайыздың (300.00.029 х 30%) туындысы ретінде анықталатын Салық кодексінің 267-бабында белгіленген ерекшеліктерді есепке ала отырып, бюджетке төленуге жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Жол "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде 7 А немесе 7 В торкөздерінің біреуі белгіленген жағдайда толтырылады.

3) 300.00.029 II жолында 300.00.013, 300.00.027, 300.00.028 В айырмасы ретінде немесе (300.00.013 В - 300.00.027 - 300.00.028 В) формуласы бойынша анықталатын қосылған құн салығын есепке жатқызылуының бір мезгілде барабар және бөлек әдістері пайдаланатын жағдайда салық кезеңі бойынша бюджетке төленуге жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Жол егер " Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "Қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісі" 10 жолы бойынша "барабарлық және бөлек" торкөзі белгіленген болса толтырылады.

Егер есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы салықтың есептелген сомасынан асып кетсе, онда 300.00.029, 300.00.029 I, 300.00.029 II жолдары толтырылмайды;

4) 300.00.030 жолында есепке жатқызылатын қосылған құн салығының есептелген сомасынан асып кеткен жалпы сомасы көрсетіледі.

Егер "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөліміндегі 7 жолында А, В, С немесе D торкөздерінің біреуі белгіленсе, онда аталған жол толтырылмайды.

Аталған жол:

есепке жатқызудың бөлек әдісі кезінде 300.00.025 + 300.00.28 В - 300.00.013 формуласы бойынша;

есепке жатқызудың барабарлық әдісі кезінде 300.00.26 + 300.00.28 В - 300.00.013 формуласы бойынша анықталады.

300.00.030 жолы 300.00.030 I және 300.00.030 II жолдарынан тұрады;

5) 300.00.030 I жолында 300.00.030 жолы мен 30 пайыздың (300.00.030 х 30%) туындысы ретінде анықталатын Салық кодексінің

267-бабында белгіленген ерекшеліктерді есепке ала отырып, бюджетке төленуге жататын қосылған құн салығы сомасының асып түсуі көрсетіледі. Жол "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде 7А немесе 7В торкөздерінің біреуі белгіленген жағдайда толтырылады;

6) 300.00.030 II жолында (300.00.027 + 300.00.028 В - 300.00.013) формуласы бойынша анықталатын бір мезгілде барабар және бөлек әдістері пайдаланатын

жағдайда есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының асып түсуі көрсетіледі. Жол егер "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "Қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісі" 10 жолы бойынша " барабарлық және бөлек" торкөзі белгіленген жағдайда толтырылады;

7) 300.00.031 жолында өсу жиынтығымен (алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген есепке жатқызуларды ескере отырып) қосылған құн салығы сомасының есептелген сомадан асып түсуі көрсетіледі. 300.00.31 жолы 300.00.031 I жолын қамтиды;

8) 300.00.031 I жолында есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының негізгі құралдардың бастапқы құнына жылжымайтын мүлікке инвестициялар не болмаса олардың теңгермелік құнының ұлғаюы енгізілетін тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша өсу қорытындысымен есептелген салық сомасынан асып түсуі (алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілетін есепке жатқызуларды есепке ала отырып) көрсетіледі;

9) 300.00.032 жолында есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының алдыңғы салық кезеңдері табыс етілген салық Декларацияларын есепке ала отырып 01.01.2009 жылғы жағдай бойынша есептелген салық сомасынан асып түсуі көрсетіледі. Аталған жол 300.00.032 I және 300.00.032 II жолдарын қамтиды;

10) 300.00.032 I жолында есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды есепке алусыз есептелген салықтың сомасынан асып түсуі көрсетіледі;

11) 300.00.032 II жолында есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды есепке ала отырып, есептелген салықтың сомасынан асып түсуі көрсетіледі;

12) 300.00.033 жолында нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар мақсатында пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған жолға 300.01.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

18. "Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару туралы талап" бөлімінде:

1) 300.00.034 жолында Енгізу туралы заңның 12-бабына және Салық кодексінің 272-бабына сәйкес есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының есептелген салық сомасынан асып түсуін қайтару туралы талап көрсетіледі. Аталған жол 300.00.034 I, 300.00.034 II, 300.00.034 III, 300.00.034 IV (300.00.034 I + 300.00.034 II + 300.00.034 III + 300.00.034 IV) жолдарының сомасын қамтиды. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің 5 жолында "қосымша", "хабарлама бойынша қосымша" Декларация түрі белгіленген болса, сонымен қатар 7 жолында 7А немесе 7В торкөздердің біреуі белгіленген болса аталған жол толтырылмайды;

2) 300.00.034 I жолында нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша туындаған есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының есептелген салықтың сомасынан асып түсуін қайтару туралы талап көрсетіледі;

2-1) 300.00.034 A жолындағы торкөз Салық кодексінің 274-бабына сәйкес қайтарудың жеңілдетілген тәртібін қолданатын салық төлеуші қосылған құн салығының артығын қайтаруды алдын ала салықтық тексеруді жүргізбей-ақ жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда толтырылады;

3) 300.00.034 II жолында қосылған құн салығының тауар импортына төленуімен байланысты туындаған есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының есептелген салықтың сомасынан асып түсуін қайтару туралы талап көрсетіледі;

4) 300.00.034 III жолында қосылған құн салығының резидент емес үшін төленуімен байланысты туындаған есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының есептелген салықтың сомасынан асып түсуін қайтару туралы талап көрсетіледі;

5) 300.00.034 IV жолында есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының пайдалануға берілетін негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар бойынша, оның 2009-2013 жылдар аралығындағы салық кезеңдері бойынша бөлумен есептелген салық сомасынан асып түсуін қайтару туралы талаптың сомасы көрсетіледі;

6) 300.00.034 V жолында осы тармақтың 2), 3), 4) тармақшаларына сәйкес туындаған қосылған құн салығы сомасының асып түсуін қайтару туралы осы талап қосылған құн салығы төлеушісімен табыс етілген салық кезеңі көрсетіледі.

19. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында құрылтайшылық құжаттарға сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға табыс ететін болса, оның жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

2) Декларацияны беру күні.

Декларацияны салық органына берудің күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

5) Декларация қабылданған күні.

Салық кодексі 584-бабының 2-тармағына және Енгізу туралы заңның 3-бабына сәйкес Декларацияны табыс ету көрсетіледі.

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) почта штемпелінің күні.

Почта немесе басқа да байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Нөлдік ставка бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналым - 300.01 нысанын жасау

20. Осы нысан нөлдік ставка бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналымдар туралы, сондай-ақ нөлдік ставка бойынша айналымдар мақсатында пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығының сомалары туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған;

300.01 қосымшасы 300.00 нысанының "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат " бөліміндегі "Табыс етілген қосымшалар" 12 жолында "01" торкөзі белгіленген жағдайда толтырылады.

21. "Нөлдік ставка бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналым" бөлімінде Салық кодексінің 31-тарауына және 37-1-тарауларына сәйкес нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар көрсетіледі.

Осы бөлімде:

1) 300.01.001 жолында тауарларды экспортқа өткізу бойынша айналым көрсетіледі. Аталған жол 300.01.001 I, 300.01.001 II және 300.01.001 III жолдарын қамтиды;

2) 300.01.001 I жолында тауарларды кеден одағының мүшесі болып табылмайтын мемлекетте экспортқа өткізу бойынша айналым көрсетіледі;

3) 300.01.001 II жолында тауарларды Ресей Федерациясында экспортқа өткізу бойынша айналым көрсетіледі;

3-1) 300.01.007 III жолында Беларусь Республикасына экспортқа арналған тауарларды сату бойынша айналым көрсетіледі;

4) 300.01.002 жолында қызметтерді халықаралық тасымалдар бойынша өткізу көрсетіледі;

5) 300.01.003 жолында Салық кодексінің 245-бабына сәйкес өз өндірісінің тауарларын өткізу көрсетіледі;

6) 300.01.004 жолында, Салық кодексінің 276-13-бабының 1-тармағына сәйкес тауарларды қайта өңдеу шарттары мен алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу мерзімдері сақталған кезде нөлдік ставка бойынша салық салынатын, кейіннен

қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

7) 300.01.005 жолында 300.01.001 жолдан бастап 300.01.004 дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын, сату бойынша, нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынатын қорытынды айналым көрсетіледі.

22. "Есепке жатқызуға жатқызылатын және нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар мақсатында пайдаланылған қосылған құн салығының сомасы" бөлімін Енгізу туралы заң 25-бабының 2-тармағында және Салық кодексі 272-бабының 3-тармағында көзделген шарттар орындалатын қосылған құн салығын төлеушілер толтырмайды.

Осы бөлімде:

1) 300.01.006 жолында тауарларды экспортқа өткізу бойынша айналым мақсатында пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

2) 300.01.007 жолында халықаралық тасымал қызметтерін өткізу бойынша айналым мақсатында пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

3) 300.01.008 жолында Салық кодексінің 245-бабына сәйкес өз өндірісінің тауарларын өткізу бойынша айналымдар мақсатында қолданған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша есепке алынған қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі;

4) 300.01.009 жолында Салық кодексінің 276-13-бабы 1-тармағына сәйкес нөлдік ставка бойынша салық салынатын, кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды сату бойынша айналым мақсаттары үшін пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығының есепке жатқызылған сомасы көрсетіледі;

5) 300.01.010 жолында нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым мақсаттары үшін пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығының есепке жатқызылған қорытындысы сомасы көрсетіледі. Осы жол 300.01.006 жолдан бастап 300.01.009 дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады.

300.01.005 жолының сомасы 300.00.003 жолына көшіріледі.

300.01.010 жолының сомасы 300.00.033 жолына көшіріледі.

4. Қосылған құн салығынан босатылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналымдар және импорт - 300.02 нысанын жасау

23. Осы нысан Салық кодексінің 33-тарауына және 276-15-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтер және импортты өткізу бойынша айналымдарды және импортты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

300.02 қосымшасы 300.00 нысанының "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат " бөліміндегі "Табыс етілген қосымшалар" 12 жолында "02" торкөзі белгіленген жағдайда толтырылады.

24. "Қосылған құн салығынан босатылған айналымдар" бөлімінде:

1) 300.02.001 жолында 300.02.001 I, 300.02.001 II, 300.02.001 III, 300.02.001 IV , 300.02.001 V, 300.02.001 VI, 300.02.001 VII, 300.02.001 VIII, 300.02.001 IX, 300.02.001 X, 300.02.001 XI, 300.02.001 XII, 300.02.001 XIII жолдарының сомасы ретінде анықталатын қосылған құн салығынан босатылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналымның сомасы көрсетіледі;

2) 300.02.001 I жолында "ҚР кеден аумағындағы тауарларды қайта өңдеу" кедендік рәсімімен Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген тауарларды қайта өңдеу және (немесе) жөндеу бойынша қызметтерді өткізу бойынша айналымның сомасы көрсетіледі;

3) 300.02.001 II жолында халықаралық тасымалдармен байланысты жұмыстарды және қызметтерді өткізу бойынша айналымның сомасы көрсетіледі;

4) 300.02.001 III жолында жермен байланысты айналымның сомасы көрсетіледі;

5) 300.02.001 IV жолында Салық кодексінің 249-бабы 1-тармағына сәйкес тұрғын үй ғимараттарын өткізу бойынша айналымның сомасы көрсетіледі;

6) 300.02.001 V жолында қаржы қызметтерін өткізу бойынша айналымның сомасы көрсетіледі;

7) 300.02.001 VI жолында лизинг беруші алуы тиіс сыйақының сомасы көрсетіледі;

8) 300.02.00 VII жолында қаржылық лизинге берілетін меншіктерді өткізу бойынша айналымдар сомасы көрсетіледі;

9) 300.02.001 VIII жолында мәдениет, ғылым және білім саласында тауарларды және қызметтерді өткізу бойынша айналымның сомасы көрсетіледі;

10) 300.02.001 IX жолында қызметтерді, жұмыстарды медициналық және мал дәрігерлік қызмет саласында өткізу бойынша айналымның сомасы көрсетіледі;

11) 300.02.001 X жолында Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген өлшемдерге сәйкес, бос қойма кедендік рәсімінің бос қойма аумағында өндірілген және осы аумақтан Қазақстан Республикасы аумағының қалған бөлігіне сатылатын тауарларды сату айналымының сомасы көрсетіледі;

12) 300.02.001 XI жолында инфрақұрылымдық жобаларды іске асырумен байланысты жұмыстарды және қызметтерді өткізу бойынша айналымның сомасы көрсетіледі;

13) 300.02.001 XII жолында коммерциялық емес ұйымдар көрсететін қызметтер өткізу бойынша айналымның сомасы көрсетіледі;

14) 300.02.001 XIII жолында қосылған құн салығынан босатылған басқа да айналымдардың сомасы көрсетіледі. Аталған жолда қосылған құн салығынан босатылған және 300.02.001 I, 300.02.001 II, 300.02.001 III, 300.02.001 IV, 300.02.001 V, 300.02.001 VI, 300.02.001 VII, 300.02.001 VIII, 300.02.001 IX; 300.02.001 X; 300.02.001 XI, 300.02.001 XII жолдарында көрсетілмеген тауарларды, жұмыстарды, қызметтердің өткізу бойынша айналымдар көрсетіледі ;

15) 300.02.002 жолында осындай босатуды көздейтін халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналым көрсетіледі;

16) 300.02.003 жолында Салық кодексі 276-15-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген тауарды қалпына келтіруді, құрамдас бөліктерін алмастыруды қоса алғанда, оны жөндеу жөніндегі қызметтерді сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

17) 300.02.004 жолында Салық кодексі 276-15-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тауарлардан өндірілген тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

18) 300.02.005 жолында Қазақстан Республикасының лизинг алушы-салық төлеушісі лизинг шарты бойынша кеден одағына мүше басқа мемлекеттің лизинг берушісіне төлейтін сыйақысы бойынша айналымдар көрсетіледі;

19) 300.02.005 жолында, 300.02.001 жолдан бастап 300.02.005 дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын, қосылған құн салығынан босатылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату бойынша айналымдардың қорытынды сомасы көрсетіледі;

25. "Қосылған құн салығынан босатылған импорт" бөлімінде:

1) 300.02.007 жолында Салық кодексінің 255-бабына және 276-15-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған импорт көрсетіледі. Аталған жол 300.02.007 I, 300.02.007 II, 300.02.007 III, 300.02.007 IV, 300.02.007 V жолдарын қамтиды;

2) 300.02.007 I жолында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіпте гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін акцизделетіндерді қоспағанда, тауарлардың сомасы көрсетіледі;

3) 300.02.007 II жолында техникалық көмек көрсетуді қоса алғанда, мемлекет, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желілері бойынша қайырымдылық көмек мақсатында әкелінетін, акцизделетіндерді қоспағанда, тауарлардың сомасы көрсетіледі;

4) 300.02.007 III жолында салық төлеуден босатуды белгілейтін кеден режимдерінде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес декларациялануға жататын тауарлардың сомасы көрсетіледі;

5) 300.02.007 IV жолында кез келген нысандағы дәрілік заттардың, оның ішінде субстанция-дәрілер; протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдар; кез келген нысандағы дәрілік заттарды шығаруға арналған материалдар, жабдықтар және жинақтаушы материалдар, оның ішінде субстанция-дәрілер, протездік-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдардың сомасы көрсетіледі;

6) 300.02.007 V жолында Салық кодексінің 255-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған басқа да импорт көрсетіледі;

7) 300.02.008 жолында қызметін 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған концессиялық келісімшарттың шеңберінде жүзеге асыратын заңды тұлға, оның мердігерлері әкелген тауарлардың импорты көрсетіледі;

8) 300.02.009 жолында кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан қайта өңдеу үшін тағайындалған тауарларды, сондай–ақ Салық кодексінің 276-15-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тауарларды қайта өңдеу бойынша операциялар олардың көмегімен жүзеге асырылатын тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу көрсетіледі;

9) 300.02.010 жолында Салық кодексінің 276-15-бабының 3-тармағына сәйкес тізбеде көзделген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелу көрсетіледі;

300.02.006 жолының сомасы 300.00.006 жолына көшіріледі.

300.02.010 жолының сомасы 300.00.018 жолына көшіріледі.

5. Қосылған құн салығын төлеу мерзімі өзгертілген тауарлар импорты – 300.03 нысанын жасау

26. Осы нысан тауарлар импорты жүзеге асырылған және Енгізу туралы заң 50-бабының 27-45 абзацтарына сәйкес қосылған құн салығын төлеу мерзімі өзгертілген салық кезеңі үшін Декларацияны жасау кезінде сияқты, қосылған құн салығы бойынша берешекті толық өтегенге дейінгі келесі салық кезеңдері үшін Декларацияны жасау кезінде де толтырылады.

300.03 қосымшасы 300.00 нысанының "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат " бөліміндегі "Табыс етілген қосымшалар" 12 жолында "03" торкөзі белгіленген жағдайда толтырылады.

27. "ҚҚС төлеу мерзімі өзгертілген тауарлар импорты" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында импорт түрінің коды көрсетіледі:

1 - өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін тауарлар импорты;

2 - су, газ, электр қуаты импорты;

3) С бағанында кедендік жүк декларациясының анықтамалық нөмірі және күні көрсетіледі. Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан тауарлар импорты кезінде осы бағанда салық төлеуші беретін Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің нөмірі және күні көрсетіледі;

4) D бағанында кедендік жүк декларациясына сәйкес қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан тауарлар импорты кезінде осы бағанда Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішке сәйкес қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында мерзім (өзгертілген) салықты өтеу үшін көрсетіледі. Кеден одағына мүше мемлекеттерден импортталған тауарлар бойынша Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту Салық кодексінің 276-2-бабының 2-тармағына сәйкес осындай тауарларды есепке алған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге жүргізіледі.

6) F бағанында төлеу мерзімі өзгертілген салықтың сомасы бойынша берешекті өтеу есебіне Енгізу туралы заң 49-бабының 47-абзацына сәйкес есепті салық кезеңінде есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Көрсетілген салықтың сомасы есепті салық кезеңі үшін жасалған 300.00 нысанының 300.00.011 және 300.00.012 жолдарында көрсетілген сомалары мен 300.00.013 жолында көрсетілген сомаларының айырмасы ретінде анықталады, яғни 300.00.013 – (300.00.011 +300.00.012);

7) G бағанында алдыңғы салық кезеңдерінде Енгізу туралы заң 49-бабының 47-абзацына сәйкес өтелген, қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған бағанға С және (немесе) Тауарларды әкелу және жанама салықтарды

төлеу туралы өтінішке сәйкес бағанында көрсетілген кедендік жүк декларациясының анықтамалық нөміріне сәйкес алдыңғы салық кезеңі үшін F бағынының тиісті жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

8) H бағанында D бағанының тиісті жолдарының F және G бағандары жолдарының сомасынан айырмасы ретінде (D-F+G) айқындалатын үш айлық мерзімнің ішінде өткізілген тауарлар бойынша бюджетпен өзара есеп айырысумен өтелмеген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында бюджеттік сыныптамасының тиісті коды көрсетіледі;

10) J бағанында импортталатын тауарлар бойынша есепті салық кезеңінде бюджетке іс жүзінде төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында импортталатын тауарлар бойынша алдыңғы салық кезеңдерінде бюджетке іс жүзінде төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған бағанға C және (немесе) Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішке сәйкес бағанында көрсетілген кедендік жүк декларациясының анықтамалық нөміріне сәйкес алдыңғы салық кезеңі үшін J бағанының тиісті жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

12) L бағанында бюджетке төленуге жататын салық бойынша берешектің сомасы көрсетіледі. Аталған сома D бағанының тиісті жолдарының F, G, J және K бағандары жолдарына айырмасы ретінде айқындалады;

13) 0000001 жиынтық жолында өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін тауарлар импорты бойынша жиынтық сомалар көрсетіледі;

14) 0000002 жиынтық жолында су, газ, электр қуаты импорты бойынша жиынтық сомалар көрсетіледі.

J бағаны 0000001, 0000002 жолдарының жиынтық сомасы 300.00.020 жолына көшіріледі.

6. Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін тауарлар импорты – 300.04 нысанын жасау

28. Осы нысан кедендік ресімдеу кезінде қосылған құн салығы Енгізу туралы заңның 49-бабының және 49-1-бабымен 71-абзацында көзделген және жер қойнауын пайдалану келісім-шартының шарттарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленетін салық кезеңінің ішінде жүзеге асырылған тауарлардың (оның ішінде кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импорты бойынша ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

300.04 қосымшасы 300.00 нысанының "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат " бөліміндегі "Табыс етілген қосымшалар" 12-жолында "04" торкөзі белгіленген жағдайда толтырылады.

29. "Тауарлар импорты бойынша есепке жатқызу әдісімен төленетін қосылған құн салығын есептеу" бөлімінде:

1) 300.04.001 жолында қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін салық салынатын импорттың сомасы көрсетіледі. Аталған жол 300.04.001 I A, 300.04.001 II A, 300.04.001 III A, 300.04.001 IV A, 300.04.001 V A, 300.04.001 VI A, 300.04.001 VII A, 300.04.001 VIII A, 300.04.001 IX A жолдарын қамтиды;

2) 300.04.001 I A жолында импортталған жабдықтың сомасы көрсетіледі;

3) 300.04.001 II A жолында импортталған ауыл шаруашылық техникасының сомасы көрсетіледі;

4) 300.04. 001 III A жолында импортталған автомобиль көлігінің ауыр жүк таситын жылжымалы құрамының сомасы көрсетіледі;

5) 300.04.001 IV A жолында импортталған ұшақтар мен тікұшақтардың сомасы көрсетіледі;

6) 300.04.001 V A жолында импортталған теміржол локомативтері мен вагондардың сомасы көрсетіледі;

7) 300.04.001 VI A жолында импортталған теңіз кемелерінің сомасы көрсетіледі;

8) 300.04.001 VII A жолында импортталған қосалқы бөлшектердің сомасы көрсетіледі;

9) 300.04.001 VIII A жолында импортталған пестицидтердің (улы химикаттардың) сомасы көрсетіледі;

10) 300.04.001 IX A жолында импортталған асыл тұқымды жануарлар барлық түрімен және қолдан ұрықтандыруға арналған жабдықтың сомасы көрсетіледі;

11) 300.04.001 B жолында тауарлар импорты бойынша есепке жатқызу әдісімен төленетін қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған жол 300.04.001 I B, 300.04.001 II B, 300.04.001 III B, 300.04.001 IV B, 300.04.001 V B, 300.04.001 VI B, 300.04.001 VII B, 300.04.001 VIII B, 300.04.001 IX B жолдарын қамтиды;

12) 300.04.001 I B жолында импортталған жабдық бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

13) 300.04.001 II B жолында импортталған ауыл шаруашылығы техникасы бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

14) 300.04.001 III B жолында автомобиль көлігінің ауыр жүк таситын жылжымалы құрамы бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

15) 300.04.001 IV B жолында импортталған ұшақтар және тік ұшақтар бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

16) 300.04.001 V B жолында импортталған теміржол локомотивтері мен вагондары бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

17) 300.04.001 VI В жолында импортталған теңіз кемелері бойынша қосылған құн салығының сомасы бойынша көрсетіледі;

18) 300.04.001 VII В жолында импортталған қосалқы бөлшектер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

19) 300.04.001 VIII В жолында импортталған (улы химикаттарға) пестицидтер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

20) 300.04.001 IX В жолында импортталған барлық асыл тұқымды жануарлардың барлық түрі және қолдан ұрықтандыруға арналған жабдықтар бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

300.04.001 А жолының сомасы 300.00.028 А жолына көшіріледі.

300.04.001 В жолының сомасы 300.00.012 және 300.00.028 В жолдарына көшіріледі.

7. Резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызметтер – 300.05 нысанын жасау

30. Осы нысан Салық кодексінің 241-бабына сәйкес резидент емес үшін төлеуге жататын және төленген қосылған құн салығының сомалары туралы мәліметтерді егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

300.05 қосымшасы 300.00 нысанының "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат " бөліміндегі "Табыс етілген қосымшалар" 12 жолында "05" торкөзі белгіленген жағдайда толтырылады.

31. "Есепті салық кезеңінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызметтер бойынша" бөлімінде:

1) 300.05.001 жолында резидент еместен сатып алынған жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша салық салынатын айналым көрсетіледі. Салық салынатын айналымның мөлшері Салық кодексінің 241-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалады.

300.05.001 жолының сомасы 300.00.012 II жолына көшіріледі;

2) 300.05.002 жолында қосылған құн салығының 300.05.001 жолында көрсетілген айналым бойынша резидент емес үшін төленуге жататын сомасы көрсетіледі. Аталған жол 300.05.001 жолы толтырылған жағдайда міндетті түрде толтырылуға жатады;

3) 300.05.003 жолында 300.05.001 жолында көрсетілген айналым бойынша салық кезеңінің ішінде іс жүзінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі, Аталған жолға Енгізу туралы заңның 31-бабына сәйкес резидент емес үшін төленуге жататын қосылған құн салығы бойынша бересіні өтеу есебіне есепке жатқызылған бюджетке артық төленген салықтың сомасы да енгізіледі;

32. "Алдыңғы салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар мен қызметтер бойынша" бөлімінде резидент емес үшін қосылған құн салығының сомасын төлеу есепті салық кезеңінде бір бөлігі немесе толық жүргізілген алдыңғы салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызметтер бойынша мәліметтер көрсетіледі:

1) 300.05.004 жолында алдыңғы салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар мен қызметтер бойынша салық салынатын айналым көрсетіледі. Аталған жол егер бюджетке төленуге жататын қосылған құн салығы белгіленген мерзімде төленбеген (немесе бір бөлігі төленбеген) жағдайда толтырылады;

2) 300.05.005 жолында қосылған құн салығын, резидент еместе жататын төлеудің сомасы көрсетіледі, 300.05.004-те көрсетілген айналым бойынша;

3) 300.05.006 жолында 300.05.004 жолында көрсетілген айналым бойынша салық кезеңінің ішінде бюджетке іс жүзінде төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған жолға Енгізу туралы заңның 31-бабына сәйкес резидент емес үшін төленуге жататын қосылған құн салығы бойынша бересіні өтеу есебіне есепке жатқызылған бюджетке артық төленген салықтың сомасы да енгізіледі;

4) 300.05.007 жолында 300.05.003 және 300.05.006 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын резидент еместен сатып алынған жұмыстар мен қызметтер бойынша салық кезеңінде бюджетке іс жүзінде төленген қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

300.05.001 жолының сомасы 300.00.015 А жолына көшіріледі.

300.05.007 жолының сомасы 300.00.015 В жолына көшіріледі.

8. Салық салынатын айналымның мөлшерін және есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығының сомасын түзету – 300.06 нысанын жасау

33. Осы нысан есепті салық кезеңінде салық салынатын айналымның мөлшерін және қосылған құн салығының сомасын түзетуді егжей-тегжейлі көрсетуге арналған. Салық салынатын және босатылатын айналымдар мөлшерін және қосылған құн салығының сомасын түзету Салық кодексінің 239 және 240-баптарында, сондай-ақ Салық кодексінің 238-бабы 14-тармағымен көзделген тәртіпте жүргізіледі. Сонымен қатар осы нысанда Салық кодексінің 258 және 259 -баптарына сәйкес есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасын түзету деректері көрсетіледі.

300.06 қосымшасы 300.00 нысанының "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат " бөліміндегі "Табыс етілген қосымшалар" 12 жолында "06" торкөзі белгіленген жағдайда толтырылады.

Осы нысан жолдарының мәндері теріс және (немесе) оң болуы мүмкін. Босатылған айналым мөлшері түзетілген жағдайда "Салық салынатын және босатылатын айналым мөлшерін түзету" бөліміндегі "ҚҚС сомасы" "В" бағаны толтырылмайды.

Егер салық салынатын айналым мөлшерін түзетуді жүзеге асыру жағдайларын растайтын басқа да құжатта қосылған құн салығының сомасы көрсетілмесе, онда аталған сома салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасына салық ставкасын қолдану жолымен анықталады.

"Айналым мөлшерін түзету" бөліміндегі 300.06.001 А бастап 300.06.008 дейінгі жолдар салық салынатын айналым мөлшерін түзету кезінде де, босатылған айналым мөлшері түзетілген де толтырылады.

34. "Салық салынатын және босатылатын айналым мөлшерін түзету" бөлімінде:

1) 300.06.001 А жолында тауардың бір бөлігін немесе толық қайтарумен байланысты салық салынатын айналымды түзетудің сомасы көрсетіледі;

2) 300.06.001 В жолында тауарлардың бір бөлігін немесе толық қайтарумен байланысты салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзетудің сомасы көрсетіледі;

3) 300.06.002 А жолында мәміленің шарттары өзгертілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша салық салынатын айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

4) 300.06.002 В жолында мәміленің шарттары өзгертілген тауарлар, жұмыстар , қызметтер бойынша салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзету сомасы көрсетіледі;

5) 300.06.003 А жолында өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін бағаның өзгеруіне, өтемақыға байланысты салық салынатын айналымды түзетудің сомасы көрсетіледі;

6) 300.06.003 В жолында өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін бағаның өзгеруіне, өтемақыға байланысты салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзетудің сомасы көрсетіледі;

7) 300.06.004 А жолында баға жеңілдігіне, сатулардан жеңілдікке байланысты салық салынатын айналымды түзетудің сомасы көрсетіледі;

8) 300.06.004 В жолында баға жеңілдігіне, сатулардан жеңілдікке байланысты салық салынатын айналымды түзету бойынша қосылған құн салығын түзетудің сомасы көрсетіледі;

9) 300.06.005 А жолында теңгемен төленген, өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін құн айырмашылығы алынған кезде салық салынатын айналымды түзетудің сомасы көрсетіледі;

10) 300.06.005 В жолында теңгемен төленген кезіндегі өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін құн айырмашылығы алынған кезде салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзетудің сомасы көрсетіледі;

11) 300.06.006 А жолында ыдысты қайтару кезінде салық салынатын айналымды түзетудің сомасы көрсетіледі;

12) 300.06.006 В жолында ыдысты қайтару кезінде салық салынатын айналымды түзету бойынша қосылған құн салығын түзетудің сомасы көрсетіледі;

13) 300.06.007 А жолында күмәнді міндеттемелерді тану кезінде салық салынатын айналымды түзетудің сомасы көрсетіледі;

14) 300.06.007 В жолында күмәнді міндеттемелерді тану кезінде салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзетудің сомасы көрсетіледі;

15) 300.06.008 А жолында күмәнді міндеттемелер бойынша төлеу құнына салық салынатын айналымның мөлшерін ұлғайту кезінде салық салынатын айналымның мөлшерін түзетудің сомасы көрсетіледі;

16) 300.06.008 В жолында күмәнді міндеттемелер бойынша төлеу құнына салық салынатын айналымның мөлшерін ұлғайту кезінде салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзетудің сомасы көрсетіледі;

17) 300.06.009 А жолында 300.06.001 А бастап 300.06.008 А дейінгі жолдардың қосындысымен анықталатын, салық салынатын айналымды түзетудің жиынтық сомасы көрсетіледі;

18) 300.06.009 В жолында салық салынатын айналым бойынша 300.06.001 В бастап 300.06.008 В дейінгі жолдардың қосындысымен анықталатын салық салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзетудің жиынтық сомасы көрсетіледі.

19) 300.06.010 А жолында босатылған айналым бойынша 300.06.001 А бастап 300.06.008 А дейінгі жолдардың қосындысымен анықталатын босатылған айналым бойынша қосылған құн салығын түзетудің жиынтық сомасы көрсетіледі
.

35. "Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету" бөлімінде:

1) 300.06.011 жолында алдыңғы салық кезеңдерінде қосылған құн салығы есепке жатқызуға жатқызылған және есепті салық кезеңінде салық салынатын айналым мақсатында емес пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі.

Тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша есепке жатқызуды түзету мынадай жолмен жүргізіледі:

салық салынатын айналым мақсатында емес пайдаланылған негізгі құралдар бойынша түзетуге жататын қосылған құн салығының сомасы теңгерімдік құны бойынша яғни амортизациялық аударымдарды шегерумен, қайта бағалау есебінсіз негізгі құралды сатып алу сәтінде қолданыста болған қосылған құн салығының ставкасын қолдану жолымен анықталады;

бір бөлігі салық салынатын айналым мақсатында емес пайдаланылған тауарлық материалдық қорлар бойынша бұрын есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығының сомасын түзету салық салынатын айналым мақсатында емес пайдаланылған тауарлар бойынша есепке жатқызуға жатқызылған салық сомасының бөлігінде жүргізіледі;

жұмыстарды, қызметтерді салық салынатын айналым мақсатында емес пайдалану кезінде түзету бұрын салық салынатын айналым мақсатында емес пайдаланылған жұмыстар, қызметтер бойынша жүргізіледі;

1) 300.06.012 жолында жоғалған немесе бүлінген жағдайда тауарлар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі. Аталған жолдың мәні тек қана теріс болуы тиіс;

2) 300.06.013 жолында нормадан тыс шығындар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзету сомасы көрсетіледі. Аталған жолды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектілері болып табылатын қосылған құн салығының төлеушілері толтырады;

3) 300.06.014 жолында Салық кодексінің 263-бабына белгіленген ережелерді сақтамаған кезде қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

4) 300.06.015 жолында заңды күшіне енген сот үкімінің немесе қаулысының негізінде жалған кәсіпорын деп танылған салық төлеушімен жасалған операциялар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

5) 300.06.016 жолында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз жеке кәсіпкерлік субъектісі жасаған мәміле бойынша соттың үкімімен заңсыз деп танылған қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

6) 300.06.017 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген мүлік бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

7) 300.06.018 жолында жеткізушіге бір бөлігі және толық қайтарылған тауарлар бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

8) 300.06.019 жолында мәміленің шарттары өзгерген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

9) 300.06.020 жолында сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін бағаның өзгеруіне, өтемақыға байланысты жүргізілетін қосылған құн салығын есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

10) 300.06.021 жолында баға жеңілдігіне, сатулардан жеңілдікке байланысты қосылған құн салығын есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

11) 300.06.022 жолында теңгедемен төленген, өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер құнындағы айырмашылық алынуына байланысты қосылған құн салығын есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

12) 300.06.023 жолында ыдыста қайтару кезіндегі қосымша құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

13) 300.06.024 жолында күмәнді міндеттемелер, міндеттемелерді есептен шығару бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

14) 300.06.024 жолында танылған күмәнді талаптар бойынша қосымша құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

15) 300.06.025 жолында күмәнді міндеттемелерді тану кезінде қосылған құн салығы бойынша бұрын есепке жатқызуды түзету жүргізілген күмәнді міндеттемелер бойынша төлеу жүзеге асырылған кезде қосылған құн салығын есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

16) 300.06.026 жолында 300.06.010-300.06.025 аралығындағы жолдардың сомасы ретінде анықталатын қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің жиынтық сомасы көрсетіледі.

300.06.009 А жолының сомасы 300.00.004 А жолына көшіріледі.

300.06.009 В жолының сомасы 300.00.004 В жолына көшіріледі.

300.06.010 А жолының сомасы 300.00.006 жолында есепке алынады.

300.06.026 жолының сомасы 300.06.023 жолына көшіріледі.

9. Есепті салық кезең ішінде өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот фактуралар тізілімі – 300.07 нысанын жасау

36. Осы нысан өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша жазылған шот-фактуралар туралы мәліметтерді егжей-тегжейлі көрсетуге арналған. Есепті кезең ішінде өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша айналымдар болған жағдайда осы қосымша міндетті түрде ұсынуға және толтыруға жатады.

37. Осы нысанда жасалу күні есепті кезең ішіне кіретін, өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша айналымдар көрсетіледі.

Есепті кезең ішінде өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот фактуралар тізілімі (бұдан әрі - Тізілім) жазылып берілген, соның ішінде комиссионерлермен, комитенттермен, сенім білдірушілермен, сенім білдірілген өкілдермен, экспедиторлармен, бірлескен қызмет қатысушыларымен жазылып берілген шот-фактуралар негізінде табыс етіледі.

38. Тізілімде Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асырмайтын, оның ішінде филиал немесе өкілдік арқылы жүзеге асырмайтын резидент еместердің атына жазылған, сондай-ақ жеке кәсіпкерлерді қоспағанда жеке тұлғаларға жазылған шот-фактуралар көрсетілмейді.

39. "Өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомасы" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында өнім берушінің мәртебесі кириллицалық бас әріптерімен көрсетіледі. Аталған бағана тауарлар, жұмыстар, қызметтер бірлескен қызмет туралы келісімшарты шегінде, комиссия, тапсырма, көлік экспедициялары, қаржы лизингі келісімшарттары бойынша өткізілген жағдайда толтырылады. Егер өнім беруші комитент болса, онда "К" мәртебесі көрсетіледі; комиссионер - "М" мәртебесі көрсетіледі; сенім білдіруші - "Д" мәртебесі көрсетіледі; сенім білдірілген өкіл - "П" мәртебесі көрсетіледі; экспедитор - "Э" мәртебесі көрсетіледі; лизинг беруші - "Л" мәртебесі көрсетіледі. Егер тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бірлескен қызмет туралы келісімшарты шегінде жүзеге асырылса, онда "С" мәртебесі көрсетіледі;

3) С бағанында шот-фактурада көрсетілген сатып алушы салық төлеушісінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында сатып алушының сәйкестендіру жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) (бар болған жағдайда) нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында шот-фактурада көрсетілген нөмірге сәйкес келуі тиіс араб цифрларымен шот-фактураның нөмірі көрсетіледі.

Есепті кезең ішінде өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімі электронды түрде берілген кезде шот-фактура нөмірін көрсетуге арналған торкөздер саны шектелмейді;

6) F бағанында шот-фактураның немесе Салық кодексінің 265-бабына сәйкес салық салынатын айналымды немесе босатылған айналымды түзету кезінде жазылып берілетін қосымша шот-фактураның жазып берілген күні көрсетіледі;

7) G бағанында шот-фактураның түрі кириллицалық бас әріптерімен көрсетіледі. Аталған бағана мынадай жағдайларда толтырылады:

қосымша шот-фактурадағы деректерді көрсеткен кезде;

егер шот-фактура немесе қосымша шот-фактура Салық кодексінің 78-бабының талаптары сақталмаған кезде Енгізу туралы Заңның 51-бабына сәйкес жазылып берілсе;

егер тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушымен осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді берушіге шот-фактураны жазып беру талабы қойылған кезде Салық кодексінің 263-бабы 15-тармағы 1) және 2) тармақшаларымен ескерілген жағдайларда шот-фактура өткізу бойынша айналым жасалған күнінің салық кезеңі өткеннен кейін жазылып берілсе.

Егер тиісті жолда қосымша шот-фактурасының деректері көрсетілсе, онда сол жақтағы торкөзде "Д" белгісі көрсетіледі.

Егер шот-фактура немесе қосымша шот-фактура Салық кодексінің 78-бабының талаптары сақталмаған кезде Енгізу туралы Заңның 51-бабына сәйкес жазылып берілсе, онда оң жақтағы торкөзде "Ф" белгісі көрсетіледі.

Егер Салық кодексінің 263-бабы 15-тармағы 1) және 2) тармақшаларымен ескерілген жағдайларда шот-фактура өткізу бойынша айналым жасалған күнінің салық кезеңі өткеннен кейін жазылып берілсе, онда оң жақтағы торкөзде "П" белгісі көрсетіледі;

8) Н бағанында қосылған құн салығын есепке алусыз шот-фактурада көрсетілген тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жалпы құны көрсетіледі.

Бұл ретте тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушыға шот-фактураларды Салық кодексінің 264-бабымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, жазып беретін салық төлеуші аталған бағанада көлік экспедициясы келісімшарты шегінде тасымалдаушылардың және (немесе) өнім берушілердің жасаған және көрсеткен жұмыстар мен қызметтерінің құнын ескере отырып, шот-фактурада көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша (салық салынатын және (немесе) босатылатын) айналымдардың жалпы сомасын көрсетеді.

Шот-фактураларды Салық кодексінің 263-бабы 18-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жазып беретін комиссионерлер комиссионерлермен сатып алушыға өткізілетін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің құны негізінде, комиссионермен жызылып берілген шот-фактурада көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша (салық салынатын және (немесе) босатылатын) айналымдардың жалпы сомасын көрсетеді.

Өзі беретін лизинг нысанасына шот-фактура жазатын лизинг беруші бұл бағанада, сыйақы және қосылған құн салығы сомалары енгізілместен, қаржы лизингінің шартына сәйкес барлық лизинг төлемдерінің жалпы сомасы негізінде шот-фактурада көрсетілген (салық салынатын немесе салынбайтын) айналым мөлшерін көрсетеді.

H бағанының жиынтық мөлшері 300.07 нысанының бірінші бетінде ғана көрсетіледі және барлық беттердің аталған бағанасында көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен анықталады;

9) I бағанында шот-фактурада көрсетілген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. I бағанының жиынтық мөлшері 300.07 нысанының бірінші бетінде ғана көрсетіледі және барлық беттердің аталған бағанасында көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен анықталады;

10) J бағанында есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Егер тиісті жолдар бойынша I бағанасы толтырылған болса, онда J бағанасы толтыруға міндетті болып табылады. J бағанының жиынтық мөлшері 300.07 нысанының бірінші бетінде ғана көрсетіледі және барлық беттердің аталған бағанасында көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен анықталады.

Мүлікті қаржы лизингіне беру кезінде бұл бағанада Салық кодексінің 238-бабы 10-тармағына сәйкес анықталған салық салынатын айналым бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Салық кодексінің 263-бабы 11-тармағына сәйкес мерзімді баспа басылымдарын өткізу кезінде жазылып берілген шот-фактура бойынша бұл бағанада Салық кодексінің 238-бабы 16-тармағына сәйкес анықталған салық салынатын айналым бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Салық кодексінің 235-бабының 1-тармағына сәйкес бірлескен қызмет туралы шарттың шеңберінде жазылған шот-фактура бойынша осы бағанда бірлескен қызмет туралы шарттың осы қатысушысына келетін қосылған құн салығының есептелген сомасы көрсетіледі.

40. Тізілімге өзгертулер мен толықтыруларды енгізу мыналар ескеріле отырып жүзеге асырылады:

1) 300.00 нысанының ҚҚС бойынша Декларацияның негізгі нысанында Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағында көзделген салық есептілігінің түріне жатқызылуын есепке ала отырып, "қосымша" немесе "хабарлама бойынша қосымша" торкөздерінде белгі қою міндетті;

2) Тізілімнің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі және өзгертулер мен толықтырулар енгізілетін салық кезеңі көрсетіледі;

3) Тізілімнің "Өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінің B, C, D, E, F, G, H, I, J бағандарында қателік табылса, онда алдында көрсетілген қате шот-фактураның Тізілімнен жоюлуы жүзеге асырылады. Қате шот-фактураны жою үшін қосымша Тізілімде өзгертулер енгізу кезеңіндегі алдында табыс етілген Тізілімнің соңғы нөмірінен кейінгі нөмір көрсетіледі, B, C, D, E, F, G бағандарында алдында көрсетілген деректер

көрсетіледі, ал H, I, J бағандарындағы алдында көрсетілген сомалар минус белгісімен көрсетіледі. Одан кейін жаңа жолдан деректері мен сомалары дұрыс шот-фактуралар енгізіледі;

4) Салық кезеңіндегі Тізілімді жаңа жолдармен толықтырған жағдайда өзгертулер енгізу кезеңіндегі алдында табыс етілген Тізілімнің соңғы нөмірінен кейінгі нөмір көрсетіледі.

41. Ереженің 40-тармағы 3) және 4) тармақшаларын қолданған кезде егер кезекті Декларациядан кейін қосымша Декларация бірінші рет табыс етілсе, онда Тізілімді толықтыру немесе Тізілімнің жолдарын жою кезінде кезекті Декларация Тізілімінің соңғы нөмірінен кейінгі нөмір көрсетілетінін ескерген жөн.

Егер алдында қосымша Декларациялар табыс етілген кезекті Декларацияға қосымша Декларация табыс етілсе, онда Тізілімді толықтыру немесе Тізілімнің жолдарын жою кезінде соңғы қосымша Декларацияға табыс етілген Тізілімінің соңғы нөмірінен кейінгі нөмір көрсетіледі.

10. Есепті салық кезең ішінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімі (мемлекеттік материалдық резерв қорынан тауарларды шығаруға құжаттар) – 300.08 нысанын жасау

42. 300.08 нысаны Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралар (мемлекеттік материалдық резерв қорынан тауарларды шығаруға құжаттар) туралы мәліметтерді көрсетуге арналған. Есепті кезең ішінде тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алынған жағдайда осы қосымша міндетті түрде ұсынуға және толтыруға жатады.

Есепті кезең ішінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) комиссионерлермен, комитенттермен, сенім білдірушілермен, сенім білдірілген өкілдермен, экспедиторлармен, бірлескен қызмет қатысушыларымен де табыс етіледі.

Тізілімде Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асырмайтын, оның ішінде филиал немесе өкілдік арқылы жүзеге асырмайтын резидент еместерден сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша шот-фактуралар көрсетілмейді.

43. "Сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомасы" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында тауарлар, жұмыстар, қызметтер бірлескен қызмет туралы келісімшарты шегінде, комиссия, тапсырма, көлік экспедициялары, қаржы лизингі келісімшарттары бойынша сатып алынса өнім берушінің мәртебесі кириллицалық бас әріптерімен көрсетіледі.

Егер шот-фактура бойынша өнім беруші комитент болса, онда "К" мәртебесі көрсетіледі; комиссионер - "М" мәртебесі көрсетіледі; сенім білдіруші - "Д" мәртебесі көрсетіледі; сенім білдірілген өкіл - "П" мәртебесі көрсетіледі; экспедитор - "Э" мәртебесі көрсетіледі; лизинг беруші - "Л" мәртебесі көрсетіледі . Егер тауарлар, жұмыстар, қызметтер бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы жеткізушіден сатып алынған жағдайда, онда бұл бағанда "С" белгісі көрсетіледі;

3) C бағанында шот-фактурада (құжатта) көрсетілген өнім беруші салық төлеушісінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында өнім берушінің сәйкестендіру жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) (бар болған жағдайда) нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында шот-фактурада көрсетілген нөмірге сәйкес келуі тиіс араб цифрларымен шот-фактураның нөмірі көрсетіледі немесе мемлекеттік материалдық резерв қорынан тауарларды шығаруға құжат нөмірі көрсетіледі.

Есепті кезең ішінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімі электронды түрде берілген кезде шот-фактура нөмірін көрсетуге арналған торкөздер саны шектелмейді;

6) F бағанында шот-фактураның (құжаттың) жазып берілген күні көрсетіледі;

7) G бағанында шот-фактураның түрі кириллицалық бас әріптерімен көрсетіледі. Аталған бағана мынандай жағдайларда толтырылады:

қосымша шот-фактурадағы деректерді көрсеткен кезде;

егер шот-фактура немесе қосымша шот-фактура Салық кодексінің 78-бабының талаптары сақталмаған кезде Енгізу туралы Заңның 51-бабына сәйкес жазылып берілсе;

егер тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушымен осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді берушіге шот-фактураны жазып беру талабы қойылған кезде Салық кодексінің 263-бабы 15-тармағы 1) және 2) тармақшаларымен ескерілген жағдайларда шот-фактура өткізу бойынша айналым жасалған күнінің салық кезеңі өткеннен кейін жазылып берілсе.

Егер тиісті жолда қосымша шот-фактурасының деректері көрсетілсе, онда сол жақтағы торкөзде "Д" белгісі көрсетіледі.

Егер шот-фактура немесе қосымша шот-фактура Салық кодексінің 78-бабының талаптары сақталмаған кезде Енгізу туралы Заңның 51-бабына сәйкес жазылып берілсе, онда оң жақтағы торкөзде "Ф" белгісі көрсетіледі.

Егер Салық кодексінің 263-бабы 15-тармағы 1) және 2) тармақшаларымен ескерілген жағдайларда шот-фактура өткізу бойынша айналым жасалған күнінің салық кезеңі өткеннен кейін жазылып берілсе, онда оң жақтағы торкөзде "П" белгісі көрсетіледі.

8) Н бағанында қосылған құн салығын есепке алусыз шот-фактурада көрсетілген тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жалпы құны көрсетіледі. Н бағанының жиынтық мөлшері 300.08 нысанының бірінші бетінде ғана көрсетіледі және барлық беттердің аталған бағанасында көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен анықталады;

9) І бағанында шот-фактурада (құжатта) көрсетілген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. І бағанының жиынтық мөлшері 300.08 нысанының бірінші бетінде ғана көрсетіледі және барлық беттердің аталған бағанасында көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен анықталады;

10) J бағанында көрсетілген шот-фактура (құжат) бойынша есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Қаржы лизингі шарты бойынша жазылып берілген шот-фактура бойынша бұл бағанада Салық кодексінің 256-бабы 2-тармағы 2) тармақшасына сәйкес есепке жатқызылуға жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Салық кодексінің 263-бабы 11-тармағына сәйкес мерзімді баспа басылымдарын өткізу кезінде жазылып берілген шот-фактура бойынша бұл бағанада Салық кодексінің 256-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес есепке жатқызылуға жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Бірлескен қызмет туралы шарттың қатысушысы (қатысушылары) осындай қызмет шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алатын болса, Салық кодексінің 235-бабының 3-тармағына сәйкес жазылған шот-фактура бойынша бұл бағанда қосылған құн салығының, бірлескен қызмет туралы шарттың осы қатысушысы есепке жатқызуға тиіс сомасы көрсетіледі.

J бағанының жиынтық мөлшері 300.08 нысанының бірінші бетінде ғана көрсетіледі және барлық беттердің аталған бағанасында көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен анықталады.

44. Бұрын табыс етілген Сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі осы Ереженің 40, 41-тармақтарына сәйкес өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша Тізілімге өзгерістер енгізу тәртібіне ұқсас болып келеді.

11. 300.09 – Салық кезеңі ішінде Ресей Федерациясына сатылған тауарлар және (немесе) алыс–беріс шикізатты өндіру жөніндегі орындалған жұмыстар бойынша шот-фактуралардың тізілімі – нысанының жасалуы

Ескерту. 300.09-нысанмен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.30 № 311 Бұйрығымен.

45. Осы нысан Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, Ресей Федерациясының аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша салықтық кезең ішінде Ресей Федерациясына сатылған тауарлар немесе орындалған жұмыстар бойынша жазылған шот-фактуралар туралы мәліметтердің егжей-тегжейлі көрініс табуы үшін тағайындалған.

46. Есепті салықтық кезеңде Ресей Федерациясына тауарларды сату және Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, Ресей Федерациясының аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша орындалған жұмыстар бойынша айналымдар болған кезде 300.09 қосымшаны ұсыну міндетті болып табылады.

47. Бұл нысанда сату бойынша айналымды жасаған күні есепті салық кезеңіне тура келетін шот-фактуралар көрініс табады.

48. Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, Ресей Федерациясының аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша салықтық кезең ішінде Ресей Федерациясына сатылған тауарлар немесе орындалған жұмыстар бойынша шот-фактуралардың тізілімі жазылған шот-фактуралар бойынша ұсынылады.

49. Шот-фактуралар тізілімінде Қазақстан Республикасының, қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын резиденттері үшін алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша Қазақстан Республикасының аумағында сатылған тауарлар немесе орындалған жұмыстар бойынша жазылған және 300.07 қосымшада көрініс тапқан шот-фактуралар көрсетілмейді.

50. "Өткізілген тауарлар, жұмыстар бойынша қосылған құн салығының сомасы" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында Ресей Федерациясының сатып алушысының – ССН (ЕСК) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі / тіркеу есебіне қою себептерінің коды көрсетіледі. Егер сатып алушы заңды тұлға болса, онда "/" белгісі арқылы ССН және ЕСК көрсетіледі, егер сатып алушы жеке кәсіпкер болса, онда ССН көрсетіледі;

3) С бағанында шот-фактурада көрсетілген нөмірге сәйкес келуі тиіс шот-фактураның нөмірі араб цифрларымен көрсетіледі

Электрондық түрде, есепті кезең ішінде сатылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралардың тізілімін беру кезінде шот-фактураның нөмірін көрсету үшін торкөздердің саны шектелмейді;

4) D бағанында шот-фактураның немесе Салық кодексінің 265-бабына сәйкес жазылған қосымша шот-фактураның жазылған күні көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 276-6-бабының 1 және 4-тармақтарына сәйкес айқындалатын, сату бойынша айналымның жасалған күні көрсетіледі;

6) F бағанында нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым түрі кириллица форматында бас әріптермен көрсетіледі. Егер шот-фактура кеден одағына мүше мемлекеттерге экспортталған тауарлар бойынша жазылса, "Э" көрсетіледі. Егер шот-фактура Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар бойынша жазылған болса "Р" көрсетіледі;

7) G бағанында шот-фактурада көрініс тапқан және салық кезеңі ішінде кеден одағына мүше мемлекеттерге сатылған тауарлар немесе Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар бойынша нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым мөлшерінің барлығы көрсетіледі.

12. 300.10 – Салық кезеңі ішінде Беларусь Республикасына сатылған тауарлар және (немесе) алыс-беріс шикізатты өндіру жөніндегі орындалған жұмыстар бойынша шот-фактуралардың тізілімі – нысанының жасалуы

Ескерту. 300.10-нысанмен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.30 № 311 Бұйрығымен.

51. Осы нысан Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, Беларусь Республикасының аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша салықтық кезең ішінде Беларусь Республикасына сатылған тауарлар немесе орындалған жұмыстар бойынша жазылған шот-фактуралар туралы мәліметтердің егжей-тегжейлі көрініс табуы үшін тағайындалған.

52. Есепті салықтық кезеңде Беларусь Республикасына тауарларды сату және Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, Беларусь Республикасының аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша орындалған жұмыстар бойынша айналымдар болған кезде 300.10 қосымшаны ұсыну міндетті болып табылады.

53. Бұл нысанды толтыру тәртібі осы Ереженің 47, 50-тармақтарында белгіленген толтыру тәртібіне ұқсас. Бұл ретте "Сатылған тауарлар, жұмыстар

бойынша қосылған құн салығының сомасы" деген бөлімнің В бағанында Беларусь Республикасынан сатып алушының – төлеушінің есептік нөмірі – ТЕН көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі!!!

300.00-300.10 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Импортталған тауарлар бойынша
жанама салықтар жөніндегі
декларация (320.00-нысан)

Ескерту. Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларациямен (320.00-нысан) толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.30 № 311 Бұйрығымен.

Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі салық есептілігін (декларацияны) жасау ережесі (320.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 8-9-бөлімдеріне және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Енгізу туралы Заң) 11-1, 11-2, 21, 49, 49-1-баптарына сәйкес кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан тауарлардың импорттаған кезде қосылған құн салығы және акциздер бойынша салық міндеттемелерін есептеуге арналған осы Ережелерге (бұдан әрі - Декларация) қосымшаға сәйкес импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі салық есептілігін (декларацияны) жасау тәртібін айқындайды
.

2. Декларация Декларацияның өзінен (320.00-нысан), қосылған құн салығы және акциздер бойынша салық міндеттемелерін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (320.01-тен 320.13-нысандар бойынша) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар Декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы ережелерде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу ; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларация толтыру кезінде қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны тапсырған кезде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігін салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (320.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші міндетті түрде мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – тауарларды импорттаушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Декларацияның 8-жолында белгіленген, нақты бір санатқа жататын салық төлеуші салық міндеттемесін орындаған кезде, осындай салық төлеушінің СТН көрсетіледі;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі. Декларацияның 8-жолында белгіленген, нақты бір санатқа жататын салық төлеуші салық міндеттемесін орындаған кезде, осындай салық төлеушінің ЖСН (БСН) көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті түрде толтырылуы тиіс;

3) тауарларды импорттаушы тұлғаның атауы немесе аты-жөні. Жол міндетті түрде толтырылуы тиіс.

Заңды тұлғаның атауы жарғылық құжаттарына сәйкес көрсетіледі, жеке кәсіпкердің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлік басқарушының атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі. Салық міндеттемесін заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі орындаған кезде Салық кодексінің 276-2-бабы 2) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарында көрсетілген жағдайда, осындай құрылымдық бөлімшенің атауы көрсетіледі;

4) салық кезеңі (ай) – Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі Салық кодексінің 276-20-бабына сәйкес күнтізбелік күн болып табылады. Жол міндетті түрде толтырылуы тиіс;

5) Декларацияның түрі.

Салық есептілігінің түріне қарай торкөздердің бірі (бастапқы, қосымша, хабарлама бойынша қосымша) міндетті түрде белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

7) қосымша декларация табыс етілетін кезекті декларацияның тіркеу нөмірі (қабылдаған кезде салық органы береді) көрсетіледі;

8) салық төлеушінің санаты. Салық төлеуші қандай санатқа жататындығына қарай A, B, C, D, E, F, G торкөздердің бірі міндетті түрде белгіленеді;

9) 8 А жолында торкөздердің бірі міндетті түрде белгіленуі тиіс. I торкөзі резиденттің тауарларды импорттаған жағдайда белгіленеді. II торкөзі Салық кодексінің 276-2-бабы 2) тармақшасының бесінші-жетінші абзацтарына сәйкес резидент еместің тауарларды импорттаған жағдайда белгіленеді;

10) 8 В жолы егер тұлға Салық кодексінің 276-2-бабы 2) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарына сәйкес тауарларды импорттаушы заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылған жағдайда толтырылады. Егер

құрылымдық бөлімше шарттың (келісімшарттың) тарабы болып табылса, 8 B I торкөз белгіленеді. Егер құрылымдық бөлімше шарт (келісімшарт) бойынша тауарларды алушы болып табылса, 8 B II торкөз белгіленеді;

11) 8 C торкөз заңды тұлға тауарларды импорттаған кезде белгіленеді;

12) 8 D торкөз жеке нотариус тауарларды импорттаған кезде белгіленеді;

13) 8 E торкөз адвокат тауарларды импорттаған кезде белгіленеді;

14) 8 F торкөз шетелдің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдардың, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, жеке пайдалануы үшін әкелінетін тауарларды импорттаған кезде белгіленеді;

15) 8 G торкөз сенімгерлікпен басқарушы тауарларды импорттаған кезде белгіленеді;

16) Валюта коды. Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес валюта коды міндетті түрде көрсетіледі;

17) ҚҚС бойынша куәліктің сериясы мен нөмірі. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің сериясы мен нөмірі көрсетіледі. Жол қосылған құн салығы бойынша төлеушілер болып табылмайтындарды қоспағанда, міндетті түрде толтырылуы тиіс.

Егер 8 B I немесе 8 B II торкөздер белгіленеген 8 B толтырылған жағдайда, торкөзде құрылымдық бөлімше заңды тұлғасының қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлігінің сериясы мен нөмірі көрсетіледі;

18) Қосылған құн салығынан босатылған импорт. Салық кодексінің 255-бабында көзделген тауарларды қосылған құн салығынан босатқан кезде, 11 I торкөз белгіленеді. Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына қайта өңдеуге арналған, сондай-ақ олардың көмегімен қайта өңдеу бойынша операциялар жүзеге асырылатын тауарларды әкеткен тауарларды қосылған құн салығынан босатқан кезде, 11 II торкөз белгіленеді. Заңды тұлға, 01.01.2009 жылға дейін инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған концессиялық келісімшарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын оның медігерлері кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген тауарларды қосылған құн салығынан босатқан кезде, 11 III торкөз белгіленеді;

19) Есепке жатқызу әдісімен төленетін қосылған құн салығы бойынша тауарлардың импорты. Егер тұлға "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 49-1-бабында белгіленген тәртіпте кеден одағына

мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды әкелуді жүзеге асыратын болса, онда тиісті торкөз белгіленеді;

20) Тауарлардың, олар бойынша төлеу мерзімі өзгертілген импорты. Егер Енгізу туралы Заңының 49-бабы 27-49-абзацтарында белгіленген тәртіпте кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды әкелуді жүзеге асыратын болса, онда тиісті торкөз белгіленеді;

21) Акцизделетін тауарлардың импорты. Егер импортталатын тауарлар акцизделетін тауарлар болып табылса, онда тиісті торкөз белгіленеді;

22) Акциз салудан босатылатын тауарлардың импорты. Егер импортталатын акцизделетін тауарлар Салық кодексінің 281-бабы 3-тармағына сәйкес акциз салудан босатылған жағдайда, тиісті торкөз белгіленеді;

23) Табыс етілген қосымшалар. 16 жолда табыс етілетін қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді;

24) Декларацияға қоса берілген құжаттар. Бұл декларацияда Салық кодексінің 276-20-бабы 3-тармағына сәйкес декларациямен бір уақытта табыс етілетін құжаттар туралы мәліметтер көрсетіледі.

17 I жолда тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштердің саны көрсетіледі. Осы жолда көрсетілетін тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштердің саны 320.13-нысанның Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштердің Тізілімінде көрсетілген Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштердің санына сәйкес келуі тиіс.

17 II жолда Салық кодексінің 276-20-бабы 3-тармағына сәйкес декларацияға қоса берілген құжаттар парақтарының жалпы саны көрсетіледі.

15. "Тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығын есептеу" бөлімінде:

1) кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген (әкелінетін) тауарлардың импортына, оның ішінде Салық кодексінің 276-4-бабы 3-тармағына сәйкес алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын тауарлардың импортына (лизинг мәніне) салық салынатын мөлшерінің жиынтық сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.01-нысанның 320.01.004-жолынан сома көшіріледі;

320.00.001 А жол өзіне 320.00.001 I А, 320.00.001 II А жолдарының сомасын қосады;

2) 320.00.001 I А-жолда Ресей Федерациясының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген (әкелінетін) тауарлардың салық салынатын импорты мөлшерінің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.01-нысанның 320.01.001 I, 320.01.002 I, 320.01.003 I-жолдарынан сома көшіріледі;

3) 320.00.001 II А-жолда Беларусь Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген (әкелінетін) тауарлардың салық салынатын импорты мөлшерінің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.01-нысанның 320.01.001 II, 320.01.002 II, 320.01.003 II-жолдарынан сома көшіріледі;

320.00.001 I А және 320.00.001 II А-жолдарында көрсетілетін салық салынатын импорттың мөлшері Салық кодексінің 276-8-бабына сәйкес айқындалады;

4) 320.00.001 В-жолда кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген (әкелінетін) тауарлардың импортына, оның ішінде Салық кодексінің 276-4-бабы 3-тармағына сәйкес алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын тауарлардың импортына (лизинг мәніне) салық салынатын мөлшерінің жиынтық сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.01-нысанның 320.01.008-жолынан сома көшіріледі;

320.00.001 В жол өзіне 320.00.001 I В, 320.00.001 II В жолдарының сомасын қосады;

5) 320.00.001 I А-жолда Ресей Федерациясының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген (әкелінетін) тауарлардың салық салынатын импортының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.01-нысанның 320.01.005 I, 320.01.006 I, 320.01.007 I-жолдарынан сома көшіріледі;

6) 320.00.001 II А-жолда Беларусь Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген (әкелінетін) тауарлардың салық салынатын импортының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.01-нысанның 320.01.005 II, 320.01.006 II, 320.01.007 II-жолдарынан сома көшіріледі;

7) 320.00.002 А-жолда Ресей Федерациясының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына жеке тұлға импорттайтын, Республиканың мемлекеттік органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын көлік құралдары бойынша салық салынатын импорты мөлшерінің сомасы көрсетіледі. 320.00.002 А жол өзіне 320.00.002 I А, 320.00.002 II А жолдарының сомасын қосады;

8) 320.00.002 I А-жолда егер Ресей Федерациясының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына жеке тұлға импорттайтын болса, көлік құралдары бойынша салық салынатын импорты мөлшерінің сомасы көрсетіледі;

9) 320.00.002 II А-жолда егер Беларусь Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына жеке тұлға импорттайтын болса, көлік құралдары бойынша салық салынатын импорты мөлшерінің сомасы көрсетіледі;

10) 320.00.002 В-жолда Ресей Федерациясының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына жеке тұлға импорттайтын, Республиканың мемлекеттік органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын көлік құралдары бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. 320.00.002 В жол өзіне 320.00.002 I В, 320.00.002 II В жолдарының сомасын қосады;

11) 320.00.002 I В-жолда егер Ресей Федерациясының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына жеке тұлға импорттайтын болса, көлік құралдары бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

12) 320.00.002 II В-жолда егер Беларусь Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына жеке тұлға импорттайтын болса, көлік құралдары бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

13) 320.00.003 А-жолда Салық кодексінің 255-бабына сәйкес босатылған импорт көрсетіледі. Бұл жолға 320.02-нысанның 320.02.001-жолынан сома көшіріледі. 320.00.003 А жол өзіне 320.00.003 I А, 320.00.003 II А жолдарының сомасын қосады;

14) 320.00.003 I-жолда Ресей Федерациясынан Салық кодексінің 255-бабына сәйкес босатылған тауарлардың импорты көрсетіледі;

15) 320.00.003 II-жолда Беларусь Республикасынан Салық кодексінің 255-бабына сәйкес босатылған тауарлардың импорты көрсетіледі;

16) 320.00.004-жолда кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлардың, сондай-ақ Салық кодексінің 276-15-бабы 2-тармағы 2) тармақшасына сәйкес қайта өңдеуге арналған, сондай-ақ олардың көмегімен қайта өңдеу бойынша операциялар жүзеге асырылатын тауарларды әкеткен тауарларды қосылған құн салығының мөлшері көрсетіледі. Бұл жолға 320.01-нысанның 320.01.004-жолынан сома көшіріледі. Импортталатын тауарлар мен осындай тауарларды әкелуді жүзеге асыратын салық төлеушілер тізбесін, тауарлар мен салық төлеушілерді көрсетілген тізбеге енгізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Бұл жолға 320.02-нысанның 320.02.002-жолынан сома көшіріледі.

320.00.004 А жол өзіне 320.00.004 I А, 320.00.004 II А жолдарының сомасын қосады;

17) 320.00.004 I-жолда Ресей Федерациясының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына қайта өңдеуге арналған, сондай-ақ олардың көмегімен қайта өңдеу бойынша операциялар жүзеге асырылатын тауарларды әкеткен тауарларды қосылған құн салығының мөлшері көрсетіледі;

18) 320.00.004 II-жолда Беларусь Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына қайта өңдеуге арналған, сондай-ақ олардың көмегімен қайта өңдеу бойынша операциялар жүзеге асырылатын тауарларды әкеткен тауарларды қосылған құн салығының мөлшері көрсетіледі;

19) 320.00.005 В-жолда Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын өндірістік қайта өңдеуге арналған тауарлардың, олар бойынша Енгізу туралы Заңының 49-бабы 27-50-

абзацтарына сәйкес қосылған құн салығын төлеу мерзімдері өзгертілген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі Бұл жолға 320.03-нысанның D бағанының 0000001 және 0000002 жолдарының жиынтық сомасы көшіріледі.

320.00.005 В жол өзіне 320.00.005 I В, 320.00.005 II В жолдарының сомасын қосады;

20) 320.00.005 I В-жолда Ресей Федерациясының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын өндірістік қайта өңдеуге арналған тауарлардың, олар бойынша қосылған құн салығын төлеу мерзімдері өзгертілген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі Бұл жолда 320.03-нысанның D бағанының жолдарынан, олар бойынша F бағанында ел коды Ресей Федерациясының импорты көрсетілген сомаларын қосумен сомасы көрсетіледі;

21) 320.00.005 II В-жолда Беларусь Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын өндірістік қайта өңдеуге арналған тауарлардың, олар бойынша қосылған құн салығын төлеу мерзімдері өзгертілген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі Бұл жолда 320.03-нысанның D бағанының жолдарынан, олар бойынша F бағанында ел коды Беларусь Республикасының импорты көрсетілген сомаларын қосумен сомасы көрсетіледі;

22) 320.00.006 А-жолда кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың, олар бойынша Енгізу туралы Заңының 49-1-бабына сәйкес есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығы төленген импортқа салынатын мөлшері көрсетіледі. Бұл жолға 320.04-нысанның 320.02.003 А-жолынан сома көшіріледі.

Жол өзіне 320.00.006 I А және 320.00.006 А II жолдарының сомасын қосады;

23) 320.00.006 I А-жолда Ресей Федерациясының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың, олар бойынша Енгізу туралы Заңының 49-1-бабына сәйкес есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығы төленген импортқа салынатын мөлшері көрсетіледі. Бұл жолға 320.04-нысанның 320.04.001 А-жолынан сома көшіріледі;

24) 320.00.006 II А-жолда Беларусь Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың, олар бойынша Енгізу туралы Заңының 49-1-бабына сәйкес есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығы төленген импортқа салынатын мөлшері көрсетіледі. Бұл жолға 320.04-нысанның 320.04.002 А-жолынан сома көшіріледі;

25) 320.00.006 В-жолда кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың, олар бойынша Енгізу туралы Заңының 49-1-бабына сәйкес есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығы төленген импортқа салынатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.04-нысанның 320.04.003 В жолынан сома көшіріледі. Жол өзіне 320.00.006 I В және 320.00.006 В II жолдарының сомасын қосады;

26) 320.00.006 I B-жолда Ресей Федерациясының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың, олар бойынша Енгізу туралы Заңының 49-1-бабына сәйкес есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығы төленген импортқа салынатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.04-нысанның 320.04.001 B жолынан сома көшіріледі;

27) 320.00.006 II B жолда Беларусь Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың, олар бойынша Енгізу туралы Заңының 49-1-бабына сәйкес есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығы төленген импортқа салынатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.04-нысанның 320.04.002 B жолынан сома көшіріледі;

28) 320.00.007 A жолда заңды тұлға әкелген, 01.01.2009 жылға дейін инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған концессиялық келісімшарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын оның медігерлері кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлардың босатылған импортының мөлшері көрсетіледі. Бұл жолға 320.02-нысанның 320.02.003-жолынан сома көшіріледі;

29) 320.00.006 I A жолда заңды тұлға әкелген, 01.01.2009 жылға дейін инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған концессиялық келісімшарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын оның медігерлері Ресей Федерациясының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлардың босатылған импортының мөлшері көрсетіледі. Бұл жолға 320.02-нысанның 320.02.003 I жолынан сома көшіріледі;

30) 320.00.006 II A жолда заңды тұлға әкелген, 01.01.2009 жылға дейін инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған концессиялық келісімшарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын оның медігерлері Беларусь Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлардың босатылған импортының мөлшері көрсетіледі. Бұл жолға 320.02-нысанның 320.02.003 II жолынан сома көшіріледі;

16. "Акцизделетін тауарлар импорты кезінде акциздерді есептеу" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) 320.00.008 жолда спирттің барлық түрлерінің импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.05-нысанның 320.02.005 жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

2) 320.00.008 I жолда Ресей Федерациясынан спирттің барлық түрлерінің импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.05-нысанның 320.02.005 I C жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

3) 320.00.008 II жолда Беларусь Республикасынан спирттің барлық түрлерінің импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.05-нысанның 320.02.005 I С жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

4) 320.00.009 жолда шарап материалының импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.06-нысанның 320.02.004 С-жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

5) 320.00.009 I-жолда Ресей Федерациясынан шарап материалының импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.06-нысанның 320.06.004 I С жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

6) 320.00.009 II жолда Беларусь Республикасынан шарап материалының импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.06-нысанның 320.06.004 I С жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

7) 320.00.010 жолда алкоголь өнімінің импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жол алкоголь өнімінің барлық түрлері бойынша жасалған, 320.07.006 жолдарының жиынтық сомасы ретінде айқындалады. Алкоголь өнімінің әрбір түріне 320.07-нысанның жеке парағы толтырылады;

8) 320.00.010 I жолда Ресей Федерациясынан алкоголь өнімінің импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жол алкоголь өнімінің барлық түрлері бойынша жасалған, 320.07.006 I-жолдарының жиынтық сомасы ретінде айқындалады. Алкоголь өнімінің әрбір түріне 320.07-нысанның жеке парағы толтырылады;

9) 320.00.010 II жолда Беларусь Республикасынан алкоголь өнімінің импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жол алкоголь өнімінің барлық түрлері бойынша жасалған, 320.07.006 II жолдарының жиынтық сомасы ретінде айқындалады. Алкоголь өнімінің әрбір түріне 320.07-нысанның жеке парағы толтырылады;

10) 320.00.011 жолда темекі өнімдерінің импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жол темекі өнімдерінің барлық түрлері бойынша жасалған, 320.07.007-жолдарының жиынтық сомасы ретінде айқындалады. Темекі өнімдерінің әрбір түріне 320.08-нысанның жеке парағы толтырылады;

11) 320.00.011 I жолда Ресей Федерациясынан темекі өнімдерінің импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жол темекі өнімдерінің барлық түрлері бойынша жасалған, 320.08.007 I жолдарының жиынтық сомасы ретінде айқындалады. Темекі өнімдерінің әрбір түріне 320.08-нысанның жеке парағы толтырылады;

12) 320.00.011 II жолда Беларусь Республикасынан темекі өнімдерінің импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жол темекі өнімдерінің барлық түрлері бойынша жасалған, 320.08.007 II жолдарының

жиынтық сомасы ретінде айқындалады. Темекі өнімдерінің әрбір түріне 320.08-нысанның жеке парағы толтырылады;

13) 320.00.012 жолда шикі мұнайдың, газ конденсатының импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.09-нысанның 320.09.005 жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

14) 320.00.012 I жолда Ресей Федерациясынан шикі мұнайдың, газ конденсатының импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.09-нысанның 320.09.005 I жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

15) 320.00.012 II жолда Беларусь Республикасынан шикі мұнайдың, газ конденсатының импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.09.005 II жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

16) 320.00.013 жолда бензиннің (авиациялықты қоспағанда) импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.10.003 С жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

17) 320.00.013 I жолда Ресей Федерациясынан бензиннің (авиациялықты қоспағанда) импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.09.003 I С жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

18) 320.00.013 II жолда Беларусь Республикасынан бензиннің (авиациялықты қоспағанда) импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.09.003 II С жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

19) 320.00.014 жолда дизель отынының импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.10.007 С жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

20) 320.00.013 I жолда Ресей Федерациясынан дизель отынының импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320. 10.007 I С жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

21) 320.00.013 II жолда Беларусь Республикасынан дизель отынының импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320. 10.007 II С жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

22) 320.00.015-жолда жеңіл автомобильдер мен өзге де моторлы көлік құралдарының импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.11.003 жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

20) 320.00.015 I жолда Ресей Федерациясынан жеңіл автомобильдер мен өзге де моторлы көлік құралдарының импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.11.003 I жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

21) 320.00.015 II жолда Беларусь Республикасынан жеңіл автомобильдер мен өзге де моторлы көлік құралдарының импорты бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 320.11.003 II жолынын акциздің сомасы көшіріледі;

22) 320.00.016 жолда акцизделетін тауарлардың импорты бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы көрсетіледі. Бұл жол 320.12.008-ден 320.12.015-ке дейінгі-жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

23) 320.00.016 I жолда Ресей Федерациясынан акцизделетін тауарлардың импорты бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы көрсетіледі;

24) 320.00.016 II жолда Беларусь Республикасынан акцизделетін тауарлардың импорты бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы көрсетіледі.

17. "Акциз салудан босатылған акцизделетін тауарлардың импорты" бөлімінде 320.00.017 жолда акциз салудан босатылған акцизделетін тауарлар импортының құны көрсетіледі. Бұл жолға 320.12-нысанның барлық парақтары бойынша 320.12.001 В жолынан қалыптастырылатын акцизделетін тауарлар импортының жалпы құны көшіріледі;

18. "Салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген импорт бойынша ҚҚС және акциздер сомасы" бөлімінде:

1) 320.00.018 жолда салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Жол тек қосымша декларацияда толтырылуы тиіс. Жол өзіне 320.00.018 I және 320.00.018 II жолдарының қосады;

2) 320.00.018 I жолда Ресей Федерациясынан импортталған тауарлар бойынша салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

3) 320.00.018 II жолда Беларусь Республикасынан импортталған тауарлар бойынша салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Қосымша декларацияда 320.00.018, 320.00.018 I және 320.00.018 II жолдарын толтыру кезінде осындай сома сәйкесінше 320.00.001 В; 320.00.001 В I және 320.00.001 В II жолдарында міндетті көрсетілуі тиіс;

4) 320.00.019 жолда салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген импортталған тауарлар бойынша акциздердің сомасы көрсетіледі. Жол тек қосымша декларацияда толтырылуы тиіс. Жол өзіне 320.00.019 I және 320.00.019 II жолдарының қосады;

5) 320.00.019 I жолда Ресей Федерациясынан импортталған тауарлар бойынша салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген акциздердің сомасы көрсетіледі;

6) 320.00.019 II жолда Беларусь Республикасынан импортталған тауарлар бойынша салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген акциздердің сомасы көрсетіледі.

19. "Салық кодексінің 276-15-бабы 3-тармағына сәйкес есептелген импорт бойынша қосылған құн салығының сомасы" бөлімінде:

1) 320.00.020 жолда Салық кодексінің 276-15-бабы 3-тармағы алтыншы абзацына сәйкес әкелген кезде қосылған құн салығы төленбеген, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген тауарларды әкетпеген жағдайда есептелген импорт бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Жол өзіне 320.00.020 I және 320.00.020 II жолдарының қосады;

2) 320.00.020 I жолда әкелген кезде қосылған құн салығы төленбеген, Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген тауарларды әкетпеген жағдайда есептелген импорт бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

3) 320.00.020 II жолда әкелген кезде қосылған құн салығы төленбеген, Беларусь Республикасынан Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген тауарларды әкетпеген жағдайда есептелген импорт бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

20. "Салық кодексінің 276-14-бабы 2-тармағына сәйкес есептелген импорт бойынша қосылған құн салығының сомасы" бөлімінде:

1) 320.00.021 жолда Салық кодексінің 276-14-бабы 1-тармағында белгіленген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу мерзімі артып кеткен жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағына алыс-беріс шикізатын әкелу күнінен есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Жол өзіне 320.00.021 I және 320.00.021 II жолдарының қосады;

2) 320.00.021 I жолда Салық кодексінің 276-14-бабы 1-тармағында белгіленген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу мерзімі артып кеткен жағдайда, Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасының аумағына алыс-беріс шикізатын әкелу күнінен есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

3) 320.00.021 I жолда Салық кодексінің 276-14-бабы 1-тармағында белгіленген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу мерзімі артып кеткен жағдайда, Беларусь Республикасынан Қазақстан Республикасының аумағына алыс-беріс шикізатын әкелу күнінен есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

21. "Кеден одағында қосылған құн салығы салынбайтын импорт" бөлімінде:

1) 320.00.022 жолда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген табиғи кему нормалар шегінде салық төлеуші шеккен тауарларды жоғалтқан жағдайда, сондай-ақ Салық кодексінің 276-23-бабы 4-тармағына сәйкес табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың нәтижесінде туындаған тауарлардың бүлінген импорт кезінде қосылған құн салығы салынуға жатпайтын тауарлардың құны көрсетіледі. Жол өзіне 320.00.022 I және 320.00.022 II жолдарының қосады;

2) 320.00.022 I жолда Ресей Федерациясынан тауарлардың импорты кезінде Салық кодексінің 276-23-бабы 4-тармағына сәйкес қосылған құн салығы салынуға жатпайтын тауарлардың құны көрсетіледі;

3) 320.00.022 II жолда Беларусь Республикасынан тауарлардың импорты кезінде Салық кодексінің 276-23-бабы 4-тармағына сәйкес қосылған құн салығы салынуға жатпайтын тауарлардың құны көрсетіледі.

3. Қосылған құн салығы салынатын импорт – 320.01-нысанын жасау

22. Бұл нысан қосылған құн салығы салынатын кеден одағына мүше мемлекеттерден тауарлардың импорты туралы, сондай-ақ осындай импортталған тауарлар бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

Егер 320.00-нысанының "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде " Табыс етілген қосымшалар" 16-жолда "01" торкөзі белгіленген болса, 320.01 қосымшасы толтырылуы тиіс.

23. "Салық салынатын импорт" бөлімінде Салық кодексінің 37-1-тарауына сәйкес қосылған құн салығы салынатын импорт көрсетіледі. Салық салынатын импорттың мөлшері, оның ішінде оларды дайындау туралы шарттар (келісім-шарттар) бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарларды) кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлардың құны негізінде айқындалады. Тауарлардың құны Салық кодексінің 276-8-бабы 2-тармағына сәйкес салық салу мақсатында құнын айқындау қағидаты негізінде анықталады. Шет ел валютасындағы тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің құны салық салынатын импортты жасаған күнге нарықтық бағам бойынша теңгеге қайта есептеледі.

24. Бұл бөлімде:

1) 320.01.001 жолда қосылған құн салығынсыз, тауарлардың салық салынатын импортының жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жол өзіне 320.01.001 I және 320. 01.001 II жолдарының қосады. Бұл жол өзіне алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын лизингтің мәндері мен тауарлардың салық салынатын импортының сомасын қоспайды (320.01.002 және 320.01.003-жолдар) ;

2) 320.01.001 I жолда Ресей Федерациясынан тауарлардың салық салынатын импортының сомасы көрсетіледі;

3) 320.01.001 II жолда Беларусь Республикасынан тауарлардың салық салынатын импортының сомасы көрсетіледі;

4) 320.01.002 II жолда тауарлардың (лизинг мәндерінің) салық салынатын импорты көрсетіледі. Салық салынатын импорттың мөлшері Салық кодексінің 276-8-бабы 6-тармағына сәйкес айқындалады. Бұл жол өзіне 320.01.002 I және 320. 01.002 II жолдарында көрсетілген соманы қосады;

5) 320.01.002 I жолда Ресей Федерациясынан тауарлардың (лизинг мәндерінің) салық салынатын импорты көрсетіледі;

6) 320.01.002 II жолда Беларусь Республикасынан тауарлардың (лизинг мәндерінің) салық салынатын импорты көрсетіледі;

7) 320.01.003 жолда алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын салық салынатын импорты көрсетіледі. Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын салық салынатын импорттың мөлшері Салық кодексінің 276-8-бабы 5-тармағына сәйкес айқындалады. Бұл жол өзіне 320.01.003 I және 320. 01.003 II жолдарында көрсетілген соманы қосады;

8) 320.01.003 I жолда Ресей Федерациясынан алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын салық салынатын импорты көрсетіледі;

9) 320.01.003 II жолда Беларусь Республикасынан алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын салық салынатын импорты көрсетіледі;

10) 320.01.004 жолда 320.01.001-ден 320.01.003-ке дейінгі жолдардың сомалары ретінде айқындалатын қосылған құн салығы салынатын импорттың жиынтық сомасы көрсетіледі.

25. "Салық салынатын импорт бойынша қосылған құн салығының сомасы" бөлімінде "Салық салынатын импорт" бөлімінде көрсетілген импорт бойынша есептелген қосылған құн салығының сомалар жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

26. Бұл бөлімде:

1) 320.01.005 жолда қосылған құн салығынсыз, тауарлардың салық салынатын импортының жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жол өзіне 320.01.005 I және 320. 01.005 II жолдарының қосады. Бұл жол өзіне алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын лизингтің мәндері мен тауарлардың салық салынатын импортының сомасын қоспайды (320.01.006 және 320.01.007-жолдар) ;

2) 320.01.005 I жолда Ресей Федерациясынан тауарлардың салық салынатын импортының сомасы көрсетіледі;

3) 320.01.005 II жолда Беларусь Республикасынан тауарлардың салық салынатын импортының сомасы көрсетіледі;

4) 320.01.006 жолда тауарлардың (лизинг мәндерінің) салық салынатын импорты көрсетіледі. Салық салынатын импорттың мөлшері Салық кодексінің 276-8-бабы 6-тармағына сәйкес айқындалады. Бұл жол өзіне 320.01.006 I және 320. 01.006 II жолдарында көрсетілген соманы қосады;

5) 320.01.006 I жолда Ресей Федерациясынан тауарлардың (лизинг мәндерінің) салық салынатын импорты көрсетіледі;

6) 320.01.006 II жолда Беларусь Республикасынан тауарлардың (лизинг мәндерінің) салық салынатын импорты көрсетіледі;

7) 320.01.007 жолда алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын салық салынатын импорты көрсетіледі. Бұл жол өзіне 320.01.007 I және 320. 01.007 II жолдарында көрсетілген соманы қосады;

8) 320.01.007 I жолда Ресей Федерациясынан алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын салық салынатын импорты көрсетіледі;

9) 320.01.007 II жолда Беларусь Республикасынан алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын салық салынатын импорты көрсетіледі;

10) 320.01.008 жолда 320.01.005-тен 320.01.007-ге дейінгі жолдардың сомалары ретінде айқындалатын қосылған құн салығы салынатын импорттың жиынтық сомасы көрсетіледі.

320.01.004-жолдарының сомасы 320.00.001 A жолдарына көшіріледі.

320.01.008-жолдарының сомасы 320.00.001 B жолдарына көшіріледі.

4. Қосылған құн салығын салудан босатылған импорт - 320.02-нысанын жасау

27. Бұл нысан қосылған құн салығын салудан босатылған, Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасынан тауарлардың импортын егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

Егер 320.00-нысанының "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде " Табыс етілген қосымшалар" 16-жолда "02" торкөзі белгіленген болса, 320.04 қосымшасы толтырылуы тиіс.

28. "Қосылған құн салығын салудан босатылған импорт" бөлімінде:

1) 320.02.001 жолда Салық кодексінің 255-бабына сәйкес қосылған құн салығын салудан босатылған импорт көрсетіледі. Бұл жол өзіне 320.02.001 A, 320.02.001 B, 320.02.001 C, 320.02.001 D, 320.02.001 I, 320.02.001 F жолдарын қосады;

2) 320.02.001 A жолында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіпте гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін акцизделетіндерді қоспағанда, тауарлардың сомасы көрсетіледі;

3) 320.02.001 B жолында техникалық көмек көрсетуді қоса алғанда, мемлекет, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желілері бойынша қайырымдылық көмек мақсатында әкелінетін, акцизделетіндерді қоспағанда, тауарлардың сомасы көрсетіледі;

4) 320.02.001 C жолында салық төлеуден босатуды белгілейтін кеден режимдерінде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес декларациялануға жататын тауарлардың сомасы көрсетіледі;

5) 320.02.001 D жолында кез келген нысандағы дәрілік заттардың, оның ішінде субстанция-дәрілер; протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдар; кез келген нысандағы дәрілік заттарды шығаруға арналған материалдар, жабдықтар және жинақтаушы материалдар, оның ішінде субстанция-дәрілер, протездік-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдардың сомасы көрсетіледі;

6) 320.02.001 I мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтерінің және халықаралық ұйымдардың желісі бойынша берілген грант қаржысы есебінен жүзеге асырылатын тауарларының босатылған импортының мөлшері көрсетіледі;

7) 320.02.001 F жолда Салық кодексінің 255-бабына сәйкес қосылған құн салығын салудан босатылған импортының мөлшері көрсетіледі; Бұл жол өзіне 320.02.001 A-дан 320.02.001 I жолдарын қосады;

320.02.001 A-дан 320.02.001 F жолдар I және II кіші жолдардан тұрады. I тиісті кіші жолдарда Ресей Федерациясынан импортталған тауарлар бойынша мәліметтер көрсетіледі, ал тиісті кіші жолдарда Беларусь Республикасынан импортталған тауарлар бойынша мәліметтер көрсетіледі;

8) 320.02.002 жолда Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына қайта өңдеуге арналған, сондай-ақ олардың көмегімен қайта өңдеу бойынша операциялар жүзеге асырылатын тауарларды әкеткен тауарларды қосылған құн салығын салудан босатылған импортының мөлшері көрсетіледі. Бұл жол Салық кодексінің 276-15-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін тауарлар бойынша және салық төлеушілер бойынша ғана толтырылады 320.02.002 жол өзіне 320.00.002 I және 320.00.002 II жолдарының қосады;

9) 320.02.002 I жолда Ресей Федерациясынан импортталған, осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген тауарлар бойынша мәліметтер көрсетіледі;

10) 320.02.002 II жолда Беларусь Республикасынан импортталған, осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген тауарлар бойынша мәліметтер көрсетіледі;

11) 320.02.003 жолда Заңды тұлға, 01.01.2009 жылға дейін инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған концессиялық келісімшарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын оның медігерлері кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан

Республикасының аумағынан әкелінген тауарларды қосылған құн салығын салудан босатылған импортының мөлшері көрсетіледі. 320.02.001 жолдың сомасы 320.02.003 жолға көшіріледі. 320.02.003 жол өзіне 320.00.003 I және 320.00.003 II жолдарының қосады;

12) 320.02.003 I жолда Ресей Федерациясынан импортталған, осы тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген тауарлар бойынша мәліметтер көрсетіледі;

13) 320.02.003 II жолда Беларусь Республикасынан импортталған, осы тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген тауарлар бойынша мәліметтер көрсетіледі;

Сумма строки 320.02.001 переносится в строку 320.00.003 А.

Сумма строки 320.02.002 переносится в строку 320.00.004 А.

320.02.003 жолының сомасы 320.00.007 А саналады.

5. Қосылған құн салығын төлеу мерзімі өзгертілген тауарлардың импорты – 320.03-нысанын жасау

29. Бұл нысан Енгізу туралы заңның 49-бабы 27-50-абзацтарына сәйкес қосылған құн салығын төлеу мерзімі өзгертілген, Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасынан тауарлар импорты кезінде толтырылады.

Егер 320.00-нысанының "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде " Табыс етілген қосымшалар" 16 жолда "03" торкөзі белгіленген болса, 320.04 қосымшасы толтырылуы тиіс.

30. "ҚҚС төлеу мерзімі өзгертілген тауарлар импорты" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында импорт түрінің коды көрсетіледі:

1 - өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін тауарлар импорты;

2 - су, газ, электр қуаты импорты;

3) С бағанында тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініштің нөмірі және салық төлеуші берген, аталған Өтінішті толтыру күні көрсетіледі;

4) D бағанында Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішке сәйкес қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында Салық кодексінің 276-2-бабы 2-тармағына сәйкес кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды әкетілген мерзім (өзгертілген) салықты өтеу үшін көрсетіледі;

6) F бағанында импорт елінің коды көрсетіледі;

0000001 жиынтық жолында өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін тауарлар импорты бойынша жиынтық сомалар көрсетіледі;

0000002 жиынтық жолында су, газ, электр қуаты импорты бойынша жиынтық сомалар көрсетіледі.

D бағаны 0000001, 0000002 жолдарының жиынтық сомасы 320.00.005 жолына көшіріледі.

6. Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін тауарлар импорты – 320.04-нысанын жасау

1. Бұл нысан Енгізу туралы заңның 49-1-бабына сәйкес импорт кезінде қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін, салық кезеңі ішінде жүзеге асырылған Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасынан тауарлар импорты бойынша ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

Егер 320.00-нысанының "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде " Табыс етілген қосымшалар" 16 жолда "04" торкөзі белгіленген болса, 320.04 қосымшасы толтырылуы тиіс.

2. "Есепке жатқызу әдісімен төленетін Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасынан тауарлар импорты бойынша қосылған құн салығын есептеу" бөлімінде:

1) 320.04.001 А жолда қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін салық салынатын Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасынан импорт сомасы көрсетіледі. Бұл жол 320.04.001 I А, 320.04.001 II А, 320.04.001 III А, 320.04.001 IV А, 320.04.001 V А, 320.04.001 VI А, 320.04.001 VII А, 320.04.001 VIII А, 320.04.001 IX А жолдарын қосады;

2) 320.04.001 I А жолда импортталған жабдық бойынша салық салынатын импорт сомасы көрсетіледі;

3) 320.04.001 II А жолда импортталған ауыл шаруашылығы техникасы бойынша салық салынатын импорт сомасы көрсетіледі;

4) 320.04.001 III А жолда импортталған автомобиль көлігінің ауыр жүк таситын жылжымалы құрамы бойынша салық салынатын импорт сомасы көрсетіледі;

5) 320.04.001 IV А жолда импортталған ұшақтар және тік ұшақтар бойынша салық салынатын импорт сомасы көрсетіледі;

6) 320.04.001 V А жолда импортталған теміржол локомотивтері мен вагондары бойынша салық салынатын импорт сомасы көрсетіледі;

7) 320.04.001 VI А жолда импортталған теңіз кемелері бойынша салық салынатын импорт сомасы көрсетіледі;

8) 320.04.001 VII А жолда импортталған қосалқы бөлшектер бойынша салық салынатын импорт сомасы көрсетіледі;

9) 320.04.001 VIII А жолда импортталған пестицидтер (улы химикаттар) бойынша салық салынатын импорт сомасы көрсетіледі;

10) 320.04.001 IX А жолда импортталған барлық асыл тұқымды жануарлардың барлық түрі және қолдан ұрықтандыруға арналған жабдықтар бойынша салық салынатын импорт сомасы көрсетіледі;

11) 320.04.001 В жолда есепке жатқызу әдісімен төленетін Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасынан тауарлар импорты бойынша қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі. Бұл жол 320.04.001 I В, 320.04.001 II В, 320.04.001 III В, 320.04.001 IV В, 320.04.001 V В, 320.04.001 VI В, 320.04.001 VII В, 320.04.001 VIII В, 320.04.001 IX В жолдарын қосады;

12) 320.04.001 I В жолда импортталған жабдық бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

13) 320.04.001 II В жолда импортталған ауыл шаруашылық техникасы бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

14) 320.04.001 III В жолда импортталған автомобиль көлігінің ауыр жүк таситын жылжымалы құрамы бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

15) 320.04.001 IV В жолда импортталған ұшақтар және тік ұшақтар бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

16) 320.04.001 V В жолда импортталған теміржол локомотивтері мен вагондары бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

17) 320.04.001 VI В жолда импортталған теңіз кемелері бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

18) 320.04.001 VII В жолда импортталған қосалқы бөлшектер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

19) 320.04.001 VIII В жолда импортталған пестицидтер (улы химикаттар) бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

20) 320.04.001 IX В жолда импортталған барлық асыл тұқымды жануарлардың барлық түрі және қолдан ұрықтандыруға арналған жабдықтар бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

320.04.001 А жолының сомасы 320.00.006 I А жолына көшіріледі.

320.04.001 В жолының сомасы 320.00.006 I В жолына көшіріледі.

Сондай-ақ 320.00.006 I В жолдарының сомасы тиісті салық кезеңі үшін табыс етілген ҚҚС бойынша Декларацияның 300.00.012 және 300.00.028 В-жолдарында ескеріледі;

21) 320.04.002 А жолда қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін салық салынатын Беларусь Республикасынан импорт сомасы

көрсетіледі. Бұл жол 320.04.002 I A, 320.04.002 II A, 320.04.002 III A, 320.04.002 IV A, 320.04.002 V A, 320.04.002 VI A, 320.04.002 VII A, 320.04.002 VIII A, 320.04.002 IX A жолдарын қосады;

22) 320.04.002 I-ден бастап 320.04.002 IX-ге дейінгі-жолдар A және B бағандары бойынша 320.04.001 I-ден бастап 320.04.001 IX дейінгі жолдар бойынша бағандарға ұқсас толтырылады.

320.04.002 A жолының сомасы 320.00.006 II A жолына көшіріледі.

320.04.002 B жолының сомасы 320.00.006 II B жолына көшіріледі.

Сондай-ақ 320.00.006 II B жолдарының сомасы тиісті салық кезеңі үшін табыс етілген ҚҚС бойынша Декларацияның 300.00.012 және 300.00.028 B жолдарында ескеріледі;

23) 320.04.003 A-жолда қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін салық салынатын Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасынан импорт сомасының қорытындысы көрсетіледі. Бұл-жолда көрсетілетін салық салынатын импорт сомасы 320.04.001 A және 320.04.002 A жолдарынан сомалар қосындысымен айқындалады;

24) 320.04.003 B жолда қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін салық салынатын Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасынан импорт бойынша қосылған құн салығы сомасының қорытындысы көрсетіледі. Бұл жолда көрсетілетін қосылған құн салығының сомасы 320.04.001 B және 320.04.002 B жолдарынан сомалар қосындысымен айқындалады.

320.04.003 A жолының сомасы 320.00.006 A жолына көшіріледі.

320.04.003 B жолының сомасы 320.00.006 B жолына көшіріледі.

7. Салық салынатын спирт импорты – 320.05-нысанын жасау

3. Бұл нысан салық кезеңі ішінде жасалған барлық спирт түрлерінің салық салынатын импорты туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған және кеден одағына мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасына спирт импорттайтын салық төлеушілер толтырады.

4. "Салық салынатын спирт импорты" бөлімінде:

1) A бағанында салық базасының (литр) мөлшері көрсетіледі;

2) B бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

3) C бағанында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

4) 320.05.001 жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, алкоголь өнімін өндіру үшін импортталатын спирт бойынша мәліметтер көрсетіледі;

5) 320.05.001 I.I. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, алкоголь өнімін өндіру үшін Ресей Федерациясынан импортталатын 80 проценттен аз көлемдегі спирт концентрациясы бар денатураттalмаған этил спирті, спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер бойынша мәліметтер көрсетіледі;

6) 320.05.001 I.II. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, алкоголь өнімін өндіру үшін Ресей Федерациясынан импортталатын 80 процент немесе одан жоғары көлемдегі спирт концентрациясы бар денатураттalмаған этил спирті бойынша мәліметтер көрсетіледі;

7) 320.05.001 II.I. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, алкоголь өнімін өндіру үшін Беларусь Республикасынан импортталатын 80 проценттен аз көлемдегі спирт концентрациясы бар денатураттalмаған этил спирті, спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер бойынша мәліметтер көрсетіледі;

8) 320.05.001 II.II. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, алкоголь өнімін өндіру үшін Беларусь Республикасынан импортталатын 80 процент немесе одан жоғары көлемдегі спирт концентрациясы бар денатураттalмаған этил спирті бойынша мәліметтер көрсетіледі;

9) 320.05.002 жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, алкоголь өнімін өндіру үшін емес импортталатын спирт бойынша мәліметтер көрсетіледі;

10) 320.05.002 I.I. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, Ресей Федерациясынан алкоголь өнімін өндіру үшін емес импортталатын 80 проценттен аз көлемдегі спирт концентрациясы бар денатураттalмаған этил спирті, спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер бойынша мәліметтер көрсетіледі;

11) 320.05.002 I.II. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, Ресей Федерациясынан алкоголь өнімін өндіру үшін емес импортталатын 80 процент немесе одан жоғары көлемдегі спирт концентрациясы бар денатураттalмаған этил спирті, этил спирті және кез келген концентрациядағы денатураттalған өзге де спирт түрлері бойынша мәліметтер көрсетіледі;

12) 320.05.002 II.I. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, Беларусь Республикасынан алкоголь өнімін өндіру үшін емес импортталатын 80

проценттен аз көлемдегі спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті, спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер бойынша мәліметтер көрсетіледі;

13) 320.05.002 II.II. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, Беларусь Республикасынан алкоголь өнімін өндіру үшін емес импортталатын 80 процент немесе одан жоғары көлемдегі спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті, этил спирті және кез келген концентрациядағы денатуратталған өзге де спирт түрлері бойынша мәліметтер көрсетіледі;

14) 320.05.003 жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, алыс-берістік негізде қайта өңдеуге импортталған спирт бойынша мәліметтер көрсетіледі;

15) 320.05.003 I.I. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, Ресей Федерациясынан алыс-берістік негізде қайта өңдеуге импортталған 80 проценттен аз көлемдегі спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті, спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер бойынша мәліметтер көрсетіледі;

16) 320.05.003 I.II. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, Ресей Федерациясынан алыс-берістік негізде қайта өңдеуге импортталған 80 процент немесе одан жоғары көлемдегі спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті бойынша мәліметтер көрсетіледі;

17) 320.05.003 I.III. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, Ресей Федерациясынан алыс-берістік негізде қайта өңдеуге импортталған ішкі нарықта тұтыну үшін денатуратталған отындық этил спиртінің (этанол) (түссіз емес, боялған) импорты бойынша мәліметтер көрсетіледі;

18) 320.05.003 II.I. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, Беларусь Республикасынан алыс-берістік негізде қайта өңдеуге импортталған 80 проценттен аз көлемдегі спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті, спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер бойынша мәліметтер көрсетіледі;

19) 320.05.003 II.II. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, Беларусь Республикасынан алыс-берістік негізде қайта өңдеуге импортталған 80 процент немесе одан жоғары көлемдегі спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті бойынша мәліметтер көрсетіледі;

20) 320.05.003 II.III. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, Беларусь Республикасынан алыс-берістік негізде қайта өңдеуге импортталған ішкі нарықта тұтыну үшін денатураттalған отындық этил спиртінің (этанол) (түссіз емес, боялған) импорты бойынша мәліметтер көрсетіледі;

21) 320.05.004 жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, ішкі нарықта тұтыну үшін денатураттalған отындық этил спиртінің (этанол) (түссіз емес, боялған) импорты бойынша мәліметтер көрсетіледі;

22) 320.05.004 I.I. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, ішкі нарықта тұтыну үшін Ресей Федерациясынан денатураттalған отындық этил спиртінің (этанол) (түссіз емес, боялған) импорты бойынша мәліметтер көрсетіледі;

23) 320.05.004 II.I. жолда Салық кодексінің 285-бабына сәйкес спирттің бүлінгені, жойылғаны туралы мәліметтерді қоса алғанда, ішкі нарықта тұтыну үшін Беларусь Республикасынан денатураттalған отындық этил спиртінің (этанол) (түссіз емес, боялған) импорты бойынша мәліметтер көрсетіледі;

24) 320.05.005 жолда:

а. 320.05.001 А-дан 320.05.004 А-ға дейінгі жолдар сомасы ретінде айқындалатын салық салынатын импорттың қорытынды сомасы;

б. 320.05.001 С-дан 320.05.004 С-ға дейінгі жолдар сомасы ретінде айқындалатын есептелген акциздың қорытынды сомасы көрсетіледі;

25) 320.05.005 I жолда Ресей Федерациясынан салық салынатын импорттың және есептелген акциздің қорытынды сомасы көрсетіледі;

26) 320.05.004 II жолда Беларусь Республикасынан салық салынатын импорттың және есептелген акциздің қорытынды сомасы көрсетіледі.

5. "Акциз салуға жатпайтын спирт импорты" бөлімінде:

1) 320.05.006 жолда оған қатысты төтенше жағдайлар нәтижесінде туындаған бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған импортталған этил спирті бойынша мәліметтер көрсетіледі;

2) 320.05.006 I.I. жолда оған қатысты төтенше жағдайлар нәтижесінде туындаған бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған Ресей Федерациясынан импортталған 80 процентten аз көлемдегі спирт концентрациясы бар денатураттalмаған этил спирті, спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер бойынша мәліметтер көрсетіледі;

3) 320.05.006 I.II. жолда оған қатысты төтенше жағдайлар нәтижесінде туындаған бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған Ресей Федерациясынан импортталған 80 процент немесе одан жоғары көлемдегі спирт концентрациясы бар денатураттalмаған этил спирті бойынша мәліметтер көрсетіледі;

4) 320.05.006 I.III. жолда оған қатысты төтенше жағдайлар нәтижесінде туындаған бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған Ресей Федерациясынан ішкі нарықта тұтыну үшін денатуратталған отындық этил спиртінің (этанол) (түссіз емес, боялған) импорты бойынша мәліметтер көрсетіледі;

8) 400.03.008 жолында бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған фильтрлі сигареталарының саны көрсетіледі;

9) 400.03.009 жолында акциздік таңбалары бүлінген немесе жоғалған кезде салық салу базасына енгізілетін фильтрлі сигареталардың саны көрсетіледі. 400.03.009 жолы осы жолдың А және В бағандарының туындысы ретінде есептеледі;

10) А бағанының 400.03.009 жолында бүлінген және жоғалған акциздік таңбалардың саны көрсетіледі;

11) В бағанының 400.03.009 жолында акциздік маркалардың бүлінуі, жоғалуы болған кезеңнің алдындағы салық кезеңінің ішінде өнімді қораптау жүргізілген, қораптағы сигарета санының барынша көп саны көрсетіледі.

12) 400.03.010 жолында салық кезеңі ішінде фильтрлі сигареталар бойынша жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері көрсетіледі. Бұл жол 400.03.001-ден 400.03.009-ға дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

13) 400.03.011 жолында акциза ставкасы көрсетіледі;

14) 400.03.012 жолында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген, 400.03.010 және 400.03.011 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын акциз сомасы көрсетіледі.

30. "Фильтрсіз сигареталар, папиростар бойынша салық салынатын операциялар" бөлімі фильтрсіз сигареталар бойынша, сондай-ақ конкурстық массасын өткізу бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

400.03.013-400.03.024 жолдарын толтыру 400.03.001-400.03.012 жолдарын толтыру жүргізілетін тәртіпте жүргізіледі.

31. "Темекі бойынша салық салынатын операциялар" бөлімінде:

1) 400.03.025 жолында темекінің өткізілген көлемі көрсетіледі;

2) 400.03.026 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген темекінің саны көрсетіледі;

3) 400.03.027 жолында заттай төлеу кезінде пайдаланылған темекінің саны көрсетіледі;

4) 400.03.028 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелтілген темекінің саны көрсетіледі;

5) 400.03.029 жолында төлеушінің өзінің өндірістік қажеттіліктері үшін пайдаланған темекінің саны көрсетіледі;

6) 400.03.030 жолында темекінің өткізілген конкурстық массасының саны көрсетіледі;

7) 400.03.031 жолында өндіруші лицензияда көрсетілген өндіріс мекен-жайынан көшірген темекі саны көрсетіледі;

8) 400.03.032 жолында бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған темекінің саны көрсетіледі;

9) 400.03.033 жолында акциздік таңбалар бүлінген немесе жоғалған кезде салық салынатын базаға енгізілетін темекінің көлемі көрсетіледі;

10) 400.03.033 А жолында бүлінген және жоғалған акциздік таңбалардың саны көрсетіледі;

11) 400.03.033 В жолында қорапта килограммен темекі саны көрсетіледі;

12) 400.03.034 жолында темекі бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері көрсетіледі. Осы жол 400.03.025 - 400.03.033 арасындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

13) 400.03.035 жолында акциз ставкасы көрсетіледі;

14) 400.03.036 жолында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген, 400.03.034 және 400.03.035 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын акциз сомасы көрсетіледі;

32. Сигаралар бойынша салық салынатын операциялар бойынша 400.03.037 - 400.03.048 арасындағы жолдарды толтыру 400.03.025 - 400.03.036 арасындағы жолдарды толтыру жүргізілетін тәртіпте жүргізіледі.

33. Сигариллалар бойынша салық салынатын операциялар бойынша 400.03.049 - 400.03.060 арасындағы жолдарды толтыру 400.03.025 - 400.03.036 жолдарына толтыру жүргізілетін тәртіпте жүргізіледі.

34. 400.03.012, 400.03.024, 400.03.036, 400.03.048 және 400.03.060 жолдарының сомасы Декларацияның 400.00.003 жолына көшіріледі.

6. Шикі мұнай, газ конденсаты бойынша салық салынатын операциялар - 400.04-нысанын жасау

35. Бұл нысан шикі мұнай (бұдан әрі - мұнай), газ конденсаты бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген мұнайдың конкурстық массасын өткізу бойынша салық кезеңі ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

36. "Шикі мұнай, газ конденсаты бойынша салық салынатын операциялар" бөлімінде:

1) 400.04.001 жолында экспортқа өткізілетін шикі мұнайдан, газ конденсатынан басқа, өткізілген шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

2) 400.04.002 жолында Ресей Федерациясына экспорт бойынша өткізілген шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

3) 400.04.003 жолында алыс-беріс негізінде қайта өңдеуге берілетін шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

4) 400.04.004 жолында салық төлеушінің өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған шикі мұнайдың көлемі көрсетіледі;

5) 400.04.005 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген шикі мұнайдың көлемі көрсетіледі;

6) 400.04.006 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған шикі мұнайының көлемі көрсетіледі;

7) 400.04.007 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелтілген шикі мұнайдың көлемі көрсетіледі;

8) 400.04.008 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген шикі мұнайдың, газ конденсатының өткізілген конкурстық массасының көлемі көрсетіледі;

9) 400.04.009 жолында өндіруші лицензияда көрсетілген өндіріс мекен-жайынан көшірген шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

10) 400.04.010 жолында бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған шикі мұнайдың көлемі көрсетіледі;

11) 400.04.011 жолында шикі мұнай, газ конденсаты бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері анықталады. Осы жол 400.04.001 - 400.04.010 арасындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

12) 400.04.012 жолында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

13) 400.04.013 жолында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген, 400.04.011 және 400.04.012 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын акциз сомасы көрсетіледі;

37. 400.04.013 жолының сомасы Декларацияның 400.00.004 жолына көшіріледі.

7. Бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны бойынша салық салынатын операциялар - 400.05-нысанын жасау

38. Бұл нысан бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны (бұдан әрі - мұнай өнімдері) бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген мұнай өнімдерінің конкурстық массасын өткізу бойынша есепті салық кезеңі ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

39. "Бензин (авиациялықты қоспағанда)" бөлімінде:

1) А бағанында салық салынатын операциялар бойынша салық базасының мөлшері тоннада көрсетіледі;

2) В бағанында белгіленген акциз ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексі 289-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын операциялар бойынша акциздің сомасы көрсетіледі;

4) 400.05.001 жолында көтерме саудада өткізілген бензин (авиациялықты қоспағанда) (бұдан әрі - бензин) бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі. Бұл жол 400.05.001 I, 400. 05.001 II, 400.05.001 III, 400.05.001 IV, 400.05.001 V жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

5) 400.05.001 I жолында бензинді көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

6) 400.05.001 II жолында бұрын Қазақстан Республикасында немесе импорт бойынша сатып алынған бензинді көтерме саудада өткізу бойынша мәлімет көрсетіледі;

7) 400.05.001 III жолында алдағы өткізулерге өзінің құрылымдық бөлімшелеріне бензинді тиеп-жөнелту бойынша мәлімет көрсетіледі;

8) 400.05.001 IV жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген бензиннің конкурстық массасын көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

9) 400.05.001 V жолында өндіруші лицензияда көрсетілген өндіріс мекен-жайынан көшірген бензин бойынша мәлімет көрсетіледі;

10) 400.05.002 жолында бөлшек саудада өткізілген бензин бойынша мәлімет көрсетіледі. Бұл жол 400.05.002 I- 400.05.002 VII арасындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

11) 400.05.002 I жолында бензинді бөлшек саудада өткізу бойынша мәлімет көрсетіледі;

12) 400.05.002 II жолында бұрын Қазақстан Республикасында немесе импорт бойынша сатып алынған бензинді бөлшек саудада өткізу бойынша мәлімет көрсетіледі;

13) 400.05.002 III жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген бензин бойынша мәлімет көрсетіледі;

14) 400.05.002 IV жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген бензиннің конкурстық массасын бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

15) 400.05.002 V жолында бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты , бензин бойынша мәлімет көрсетіледі;

16) 400.05.002 VI жолында өз өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған бензин бойынша мәлімет көрсетіледі;

17) 400.05.002 VII жолында өз өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған, Қазақстан Республикасында одан әрі өткізу үшін сатып алынған бензин бойынша мәлімет көрсетіледі;

18) 400.05.003 жолында 400.05.001 және 400.05.002 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері, сондай-ақ осы операциялар бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы айқындалады. Бұл жол 400.05.001 және 400.05.002 жолдардың сомасы ретінде айқындалады.

40. "Дизель отыны" бөлімінде:

1) 400.05.004 жолында көтерме саудада сатылған дизель отыны бойынша мәліметтер көрсетіледі. Бұл жол 400.05.004 I, 400.05.004 II, 400.05.004 III, 400.05.004 IV, 400.05.004 V жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

2) 400.05.004 I жолында дизель отынын көтерме сату бойынша мәлімет көрсетіледі;

3) 400.05.004 II жолында бұрын Қазақстан Республикасында немесе импорт бойынша сатып алынған дизель отынын көтерме саудада сату бойынша мәлімет көрсетіледі;

4) 400.05.004 III жолында алдағы өткізулерге өзінің құрылымдық бөлімшелеріне дизель отынын тиеп-жөнелту бойынша мәлімет көрсетіледі;

5) 400.05.004 IV жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген дизель отынының конкурстық массасын көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

6) 400.05.004 V жолында өндірушінің лицензияда көрсетілген мекен-жайдан дизель отынын көшіру бойынша мәлімет көрсетіледі;

7) 400.05.005 жолында бөлшек саудада өткізілген дизель отыны бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі. Бұл жол 400.05.005 I, 400.05.005 II, 400.05.005 III, 400.05.005 IV, 400.05.005 V, 400.05.005 VI, 400.05.005 VII жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

8) 400.05.005 I жолында дизель отынын бөлшек сату бойынша мәлімет көрсетіледі;

9) 400.05.005 II жолында бұрын Қазақстан Республикасында сатып алынған немесе импортталған дизель отынын бөлшек саудада өткізу бойынша мәлімет көрсетіледі;

10) 400.05.005 III жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген дизель отыны бойынша мәлімет көрсетіледі;

11) 400.05.005 IV жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген дизель отынының конкурстық массасын бөлшек саудада өткізу бойынша мәлімет көрсетіледі;

12) 400.05.005 V жолында бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған дизель отыны бойынша мәлімет көрсетіледі;

13) 400.05.005 VI жолында өз өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған дизель отыны бойынша мәлімет көрсетіледі;

14) 400.05.005 VII жолында өз өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған, Қазақстан Республикасы аумағында алдағы өткізулер үшін бұрын сатып алынған дизель отыны бойынша мәлімет көрсетіледі;

15) 400.05.006 жолында 400.05.004 және 400.05.005 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері,

сондай-ақ осы операциялар бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы айқындалады. Бұл жол 400.05.004 және 400.05.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

41. "Акцизді есептеу" бөлімінде:

400.05.007 жолы екі бағаннан тұрады:

1) А бағанында бюджет жіктемесінің коды көрсетіледі;

2) В бағанында есепті ай үшін есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

42. 400.05.003 С және 400.05.006 С жолдарының жиынтық сомасы Декларацияның 400.00.005 және 400.00.006 жолдарына сәйкесінше көшіріледі.

8. Салықтан шегерім - 400.06-нысанын жасау

43. Бұл нысан салық кезеңінде акцизделетін өнімдер өндіруге нақты пайдаланылған шикізатқа төленген және Салық кодексінің 291-бабына сәйкес шегерімге жататын акциз сомасын есептеуге арналған.

44. "Шегерім сомасы" бөлімінде:

400.06.001 жолдары бес бағаннан тұрады:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында бюджеттік жіктеу коды көрсетіледі;

3) С бағанында есепті салық кезеңінде акцизделетін тауар өндіруге пайдаланылған шикізаттың көлемі көрсетіледі;

4) D бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

5) Е бағанында шегерімге жатқызылатын акциз сомасы көрсетіледі.

45. Е бағанының жиынтық сомасы Декларацияның 400.00.010 жолына көшіріледі.

9. Акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлар - 400.07 нысанын жасау

46. 400.07 нысаны Салық кодексі 281-бабының 3-тармағына сәйкес акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлар бойынша ақпаратты көрсетуге арналған .

47. "Акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлар" бөлімінде:

1) 400.07.001 жолында экспортталатын акцизделетін тауарлардың (Ресей Федерациясына мұнай, газ конденсатының экспортынан басқа) көлемі мен құны туралы мәліметтер көрсетіледі. Осы жол акцизделетін тауарлар бөлігінде экспорт бойынша мәлімет көрсетілетін 400.07.001 I - 400.07.001 XIV жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

2) 400.07.002 жолында акциз салудан босатылған емдік және фармацевтік құралдарды дайындауға жіберілген этиль спиртінің құны көрсетіледі;

3) 400.07.003 жолында мемлекеттік медициналық мекемелерге жіберілген этиль спиртінің құны көрсетіледі;

4) 400.07.004 жолында акциз салудан босатылған акцизделетін тауарлардың жиынтық құны көрсетіледі. Осы жол 400.07.001 В - 400.07.003 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

48. Өткізілетін акцизделетін тауар көлемі салық базасына сәйкес айқындалады.

49. 400.07.004 В жолының сомасы Декларацияның 400.00.013 жолына көшіріледі.

11. Жеңіл автомобильдер бойынша салық салынатын операциялар – 400.08 нысанын жасау

50. 400.08 нысаны жеңіл автомобильдер (мүгедектерге арнайы арналған, қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа) және адамдарды тасымалдау үшін арналған өзге де моторлық транспортық құралдар (бұдан әрі – жеңіл автомобильдер) бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген жеңіл автомлбильдердің конкурстық массасын өткізу бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

51. "Жеңіл автомобильдер бойынша салық салынатын операциялар":

1) 400.08.001 жолында сатылған жеңіл автомобильдер саны көрсетіледі;

2) 400.08.002 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген жеңіл автомобильдердің саны көрсетіледі;

3) 400.08.003 жолында заттай төлеу кезінде пайдаланылған жеңіл автомобильдерінің саны көрсетіледі;

4) 400.08.004 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелтілген жеңіл автомобильдерінің саны көрсетіледі;

5) 400.08.005 жолында төлеушінің өз өндірістік қажеттіліктері үшін пайдаланылған жеңіл автомобильдерінің саны көрсетіледі;

6) 400.08.006 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген жеңіл автомобильдердің өткізілген конкурстық массасының саны көрсетіледі;

7) 400.08.007 жолында өндіруші лиценнзияда көрсетілген мекен-жайдан көшірген жеңіл автомобильдер саны көрсетіледі;

8) 400.08.008 жолында бүліну немесе жоғалу анықталған өз өндірісі жеңіл автомобильдерінің саны көрсетіледі;

9) 400.08.009 жолында жеңіл автомобильмен есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері көрсетіледі. Осы жол 400.08.001 - 400.08.007 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

10) 400.08.010 жолында қозғалтқыштың 1 текше см көлемі үшін акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

11) 400.08.011 жолында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген, 400.08.009 және 400.08.010 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын акциз сомасы көрсетіледі.

52. 400.08.011 жолының сомасы Декларацияның 400.00.007 жолына көшіріледі.

РҚАО-ның ескертуі: 400.00-400.08 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Салық салуға байланысты
құрылымдық бөлімше немесе
объектілер үшін есебіне
(421.00-нысан) қосымша

Салық салуға байланысты құрылымдық бөлімше немесе объектілер үшін есепті жасау ережесі (421.00-нысаны)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және құрылымдық бөлімшесі (лері) бар акциз төлеушілердің салық салуға байланысты құрылымдық бөлімше немесе объектілер үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - енгізу туралы Заң) 21-бабына және Салық кодексінің 9-бөліміне сәйкес құрылымдық бөлімше (лер) жүзеге асырған операциялар бойынша акциз сомаларына салық салуға байланысты құрылымдық бөлімше немесе объектілер үшін акциз сомаларын есептеуіне арналған Есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есеп Есептің (421.00 нысан) өзінен және оған салық міндеттемелерін есептеу туралы ақпараттарды нақтылай көрсетуге арналған қосымшалардан (нысандар 421.01-ден - 421.04-ті қоса) тұрады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті тор көздер толтырылмайды.

5. Есеп қосымшалары көрсеткіштерге сәйкес ашуды талап ететін Есептегі жолдарды толтыру кезінде міндетті түрде жасалады.

6. Қосымшаларда көрсетілуге тиісті деректер жоқ болған кезде, Есеп қосымшалары жасалмайды.

7. Есеп қосымшаларының парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, Есеп қосымшаларына қосымша, қосымшалардың осыған ұқсас парағы толтырылады.

8. Осы ережеде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х " - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Есеп жасау кезінде:

1) қағаз түрінде – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды түрде – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Есепке Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

12. Есепті беру кезінде:

1) Есеп қағаз түрінде келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен төлеушіге қайтарылады;

2) салық төлеуші хабарламаны почта арқылы хабарламалы тапсырысты хатпен қағаз түрінде почта немесе өзгелей байланыс ұйымы арқылы алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде осы Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Есепті жасау (421.00-нысаны)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) акциздерді есептеу:

егер акциздерді есептеуді құрылымдық бөлімшелер жүзеге асырған жағдайда "А" торкөзге белгі жасалады;

егер акциздерді есептеуді салық салуға байланысты объектілер жүзеге асырған жағдайда "Б" торкөзге белгі жасалады;

4) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің СТН-і;

5) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің атауы;

6) салық органының коды:

А жолында заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің тіркеу есебі орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

7) В жолында салық салуға байланысты объектінің тіркеу есебі орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

8) салық кезеңі (айы) - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

9) Есептің түрі.

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есебінің түрлері Есепке жатқызуға алу есебінен тиісті тор көзге белгі қойылады;

10) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасында қаралған Есептің түрлері берілген жағдайда толтырылады.

11) Салық төлеушінің санаты.

Егер төлеуші А жолындағы көрсетілген санатқа жатқызылған жағдайда тор көзге белгі жасалады;

12) валюта коды.

Валюта кодын толтыру кезінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшасына сәйкес (бұдан әрі – Тауарларды декларациялау ережесі) валюта коды көрсетіледі;

13) берілген қосымшалар.

Берілген қосымшалардың тор көздеріне белгі қойылады.

15. "Салық салуға байланысты объектілер мен құрылымдық бөлімшелер үшін есептелген акциз" бөлімінде:

1) 421.00.001 жолында өз өндірісінің спирті бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Осы жолға 421.00.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 421.01.002 жолында алкоголь өнімі және (немесе) этил спиртінің көлемдік құрамы 0,5 пайыздан аспайтын сыра бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Осы жолға 421.00.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі және F бағанының қорытынды жолындағы 421.02 нысаны;

3) 421.01.003 жолында конкурстық массаны іске асыру бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Осы жолға F бағанының қорытынды жолындағы 421.03 нысанындағы көрсетілген сома көшіріледі;

4) 421.01.004 жолында 421.00.001-421.00.003 жолдарында көрсетілген салық салуға байланысты айқындалатын құрылымдық бөлімше немесе объектілерге есептелген жалпы акциз сомасы көрсетіледі;

5) 421.01.005 жолында салықтан шегерімдер сомасы көрсетіледі. Осы жолға E бағанының қорытынды жолындағы 421.04 нысанындағы көрсетілген сома көшіріледі;

6) 421.01.006 жолында 421.00.004-421.00.005 жолдарындағы айырма есебінде айқындалатын есептелген акциздің жалпы сомасы көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында басшының құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

Егер Декларацияны жеке тұлға өткізетін болса "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

2) Есепті беру күні.

Салық органына Есепті берген күні көрсетіледі;

3) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

4) тіркеу орны бойынша Салық салуға байланысты құрылымдық бөлімше немесе объектілерден Есепті қабылдау күні.

Енгізу туралы Заңның 3-бабына және Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес Есепті берген күні көрсетіледі;

5) кіріс құжаты.

Есепті тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) салық органының коды.

Төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Поштаның немесе басқада байланыс ұйымының пошта штемпелі қойылған күні көрсетіледі.

3. Спирт және (немесе) шарап материалы бойынша салық салынатын операциялардың - 421.01-нысанын жасау

17. Осы нысан өз өндірісінің спирті және (немесе) шарап материалы бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

18. "Спирт бойынша акциз сомасы" бөлімінде:

1) А бағанында салық базасы көрсетіледі (литр);

2) В бағанында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

4) 421.01.001 I жолында алкоголь өнімдері өндірісі үшін жөнелтілген өз өндірісінің спирті бойынша есептелген акциз туралы мәліметтерді көрсетуге арналған;

5) 421.01.001 II жолында алкоголь өнімдері өндірісі үшін емес жөнелтілген өз өндірісінің спирті бойынша есептелген акциз туралы мәліметтерді көрсетуге арналған;

6) 421.01.002 жолында 421.01.001 I жолының С бағанымен және 421.01.001 II жолының С бағанының айқындалған сомасындай, спирт бойынша есептелген акциздің сомасының қорытындысын көрсетуге арналған.

19. "Шарап материалы бойынша акциз сомасы" бөлімінде:

1) А бағанында салық базасы көрсетіледі (литр);

2) В бағанында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

4) 421.01.003 I жолында алкоголь өнімдері өндірісі үшін жөнелтілген өз өндірісінің шарап материалы бойынша есептелген акциз туралы мәліметтерді көрсетуге арналған;

5) 421.01.003 II жолында алкоголь өнімдері өндірісі үшін емес жөнелтілген өз өндірісінің шарап материалы бойынша есептелген акциз туралы мәліметтерді көрсетуге арналған;

6) 421.01.004 жолында 421.01.003 I жолының С бағанымен және 421.01.003 II жолының С бағанының айқындалған сомасындай, шарап материалы бойынша есептелген акциздің сомасының қорытындысын көрсетуге арналған.

421.01.001 жолына 421.00.002 жолындағы сома көшіріледі.

4. Алкоголь өнімі және (немесе) этил спиртінің көлемдік құрамы 0,5 пайыздан аспайтын сыра бойынша салық салынатын операциялар - 421.02 -нысанын жасау

20. Осы нысан алкоголь өнімі және (немесе) этил спиртінің көлемдік құрамы 0,5 пайыздан аспайтын сыра бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

21. "Акциз сомасы" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында түр-түрлері қимасында көрсетілмей, алкоголь өнімі және (немесе) этил спиртінің көлемдік құрамы 0,5 пайыздан аспайтын сыралардың түрлері көрсетіледі;

3) C бағанында тиісті бюджеттік жіктеме коды көрсетіледі. Бір жолда бір бюджеттік жіктеме коды көрсетіледі;

4) D бағанында алкоголь өнімі және (немесе) этил спиртінің көлемдік құрамы 0,5 пайыздан аспайтын сыра бойынша көрсетілген түрлерінің салықтық базасы көрсетіледі;

5) E бағанында акциздің ставкасы көрсетіледі;

6) F бағанында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

22. Арақ, ликер-арақ өнімдері, конъяк, бренди үшін салық базасы болып 100 пайыздық спитінің литр деп қарастырылады.

5. Алкоголь өніміне және (немесе) этил спиртінің көлемдік құрамы 0,5 пайыздан аспайтын спиртке конкурстық масса бойынша салық салынатын операциялар - 421.03 нысанын жасау

23. Осы нысан алкоголь өніміне және (немесе) этил спиртінің көлемдік құрамы 0,5 пайыздан аспайтын спиртке конкурстық масса бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

24. "Акциз сомасы" бөлімінде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында акцизделетін тауардың атауы көрсетіледі;

3) C бағанында бюджеттік жіктеме коды көрсетіледі;

4) D бағанында салық базасы көрсетіледі;

5) E бағанында акциздің ставкасы көрсетіледі;

6) F бағанында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

Осы нысанның F бағанының жиынтық жолы 421.01.003 жолына көшіріледі.

6. Салықтан шегерім – 421.04-нысанын жасау

25. Осы нысан есепті салық кезеңінде алкоголь өнімінің өндірісі үшін нақты пайдаланылған және Салық кодексінің 270-бабына сәйкес шегерімге жататын шикізат үшін төленген акциз сомасының есебіне арналған.

26. "Шегерім сомасы" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында бюджеттік жіктеу коды көрсетіледі;

3) С бағанында есепті салық кезеңінде алкоголь өнімінің өндірісіне пайдаланған шикізаттың көлемі көрсетіледі;

4) D бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

5) Е бағанында шегерімге жататын акциздің сомасы көрсетіледі.

Осы нысанның бағанының жиынтық жолы 421.00.005 жолына көшіріледі.

РҚАО-ның ескертуі: 421.00-421.04 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Салық салуға байланысты
объектілер және құрылымдық
бөлімше үшін төлеуге тиісті
акциз сомасы есебіне
(431.00-нысан) қосымша

Салық салуға байланысты объектілер және құрылымдық бөлімше үшін төлеуге тиісті акциз сомасы бойынша есепті жасау ережелері (431.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленді және салық салуға байланысты объектілер және құрылымдық бөлімшесі (лері) бар акциз төлеушілердің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (енгізу туралы Заң) 21-бабына және Салық кодексінің 9-бөліміне сәйкес жүзеге асырған операциялар бойынша салық салуға байланысты объектілер және құрылымдық бөлімше үшін төлеуге тиісті акциз сомаларын есептеуіне арналған Есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есеп Есептің (431.00 нысан) өзінен, оған салық міндеттемелерін есептеу туралы ақпараттарды нақтылай көрсетуге арналған қосымшалардан тұрады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті тор көздер толтырылмайды.

5. Осы ережеде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х " - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

6. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

Есеп жасау кезінде:

1) қағаз түрінде – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды түрде – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

7. Есепке Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

8. Есепті беру кезінде:

1) Есеп қағаз түрінде келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен төлеушіге қайтарылады;

2) салық төлеуші хабарламаны почта арқылы хабарламалы тапсырысты хатпен қағаз түрінде почта немесе өзгелей байланыс ұйымы арқылы алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

2. Есепті жасау (431.00-нысаны)

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) ЖСН (БСН) - салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) акциздерді есептеу:

егер акциздерді есептеуді құрылымдық бөлімшелер жүзеге асырған жағдайда "А" торкөзге белгі жасалады;

егер акциздерді есептеуді заңды тұлғалардың салық салуға байланысты объектілері жүзеге асырған жағдайда "Б" торкөзге белгі жасалады;

егер акциздерді есептеуді құрылымдық бөлімшелердің салық салуға байланысты объектілері жүзеге асырған жағдайда "С" торкөзге белгі жасалады;

4) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің СТН-і;

5) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің ИИН (БИН);

6) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің атауы;

7) салық органының коды:

Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің немесе объектілерінің тіркеу есебі орны бойынша салық органының коды.

8) салық кезеңі (айы) - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Есепті табыс ету үшін Салық кодексінің 295-бабына сәйкес күнтізбелік ай есепті салық кезеңі болып табылады;

9) Есептің түрі.

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есебінің түрлері Есепке жатқызуға алу есебінен тиісті тор көзге белгі қойылады;

10) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасында қаралған Есептің түрлері берілген жағдайда толтырылады.

11) Салық төлеушінің санаты.

Егер төлеуші А жолындағы көрсетілген санатқа жатқызылған жағдайда тор көзге белгі жасалады;

12) валюта коды.

Валюта кодын толтыру кезінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшасына сәйкес (бұдан әрі – Тауарларды декларациялау ережесі) валюта коды көрсетіледі;

10. "Құрылымдық бөлімшелер немесе объектілерге салық салуға байланысты жүзеге асыратын бензин бойынша (авиациялықтан басқа)операциялар" бөлімі бензин бойынша (авиациялықтан басқа) салық кезеңінің ішінде құрылымдық бөлімшелер жүзеге асыратын салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

1) А бағанында салық салынатын операциялар бойынша салық базасының мөлшері көрсетіледі. Салық базасы тоннамен көрсетіледі;

2) В бағанында белгіленген акциз ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын операциялар бойынша акциздің сомасы көрсетіледі.

11. "Бензин бойынша операцияларды (авиациялықтан басқа) жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер мен объектілерге салық салуға байланысты" бөлімнің жолдары мына ақпараттарды көрсетуге арналған:

1) 431.00.01 жолында 431.00.001 I жолынан бастап 431.00.001 IV жолдарындағы сомаларды қоса айқындайтын көтерме сауда саласында өткізілген бензин бойынша мәліметтер көрсетіледі;

2) 431.00.001 I жолында құрылымдық бөлімшелер өндірген немесе салық салуға байланысты объектілермен өндірілген бензинді көтерме саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

3) 431.00.001 II жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған бензинді көтерме өткізу бойынша мәліметтер көрсетіледі;

4) 431.00.001 III жолында тәркіленген және (немесе) иесі жоқ, мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша көшкен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген бензиннің конкурстық массасын көтерме өткізу бойынша мәліметтер көрсетіледі;

5) 431.00.001 IV жолында өндіруші жүзеге асыратын өндірістің лицензияда көрсетілген мекен жайы акцизделетін тауарларды орналастыру бойынша мәліметтер көрсетіледі;

6) 431.00.002 жолында 431.00.002 I жолынан бастап 431.00.002 VI жолдарындағы сомаларды айқындайтын бөлшек сауда саласында өткізілген бензин бойынша мәліметтер көрсетіледі;

7) 431.00.002 I жолында құрылымдық бөлімшелер өндірген немесе салық салуға байланысты объектілермен өндірілген бензинді бөлшек саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

8) 431.00.002 II жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған бензинді бөлшек саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

9) 431.00.001 III жолында тәркіленген және (немесе) иесі жоқ, мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша көшкен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген бензиннің конкурстық массасын бөлшек саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

10) 431.00.002 IV жолында оның бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленген бензин бойынша мәліметтер көрсетіледі;

11) 431.00.002 V жолында өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған жеке өндірістің бензині бойынша мәліметтер көрсетіледі;

12) 431.00.002 VI жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған және өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған бензин бойынша мәліметтер көрсетіледі;

13) 431.00.003 жолы 431.00.001, 431.00.002 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшерін, сондай-ақ осы 431.00.001 және 431.00.002 жолдарындағы сомаларды айқындайтын

операциялар бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасын айқындауға арналған.

12. "Құрылымдық бөлімшелер немесе объектілерге салық салуға байланысты жүзеге асыратын дизель отыны бойынша операциялар" бөлімі дизель отыны бойынша есепті салық кезеңінің ішінде құрылымдық бөлімшелер немесе объектілерге салық салуға байланысты жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

Осы бөлімде

1) 431.00.004 жолында 431.00.004 I жолынан бастап 431.00.004 IV жолдарындағы сомаларды айқындайтын көтерме сауда саласында сатылған дизель отыны бойынша мәліметтер көрсетіледі;

2) 431.00.004 I жолында құрылымдық бөлімшелер немесе объектілер өндірген дизель отынын көтерме саудада сатылуы бойынша салық салуға байланысты мәліметтер көрсетіледі;

3) 431.00.004 II жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған дизель отынын көтерме саудада өткізу бойынша мәліметтер көрсетіледі;

4) 431.00.004 III жолында тәркіленген және (немесе) иесі жоқ, мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген дизель отынының конкурстық массасын көтерме саудада өткізу бойынша мәліметтер көрсетіледі;

5) 431.00.004 IV жолында өндіруші жүзеге асыратын өндірістің лицензияда көрсетілген мекен жайы акцизделетін тауарларды орналастыру бойынша мәліметтер көрсетіледі;

6) 431.00.005 жолында 431.00.005 I жолынан бастап 431.00.005 VI жолдарындағы сомаларды айқындайтын бөлшек сауда саласында өткізілген дизель отыны бойынша мәліметтер көрсетіледі;

7) 431.00.005 I жолында құрылымдық бөлімшелер өндірген немесе салық салуға байланысты объектілермен өндірілген дизель отыны бөлшек саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

8) 431.00.005 II жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған дизель отынын бөлшек саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

9) 431.00.005 III жолында тәркіленген және (немесе) иесі жоқ, мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша көшкен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген дизель отынының конкурстық массасын бөлшек саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

10) 431.00.005 IV жолында оның бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленген дизель отыны бойынша мәліметтер көрсетіледі;

11) 431.00.005 V жолында өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған жеке өндірістің дизель отыны бойынша мәліметтері көрсетіледі;

12) 431.00.005 VI жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған және өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған дизель отыны бойынша мәліметтер көрсетіледі;

13) 431.00.006 жолы 431.00.004, 431.00.005 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшерін, сондай-ақ осы 431.00.004 және 431.00.005 жолдарындағы сомаларды айқындайтын операциялар бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасын айқындауға арналған.

13. "Акцизді есептеу" бөлімі акциздің есептелген сомасын бюджеттік жіктеме коды қимасында анықтап көрсетуге арналған.

Осы бөлімнің 431.00.007 жолы екі бағаннан тұрады:

1) А бағанында бюджеттік жіктеме коды көрсетіледі. Бір жолда бір бюджеттік жіктеме коды көрсетіледі;

2) В бағанында есеп берілетін айға акциздің есептелген сомасы көрсетіледі.

14. "Шегерімдер" тарауы шегерімге жатқызылатын бюджеттік жіктеме кодтары аралығында акциз соммаларын көрсетуге арналған.

431.00.08 жолы үш бағаннан тұрады:

1) А бағанында бюджеттік жіктеме коды көрсетіледі. Бір жолда бір бюджеттік жіктеме коды көрсетіледі;

2) В бағанында акцизделенетін тауардың көлемі көрсетіледі;

3) С бағанында есеп берілетін айға акциздің есептелген сомасы көрсетіледі.

15. "Есептелінген барлық акциз" бюджеттік жіктеме кодтары аралығында есептелінген акциздердің барлық соммаларын көрсетуге арналған.

431.00.009 тиісті бюджеттік жіктеме кодтары бойынша 431.00.07 және 431.00.08 жолдарының шегерімі түрінде анықталынады.

1) А бағанында бюджеттік жіктеме коды көрсетіледі. Бір жолда бір бюджеттік жіктеме коды көрсетіледі;

2) В бағанында есеп берілетін айға акциздің есептелген сомасы көрсетіледі.

16) Салық төлеушінің жауапкершілігі.

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

Егер Декларацияны жеке тұлға өткізетін болса "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

2) Есепті беру күні.

Салық органына Есепті берген күні көрсетіледі;

3) тіркеу орны бойынша Салық салуға байланысты құрылымдық бөлімше немесе объектілерден Есепті қабылдау күні.

Енгізу туралы Заңның 3-бабына және Салық кодексінің 584-бабы 2 тармағы на сәйкес Есепті берген күні көрсетіледі;

4) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

5) кіріс құжаты.

Есепті тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) салық органының коды.

Төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Поштаның немесе басқада байланыс ұйымының пошта штемпелі қойылған күні көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 431.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады. _____

Роялти бойынша декларацияға
(500.00-нысан) қосымша

Роялти бойынша салық есептілігін (декларация) жасау ережелері(500.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және роялти бойынша салықты есептеуге арналған, осы Ережелерге сәйкес, роялти бойынша салық есептілігінің нысандарын (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны есеп кезеңіде олардың өткізілген-өткізілмегеніне қарамастан, техногендік минералды құралымдардан пайдалы қазбалар алуды қоса алғанда, пайдалы қазбалар өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар, сондай-ақ, Салық кодексінің 308-бабы 2-тармағына сәйкес көзделген, жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттар негізінде қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (500.00-нысан) және төлеуге роялти есептеу туралы ақпаратты нақты көрсету үшін арналған, оған қосымшадан (500.01-нысан) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымша тиісті көрсеткіштердің мәнін ашуды қажет ететін Декларациядағы жолдарды толтыру кезінде міндетті түрде жасалады.

6. Декларацияға қосымша парағындағы жолдарда көрсеткіштер саны асқан жағдайда, Декларацияға қосымшаның осындай парағы толтырылады.

7. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "- " белгісімен көрсетіледі.

8. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

9. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабын 3 тармағына сәйкес салық төлеушімен немесе оның өкілімен қол қойылады және салық төлеушінің немесе Қазақстан Республикасының заңдылығында белгіленген жағдайларда өз мөрі бар , оның өкілінің мөрімен расталады.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылдап не қабылдамағаны туралы хабарлама алады.

11. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы кең ақпарат" бөлімінде, Декларацияның "Салық төлеуші туралы кең ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (500.00-нысан)

12. "Салық төлеуші туралы кең ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Салық міндеттемесін сенім білдірілген басқарушы орындаған жағдайда жолда сенім білдірілген басқарушы – салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс ;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенім білдірілген басқарушы орындаған жағдайда жолда сенім білдірілген басқарушы – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс ;

3) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі ;

5) валюта коды.

(Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

6) Декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді.

7) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасында көзделген Декларация түрін тапсырылған жағдайда толтырылады;

8) кен орны мен келісім-шарт атауы.

Жер қойнауын пайдалану келісім-шартының және кен орындарының атауы көрсетіледі;

9) келісім-шартты жасасу күні.

Уәкілетті мемлекеттік органымен жер қойнауын пайдалану келісім-шарттың жасау күні көрсетіледі;

10) келісім-шарттың нөмірі.

Уәкілетті мемлекеттік орган тағайындаған келісім-шарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі.

13. "Төлеуге роялти" бөлімінде:

500.00.001 жолында "Бюджетке төлеуге роялти сомасы" көрсетіледі, Декларацияға 500. 01-қосымшасының қорытынды М бағанынан көшірілетін, бюджетке төленуге тиісті роялти сомасы көрсетіледі;

14. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде салық төлеуші мына мәліметтерді көрсетеді:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында

Декларацияны заңды тұлға табыс еткен кезде құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі.

Декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады.

2) декларацияны беру күні.

Декларацияны салық органына берудің күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі .

5) Салық органында Декларацияны қабылдау күні.

Салық органына Декларацияны нақты тапсыру немесе пошта өзге де байланыс мекемесінен келіп түсу күні көрсетіледі.

6) Декларацияның кіріс нөмірі.

Салық органымен берілген Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе басқа байланыс мекемесінде қойылған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт бойынша роялти есептеу-500.01-нысанын жасау

15. 500.01-нысаны салық кезеңі үшін роялти бойынша салық міндеттілігін есептеу туралы ақпаратты нақты көрсету үшін арналған.

16. "Роялти есептелген" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ережелердің 17-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардың кодтарына сәйкес пайдалы қазбаның коды көрсетіледі;

3) С бағанында өндірілген пайдалы қазбалардың немесе бірінші тауарлы өнімнің көлемінің өлшем бірлігі (тоннада, куб м., унцияда, грамда және т. б.) көрсетіледі;

4) D бағанында өндірілген пайдалы қазбалар көлемі немесе бірінші тауарлық өнімнің көлемі (тоннада, куб.м., унцияда, грамда және т. б.) көрсетіледі;

5) E бағанында өндірілген пайдалы қазбалар көлемі немесе бірінші тауарлық өнімнің көлемі (тоннада, куб.м., унцияда, грамда және т. б.) көрсетіледі;

6) F бағанында салық кезеңі үшін пайдалы қазбаларды сатудан түскен табыс көрсетіледі.

Өндірілген пайдалы қазбаларды өткізуді жүзеге асырмайтын жер қойнауын пайдаланушылар үшін аталған баған толтырылмайды.

7) G бағанында E және F бағандарында көрсетілген сомалар, және D бағанының сомасы айырмасы ретінде айқындалған роялтиді есептеу үшін өндірілген пайдалы қазбалардың құны; салық кезеңі үшін өткізілген пайдалы қазбалар көлемі үшін есептелген жанама салық сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында алтынды, күмісті және платинаны қоспағанда, пайдалы қазбаларды сату (түсіру) орнына дейін тасымалдауға шыққан шығыстар көрсетіледі.

Тасымалдауға арналған шығыстар деп темір жол, магистральдық құбыр жолы және (немесе) теңіз жолдары арқылы тасымалдау кезінде көлік тарифін қамтитын іс жүзіндегі шығыстар, ағызу және құю (сұйық заттар үшін) жөніндегі шығыстар, тиеу және түсіру (қатты заттар үшін) жөніндегі шығыстар және, егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта өзгеше көзделмесе, жолда сақтандыру жөніндегі шығыстар түсініледі.

9) I бағанда егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта өзгеше көзделмесе, (F – G - H) / E формуласы бойынша есептелген өндірілген пайдалы қазбалардың бірінші тауарлық өнім бірлігінің орташа өткізу бағасы көрсетіледі;

Алтын, күміс және платина бойынша салық кезеңі үшін Халықаралық (Лондон) биржада пайда болған орташа баға негізінде есептелетін орташа баға көрсетіледі.

11) резидент емес - декларацияны резидент емес беруі кезінде белгіленеді.

10. "Жылдық жиынтық табыстың шегерімдерге қатынасы" бөлімінде:

1) 540.00.001 жолында Салық кодексінің 348-бабы 3-тармағына сәйкес үстеме пайда салығын есептеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт бойынша жылдық жиынтық табыстың сомасы көрсетіледі;

2) 540.00.002 жолында Салық кодексінің 348-бабы 4-тармағына көзделген, үстеме пайда салығын есептеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт бойынша шегерімдердің сомасы көрсетіледі;

11. "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт бойынша есептелген үстеме пайда салығы" бөлімінде:

1) 540.00.003 жолында Салық кодексінде белгіленген тәртіппен үстеме пайда салығын есептеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт бойынша жылдық жиынтық табыстың сомасы көрсетіледі;

2) 540.00.004 жолында 540.00.005 және 540.00.007 жолдарынан 540.00.008 жолын шегергендегі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын үстеме пайда салығын есептеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт бойынша шегерімдердің сомасы көрсетіледі;

3) 540.00.005 жолында үстеме пайда салығын есептеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт бойынша, Салық кодексінің 348-4-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес корпорациялық табыс салығын есептеу мақсатында шегерімдерге жатқызылған, шығыстар сомасы көрсетіледі;

4) 540.00.006 жолында Салық кодексінің 384-4-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес салық кезеңі ішінде тіркелген активтер құруға және (немесе) сатып алуға іс жүзіндегі жұмсалған шығыстардың сомасы көрсетіледі. Осы шығыстар жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша кез келген мөлшерде (нақты келтірілген шығыстар шегінде) және кез келген салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылады ;

5) 540.00.007 жолында Салық кодексінің 348-4-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінде келтірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

6) 540.00.008 жолында Салық кодексінің 348-4 бабының 3-тармағына сәйкес шегерімдер сомасының амортизациялық аударымдар сомасына түзетулері көрсетіледі;

7) 540.00.009 жолында Салық кодексінің 348-2-бабына сәйкес 540.00.003 және 540.00.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін Салық кодексінің 133-бабына сәйкес жүзеге асырылатын азайтуды ескегендегі салық салынатын табыс көрсетіледі. Егер, Салық кодексінің 133-бабына сәйкес 540.00.003 және 540.00.004 жолдарының айырмасы нөлден кем болса, осы жолда нөлге тең мән көрсетіледі;

8) 540.00.010 жолында Салық кодексінің 348-5-бабына сәйкес үстеме пайда салығы есептелетін, жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт бойынша келісім-шарт қызметі бойынша корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. Корпорациялық табыс салығының сомасы корпорациялық табыс салығы бойынша Декларацияның тиісті Қосымшасынан тасымалданады;

9) 540.00.011 жолында Салық кодексінің 349-бабына сәйкес келісім-шарт қызметі бойынша таза табыс бойынша пайда болатын, таза табысқа салынатын салық сомасы көрсетіледі. Тұрақты мекеме арқылы жер қойнауын пайдалану бойынша қызметін жүзеге асыратын резидент емес толтырады;

10) 540.00.012 жолында 540.00.009 жолынан 540.00.010 жолын және 540.00.011 жолын алу ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін іс жүзінде алынған таза табыс сомасы көрсетіледі;

11) 540.00.013 жолында 540.00.004 жолының және 25 пайыздың туындысы ретінде айқындалатын шегерімдердің 25 пайыздық сомасы көрсетіледі;

12) 540.00.014 жолында 540.00.012 және 540.00.013 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, шегерімдердер сомасының 25 пайызынан асатын, жер қойнауын пайдаланушының таза табысының бөлігі ретінде есептелетін, үстеме пайда салығының салықтық базасы көрсетіледі;

13) 540.00.015 жолында деңгейлер бойынша үстеме пайда салығы сомасының есептеуі көрсетіледі, соның ішінде:

540.00.015 А бағынанда деңгейлер көрсетілген;

540.00.015 В бағанында жылдық жиынтық табыс сомасының шегерімдердерге қатынасының жоғарғы шектерінің мәндері келтірілген;

540.00.015 С бағанында Салық кодексінің 348-4 бабына сәйкес үстеме пайда салығы мақсатындағы шегерімдер көрсетіледі;

540.00.015 D бағанында Салық кодексінің 351-бабына сәйкес белгіленген әрбір деңгей бойынша үстеме пайда салығы мақсатында таза табысты бөлудің шекті сомалары көрсетіледі.

540.00.015 Е бағанында Салық кодексінің 351-бабына көзделіп бөлінген іс жүзіндегі таза табыс көрсетіледі, келесі тәртіппен алынып тасталған:

1 деңгей үшін:

егер салық кезеңі үшін үстеме пайда салығы мақсатында таза табыстың сомасы бірінші деңгей үшін таза табысты бөлудің шекті сомасынан көп болса, онда бірінші деңгей үшін таза табыстың бөлінген бөлігі бірінші деңгей үшін таза табысты бөлудің шекті сомасына тең болады;

егер салық кезеңі үшін үстеме пайда салығы мақсатында таза табыстың сомасы бірінші деңгей үшін таза табысты бөлудің шекті сомасынан кем болса, онда бірінші деңгей үшін таза табыстың бөлінген бөлігі салық кезеңі үшін үстеме пайда салығы мақсатындағы таза табыстың сомасына тең болады.

Бұл ретте келесі деңгейлер үшін үстеме пайда салығы мақсатында таза табысты бөлу жүргізілмейді;

2-7 деңгейлер үшін:

егер салық кезеңі үшін үстеме пайда салығы мақсатында таза табыс пен алдыңғы деңгейлер бойынша таза табыстың бөлінген бөліктерінің жалпы сомасы арасындағы айырма тиісті деңгей үшін таза табысты бөлудің шекті сомасының артық не тең болса, онда бұл деңгей үшін таза табыстың бөлінген бөлігі осы тиісті деңгей үшін таза табысты бөлудің шекті сомасына тең болады;

егер салық кезеңі үшін үстеме пайда салығы мақсатында таза табыс пен алдыңғы деңгейлер бойынша таза табыстың бөлінген бөліктерінің жалпы сомасы арасындағы айырма тиісті деңгей үшін таза табысты бөлудің шекті сомасының кем болса, онда осы деңгей үшін таза табыстың бөлінген бөлігі сондай айырмаға тең болады. Бұл ретте келесі деңгейлер үшін үстеме пайда салығы мақсатында таза табысты бөлу жүргізілмейді.

Таза табыстың бөліктерінің деңгейлері бойынша бөлінген жалпы сома салық кезеңі үшін үстеме пайда салығы мақсатындағы таза табыстың сомасына тең болуы тиіс;

540.00.015 F бағанында Салық кодексінің 351-бабына сәйкес салық ставкалары пайызбен келтірілген;

540.00.015 G бағанында 540.00.015 E бағындағы әрбір жолдың 540.00.015 F бағанындағы тиісті ставкасына туындысы ретінде жол жолымен айқындалатын үстеме пайда салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

14) 540.00.016 жолында 540.00.015 G бағанының жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, төленуге тиіс үстеме пайда салығының есептелген сомасы көрсетіледі.

12. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде салық төлеуші мына мәліметтерді көрсетеді:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" - декларацияны заңды тұлға табыс еткен кезде құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

Декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады.

2) декларацияны беру күні - декларацияны салық органына берудің күні көрсетіледі;

3) салық органының коды - салық төлеушінің орналасу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

5) Салық органында Декларацияны қабылдау күні - салық органына Декларацияны нақты тапсыру немесе пошта өзге де байланыс мекемесінен келіп түсу күні көрсетіледі.

6) Декларацияның кіріс нөмірі - салық органы берген Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) пошта штемпелінің күні - почта немесе басқа байланыс мекемесінде қойылған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 540.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта заттай түрде белгіленген пайдалы қазбаларды өндіруге салықтың және шикі мұнай, газ конденсаты бойынша экспортқа рента салығының, роялти мен өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің мөлшері және төлеу (беру) мерзімдері туралы есебіне (550.00-нысан) қосымша

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта заттай түрде белгіленген пайдалы қазбаларды өндіруге салықтың және шикі мұнай, газ конденсаты бойынша экспортқа рента салығының, роялти мен өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің мөлшері және төлеу (беру) мерзімдері туралы есепті (есеп) жасау ережесі (550.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Бұл ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 346-бабына сәйкес әзірленген және "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта заттай

түрде белгіленген пайдалы қазбаларды өндіруге салықтың және шикі мұнай, газ конденсаты бойынша экспортқа рента салығының, роялти мен өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің мөлшері және төлеу (беру) мерзімдері туралы есеп (есеп)" (бұдан әрі - Есеп) есептілігінің нысанын жасау тәртібін айқындайды.

2. Бұл Есеп Салық кодексінің 308-бабы 2-тармағында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттармен белгіленген пайдалы қазбаларды өндіру салығын, шикі мұнай мен газ конденсаты бойынша экспортқа рента салығын, роялти мен өнім бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеу есебіне пайдалы қазбаларды Қазақстан Республикасына заттай түрде беруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға және мемлекет атынан алушыға арналған.

3. Есепті жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта белгіленген пайдалы қазбаларды өндіру салығын, шикі мұнай мен газ конденсаты бойынша экспортқа рента салығын, роялти мен өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеу есебіне пайдалы қазбаларды Қазақстан Республикасына заттай түрде беруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар және төлеу есебіне заттай нысанда беру жүргізілетін салықтың әрбір түрі бойынша бөлек мемлекет атынан алушы жасайды.

4. Есеп Салық кодексінде және Салық кодексінің 308-бабы 2-тармағында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта белгіленген тиісті салық түрлерін төлеу мерзімдерінде орналасқан орны бойынша салық органына тапсырылады.

5. Есеп:

1) қағаз тасығышта – қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

6. Есепке жер қойнауын пайдаланушы және мемлекет атынан алушы қол қояды және жер қойнауын пайдаланушының және мемлекет атынан алушының мөрімен куәландырылады.

7. Есепті беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада толтырылып, бір данасы салық органының белгісімен жер қойнауын пайдаланушыға (мемлекет атынан алушыға) қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен почта арқылы – қағаз тасығышта;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінен қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

8. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

2. Есепті толтыру

9. "Жер қойнауын пайдаланушы туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 1 "СТН" жолында – жер қойнауын пайдаланушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) 2 "БСН" жолында – жер қойнауын пайдаланушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) 3 "Салық кезеңі" жолында жер қойнауын пайдаланушының шикі мұнайды (газ конденсатын) салықтың тиісті түрін төлеу есебіне заттай түрде беруді жүргізген салық кезеңі көрсетіледі.

4) 4 "Жер қойнауын пайдаланушының атауы" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушының толық атауы көрсетіледі.

5) 5 "Келісім-шарттың нөмірі мен күні" жолында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

6) 6 "Салық түрі" жолында жер қойнауын пайдаланушының төлеу есебіне Қазақстан Республикасына заттай нысанда шикі мұнайды (газ конденсатын) берген салық атауы көрсетіледі.

7) 7 "БЖК (бюджет жіктеуішінің коды)" жолында тиісті салық түрінің бюджеттік классификация коды көрсетіледі.

10. "Мемлекет атынан алушы туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мемлекет атынан алушы келесі деректерді көрсетеді:

1) 8 "СТН" жолында мемлекет атынан алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) 9 "БСН" жолында мемлекет атынан алушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) 10 "Мемлекет атынан алушының атауы" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес мемлекет атынан алушының толық атауы көрсетіледі.

11. "Заттай нысандағы салықтың мөлшері мен төлеу (беру) мерзімдері" бөлімінде:

1) 1 жолдың А бағанында жер қойнауын пайдаланушы тиісті салық түрі бойынша салық кезеңі үшін тапсырған декларациялар бойынша есептелген салығының сомасын көрсетеді;

2) 1.1 жолдың А бағанында салық кезеңі үшін заттай нысанда берілетін салық сомасы көрсетіледі;

3) 2 жолдың А бағанында жер қойнауын пайдаланушы тиісті салық түрін төлеу бойынша салық кезеңі үшін беретін шикі мұнайдың (газ конденсатының) көлемі көрсетеді;

4) 3 жолда:

А бағанында – жер қойнауын пайдаланушы беретін шикі мұнайдың (газ конденсатының) 1 тоннасының бағасын көрсетеді,

В бағанында – мемлекет атынан алушы алатын шикі мұнайдың (газ конденсатының) 1 тоннасының бағасын көрсетеді;

5) 4 жолдың В бағанында мемлекет атынан алушы тиісті салық түрін төлеу есебіне алған мұнайды (газ конденсатының) көлемі көрсетіледі;

6) 5 жолдың А және В бағандарында жер қойнауын пайдаланушы мен мемлекет атынан алушы Салық кодексі мен жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа сәйкес, Салық кодексінің 308-бабы 2-тармағында көрсетілген тиісті салық түрінің төлеу мерзімін көрсетеді;

7) 6 жолда:

А бағанында – жер қойнауын пайдаланушы мұнайды (газ конденсатын) тиісті салық түрін төлеу есебіне беру күнін көрсетеді,

В бағанында – мемлекет атынан алушы мұнайды (газ конденсатын) тиісті салық түрін төлеу есебіне беру күнін көрсетеді;

8) 7 жолының В бағанында мемлекет атынан алушы алған мұнай (газ конденсаты) бойынша салықтың төленген түрінің сомасын көрсетеді;

9) 8 жолының В бағанында мемлекет атынан алушы алған мұнай (газ конденсаты) бойынша тиісті салық түрінің төлемі жүргізілген төлем құжатының нөмірі мен күні көрсетеді.

12. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Жер қойнауын пайдаланушының атауы" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушының толық атауы көрсетіледі.

2) "Мемлекет атынан алушының атауы" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес мемлекет атынан алушының толық атауы көрсетіледі.

3) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

4) Есептінің берілген күні.

Есептінің салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

5) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

7) Есепті қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына және Енгізу туралы заңның 3-бабына сәйкес Декларацияны табыс ету күні көрсетіледі;

8) құжаттың табыс нөмірі.

Есептінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

9) почта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 550.00 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі декларацияға (560.00-нысан) қосымша

Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі салық есептілігін (декларация) жасау ережелері (560.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді есептеуге арналған, осы Ережелер қосымшасына сәйкес (бұдан әрі - Декларация) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі салық есептілігі (декларация) нысанын жасау тәртібін айқындайды. Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі Декларация, жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасауға дейін геологиялық зерттеуге және тиісті шартты территорияны әзірлеуге мемлекет шығындары жұмсалған пайдалы қазбалар кен орындары бойынша, Қазақстан

Республикасының заңдылығымен белгіленген тәртіпте жер қойнауын пайдалануға жасаған келісім-шарт жасаған жер қойнауын пайдаланушылармен жасалады.

2. Декларация Декларацияның өзінен (560.00-нысан) және Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі салық міндеттілігін есептеу туралы ақпаратты нақты көрсету үшін арналған, оған қосымшадан (560.01-нысанынан) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Декларацияға қосымша парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, Декларацияға қосымшаның осындай парағы толтырылады.

5. Есепте соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде " - " белгісімен көрсетіледі.

6. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

7. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушімен немесе оның өкілімен қол қойылады және салық төлеушінің немесе Қазақстан Республикасының заңдылығында белгіленген жағдайларда өз мөрі бар , оның өкілінің мөрімен расталады.

8. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылдап не қабылдамағаны туралы хабарлама алады.

9. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде, Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (560.00-нысан)

11. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Салық міндеттемесін сенім білдірілген басқарушы орындаған жағдайда жолда сенім білдірілген басқарушы – салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс ;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенім білдірілген басқарушы орындаған жағдайда жолда сенім білдірілген басқарушы – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс ;

3) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындау кезінде жолда сенімгерлікпен басқарушы - заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі ;

5) Декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасында көзделген Декларация түрін тапсырған жағдайында толтырылады;

7) валюта коды.

(Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

12. "Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанына қосымшада уәкілетті мемлекеттік орган берген келісім-шарттың тиісті тіркелу нөмірі мен жасасқан күні көрсетіледі;

3) С бағанына тарихи шығындардың өтеу бойынша төлем сомасы көрсетіледі;

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында.

Декларацияны заңды тұлға табыс еткен кезде құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады.

2) Декларацияны беру күні.

Декларацияны салық органына беру күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

5) Салық органында Декларацияны қабылдау күні.

Салық органына Декларацияны нақты тапсыру пошта немесе өзге де байланыс мекемесінен келіп түсу күні көрсетіледі.

6) Декларацияның кіріс нөмірі.

Салық органы берген Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе басқа байланыс мекемесінде қойылған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 560.00-560.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Экспортқа арналған ренталық
салық бойынша декларацияға
(570.00-нысан) қосымша

Экспортқа арналған ренталық салық бойынша салық есептілігін (декларация) жасау ережелері (570.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және экспортқа арналған ренталық салықты есептеуге арналған, осы Ережелер қосымшасына сәйкес (бұдан әрі - Декларация) экспортқа арналған

ренталық салық бойынша салық есептілігі нысанын жасау тәртібін айқындайды. Экспортқа арналған ренталық салық бойынша Декларация шикі мұнай, газ конденсатын, көмірді экспортқа өткізетін жеке және заңды тұлғалармен жасалады.

2. Декларация Декларацияның өзінен (570.00-нысан) және экспортқа арналған ренталық салықты есептеу туралы ақпаратты нақты көрсету үшін арналған, оған қосымшадан (570.01-нысанынан) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болғанда Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Тиісті көрсеткіштерді нақтылауды қажет ететін, Декларация жолдарын толтыру кезінде Декларацияға қосымша міндетті түрде толтырылады.

6. Есепте соманың теріс мәні тиісті жолдың бірінші сол торкөзінде "- " белгісімен көрсетіледі.

7. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

8. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабын 3 тармағына сәйкес салық төлеушімен немесе оның өкілімен қол қойылады және салық төлеушінің немесе Қазақстан Республикасының заңдылығында белгіленген жағдайларда өз мөрі бар , оның өкілінің мөрімен расталады.

9. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылдап не қабылдамағаны туралы хабарлама алады.

10. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде, Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (570.00-нысан)

11. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Салық міндеттемесін сенім білдірілген басқарушы орындаған жағдайда жолда сенім білдірілген басқарушы – салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс ;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенім білдірілген басқарушы орындаған жағдайда жолда сенім білдірілген басқарушы – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс ;

3) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі ;

5) Декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасында көзделген Декларация түрін тапсырған жағдайында толтырылады;

7) валюта коды.

(Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) өлшем бірлігі.

Шикі мұнайдың, газ конденсатының, көмірдің өлшем бірлігі көрсетіледі;

12. "Төлеуге экспортқа ренталық салық" бөлімінде:

1) 570.00.001 жолында салық кезеңі үшін экспортқа өткізілген шикі мұнайдың, газ конденасатының, көмірдің өткізу көлемінің құны көрсетіледі.

Осы жолға Декларацияға 570.01 қосымшаның 570.01.010 жолының шамасы көшіріледі;

2) 570.00.002 жолында Салық кодексінің 303-бабына сәйкес, экспортқа ренталық салық ставкасы көрсетіледі;

3) 570.00.003 жолында 570.00.001 және 570.00.002 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, экспортқа ренталық салық сомасы көрсетіледі.

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде салық төлеуші мына мәліметтерді көрсетеді:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында.

Декларацияны заңды тұлға табыс еткен кезде құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі.

Декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады.

2) декларацияны беру күні.

Декларацияны салық органына берудің күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі
.

5) Салық органында Декларацияны қабылдау күні.

Салық органына Декларацияны нақты тапсыру немесе пошта өзге де байланыс мекемесінен келіп түсу күні көрсетіледі.

6) Декларацияның кіріс нөмірі.

Салық органымен берілген Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе басқа байланыс мекемесінде қойылған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Экспортқа ренталық салық бойынша рента салығы базасын айқындау – 570.01-нысанын жасау

14. 570.01 нысаны салық кезеңі үшін Экспортқа ренталық салық бойынша рента салығы базасын айқындау үшін арналған.

15. "Экспортқа шикі мұнайды, газ конденсатын, көмірді өткізу көлемінің құны" бөлімінде:

1) 570.01.001 жолында салық кезеңі үшін экспортқа өткізілген шикі мұнайдың көлемі көрсетіледі;

2) 570.01.002 жолында Салық кодексінің 334-бабы 3-тармағына сәйкес, шикі мұнайдың әлемдік құны көрсетіледі;

3) 570.01.003 жолында 570.01.001 және 570.01.002 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, газ конденсант экспортқа өткізілген көлемі көрсетіледі;

4) 570.01.004 жолында салық кезеңі үшін экспортқа өткізілген газ конденасатының көлемі көрсетіледі;

5) 570.01.005 жолында Салық кодексінің 334-бабы 3-тармағына сәйкес, газ конденасатының әлемдік құны көрсетіледі;

6) 570.01.006 жолында 570.01.004 және 570.01.005 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, газ конденсатының экспортқа өткізілген көлемі көрсетіледі;

7) 570.01.007 жолында салық кезеңі үшін экспортқа өткізілген көмірдің нақты көлемі көрсетіледі;

8) 570.01.008 жолында газ көмірді өткізудің нақты құны көрсетіледі;

9) 570.01.009 жолында 570.01.007 және 570.01.008 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, көмірдің экспортқа өткізілген көлемі көрсетіледі;

10) 570.01.010 жолында 570.01.003, 570.01.006, 570.01.009 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, көмірдің экспортқа өткізілген шикі мұнайдың, газ конденсатының, көмірдің көлемі көрсетіледі;

570.01.010 жолының шамасы Декларацияның 570.00.001 жолына көшіріледі.

РҚАО-ның ескертуі: 570.00-570.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Өнімді бөлу туралы келісім-шарт
бойынша қызметін жүзеге асыратын
жер қойнауын пайдаланушының
төлемі бойынша декларацияға
(580.00-нысан) қосымша

Өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі бойынша салық есептілігін (декларация) жасау ережелері (580.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемін есептеуге арналған, осы Ережелерге сәйкес, өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша қызметін

жүзеге асыратын жер қойнауының пайдаланушының қосымша төлемі бойынша салық есептілігі нысандарын (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауының пайдаланушының қосымша төлемі бойынша Декларацияны Өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жасайды.

2. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "- " белгісімен көрсетіледі.

5. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

6. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабын 3 тармағына сәйкес салық төлеушімен немесе оның өкілімен қол қойылады және салық төлеушінің немесе Қазақстан Республикасының заңдылығында белгіленген жағдайларда өз мөрі бар , оның өкілінің мөрімен расталады.

7. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылдап не қабылдамағаны туралы хабарлама алады.

2. Декларацияны жасау (580.00-нысан)

8. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Салық міндеттемесін сенім білдірілген басқарушы орындаған жағдайда жолда сенім білдірілген басқарушы – салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс ;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенім білдірілген басқарушы орындаған жағдайда жолда сенім білдірілген басқарушы – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс ;

3) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі ;

5) Декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасында көзделген Декларация түрін тапсырған жағдайында толтырылады;

7) валюта коды.

(Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) кен орны мен келісім-шарттың атауы.

Жер қойнауын пайдалану келісім-шартының және кен орындарының атауы көрсетіледі;

9) пайдалы қазбаның коды.

Осы Ережелердің 26-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалар кодтарына сәйкес пайдалы қазба коды көрсетіледі;

10) келісім-шарттың жасалған күні.

Уәкілетті мемлекеттік органымен жер қойнауын пайдалану келісім-шарттың жасасу күні көрсетіледі;

11) келісім-шарттың нөмірі.

Уәкілетті мемлекеттік орган тағайындаған келісім-шарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі.

12) өлшем бірлігі.

Өнімді бөлу келісім-шарттарына сәйкес өндірілген пайдалы қазбалардың өлшем бірлігі көрсетіледі (тоннада, куб. м., унцияда, грамда және т. б.);

9. "2005 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған өнімді бөлу туралы келісім-шарттар бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі" бөлімінде:

1) 580.00.001 өндірілген өнім көлемінің жалпы құны көрсетіледі;

2) 580.00.002 жолында мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі, бұл ретте мемлекет түсімдерінің үлесі өзімен Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесін, қосымша құн салығы мен акцизді және жер қойнауын пайдаланушы оларға қатысты салық агенті ретінде әрекет ететін салықтарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы нақты төлеген салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді білдіреді;

3) 580.00.003 жолында салық кезеңінде өндірілген өнімнің жалпы көлемі құнының 10 процентін құрайтын мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі ;

4) 580.00.004 жолында салық кезеңінде өндірілген өнімнің жалпы көлемі құнының 40 процентін құрайтын мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі ;

5) 580.00.005 жолында жер қойнауын пайдаланушының есептелген қосымша төлемінің сомасы көрсетіледі. Жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемін есептеген кезде, егер 580.00.003 және 580.00.002 жолдарының айырмасы инвестиция салу сәтіне дейін 580.00.004 және 580.00.002 жолдарының айырмасы инвестиция салу сәтінен кейін оң болып табылса, онда мұндай айырма жер қойнауын пайдаланушы үшін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша қосымша төлемі болып табылатынын ескерген жөн.

10. "2006 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған өнімді бөлу туралы келісім-шарттар бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі" бөлімінде:

1) 580.00.006 жолында өндірілген өнім көлемінің жалпы құны көрсетіледі;

2) 580.00.007 жолында мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі, бұл ретте мемлекет түсімдерінің үлесі өзімен Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесін, қосымша құн салығы мен акцизді және жер қойнауын пайдаланушы оларға қатысты салық агенті ретінде әрекет ететін салықтарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы нақты төлеген салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді білдіреді;

3) 580.00.008 жолында келісім-шарттық қызметтің нәтижесінде алынған өнімнің жалпы көлемінің құнынан өнімді бөлу туралы келісім-шартта белгіленген 5 проценттен бастап 10 процентке дейінгі аралықтағы салық кезеңінде мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі;

4) 580.00.009 жолында келісім-шарттық қызметтің нәтижесінде алынған салық кезеңінде өндірілген өнімнің жалпы көлемі құнының 40 процентін құрайтын мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі;

5) 580.00.010 жолында жер қойнауын пайдаланушының есептелген қосымша төлемінің сомасы көрсетіледі. Жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемін есептеген кезде, егер 580.00.008 және 580.00.007 жолдарының айырмасы инвестиция салу сәтіне дейін 580.00.009 және 580.00.007 жолдарының айырмасы инвестиция салу сәтінен кейін оң болып табылса, онда мұндай айырма жер қойнауын пайдаланушы үшін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша қосымша төлемі болып табылатынын ескерген жөн.

11. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде салық төлеуші мына мәліметтерді көрсетеді:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында

Декларацияны заңды тұлға табыс еткен кезде құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі.

Декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады.

2) декларацияны беру күні.

Декларацияны салық органына берудің күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі .

5) Салық органында Декларацияны қабылдау күні.

Салық органына Декларацияны нақты тапсыру немесе пошта өзге де байланыс мекемесінен келіп түсу күні көрсетіледі.

6) Декларацияның кіріс нөмірі.

Салық органымен берілген Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе басқа байланыс мекемесінде қойылған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

12. Пайдалы қазбалардың кодтары:

0001	Сутегі

0002	Гелий
0003	Литий
0004	Бериллий
0005	Бор
0006	Көміртегі
0007	Азот
0008	Оттегі
0009	Фтор
0010	Неон
0011	Натрий
0012	Магний
0013	Алюминий
0014	Кремний
0015	Фосфор
0016	Күкірт
0017	Хлор
0018	Аргон
0019	Калий
0020	Кальций
0021	Скандий
0022	Титан
0023	Ванадий
0024	Хром
0025	Марганец
0026	Темір
0027	Кобальт
0028	Никель
0029	Мыс
0030	Мырыш
0031	Галлий
0032	Германий
0033	Күшән
0034	Селен
0035	Бром
0036	Криптон
0037	Рубидий
0038	Стронций
0039	Иттрий
0040	Цирконий
0041	Ниобий
0042	Молибден
0043	Технеций

0044	Рутений
0045	Родий
0046	Палладий
0047	Күміс
0048	Кадмий
0049	Индий
0050	Қалайы
0051	Сүрме
0052	Теллур
0053	Йод
0054	Ксенон
0055	Цезий
0056	Барий
0057	Лантан
0058	Гафний
0059	Тантал
0060	Вольфрам
0061	Рений
0062	Осмий
0063	Иридий
0064	Платина
0065	Алтын
0066	Сынап
0067	Таллий
0068	Қорғасын
0069	Висмут
0070	Полоний
0071	Астат
0072	Радон
0073	Франций
0074	Радий
0075	Актиний
0076	Резерфодий
0077	Дубний
0078	Сиборгий
0079	Борий
0080	Хассий
0081	Майтнерий
0082	Металлургия үшін кенге жатпайтын шикізат
0083	Қалыптық құмдар
0084	Алаптық шпат

0085	Пегматит
0086	Басқа да алюминий тотығы жыныстары
0087	Әктас
0088	Доломит
0089	Әктасты-доломит жыныстары
0090	Тамақ өнеркәсібі үшін әктас
0091	Басқа да кенге жатпайтын шикізат
0092	Отқа төзімді саздар
0093	Каолин
0094	Вермикулит
0095	Ас тұзы
0096	Жергілікті құрылыс материалдары
0097	Вулкандық кеуек жыныстары
0098	Вулкандық суқұрамдас әйнек
0099	Әйнек тәріздес жыныстар
0100	Перлит
0101	Обсидиан
0102	Малта тас
0103	Қиыршық тас
0104	Гипс
0105	Қиыршық тас-құм аралас
0106	Гипсті тас
0107	Ангидрит
0108	Гажа
0109	Саз
0110	Саз жыныстар (балқуы ауыр және оңай балқитын саздар, суглинкалар, аргиллиттер, алевролиттер, сазды тақтатастар)
0111	Әкбор
0112	Мергель
0113	Мергельді-әкбор жыныстары
0114	Кремний жыныстары (трепел, опоктар, диатомит)
0115	Кварцты-алап шпат жыныстары
0116	Гранит
0117	Диабаз
0118	Мәрмар
0119	Базальт
0120	Басқа тұнбалы, атылған, метаморфикалық жыныстары
0121	Тоқпақ тас
0122	Құм (кварцтық, құрылыс, алап шпаттық)
0123	Құмдық
0124	Табиғи пигменттер
0125	Ұлу тас

0126	Жер асты сулары
0127	Мұнай
0128	Газ
0129	Мұнайгаз конденсаты
0130	Басқалар

РҚАО-ның ескертуі: 580.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Пайдалы қазбаларды өндіру
салығы бойынша декларацияға
(590.00-нысан) қосымша

Пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша салық есептілігін (декларация) жасау ережелері (590.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Енгізу туралы заң) сәйкес әзірленген және пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны жер қойнауын пайдалануға арналып жасалған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде техногендік минералды құралымдардан пайдалы қазбалар алуды қоса алғанда, мұнайды, минералды шикізатты, жерасты сулары мен емдік балшықты өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы лар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (590.00-нысан) және пайдалы қазбаларды өндіру салығын төлеу бойынша салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (590.01, 590.02, 590.03, 590.04 және 590.05 нысандары) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Тиісті көрсеткіштерді нақтылауды қажет ететін Декларация жолдарын толтыру кезінде, Декларацияға қосымшалар міндетті түрде жасалады.

5. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуге жататын деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

6. Қосымша парағындағы жолдардан көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, қосымшаның осындай парағы толтырылады.

7. Сомалардың теріс мәндері Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақ торкөзінде "- " белгісімен көрсетіледі.

8. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа символдарымен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

9. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде - салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

11. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (590.00-нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының - салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

5) валюта коды.

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

6) Декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, белгіленеді .

7) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасында көзделген Декларация түрін тапсырған жағдайда толтырылады ;

8) кен орны мен келісім-шарттың атауы.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың және кен орнының атауы көрсетіледі;

9) келісім-шартты жасасу күні.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартты уәкілетті мемлекеттік органмен жасасу күні көрсетіледі;

10) келісім-шарттың нөмірі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың уәкілетті мемлекеттік орган берген тіркеу нөмірі көрсетіледі;

11) тапсырылған қосымшалар.

Тапсырылған қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді.

13. "Төленуге жататын пайдалы қазбаларды өндіру салығы" бөлімінде:

1) 590.00.001 жолында салық кезеңі үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт бойынша төленуге жататын пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі.

Осы жол Декларацияға 590.01.078, 590.02. G, 590.03 P, 590.04 I, 590.05.22 қосымшаларының жолдары мен бағандарында түзетулерді ескере отырып көрсетілген, есептелген пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы ретінде айқындалады.

2) 590.00.002 жолында Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес түзетулерді ескергендегі пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі.

Осы жол есепті салық кезеңінде Лондон метал биржасында немесе Лондон бағалы металдар биржасында (бұдан әрі - Лондон метал биржасында) бекітілген бағаның ресми бағамдаулары бар пайдалы қазбаларды өндіруді жүргізетін жер қойнауын пайдаланушылар үшін ғана қолданыла алады.

14. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде салық төлеуші мына мәліметтерді көрсетеді:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында.

Декларацияны заңды тұлға тапсырған кезде басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) құрылтай құжаттарына сәйкес көрсетіледі.

Декларацияны жеке тұлға тапсырған кезде деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) декларацияны беру күні.

Декларацияны салық органына тапсырған күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

5) Салық органында Декларацияны қабылдау күні.

Салық органына Декларацияны нақты тапсыру немесе пошта не өзге де байланыс мекемесінен келіп түскен күні көрсетіледі;

6) Құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы беретін құжаттың тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) пошта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу – 590.01-нысанын жасау

15. "Шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" бөлімінде:

1) 590.01.001 жолында шикі мұнай өндірудің жоспарланған жылдық көлемі тоннамен көрсетіледі;

2) 590.01.002 жолында салық кезеңі үшін өндірілген шикі мұнайдың жалпы көлемі тоннамен көрсетіледі;

3) 590.01.003 жолында салық кезеңі үшін мұнай өңдеу зауыттарына өңдеу үшін өткізілген, өндірілген шикі мұнайдың көлемі тоннамен көрсетіледі;

4) 590.01.004 жолында өткізілген өнімнің бірлігі үшін мұнай өңдеу зауыттарының іс жүзіндегі сатып алу бағасы көрсетіледі;

5) 590.01.005 жолында 590.01.003 және 590.01.004 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, өңдеу үшін мұнай өңдеу зауыттарына өткізілетін өндірілген шикі мұнай көлемінің құны көрсетіледі;

6) 590.01.006 жолында салық кезеңі үшін өңдеу үшін мұнай өңдеу зауыттарына алыс-беріс шикізаты ретінде берілген өндірілген шикі мұнайдың көлемі тоннамен көрсетіледі;

7) 590.01.007 жолында салық кезеңі үшін жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған өндірілген шикі мұнайдың көлемі тоннамен көрсетіледі;

8) 590.01.008 жолында халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, 20 пайыз қосылған, өнімнің бірлігі үшін өндірудің өзіндік құны көрсетіледі;

9) 590.01.09 жолында ((590.01.006+590.01.007) х 590.01.008) формуласы бойынша айқындалатын, жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған және мұнай өңдеу зауыттарына өңдеу үшін алыс-беріс шикізаты ретінде берілген өндірілген шикі мұнай көлемінің құны көрсетіледі;

10) 590.01.010. жолында салық кезеңі үшін заттай түрде берілген өндірілген шикі мұнайдың көлемі тоннамен көрсетіледі;

11) 590.01.011 жолында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте айқындалатын өткізу бағасы көрсетіледі;

12) 590.01.012 жолында 590.01.010 және 590.01.011 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, заттай түрде берілген өндірілген шикі мұнай көлемінің құны көрсетіледі;

13) 590.01.013 жолында салық кезеңі үшін 590.01.002 және 590.01.003, 590.01.006, 590.01.007, 590.01.010 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, тауарлық шикі мұнайдың өндірілген көлемі тоннамен көрсетіледі;

14) 590.01.014 жолында Салық кодексінің 334-бабы 3-тармағына сәйкес айқындалатын шикі мұнайға әлемдік баға көрсетіледі;

15) 590.01.015 жолында 590.0.013 және 590.01.014 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын тауарлық шикі мұнай көлемінің құны көрсетіледі;

16) 590.01.016 жолында Заңның 7-бабында айқындалған шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

17) 590.01.017 жолында Заңның 7-бабында айқындалған төмендетуші коэффициентті ескергендегі шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

18) 590.01.018 жолында (((590.01.005+590.01.009+590.01.012) х 590.01.017)+(590.01.015 х 590.01.016) ретінде айқындалатын шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

"Газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" бөлімінде:

19) 590.01.019 жолында газ конденсатын өндірудің жоспарланған жылдық көлемі тоннамен көрсетіледі;

20) 590.01.020 жолында салық кезеңі үшін өндірілген газ конденсатының жалпы көлемі тоннамен көрсетіледі;

21) 590.01.021 жолында салық кезеңі үшін мұнай өңдеу зауытына өңдеу үшін өткізілген газ конденсатының өндірілген көлемі көрсетіледі;

22) 590.01.022 жолында өткізілген өнімнің бірлігі үшін мұнай өңдеуші зауыттың нақты сатып алу бағасы көрсетіледі;

23) 590.01.023 жолында 590.01.021 және 590.01.022 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, мұнай өңдеу зауытына өңдеу үшін өткізілген өндірілген газ конденсаты көлемінің құны көрсетіледі;

24) 590.01.024 жолында салық кезеңі үшін мұнай өңдеу зауытына алыс-беріс шикізаты ретінде берілген газ конденсатының өндірілген көлемі тоннамен көрсетіледі;

25) 590.01.025 жолында жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған газ конденсатының салық кезеңі үшін өндірілген көлемі тоннамен көрсетіледі;

26) 590.01.026 жолында халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, 20 пайыз қосылған, өнімнің бірлігі үшін өндірудің өзіндік құны көрсетіледі;

27) 590.01.027 жолында ((590.01.024 + 590.01.025) х 590.01.026) ретінде айқындалатын, жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған және мұнай өңдеу зауыттарына алыс-беріс шикізаты ретінде берілген газ конденсатының өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

28) 590.01.028 жолында заттай түрде берілген газ конденсатының салық кезеңі үшін өндірілген көлемі көрсетіледі;

29) 590.01.029 жолында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте айқындалған өткізу бағасы көрсетіледі;

30) 590.01.030 жолында 590.0.028 және 590.01.029 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, заттай түрде берілген газ конденсатының салық кезеңі үшін өндірілген көлемі көрсетіледі;

31) 590.01.031 жолында 590.01.020, 590.01.021, 590.01.024, 590.01.025, 590.01.028 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, тауарлық газ конденсатының салық кезеңі үшін өндірілген көлемі тоннамен көрсетіледі;

32) 590.01.032 жолында Салық кодексінің 334-бабы 3-тармағына сәйкес айқындалатын, газ конденсатына әлемдік баға көрсетіледі;

33) 590.01.033 жолында 590.0.031 және 590.01.032 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, тауарлық газ конденсаты көлемінің құны көрсетіледі;

34) 590.01.034 жолында Енгізу туралы заңның 7-бабына сәйкес айқындалған, газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

35) 590.01.035 жолында Енгізу туралы заңның 7-бабына сәйкес айқындалған, газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы төмендетуші коэффициентті ескере отырып, көрсетіледі;

36) 590.01.036 жолында (((590.01.023+590.01.027+590.01.030) х 590.01.035)+(590.01.033 х 590.01.034) ретінде айқындалатын, газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

"Табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" бөлімінде:

37) 590.01.037 жолында табиғи газды өндірудің жоспарланған жылдық көлемі текше метрмен көрсетіледі;

38) 590.01.038 жолында табиғи газдың салық кезеңі ішінде өндірілген жалпы көлемі текше метрмен көрсетіледі;

39) 590.01.039 жолында Қазақстан Республикасының ішкі нарығына өткізілген табиғи газдың салық кезеңі үшін өндірілген көлемі текше метрмен көрсетіледі;

40) 590.01.040 жолында өткізілген өнімнің бірлігі үшін өткізудің орташа бағасы көрсетіледі;

41) 590.01.041 жолында 590.01.039 және 590.01.040 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, Қазақстан Республикасының ішкі нарығына өткізілген табиғи газдың салық кезеңі үшін өндірілген көлемі көрсетіледі;

42) 590.01.042 жолында жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған табиғи газдың салық кезеңі үшін өндірілген көлемі көрсетіледі;

43) 590.01.043 жолында халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, 20 пайыз қосылған, өнімнің бірлігі үшін өндірудің өндірістік өзіндік құны көрсетіледі;

44) 590.01.044 жолында 590.01.042 және 590.01.043 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған табиғи газдың өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

45) 590.01.045 жолында 590.01.038, 590.01.039 және 590.01.042 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, тауарлық табиғи газдың салық кезеңі үшін өндірілген көлемі текше метрмен көрсетіледі;

46) 590.01.046 жолында Салық кодексінің 334-бабы 4-тармағына сәйкес айқындалатын, табиғи газға әлемдік баға көрсетіледі;

47) 590.01.047 жолында 590.01.045 және 590.01.046 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, тауарлық табиғи газдың салық кезеңі үшін өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

48) 590.01.048 жолында Салық кодексінің 336-бабына сәйкес айқындалатын, табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

49) 590.01.049 жолында ((590.01.041 + 590.01.044 + 590.01.047) х 590.01.048) формуласы бойынша айқындалатын, табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

"Пайдалы қазбаларды өндіру салығын түзету" бөлімінде:

Шикі мұнайға, газ конденсатына, табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасын түзету Салық кодексінің 335-бабы 3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

50) 590.01.050 жолында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың жеке әрбіреуі бойынша ағымдағы салық жылы үшін шикі мұнай іс-жүзінде өндірілген көлемі тоннамен көрсетіледі;

51) 590.01.051 жолында салық жылының 1-3 тоқсандары үшін шикі мұнайға есептелген пайдалы қазбаларды өндіру салығы көрсетіледі;

52) 590.01.052 жолында мұнай өңдеуші зауыттарға өткізілген, салық жылының 1-3 тоқсандары үшін өндірілген шикі мұнай көлемінің құны көрсетіледі

53) 590.01.053 жолында салық жылының 1-3 тоқсандары үшін жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған және мұнай өңдеу зауытына алыс-беріс шикізаты ретінде өңдеу үшін өткізілген шикі мұнайдың өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

54) 590.01.054 жолында заттай түрде берілген, салық жылының 1-3 тоқсандары үшін шикі мұнайдың өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

55) 590.01.055 жолында салық жылының 1-3 тоқсандары үшін тауарлық шикі мұнайдың өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

56) 590.01.056 жолында Енгізу туралы заңның 7-бабымен айқындалған, шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

57) 590.01.057 жолында Енгізу туралы заңның 7-бабымен айқындалған, шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының төмендетуші коэффициентті ескергендегі ставкасы көрсетіледі;

58) 590.01.058 жолында (((590.01.052 + 590.01.053 + 590.01.054) х 590.01.057) + (590.01.055 х 590.01.056)) формуласы бойынша айқындалатын, шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

59) 590.01.059 жолында Салық кодексінің 335-бабы 3-тармағына сәйкес, 590.01.058 және 590.01.051 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының түзету сомасы көрсетіледі;

60) 590.01.060 жолында жер қойнауын пайдалануға арналған жеке әрбір келісім-шарт бойынша ағымдағы салық жылы үшін газ конденсатының нақты өндірілген көлемі тоннамен көрсетіледі;

61) 590.01.061 жолында салық жылының 1-3 тоқсандары үшін есептелген газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығы көрсетіледі;

62) 590.01.062 жолында мұнай өңдеу зауыттарына өткізілген, салық жылының 1-3 тоқсандары үшін газ конденсатының өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

63) 590.01.063 жолында салық жылының 1-3 тоқсандары үшін жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған және мұнай өңдеу зауытына алыс-беріс шикізаты ретінде өңдеу үшін өткізілген газ конденсатының өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

64) 590.01.064 жолында заттай түрде берілген, салық жылының 1-3 тоқсандары үшін газ конденсатының өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

65) 590.01.065 жолында салық жылының 1-3 тоқсандары үшін тауарлық газ конденсатының өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

66) 590.01.066 жолында Енгізу туралы заңның 7-бабымен айқындалған, газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

67) 590.01.067 жолында Енгізу туралы заңның 7-бабымен айқындалған, газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының төмендетуші коэффициентті ескергендегі ставкасы көрсетіледі;

68) 590.01.068 жолында (((590.01.062+590.01.063+590.01.064) х 590.01.067)+(590.01.065 х 590.01.066)) формуласы бойынша айқындалатын, газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

69) 590.01.069 жолында Салық кодексінің 335-бабы 3-тармағына сәйкес, 590.01.068 және 590.01.061 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының түзету сомасы көрсетіледі;

70) 590.01.070 жолында жер қойнауын пайдалануға арналған жеке әрбір келісім-шарт бойынша ағымдағы салық жылы үшін табиғи газдың нақты өндірілген көлемі текше метрмен көрсетіледі;

71) 590.01.071 жолында салық жылының 1-3 тоқсандары үшін есептелген табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығы көрсетіледі;

72) 590.01.072 жолында салық жылының 1-3 тоқсандары үшін Қазақстан Республикасының ішкі нарығына өткізілген табиғи газдың өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

73) 590.01.073 жолында салық жылының 1-3 тоқсандары үшін жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған, өндірілген табиғи газдың құны көрсетіледі;

74) 590.01.074 жолында салық жылының 1-3 тоқсандары үшін тауарлық табиғи газдың өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

75) 590.01.075 жолында Салық кодексінің 336-бабында айқындалған, табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

76) 590.01.076 жолында ((590.01.072+590.01.073+ 590.01.074) х 590.01.075) формуласы бойынша айқындалатын, табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

77) 590.01.077 жолында Салық кодексінің 335-бабы 3-тармағына сәйкес, 590.01.076 және 590.01.071 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының түзету сомасы көрсетіледі;

"Пайдалы қазбаларды өндіру салығы" бөлімінде:

78) 590.01.078 жолында 590.01.018, 590.01.036, 590.01.049, 590.01.059, 590.01.069, 590.01.077 (590.01.018 + 590.01.036 + 590.01.049 + 590.01.059 + 590.01.069 + 590.01.077) жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, пайдалы қазбаларды өндіру салығының бюджетке төленуге жататын сомасы көрсетіледі;

590.01.078 жолының мәні 590.00 нысанының 590.00.001 жолына тасымалданады.

4. Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде бағаның ресми бағамдары бар, құрамында пайдалы қазбалары бар минералдық шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу – 590.02-нысанын жасау

17. 590.02-нысаны Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңі үшін олар бойынша салық кезеңінде бағаның ресми бағамдары бар, құрамында пайдалы қазбалары бар минералды шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу туралы ақпаратты таратып көрсету үшін арналған.

18. "Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда минералды шикізаттың көлемі" бөлімінде:

1) 590.02.001 жолында Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңі үшін олар бойынша салық кезеңінде бағаның ресми бағамдары бар, құрамында пайдалы қазбалары бар минералды шикізаттың өндірілген көлемі көрсетіледі;

19. "Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" бөлімінде:

1) "Минералды шикізаттің атауы" бөлімінде Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңі үшін олар бойынша салық кезеңінде бағаның ресми бағамдары бар, құрамында пайдалы қазбалары бар өндірілген минералды шикізаттың атауы көрсетіледі;

2) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

3) В бағанының жолдарында Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңі үшін олар бойынша салық кезеңінде бағаның ресми бағамдары бар минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың атауы көрсетіледі;

4) С бағанының жолдарында минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

5) D бағанының жолдарында Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағына сәйкес айқындалатын, биржалық орташа баға көрсетіледі;

6) Е бағанының жолдарында С және D бағандарының туындысы ретінде айқындалатын, минералды шикізаттың құрамындағы пайдалы қазбалардың төленген запастарының салық салынатын көлемінің құны ретінде есептелген салық базасы көрсетіледі;

7) F бағанының жолдарында Енгізу туралы заңның 7-бабымен айқындалған, салық ставкасы көрсетіледі;

8) G бағанының жолдарында Е және F бағандарының туындысы ретінде айқындалатын, минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбаларға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

9) Н бағанының жолдарында Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес есептелген салықтың түзету сомасы көрсетіледі;

10) І бағанының жолдарында G және Н бағандарының сомасы ретінде айқындалатын, пайдалы қазбаларды өндіру салығының түзетулерді ескергендегі сомасы көрсетіледі;

І бағанының қорытынды сомасы 590.00 нысанының 590.00.001 жолына тасмалданады.

Егер жер қойнауын пайдаланушы Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша қосымша декларация өткізетін болса, онда І бағанының мәні 590.00 нысанының 590.00.002 жолына тасмалданады.

5. Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми

бағамдары бар, бір уақытта құрамында пайдалы қазбалары бар минералдық шикізатқа, және алынуы, қолданылуы (іске асырылуы) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың талаптарында көзделген , пайдалы қазбалардың басқа түрлеріне пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу – 590.03-нысанын жасау

20. 590.03-нысаны кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар, бір уақытта құрамында пайдалы қазбалары бар минералдық шикізатқа, және алынуы, қолданылуы (іске асырылуы) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың талаптарында көзделген, пайдалы қазбалардың басқа түрлеріне пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу туралы ақпаратты таратып көрсету үшін арналған.

21. "Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда минералды шикізаттың көлемі" бөлімінде:

1) 590.03.001 жолында Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар, бір уақытта құрамында пайдалы қазбалары бар және алынуы, қолданылуы (іске асырылуы) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың талаптарында көзделген, пайдалы қазбалардың басқа түрлері бойынша минералдық шикізаттың өндірілген көлемі көрсетіледі (тонна, килограмм, грамм).

23. "Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" бөлімінде:

1) "Минералды шикізаттың атауы" жолында Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар, бір уақытта құрамында пайдалы қазбалары бар және алынуы, қолданылуы (іске асырылуы) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың талаптарында көзделген, пайдалы қазбалардың басқа түрлері бойынша өндірілген минералдық шикізаттың атауы көрсетіледі;

2) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

3) В бағанының жолдарында Лондон металдар биржасында тіркелген, олар бойынша салық кезеңінде бағаның ресми бағамдары бар минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың атауы көрсетіледі;

4) С бағанының жолдарында минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың көлемі көрсетіледі (тонна, куб. м., унция, грамм және т.б.);

5) D бағанының жолдарында Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағына сәйкес айқындалатын, биржалық орташа баға көрсетіледі;

6) E бағанының жолдарында C және D бағандарының туындысы ретінде айқындалатын, минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалар көлемінің құны ретінде есептелген салық базасы көрсетіледі;

7) F бағанының жолдарында Енгізу туралы заңның 7-бабына сәйкес айқындалған салық ставкасы көрсетіледі;

8) G бағанының жолдарында минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі алынуы, пайдалануы (іске асырылуы) жер қойнауын пайдалану келісім-шартының талаптарында көзделген, пайдалы қазбалардың басқа түрлерінің атаулары көрсетіледі;

9) H бағанының жолдарында салық кезеңі үшін минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі алынуы, пайдалануы (іске асырылуы) жер қойнауын пайдалану келісім-шартының талаптарында көзделген, пайдалы қазбалардың басқа түрлерінің көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

10) I бағанының бағанының жолдарында басқа заңды тұлғаға қайта өндіруге берілген минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың басқа түрлерінің көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

11) J бағанының жолдарында бір заңды тұлғаның шеңберінде ары қарай өндіру үшін құрылымдық бөлімшеге берілген, минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың басқа түрлерінің көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

12) K бағанының жолдарында жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған , минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың басқа түрлерінің көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

13) L бағанының жолдарында Салық кодексінің 341-бабы 2-тармағына сәйкес айқындалатын, өткізудің орташа бағасы көрсетіледі;

14) M бағанының жолдарында халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, сондай пайдалы қазбалар түрлеріне келетін, өндірудің және алғашқы өңдеудің (байытудың) 20 пайыз қосылған өндірістік өзіндік құны көрсетіледі;

15) N бағанының жолдарында төмендегідей айқындалатын, минералды шикізаттағы пайдалы қазбалардың төленген запастарының салық салынатын көлемінің құны ретінде есептелген салық базасы көрсетіледі:

H және L бағандарының туындысы ретінде;

I, J, K бағандарына M бағанының туындысы ретінде;

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың колданысқа енгенінен бастап пайдалы қазбаларды өткізу мүлдем болмаған жағдайда, құны Н және М бағандарының туындысы ретінде айқындалады;

16) О бағанының жолдарында Енгізу туралы заңның 7-бабымен айқындалған, салық ставкасы көрсетіледі;

17) Р бағанының жолында ((Е х F) + (N х О)) формуласы бойынша айқындалатын, пайдалы қазбаларды өндіру салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

18) R бағанының жолдарында Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына және Салық кодексінің 338-бабы 6-тармағының 3) тармақшасына сәйкес айқындалатын, салықтың түзетуі көрсетіледі;

19) S бағанының жолдарында (R+P) бағандарының сомасы ретінде айқындалатын, пайдалы қазбаларды өндіру салығының түзетулерді ескергендегі сомасы көрсетіледі;

S бағанының қорытынды мәні 590.00-нысанының 590.00.001 жолына тасымалданады.

Егер жер қойнауын пайдаланушы Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша қосымша декларация тапсыратын болса, онда S бағанының мәні 590.00-нысанының 590.00.002 жолына тасымалданады.

6. Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда және Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар пайдалы қазбаларды қоспағанда, құрамында пайдалы қазбалары бар минералдық шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу – 590.04-нысанын жасау

23. 590.04-нысаны Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар пайдалы қазбаларды қоспағанда, құрамында пайдалы қазбалары бар минералдық шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу туралы ақпаратты таратып көрсетуге арналған.

24. "Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда минералды шикізаттың көлемі" бөлімінде:

1) 590.03.001 жолында Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар пайдалы қазбаларды қоспағанда, құрамында пайдалы қазбалары бар минералдық шикізаттың өндірілген көлемі көрсетіледі;

25. "Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" бөлімінде:

1) "Минералды шикізаттың атауы" жолында Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар пайдалы қазбаларды қоспағанда, құрамында пайдалы қазбалары бар өндірілген минералдық шикізаттың атауы көрсетіледі;

2) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

3) В бағанының жолдарында Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар пайдалы қазбаларды қоспағанда, минералдық шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың атауы көрсетіледі;

4) С бағанының жолдарында минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

5) D бағанының жолдарында өткізудің орташа бағасы көрсетіледі;

6) Е бағанының жолдарында халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, 20 пайыз қосылған, пайдалы қазбалардың осындай түрлеріне келетін, өндіру және алғашқы өңдеудің (байытудың) өндірістік өзіндік құны көрсетіледі;

7) F бағанының жолдарында С бағанының жолдары және D бағанының жолдары туындысы ретінде айқындалатын, минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалар көлемінің құны ретінде есептелетін салық базасы көрсетіледі. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың қызмет етуінен бастап алғашқы өңдеуден (байыту) өткен пайдалы қазбалардың өткізілуі мүлде жоқ болғанда, құн С бағанының жолдары және Е бағанының жолдарының туындысы ретінде айқындалады;

8) G бағанының жолдарында Енгізу туралы заңның 7-бабында айқындалған салық ставкасы көрсетіледі;

9) Н бағанының жолдарында Салық кодексінің 338-бабы 6-тармағының 3) тармақшасына сәйкес салық кезеңінде өткізудің нақты орташа бағасын ескере отырып, алғашқы өткізу орын алған, есептелген пайдалы қазбаларды өндіру салығы сомасының түзетуі көрсетіледі;

10) I бағанының жолдарында ((F x G)+H) формуласы бойынша айқындалатын, алғашқы өңдеуден (байыту) өткен, минералды шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі.

I бағанының жолының қорытынды сомасы 590.00-нысанының 590.00.001 жолына тасымалданады.

7. Кең таралған пайдалы қазбаларды, жер асты сулары мен шипалы балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу – 590.05-нысанын жасау

26. "Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында пайдалы қазбаның коды көрсетіледі;

3) С бағанының жолдарында өндірілген кең таралған пайдалы қазбалардың, жер асты сулары мен шипалы балшықтардың атауы көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында кең таралған пайдалы қазбалардың, жер асты сулары мен шипалы балшықтардың салық кезеңі үшін физикалық өндірілген көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, килограмм, грамм); 5) Е бағанының жолдарында Салық кодексінің 341-бабы 2 және 3тармақтарына сәйкес айқындалатын, өткізудің орташа бағасы көрсетіледі;

6) F бағанының жолдарында халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, 20 пайыз қосылған, өндіру мен алғашқы өңдеуден (байыту) өткізудің өндірістік өзіндік құны көрсетіледі. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың қолднасықа енгенінен бастап кең таралған пайдалы қазбаларды өткізу мүлдем болмаған жағдайда ғана толтырылады;

7) G бағанының жолдарында Салық кодексінің 341-бабына сәйкес (D x E) + (D x F) формуласы бойынша айқындалатын, кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты сулары мен шипалы балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу үшін салық базасы көрсетіледі;

8) Н бағанының жолдарында Салық кодексінің 342-бабымен айқындалған салық ставкасы көрсетіледі;

9) I бағанының жолдарында G және Н бағандарының туындысы ретінде айқындалатын, кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты сулары мен шипалы балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында Салық кодексінің 341-бабы 4-тармағына сәйкес айқындалатын, кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты сулары мен шипалы балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіру салығының түзету сомасы көрсетіледі;

11) К бағанының жолдарында I және J бағандарының сомасы ретінде айқындалатын, кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты сулары мен шипалы балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіру салығының түзетулерді ескергендегі сомасы көрсетіледі;

К бағанының қорытынды мәні 590.00-нынасының 590.00.001 жолына тасымалданады.

10. Пайдалы қазбалардың кодтары:

0001	*Сутегі*
0002	Гелий
0003	Литий
0004	Бериллий
0005	Бор
0006	Углерод
0007	Азот
0008	*Оттегі*
0009	Фтор
0010	Неон
0011	Натрий
0012	Магний
0013	Алюминий
0014	Кремний
0015	Фосфор
0016	Сера
0017	Хлор
0018	Аргон
0019	Калий
0020	Кальций
0021	Скандий
0022	Титан
0023	Ванадий
0024	Хром
0025	Марганец
0026	Железо
0027	Кобальт
0028	Никель
0029	Медь
0030	Цинк
0031	Галлий
0032	Германий
0033	Мышъяк
0034	Селен
0035	Бром
0036	Криптон
0037	Рубидий
0038	Стронций

0039	Иттрий
0040	Цирконий
0041	Ниобий
0042	Молибден
0043	Технеций
0044	Рутений
0045	Родий
0046	Палладий
0047	Серебро
0048	Кадмий
0049	Индий
0050	Олово
0051	Сурьма
0052	Теллур
0053	Йод
0054	Ксенон
0055	Цезий
0056	Барий
0057	Лантан
0058	Гафний
0059	Тантал
0060	Вольфрам
0061	Рений
0062	Осмий
0063	Иридий
0064	Платина
0065	Золото
0066	Ртуть
0067	Таллий
0068	Свинец
0069	Висмут
0070	Полоний
0071	Астат
0072	Радон
0073	Франций
0074	Радий
0075	Актиний
0076	Резерфодий
0077	Дубний
0078	Сиборгий
0079	Борий
0080	Хассий

0081	Майтнерий
0082	Нерудное сырье для металлургии
0083	Формовочные пески
0084	Полевой шпат
0085	Пегматит
0086	Другие глиноземосодержащие породы
0087	Известняк
0088	*Доломит*
0089	*Ізбес-доломит жыныстары*
0090	Тамақ өнеркәсібіне арналған ізбестер
0091	Рудалық емес өзге шикізат
0092	Отқа төзімді топырақтар
0093	Каолин
0094	Вермикулит
0095	Тұз
0096	Жергілікті құрылыс материалдары
0097	Вулкандық пористі жыныстар
0098	Вулкандық су ұстайтын әйнектер
0099	Әйнек түріндегі жыныстар
0100	Перлит
0101	Обсидиан
0102	Галька
0103	Гравий
0104	Гипс
0105	Гравий-құмды қосынды
0106	Гипсті тас
0107	Ангидрит
0108	Гажа
0109	Глина
0110	Топырақ жыныстары (балқымайтын и тез балқитын топырақтар, суглинки, аргиллиттер, алевролиттер, топырақты сланцылар)
0111	Мел
0112	Мергель
0113	Мергельді-бор жыныстар
0114	Кремнийлік жыныстар (трепел, опоки, диатомит)
0115	Кварцты-полевошпатты жыныстар
0116	Гранит
0117	Диабаз
0118	Мрамор
0119	Базальт
0120	Басқа метаморфтық жыныстар
0121	Буталы тас

0122	Құм (кварцты, құрылыс, полевошпатный)
0123	Песчаник
0124	Табиғи пигменттер
0125	Ракушечник
0126	Жер асты сулар
0127	Мұнай
0128	Газ
0129	Мұнайгаз конденсаты
0130	Басқалар

РҚАО-ның ескертуі: 590.00-590.05 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Автомобиль жолдарын
пайдаланушылар аударымдары
есебіне (641.00-нысан)
қосымша

Автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдары есебін жасау ережелері (641.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасымен салық режимі тұрақтылығына кепілдік берілген заңдармен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасалған келісім-шарттар бойынша (бұдан әрі - келісім-шарттар) жұмыс істейтін салық төлеушілермен автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдары есебін жасау (бұдан әрі - Есеп) тәртібін анықтайды.

2. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде " - " белгісімен көрсетіледі.

6. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде - салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

7. Есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (641.00-нысан)

8. "Төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының - салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Есепті беру үшін есепті тоқсан есепті кезең болып табылады;

4) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

5) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші №1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім")

100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), №1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезең үшін барлығы	оның ішінде:					
			Қызметтің негізгі түрі	қосалқы (басқа да) қызмет түрлері				
				сауда	аңшылық	жарнама	балық аулау	балық өсіру
				5010	01500	74400	05010	05020
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулердің) көлемі, мың теңге	100	250 000,0	150 000,0	5 0 000,0	35 000,0	5 000,0	2 000,0	1 000,0

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

ЭҚЖЖ	Үлес салмағы, %
45211	60,0
5010	20,0
01500	14,0

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

№ 2–ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2–ШК (тоқсандық) нысанының 2–бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") 100–107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

№ СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау (әлеуметтік қызмет) ұйымдары және № СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

6) Есеп түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық агенті оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және " Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған) және (немесе) келісім-шарттың қолданысы тоқтатылған жағдайда белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс етілген жағдайда толтырылады;

8) келісім-шарт реквизиттері.

Есеп жасалатын келісім-шарттың нөмірі және оны жасасқан күн көрсетіледі.

Есеп әр келісім-шарт бойынша бөлек жасалады.

9. "Төлемдерді есептеу базасы" бөлімінде:

1) 641.00.001 A, 641.00.001 B, 641.00.001 C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін нақты сату бағаларында өткізілген өнім, орындалған жұмыс және көрсетілген қызметтің нақты көлемдері көрсетіледі.

641.00.001 D жолында 641.00.001 A, 641.00.001 B және 641.00.001 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін нақты сату бағасында сатылған өнімнің, жасалған жұмыстың және ұсынылған қызметтің нақты көлемі көрсетіледі.

641.00.001 E жолында есепті кезең Есебінің 641.00.001 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 641.00.001 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап нақты сату бағасында сатылған өнімнің, жасалған жұмыстың және ұсынылған қызметтің нақты көлемі көрсетіледі.

Осы жолдар егер келісім-шарт 1998 жылғы 8 маусымға дейін жасалған жағдайда толтырылады;

2) 641.00.002 A, 641.00.002 B, 641.00.002 C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін жылдық жиынтық кіріс көрсетіледі.

641.00.002 D жолында 641.00.002 A, 641.00.002 B және 641.00.002 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жылдық жиынтық кіріс көрсетіледі.

641.00.002 E жолында есепті кезең Есебінің 641.00.002 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 641.00.002 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жылдық жиынтық кіріс көрсетіледі.

Осы жолдар егер келісім-шарт 1998-жылғы 8-маусымнан кейін жасалған жағдайда толтырылады.

10. "Аударымдар сомасының есебі" бөлімінде:

1) 641.00.003 A, 641.00.003 B, 641.00.003 C жолдарында 641.00.001 немесе 641.00.002 жолдарында көрсетілген төлемдерді есептеу базасына байланысты автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының ставкасы көрсетіледі;

2) 641.00.004 A, 641.00.004 B, 641.00.004 C жолдарында 641.00.001 және 641.00.003 немесе 641.00.002 және 641.00.003 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын бюджетке аударылуға жататын автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының сомасы көрсетіледі.

641.00.004 D жолында 641.00.004 A, 641.00.004 B және 641.00.004 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының сомасы көрсетіледі.

641.00.004 E жолында есепті кезең Есебінің 641.00.004 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 641.00.004 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының сомасы көрсетіледі.

11. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық төлеушінің тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 641.00 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Жұмыспен қамтуға көмектесу,
міндетті медициналық сақтандыру,
мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру,
зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік
орталық қорларына аударымдар
есебіне (651.00-нысан) қосымша

Жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталық қорларына аударымдар есебін жасау ережесі (651.00 -нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасымен салық режимі тұрақтылығына кепілдік берілген заңдармен белгіленген ретте Қазақстан Республикасымен жасалған келісім-шарттар бойынша (бұдан әрі-келісім-шарттар) жұмыс істейтін салық төлеушілермен Жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталық қорларына аударымдар есебін жасау (бұдан әрі - Есеп) тәртібін анықтайды.

2. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

6. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

7. Есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (651.00-нысан)

8. "Төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) БСН – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының - салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Есепті беру үшін есепті тоқсан есепті кезең болып табылады;

4) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

5) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ торкөздерінде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші №1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100-жол бойынша 3-бағанның деректеріне 100-жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), №1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезең үшін барлығы	оның ішінде:					
			Қызметтің негізгі түрі	қосалқы (басқа да) қызмет түрлері				
				сауда	аңшылық	жарнама	балық аулау	балық өсіру
				5010	01500	74400	05010	05020
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсету-лер) көлемі, мың теңге	100	250 000,0	150 000,0	5 0 000,0	35 000,0	5 000,0	2 000,0	1 000,0

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

ЭҚЖЖ	Үлес салмағы, %
45211	60,0
5010	20,0
01500	14,0

мұндағы, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

№ 2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2–ШК (тоқсандық) нысанының 2–бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады;

6) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық агенті оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және " Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс етілген жағдайда толтырылады;

8) келісім-шарт деректемелері.

Есеп жасалатын келісім-шарттың нөмірі және осы келісім-шарттың жасалған күні көрсетіледі.

9. "Жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдар" бөлімінде:

1) 651.00.001 A, 651.00.001 B, 651.00.001 C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі .

651.00.001 D жолында 651.00.001 A, 651.00.001 B және 651.00.001 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.001 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.001 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.001 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі;

2) 651.00.002 A, 651.00.002 B, 651.00.002 C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.002 D жолында 651.00.002 A, 651.00.002 B және 651.00.002 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.002 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.002 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.002 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі;

3) 651.00.003 A, 651.00.003 B, 651.00.003 C жолдарында 651.00.001 және 651.00.002 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1 , 2 және 3 айлары үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.003 D жолында 651.00.003 A, 651.00.003 B және 651.00.003 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.003 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.003 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.003 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі;

4) 651.00.004 A, 651.00.004 B, 651.00.004 C жолдарында келісім-шарттың жасалған күніне байланысты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударымдар ставкасы көрсетіледі;

5) 651.00.005 A, 651.00.005 B, 651.00.005 C жолдарында 651.00.003 және 651.00.004 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2

және 3 айлары үшін жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдардың сомалары көрсетіледі.

651.00.005 D жолында 651.00.005 A, 651.00.005 B және 651.00.005 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

651.00.005 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.005 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.005 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

10. "Міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар" бөлімінде:

1) 651.00.006 A, 651.00.006 B, 651.00.006 C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін еңбекақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.006 D жолында 651.00.006 A, 651.00.006 B және 651.00.006 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.006 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.006 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.006 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі;

2) 651.00.007 A, 651.00.007 B, 651.00.007 C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.007 D жолында 651.00.007 A, 651.00.007 B және 651.00.007 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.007 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.007 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.007 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

Міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 22-қаңтардағы № 1845 қаулысымен бекітілген Міндетті медициналық сақтандыруға сақтандыру төлемдерін алу және есепке алу тәртібі туралы Нұсқаулықтың 9-тармағында келтірілген;

3) 651.00.008 A, 651.00.008 B, 651.00.008 C жолдарында 651.00.006 және 651.00.007 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1 , 2 және 3 айлары үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.008 D жолында 651.00.008 A, 651.00.008 B және 651.00.008 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.008 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.008 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.008 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі;

4) 651.00.009 A, 651.00.009 B, 651.00.009 C жолдарында келісім-шарттың жасалған күніне байланысты міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар ставкасы көрсетіледі;

5) 651.00.010 A, 651.00.010 B, 651.00.010 C жолдарында 651.00.008 және 651.00.009 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін есептелген міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар сомалары көрсетіледі.

651.00.010 D жолында 651.00.010 A, 651.00.010 B және 651.00.010 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

651.00.010 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.010 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.010 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

11. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар" бөлімінде:

1) 651.00.011 A, 651.00.011 B, 651.00.011 C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі .

651.00.011 D жолында 651.00.011 A, 651.00.011 B және 651.00.011 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.011 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.011 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.011 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі;

2) 651.00.012 A, 651.00.012 B, 651.00.012 C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.012 D жолында 651.00.012 A, 651.00.012 B және 651.00.012 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.012 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.012 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.012 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер тізбесі "Сақтандыру жарнасы есептелмейтін және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша зейнетақы мен жәрдемақы есептеу үшін орташа жалақыны анықтаған кезде есепке алынбайтын төлемдер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 наурыздағы № 419 қаулысында келтірілген;

3) 651.00.013 A, 651.00.013 B, 651.00.013 C жолдарында 651.00.011 және 651.00.012 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1 , 2 және 3 айлары үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.013 D жолында 651.00.013 A, 651.00.013 B және 651.00.013 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.013 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.013 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.013 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі;

4) 651.00.014 A, 651.00.014 B, 651.00.014 C жолдарында келісім-шарттың жасалған күніне байланысты мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар ставкасы көрсетіледі;

5) 651.00.015 A, 651.00.015 B, 651.00.015 C жолдарында 651.00.013 және 651.00.014 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін есептелген мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомалары көрсетіледі.

651.00.015 D жолында 651.00.015 A, 651.00.015 B және 651.00.015 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

651.00.015 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.015 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.015 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

12. "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары" бөлімінде:

1) 651.00.016 A, 651.00.016 B, 651.00.016 C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі .

651.00.016 D жолында 651.00.016 A, 651.00.016 B және 651.00.016 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.016 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.016 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.016 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі;

2) 651.00.017 A, 651.00.017 B, 651.00.017 C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.017 D жолында 651.00.017 A, 651.00.017 B және 651.00.017 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.017 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.017 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.017 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есептелмейтін төлемдер тізбесі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы № 1120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібінің 11-тармағында келтірілген;

3) 651.00.018 A, 651.00.018 B, 651.00.018 C жолдарында 651.00.016 және 651.00.017 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1 , 2 және 3 айлары үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.018 D жолында 651.00.018 A, 651.00.018 B және 651.00.018 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.018 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.018 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.018 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі;

4) 651.00.019 A, 651.00.019 B, 651.00.019 C жолдарында келісім-шарттың жасалған күніне байланысты зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы көрсетіледі;

5) 651.00.020 A, 651.00.020 B, 651.00.020 C жолдарында 651.00.020 және 651.00.020 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін есептелген зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының сомалары көрсетіледі.

651.00.020 D жолында 651.00.020 A, 651.00.020 B және 651.00.020 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

651.00.020 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.020 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.020 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

13. "Аударымдар сомасы - барлығы" бөлімінде:

651.00.021 A, 651.00.021 B, 651.00.021 C жолдарында 651.00.005, 651.00.010, 651.00.015 және 651.00.020 жолдарының тиісті сомалары ретінде айқындалған жоғарыда аталған барлық қорларға аударымдардың сомалары көрсетіледі.

651.00.021 D жолында 651.00.021 A, 651.00.021 B және 651.00.021 C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жоғарыда аталған барлық қорларға аударымдардың сомасы көрсетіледі.

651.00.021 E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.021 D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.021 E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жоғарыда аталған барлық қорларға аударымдардың сомасы көрсетіледі.

14. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні.

Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды.

Салық төлеушінің тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 651.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Көлік құралдары салығы,
жер салығы мен мүлік салығы
бойынша декларацияға
(700.00-нысан) қосымша

Көлік құралдары салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша салық есептілігі (декларация) жасау ережесі (700.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және осы Ережеге қосымшаға сәйкес салық төлеушілердің көлік құралдары салығын, жер салығы мен мүлік салығын есептеуге арналған Көлік құралдары салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша салық есептілігін (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 365, 373, 394-баптарында көрсетілген салық төлеушілер, сондай-ақ Салық кодексінің 407-бабында көрсетілген объектілер бойынша жеке нотариустар, адвокаттар, жеке кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғалар толтырады.

2. Декларация Декларацияның өзінен (700.00-нысан) және көлік құралдары салығын, жер салығы мен мүлік салығын салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшалардан (700.01-ден 700.03-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті торкөзі толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін Декларациядағы жолдар толтырылған кезде міндетті тәртіпте толтырылады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Ережеде мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" - қосу; " -" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады .

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны тапсырған кезде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде - салық төлеуші салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

13. Лизинг шарттары бойынша берілген (алынған) объектілер бойынша Декларацияны және тиісті оған қосымшаларды лизинг алушы толтырады және тапсырады.

14. Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін жер салығы мен мүлік салығы салынатын объектілер бойынша Декларацияны пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы толтырады және тапсырады.

15. Концессия шарты бойынша берілген мүлік салығы салынатын объектілер бойынша Декларацияны концессионер толтырады және тапсырады.

16. Декларацияға қосымшалардың (700.01-ден 700.03-ке дейінгі нысандар) " Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде осы Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау

17. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі. Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" азақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі (жыл) - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлік басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

5) Декларация түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 63-бабына сәйкес белгіленеді. Декларация түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген хабарлама бойынша қосымша Декларация тапсырылған жағдайда белгіленеді;

7) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер егер салық төлеуші A, B, C, D, E жолдарында көрсетілген бір немесе бірнеше санатқа жатқан жағдайда белгіленеді;

8) келісім-шарт жасасқан күн мен нөмірі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың күні мен нөмірін көрсете отырып, жер қойнауын пайдаланушы толтырады;

9) валюта коды.

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен

бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне (бұдан әрі - Тауарларды декларациялау ережесі) "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

10) тапсырылған қосымшалар.

Тапсырылған Декларацияға қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

11) қосымшалардың саны.

Мынадай нысандар бойынша тапсырылған Декларацияға қосымшалардың беттерінің саны көрсетіледі (араб сандарымен көрсетіледі):

А жолында – 700.01 қосымшасы бойынша;

В жолында – 700.02 қосымшасы бойынша;

С жолында – 700.03 қосымшасы бойынша.

18. "Көлік құралдары салығы" бөлімінде:

1) 700.00.001 жолында 700.01 барлық нысандары бойынша 700.01.013 I немесе 700.01.013 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі;

2) 700.00.002 жолында салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

3) егер 700.00.001 жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы 700.00.002 жолында көрсетілген ағымдағы төлемдердің есептелген сомасынан көп болған жағдайда, 700.00.003 жолында 700.00.001 және 700.00.002 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есептеуге салық сомасы көрсетіледі;

4) егер 700.00.002 жолында көрсетілген ағымдағы төлемдердің салық кезеңі үшін есептелген сомасы 700.00.001 жолында көрсетілген есептелген салық сомасынан көп болған жағдайда, 700.00.004 жолында 700.00.002 және 700.00.001 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын азайтуға салық сомасы көрсетіледі.

19. "Жер салығы" бөлімінде:

1) 700.00.005 жолында 700.02 барлық нысандары бойынша 700.02.015 I немесе 700.02.015 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі;

2) 700.00.006 жолында 700.02 барлық нысандары бойынша 700.02.016 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

3) егер 700.00.005 жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы 700.00.006 жолында көрсетілген есептелген ағымдағы төлемдер

сомасынан көп болған жағдайда, 700.00.007 жолында 700.00.005 және 700.00.006 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есептеуге салық сомасы көрсетіледі;

4) егер 700.00.006 жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы 700.00.005 жолында көрсетілген есептелген салық сомасынан көп болған жағдайда, 700.00.008 жолында 700.00.006 және 700.00.005 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын зайтуға салық сомасы көрсетіледі.

20. "Мүлік салығы" бөлімінде:

1) 700.00.009 жолында барлық 700.03 нысандары бойынша 700.03.018 I немесе 700.03.018 II немесе 700.03.018 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі;

2) 700.00.010 жолында ағымдағы салық кезеңі үшін барлық тапсырылған 701.01 нысандар бойынша Жер салығы мен мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебінің (701.01) G бағанының 104101 жолдарын жиынтықтау арқылы айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдердің сомасы көрсетіледі.

3) егер 700.00.009 жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы 700.00.010 жолында көрсетілген есептелген ағымдағы төлемдер сомасынан көп болған жағдайда, 700.00.011 жолында 700.00.009 және 700.00.010 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есептеуге салық сомасы көрсетіледі;

4) егер 700.00.010 жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы 700.00.009 жолында көрсетілген есептелген ағымдағы төлемдер сомасынан көп болған жағдайда, 700.00.012 жолында 700.00.010 және 700.00.009 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, азайтуға салық сомасы көрсетіледі.

21. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес салық төлеушінің (басшының) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсыратын болса, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қамтылуы тиіс;

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес сенімгерлік басқарушының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын басқа жағдайларда пайда алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі.

2) Декларацияны беру күні.

Декларацияны салық органына табыс еткен ағымдағы күн көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық салу объектісінің орналасқан және (немесе) тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі;

5) Декларацияны алу күні.

Салық органына Декларацияның нақты табыс етілген немесе почта немесе өзге байланыс ұйымынан келіп түскен күн көрсетіледі.

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) почта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. "Көлік құралдары салығы" қосымшасын жасау (700.01-нысаны)

22. Бұл нысан Салық кодексінің 13-бөліміне сәйкес салық төлеушінің көлік құралдары салығын есептеуіне арналған. 700.01-нысанын салық төлеуші салық кезеңі ішінде меншік құқығындағы, шаруашылық жүргізу құқығындағы, жедел басқару құқығындағы әрбір көлік құралына, сондай-ақ қаржы лизингі шарты бойынша берілген (алынған) әрбір көлік құралына жасайды. Ұқсас көлік құралдары (бір үлгідегі, двигатель көлемі, жүк көтергіштігі, отырғызу орындарының саны, двигатель қуаты, пайдалану мерзімі бірдей) болған жағдайда 700.01.012 жолындағы олардың жалпы санын көрсете отырып бір нысан жасалады.

23. Қазақстан Республикасы салық режимінің тұрақтылығына кепілдік беретін заңдарда белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасалған келісім-шарттар бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілер, салықты есептеу мен төлеуді, аталған келісім-шарттың талаптарына сәйкес жүргізеді және осы қосымшаның тиісті жолдарында келісім-шарттың талаптарында белгіленген көрсеткіштерді (айлық есептік көрсеткіш, ставкалар, түзету коэфициенті) көрсетеді.

24. Егер салық салу объектісі бойынша салық есептемесін тапсыру жөніндегі салық міндеттемесі сенімгерлік басқарушыға жүктелген болса, Салық кодексінің 35-бабымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, "Сенімгерлік басқарманың құрылтайшысы немесе пайда алушысы туралы ақпарат" бөлімі толтырылады:

1) СТН – салық төлеуші сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) ЖСН (БСН) - салық төлеуші сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) оның негізінде мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың нөмірі мен күні.

Оның негізінде мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың күні мен нөмірі көрсетіледі.

25. "Көлік құралдары салығын есептеу" бөлімінде:

1) 700.01.001 жолында салық салу объектісі болып табылатын көлік құралы көрсетіледі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 366-бабына сәйкес белгіленеді. Көлік құралының түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді: A, B, C, D, E, F, G, H, I;

2) 700.01.002 жолында көлік құралының шыққан жылы көрсетіледі;

3) 700.01.003 жолында меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы, соның ішінде Қазақстан Республикасында бұрын есепте тұрмаған көлік құралын нақты иелену кезеңі (айлар саны) көрсетіледі;

4) 700.01.004 жолында тиісті өлшем бірліктері көрсетіледі:

жеңіл автомобиль двигателінің көлемі - шаршы сантиметрлерде;

жүк және арнайы автомобильдерінің жүк көтерімділігі - тоннада;

автобустардың отырғызу орындарының саны;

шағын көлемді кемелер, ұшу аппараттары, темір жол тартқыш және мотор-вагонды жылжымалы құрамдар двигателінің қуаты - киловаттарда көрсетіледі;

катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар двигательдерінің қуаты - ат күшінде;

5) 700.01.005 жолында Салық кодексінің 367-бабының 1-тармағына сәйкес көлік құралына салық ставкасы көрсетіледі;

6) 700.01.006 жолында Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшері көрсетіледі;

7) 700.01.007 жолында Салық кодексінің 367-бабының 2-тармағына сәйкес 1500-ден жоғары 2000 шаршы см-гі, 2000-нан жоғары 2500 шаршы см-гі, 2500-ден жоғары 3000 шаршы см-гі, 3000-нан жоғары 4000 шаршы см-гі жеңіл автомобиль двигателі көлемінің асуы көрсетіледі;

8) 700.01.008 жолында 700.01.005 мен 700.01.006 жолдарының туындысының және 700.01.007 мен 7 теңге туындысының (700.01.005 х 700.01.006 + 700.02.007 х 7) сомасы ретінде жеңіл автомобильдер бойынша айқындалатын салық сомасы көрсетіледі, қалған көлік құралдары мен ұшу аппараттары үшін 700.02.005 мен 700.02.006 жолдарының туындысы (700.01.005 х 700.01.006) ретінде айқындалады;

9) 700.01.009 жолында Салық кодексінің 367-бабы 3-тармағында белгіленген тиісті түзету коэффициенті көрсетіледі;

10) 700.01.010 жолында 700.01.008 және 700.01.009 жолдарын көбейту жолымен айқындалатын түзету коэффициенті ескеріле отырып, есепті салық кезеңі үшін салық сомасы көрсетіледі;

11) 700.01.011 жолында 700.01.010 жолының 700.01.003 жолы мен 12 туындысына қатынасы (700.01.010/12х700.01.003) ретінде айқындалатын иеленудің нақты кезеңі үшін салық сомасы көрсетіледі. Егер нақты иелену кезеңі 12 ай құраған жағдайда, онда 700.02.011 жолына 700.02.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

12) 700.01.012 жолында осы нысан жасалатын ұқсас көлік құралдарының саны көрсетіледі;

13) 700.01.013 I жолында 700.01.011 және 700.01.012 (700.01.011 х 700.01.012) жолдарының көбейтіндісі жолымен айқындалатын көлік құралдарының саны ескеріле отырып, салық сомасы көрсетіледі.

14) 700.01.013 II жолында 700.01.011 және 700.01.012 жолдарын 0,3-ке (700.01.011 х 700.01.012)х0,3 көбейту жолымен айқындалатын, Салық кодексінің 451-бабында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, төлеуге жататын көлік құралдарының санын ескеріп салық сомасы көрсетіледі.

4. "Жер салығы" қосымшасын жасау (700.02-нысаны)

26. Бұл қосымша Салық кодексінің 14-бөліміне сәйкес салық төлеушілердің жер салығын есептеуіне арналған. Салық төлеуші 700.02 нысанын салық кезеңі ішінде меншік, тұрақты жер пайдалану, бастапқы тегін уақытша жер пайдалану құқығындағы әрбір жер теліміне жасайды.

27. Егер салық салу объектісі бойынша салық есептілігін тапсыру бойынша салық міндеттемесі сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген болса, Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, " Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе пайда алушы туралы ақпарат" бөлімі толтырылады:

1) СТН – салық төлеуші сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) ЖСН (БСН) - салық төлеуші сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) оның негізінде мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың нөмірі мен күні.

Оның негізінде мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың күні мен нөмірі көрсетіледі.

28. "Жер салығын есептеу" бөлімінде:

1) 700.02.001 жолында Салық кодексінің 375 және 376-баптарына сәйкес жер салығы салынатын объекті болып табылатын жер учаскесінің орналасқан жері (жер учаскесіне ортақ үлестік меншік кезінде - жер үлесі) көрсетіледі;

2) 700.02.002 жолында сәйкестендіру құжаттары негізінде кадастрлық нөмір көрсетіледі;

3) 700.02.003 жолында құқық белгілейтін құжаттардың, оның ішінде шарттардың, сот шешімдерінің, атқарушы органдарының құқықтық актілерінің, мұрагерлікке құқық туралы куәліктің, меншік құқығында жер учаскесі бар немесе өтемін төлеп уақытша жер пайдалану құқығын сатып алған мемлекеттік емес заңды тұлғалар қайта ұйымдастырылған кезде беру актісінің немесе бөлу теңгерімінің негізінде Қазақстан Республикасының жер заңнамасының ережелеріне сәйкес жер учаскесіне құқық туындаған күн көрсетіледі;

4) 700.02.004 жолында құқық белгілейтін құжаттардың негізінде Қазақстан Республикасының жер заңнамасының ережелеріне сәйкес жер учаскесіне құқық тоқтаған күн көрсетіледі;

5) салық төлеуші жер салығын Салық кодексінің 374-бабы 2-тармағына сәйкес төлеген жағдайда 700.02.003 және 700.02.004 жолдары толтырылмайды;

6) 700.02.005 жолында салық кезеңінде жер учаскесін иелену немесе пайдалану айларының саны көрсетіледі;

7) 700.02.006 жолында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер санаты көрсетіледі. Бұл ретте, мынадай шартты белгілер пайдаланылады:

АШЖ-1 - ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер - далалық және қуаң далалық аймақтардың жерлері;

АШЖ-2 - ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер - шөлейтті, шөлді және тау бөктеріндегі шөлді аймақтардың жерлері;

ЕМЖ-ТҮҚ - тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан елді мекен жерлері;

ЕМЖ - тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда, елді мекен жерлері;

ЕМЖ-ҮІЖУ - елді мекен пунктерінің жерлері - үй іргесіндегі жер учаскелері;

ӨЖ - елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлері;

ӨЖ-ЕМ - елді мекендер шегінде орналасқан өнеркәсіп жерлері;

ЕҚТАЖ-АШ-1 және ЕҚТАЖ-АШ-2 – ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері;

ЕҚТАЖ - ауыл шаруашылығынан басқа өзге де мақсатта пайдаланылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері;

ОҚЖ-АШ-1 немесе ОҚЖ-АШ-2 - ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын орман қорының жерлері;

ОҚЖ - ауыл шаруашылығынан басқа өзге де мақсатта пайдаланылатын орман қорының жерлері;

СҚЖ-АШ-1 немесе СҚЖ-АШ-2 - ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын су қорының жерлері;

СҚЖ - ауыл шаруашылығынан басқа өзге де мақсатта пайдаланылатын су қорының жерлері;

8) 700.02.007 жолында сәйкестендіру құжаттарының (жер учаскесіне жеке меншік құқығына акті, тұрақты жер пайдалану құқығына акті, өтемін төлеп уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалға алу) құқығына акті және өтемін төлемей уақытша жер пайдалану құқығына акті) негізінде жер учаскесі топырағының бонитет балы көрсетіледі;

9) 700.02.008 жолында жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарына сәйкес жер учаскесінің жалпы ауданы көрсетіледі. Салық кодексінің 374-бабы 2-тармағында айқындалған салық төлеушілер нақты иеленуіндегі және пайдалануындағы жер учаскесінің жалпы ауданын көрсетеді. Жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттары болмаған жағдайда ауданы жер учаскесін өлшеген заңды және жеке тұлғалардың (тиісті лицензиялары бар) қорытындылары негізінде айқындалады;

10) 700.02.008 I жолында Салық кодексінің 375-бабының 2-тармағына сәйкес жер салығы салынбайтын жер учаскесінің ауданы көрсетіледі;

11) 700.02.008 II жолында 700.02.008 және 700.02.008 I жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын жер салығы салынуы тиіс жер учаскесінің ауданы көрсетіледі;

12) 700.02.009 жолында Салық кодексінің 54-тарауына сәйкес жер салығының базалық ставкасы көрсетіледі;

13) 700.02.010 жолында Салық кодексінің 387-бабының 1-тармағына сәйкес салық кезеңіне жергілікті өкілдік органның шешімімен белгіленген жер салығының ставкасын төмендету немесе көтеру мөлшері (пайызбен) көрсетіледі;

14) 700.02.011 жолында Салық кодексінің 386-бабына сәйкес салық кезеңіне жергілікті өкілдік органның шешімі бойынша автотұрақтар, автожанармай құю станциялары мен казино орналасқан жер учаскесіне жер салығының ставкасын көтерудің белгіленген мөлшері көрсетіледі;

15) 700.02.012 жолында тиісті салық төлеушілер үшін Салық кодексінің 387-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген коэффициент көрсетіледі;

16) 700.02.013 жолында арнаулы экономикалық аймақ аумақтарында қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілерге арналған, Салық кодексінің 387-бабының 5-тармағымен белгіленген коэффициент көрсетіледі;

17) 700.02.014 жолында 700.02.009, 700.02.010, 700.02.011 және 700.02.012 жолдарында көзделген базалық салық ставкасын түзетулер ескеріле отырып, жер салығының ставкасы көрсетіледі;

18) 700.02.015 I жолында (700.02.008 II х 700.02.014 / 12) х 700.02.005 формуласы бойынша айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі;

19) 700.02.015 II жолында Салық кодексінің 451-бабында көзделген ерекшеліктерді ескеріп, (700.02.008 II х 700.02.014/12) х 00.02.005 х 0,3 формуласы бойынша айқындалатын төленуге тиісті салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі;

20) 700.02.016 жолында көрсетілген жер учаскесі бойынша салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі. 700.02.016 жолы салық төлеуші жер салығы бойынша жыл басына ұсынған Жер және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебінің барлық нысандары бойынша G бағанының мәні алу (қосу) көрсетілген жер учаскесі бойынша салық кезеңі ішінде салық міндеттемелері өзгерген кезде табыс етілген Жер және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебінің (701.00) G бағанының 104303, 104304, 104305, 104306, 104307, 104308 жолдарының мәні ретінде айқындалады;

21) 700.02.015 I немесе 700.02.015 II жолдарында көрсетілген жер салығы сомасының 700.02.016 жолында көрсетілген есепті салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасынан асып кеткен жағдайда, 700.02.017 жолында есептеуге салық сомасы (+), кері жағдайда жолда азайтылатын салық сомасы (-) көрсетіледі;

22) 700.02.018 жолында уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген жер салығының бюджеттік жіктемесінің тиісті коды көрсетіледі.

5. "Мүлік салығы" қосымшасын жасау (700.03-нысан)

29. Бұл қосымша Салық кодексінің 15-бөліміне сәйкес салық төлеушілердің мүлік салығын есептеуіне арналған. Егер салық кезеңі ішінде мүлік салығын есептеу бірнеше салық режимдерінде (арнаулы салық режимі бойынша, арнайы экономикалық аумақтағы салық режимі бойынша, жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте және т.б.) жүзеге асырылған жағдайда, қосымша әр салық режимі бойынша бөлек жасалады. Бұл ретте, салықты есептеу кезінде әр салық режимі бойынша тиісті ставкалар қолданылады.

Салық салу объектілеріне әр түрлі ставкалар қолданылған жағдайда қосымша салық салудың әрбір объекті бойынша толтырылады.

30. Егер салық салу объектісі бойынша салық есептілігін тапсыру бойынша салық міндеттемесі сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген болса, Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, " Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе пайда алушы туралы ақпарат" бөлімі толтырылады:

1) СТН – салық төлеуші сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) ЖСН (БСН) - салық төлеуші сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) оның негізінде мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың нөмірі мен күні.

Оның негізінде мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың күні мен нөмірі көрсетіледі.

"Салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құнын есептеу" бөлімінде:

1) 700.03.001 - 700.03.013 жолдарында салық кезеңінің басына, салық кезеңінің әр айының бірінші күніне және есептіден кейінгі салық кезеңінің басына бухгалтерлік есеп деректері бойынша салық салу объектілерінің баланстық құны көрсетіледі;

2) 700.03.014 жолында 700.03.001-ден 700.03.013-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын салық салу объектілерінің баланстық құны көрсетіледі;

3) 700.03.015 жолында Салық кодексінің 397-бабының 2-тармағына сәйкес 700.03.014 жолы мен 13 көбейтіндісі (700.03.014 х 13) арқылы айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны көрсетіледі;

4) 700.03.016 жолында салық салу объектілерінің Салық кодексі 397-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалатын салық базасы көрсетіледі.

31. "Мүлік салығын есептеу" бөлімінде:

1) 700.03.017 жолында Салық кодексінің 398-бабында белгіленген мүлік салығының ставкасы көрсетіледі;

2) 700.03.018 I жолында 700.03.017 жолында көрсетілген салық ставкасына 700.03.015 жолында көрсетілген негізгі қаражаттардың орташа жылдық баланстық құнын көбейту (700.03.015х700.03.017) жолымен айқындалатын салық сомасы көрсетіледі.

3) 700.03.018 II жолында 700.03.015 және 700.03.017 жолдарын және 0,3 көбейту (700.03.015х700.03.017)х0,3 жолымен айқындалатын Салық кодексінің 451-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп, төленуге жататын салық сомасы көрсетіледі;

4) 700.03.018 III жолында 700.03.016 жолында көрсетілген салық салу объектілерінің Салық кодексі 397-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалатын салық базасын 700.03.017 жолында көрсетілген салық ставкасына көбейту жолымен айқындалатын (700.03.016 х 700.03.017) салық сомасы көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 700.00-700.03 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Көлік құралдары салығы
бойынша Ағымдағы төлемдер
(701.00-нысан) қосымша

Көлік құралдары салығы бойынша Ағымдағы төлемдер есебін жасау ережелері (701.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және ағымдағы салық кезеңінің 1 шілдесіне дейін меншік құқығындағы, шаруашылықты жүргізу құқығындағы немесе жедел басқару құқығындағы, сонымен қатар қаржы лизингі шарты бойынша берілген (алынған) көлік құралдары бойынша көлік құралдары салығын есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдердің салық есептілігі нысанын (есебін) (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін

айқындайды. Есеп Салық кодексінің 365-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен толтырылады.

2. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Көрсеткіштер болмаған кезде Есептің тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Осы Ережеде мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" - қосу; " -" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

5. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың бірінші сол жақ торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

6. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

7. Қаржы лизингі шарттары бойынша берілген (алынған) объектілер бойынша Есепті лизинг алушы толтырады және табыс етеді.

8. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

9. Декларацияны тапсырған кезде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде - салық төлеуші салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

2. Есепті жасау (701.00-нысан)

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі. Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі (жыл) - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі).

4) салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі.

11. "Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе пайда алушы туралы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) оның негізінде мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың нөмірі және күні;

4) Есептің түрі.

Тиісті торкөздер Есептің Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді.

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабының 3-тармағы 4) тармақшасымен қарастырылған хабарлама бойынша қосымша Есепті табыс еткен жағдайда толтырылады.

6) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер, егер салық төлеуші A, B, C, D жолдарында көрсетілген бір немесе бірнеше санаттарға жатқан жағдайда толтырылады.

7) егер 10 D жолы белгіленсе, келісім-шартты жасаған күні және нөмірі.

Жер қойнауын пайдалану келісім-шартының жасалған күні мен нөмірін көрсетіп жер қойнауын пайдаланушы толтырады.

8) валюта коды.

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

12. "Көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеу" бөлімінде:

701.00.001 жолында Салық кодексінің 369-бабымен белгіленген мерзімде төлеуге тиісті көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдер салық төлеушімен есептелген жалпы сомасы көрсетіледі.

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес салық төлеушінің (басшының) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

2) Есепті беру күні.

Салық органына Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық салу объектісінің тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

5) Есепті қабылдаған күн.

Салық органына Есептің нақты табыс етілген немесе почта арқылы немесе өзге байланыс ұйымынан келіп түскен күні көрсетіледі.

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) почта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 701.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Жер салығы мен мүлік салығы
бойынша ағымдағы төлемдердің
есебіне (701.01-нысан) қосымша

Жер салығы мен мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің салық есептілігін (есепті) жасау ережесі (701.01-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және салық кезеңінің басында бар салық салу объектілері бойынша және салық кезеңі ішінде салық міндеттемелері өзгерген кезде жер салығы мен мүлік салығын есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес жер салығы мен мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің салық есептілігі нысанын (есепті) (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 373, 394-баптарында көрсетілген жеке және заңды тұлғалар жасайды.

2. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Осы ережелерде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу ; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

5. Соманың теріс мәні Есептің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

6. Есептерді жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады .

7. Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін объектілер бойынша Есепті пайлық инвестициялық қор компаниясының басқарушысы толтырады және табыс етеді.

8. Концессия шарты бойынша берілген бойынша Есепті концессионер толтырады және табыс етеді.

9. Есепке Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

10. Есепті беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде - салық төлеуші салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

2. Есепті жасау (701.01-нысан)

11. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі. Сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі. Салық міндеттілігі сенімді басқарушымен жасалған кезде жолда – сенімді басқарушының жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) салық кезеңі: (жыл) - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

4) Салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі.

12. "Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе пайда алушы туралы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) оның негізінде мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың нөмірі және күні;

4) Есептің түрі.

Тиісті торкөздер Есептің Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді.

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабының 3-тармағы 4) тармақшасымен қарастырылған хабарлама бойынша қосымша Есепті табыс еткен жағдайда толтырылады.

6) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер, егер салық төлеуші A, B, C, D жолдарында көрсетілген бір немесе бірнеше санаттарға жатқан жағдайда толтырылады.

7) келісім-шартты жасаған күні және нөмірі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың жасалған күні мен нөмірін көрсетіп жер қойнауын пайдаланушы толтырады.

8) валюта коды.

(Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген) Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

13. "Жер салығы және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеу" бөлімінде:

1) А бағанында Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 1362 қаулысымен бекітілген жер салығы және мүлік салығының бюджеттік жіктеуіш коды көрсетіледі.

2) В бағанында салықтардың атауы көрсетіледі;

3) бір санаттағы бірнеше жер телімі болған жағдайда B, C, D, E, F жолдарында жер телімінің бюджеттік жіктеуіш кодына сәйкес көрсетілген жер телімі бойынша ағымдағы төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) салық кезеңінің басындағы салық салу объектісі бойынша септі тапсыру кезінде С бағанында жер телімі және мүлікке сәйкес бюджеттік жіктеуіш кодының алдына салық кезеңінің 25 ақпанынан кешіктірмей төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемесі өзгерген жағдайда Есепті тапсырған кезде С бағанында жер телімі және мүлікке сәйкес бюджеттік жіктеуіш кодының алдына салық кезеңінің 25 ақпанынан кешіктірмей төленуге (+), азайтуға (-) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

5) салық кезеңінің басындағы салық салу объектісі бойынша Есепті тапсыру кезінде D бағанында жер телімі және мүлікке сәйкес бюджеттік жіктеуіш кодының алдына салық кезеңінің 25 мамырынан кешіктірмей төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемесі өзгерген жағдайда Есепті тапсырған кезде D бағанында жер телімі және мүлікке сәйкес бюджеттік жіктеуіш кодының алдына салық кезеңінің 25 мамырынан кешіктірмей төленуге (+), азайтуға (-) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

6) салық кезеңінің басындағы салық салу объектісі бойынша Есепті тапсыру кезінде E бағанында жер телімі және мүлікке сәйкес бюджеттік жіктеуіш кодының алдына салық кезеңінің 25 тамызынан кешіктірмей төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемесі өзгерген жағдайда Есепті тапсырған кезде E бағанында жер телімі және мүлікке сәйкес бюджеттік жіктеуіш кодының алдына салық кезеңінің 25 тамызынан кешіктірмей төленуге (+), азайтуға (-) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

7) салық кезеңінің басындағы салық салу объектісі бойынша Есепті тапсыру кезінде F бағанында жер телімі және мүлікке сәйкес бюджеттік жіктеуіш кодының алдына салық кезеңінің 25 қарашадан кешіктірмей төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемесі өзгерген жағдайда Есепті тапсырған кезде F бағанында жер телімі және мүлікке сәйкес бюджеттік жіктеуіш кодының алдына салық кезеңінің 25 қарашадан кешіктірмей төленуге (+), азайтуға (-) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

8) салық кезеңінің басындағы салық салу объектісі бойынша Есепті тапсыру кезінде G бағанында жер телімі және мүлікке сәйкес бюджеттік жіктеуіш кодының алдына алдағы салық кезеңі үшін төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемесі өзгерген жағдайда Есепті тапсырған кезде G бағанында жер телімі және мүлікке сәйкес бюджеттік жіктеуіш кодының алдына алдағы салық кезеңі үшін төленуге (+), азайтуға (-) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

14. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес салық төлеушінің (басшының) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

2) есепті беру күні.

Салық органына Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

5) Есепті қабылдау күні.

Салық органына Есептің нақты табыс етілген немесе почта арқылы немесе өзге байланыс ұйымынан келіп түскен күні көрсетіледі.

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) почта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 701.01 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Ойын бизнесі салығы бойынша
декларацияға (710.00-нысан)
қосымша

Ойын бизнесі салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау ережесі (710.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және ойын бизнесі салығын есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес ойын бизнесі салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 411-бабында айқындалған ойын бизнесі саласында қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (710.00-нысан) және салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшадан (710.01-нысан) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін Декларациядағы жолдар толтырылған кезде міндетті тәртіпте толтырылады.

6. Декларацияға қосымша Декларациядағы оларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Ережеде мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" - қосу; " -" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады .

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны тапсырған кезде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны толтыру

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмері.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе пайда алушының СТН – Салық кодексінің 35-бабына сәйкес салық төлеушінің – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

Жолды сенімгерлікпен басқарушы толтырады;

4) сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе пайда алушының ЖСН (БСН) – Салық кодексінің 35 - бабына сәйкес мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

Жолды сенімгерлікпен басқарушы толтырады;

5) Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлік басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлік басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

6) салық кезеңі (тоқсан, жыл) – Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

7) Декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияның Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді;

8) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабының 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген Декларация түрін тапсырған жағдайда толтырылады;

9) Декларация қызмет бойынша жасалды:

7А торкөзі салық төлеуші өз қызметінің нәтижелері бойынша Декларация толтырған жағдайда белгіленеді;

7В торкөзі салық төлеуші мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) пайда алушының мүдделеріне жүзеге асырылған қызмет нәтижелері бойынша Декларация толтырған жағдайда белгіленеді;

7А және 7В торкөздері салық төлеуші өз қызметінің нәтижелері бойынша және мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) пайда алушының мүдделеріне жүзеге асырылған қызмет нәтижелері бойынша Декларация толтырған жағдайда белгіленеді;

10) валютаның коды.

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

11) қосымшалардың саны.

Табыс етілген қосымшалардың саны көрсетіледі.

15. "Ойын бизнесі салығы" бөлімінде:

1) 710.00.001 жолында барлық 710.01 нысандары бойынша 710.01.007 С жолынан көшірілетін салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс есептелген ойын бизнесі салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 710.00.002 жолында 710.01.012 С жолынан көшірілетін салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс есептелген қосымша төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі

.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсырған жағдайда, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

2) Декларацияны беру күні.

Декларацияны салық органына табыс еткен күн көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу орны бойынша бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі;

5) Декларацияны қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес Декларация табыс етілген күн көрсетіледі;

6) Декларацияның кіріс нөмірі.

Салық органы берген Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) почта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. 710.01-нысанын толтыру

17. 710.01 нысаны салық кезеңі үшін (тоқсан) Салық кодексінің 412-бабында айқындалған барлық салық салынатын объектілер (олар болған жағдайда) бойынша ойын бизнесі салығы сомасының есептелгені туралы ақпараттарды көрсетуге арналған.

18. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе пайда алушының СТН – Салық кодексінің 35 - бабына сәйкес салық төлеушінің – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

Жолды сенімгерлікпен басқарушы толтырады;

4) сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе пайда алушының ЖСН (БСН) – Салық кодексінің 35-бабына сәйкес мүлікті сенімгерлікпен басқару

шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

Жолды сенімгерлікпен басқарушы толтырады;

5) салық кезеңі (тоқсан, жыл) – Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

6) оның негізінде мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың нөмірі мен күні.

Оның негізінде мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

Жол Салық кодексінің 35-бабымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сенімгерлікпен басқарушы мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) пайда алушының мүдделері үшін жүзеге асырылатын қызмет нәтижелері бойынша Декларация тапсырған жағдайда толтырылады;

7) АЕК – айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК).

Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК мөлшері көрсетіледі;

8) объектілердің бар-жоғы.

А торкөзі – айдың 15-не дейін енгізілген толық ай пайдалануында болған және 15-нен кейін шығарылған салық салу объектілері болған кезде белгіленеді.

8 В торкөзі – айдың 15-нен кейін енгізілген және 15-не дейін шығарылған салық салу объектілері болған кезде белгіленеді.

Салық кезеңінде салық салу объектілерінің болуына қарай торкөздердің біреуі ғана белгіленеді. Әрбір белгіленген торкөз бойынша 710.01 нысаны бойынша бөлек қосымша толтырылады.

19. "Бюджетке төлеуге жататын ойын бизнесі салығын есептеу" бөлімі мынадай жолдардан тұрады: 710.01.001 – ойын үстелі, 710.01.002 – ойын автоматы, 710.01.003 - тотализатор кассасы, 710.01.005 - букмекерлік кеңсе кассасы, 710.01.006 - букмекерлік кеңсенің электронды кассасы, 710.01.007 – ойын бизнесі салығы – барлығы.

Бұл жолдарда:

1) А бағанында - салық кезеңінің әр айы үшін салық салынатын объектілердің саны көрсетіледі;

2) В бағанында - Салық кодексінің 413-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын объектінің тиісті түріне қолданылатын ойын бизнесі салығының ставкасы теңгеде көрсетіледі.

Айдың 15-не дейін енгізілген толық ай пайдалануында болған және 15-нен кейін шығарылған салық салу объектілері бойынша теңгедегі салық ставкасы әрбір салық салу объектісі бойынша АЕК-те белгіленген салық ставкасы мен " Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "АЕК" торкөзінде көрсетілген АЕК мөлшерінің туындысы ретінде айқындалады.

Айдың 15-нен кейін енгізілген және 15-не дейін шығарылған салық салу объектілері бойынша теңгедегі салық ставкасы әрбір салық салу объектісі бойынша АЕК-те белгіленген салық ставкасы мен "Салық өлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "АЕК" торкөзінде көрсетілген АЕК мөлшерінің туындысының 1/2 ретінде айқындалады;

3) С бағанында - А бағаны мен В бағаны тиісті жолдарының туындысы ретінде айқындалатын салық кезеңінің әр айы үшін салық салу объектісі бойынша теңгедегі ойын бизнесі салығының сомасы көрсетіледі.

Мысалға, ойын үстелдері бойынша көрсетілген бағандар бойынша тиісті жолдарды толтыру былайша жүргізіледі.

710.01.001 А жолында салық кезеңінің әр айы үшін ойын үстелдерінің саны көрсетіледі.

710.01.001 В жолында былайша айқындалатын ойын үстелдеріне қолданылатын теңгедегі тиісті салық ставкасы көрсетіледі:

айдың 15-не дейін енгізілген толық ай пайдалануында болған және айдың 15-нен кейін шығарылған ойын үстелдері бойынша 830 АЕК мөлшерінде белгіленген салық ставкасы мен тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК мөлшерінің туындысы ретінде айқындалады (830 АЕК х 1 АЕК);

айдың 15-нен кейін енгізілген және айдың 15-не дейін шығарылған ойын үстелдері бойынша 830 АЕК мөлшерінде бекітілген салық ставкасы мен тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК мөлшерінің туындысының 1/2 ретінде айқындалады ((830 АЕК х 1 АЕК)/2).

710.01.001 С жолында 710.01.001 А және 710.01.001 В жолдарының туындысы (710.01.001 А х 710.01.001 В) ретінде салық кезеңінің әр айы үшін ойын үстелдерінің санына тиісті салық ставкасын қолдану арқылы айқындалатын салық кезеңінің әр айы үшін салық сомасы көрсетіледі.

Объектілердің өзге түрлері (ойын автоматтары, тотализатор кассалары, электронды тотализатор кассалары, букмекерлік кеңселердің электронды кассалары, букмекерлік кеңселердің кассалары) бойынша жолдарды толтыру ойын үстелдері бойынша толтыру сияқты жүргізіледі;

4) 710.01.007 С жолында 710.01.001 С-ден 710.01.006 С-ға дейінгі жолдардың жиынтығымен айқындалатын салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын объектілердің барлық түрлері бойынша есептелген ойын бизнесі салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

20. "Бюджетке төленуге жататын қосымша төлемдерді есептеу" бөлімі ойын бизнесі саласындағы қызметтен түскен табыстың Салық кодексінің 416-бабы 2-тармағында белгіленген шекті табыстан асып түскен жағдайда толтырылады.

Бөлім мынадай жолдардан тұрады: 710.01.008 – казино, 710.01.009 – ойын автоматтар залы, 710.01.010 – тотализатор, 710.01.011 – букмекерлік кеңсе, 710.01.012 – қосымша төлемдер – барлығы, мұнда:

1) А бағанында салық кезеңі үшін тиісті ойын бизнесі саласындағы қызметтен түскен табыстың нақты мөлшері көрсетіледі;

2) В бағанында табыстың нақты мөлшері (А бағаны) мен Салық кодексінің 416-бабы 2-тармағында белгіленген табыстың шекті мөлшерінің сомасының оң айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін ойын бизнесі саласындағы қызметтің әрбір түрі бойынша табыстың шекті мөлшерінен асатын сома көрсетіледі;

3) С бағанында табыстың шекті мөлшерінен асып кету сомасына "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында белгіленген мөлшердегі ставканы қолдану жолымен айқындалатын салық кезеңі үшін ойын бизнесі саласындағы қызметтің әрбір түрі бойынша есептелген қосымша төлем сомасы көрсетіледі;

Мысалға, казино қызметі бойынша қосымша төлем есептеу былайша жүргізіледі.

710.01.008 А жолында салық кезеңі үшін казино қызметінен түскен табыстың нақты мөлшері көрсетіледі.

710.01.008 В жолында 710.01.008 А жолы мен 135000-еселенген мөлшердегі АЕК мөлшеріндегі казино қызметінен түсетін табыстың шекті мөлшерінің айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін казино қызметінен түскен табыстың шекті мөлшерінен асатын сома көрсетіледі.

710.01.008 С жолында 710.01.008 В жолында көрсетілетін казино қызметінен түскен табыстың шекті мөлшерінен асатын сомаға 20 пайыз мөлшеріндегі ставканы (2009 жылдың ставкасы) қолдану жолымен айқындалатын, бюджетке төленуге тиіс, салық кезеңі үшін есептелген қосымша төлем сомасы көрсетіледі.

Ойын бизнесі саласындағы қызметтің өзге түрлері бойынша (ойын автоматтарының залдары, тотализаторлар, букмекерлік кеңселер) жолдарды толтыру казино қызметі бойынша толтыру сияқты жүзеге асырылады;

710.01.012 С жолында 710.01.008 С-ден 710.01.011 С-ға дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс ойын бизнесі қызметінің барлық түрлері бойынша есептелген қосымша төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 710.00-710.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Тіркелген салық бойынша
декларацияға (720.00-нысан)
қосымша

Тіркелген салық бойынша салық есептілігін – декларацияны жасау ережесі (720.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және тіркелген салықты есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес Тіркелген салық бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 420-бабында айқындалған ойын бизнесі саласындағы қызмет көрсету бойынша қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (720.00-нысан) және салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшадан (720.01-нысан) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін Декларациядағы жолдар толтырылған кезде міндетті тәртіпте толтырылады.

6. Декларацияға қосымша Декларациядағы оларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Ережеде мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады
.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны тапсырған кезде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны толтыру

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН- салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе пайда алушының СТН – Салық кодексінің 35–бабына сәйкес салық төлеушінің – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе

сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс.

Жолды сенімгерлікпен басқарушы толтырады;

4) сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе пайда алушының ЖСН (БСН) – Салық кодексінің 35–бабына сәйкес мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс.

Жолды сенімгерлікпен басқарушы толтырады;

5) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлік басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлік басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

6) салық кезеңі (тоқсан, жыл) - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

7) Декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер Декларацияның Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді;

8) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабының 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген Декларация түрін тапсырған жағдайда толтырылады;

9) қызмет бойынша Декларация жасалды:

7 А торкөзі салық төлеуші өз қызметінің нәтижелері бойынша Декларация толтырған жағдайда белгіленеді;

7 В торкөзі салық төлеуші мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) пайда алушының мүдделеріне жүзеге асырылған қызмет нәтижелері бойынша Декларация толтырған жағдайда белгіленеді;

7 А және 7 В торкөздері салық төлеуші өз қызметінің нәтижелері бойынша және мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) пайда

алушының мүдделеріне жүзеге асырылған қызмет нәтижелері бойынша Декларация толтырған жағдайда белгіленеді;

10) валютаның коды.

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

11) қосымшалардың саны.

Табыс етілген қосымшалардың саны көрсетіледі.

15. "Тіркелген салық" бөлімінде:

720.00.001 жолында барлық 720.01 нысандар бойынша 720.01.007 жолынан көшірілетін, салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын тіркелген салықтың есептелген жалпы сомасы көрсетіледі;

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсырған жағдайда, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

2) Декларацияны беру күні.

Декларацияны салық органына табыс еткен күн көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі;

5) Декларацияны қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес Декларация табыс етілген күн көрсетіледі;

6) Декларацияның кіріс нөмірі.

Салық органы берген Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) почта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымы қойған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. 720.01 нысанын толтыру

17. 720.01 нысаны салық кезеңі үшін (тоқсан) Салық кодексінің 412-бабында айқындалған барлық салық салынатын объектілер (олар болған жағдайда) бойынша тіркелген салық сомасының есептелгені туралы ақпараттарды көрсетуге арналған.

18. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) СТН- салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе пайда алушының СТН – Салық кодексінің 35 – бабына сәйкес салық төлеушінің – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс.

Жолды сенімгерлікпен басқарушы толтырады;

4) сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе пайда алушының ЖСН (БСН) – Салық кодексінің 35–бабына сәйкес мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс.

Жолды сенімгерлікпен басқарушы толтырады;

5) салық кезеңі (тоқсан, жыл) – Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

6) оның негізінде мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың нөмірі мен күні.

Оның негізінде мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

Жол Салық кодексінің 35-бабымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сенімгерлікпен басқарушы мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) пайда алушының мүдделері үшін жүзеге асырылатын қызмет нәтижелері бойынша Декларация тапсырған жағдайда толтырылады;

7) АЕК – айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК).

Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК мөлшері көрсетіледі;

8) объектілердің бар-жоғы.

8 А торкөзі – айдың 15-не дейін енгізілген толық ай пайдалануында болған және 15-нен кейін шығарылған салық салу объектілері болған кезде белгіленеді.

8 В торкөзі – айдың 15-нен кейін енгізілген және 15-не дейін шығарылған салық салу объектілері болған кезде белгіленеді.

Салық кезеңінде салық салу объектілерінің болуына қарай торкөздердің біреуі ғана белгіленеді. Әрбір белгіленген торкөз бойынша 720.01 нысаны бойынша бөлек қосымша толтырылады.

19. "Бюджетке төленуге жататын тіркелген салықты есептеу" бөлімі мынадай жолдардан тұрады: 720.01.001 – бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы, 720.01.002 - біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы, 720.01.003 – ойын өткізуге пайдаланылатын дербес компьютер, 720.01.004 – ойын жолы, 720.01.005 – карт, 720.01.006 - бильярд үстелі, 720.01.007 – тіркелген салық - барлығы.

Бұл жолдарда:

1) А бағанында – салық кезеңінің әр айы үшін салық салынатын объектілердің саны көрсетіледі;

2) В бағанында – Салық кодексінің 422-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын объектінің тиісті түріне қолданылатын тіркелген салық ставкасы теңгеде көрсетіледі.

"Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің 8 А торкөзінде белгіленген, айдың 15-не дейін енгізілген толық ай пайдалануында болған және 15-нен кейін шығарылған салық салу объектілері бойынша теңгедегі салық ставкасы тиісті салық салу объектісі бойынша АЕК-те жергілікті өкілді орган белгілеген салық ставкасы мен "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "АЕК" торкөзінде көрсетілген АЕК мөлшерінің туындысы ретінде айқындалады.

"Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің 8 В торкөзінде белгіленген, айдың 15-нен кейін пайдалануға енгізілген және 15-не дейін шығарылған салық салу объектілері бойынша теңгедегі салық ставкасы АЕК-те белгіленген салық ставкасы мен "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "АЕК" торкөзінде көрсетілген АЕК мөлшерінің туындысының 1/2 ретінде айқындалады;

3) С бағанында А бағаны мен В бағанының тиісті жолдарының туындысы ретінде айқындалатын салық кезеңінің әр айы үшін тіркелген салық сомасы көрсетіледі;

Мысалға, бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтары бойынша көрсетілген бағандар бойынша тиісті жолдарды толтыру былайша жүргізіледі. 720.01.001А – жолында салық кезеңінің әр айы үшін тіркелген салық салынатын объектілердің - бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтарының саны көрсетіледі.

720.01.001 В – жолында былайша айқындалатын бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтарына қолданылатын теңгедегі тиісті салық ставкасы көрсетіледі:

айдың 15-не дейін енгізілген толық ай пайдалануында болған және айдың 15-нен кейін шығарылған бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтары бойынша салық ставкасы жергілікті өкілді орган белгілеген тіркелген салық ставкасы мен тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК мөлшерінің туындысы ретінде айқындалады;

айдың 15-нен кейін енгізілген және айдың 15-не дейін шығарылған ойын үстелдері бойынша бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтары бойынша белгіленген тіркелген салық ставкасы мен тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК мөлшерінің туындысының 1/2 ретінде айқындалады.

720.01.001 С жолында 720.01.001 А және 720.01.001 В жолдарының туындысы (720.01.001 А х 720.01.001 В) ретінде салық кезеңінің әр айы үшін бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматының санына тиісті салық ставкаларын қолдану арқылы айқындалатын салық кезеңінің әр айы үшін салық сомасы көрсетіледі;

Объектілердің өзге түрлері (біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматтары, ойын өткізуге пайдаланылатын дербес компьютерлер, ойын жолдары, карттар, бильярд үстелдері) бойынша жолдарды толтыру бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтары бойынша жолдарды толтыру сияқты жүргізіледі;

720.01.007 С жолында 720.01.001 С жолынан бастап 720.01.006 С жолына дейінгі жолдардың жиынтығымен айқындалатын салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын объектілердің барлық түрлері бойынша септелген тіркелген салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 720.00-720.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

декларацияға (810.00-нысан)
қосымша

Аукциондардан алым бойынша салық есептілігін (декларацияны)жасау ережесі (810.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және аукциондардан алымды есептеуге арналған осы Ережелерге (бұдан әрі - Декларация) қосымшаларға сәйкес аукциондардан алым бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 464-бабына сәйкес аукциондарда мүлікті (оның ішінде мүліктік құқықтарды) сатуға шығаратын жеке және заңды тұлғалар жасайды.

2. Декларация Салық кодексінің 468-бабына сәйкес жасалады және осы Декларацияның өзінен (810.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (810.01-нысан) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар Декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы ережелерде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу ; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10.Декларация толтыру кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электрондық тасығышта –-нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны тапсырған кезде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігін салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) СТН – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

4) ЖСН (БСН) – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

5) салық кезеңі (ай, жыл) – Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

6) салық төлеушінің атауы.

Жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғалардың атауы көрсетіледі.

Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының салық міндетін орындау мезетте, жолда сенімді басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғалардың атауы көрсетіледі;

7) Декларация түрі.

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түріне Декларацияны жатқызуды ескере отырып, тиісті торкөздер белгіленеді.

8) хабарламаның нөмірі мен күні.

Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасындағы көзделген Декларацияны табыс еткен жағдайда, торкөздер белгіленеді.

9) валюта коды.

Валюта кодын толтыру кезінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

10) қосымшалар саны.

Тапсырылған қосымшалардың саны көрсетіледі.

15. "Бюджетке төленуге жататын аукциондардан алымы" бөлімде:

1) 810.00.001 жолда 810.01 барлық нысандары бойынша 810.01.003 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін барлық өткізілген аукцион нәтижесі бойынша аукциондарда сатқан мүліктің (мүлік құқығының) жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 810.00.002 жолда 810.01 барлық нысандары бойынша 810.01.004 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, бюджетке төлеуге тиісті атқарушылық санкцияның жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 810.00.003 жолда 810.00.001 және 810.00.002 (810.00.001 - 810.00.002) жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 467-бабы

2-тармағына сәйкес атқарушылық санкцияның сомасына кемітілген, сатқан мүліктің (мүліктік құқықтарының) жалпы құны көрсетіледі;

4) 810.00.004 жолда Салық кодексінің 466-бабына сәйкес аукциондардан алым ставкасы көрсетіледі;

5) 810.00.005 жолда 810.00.003 және 810.00.004 (810.00.003 х 810.00.004) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, алымды төлеушінің орналасқан орны бойынша салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге тиісті, аукциондардан алымның жалпы сомасы көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) Декларацияны тапсыру күні.

Декларацияны салық органына тапсырған күн көрсетіледі;

3) салық органның коды.

Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін алым салынатын обектінің орналасқан орны бойынша салық органның коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдап алған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә." жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

5) Декларацияны қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармақшасына сәйкес Декларацияны тапсыру күні көрсетіледі;

6) Декларацияның кіріс нөмірі.

Салық органы берген Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошталық мөртабаның күні.

Пошта немесе өзге байланыс мекемесінің пошталық мөртабаның күні көрсетіледі.

3. Декларацияға 810.01-нысанды жасау

17. 810.01 нысан салық кезеңі (айы) үшін мүлікті (мүлік құқығы) өткізу бойынша өткізілген әрбір аукционнан алым сомаларын есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған және өткізілген аукционның әрқайсысына бөлек толтырылады.

18. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) СТН – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

4) ЖСН (БСН) – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі .

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

5) 5 жолда аукцион өткізуші - тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) 6 жолда аукцион өткізуші - салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

7) салық кезеңі (ай, жыл) – Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

8) аукцион өткізушінің атауы.

Заңды тұлғалардың аукцион өткізушінің атауы көрсетіледі. Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (аукцион өткізушінің) атауы немесе жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес жеке тұлғаның (аукцион өткізушінің) тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

9) мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың нөмірі мен күні;

10) Декларация түрі.

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген Декларацияға жатқызуды ескере отырып енгізілген салық есептілігінің түріне тиісті торкөз белгіленеді.

11) хабарламаның нөмірі мен күні

Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасындағы көзделген Декларацияны табыс еткен жағдайда, торкөздер белгіленеді.

12) валюта коды. Валюта кодын толтыру кезінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

13) қосымшалар саны.

Тапсырылған қосымшалардың саны көрсетіледі.

14) аукцион өткізушінің атауы.

Сенімгерлік басқарушымен салық міндетін орындау мезетте, жеке тұлғаның-сенімді басқарушының жолда тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғалардың атауы көрсетіледі;

15) мүлікпен сенімгерлік басқару пайда болатын негізінде құжаттың нөмірі мен күні қойылады.

Жол Декларацияны Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы үшін тапсырған жағдайда толтырылады.

19. "Бюджетке төленетін тиісті аукционнан алымдардың есебі" бөлімінде:

1) 810.01.001 жолда мүлікті (мүліктік құқықтарды) аукционда сату күні көрсетіледі;

2) 810.01.002 I, 810.01.002 II, 810.01.002 III, 810.01.002 IY, 810.01.002 Y, жолдарында аукцион өткізу орны (даңғыл, гүлзар, тұйық көше және т. б) үй нөмірі) туралы мәліметтер көрсетіледі;

3) 810.01.003 жолда салық кезеңі үшін өткізілген аукцион нәтижесі бойынша сатқан мүліктің (мүлік құқығының) құны көрсетіледі;

4) 810.01.004 жолда бюджетке төлеуге тиісті атқарушылық санкцияның сомасы көрсетіледі. Бұл жол Салық кодексінің 467-бабы 2-тармағына сәйкес соттардың атқарушы құжаттары бойынша органдардың атқарушы іс жүргізу өткізген аукциондар бойынша толтырылады;

5) 810.01.005 жолда Салық кодексінің 467-бабы 2-тармағына сәйкес санкцияның кемітілген, салық кезеңі үшін сатқан мүліктің (мүлік құқығының) құны көрсетіледі.

Соттардың атқарушы құжаттары бойынша органдардың атқарушы іс жүргізу өткізген аукциондарды қоспағанда 810.01.003 жолының шамасы 810.01.005 жолына көшіріледі.

Соттардың атқарушы құжаттары бойынша органдардың атқарушы іс жүргізу өткізген аукциондар бойынша 810.01.005 жолының шамасы 810.01.003 және 810.01.004 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады;

6) 810.01.006 жолда Салық кодексінің 466-бабына сәйкес аукциондардан алынатын алым ставкасы көрсетіледі;

5) 810.00.007 жолда 810.00.003 және 810.00.004 (810.00.003 х 810.00.004) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, бюджетке төлеуге тиісті аукциондардан алымның сомасы көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 810.00-810.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Жер телімдерін пайдаланғаны
үшін ағымдағы төлемдер сомасының
есебіне (851.00-нысан) қосымша

Жер телімдерін пайдаланғаны үшін салық есептілігін (ағымдағы төлемдер сомасының есебі) жасау ережелері (851.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігінің нысанын (ағымдағы төлемдер сомасының есебі) (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларды қоспағанда, Салық кодексінің 478-бабында айқындалған төлемақы төлеушілер жасайды.

2. Есеп осы Есептің өзінен (851.00 нысан) және жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем алу объектілері туралы ақпаратты ашу жөніндегі оған қосымшадан (851.01 нысан) тұрады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, өшіруге жол берілмейді.

4. Тиісті торкөздердің көрсеткіштері жоқ болған кезде толтырылмайды.

5. Есепке Қосымша тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін Есепте жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Есепке Қосымша онда көрсетуге жататын деректер жоқ болған кезде толтырылмайды.

7. Есепке Қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, Есепке Қосымшаның осыған ұқсас парағы қоса толтырылады.

8. Осы Ережелерде келесі арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х"-көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Сомалардың теріс мәні Есептің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақ торкөзіне "-" белгісімен белгіленеді.

10. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен- қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Есепке салық төлеушінің немесе оның өкілінің қолы қойылады және Қазақстан Республикасының заңына сәйкес салық төлеушінің немесе өкілінің мөрімен бекітіледі, Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес мөр өз атауымен болу керек.

12. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігін салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Есепті жасау

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

Бұл жолда Салық кодексінің 478-бабына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) СТН – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

4) ЖСН (БСН) – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

5) филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның СТН – филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның СТН-і салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

6) филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның ЖСН (БСН) – филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі
.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

7) салық кезеңі (ай, жыл) – Есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

8) салық төлеушінің атауы.

Жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда

пайда алушының салық міндетін орындау мезетте, жолда сенімді басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

9) Есептің түрі. Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түріне Есепті жатқызуды ескере отырып, тиісті торкөздер белгіленеді.

10) хабарламаның нөмірі мен күні.

Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасындағы көзделген Есептіні табыс еткен жағдайда, торкөздер белгіленеді.

11) егер Есепті Салық кодексінің 451-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып ауылшаруашылық өнімдерін өндіретін және ауылдық тұтынушы кооперативтері - заңды тұлғаларға арналған арнайы салық режимін қолданатын салық төлеуші жасаса, тиісті торкөздер белгіленеді.

12) валюта коды.

Валюта кодын толтыру кезінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын Есептілеу ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

13) қосымшалар саны.

Тапсырылған қосымшалардың саны көрсетіледі.

15. "Жер телімдерімен қолдану үшін төлемдер" бөлімінде:

1) 851.00.001 жолда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер және салық кезеңіндегі бюджетке төленуге тиісті 851.01 барлық нысандары бойынша 851.01.012 жолдарының сомасы ретінде айқындалтын, барлық жер телімдері бойынша жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 851.00.002 жолда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер, салық кезеңіндегі бюджетке төленуге тиісті 851.01 барлық нысандарының 851.01.013 жолдарының сомасы айқындалып жер телімдері бойынша жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі жер телімдері бойынша жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 851.00.003 жолда Салық кодексінің 481-бабы 5-тармағында белгіленген мерзімдерде жер телімдерін пайдаланғаны үшін бюджетке мерзімде төленуге тиісті төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі:

851.00.003 I жолда салық кезеңінің 25 ақпаннан кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі;

851.00.003 II жолда салық кезеңінің 25 мамырдан кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі;

851.00.003 III жолда салық кезеңінің 25 тамыздан кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі;

851.00.003 IV жолда салық кезеңінің 25 қарашадан кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі.

4)851.00.004 жолда Салық кодексінің 481-бабы 5-тармағында белгіленген мерзімдерде жер телімдерін пайдаланғаны үшін бюджетке мерзімде төленуге тиісті төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі.Бұл жол мемлекет жер телімдерін уақытша өтеусіз жер пайдалануға берген жағдайда төлемді төлеудің соңғы мерзімінен кейін толтырылады (ағымдағы жылдың 25 қарашасында);

851.00.004 V жолда салық кезеңінің 25 желтоқсанынан кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі.

851.00.004 VI жолда салық кезеңінің 25 қаңтарынан кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі.

Әрбір көрсетілген жол бойынша жер телімдерін пайдаланғаны үшін ағымдағы төлемақы төлемдерінің сомасы салық кезеңінің аяқталғанына дейін қалған төлем мерзімі санына жалпы төлемақы сомасына бөлумен айқындалады.

5) 851.00.005 VII жолда Салық кодексінің 481-бабының 7-тармағына сәйкес жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемақы сомасы көрсетіледі. Бұл жол уақытша жер пайдалану шартының мерзімі біткен соң немесе салық кезеңі басталғаннан кейін ол бұзылған жағдайда толтырылады.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолда құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға өткізетін болса, салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) толтырылады;

2) Есептің беру күні.

Салық органына ұсынылған күні көрсетіледі;

3) салық органның коды.

Жер телімін пайдаланғаны үшін алым салынатын объектінің орналасқан орны бойынша салық органның коды көрсетіледі;

4) "Есепті қабылдап алған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә." жолында Есепті қабылдап алған салық органның қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

5) Есепті қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармақшасына сәйкес Есепті тапсыру күні көрсетіледі;

6) Есептің кіріс нөмірі.

Салық органы берген Есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошталық мөртабаның күні.

Пошта немесе өзге байланыс мекемесінің пошталық мөртабаның күні көрсетіледі.

3. Есепке 851.01-нысанын жасау

17. 851.01-нысан уақытша өтеусіз пайдалану құқығындағы (жалдау) әрбір жер телімі бойынша салық кезеңі үшін төлемақы сомаларын есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған және әрбір жер телімі бойынша бөлек толтырылады.

Базардың аумағы деп бөліп берілген жалға берілген жер телімі бойынша, онда сауда орындары орналасқан және базар қызметін көрсету аймағы алған бөлімдер бойынша 851.01-нысан бойынша жеке қосымша тапсырылады.

18. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

Бұл жолда Салық кодексінің 478-бабына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) СТН – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

4) ЖСН (БСН) – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару

туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

5) филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның СТН – филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның СТН-і салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

6) филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның ЖСН (БСН) – филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі
.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

7) салық кезеңі (ай, жыл) – Есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

8) мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың нөмірі мен күні;

Жол Есепті Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы үшін тапсырған жағдайда толтырылады.

19. "Жер телімін пайдалану үшін төлемдер есебі туралы ақпарат" бөлімінде:

1) 851.01.001 жолда Салық кодексінің 481-бабы 1-тармағының негізінде төлемақы сомасы жер қатынастары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен, ал арнайы экономикалық аймақтар аумағында жергілікті атқарушы органмен немесе арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігімен жасалған өтемін төлеп уақытша өтеусіз жер пайдалану (жалдау) шарттарының күні көрсетіледі;

2) 851.01.002 жолда уақытша өтеусіз жер пайдалану (жалдау) шарттың нөмірі көрсетіледі;

3) 851.01.003 жолда уақытша өтеусіз жер пайдалану (жалдау) туралы шарттың қолданыс мерзімінің аяқталуының немесе оны салық кезеңі басталған соң жергілікті атқарушы органмен немесе арнайы экономикалық аймақтардың әкімшіліктерімен бұзудың нақты күні көрсетіледі;

4) 851.01.004 I, 851.01.004 II, 851.01.004 III, 851.01.004 IY, 851.01.004 Y, жолдарында мемлекетпен уақытша өтеусіз жер пайдалануға (жалға) берілген жер телімінің мекені орналасқан орны туралы мәлімет көрсетіледі;

5) 851.01.005 Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер телімінің санаты белгіленеді;

6) 851.01.006 Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер телімінің кадастрлық нөмірі белгіленеді;

7) 851.01.007 жолда бонитет балы көрсетіледі;

8) 851.01.008 жолда жер телімін мақсатты пайдаланудың тиісті белгісі қойылады;

9) 851.01.009 жолда салық кезеңінде жер телімінің пайдалану күндерінің сандары көрсетіледі.

20. "Бюджетке төленуі тиіс жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу" бөлімінде:

1) 851.01.010 жолда 851.01.010 I (гектарда) және 851.01.010 II (шаршы метрде) жолдарында белгіленген, тиісті өлшем бірлігінде жер телімін жалға алу шартына сәйкес жер телімінің жалпы көлемі көрсетіледі;

2) 851.01.011 жолда Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес айқындалатын, жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемақы ставкасының мөлшері көрсетіледі;

3) 851.01.012 жолда 851.01.010 және 851.01.011 жолдарын 365 көбейтіп 851.01.009 жолына көбейтілген ((851.01.010 x 851.01.011) / 65 x 851.01.009) болып айқындалады ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерді қоспағанда, салық кезеңіндегі бюджетке төленуге жататын жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

4) 851.01.013 жолда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерді және Салық кодексінің 451-бабына сәйкес салық кезеңіндегі бюджетке төленуге жататын сомасы 70 пайызға азайтылуға жататын төлеушінің төлем сомасы көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 851.00-851.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша декларацияға (860.00-нысан) қосымша

Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларациясын) жасау ережесі (860.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларация) (бұдан әрі - Декларация) ағымдағы төлемдер сомасының есебін жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерді қоспағанда Салық кодексінің 485-бабында белгіленген төлемақы төлеушілер жасайды.

2. Декларация осы Декларацияның (860.00-нысан) өзінен және жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем алынатын объектілер туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшадан (860.01-нысанынан) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар Декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы ережелерде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу ; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларация толтыру кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электрондық тасығышта –-нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны тапсырған кезде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігін салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) СТН – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

4) ЖСН (БСН) – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша

сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

5) салық кезеңі (тоқсан, жыл) – Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

6) салық төлеушінің атауы.

Жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының салық міндетін орындау мезетте, жолда сенімді басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

7) Декларация түрі.

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түріне Декларацияны жатқызуды ескере отырып, тиісті торкөздер белгіленеді.

8) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жол Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасындағы көзделген Декларацияны табыс еткен жағдайда толтырылады.

9) валюта коды.

Валюта кодын толтыру кезінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын Есептілеу ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

10) қосымшалар саны.

Тапсырылған қосымшалардың саны көрсетіледі.

15. "Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін бюджетке төленетін төлемдер" бөлімінде:

1) 860.00.001 I, 860.00.001 II, 860.00.001 III, жолында есепті салық кезеңінің әр айы үшін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін және жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын, арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша бюджетке төлеуге жататын төлемнің

жалпы сомасы көрсетіледі және орнатылған лимит шегінде және орнатылған лимит үстінен жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы ретінде айқындалады (860.00.002 I, 860.00.002 II, 860.00.002 III) (860.00.003 I, 860.00.003 II, 860.00.003 III).

860.00.001 IV жолында есепті салық кезеңі (тоқсан) үшін, осы тармақта белгіленген 860.00.002 I, 861.00.003 II және 861.00.004 III жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен жалпы сомасы айқындалады.

860.00.001 V жолында есепті жыл басынан бастап, осы тармақта белгіленген салық кезеңінің 860.00.001 IV және алдыңғы салық кезеңінің 860.00.001 V көрсеткіштерін жинақтаумен жалпы сомасы айқындалады.

Бірінші тоқсанға декларацияны жасау кезінде 860.00.001 V жолындағы көлемі 860.00.001 IV жолына көшіріледі;

2) 860.00.002 I, 860.00.002 II, 860.00.002 III, жолында есепті салық кезеңінің әр айы үшін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін және жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын, арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша бюджетке төлеуге жататын төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі және орнатылған лимит шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы ретінде айқындалатын барлық 860.01 нысандарының 860.00.010 I, 860.00.010 II, 860.00.010 III жолдарымен.

860.00.002 IV жолында есепті салық кезеңінің (тоқсан) осы тармақта белгіленген 860.00.002 I, 861.00.002 II және 861.00.002 III жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен жалпы сомасы орнатылған лимит шегінде айқындалып көрсетіледі.

860.00.002 V жолда салық кезеңінің 860. 00. 002 IV жолдарының және алдыңғы салық кезеңі 860. 00. 002 V жолдарының сомасы ретінде анықталатын, жыл басынан белгіленген лимит шектеріндегі төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі.

Бірінші тоқсанға декларацияны жасау кезінде 860.00.002 V жолындағы көлемі 860.00.002 IY жолына көшіріледі;

3) 860.00.003 I, 860.00.003 II, 860.00.003 III, жолында есепті салық кезеңінің әр айы үшін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін және жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын, арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша бюджетке төлеуге жататын төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі және орнатылған лимит шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы ретінде айқындалатын барлық 860.01 нысандарының 860.01.011 I, 860.00.011 II, 860.00.011 III жолдарымен көрсетіледі.

860.00.003 IV жолында есепті салық кезеңінің (тоқсан) осы тармақта белгіленген 860.00.003 I, 861.00.003 II және 861.00.003 III жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен жалпы сомасы орнатылған лимит шегінде айқындалып көрсетіледі.

860.00.003 V жолында есепті жыл басынан бастап, осы тармақта белгіленген IV салық кезеңінің 860.00.003 IV, және 861.00.003 V алдыңғы салық кезеңінің көрсеткіштерін жинақтаумен жалпы сомасы айқындалып көрсетіледі.

Бірінші тоқсанға декларацияны жасау кезінде 860.00.003 V жолындағы көлемі 860.00.003 IV жолына көшіріледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) Декларацияны тапсыру күні.

Декларацияны салық органына тапсырған күн көрсетіледі;

3) салық органның коды.

Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін алым салынатын объектінің орналасқан орны бойынша салық органның коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдап алған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә." жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

5) Декларацияны қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармақшасына сәйкес Декларацияны тапсыру күні көрсетіледі;

6) Декларацияның кіріс нөмірі.

Салық органы берген Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошталық мөртабанының күні.

Пошта немесе өзге байланыс мекемесінің пошталық мөртабанының күні көрсетіледі.

3. 860.01-нысанын жасау

17. 860.01 нысаны жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдалануға арналған салық кезеңі (тоқсан) үшін су қорларымен пайдалану әр түрлері бойынша ақпараттар ашылып көрсетіледі және су қорларымен қолдану әр түрі бойынша бөлек толтырылады.

18. "Салық төлеуші туралы жалпы мағлұмат" бөлімінде:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) СТН – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

4) ЖСН (БСН) – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

5) салық кезеңі (тоқсан, жыл) – Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

6) мүлікпен сенімгерлік басқару пайда болатын негізінде құжаттың нөмірі мен күні қойылады.

Жол Декларацияны Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы үшін тапсырған жағдайда толтырылады.

7) Арнайы су ресурстарын пайдалану үшін куәләндыратын құжаттың бар болған кезде А торкөзінде куәландырылатын құжаттың нөмірі жазылады, В төр көзінде куәландырылатын құжаттың берілген күні көрсетіледі;

8) су ресурстарымен қолданудың арнайы түрі.

Қазақстан Республикасының су туралы заңнамасында орнатылған су ресурстарының түрлеріне байланысты бір торкөз белгіленеді;

9) Арнайы су ресурстарын қолдану мекен жайы бойынша салық коды.

Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін салық салынатын мекен жайы бойынша салық органның коды көрсетіледі;

10) Су ресурстарының өлшеу бірлігі.

"Арнайы су ресурстарын пайдалану" атты жолда көрсетілген, арнайы су ресурстарын пайдалану өлшеу бірлігін белгілеу.

19. "Төлемді есептеу үшін (10 жолында белгіленген су ресурстарын пайдаланудың өлшем бірлігі) су пайдалану көлемі туралы ақпараттар" бөлімінде 10 жолында белгіленген су пайдаланудың өлшем бірлігі жазылады.

20. Егерде су пайдалану лимиді тоқсандарға немесе айларға бөлінбей бір жылға орнатылса:

1) 860.01.001 I, 860.01.001 II, 860.01.001 III жолдарында салық кезеңінің әр айдың басында су пайдалану лимитінің қалдығы көрсетіледі.

Егерде салық кезеңнің бірінші тоқсанына Декларацияны жасау мезетте 860.01.001 I, жолында су пайдаланудың жылдық лимиті көрсетіледі.

Егерде салық кезеңінің екінші-төртінші тоқсанындарында Декларацияны жасау мезетте 860.01.001 I жолы бұрынғы салық кезеңнің аяындағы лимиттің қалдығы бар кезде толтырылады. Берілген жолға 860.01 нысанынан 860.01.006 IY жолындағы көлемі көшіріледі.

860.01.001 II жолы салық кезеңнің бірінші айының аяғында лимиттің қалдығы бар болса толтырылады. Берілген жолға 860.01.006 I жолындағы көлемі көшіріледі.

860.01.001 III жолы салық кезеңнің екінші айының аяғында лимиттің қалдығы болса толтырылады. Берілген жолға 860.01.006 II жолындағы көлемі көшіріледі.

860.01.001 IY жолының көлемі 860.01.001 I көшіріледі.

2) 860.01.002 I, 860.01.002 II, 860.01.002 III, салық кезеңнің су ресурстармен қолдану лимиттің артығы көрсетіледі.

Егерде 860.01.002 I жолында салық кезеңнің бірінші тоқсанына Декларацияны жасау кезінде ноль көрсетіледі.

Декларацияны салық кезеңінің екінші - төртінші тоқсандары үшін толтырған жағдайда, 860.01.002 I жол салық кезеңінің басына лимиттің қалдығынан алдыңғы мерзім үшін арнайы су пайдаланудың нақты көлемін асып кеткен жағдайында (860.01.003 IV) алдыңғы салық кезеңінің аяғына лимиттен асқан жағдайда (860.01.001 I) толтырылады. 860.01.002 I жолға алдыңғы салық кезеңі үшін 860.01 нысанның 860.01.007 IV жолының шамасы көшіріледі.

860.01.002 II жол салық кезеңінің бірінші айы үшін арнайы су пайдалануының нақты көлемінің (860.01.003 I) белгіленген лимиттен - салық кезеңінің басындағы лимит қалдығынан (860.01.001 I) асып кетуі жағдайында толтырылады. Бұл жолға (860.01.002II) 860.01.007 I жолының шамасы көшіріледі

.

860.01.002 III жол белгіленген лимиттен (860.01.003 II) салық кезеңінің екінші айына (860.01.001 I) салық кезеңінің басына лимиттің қалдығымен арнайы су пайдаланудың нақты көлемін асып кетудің жағдайында толтырылады. 860.01.007 II жолдың шамасы (860.01.002 III) осы жолға көшіріледі.

860.01.002 IV жолға 860.01.002 I жолының көлімі көшіріледі;

3) 860.01.003 I, 860.01.003 II, 860.01.003 III жолдарында салық кезеңінің әр ай бойынша орнатылған лимит бойынша су қолдануының нақты жалпы көлемі көрсетіледі.

860.00.003 IV жолында салық кезеңі бойынша су қолдануының нақты жалпы көлемі 860.00.003 I, 860.01.003 II, және 861.00.003 III жолдары салық кезеңінің көрсеткіштерін жинақтаумен жалпы сомасы айқындалып көрсетіледі;

4) 860.01.004 I, 860.01.004 II, 860.01.004 III жолдарында салық кезеңіндегі әр ай бойынша орнатылған лимит шегінде су қолдануының нақты жалпы көлемі көрсетіледі. Берілген жолдар салық кезеңінің басындағы лимит қалдығы болса толтырылады (860.01.001 I).

860.01.004 IV жолында салық кезеңі бойынша орнатылған лимит шегінде су қолдануының нақты жалпы көлемі 860.00.004 I, 860.01.004 II, және 861.00.004 III жолдары салық кезеңінің көрсеткіштерін жинақтаумен жалпы сомасы айқындалып көрсетіледі;

5) 860.01.005 I, 860.01.005 II, 860.01.005 III салық кезеңінің әр айдың белгіленген лимит үстінен арнайы су қолдануының нақты жалпы көлемі көрсетіледі. арнайы су қолдануының нақты жалпы көлемі көрсетіледі. Осы жол белгіленген салық кезеңінде лимит шектеріндегі (860.01.003) арнайы су пайдаланудың көлемінен (860.01.001 I) салық кезеңінің басына лимит қалдығыннан (860.01.003 IV) арнайы су пайдаланудың асып кеткен жағдайда, ортақ нақты көлемінің арнайы су пайдаланудың нақты көлемінен (860.01.004) асып кеткен жағдайында толтырылады:

860.01.005 I жолы 860.01.003 I, 860.01.004 I жолдарының айырмасы болып айқындалады;

860.01.005 II жолы 860.01.003 II, 860.01.004 II жолдарының айырмасы болып айқындалады;

860.01.005 III жолы 860.01.003 III, 860.01.004 III жолдарының айырмасы болып айқындалады;

860.01.005 IV жолында белгіленген лимит шегінде су қолдануының нақты жалпы көлемі 860.01.003 IV және 860.01.004 IV жолдарының айырмасы болып айқындалады және 860.01.005 I, 860.01.005 II және 860.01.005 III жолдары салық кезеңінің көрсеткіштерін жинақтаумен жалпы сомасы айқындалып көрсетіледі;

6) 860.01.006 I, 860.01.006 II, 860.01.006 III жолдарда салық кезеңінің әрбір айының аяғына лимиттің қалдығы көрсетіледі. Осы жол салық кезеңіне арнайы

су пайдаланудың ортақ нақты көлемінен (860.01.001) салық мерзімнің басына лимиттің қалдығын (860.01.003) асып кетуі жағдайында толтырылады:

860.01.006 I жолы 860.01.001 I және 860.01.003 I жолдарының айырмасы болып айқындалады;

860.01.006 II жолы 860.01.001 II және 860.01.003 II жолдарының айырмасы болып айқындалады;

860.01.006 III жолы 860.01.001 III және 860.01.003 III жолдарының айырмасы болып айқындалады;

860.01.006 IV жолы 860.01.006 III жолының көлемі көшіріледі;

7) 860.01.007 I, 860.01.007 II, 860.01.007 III жолдарындағы салық кезеңіндегі әр ай бойынша лимиттің артылуы көрсетіледі.

Осы жол (860.01.002) және салық кезеңіне белгіленген лимитті арнайы су пайдаланудың көлемдері мерзімнің басына лимиттен (860.01.005) асып кеткен жағдайда толтырылады:

860.01.007 I жолы 860.01.002 I және 860.01.005 I жолдарының сомасы болып айқындалады;

860.01.007 II жолы 860.01.002 II және 860.01.005 II жолдарының сомасы болып айқындалады;

860.01.007 III жолы 860.01.002 III және 860.01.005 III жолдарының сомасы болып айқындалады;

860.01.007 IV жолына 860.01.007 III жолының көлемі көшіріледі.

21. Егерде арнайы су қолдануының лимит тоқсан сайын орнатылса:

"Су пайдалану көлемі үшін (10 жолда көрсетілген су пайдалану өлшем бірлігі) төлем есептері туралы ақпараттар" бөлімін толтыру тәртібі осы Ережелердің 20 тармағында мәлімделген, келесі жолдарды қоспағанда:

860.01.001 I жолында салық кезеңінде (тоқсанда) белгіленген арнайы су пайдалану лимиті көрсетіледі.

Осыған орай:

Алдындағы салық кезеңінің 860.01.006 IV жолындағы көлемі 860.01.001 I жолына көшірілмейді;

Алдындағы салық кезеңінің 860.01.007 IV жолындағы көлемі 860.01.002 I жолына көшірілмейді.

22. Егерде арнайы су қолдануының лимит ай сайын орнатылса:

"Су пайдалану көлемі үшін (10 жолда көрсетілген су пайдалану өлшем бірлігі) төлем есептері туралы ақпараттар" бөлімін толтыру тәртібі осы Ережелердің 20 тармағында мәлімделген, келесі жолдарды қоспағанда:

860.01.001 I, 860.01.001 II, 860.01.001 III жолдары ағымдағы айда орнатылған арнайы су пайдалану лимиті көрсетіледі.

Осыған орай:

өтіп кеткен айдағы 860.01.006 жолдарының көлемі 860.01.006 I, 860.01.006 II, 860.01.006 III жолдарына көшірілмейді;

860.01.002 жолы толтырылмайды.

860.01.001 IV, 860.01.002 IV, 860.01.006 IV және 860.01.007 IV жолдарының көлемі су ресурстармен пайдалану үшін төлем есептеріне әсер етпейді, көрсетілген жолдар толтырылмайды.

23. "Төлемдер есебі белгіленген ставкалар туралы мәліметтер туралы" бөлімде:

1) 860.01.008 жолында Салық кодекстің 487 бабының 1 тармағына сәйкес жергілікті өкілетті органмен (республикалық маңызы бар қаламен, астанамен) орнатылған лимит шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкалары көрсетіледі.

2) 860.01.009 жолында Салық кодексінің 487-бабының 2-тармағына сәйкес бес есе белгіленген төлем ставкалардың өсуіне сәйкес (860.01.008) айқындалатын , белгіленген лимит шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкалары көрсетіледі.

24. "Бюджетке төленетін төлемдер есебі" бөлімінде:

1) 860.01.010 I, 860.01.010 II, 860.01.010 III жолдарында бюджетке төленуге жататын салық кезеңіндегі әр ай бойынша жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем есептерінің сомасы көрсетіледі:

860.01.010 I жолы 860.01.004 I және 860.01.008 жолдарының көбейтіндісі болып айқындалады (860.01.004 I x 860.01.008);

860.01.010 II жолы 860.01.004 II және 860.01.008 жолдарының көбейтіндісі болып айқындалады (860.01.004 II x 860.01.008);

860.01.010 III жолы 860.01.004 III және 860.01.008 жолдарының көбейтіндісі болып айқындалады (860.01.004 III x 860.01.008).

860.01.010 IV жолында белгіленген лимит шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны 860.01.010 I, 860.01.010 II және 860.01.010 II жолдарының салық кезеңінің көрсеткіштерін жинақтаумен жалпы сомасы айқындалып көрсетіледі;

2) 860.01.011 I, 860.01.011 II, 860.01.011 III жолдарында бюджетке төленуге жататын салық кезеңіндегі әр ай бойынша жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем есептерінің сомасы көрсетіледі:

860.01.011 I жолы 860.01.005 I және 860.01.009 жолдарының көбейтіндісі болып айқындалады (860.01.005 I x 860.01.009);

860.01.011 II жолы 860.01.005 II және 860.01.009 жолдарының көбейтіндісі болып айқындалады (860.01.005 II x 860.01.009);

860.01.011 III жолы 860.01.005 III және 860.01.009 жолдарының көбейтіндісі болып айқындалады (860.01.005 III x 860.01.009).

860.01.011 IV жолында белгіленген лимит шегінде 860.01.011 I, 860.01.011 II және 860.01.011 II жолдарының салық кезеңінің көрсеткіштерін жинақтаумен жалпы сомасы айқындалып көрсетіледі;

3) 860.01.012 I, 860.01.012 II, 860.01.012 III жолдарында бюджетке төленуге жататын салық кезеңіндегі әр ай бойынша жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем есептерінің сомасы көрсетіледі:

860.01.012 I жолы 860.01.010 I және 860.01.011 I жолдарының сомасы болып айқындалады;

860.01.012 II жолы 860.01.010 II және 860.01.011 II жолдарының сомасы болып айқындалады;

860.01.012 I жолы 860.01.010 III және 860.01.011 II жолдарының сомасы болып айқындалады.

860.01.012 IV жолында 860.01.012 I, 860.01.012 II және 860.01.012 II жолдарының салық кезеңінің жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін көрсеткіштерін жинақтаумен жалпы сомасы айқындалып көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 860.00-860.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша салық есептілігін декларацияға (870.00-нысан) қосымша

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларация) жасау ережесі (870.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

Декларацияны шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерді қоспағанда Салық кодексінің 493-бабында белгіленген төлемақы төлеушілер жасайды.

2. Декларация Салық кодексінің 498-бабына сәйкес жасалады, осы Декларацияның өзінен (870.00-нысан) және Қоршаған ортаға эмиссия үшін

төлемақы төлеу объектілері туралы ақпаратты ашу жөніндегі оған қосымшадан (870.01 нысан) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар Декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы ережелерде арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу ; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларация толтыру кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электрондық тасығышта –-нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны тапсырған кезде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігін салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Есепті жасау

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

Бұл жолда Салық кодексінің 493-бабына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) СТН – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

4) ЖСН (БСН) – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

5) филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның СТН – филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның СТН-і салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

Бұл жол егер 1 жолда төлемақыны дербес төлеуші ретінде танылған құрылымдық бөлімшенің СТН көрсетілсе толтырылады.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

6) филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның ЖСН (БСН) – филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі

.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

7) салық кезеңі (тоқсан, жыл) – Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

8) салық төлеушінің атауы.

Төлемақыны төлеушінің атауы (аты-жөні) көрсетіледі.

9) Декларация түрі.

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түріне Декларацияны жатқызуды ескере отырып, тиісті торкөздер белгіленеді.

10) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жол Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасындағы көзделген Декларацияны табыс еткен жағдайда толтырылады.

11) 11 жол егер қоршаған ортаға эмиссия үшін Декларация төлемақы көлемі жылдық жиынтық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін олған жағдайда төлеуші жасайды және тапсырады. Бұл А жолда рұқсат нөмірі, 7 В жолда рұқсатты беру күні көрсетіледі;

12) валюта коды.

Валюта кодын толтыру кезінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын Есептілау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

13) қосымшалар саны.

Тапсырылған қосымшалардың саны көрсетіледі.

15."Қоршаған ортаға эмиссия үшін бюджетке төленуге жататын төлемақы" бөлімінде:

1) 870.00.001 жолында 870.01 нысаны бойынша қосымшаның 870.01.011 жолынан айқындалып салық кезеңіндегі белгіленген арнайы табиғат пайдаланудың барлық түрлері лимит шектеріндегі қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомасы көрсетіледі;

2) 870.00.002 жолында 870.01 нысаны бойынша қосымшаның 870.01.012 жолынан айқындалып салық кезеңіндегі белгіленген арнайы табиғат пайдаланудың барлық түрлері лимиттің жоғары шектеріндегі қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомасы көрсетіледі;

3) 870.00.003 жолында 870.01.001 және 870.00.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, әрбір арнайы су пайдалану түрлері бойынша бюджетке

төленуі тиіс салық кезеңі үшін есептелген қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының жалпы сомасы көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) Декларацияны тапсыру күні.

Декларацияны салық органына тапсырған күн көрсетіледі;

3) салық органның коды.

Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін алым салынатын объектінің орналасқан орны бойынша салық органның коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдап алған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә." жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

5) Декларацияны қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2)тармақшасына сәйкес Декларацияны тапсыру күні көрсетіледі;

6) Декларацияның кіріс нөмірі.

Салық органы берген Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошталық мөртабанының күні.

Пошта немесе өзге байланыс мекемесінің пошталық мөртабанының күні көрсетіледі.

3. 870.01-нысан бойынша Декларация жасау

17. 870.01 нысаны салық кезеңі бойынша әр табиғат пайдалану бойынша және уақытша пайдалануға берілген әр ластаудың (арнайы табиғатты пайдалану) жеке түрлері толтырылып, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы үшін төлемдер сомасының есебін ақпараттар ашылып көрсетіледі.

18. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

Бұл жолда Салық кодексінің 493-бабына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) СТН – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

4) ЖСН (БСН) – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

5) филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның СТН – филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның СТН-і салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

Бұл жол егер 1 жолда төлемақыны дербес төлеуші ретінде танылған құрылымдық бөлімшенің СТН көрсетілсе толтырылады.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

6) филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның ЖСН (БСН) – филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі
.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

7) салық кезеңі (тоқсан, жыл) – Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

8) мүлікпен сенімгерлік басқару пайда болатын негізінде құжаттың нөмірі мен күні қойылады.

Жол Декларацияны Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен

басқарушы құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы үшін тапсырған жағдайда толтырылады.

9) қоршаған ортаға эмиссияға экологиялық рұқсаты болса А торкөзде рұқсаттық құжаттың нөмірі көрсетіледі, ал В төркезде рұқсаттық құжатты ресімдеу күні көрсетіледі;

10) Арнайы табиғатты пайдалану түрі.

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау орнатылған заңнамасына сәйкес арнайы табиғатты пайдалану түрі бойынша бір торкөз белгіленеді;

11) Қоршаған ортаға эмиссия төлемдерін объектінің салым мекен жайы бойынша салық органның кодын көрсету;

12) табиғатты пайдаланудың өлшем бірлігі.

"Табиғатты пайдалану түрі" жолында көрсетілген арнайы табиғат пайдаланудан туындайтын өлшем бірлігі сәйкес торкөзде белгіленеді.

19. 10-жолында көрсетілген өлшем бірлікте толытырылатын "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы есептеу үшін ластау көлемдері туралы мәлімет" бөлімінде:

1) 870.01.001 жолында салық кезеңнің басына лимиттің қалдығын көрсетеді Берілген жол жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін төлейтін төлеушілерді қоспағанда, қоршаған ортаға эмиссия төлейтін төлеушілер толтырады.

Декларацияны салық кезеңнің бірінші тоқсанына жасау кезінде 870.01.001 жолында орнатылған жылдық лимит көлемі көрсетіледі.

Декларацияны салық кезеңнің бірінші-төртінші тоқсанына жасау кезінде 870.01.001 жолына бұрынғы тоқсан үшін 870.01.007 жолының көрсеткіштері көшіріледі;

2) 870.01.002 жолында жаңа салық кезеңнің басына лимиттің асуын көрсетеді . Берілген жол жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін төлейтін төлеушілерді қоспағанда, төлемді төлеушілер толтырады.

Декларацияны салық кезеңнің бірінші тоқсанына жасау кезінде 870.01.008 жолында нөл көрсетіледі.

Декларацияны салық кезеңнің екінші-төртінші тоқсанына жасау кезінде 870.01.002 жолына бұрынғы тоқсан үшін 870.01.008 жолының көрсеткіштері көшіріледі;

3) 870.01.003 жолында қоршаған ортаға эмиссиясының сатып алынған лимиттің көлемін көрсетіледі. Берілген жол Декларацияның 11 жолында белгіленген жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін төлейтін төлеушілер толтырады;

4) 871.01.004 жолында тоқсан үшін ластаушы заттарды нақты шығару (төгу) мен қалдықтарды орналастырудың жалпы көлемі көрсетіледі;

5) 871.01.005 жолында белгіленген норматив лимиттің шегінде салық кезеңінде қоршаған ортаға эмиссия нақты көлемі көрсетіледі. Берілген жол салық кезеңнің басына лимиттің қалдығы болса жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін төлейтін төлеушілерді қоспағанда, төлемді төлеушілер толтырады.

Лимит белгіленбеген арнайы табиғатты пайдалану кезінде 870.01.004 жолына 870.01.005 жолының көрсеткіштері көшіріледі және 870.01.006 жолы толтырылмайды;

6) 870.01.006 жолында аса орнатылған нормативтердің қоршаған ортаға эмиссияның нақты көлемі 870.01.004 және 870.01.005 жолдарының айырмасы болып айқындалып көрсетіледі;

7) 871.01.007 жолында 871.01.001 және 871.01.004 жолдары көрсеткіштерінің айырмасы ретінде айқындалатын салық кезең соңына лимит қалдығы көрсетіледі.Берілген жол жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін төлейтін төлеушілерді қоспағанда, төлемді төлеушілер толтырады;

8) 871.01.008 жолында 871.01.002 және 871.01.006 жолдары көрсеткіштерінің айырмасы ретінде айқындалатын салық кезең соңына лимит асуы көрсетіледі. Берілген жол жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін төлейтін төлеушілерді қоспағанда, төлемді төлеушілер толтырады.

20. "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкасы" бөлімінде:

1) 871.01.009 жолында Салық кодексінің 495-бабына сәйкес орнатылған асыра лимиттің шегінде қоршаған ортаға эмиссия төлем ставкалары көрсетіледі;

2) 871.01.009 жолында Салық кодексінің 495-бабында белгіленген он есе көбейтілген төлем ставкаларымен айқындалып орнатылған асыра лимиттің шегінде қоршаған ортаға эмиссия төлем ставкалары көрсетіледі.

21. "Қоршаған ортаға эмиссия үшін бюджетке төленуге тиісті төлемақы есебі " бөлімінде:

1) 871.01.011 жолында 870.01.005 және 870.01.009 (870.01.005 х 870.01.009) көбейтіндісі болып айқындалатын қоршаған ортаға эмиссия үшін бюджетке төленуге тиісті төлемақы есебінің сомасы көрсетіледі;

2) 871.01.012 жолында 870.01.006 және 870.01.010 (870.01.006 х 870.01.010) көбейтіндісі болып айқындалатын қоршаған ортаға эмиссия үшін бюджетке төленуге тиісті төлемақы есебінің сомасы көрсетіледі;

3) 871.01.013 жолында 870.01.011 және 870.01.012 (870.01.011 х 870.01.012) көбейтіндісі болып айқындалатын қоршаған ортаға эмиссия үшін бюджетке төленуге тиісті төлемақы есебінің сомасы көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 870.00-870.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы бойынша ағымдағы төлемдер сомасының есебіне (881-нысан) қосымша

Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (ағымдағы төлемдер сомасының есебі) жасау ережесі (881.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақыны есептеуге арналған осы Ережеге қосымшаға сәйкес Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (ағымдағы төлемдер сомасының есебі) (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 513, 519-баптарына сәйкес радиожиілік спектрін пайдалану құқығын және (немесе) қалааралық және халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар жасайды.

2. Есеп осы Есептің өзінен (881.00-нысан) және оған қосымшадан (881.01 - 881.02 нысандардан) тұрады, олар арнаулы салық міндеттерінің толықтай есептелуі туралы ақпаратты көрсетеді.

3. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, өшіруге жол берілмейді.

4. Тиісті торкөздердің көрсеткіштері жоқ болған кезде толтырылмайды.

5. Есепке Қосымша тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін Есепте жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Есепке Қосымша онда көрсетуге жататын деректер жоқ болған кезде толтырылмайды.

7. Есепке Қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, Есепке Қосымшаның осыған ұқсас парағы қоса толтырылады.

8. Осы Ережелерде келесі арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

9. Сомалардың теріс мәні Есептің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақ торкөзіне "-" белгісімен белгіленеді.

10. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен- қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Есепке салық төлеушінің немесе оның өкілінің қолы қойылады және Қазақстан Республикасының заңына сәйкес салық төлеушінің немесе өкілінің мөрімен бекітіледі, Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес мөр өз атауымен болу керек.

12. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігін салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Есепті жасау

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

Бұл жолда Салық кодексінің 513-бабына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) СТН – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

4) ЖСН (БСН) – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

5) филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның СТН – филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның СТН-і салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

6) филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның ЖСН (БСН) – филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі
.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

7) салық кезеңі (ай, жыл) – Есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

8) салық төлеушінің атауы.

Жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының салық міндетін орындау мезетте, жолда сенімді басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

9) Есептің түрі.

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түріне Есепті жатқызуды ескере отырып, тиісті торкөздер белгіленеді.

10) хабарламаның нөмірі мен күні.

Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4)-тармақшасындағы көзделген Есептіні табыс еткен жағдайда, торкөздер белгіленеді.

12) валюта коды.

Валюта кодын толтыру кезінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2355 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын Есептілау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

13) қосымшалар саны.

Тиісті торкөздерде тапсырылған қосымшалардың саны көрсетіледі.

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

15. "Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін бюджетке тиісті төленетін төлем" бөлімінде:

1) 881.00.001 жолында 881.01 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтарын 881.01.011 жолының көрсеткіштерін жинақтап айқындататын радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 881.00.002 жолында Салық кодексінің 515-бабы 5 және 6-тармақтарымен белгіленген барлық радио байланыс бойынша бюджетке мерзімде төленуге тиісті төлемдер, радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі:

881.00.002 I жолында салық кезеңінің 25 наурыздан кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі;

881.00.002 II жолында салық кезеңінің 25 маусымнан кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі;

881.00.002 III жолында салық кезеңінің 25 қыркүйектен кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі;

881.00.002 IY жолында салық кезеңінің 25 желтоқсаннан кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі.

Көрсетілген әр жолдар бойынша төленетін төлем сомаларын айқындау үшін салық кезеңінің аяқталғанына қалған төлем мерзімін жалпы төлем сомасына бөлінуімен анықталады.

16. "Бюджетке төленетін қала аралық және халықаралық телефон байланысы және ұялы телефон байланысын ұсыну төлемдері туралы" бөлімде:

1) 881.00.003 жолында салық кезеңіндегі барлық байланыс түрлері бойынша бюджетке тиісті төленетін төлемдер бойынша 881.02 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтарын 881.01.011 жолының көрсеткіштерін жинақтап айқындататын пайдаланғаны қала аралық және халықаралық телефон байланысы және ұялы телефон байланысын үшін төлемнің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) Салық кодексінің 515-бабының 5 және 6-тармақтарымен орнатылған 881.00.002 барлық бойынша бюджетке мерзімде төленуге тиісті төлемдер, қала аралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы және ұялы телефон байланысын пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі:

881.00.004 I жолында салық кезеңінің 25 наурыздан кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі;

881.00.004 II жолында салық кезеңінің 25 маусымнан кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі;

881.00.004 III жолында салық кезеңінің 25 қыркүйектен кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі;

881.00.004 IY жолында салық кезеңінің 25 желтоқсаннан кешіктірмей мерзімде төленетін төлем сомасы көрсетіледі.

Көрсетілген әр жолдар бойынша төленетін төлем сомаларын айқындау үшін салық кезеңінің аяқталғанына қалған төлем мерзімін жалпы төлем сомасына бөлінуімен анықталады.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолда құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға өткізетін болса, салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) толтырылады;

2) Есептің беру күні.

Салық органына ұсынылған күні көрсетіледі;

3) салық органның коды.

Жер телімін пайдаланғаны үшін алым салынатын объектінің орналасқан орны бойынша салық органның коды көрсетіледі;

4) "Есепті қабылдап алған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә." жолында Есепті қабылдап алған салық органның қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

5) Есепті қабылдау күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2) тармақшасына сәйкес Есепті тапсыру күні көрсетіледі;

6) Есептің кіріс нөмірі.

Салық органы берген Есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошталық мөртабаның күні.

Пошта немесе өзге байланыс мекемесінің пошталық мөртабаның күні көрсетіледі.

3. 881.01 нысанын жасау - Радиожиілік спектірді пайдаланған үшін төлем

17. 851.01-нысан радио байланысының әрбір түрі бойынша салық кезеңі үшін радио жилігін пайдаланған үшін төлемақы сомаларын есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған және әрбір радио байланысы бойынша бөлек толтырылады.

18. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

Бұл жолда Салық кодексінің 478-бабына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) СТН – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

4) ЖСН (БСН) – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не пайда алушының тіркеу нөмірі - мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша

сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының - салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

5) филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның СТН – филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның СТН-і салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

6) филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның ЖСН (БСН) – филиал, өкілдік оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның салық төлеушінің жеке (бизнес) сәйкестендіру нөмірі
.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Есепті табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

7) салық кезеңі (ай, жыл) – Есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

8) мүлікті сенімгерлікпен басқару туындайтын құжаттың нөмірі мен күні;

Жол Есепті Салық кодексінің 35-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы үшін тапсырған жағдайда толтырылады.

20. "Радиожиілік спектрін пайдалану үшін төлемдер есебі туралы ақпарат" бөлімінде.

1) 881.01.001 I, 881.01.001 II жолында байланыс саласындағы уәкілетті органның радиожиілік спектрін пайдалану үшін төлемді төлеуге хабарламасы туралы ақпарат көрсетілген.

881.01.001 III, 881.01.001 IV жолдарында байланыс саласындағы уәкілетті органның радиожиілік спектрін пайдалану туралы күні мен нөмірі және Қазақстан Республикасының радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсаттық құжаттың мәліметтері көрсетіледі;

2) 881.01.002 жолында Салық кодексінің 514-бабына сәйкес радио байланысты аймаққа және түріне сәйкес радиожиілік спекторын пайдалану үшін кестенің ставкасы және тармақ және тармақ астындағы нөмірі көрсетіледі;

3) 881.01.003 I, 881.01.003 II, 881.01.003 III, жолдарында мекен жайы (область , город немесе аудан, кент, ауыл) бойынша радиожиілікті пайдалану орны көрсетеді;

4) 881.01.004 жолында жіберетін жабдықтың қуаты көрсетіледі;

5) егер радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын станциялардың санына байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.005 I жолында станциялардың саны көрсетіледі.

Егер радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын арналардың санына байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.005 II жолында арналардың саны көрсетіледі.

Егер радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын радиожиіліктің санына байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.005 III жолында радиожиілік саны көрсетіледі.

Егер радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын өтулердің санына байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.005 IV жолында өтулердің саны көрсетіледі.

Егер радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын бағаналар санына байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.005 IV жолында бағаналар саны көрсетіледі.

881.01 нысанының әр жолы жеке толтырылады;

6) егер тиісті өлешем бірлігі (кГц және МГц) бойынша рұқсат етілген құжаттың негізінде радиожиілік спектрінің жолақ еніне байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.006 I және 881.01.006 II жолдары толтырылады.

Берілген жолдар радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын жолақ енінің санына байланысты белгіленетін болса толтырылады;

7) 881.01.007 жолында салық мерзімінде радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін рұқсаттық құжат негізінде айлық есептік көрсеткіштің мөлшері көрсетіледі.

21. "Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін бюджетке тиісті төленетін төлем" бөлімінде:

1) 881.01.008 жолында радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Салық кодексінің 514-бабына сәйкес айлық есептік көрсеткіштердегі радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемнің жылдық ставкасы көрсетіледі;

2) 881.01.009 жолында республикалық бюджет заңы туралы салық кезеңіне сәйкес есепті салық кезеңі үшін айлық есептік көрсеткіштің мөлшері көрсетіледі;

3) 881.01.010 жолында 881.01.008 және 881.01.009 жолдарының көбейтіндісі (881.01.008 х 881.01.009) бойынша есептелген радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемнің жылдық ставкасы көрсетіледі;

4) 881.01.011 жолында салық кезеңіндегі бюджетке төленетін төлемдер негізінде 881.01.005 жолындағы көрсетілген станциялар санына байланысты жолдарындағы станциялар немесе арналар немесе өтулердің немесе бағаналардың айқындалуының жылдық сомасы көрсетіледі көрсетіледі.

Мысалы, радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын станциялардың санына байланысты 881.01.005 жолы және 881.01.010 жолдарының 12-ге 881.01.007 жолының көбейтіндісі айқындалады (881.01.005 х 881.01.010)/12 х 881.01.007);

радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын станциялардың санына байланысты 881.01.006 жолы және 881.01.010 жолдарының 12-ге 881.01.007 жолының көбейтіндісі айқындалады (881.01.005 х 881.01.010)/12 х 881.01.007);

радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы станциялардың, арналардың, радиожиіліктердің, өтулердің және жолақ еніне байланысты бір уақытта белгіленетін жағдайда, радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы тиісті толтырылған 881.01.010 және 881.01.007 жолдардан шыға оларды (881.01.010 х 881.01.007) /12) жолдарына көбейту жолымен және 12 айға бөлінгені есептеледі.

4. 881.02 нысанын жасау- қала аралық және халықаралық телефон байланысын және ұялы байланысын ұсыну үшін төлемдер.

22. 881.02 нысаны салық кезеңі бойынша әр байланыс және байланыстың жеке түрлері толтырылып, қала аралық және халықаралық телефон байланысын және ұялы байланысын пайдаланған үшін төлемдер сомасының есебін ақпараттар ашылып көрсетіледі.

23. "Қала аралық және халықаралық телефон байланысын және ұялы байланысының төлем сомасы туралы жалпы мағлұмат" бөлімінде:

1) 881.02.001 I, 881.02.001 II жолында байланыс саласындағы уәкілетті органның қала аралық және халықаралық телефон байланысын және ұялы байланысын пайдалану үшін төлемді төлеуге хабарламасы туралы ақпарат көрсетілген.

881.02.001 III, 881.02.001 IV жолдарында байланыс саласындағы уәкілетті органның қала аралық және халықаралық телефон байланысын және ұялы байланысын пайдалану туралы күні мен нөмірі пайдалануға рұқсаттық құжаттың мәліметтері көрсетіледі;

2) 881.02.002 жолы байланыс түрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының негізінде қала аралық және халықаралық телефон байланысын және ұялы байланысын пайдалану үшін жылдық төлем ставкасы көрсетіледі;

3) 881.02.003 жолында (электр тоғы байланыс қызметін ұсынған қала аралық және халықаралық телефон байланысын және ұялы байланысының операторын) төлеушінің табысы көрсетіледі.

24. "Қала аралық және халықаралық телефон байланысын және ұялы байланысын пайдалану үшін бюджетке төленетін төлемдер есебі" бөлімінде:

1) 881.02.004 жолында қала аралық және халықаралық телефон байланысын және ұялы байланысын пайдалану үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес жылдық есептік көрсеткіштердің ставкасы көрсетіледі;

2) 881.02.005 жолында жылдық ставка төлемдердің негізінде электр тоғы байланыс қызметін төлеуші ұсынған табысынан шығатын Салық кодексінің 521-бабының 1-тармағына сәйкес қала аралық және халықаралық телефон байланысын және ұялы байланысын пайдалану үшін жылдық төлем ставкасы көрсетіледі;

3) 881.02.006 жолында салық кезеңінде қала аралық және халықаралық телефон байланысын және ұялы байланысын пайдаланылған нақты айлар саны көрсетіледі;

4) 881.02.007 жолында 12 бөлінген 881.02.005 және 881.02.006 туындысы (881.02.005/12 х 881.02.006) ретінде айқындалатын Салық кодексінің 521-бабы 2-тармағына сәйкес есептелген қалааралық және халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы сомасы көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 881.00-881.02 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Шағын бизнес субъектілері үшін
оңайлатылған декларацияға
(910.00-нысан) қосымша

Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларацияны – салық есептігін жасау ережелері (910.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жеке (корпорациялық) табыс және әлеуметтік салықтарды, әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналарын есептеуге арналған Осы Ереженің қосымшасына сәйкес шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларацияны - салық есептілігі нысанын (бұдан әрі - Декларация)

жасау тәртібін айқындайды. Декларация оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын шағын бизнес субъектілерімен жасалады.

2. Декларация Декларацияның өзінен (910.00 нысаны) және оған салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған қосымшадан (910.01 нысан) тұрады.

3. Көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда Декларацияға қосымша жасалмайды.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Осы Ережеде келесі арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

7. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

8. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – Декларация қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Декларация Салық кодексінің 68 – бабына сәйкес толтырылады.

9. Декларация салық төлеуші немесе оның өкілімен қол қойылады және Салық кодексінің 61-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өз атауы жазылған мөрі болған жағдайда салық төлеушінің немесе оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен – Декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

2. Декларацияны толтыру

11. "Салық төлеуші (салық агенті) туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші (салық агенті) мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің (салық агентінің) жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

3) сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе пайда алушының СТН - Салық кодексінің 35-бабына сәйкес мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару өзге жағдайларда туындайтын пайда алушының - салық төлеушінің тіркеу нөмірі
.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" азақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс.

Жол сенімгерлік басқарушысымен толтырылады;

4) сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе пайда алушының ЖСН (БСН) - Салық кодексінің 35-бабына сәйкес мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару өзге жағдайларда туындайтын пайда алушының - салық төлеушінің жеке сәйкестендірме (бизнес сәйкестендірме) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызынан бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс.

Жол сенімгерлік басқарушысымен толтырылады;

5) салық төлеушінің (салық агентінің) аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты ((ол болған кезде)) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

Жолда салық міндеттемесін орындайтын сенімгерлік басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлік басқарушы заңды тұлғаның атауы жазылады;

6) салық кезеңі (тоқсан, жыл) – Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі).

7) Декларация түрі.

Тиісті торкөздер Салық кодексінің 63–бабында көрсетілген салық есептеме түріне қарай Декларацияны ескеріп белгіленеді;

8) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабының 3-тармағы 4)-тармақшасымен қарастырылған Декларация түрлерін тапсырған жағдайда толтырылады;

9) Декларация қызмет бойынша жасалды:

9 А торкөзі салық төлеуші өз қызметінің нәтижелері бойынша Декларация толтырған жағдайда белгіленеді;

9 В торкөзі салық төлеуші мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) пайда алушының мүдделеріне жүзеге асырылған қызмет нәтижелері бойынша Декларация толтырған жағдайда белгіленеді;

9 А және 9 В торкөздері салық төлеуші өз қызметінің нәтижелері бойынша және мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) пайда алушының мүдделеріне жүзеге асырылған қызмет нәтижелері бойынша Декларация толтырған жағдайда белгіленеді;

10) құжаттың нөмірі мен күні, оның негізінде мүліктің сенімгерлік басқаруы туындайды.

Құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі, оның негізінде мүліктің сенімгерлікпен басқаруы туындайды.

Жол сенімгерлік басқарушысының Салық кодексінің 35-бабымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының және (немесе) пайда алушының мүддесінде жүзеге асырылатын қызметінің нәтижелері бойынша есеп-қисабын тапсырған жағдайда толтырылады;

11) валюта коды.

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімдемесінде 2355 нөмірімен тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

12) қосымшалардың бар болуы.

Декларацияға қосыша тапсырған кезде белгі көрсетіледі.

12. "Салықтарды, әлеуметтік аударымдарды және міндетті зейнетақы жарналарын есептеу" бөлімінде:

1) 910.00.001 жолында Салық кодексінің 427-бабы 3-тармағына сәйкес белгіленген кіріс көрсетіледі;

2) 910.00.002 жолында құрылтайшының кірісі көрсетіледі;

3) 910.00.003 I, 910.00.003 II, 910.00.003 III жолдарында салық кезеңі үшін қызметкерлердің орташа тізімдік саны көрсетіледі;

4) 910.00.004 жолында (910.00.003 I + 910.00.003 II + 910.00.003 III)/3) формуласы бойынша салық кезеңі үшін қызметкерлердің орташа тізімдік саны көрсетіледі.

Егер қызметкерлердің тізімі бойынша орташа саны 0,5-тен және одан жоғары бөлшек санды құраса, онда бұндай сан толық бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, ал 0,5-тен төмен сан құраса дөңгелектеуге жатпайды;

5) 910.00.005 жолында салық кезеңі үшін дара кәсіпкерді қоса алғанда (910.00.003 I + 910.00.003 II + 910.00.003 III)/3+1) қызметкерлердің орташа тізімдік саны көрсетіледі.

Егер қызметкерлердің тізімі бойынша орташа саны 0,5-тен және одан жоғары бөлшек санды құраса, онда бұндай сан толық бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, ал 0,5-тен төмен сан құраса дөңгелектеуге жатпайды.

Дара кәсіпкер қызметін жалдамалы қызметкерлерсіз жүзеге асырған кезде 910.00.005 жолында 1 цифрасы көрсетіледі;

6) 910.00.006 жолында Салық кодексінің 433-бабының 1), 2) тармақшаларымен белгіленген шектен асатын орташа тізімдік саны көрсетіледі;

7) 910.00.007 жолында салық кезеңі үшін бір қызметкерге орташа айлық еңбекақысы көрсетіледі;

8) 910.00.008 жолында Салық кодексінің 436-бабының 1-тармағымен белгіленген ставкасы бойынша есептелген салықтардың сомасы көрсетіледі;

9) 910.00.009 жолында Салық кодексінің 433-бабымен белгіленген кірістің шекті сомасынан асатын кірістің салық сомасы көрсетіледі;

10) 910.00.010 жолында ((910.00.008 - 910.00.009) х (910.00.005 - 910.00.006) х 0,015) формуласы бойынша айқындалатын, орташа есептелген қызметкерлер санына байланысты салық сомасының кемуі көрсетіледі.

Бұл жол егер салық кезеңінің қорытындысы бойынша бір қызметкерге орташа айлық еңбекақы Салық кодексінің 436-бабының 2-тармағына сәйкес дара кәсіпкерлерде айлық еңбекақының 2 еселенген ең аз мөлшерінен кем емес, заңды тұлғаларда 2,5 еселенген ең аз мөлшерінен кем емес болған жағдайда толтырылады;

11) 910.00.011 жолында 910.00.008 және 910.00.010 жолдарының айырма ретінде айқындалатын, түзетулерден кейінгі салықтар сомасы көрсетіледі;

12) 910.00.012 жолында (910.00.011 х 0,5) декларация бойынша есептелген салық сомасынан Ң мөлшеріндегі бюджетке төлеуге жататын жеке (корпорациялық) табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектеуге жатады: 50-ден және одан жоғары тиын сомасы бір теңге болып қабылданады, 50-ден кем тиын сомасы Декларацияға қабылданбайды.

13) 910.00.013 жолында ((910.00.011 x 0,5) – 910.00.022 - 910.00.015) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасын алып тастағаннан кейінгі декларация бойынша есептелген салық сомасынан Ң мөлшеріндегі бюджетке төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектеуге жатады: 50-ден және одан жоғары тиын сомасы бір теңге болып қабылданады, 50 -ден кем тиын сомасы Декларацияға қабылданбайды.

Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып түскен кезде 910.00.013 жолында Салық кодексінің 437-бабы 2-тармағына сәйкес нөлге тең әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

14) 910.00.014 жолында дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін кіріс көрсетіледі;

15) 910.00.015 дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар сомасы көрсетіледі;

16) 910.00.016 жолында дара кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарнасы есептелетін кіріс көрсетіледі;

17) 910.00.017 жолында дара кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарнасының сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.30 № 311 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

13. Мысалы, 2009 жыл үшін жоғарыдағы жолдарды толтыру келесідей жүргізіледі:

1) 910.00.001 жолы бойынша дара кәсіпкердің салық кезеңі үшін кірісі 12 000 000 теңгені құрады;

2) 910.00.002 жолы бойынша құрылтайшының салық кезеңі үшін кірісі 1 000 000 теңгені құрады;

3) 910.00.003 I жолы бойынша салық кезеңінің бірінші айында қызметкерлердің саны 28 адам құрады;

4) 910.00.003 II жолы бойынша салық кезеңінің екінші айында қызметкерлердің саны 25 адам құрады;

5) 910.00.003 III жолы бойынша салық кезеңінің үшінші айында қызметкерлердің саны 25 адам құрады;

6) 910.00.004 жолы бойынша қызметкерлердің орташа тізбелі саны ((28 + 25 + 25) /3 ай) 26 адам құрады;

7) 910.00.005 жолы бойынша дара кәсіпкердің өзін қоса, қызметкерлердің орташа тізбелі саны ((28 + 25 + 25) /3 ай + 1) 27 адам құрады;

8) 910.00.006 жолы бойынша шекті санынан асатын орташа тізбелі саны 2 адам құрады (27-25), онда Салық кодексінің 433-бабының 1-тармағымен белгіленген 27 адам – нақты орташа тізбелі саны, 25 адам – шекті саны;

9) 910.00.007 жолы бойынша салық кезеңі үшін бір қызметкерге орташа айлық еңбекақы 29 094 теңгені құрайды:

салық кезеңінің бірінші айы үшін қызметкерлердің есептелген еңбекақының барлық сомасы 656 000 теңге (75 000 теңге + 500 000 + 81 000), оның ішінде:

бес адамның еңбекақысы 15000 теңге бойынша 75 000 теңге (5 х 15 000 теңге) құрады;

жиырма адамның еңбекақысы 20 000 теңге бойынша 500 000 теңге (20 х 20 000 теңге) құрады;

үш адамның еңбекақысы 27 000 теңге бойынша 81 000 теңге (3 х 27 000 теңге) құрады.

Сонша, салық кезеңінің бірінші айы үшін бір қызметкерге орташа айлық еңбекақы 23 429 теңге құрады (656 000/28 адам), онда 28 адам - салық кезеңінің бірінші айындағы қызметкерлердің саны.

Осындай жолмен салық кезеңінің екінші және үшінші айлары үшін бір қызметкерге еңбекақының орташа айлық сомасы айқындалады.

Мысал үшін, бір қызметкерге салық кезеңінің екінші айында еңбекақы сомасы – 27 350 теңге, үшіншіде – 35 400 теңге құрады.

Онда, салық кезеңі үшін бір қызметкерге еңбекақының орташа айлық сомасы 28 726 теңге ((23 427 теңге + 27 350 теңге + 35 400 теңге)/3 ай) құрады.

Біздің мысалда Қазақстан Республикасының 2009 жылға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген еңбекақының екі еселік орташа ең аз айлық мөлшері 26 940 теңге (13 470 теңге х 2) құрады. Салық кезеңінің жиынтығы бойынша бір қызметкерге орташа айлық еңбекақы ең төменгі еңбекақының екі еселік мөлшерінен асқандықтан, Салық кодексінің 436-бабының 2-тармағымен көзделген қызметкерлердің орташа тізімдік санын ескере отырып, салық кезеңіне есептелген салық сомасына түзету жүргізіледі;

10) 910.00.008 жолы бойынша Салық кодексінің 436-бабының 1-тармағына сәйкес есептелген салық сомасы 360 000 теңге (120 000 000 теңге х 3%) құрайды;

11) 910.00.009 жолы бойынша Салық кодексінің 433-бабының 1-тармағымен белгіленген кірістің шекті сомасынан асатын кірістің салық сомасы 60 000 теңге ((12 000 000 теңге – 10 000 000 теңге) х 3%) құрайды;

12) 910.00.010 жолы бойынша қызметкерлердің орташа тізімдік санына байланысты азайтылған салық сомасы 112 500 теңге құрады ((360 000 теңге – 60 000 теңге) х (27 адам – 2 адам) х 0,015), мұндағы 0,015 – қызметкерлердің орташа тізімдік санын ескере отырып әрбір қызметкер үшін салық сомасын түзету коэффициенті;

13) 910.00.011 жолы бойынша азайтуға жатқызылған түзетуден кейінгі салық сомасы 247 500 теңге құрайды (360 000 теңге – 112 500 теңге);

14) 910.00.012 жолы бойынша салық кезеңі үшін бюджетке төленуге жататын жеке табыс салығы 123 750 теңгені құрайды (247 500 теңге х 0,5);

15) 910.00.013 жолы бойынша салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын, есептелген әлеуметтік салық сомасы 27 869 теңгені құрайды ((247 500 теңге х 0,5) – 94 265 теңге – 1 616 теңге), бұнда 94 265 теңге – қызметкерлер үшін әлеуметтік аударымдар сомасы (910.00.021), 1 616 теңге – дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар сомасы (910.00.017).

16) 910.00.014 жолы бойынша дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдардан есептелген кірістің сомасы 40 410 теңгені құрады (13 470 теңге х 3 ай), бұнда 13 470 теңге – 2009 жылғы ең төменгі еңбекақының мөлшері;

17) 910.00.015 жолы бойынша дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар сомасы 1 616 теңге (13 470 теңге х 4 % х 3 ай), бұнда 4 % - 2009 жылдың әлеуметтік аударымдар ставкасы;

18) 910.00.016 жолы бойынша дара кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналарынан есептелген кірістің сомасы 40 410 теңгені құрады (13 470 теңге х 3 ай), бұнда 13 470 теңге – 2009 жылғы ең төменгі еңбекақының мөлшері;

19) 910.00.017 жолы бойынша дара кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналарының сомасы 4 041 теңгені құрады (13 470 х 10% х 3 ай), бұнда 10% - міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы7

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.30 № 311 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

14. "Қызметкерлер үшін салықтар, әлеуметтік аударымдар және міндетті зейнетақы жарналарының сомасы" бөлімі Декларацияға қосымшаның (910.01) деректері негізінде қызметкерлер болған жағдайда толтырылады:

1) 910.00.018 жолында 910.01.002 IV жолынан көшірілетін төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

2) 910.00.019 жолында 910.01.005 IV жолынан көшірілетін, Салық кодексінің 189–бабына сәйкес Қазақстан Республикасы резиденті болып табылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардан төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

3) 910.00.020 жолында 910.01.008 IV жолынан көшірілетін, есептелген және төленген кірістерден жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

4) 910.00.021 жолында 910.01.011 IV жолынан көшірілетін, жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

5) 910.00.022 жолында 910.01.013 IV жолынан көшірілетін, әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің (салық агентінің) жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес ((ол болған кезде) басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) декларацияны беру күні.

Декларацияны салық органына өткізген күні көрсетіледі;

3) орналасқан орны бойынша салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

Бұл ретте, дара кәсіпкердің орналасқан жері салық органында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген дара кәсіпкердің қызметінің басым бөлігін жүзеге асыратын орны болып танылады.

Резидент заңды тұлғаның орналасқан жері құрылтай құжаттарында көрсетілген оның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері болып танылады.

Филиал, өкілдік ашпай, қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның орналасқан жері салық органында салық төлеуші ретінде тіркеу кезінде мәлімделген Қазақстан Республикасындағы қызметін жүзеге асыратын жері болып танылады;

4) тұрғылықты жері бойынша салық органының коды.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

Бұл ретте, жеке тұлғаның тұрғылықты жері азаматтарды тіркеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматты тіркеу орны болып танылады;

5) "Декларацияны қабылдаушы лауазымды тұлғаның Т.А.Ә." жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің ((ол болған кезде)) тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

6) Декларацияны алу күні.

Салық кодексінің 584-бабының 2-тармағына сәйкес Декларацияның өткізілген күні көрсетіледі;

7) Декларацияның кіріс нөмірі.

Салық органы берген Декларацияның тіркелген нөмірі көрсетіледі;

8) почта штемпелінің күні.

Почта немесе өзге байланыс ұйымымен қойылған почта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. 910.01 нысанын толтыру

16. 910.01 нысан, егер салық төлеуші кәсіпкерлік қызметін қызметкерлерді тарта отырып жүзеге асырған жағдайда толтырылады:

1) СТН - салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына дейін Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

2) ЖСН (БСН) – салық төлеушінің (салық агентінің) жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жол 2010 жылдың 13 тамызына бастап Декларация табыс ету кезінде міндетті толтырылуы тиіс;

